4) саралау және жекелеу тәсілі білім алушылардың оқу материалын меңгеру кезінде көрініс табатын вариативті типологиялық ерекшеліктерінің болуымен шартталған және алған білімі, біліктері мен дағдыларының сапасына әсер етеді. Білім беру процесі 4 типологиялық топты (В.В. Воронкова бойынша) қосатын педагогикалық топтастыру негізінде іске асырылады. Білім алушылардың әрбір типологиялық тобына педагог білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес күрделілігі мен көлемінің қолжетімділігін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдайды. Оқу жұмысының жылдамдығы , білім алушының дербестік дәрежесі, оқыту әдістері мен тәсілдері түрленеді. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы. Саралау тәсілі оқытуды жекешелендірумен толықтырылады;

5) оқу-танымдық және практикалық әрекетке арнайы педагогикалық басшылық ету қажеттілігі танымдық белсенділігінің төмендігі, ойлау қызметінің талдау және жалпылау әлсіздігімен шартталған.";

8, 9, 10 және 11 – тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың география бойынша оқу материалын меңгеру нәтижелерін бағалау нормалары бағдарламада көрсетілген мақсатты тұжырымға негізделген және білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру мен бағалауды ұйымдастыру кезінде бірыңғай тәсілдерді іске асыруға бағытталған.

9. Бағалау тәсілдері оқыту мақсаттарына сәйкес дағдылардың көмегімен қалыптастырылған тапсырмалар мен жаттығулар болып табылады. Зияты зақымдалған білім алушыларды оқыту нәтижелерін бағалау кезінде тестілеу қолданылмайды.

10. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың жетістіктерін бағалау ішкі бағалау тәсілдерімен іске асырылады. Бағдарламаны меңгеру нәтижелерін сабақтарда мұғалім білім беру процесі барысында бақылаушы бағалау іс-әрекетін жүйелі түрде іске асырады.

11. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқыту нәтижелілігін бағалау ағымдағы (әр сабақтық), мерзімді (тақырыптық) және қорытынды бақылау.";

32 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"32. Осы Бағдарлама зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларына арналған 6 -9 сыныптар үшін "Геграфия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.";

жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 6-9 сыныптар үшін " География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 6-9 сыныптар үшін " География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 6-9 сыныптар үшін " География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

көрсетілген бұйрыққа 523 – қосымшада:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-9 сыныптар үшін " Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы";

1 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-9 сыныптар үшін " Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабының 1 тармағына сәйкес әзірленген." ;

6 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. "Қазақстан тарихы" пәні зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың тұлғасын дамыту мен тәрбиелеу процесінде, білім алушылардың азаматтық позициясын қалыптастыруда, оларды патриотизм және өз Отаны, оның тарихын құрметтеу рухында тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.";

8 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Танымдық әрекетінің бұзылысына байланысты зияты зақымдалған білім алушыларға тарихи білімді игеру қиындығы деректер мен хронологиялық мәліметтердің көлемділігі, тарихи процестер мен оқиғалардың жаһаңдығымен байланысты, сондықтан олардың заңдылықтарын түсіну қиын.";

11, 12, 13 және 14 – тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"11. "Қазақстан тарихы" бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер арнайы педагогика принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады:

1) зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың даму және дайындық деңгейі мен ерекшеліктеріне білім беру жүйесінің бейімделу қағидасы;

2) зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқытудың түзете-дамыту бағыттылығы олардың ерекше білім алу қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып оқу әрекетін арнайы әдістер және тәсілдермен қамтамасыз етеді;

3) оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыттылығы тұлғаның әлеуметтік бейімсіздігін жеңу немесе азайтуды болжайды. Әлеуметтік өмірге қатысуға қажетті тәртіп

нормалары мен өмірлік дағдыларды білім алушылардың меңгеруі бойынша арнайы жұмыс қарастырылады;

4) білім берудегі әрекеттік тәсіл зияты зақымдалған білім алушыларды тұлғалық тұрғыдан дамуы ерекшелігіне байланысты білім беру құрылымы мен оның негізгі заңдылықтарын ашатын психология ғылымының теориялық ережелеріне негізделеді. Онымен қоса жеңіл түрде зияты зақымдалған тұлғаны дамыту оларға қолжетімді қызметті ұйымдастыру сипатымен (заттық-тәжірибелік және оқу) анықталады;

5) оқытудың тәжірибелік бағыты зерттелетін материал мен білім алушылардың тәжірибелік әрекеті арасында тығыз байланыс орнату, тәжірибелік-бағыттық тапсырмаларды шешуге арналған бастапқы мәнге ие білім мен икемдерді қалыптастыру қарастырылады;

6) зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға саралау және жекелеу тәсілі олардың бағдарлама мазмұнын игеру мүмкіндіктерінің біртекті еместігі, оқу материалдарын игеру кезінде көрінетін және алынған білім, дағды мен біліктер сапасына ықпал ететін вариативті типологиялық ерекшеліктердің болуымен олардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескеруді болжайды. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған білім беру процесі 4 типологиялық топ (В.В. Воронкова бойынша) негізінде жүзеге асады. Әрбір типологиялық топқа педагог білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес күрделілігі мен көлемінің қолжетімділігін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдайды. Оқу жұмысының жылдамдығы, білім алушының дербестік дәрежесі, оқыту әдістері мен тәсілдері түрленеді. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы. Саралау тәсілі оқытуды жекешелендірумен толықтырылады;

7) оқу-танымдық және практикалық әрекетке арнайы педагогикалық басшылық ету қажеттілігі төменгі танымдық белсенділігі және ойлау қызметінің талдау және жалпылау әлсіздігімен шартталған. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың дербес оқу-танымдық әрекеті, әсіресе 3 және 4 типологиялық топтар үшін қиындыққа ұшырағанда педагог оқу тапсырмасын табысты орындауды қамтамасыз ету үшін білім алушы әрекетінің жетілмеген компоненті қызметін алады. Арнайы педагог зияты зақымдалған білім алушының жалпы даму заңдылықтарын біле отырып сыныптың әрбір білім алушысының танымдық мүмкіндіктері, оқытудың арнайы әдістемесін ұйымдастырады және білім алушылардың оқу-танымдық қызметтерін бағыттайды.

12. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың оқу материалын меңгеру нәтижелерін бағалау нормалары бағдарламада көрсетілген мақсатты тұжырымға негізделген және білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру мен бағалауды ұйымдастыру кезінде бірыңғай тәсілдерді іске асыруға бағытталған.

13. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың жетістіктеріне баға беру ішкі бағалау тәсілдерімен жүзеге асырылады. Мұғалім Бағдарламаны меңгеру

нәтижелерін сабақтарда білім беру барысында бағалайды. Педагог бақылаушы бағалау әрекетін жүйелі түрде қолданады.

14. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқыту нәтижелілігін бағалау ағымдағы (әр сабақтың), мерзімді (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде болады.";

18 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Сипаттамалы бағалау даму мен оқытылғанның бар деңгейін ғана емес, онымен қоса білім алушымен жасалатын жұмыстың одан кейінгі қадамдарын анықтайды. Сипаттамалы баға білім алушылардың бойында дұрыс түрде өзін бағалаудың қалыптасуына ықпал етеді. Мұндай кезде білім алушыларды бір-бірімен салыстыруға болмайды. Білім алушының жетістіктерін өзінің бұған дейінгі табыстарымен салыстыруға болады. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға қатысты оқу жетістігі пайызы мен білім сапасын анықтау дұрыс емес.";

34 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"34. Осы Бағдарлама зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-9 сыныптар үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.";

жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 7-9 сыныптар үшін " Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-9 сыныптар үшін " Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-9 сыныптар үшін " Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

көрсетілген бұйрыққа 524 – қосымшада:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 8-10 сыныптар үшін " Қоғам және құқық" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы";

1 және 2 – тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 8-10 сыныптар үшін "Қоғам және құқық" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабының 1 тармағына сәйкес әзірленген.

2. "Қоғам және құқық" оқу пәнінің мақсаты – зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың әлеуметтік бейімделуі үшін олардың құқықтық сауаттылығын көтеру, мемлекет заңдары мен қоғам нормаларын құрметтеу жолымен жағдайлар құру, өзінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру.";

4, 5, 6 және 7 – тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

4. Берілген пән бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер арнайы педагогика принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады:

1) зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың дамуы және дайындық деңгейі мен ерекшеліктеріне білім беру жүйесінің бейімделу принципі;

2) зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқытудың түзете-дамыту бағыттылығы олардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып оқу әрекетінің арнайы әдістері және тәсілдерімен қамтамасыз етіледі;

3) оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыттылығы тұлғаның әлеуметтік бейімсіздігін жеңу немесе азайтуды қарастырады. Әлеуметтік өмірге қатысуға қажетті тәртіп нормалары, өмірлік дағдыларды зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың меңгеруі бойынша арнайы жұмыс қарастырылады;

4) білім берудегі әрекеттік тәсіл зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды тұлғалық тұрғыдан дамуы ерекшелігіне байланысты білім беру құрылымы мен оның негізгі заңдылықтарын ашатын психология ғылымының теориялық ережелеріне негізделеді. Зияты жеңіл түрде зақымдалған тұлғаны дамыту қолжетімді әрекетті (пәндік-тәжірибелік және оқу) ұйымдастыру сипатымен анықталатындығын мойындауға құрылады;

5) оқытудың тәжірибелік бағыты зерттелетін материал мен білім алушылардың тәжірибелік әрекеті арасында тығыз байланыс орнату, тәжірибелік-бағыттық тапсырмаларды шешуге арналған бастапқы мәнге ие білім мен біліктерді қалыптастыруды ұсынады;

6) зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға саралау және жекелеу тәсілі олардың бағдарлама мазмұнын игеру мүмкіндіктерінің біртекті еместігі, оқу материалдарын игеру кезінде көрінетін және алынған білім, дағды мен біліктер сапасына ықпал ететін вариативті типологиялық ерекшеліктердің болуымен олардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескеруді болжайды. Білім беру процесі педагог білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес оқу материалының мазмұнын таңдайтын 4 типологиялық топ (В.В. Воронкова бойынша) негізінде жүзеге асады.Оқу жұмысының қарқыны, зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушының дербестік дәрежесі, оқыту әдістері мен тәсілдері түрленеді. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы. Саралау тәсілі оқытуды жекешелендірумен толықтырылады;

7) оқу-танымдық және практикалық әрекетке арнайы педагогикалық басшылық ету қажеттілігі төменгі танымдық белсенділігі және ойлау қызметінің талдау және

жалпылау әлсіздігіне байланысты. Педагог зияты зақымдалған білім алушының жалпы даму заңдылықтарын, сыныптың әрбір білім алушысының танымдық мүмкіндіктері мен оқытудың арнайы әдістемесін біле отырып білім алушылардың оқу-танымдық қызметтерін ұйымдастырады және бағыттайды.

5. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың оқу материалын меңгеру нәтижелерін бағалау нормалары бағдарламада көрсетілген мақсатты тұжырымға негізделген және білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру мен бағалауды ұйымдастыру кезінде бірыңғай тәсілдерді іске асыруға бағытталған.

6. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың жетістіктерін бағалау ішкі бағалау тәсілдерімен жүзеге асырылады. Бағдарламаны меңгеру нәтижелерін сабақтарда мұғалім білім беру процесі барысында бағалайды. Педагог жүйелі түрде бақылаушы бағалау әрекетін атқарады.

7. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқыту нәтижелілігін бағалау ағымдағы (әр сабақтың), мерзімді (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде болады.";

14 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"14. Әртүрлі әлеуметтік міндеттерді жүзеге асыруға қатысты білім алушылардың бойында прогностикалық дайындықты қалыптастыруға бағытталған жаттығуларды оқыту барысында қосу. Зияты зақымдалған білім алушыларға мүмкіндіктеріне қарай өзінің қалауы, істері мен әрекеттерінің салдарын болжауға оқыту қажет болып табылады. Түрлі практикалық жағдаяттарды сыныпта модельдеу барысында болжау (" егер мен тиянақты, нақты және анық сөйлесем, онда …", "егер мен лас болсам, не айтуды білмесем, онда …", "егер мен ақша алсам, оны тез жұмсасам, онда …") бойынша жаттығуларды қосылады. Осындай тәсілдер зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға өз қалауының салдарын түсініп, өзінің әрекеттері үшін жауапкершілікті сезінуге ықпалдасады.";

17 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"17. "Қоғам және құқық" пәні бойынша оқыту процесінің мазмұны оқыту мақсаттарының жүйесіне бағынышты және зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың алған білімдері, біліктері мен дағдыларын өздігінен еңбек ету және әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдануға дайындықты қалыптастыруға бағытталған.";

19 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"19. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған "Қоғам және құқық " курсының мазмұнында құрылымы жеңілдетілген, көлемі анағұрлым қысқартылған және білімдер жүйесінің жалпылау деңгейі қарапайым бағдарлама берілген. Сонымен қатар, осы салаға тән білімдердің құрылымдық біртұтастығы сақталады.":

36 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"36. Осы Бағдарлама зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 8-10 сыныптар үшін "Қоғам және құқық" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу

бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.";

жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 8-10 сыныптардағы "Қоғам және құқық" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 8-10 сыныптар үшін " Қоғам және құқық" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 8-10 сыныптар үшін " Қоғам және құқық" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

525 - қосымша алынып тасталсын;

көрсетілген бұйрыққа 526 – қосымшада:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін " Бейнелеу өнері" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы";

1 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін " Бейнелеу өнері" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабының 1 тармағына сәйкес әзірленген.";

6 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Бейнелеу өнері бойынша білім беруді ұйымдастыру арнайы педагогика принциптері негізінде жүзеге асырылады:

1) білім беру жүйесінің зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылар ерекшеліктеріне сай бейімделу принципі;

2) зияты жеңіл түрде зақымдалған балаларды оқытудың түзете-дамытушы бағыты олардың арнайы білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сай арнайы әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асады;

3) оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыты жеке тұлғалық әлеуметтік бейімделмеушіліктің деңгейін азайтуды қамтиды. Білім алушылармен арнайы әлеуметтендіру жұмыстары атқарылып, әлеуметтік мінез-құлық нормалары мен өмірлік маңызды дағдылар қалыптастырылады;

4) білім берудегі әрекеттік тәсіл зияты зақымдалған білім алушыларды тұлғалық тұрғыдан дамуы ерекшелігіне байланысты білім беру құрылымы мен оның негізгі заңдылықтарын ашатын психология ғылымының теориялық ережелеріне негізделеді. Онымен қоса зияты жеңіл түрде зақымдалған тұлғаны дамыту оларға қолжетімді қызметті ұйымдастыру сипатымен (заттық-тәжірибелік және оқу) анықталады;

5) оқытудың тәжірибелік бағыты – оқытылатын материал мен тәжірибенің тығыз байланысы білім алушылардың тәжірибеге бағытталған тапсырмаларды орындаулары үшін қажетті білім және дағдыларды меңгеруі арқылы беріледі;

6) зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға саралау және жекелеу тәсілі олардың бағдарлама мазмұнын игеру мүмкіндіктерінің біртекті еместігі, оқу материалдарын игеру кезінде көрінетін және алынған білім, дағды мен біліктер сапасына ықпал ететін вариативті типологиялық ерекшеліктердің болуымен олардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескеруді болжайды. Зияты зақымдалған білім алушыларға арналған білім беру процесі педагог білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес күрделілігі мен көлемінің қолжетімділігін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдайтын 4 типологиялық топ (В.В. Воронкова бойынша) негізінде жүзеге асады. Оқу жұмысының жылдамдығы, білім алушының дербестік дәрежесі, оқыту әдістері мен тәсілдері түрленеді. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы. Саралау тәсілі оқытуды жекешелендірумен толықтырылады;

7) оқыту-танымдық және тәжірибелік қызметін арнайы педагогикалық басшылық ету қажеттілігі танымдық белсенділіктің төмендігі, ойлаудың аналитикалық және жалпылама қызметінің әлсіздігіне байланысты. Педагог зияты зақымдалған білім алушылардың даму заңдылықтары мен сыныптағы әрбір оқушының танымдық мүмкіндіктерін біле отырып, оқытудың арнайы әдістемесін ұйымдастырады және білім алушылардың оқу-танымдық әрекетін бағыттайды.";

8, 9 және 10 – тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Зияты жеңіл түрде зақымдалған балалардың оқу материалдарын меңгеруі нәтижелерін бағалау нормалары бағдарламада берілген мақсаттарға сай айқындалады және білім алушылардың оқу жетістіктерінтексеру мен бағалауда бірегей тұғырды жүзеге асыруға бағытталған.

9. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың білімді меңгеру дәрежесін педагог сабақ барысында тек ішкі бағалау құралдарымен тексереді. Бағдарламаны меңгеру нәтижелері білім беру үдерісі кезінде мұғаліммен бағаланады.

10. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқуының тиімділігін бағалау ағымдағы (сабақта), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүзеге асырылады.";

24 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

24. Осы Бағдарлама зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін "Бейнелеу" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін " Бейнелеу өнері" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін " Бейнелеу өнері" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін " Бейнелеу өнері" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

көрсетілген бұйрыққа 527 – қосымшада:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін " Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы";

1 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін " Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабының 1 тармағына сәйкес әзірленген.";

7 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. "Музыка" пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдерінің жүзеге асырылуы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогикалық принциптерге негізделген.";

9 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі әрекеттік тәсілдеме принципі психологияның "жетекші әрекет" түсінігіне негізделеді. Заттық-тәжірибелік әрекет зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыны дамытудың, оқу және музыкалық әрекетінің құрылымдық компоненттерін қалыптастырудың ерекше өтемдік құралы болып табылады.";

15 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"15. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды музыкалық мәдениетке тәрбиелеу жұмысы олардың ұлттық мәдениетке деген жағымды қатынасын қалыптастырумен бірге жүргізу үшін мұғалімі сабақ мазмұнына келесілерді қосады:

1) өз республикасының өмірін бейнелейтін Қазақстан композиторларының шығармашылық мұрасын зерделеу;

2) жеке және музыкалық аспаппен орындалатын халық әндері мен күйлерін зерделеу;

3) қазақ халық аспаптарының (домбыра, қобыз, сыбызғы) дыбысталуының тембрлік ерекшеліктерін зерделеу.";

23 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"23. Дыбыстаудағы кемшіліктер, сондай-ақ сөздік қорының кедейлігі зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға тән ерекшелік болып табылады, ал бұл оларға мәтіннің мағынасын түсінуге және меңгеруге бөгет жасайды. Бағдарламада анық және нақты дыбыстау, сондай-ақ сөзбен жүйелі жұмыс (түсініксіз сөздерді және жеке айтылымдарды түсіндіру) жүргізу қарастырылған.";

36 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"36. Осы бағдарламадағы оқу материалын сынып (тоқсан) бойынша шамамен бөлінген, мұғалім білім алушылардың меңгеру ерекшелігін ескере отырып, оқу материалын бір сыныптан келесі сыныпқа (бір тоқсаннан келесі тоқсанға) ауыстыруға құқылы. Зияты зақымдалған білім алушының жеке темпте, көлемде дамуға және оқу материалын меңгеруге құқысын жүзеге асыра отырып, мұғалім әр тақырыпты меңгеруге қажетті сағат санын өздігінен анықтайды. Әр сыныптағы оқу алдында өтілген материалды қайталаудан басталады.";

39 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"39. Осы Бағдарлама зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін "Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.";

жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін "Музыка " пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін " Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін " Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

көрсетілген бұйрыққа 528 - қосымша осы бұйрыққа 40 - қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 529 – қосымшада:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін " Жалпы еңбекке даярлау" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы";

1 және 2 – тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін " Жалпы еңбекке даярлау" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (

бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабының 1 тармағына сәйкес әзірленген.

2. "Жалпы еңбекке даярлау" пәні зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың мүдделері мен психофизикалық мүмкіндіктерін есепке ала отырып, оларды болашақ кәсіпті саналы түрде, өздігінен таңдауға дайындау мақсатында оқу жоспарына ендірілген.";

4 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Оқыту білім беру ұйымының мүмкіндіктеріне қарай бірнеше бағытта жүргізіледі . Әрбір еңбек түрі бойынша 5-6 сыныптарда орындауға жоспарланған жұмыс көлемі үлкен емес. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың қызығушылықтары, икемділіктері мен қабілеттері зерттеледі, әр білім алушымен келесі кезеңде кәсіптік оқыту еңбектің қандай түрінде жүргізілетіні анықталады.";

6 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. "Жалпы еңбекке даярлау" пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдемелерінің жүзеге асырылуы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогикалық принциптерге негізделген.";

8 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі әрекеттік тәсілдеме принципі психологияның "жетекші әрекет" түсінігіне негізделеді. Заттық-тәжірибелік әрекет зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыны дамытудың, оқу және еңбек әрекетінің құрылымдық компоненттерін қалыптастырудың ерекше өтемдік құралы болып табылады.";

11 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Өткен материалдарды үнемі қайталау және бекіту қажеттілігі зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың оқыған білімі мен дағдыларын жылдам ұмытып қалатындықтарымен түсіндіріледі. Әр сабақта қайталау үшін уақыт бөлінеді.";

13 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"13. Сабақтарда АКТ келесі мақсаттарда қолданылады:

1) көрнекілік пішіндегі және сөйлеу тілінің көмегімен қандай да бір заттық мазмұннан еркін өтіп, тікелей бақылаудан жасырын және кез келген қажетті күрделі белгілік пішіндегі танымдық нысандарды үлгілеу, бір тәсілден басқасына көшу;

2) зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушының өзінің әрекетін шынайы және кешеуілдетілген уақыт түзімінде талдауы үшін көзбен көруге болатын қосымша динамикалық тірек құру; топтық оқыту жағдайындағы жекеленген өнімдік әрекеттену мүмкіндігімен қамтамасыз ету; жекеленген сапалы оқыту мүмкіндігін кеңейту.";

20 және 21 – тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"20. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау шараларына қойылатын талаптар гуманизим идеяларына, осы санаттағы білім алушылардың мектептік оқуының табиғатына сәйкестігіне шартты болады.

21. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың қол еңбегі бойынша оқу материалдарын меңгеру нәтижелерін бағалау нормасы мақсатты тұжырымдауға негізделген және білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру мен бағалауды ұйымдастырудағы біріңғай тәсілдемені жүзеге асыруға бағытталған.";

23 және 24 – тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"23. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау құралдарымен ғана жүзеге асырылады. Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижелері білім беру процесі барысында мұғаліммен сабақтарда тікелей бағаланады.

24. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымды (сабақтағы), мерзімдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүзеге асырылады.";

37 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"37. Осы бағдарламадағы оқу материалын сынып (тоқсан) бойынша шамамен бөлінген, мұғалім білім алушылардың меңгеру ерекшелігін ескере отырып, оқу материалын бір сыныптан келесі сыныпқа (бір тоқсаннан келесі тоқсанға) ауыстыруға құқылы. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушының жеке қарқында, көлемде дамуға және оқу материалын меңгеруге құқысын жүзеге асыра отырып, мұғалім әр тақырыпты меңгеруге қажетті сағат санын өздігінен анықтайды. Әр сыныптағы оқу алдында өтілген материалды қайталаудан басталады.";

40 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"40. Осы Бағдарлама зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін "Жалпы еңбекке даярлау" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.";

жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін "Жалпы еңбекке даярлау" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы келесі редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін " Жалпы еңбекке даярлау" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін " Жалпы еңбекке даярлау" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

көрсетілген бұйрыққа 530 – қосымшада:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін " Кәсіби еңбекке баулу" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы";

1 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін "Кәсіби еңбекке баулу" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабының 1 тармағына сәйкес әзірленген.";

5 - 16 тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды еңбекке оқыту – олардың өмірде өз орындарын табуға, әлеуметтік ортаға бейімделуіне ең қолайлы құрал және жағдай болып табылады. Білім алушыларды еңбекке баулу оқуын тиімді ұйымдастыру, медициналық көрсетілімдер мен қарсы көрсетелімдері, еңбек нарығының қазіргі жай-күйіне сәйкес ұсынылған кәсіптердің қолжетімділігі ескеріле отырып, бастапқы кәсіптік даярлықты немесе кәсіптік-техникалық білімді алу үшін жағдай жасалуын қамтамасыз етеді.

6. "Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер арнайы педагогиканың қағидаларына негізделіп, зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруды жүзеге асырады.

7. Еңбекке оқытудың барлық кезеңдерінде зияты зақымдалған білім алушыларға білім берудің үздіксіздігі мен өзара байланысын қамтитын сабақтастық қағидасы: кіші мектеп жасынан орта мектеп жасына дейін.

8. Еңбектің жекеленген түрлері мен оның құрамына енетін оқу пәндерінің ішкі өзара байланысы мен өзара тәуелділігінің болуын қамтамасыз ететін білім берудің мазмұнының тұтастығы қағидасы.

9. Оқу-еңбек іс-әрекеті барысында зияты зақымдалған білім алушылардың дамуындағы кемшіліктерді барынша түзетуді қамтитын коррекциялық бағыттылық қағидасы.

10. Оқу-еңбек іс-әрекетінің мазмұнын және тұлғалық жетістіктердің нәтижелерін анықтайтын білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қағидасы.

11. Әртүрлі әлеуметтік ортада мінез-құлықтың адекватты тәсілдерін, білім алушылардың адамгершілік ұғымдарын және түсініктерін (жағымды/жағымсыз; жақсы/ жаман) қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік оқыту қағидасы.

12. Оқытылатын материал мен білім алушылардың практикалық іс-әрекетінің арасындағы тығыз байланыстарды орнатуды қамтитын практикалық бағыттылық қағидасы; ең алдымен практикалық мәні бар міндеттерді шешуге бағытталған білім мен қабілеттерін қалыптастыруды болжайды.

13. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың өздеріне қолжетімді еңбек іс-әрекетінің барлық түрлерін, танымдық және оқу іс-әрекетінің әдістері мен тәсілдерін, коммуникативті іс-әрекет пен нормативті мінез-құлықтың әдістері мен тәсілдерін меңгеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін іс-әрекетті қалыптастыруға бағыттылық қағидасы.

14. Оқу жағдаятында, меңгерген білімдер, біліктіліктер, дағдылар мен қатынастарды әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдана алу қағидасы - бұл өз кезегінде білім алушылардың өзбетімен бағдарлауға және шынайы өмірдегі белсенді еңбек іс-әрекетіне даярлығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

15. Зияты зақымдалған білім алушылардың алуан түрлі топтарының психикалық дамуының ерекшеліктерін ескеру қағидасы.

16. Бағдарлама әзірлеу негізіне дифференциалды және әрекеттік тәсілдер алынды.

1) дифференциалды тәсіл білім берудің мазмұнын меңгеру мүмкіндіктерінің әртектілігінде көрінетін білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін есепке алуды қамтиды. Оқу бағдарламаларын құрастыруда дифференциалды тәсілді қолдану, білім алушыларға дамудың жеке-дара әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндігін беріп, мазмұнның алуан түрлілігін қамтамасыз етеді;

2) әрекеттік тәсіл білім алушылардың тұлғасының даму спецификасын есепке алып, білім берудің құрылымын және негізгі заңдылықтарды ашатын психология ғылымының теориялық қағидаларына негізделеді. Білім берудегі әрекеттік тәсіл зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың тұлғасының дамуы, олардың өздеріне қолжетімді іс-әрекетін ұйымдастырудың сипатымен анықталуын тануға құрылады (заттық-практикалық және оқу іс-әрекеті). Білім берудегі әрекеттік тәсілді жүзеге асырудың негізгі құралы ретінде, білім алушылардың білім беру мазмұнын меңгеруін қамтамасыз ететін танымдық және заттық-практикалық іс-әрекетті ұйымдастыру процесі ретінде оқыту алынады.";

27 және 28 – тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"27. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың жетістіктерін бағалау, тек ішкі бағалау құралдары арқылы жүзеге асырылады. Бағдарламаны меңгеру нәтижелерін мұғалім сабақтарда білім беру процесінің барысында тікелей бағалайды. Зияты зақымдалған білім алушылармен біртұтас педагогикалық процесс құрылатын, арнайы педагогиканың қағидаларына– "диагностика және коррекциялық-дамытушы жұмыстың бірлігіне" сүйеніп, педагогтар жүйелі түрде оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушылардың жетістіктері мен даму мониторингін және бағалаушы бақылаушы әрекеттерді жүзеге асырады.

28. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқытудың нәтижелерін бағалау, ағымдық бағалау, бақылау және қорытынды бағалау түрінде жүзеге асырылады.";

32 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"32. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқыту бағдарламасын меңгеру нәтижелері, қорытынды түрінде білім берудің аяқталу сәтінде бағаланады.";

36 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"36. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың көпшілігі үшін минималды деңгей міндетті болып саналады. Еңбек бойынша жекеленген білім алушылардың осы деңгейдегі жетістігінің болмауы, олардың Бағдарламаның осы нұсқасы бойынша білім алуына кедергі болып табылмайды. Егер білім алушы пәндік нәтижелерді меңгерудің минималды деңгейіне жетпегенде, онда психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес берудің ұсынысы және ата-аналардың келісімімен (заңды өкілдері) білім алушы жеке бағдарлама бойынша оқытуға көшіріледі.";

"Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі 7-9 (10) сыныптағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 1-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

""Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша 7-10 сыныптағы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 1-қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін " Кәсіби еңбекке баулу. Тігін ісі" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

"Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі 7-9 (10) сыныптағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 2-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

""Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша 7-10 сыныптағы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 2-қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін " Кәсіби еңбекке баулу. Ағаш ұстасы" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

"Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі 7-9 (10) сыныптағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 3-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

""Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша 7-10 сыныптағы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 3-қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін " Кәсіби еңбекке баулу. Сылау-сырлау ісі" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

"Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі 7-9 (10) сыныптағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 4-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

""Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша 7-10 сыныптағы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 4-қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін " Кәсіби еңбекке баулу. Слесарлық іс" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

"Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі 7-9 (10) сыныптағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 5-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

""Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша 7-10 сыныптағы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 5-қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін " Кәсіби еңбекке баулу. Аяқ киім ісі" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

"Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі 7-9 (10) сыныптағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 6-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

""Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша 7-10 сыныптағы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 6-қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін " Кәсіби еңбекке баулу. Картонаж-мұқаба ісі" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

"Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі 7-9 (10) сыныптағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған

мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 7-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

""Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша 7-10 сыныптағы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 7-қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін " Кәсіби еңбекке баулу. Гүл өсіру және көгалдандыру" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

"Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі 7-9 (10) сыныптағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 8-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

""Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша 7-10 сыныптағы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 8-қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін " Кәсіби еңбекке баулу. Кіші медицина қызметкері" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

"Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі 7-9 (10) сыныптағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 9-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

""Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша 7-10 сыныптағы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 9-қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін " Кәсіби еңбекке баулу. Ас үй жұмысшысы" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

"Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі 7-9 (10) сыныптағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 10-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

""Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша 7-10 сыныптағы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 10-қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін " Кәсіби еңбекке баулу. Аула сыпырушы" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

"Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі 7-9 (10) сыныптағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 11-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

""Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша 7-10 сыныптағы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 11-қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін " Кәсіби еңбекке баулу. Көкөніс өсірушілік және жеміс өсірушілік" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

"Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі 7-9 (10) сыныптағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 12-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

""Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша 7-10 сыныптағы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 12-қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін " Кәсіби еңбекке баулу. Ауылшаруашылық еңбегі. Мал шаруашылығы және құс шаруашылығы" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

"Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі 7-9 (10) сыныптағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 13-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

""Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша 7-10 сыныптағы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 13-қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін " Кәсіби еңбекке баулу. Омарташылық" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

"Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі 7-9 (10) сыныптағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 14-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

""Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша 7-10 сыныптағы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 14-қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін " Кәсіби еңбекке баулу. Тоқу. Кестелеу" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

"Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі 7-9 (10) сыныптағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 15-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

""Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша 7-10 сыныптағы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 15-қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін " Кәсіби еңбекке баулу. Кіші қызмет көрсетуші" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

"Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша негізгі орта білім беру деңгейіндегі 7-9 (10) сыныптағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 16-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда жазылсын:

""Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша 7-10 сыныптағы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 16-қосымша";

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін " Кәсіби еңбекке баулу. Көркем еңбек" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар";

көрсетілген бұйрыққа 531 – қосымшада:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-10 сыныптар үшін " Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы";

1 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-10 сыныптар үшін "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабының 1 тармағына сәйкес әзірленген.";

5 және 6 – тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды дене тұрғысынан тәрбиелеу ақыл-ой, адами, эстетикалық және еңбекке тәрбиелеудің барлық формалары бойынша мәселелерді кешенді түрде шешеді (сабақтар, қозғалыстық ойындар, дербес қозғалу белсенділігі).

6. Бағдарлама зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың танымдық қызметі және жүйке-психикалық, соматикалық, дене дамуы жағдайының ерекшеліктерін есепке ала құрастырылған.";

8 және 9 – тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Қозғалыстарды игеру мүмкіндігі білім алушының өз денесін сезіне алуына, өз денесінің әрбір бөлікгінің қызметі мен мүмкіндіктерін түсінуіне байланысты. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылар өз денесінің құрылымын, қозғалыстардың негізгі бағыттарын, кеңістіктік бағытталуын сезінуді үлкен қиыншылықпен меңгереді.

9. "Бейімделген дене шынықтыру" пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері оны жүзеге асыру зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың білім алуда айрықша қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогиканың принциптерге негізделген.";

17 және 18 – тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"17. Педагог білім алушылардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастырады және бұл процесті басқарады. Зияты зақымдалған білім алушылардың оқу-танымдық қызметі қиындық тудыранда педагог оқу тапсырмаларын сәтті орындауды қамтамасыз ету үшін білім алушының жетілмеген оқу қызметін өзіне алады.

18. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың дене тәрбиесімен айналысу әрекетінің ерекшелігі – шамадан тыс қозғалыс белсенділігі, белсенді эмоционалды күш, сабақ пен қоршаған ортаға қатысты негативті қатынаста болуы.";

23 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"23. Бейімделген дене шынықтыру сабақтарын өткізу спорттық залы "швед тосқауылымен" жарақтандырылады. Спорттық залдың жабдықталуы дамуында түрлі бұзылыстары бар білім алушыларына арналған арнайы бейімделген құралдардың болуын, талап етеді, соның ішінде тренажерлар, арнайы велосипедтер (ортопедиялық құралдарымен), жалаушалар; арқаннан жасалған жылан- жол (ұзындығы 2,0 м, диаметр 6 см); әр түрлі төсеніште жолдар; алмалы-салмалы ойыншықтар (алынып-салынатын бөліктерімен); ұзындығы мен түстері әртүрлі ленталар (25 х 3 см, 12 х 3 см, 8 х 25 см, 2

көрсетілген бұйрыққа 704 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптар үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

көрсетілген бұйрыққа 705 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптар үшін "Физика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу

бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

көрсетілген бұйрыққа 706 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптар үшін "Химия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы (әрі қарай – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабының 14) тармақшасы на сәйкес әзірленген.";

көрсетілген бұйрыққа 707 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптар үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

көрсетілген бұйрыққа 708 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Негізгі орта білім беру деңгейінің психикалық дамуы тежелген 5-10 сынып оқушыларына арналған "Дүниежүзілік тарих" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бап 14)-тармақшасына сәйкес әзірленген.";

көрсетілген бұйрыққа 709 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 9-10 сыныптар үшін "Құқық негіздері" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

көрсетілген бұйрыққа 710 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптар үшін "Технология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

көрсетілген бұйрыққа 711 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптар үшін "Дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы (әрі қарай – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабының 14) тармақшасы на сәйкес әзірленген.";

көрсетілген бұйрыққа 712 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптар үшін "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

көрсетілген бұйрыққа 713 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5 сыныптар үшін "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген .";

көрсетілген бұйрыққа 716 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптар үшін "Жаратылыстану" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген .";

көрсетілген бұйрыққа 717 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4-сыныптары үшін "Музыка және ырғақ" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының " Білім туралы" Заңының 5-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

көрсетілген бұйрыққа 718 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптар үшін "Көркем еңбек" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

көрсетілген бұйрыққа 719 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптар үшін "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген .";

көрсетілген бұйрыққа 722 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Есту қабілеті зақымдалған (нашар еститін,кейінен естімей қалған) білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4-сыныптар үшін " Жаратылыстану" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

көрсетілген бұйрыққа 723 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Есту қабілеті зақымдалған (нашар еститін, кейін естімей қалған) білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптар үшін "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұнды үлгілік оқу бағдарламасы (әрі қарай – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 5-бабының 14) тармақшасы на сәйкес әзірленген.";

көрсетілген бұйрыққа 724 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-сыныптар үшін "Айналамен таныстыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 5-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

көрсетілген бұйрыққа 725 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптар үшін "Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 5-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

көрсетілген бұйрыққа 728 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптар үшін "Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 5 бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

көрсетілген бұйрыққа 729 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінінің 0-4 сыныптар үшін "Көркем еңбек" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 5 бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

көрсетілген бұйрыққа 730 – қосымшада:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінінің 0-4 сыныптар үшін "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 5 бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.".

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Инклюзивті және арнайы білім беру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі *Г. Бейсембаев*

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2024 жылғы 6 қарашадағы
№ 327 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы "03" сәуірдегі
№ 115 бұйрығына
219 - қосымша

Естімейтін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейіндегі 0 - сыныбы үшін "Әліппе, Ана тілі (дактильді сөйлеу тілі, ауызша сөйлеу тілі, жазу, оқу)" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Әліппе, Ана тілі (дактильді сөйлеу тілі, ауызша сөйлеу тілі, жазу, оқу)" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №

348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Оқу бағдарламасы естімейтін білім алушылардың есту қабілетінің бұзылыстарына, жасына және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес пәннің мазмұнын және білім, дағдылар мен қабілеттер көлемін айқындайтын білім беру және нормативтік құжат болып табылады.

3. "Әліппе, Ана тілі (дактильді сөйлеу тілі, ауызша сөйлеу тілі, жазу, оқу)" пәнінің мақсаты – естімейтін білім алушылардың дактильді әліппені игеру үрдісі арқылы қарапайым грамматикалық ұғымдарды қалыптастыру, сөйлеу тілін дамыту, оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру.

4. Оқыту міндеттері:

1) білім алушыларда сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерін қалыптастыру;

2) әріптерді, буындарды, сөздерді дұрыс дактильдеуге үйрету;

3) оқушылардың қалдық есту қабілетін қолдана және дамыта отырып, сөйлеуге, оқуға және жазуға үйрету;

4) буындар бойынша сөздерді оқу дағдыларын дамыту, тұтас сөздерді оқығанын түсіне отырып оқу;

5) қазақ әліпбиінің әріптерімен (баспа, бас және кіші әріптер) таныстыру;

6) оқу дағдыларын (толық сөзбен оқу, дұрыс, мәнерлі, жылдам және түсінікті оқу) және жазу дағдыларын (баспа және жазбаша әріптерді ажырату, қатесіз жазу, каллиграфия ережелерін сақтай отырып сауатты, таза жазу) қалыптастыру және жетілдіру;

7) сөйлеудің (дыбыстар, буындар, сөздер, сөйлемдер, мәтін) және орфографияның, тыныс белгілерінің бірліктері туралы түсінік қалыптастыру;

8) кітап пен оқуға деген қызығушылықты арттыру;

9) сөйлеу және қарым-қатынас мәдениетін дамыту;

10) сөздік қорын байыту және жинақтау, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту;

11) рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, ана тіліне, мәдениетке, салт-дәстүрлерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

12) қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру (диалог кезінде басқа адамды есту және тыңдау қабілеті, диалогқа / әңгімеге қатысуға дайын болу);

13) білім алушыларда диалогтік және монологтық сөйлеудің негізгі дағдыларын қалыптастыру.

5. Түзете-дамыту міндеттері:

1) дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын дамыту;

2) ауызша сөйлеу тілін дамыту;

3) қалдық есту қабілетін пайдалану және дамыту арқылы оқу, жазу және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;

4) сөздік қорын байыту және жинақтау;

5) қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдер

6. Естімейтін білім алушылар сөйлеудің терең дамымауында, ауызша-логикалық ойлаудың қалыптаспауында, мнестикалық функциялардың төмендеуінде және танымдық белсенділікте көрінетін есту қабілетінің ауыр бұзылуына байланысты танымдық белсенділіктің бұзылуымен сипатталады. Естімейтін оқушының дамуы оның сөйлеу тілін меңгеруіне негізделген. Тілді ауызша, жазбаша, дактильді түрде игеру көрнекі-бейнелі ойлауды ауызша-логикалық ойлауға айналдыруға көмектеседі, мектеп білімін неғұрлым жетілдірілген негізде алуға мүмкіндік береді. Жалпы білім беру білімін қарым-қатынас құралы ретінде ауызша сөйлеуді меңгерумен бірлікте игере отырып, ауызша-логикалық ойлау дамиды, білім алушылардың танымдық мүмкіндіктері кеңейеді.

7. Оқыту үрдісінде жалпы және арнайы педагогикалық қағидалар іске асырылады:

1) онтогенетикалық қағида мұғалімді тіл дамуының дұрыс болжамына бағыттайды, сөйлеуді дамыту үрдісін терең зерттеуді, қол жеткізілген деңгейді бағалауды анықтауды және оны нормамен байланыстыруды білдіреді;

2) іс-әрекет қағидасы ойын, танымдық және заттық-практикалық ұйымдастыру арқылы нақты іс-әрекетте жаңа білімді практикалық пысықтауды ұйымдастыруға негізделген;

3) дамыта оқыту қағидасы баланың жақын даму аймағында оқу міндеттерін қоюды көздейді;

4) сараланған қыту қағидасы білім алушыларды деңгейлері мен қабілеттері бойынша оқытуды, критериалды бағалауды қолдауды көздейді;

5) жүйелілік қағидасы күрделі функционалды жүйе ретінде психикалық даму идеясына, тығыз өзара әрекеттесетін құрылымдық компоненттерге сүйенеді;

6) әлеуметтік бейімдеу бағыты қағидасы әлеуметтік өмірге қатысу үшін қажетті мінез-құлық нормалары мен коммуникативтік дағдыларды игеру бойынша арнайы жұмысты қамтиды.

8. Сауаттылықты оқытудың негізі қарапайым оқудан күрделі оқу материалына дейінгі оқытудың жалпы дидактикалық талабы, сондай-ақ естімейтін оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін ескеру болып табылады:

1) дактильді сөйлеу естімейтін оқушылардың сауаттылығын игерудің негізі болып табылады, сөздің талдауы мен синтезін дамытуға, ауызша сөйлеуді, оқу мен жазуды қалыптастыруға, мотористикаға ықпал етеді;

2) негізгі грамматикалық ұғымдардың қалыптасуы дыбыстарды тану мен ажыратудан басталады;

3) естімейтін білім алушыларды оқыту кезінде оқытудың концентрлік әдісі қолданылады, соның арқасында ауызша сөйлеу материалының фонетикалық шеңбері едәуір кеңейеді;

4) естімейтін білім алушыларды оқытудың арнайы әдістемелерін пайдалана отырып оқу қызметін ұйымдастыру.

9. Оқытудың арнайы әдістері мен құралдары.

1) оқытудың барлық кезеңінде ұжымдық пайдаланудағы стационарлық немесе сымсыз дыбыс күшейткіш аппаратураны, жеке есту аппараттарын пайдалану;

2) дактильді сөйлеу мен ым-ишара сөйлеу тілін оқытудың қосалқы құралы ретінде қолдану;

3) сөйлеу материалын еріннен оқу дағдыларын үйрету;

4) оқытудың сараланған әдістерін қолдану;

5) сабақта және сабақтан тыс уақыттарда сурдоаударымды пайдалану.

10. "Әліппе, Ана тілі (дактильді сөйлеу тілі, ауызша сөйлеу тілі, жазу, оқу)" бағдарламасының пәнаралық байланыстары "Математика" "Заттық-тәжірибелік оқыту", "Қоршаған ортамен танысу", "Көркем еңбек" пәндерімен, "Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту" түзету компоненті пәнімен белгіленеді.

3-тарау. "Әліппе, Ана тілі (дактильді сөйлеу тілі, ауызша сөйлеу тілі, жазу, оқу)" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. Әліппе, Ана тілі (дактильді сөйлеу тілі, ауызша сөйлеу тілі, жазу, оқу)" оқу пәнінің мазмұны

11. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 8 сағатты, оқу жылында 256 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасының бастауыш , негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына байланысты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

12. Оқу пәнінің мазмұны:

1) әріптердің дактилемалары;

2) қазақ тілінің дыбыстары мен әріптер жүйесі;

3) тіл бірліктері: дыбыс-әріп, буын, сөз, сөйлем, мәтін;

4) қазақ тілінің кейбір грамматикалық құбылыстары;

5) қарапайым орфографиялық және пунктуациялық нормалар.

13. Бағдарламаның негізгі мазмұны. Оқу процесінде үш кезең бөлінеді: пропедевтикалық, әріптік, әріптен кейінгі. Нөлдік сыныпта пропедевтикалық кезең ұйымдастырылады, оған 72 сағат бөлінеді және 184 сағат ішінде әріптік оқу кезеңі.

14. 0 сыныпта әліппе кезеңіндегі дыбыстар мен әріптер тізбегі сурдопедагогиканың арнайы концентрлік әдісімен оқытылады:

1) I концентрдегі дыбыстар (негізгі дыбыстар): п, а, ә, м, в, о, ө, т, у, ұ, ү, л, с, и, н, ң, к, қ, э, ш, ф, х, h, р;

2) II концентрдегі дыбыстары (айтылуы қиын дыбыстар): ы, і, б, з, д*, ж*, г* ғ*, ч*, ц*, щ*, ь, ъ, й, я*(йа), Ұ*(йо), ю*(йу), е*(йэ).

* - ауыстырумен айтылатын дыбыстың белгіленуі.

15. Пропедевтикалық кезеңнің міндеттері:

1) оқу қызметіне қызығушылықты қалыптастыру;

2) фонемалық есту қалдықтарының дамуы;

3) сөйлеу туралы бастапқы идеяларды қалыптастыру (дыбыс, әріп-дактилема, буын, сөз, сөйлем);

4) қолдың ұсақ моторикасын дамыту (бояу, сурет салу, әр түрлі бағытта сызу, контур бойымен сызу, әріптік элементтерді жазу);

5) ойлауды, есте сақтауды, қиялды, қабылдауды, зейінді дамыту;

6) қазақ әліпбиінің әріптерімен танысу, дыбыстардың артикуляциясын үйрету.

16. Әріптік кезеңнің міндеттері:

1) оқу қызметіне қызығушылықты қалыптастыру;

2) қалдық есту қабілетіне сүйене отырып, ауызша-дактильді, есту-көру және естіп қабылдауын дамыту;

3) екпінді сақтай отырып, сөздерді дұрыс айта білу (еліктеу арқылы);

4) дыбыстық талдау және сөз синтезін жасай білу;

5) сөйлемнің басталуы бас әріптен басталады деген ұғымды қалыптастыру, сөйлемнің соңында нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі қойылады;

6) тілдік бірліктер туралы қарапайым ұғымдарды меңгеру (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін);

7) тұтас сөздермен оқуға ауыса отырып, дұрыс, тегіс, біріккен буындық оқу дағдыларын қалыптастыру;

8) ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;

9) білім алушылардың сөздік қорын байыту;

10) әріптер, буындар, сөздер, сөйлемдер жазу кезінде каллиграфиялық жазу дағдыларын қалыптастыру.

17. Бағдарламаның мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1) Дактильдеу, айтылым және тыңдалым (дактильдеу, ауызша сөйлеу және тыңдалым дағдыларын қалыптастыру)";

2) "Оқу және ауызша сөйлеу (ауызша сөйлеуді дамыту және оқу дағдыларын қалыптастыру)";

3) "Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру)".

18. "Дактильдеу, айтылым және тыңдалым (дактильдеу, ауызша сөйлеу және тыңдалым дағдыларын қалыптастыру)" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) тілдің негізгі бірліктерін түсіну;

2) ауызша-дактилді сөйлеу тілін түсіну;

3) сөйлеудің негізгі формаларын іс жүзінде меңгеру;

4) вербалды емес қарым-қатынас құралдарын қолдану.

19. "Оқылым және ауызша сөйлеу (ауызша сөйлеуді дамыту және оқу дағдыларын қалыптастыру)" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) сөздер мен сөйлемдердің аналитикалық оқылуы;

2) сөздерді дыбыстық талдау;

3) мәтінді талдау.

20. "Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру)" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) жазу жұмысына дайындық;

2) графикалық және каллиграфиялық нормаларды сақтау;

3) үлгі бойынша жазу;

4) өздігінен жазу.

21. Білім берудің негізгі мазмұны.

22. Дактильдеу, айтылым және тыңдалым (дактильдеу, ауызша сөйлеу және тыңдалым дағдыларын қалыптастыру) пропедевтикалық кезең:

1) әріптерді дактилемамен сәйкестендіру;

2) дыбыстар мен әріптерді ажырата білу, жазылған сөздің әріптік құрылымын білу;

3) мұғалімнің сөйлеуін ауызша-дактильді, есту-көру және есту арқылы қабылдау (пайдаланылған сөйлеу материалы);

4) мұғалім мен сыныптастарының қолынан дактиль арқылы айтылғын сөздерді оқу, ауызша-дактильді түрде қойылған сұрақтарға жауап беру.

23. Дактильдеу, айтылым және тыңдалым (дактильдеу, ауызша сөйлеу және тыңдалым дағдыларын қалыптастыру) әліппе кезеңі:

1) сөздің мәні мен мағынасын түсіну, сөзді дактильді және ауызша, жазбаша түрде қолдану, сөздік қорын байыту;

2) кейіннен баспа/ бас әріптермен жаза отырып, дактиль әліпбиінен/ бөлінген әліпбиден сөздерді ауызша-дактильдік нысанда жаңғырту;

3) оқытылған материал негізінде педагогтің көмегімен ауызша-дактильдік нысанда сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыру;

4) мұғалімнің (сыныптастарының, тәрбиешінің) өтініші бойынша қажетті сөздік кестелерін, сөздік карталарын таңдап, оларды суреттермен сәйкестендіру;

5) қарым-қатынастың вербальды емес түрін қолдану: мимика, ым - ишара, қимылдар;

6) коммуникативтік мақсаттарға (топта қарым-қатынас жасау, диалогты қолдау, сахналау, рөлдік ойындар) сәйкес ауызша-дактильдік нысанда қарым-қатынас дағдыларын пайдалану, сөйлеу этикеті сөздерін пайдалану, лексикалық тақырыптар негізінде сөздік қорын кеңейту.

Ескерту: дактильдеу материалының көлемі: 5-7 сөз, айтылым: 3-5 сөз, тыңдалым: 1-3 сөз.

24. Оқылым және ауызша сөйлеу (ауызша сөйлеуді дамыту және оқу дағдыларын қалыптастыру) пропедевтикалық кезең:

1) оқу қызметіне қызығушылықты қалыптастыру;

2) сөйлеудің минималды бірлігін түсіну: дыбыс, әріп;

3) сөздің дыбыстық құрамының бірлігін және оның лексикалық мағынасын түсіну;

4) буын минималды айтылу бірлігі ретінде, екпінді буынның анықтамасы, сөздерді буындарға бөлу.

25. Оқылым және ауызша сөйлеу (ауызша сөйлеуді дамыту және оқу дағдыларын қалыптастыру) әліппе кезеңі:

1) сурдопедагогика (концентрлер бойынша) әдістемесін қолдана отырып, әріптердің белгілі бір реттілігі ретінде қазақ әліпбиімен танысу;

2) сөйлеу, тыныс алу, артикуляциялық гимнастика, фонетикалық ырғақта дыбыстарды қою, автоматтандыру және саралау үшін арнайы әдістер мен құралдарды қолдану арқылы артикуляциялық аппаратты дамыту

3) еліктеу бойынша сөйлеудің негізгі ережелерін сақтау (мұғалімнің сөйлеуі ритмды , екпінді, қарқынды, кідірістер, қалыпты биіктіктегі дауысты беру, біріктіруді сақтауға арналған үлгі);

4) дыбыстық талдау. Есту және есту-көру арқылы дыбыстарды ажырата білу;

5) сөздің дыбыстық формасын оның әріптік жазбасы бойынша айту (оқу) және керісінше (жазу);

6) заттарды салыстыру (мұғалімнің көмегімен);

7) суреттер бойынша сөйлемдер құрастыру, педагогтің көмегімен берілген сөздерден сөйлемдер құрастыру;

8) қазақ тілінің белгілі бір ерекше дыбыстарын, оның ішінде айтылуы ұқсас а-ә, н-ы , у-ө, ә-ү, ы-і, к-қ, г-ғ, x-h, о-ө дыбыстарын дұрыс айту қабілетін қалыптастыру;

9) білім алушылардың сөздік қорын байыту және жандандыру.

Ескерту: оқу материалының көлемі: : әліппе кезеңнің басында 3-5 сөз, соңында 6-10 сөз.

26. Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру) пропедевтикалық кезең:

1) жазуға дайындық (дұрыс отыру, жарықтандыру, дәптердің орналасуы және жазу кезінде қарындаш/қалам ұстай білу);

2) дәптер парағының кеңістігінде бағдарлау қабілетін қалыптастыру (жұмыс жолы, жоларалық кеңістік, жұмыс жолының жоғарғы және төменгі сызықтары, тік көлбеу сызықтар);

3) үлгі бойынша ою-өрнектерді, суреттерді салу, штрихтау, бояу;

4) каллиграфиялық нормаларға (бас әріптермен) сәйкес бас және кіші әріптер, буындар, сөздер, сөйлемдер жаза білу.

27. Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру) әліппе кезеңі:

1) каллиграфиялық нормаларды сақтай отырып, бас және кіші әріптер мен олардың қосылыстарын, буындарын, сөздерін, сөйлемдерін жазу;

2) ауызша-дактильді, естіп-көру диктанттары (дактиль әліпбиін қолданбай сөйлеу материалын ернінен оқу);

3) арнайы ережелер бойынша қолжазба және баспа мәтіндерінен сөйлемдерді көшіру (дәл көшіру);

4) сөздердің жазылуы: сөздер-заттардың, қоршаған әлем құбылыстарының атаулары , заттардың белгілерін білдіретін сөздер, заттардың әрекеттерін білдіретін сөздер;

5) қолжазба әріптердің (кіші және бас әріптердің) графикалық бейнесін талдау.

Ескертпе: I жартыжылдықтағы жазбаша жұмыстардың көлемі: графикалық диктант - 1-3 белгі, дактильді-әріптік диктант – 3-5 әріп, буындық диктант – 3-6 буын, сөздік диктант – 2-5 сөз, ауызша-дактильді диктант – 3-8 сөз. II жартыжылдықтың жазбаша жұмыстарының көлемі: графикалық диктант-3-6 белгі, дактильді-әріптік диктант – 5-10 әріп, буындық диктант – 6-8 буын, сөздік диктант-5-7 сөз, ауызша-дактильді диктант-8-12 сөз.

Параграф 2. Оқыту мақсатарының жүйесі

28. Бағдарламадағы оқу мақсаттары кодпен берілген. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандарды – бөлім мен бөлімшені, төртінші саны - оқу мақсатын нөмірлеуді білдіреді. Кодтауда 0.1.2.1 "0" – сынып, "1.2." – бөлім және бөлімше, "1" – оқу мақсатының реттік нөмірі.

29. Пәннің мазмұны бөлімдер бойынша ұйымдастырылған. Әр бөлім өз кезегінде бөлімшелерге бөлінеді. Бөлімшелерде білім немесе түсінік, дағдылар немесе құзыреттер түрінде күтілетін нәтижелер түрінде ұсынылатын оқыту мақсаттары белгіленеді. Әрбір бөлімшелерде мұғалімге өз жұмысын жоспарлауға, білім алушылардың жұмысын бағалауға және оларды оқытудың келесі кезеңі туралы хабардар етуге мүмкіндік беретін оқу мақсаттарының реттілігі анықталған.

30. Оқыту мақсаттары жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1-кесте

Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрлері) – дактильдеу, айтылым мен тыңдалым	
Бөлімше (негізгі дағдылар)	Оқыту мақсаттары

1.1. Тілдің негізгі бірліктерін түсіну	0.1.1.1 әріптерді көрсету, дактильдеу, дыбыстарды айту (басқа дыбысқа ауыстырумен) (п, а, ә, м, т, о, ө, с, у, ұ, ү, н, ң); 0.1.1.2 әріптерді көрсету, дактильдеу, дыбыстарды айту (басқа дыбысқа ауыстырумен) (б, л, и, й, к, қ, ш , щ, ж, р, е); 0.1.1.3 әріптерді көрсету, дактильдеу, дыбыстарды айту (басқа дыбысқа ауыстырумен) (д, ы, і, в, э, ф, х, h, з, г, ғ, ц, ч); 0.1.1.4 әріптерді көрсету, дактильдеу, дыбыстарды айту (басқа дыбысқа ауыстырумен) (э, ю, я, ь, ъ); 0.1.1.5 үлгі бойынша бөлінген әліпбиден буындарды , сөздер мен сөз тіркестерін қосу (өз бетінше / мұғалімнің көмегімен); 0.1.1.6 әріптерді, буындарды, сөздер мен сөз тіркестерін дактильді және баспа түрінде оқу және жазу; 0.1.1.7 әр түрлі сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастыру (сөз-зат + сөз-әрекет; сөз-зат + сөз-әрекет + сөз-зат) (мұғалімнің көмегімен); 0.1.1.8 кім? не? сұрақтардың мағынасын ажырату (мұғалімнің көмегімен); 0.1.1.9 заттарды, адамдарды, жануарларды сипаттау (мұғалімнің көмегімен).
1.2. Ауызша-дактильді сөйлеу тілін түсіну	0.1.2.1 қолдан және еріннен оқылған, сондай-ақ естіп-көру арқылы қабылданған сөздер мен сөз тіркестерін жинақтау.
1.3. Сөйлеудің негізгі формаларын практикалық меңгеру	0.1.3.1 суреттер, тақтайшалар, бақылаулар бойынша тақырыптық материалда дактильді әліпби арқылы мұғалімнің көмегімен және / немесе өз бетінше сөздер мен сөз тіркестерін құрастыру; 0.1.3.2 іс-әрекет пен затты көрсете отырып тапсырмаларды орындау (мұғалімнің көмегімен); 0.1.3.3 өтініш білдіру, алғыс айту, сәлемдесу, қоштасу (мұғалімнің көмегімен).
1.4. Қарым-қатынастың вербальды емес түрін қолдану	0.1.4.1 сөйлеу кезінде вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (мимика, ым-ишара, қозғалыстар) ойын әрекеті, сахналау кезінде қолдану.
Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрлері) – оқылым және ауызша сөйлеу	
Бөлімше (негізгі дағдылар)	Оқыту мақсаттары
2.1. Сөздер мен сөйлемдердің аналитикалық оқылуы	0.2.1.1 тақырыптарға сәйкес сөздерді ажырату және атау: мектеп/сынып, оқу құралдары, жыл мезгілдері, жемістер-көкөністер, жануарлар, ойыншықтар; 0.2.1.2 дактильді және бөлінген әліппеден буындарды, сөздерді, сөйлемдерді оқу және құрастыру (мұғалімнің көмегімен/өз бетінше); 0.2.1.3 дактиль, баспа, қолжазба түрінде берілген таныс сөздер мен сөз тіркестерін оқу; 0.2.1.4 бүтін сөздермен біріктіріп оқуға ауыса отырып буындарды біріктіре дактильдеу және оқу (мұғалімнің үлгісі бойынша)

	0.2.1.5 схемалар арқылы буындар, сөздер, сөйлемдер құрастыру (мұғалімнің көмегімен).
2.2. Сөздерді дыбыстық талдау	0.2.2.1 сөздердегі жеке дыбыстарды, екпінді буындарды бөлу (еліктеу арқылы).
2.3. Сөздердің мағынасын түсіну, сұрақтар мен жауаптарды тұжырымдау	0.2.3.1 таныс сөздердің мағынасын түсіну, сөздерді дактильді және ауызша түрде бағыты бойынша қолдану (мұғалімнің көмегімен); 0.2.3.2 оқулықтан ауызша-дактильді және баспа түрінде берілген қарапайым нұсқауларды/ тапсырмаларды орындау; 0.2.3.3 заттар мен суреттерге арналған сөздері бар тақтайшаларды анықтау және таңдау; 0.2.3.4 оқылған материалдың мазмұнын сурет түрінде иллюстрация жасау; 0.2.3.5 мұғалімнің көмегімен / өз бетінше қарапайым сұрақтарға жауап беру және суреттерге, иллюстрацияларға/мәтінге қарапайым сұрақтар қою.
Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрлері) – жазылым	
Бөлімше (негізгі дағдылар)	Оқыту мақсаттары
3.1. Жазуды меңгеруге дайындық	0.3.1.1 партада дұрыс отыру, жазу кезінде қарындаш /қалам ұстау; 0.3.1.2 қағаз парағына, дәптерге (сызық, жоларалық интервал, жоғарғы және төменгі сызықтар, көлбеу сызық, тік сызық) бағдарлану; 0.3.1.3 суретті орындау кезінде саусақтардың, қолдың қимылдарын үйлестіру.
3.2 Графикалық және каллиграфиялық нормаларды сақтау	0.3.2.1 қағазға түзу және дөңгелектелген сызықтардан тұратын жиектерді салу; 0.3.2.2 тікелей/сопақ сызықтардан тұратын, берілген ұяшықтар санына тең заттарды қарындашпен салу (үй, шырша, үстел, орындық, шкаф); 0.3.2.3 жазу сызығын, жол аралығын, жолдың жоғарғы және төменгі бөлігін сақтай отырып әріп элементтерін (тік сызықтар, жоғарғы және төменгі жағында дөңгелектелген таяқшалар), ою-өрнектер мен суреттерді сызу.
3.3. Үлгі бойынша жазу	0.3.3.1 таныс әріптерді баспа түрінде жазу; 0.3.3.2 суреттерге үлгі бойынша/өз бетінше баспа әріптерімен қол қою; 0.3.3.3 бас және кіші әріптер, буындар, сөздер, сөйлемдер жазу; 0.3.3.4 қарапайым жазбаша әріптер жазу (р, у, д, з, ү, ұ)
3.4. Өздігінен жазу	0.3.4.1 өз атын, тегін, таныс сөздер мен сөз тіркестерін баспа әріптерімен жазу; 0.3.4.2 сұраққа жауап беру және өтінішті жазбаша түрде білдіру (мұғалімнің көмегімен); 0.3.4.3 сөздердің, сөйлемдердің жазылуын тексеру және мұғалімнің көмегімен қателерді түзету.

31. Осы оқу бағдарламасы "Әліппе, Ана тілі (дактильді сөйлеу тілі, ауызша сөйлеу тілі, жазу, оқу)" пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес бастауыш білім беру деңгейіндегі (қазақ тілінде оқытатын) 0-сыныпты есту қабілеті бұзылған оқушыларға арналған.

32. Мұғалім оқушылардың сабақта оқу мақсаттарын игеруіне, әр кезеңнің міндеттерін орындауға байланысты үш кезеңдегі сағат санын еркін жоспарлай алады

Параграф 3. Естімейтін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейіндегі 0 - сыныбы үшін "Әліппе, Ана тілі (дактильді сөйлеу тілі, ауызша сөйлеу тілі, жазу, оқу)" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асырудың ұзақ мерзімді жоспары (қазақ тілінде оқыту)

Кезеңдер	Дактильдеу, айтылым мен тыңдалым	Ауызша сөйлеу мен оқылым	Жазылым
1-тоқсан			
Пропедевтикалық кезең	0.1.1.1* әріптерді көрсету, дактильдеу, дыбыстарды айту (ауыстырумен) (п, а, ә, м, т, о, ө, с, у, ұ, ү, н, н); 0.1.1.5* бөлінген әліпбиден үлгі бойынша буындарды, сөздер мен сөз тіркестерін қосу (өз бетінше / мұғалімнің көмегімен); 0.1.1.6* әріптерді, буындарды, сөздер мен сөз тіркестерін дактильді және баспа түрінде оқу және жазу; 0.1.3.2* іс-әрекет пен заттарды көрсете отырып тапсырмаларды орындау (мұғалімнің көмегімен); 0.1.3.3* өтініш білдіру, алғыс айту, сәлемдесу, қоштасу (мұғалімнің көмегімен); 0.1.4.1* ойын әрекеті, сахналау кезінде сөйлеуде вербалды емес қарым-қатынас	0.2.1.1* тақырыптарға сәйкес сөздерді ажырату және атау: мектеп/сынып, оқу құралдары, жыл мезгілдері, жемістер-көкөністер, жануарлар, ойыншықтар; 0.2.1.2 буындарды, сөздерді оқу және құрастыру; 0.2.1.2* дактильді және бөлінген әліпбиден буындарды, сөздерді, сөйлемдерді оқу және құрастыру (мұғалімнің көмегімен/ өз бетінше); 0.2.1.3* дактиль, баспа, қолжазба түрінде берілген таныс сөздер мен сөз тіркестерін оқу; 0.2.1.5* схемалар арқылы буындар, сөздер, сөйлемдер құрастыру (мұғалімнің көмегімен).	0.3.1.1* партада дұрыс отыру, жазу кезінде қарындаш/қалам ұстау; 0.3.1.2* қағаз парағына, дәптерге (сызық, жоларалық интервал, жоғарғы және төменгі сызықтар, көлбеу сызық, тік сызық) бағдарлану; 0.3.1.3* қолдар мен саусақтарды дәл, үйлестірілген түрде қолдану; 0.3.2.1* қағазға түзу және дөңгелектелген сызықтардан тұратын жиектерді салу; 0.3.2.2* берілген ұяшықтар санына тең түзу/сопақ сызықтардан тұратын заттарды қарындашпен салу (үй, шырша, үстел, орындық, шкаф); 0.3.2.3* әріп элементтерін (тік сызықтар, жоғарғы және төменгі жағында дөңгелектелген таяқшалар), ою-өрнектер мен суреттерді сызу, жазу сызығын, жол аралығын, жолдың жоғарғы және төменгі бөлігін сақтау;

	құралдарын (мимика, ым-ишара, қимылдар) пайдалану.		0.3.3.1 таныс әріптерді басып шығару; 0.3.4.1* өз атын, тегіңізді, таныс сөздер мен сөз тіркестерін баспа әріптерімен жазу.
2-тоқсан			
Әліппе кезеңі	0.1.1.2* әріптерді көрсету, дактильдеу, дыбыстарды айту (басқа дыбысқа ауыстырумен) (б, л, и, й, к, қ, ш, щ, ж, р, е); 0.1.1.5* үлгі бойынша бөлінген әліпбиден буындарды, сөздер мен сөз тіркестерін қосу (өз бетінше / мұғалімнің көмегімен); 0.1.1.6* әріптерді, буындарды, сөздер мен сөз тіркестерін дактильді және баспа түрінде оқу және жазу; 0.1.1.8 кім? не? сұрақтардың мағынасын ажырату (мұғалімнің көмегімен); 0.1.3.1* суреттер, тақтайшалар, бақылаулар бойынша тақырыптық материалда дактильді әліпби арқылы мұғалімнің көмегімен және / немесе өз бетінше сөздер мен сөз тіркестерін құрастыру; 0.1.3.2* іс-әрекет пен затты көрсете отырып тапсырмаларды орындау (мұғалімнің көмегімен); 0.1.3.3* өтініш білдіру, алғыс айту, сәлемдесу, қоштасу (мұғалімнің көмегімен); 0.1.4.1* сөйлеу кезінде вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (мимика, ым-ишара, қозғалыстар) ойын әрекеті, сахналау кезінде қолдану.	0.2.1.2 дактильді және бөлінген әліппеден буындарды, сөздерді, сөйлемдерді оқу және құрастыру (мұғалімнің көмегімен/өз бетінше); 0.2.1.3* дактиль, баспа, қолжазба түрінде берілген таныс сөздер мен сөз тіркестерін оқу; 0.2.1.4 бүтін сөздермен біріктіріп оқуға ауыса отырып буындарды біріктіре дактильдеу және оқу (мұғалімнің үлгісі бойынша) 0.2.1.5* схемалар арқылы буындар, сөздер, сөйлемдер құрастыру (мұғалімнің көмегімен); 0.2.3.1* таныс сөздердің мағынасын түсіну, сөздерді дактильді және ауызша түрде бағыты бойынша қолдану (мұғалімнің көмегімен); 0.2.3.3* заттар мен суреттерге арналған сөздері бар тақтайшаларды анықтау және таңдау.	0.3.1.1* партада дұрыс отыру, жазу кезінде қарындаш/қалам ұстау; 0.3.1.2* қағаз парағына, дәптерге (сызық, жоларалық интервал, жоғарғы және төменгі сызықтар, көлбеу сызық, тік сызық) бағдарлану; 0.3.1.3* қолдар мен саусақтарды дәл, үйлестірілген түрде қолдану; 0.3.2.1* қағазға түзу және дөңгелектелген сызықтардан тұратын жиектерді салу; 0.3.2.2* берілген ұяшықтар санына тең түзу/сопақ сызықтардан тұратын заттарды қарындашпен салу (үй, шырша, үстел, орындық, шкаф); 0.3.2.3* әріп элементтерін (тік сызықтар, жоғарғы және төменгі жағында дөңгелектелген таяқшалар), ою-өрнектер мен суреттерді сызу, жазу сызығын, жол аралығын, жолдың жоғарғы және төменгі бөлігін сақтау; 0.3.3.1* таныс әріптерді басып шығару; 0.3.3.2* суреттерге үлгі бойынша/өз бетінше баспа әріптерімен қол қою; 0.3.4.1* өз атын, тегіңізді, таныс сөздер мен сөз тіркестерін баспа әріптерімен жазу.

3-тоқсан			
	0.1.1.3* әріптерді көрсету, дактильдеу, дыбыстарды айту (басқа дыбысқа ауыстырумен) (д, ы, і, в, э, ф, х, h, з, г, ғ, ц, ч); 0.1.1.5* үлгі бойынша бөлінген әліпбиден буындарды, сөздер мен сөз тіркестерін қосу (өз бетінше / мұғалімнің көмегімен); 0.1.1.6* әріптерді, буындарды, сөздер мен сөз тіркестерін дактильді және баспа түрінде оқу және жазу; 0.1.1.7* әр түрлі сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастыру (сөз-зат + сөз-әрекет; сөз-зат + сөз-әрекет + сөз-зат) (мұғалімнің көмегімен); 0.1.1.8* кім? не? сұрақтардың мағынасын ажырату (мұғалімнің көмегімен); 0.1.1.9* заттарды, адамдарды, жануарларды	0.2.1.2* дактильді және бөлінген әліппеден буындарды, сөздерді, сөйлемдерді оқу және құрастыру (мұғалімнің көмегімен/өз бетінше); 0.2.1.3* дактиль, баспа, қолжазба түрінде берілген таныс сөздер мен сөз тіркестерін оқу; 0.2.1.4 бүтін сөздермен біріктіріп оқуға ауыса отырып буындарды біріктіре дактильдеу және оқу (мұғалімнің үлгісі бойынша) 0.2.1.5* схемалар арқылы буындар, сөздер, сөйлемдер құрастыру (мұғалімнің көмегімен); 0.2.2.1* сөздердегі жеке дыбыстарды, екпінді	0.3.3.1* таныс әріптерді баспа түрінде жазу; 0.3.3.2* суреттерге үлгі бойынша/өз бетінше баспа әріптерімен қол қою;

Әліппе кезеңі	сипаттау (мұғалімнің көмегімен). 0.1.2.1* қолдан және еріннен оқылған, сондай-ақ естіп-көру арқылы қабылданған сөздер мен сөз тіркестерін жинақтау; 0.1.3.1* суреттер, тақтайшалар, бақылаулар бойынша тақырыптық материалда дактильді әліпби арқылы мұғалімнің көмегімен және / немесе өз бетінше сөздер мен сөз тіркестерін құрастыру; 0.1.3.2* іс-әрекет пен затты көрсете отырып тапсырмаларды орындау (мұғалімнің көмегімен); 0.1.3.3* өтініш білдіру, алғыс айту, сәлемдесу, қоштасу (мұғалімнің көмегімен); 0.1.4.1* сөйлеу кезінде вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (мимика, ым-ишара, қозғалыстар) ойын әрекеті, сахналау кезінде қолдану.	буындарды бөлу (еліктеу арқылы); 0.2.3.1* таныс сөздердің мағынасын түсіну, сөздерді дактильді және ауызша түрде бағыты бойынша қолдану (мұғалімнің көмегімен); 0.2.3.2* оқулықтан ауызша-дактильді және баспа түрінде берілген қарапайым нұсқауларды/ тапсырмаларды орындау; 0.2.3.3* заттар мен суреттерге арналған сөздері бар тақтайшаларды анықтау және таңдау; 0.2.3.5* мұғалімнің көмегімен / өз бетінше қарапайым сұрақтарға жауап беру және суреттерге, иллюстрацияларға/ мәтінге қарапайым сұрақтар қою.	0.3.3.3* бас және кіші

			әріптер, буындар, сөздер, сөйлемдер жазу.
4-тоқсан			
Әліппе кезеңі	0.1.1.4* әріптерді көрсету, дактильдеу, дыбыстарды айту (басқа дыбысқа ауыстырумен) (э, ю, я, ь, ъ); 0.1.1.5* үлгі бойынша бөлінген әліпбиден буындарды, сөздер мен сөз тіркестерін қосу (өз бетінше / мұғалімнің көмегімен); 0.1.1.6* әріптерді, буындарды, сөздер мен сөз тіркестерін дактильді және баспа түрінде оқу және жазу; 0.1.1.7* әр түрлі сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастыру (сөз-зат + сөз-әрекет; сөз-зат + сөз-әрекет + сөз-зат) (мұғалімнің көмегімен); 0.1.1.8* кім? не? сұрақтардың мағынасын ажырату (мұғалімнің көмегімен); 0.1.1.9* заттарды, адамдарды, жануарларды сипаттау (мұғалімнің көмегімен). 0.1.2.1* қолдан және еріннен оқылған, сондай-ақ естіп-көру арқылы қабылданған сөздер мен сөз тіркестерін жинақтау; 0.1.3.1* суреттер, тақтайшалар, бақылаулар бойынша тақырыптық материалда дактильді әліпби арқылы мұғалімнің көмегімен және / немесе өз бетінше сөздер мен сөз тіркестерін құрастыру; 0.1.3.2* іс-әрекет пен затты көрсете отырып тапсырмаларды орындау (мұғалімнің көмегімен);	0.2.1.2* дактильді және бөлінген әліппеден буындарды, сөздерді, сөйлемдерді оқу және құрастыру (мұғалімнің көмегімен/өз бетінше); 0.2.1.3* дактиль, баспа, қолжазба түрінде берілген таныс сөздер мен сөз тіркестерін оқу; 0.2.1.4 бүтін сөздермен біріктіріп оқуға ауыса отырып буындарды біріктіре дактильдеу және оқу (мұғалімнің үлгісі бойынша) 0.2.1.5* схемалар арқылы буындар, сөздер, сөйлемдер құрастыру (мұғалімнің көмегімен); 0.2.2.1* сөздердегі жеке дыбыстарды, екпінді буындарды бөлу (еліктеу арқылы); 0.2.3.1* таныс сөздердің мағынасын түсіну, сөздерді дактильді және ауызша түрде бағыты бойынша қолдану (мұғалімнің көмегімен); 0.2.3.2* оқулықтан ауызша-дактильді және баспа түрінде берілген қарапайым нұсқауларды/ тапсырмаларды орындау; 0.2.3.3* заттар мен суреттерге арналған сөздері бар тақтайшаларды анықтау және таңдау; 0.2.3.4 оқылған материалдың мазмұнын сурет түрінде иллюстрация жасау; 0.2.3.5* мұғалімнің көмегімен / өз бетінше қарапайым сұрақтарға	0.3.3.3* бас және кіші әріптер, буындар, сөздер, сөйлемдер жазу; 0.3.3.4* қарапайым жазбаша әріптер жазу (р, у, д, з, ү, ұ); 0.3.4.2* сұраққа жауап беру және өтінішті жазбаша түрде білдіру (мұғалімнің көмегімен); 0.3.4.3* сөздердің, сөйлемдердің жазылуын тексеру және мұғалімнің

	0.1.4.1* сөйлеу кезінде вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (мимика, ым-ишара, қозғалыстар) ойын әрекеті, сахналау кезінде қолдану.	жауап беру және суреттерге, иллюстрацияларға/ мәтінге қарапайым сұрақтар қою.	көмегімен қателерді түзету.

Ескерту:

1) бір тоқсан ішіндегі оқыту мақсаттары тіл дағдыларының кез келген түрлерімен байланысады;

2) "*" белгісімен белгіленген оқыту мақсаттарын ішінара іске асыру ұсынылады

бұйрығына
2-қосымша

Естімейтін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейіндегі 1 - сыныбы үшін " Әліппе, Ана тілі (дактильді сөйлеу тілі, ауызша сөйлеу тілі, жазу, оқу)" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Әліппе, Ана тілі (дактильді сөйлеу тілі, ауызша сөйлеу тілі, жазу, оқу)" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Оқу бағдарламасы естімейтін білім алушылардың есту қабілетінің бұзылыстарына, жасына және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес пәннің мазмұнын және білім, дағдылар мен қабілеттер көлемін айқындайтын білім беру және нормативтік құжат болып табылады.

3. "Әліппе, Ана тілі (дактильді сөйлеу тілі, ауызша сөйлеу тілі, жазу, оқу)" пәнінің мақсаты – естімейтін білім алушылардың дактильді әліппені игеру үрдісі арқылы қарапайым грамматикалық ұғымдарды қалыптастыру, сөйлеу тілін дамыту, оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру.

4. Оқыту міндеттері:

1) білім алушыларда сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерін қалыптастыру;

2) сөйлеу дағдыларын қалыптастыру: тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым;

3) оқушылардың қалдық есту қабілетін қолдана және дамыта отырып, сөйлеуге, оқуға және жазуға үйрету;

4) сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшеліктерін меңгеру;

5) сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуға оқыту, бүкіл сөзбен оқуға көше отырып дұрыс, тегіс, біріктірілген, буынды оқу дағдыларын қалыптастыру;

6) каллиграфиялық нормаларды сақтай отырып, сөздерді сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру;

7) қазақ тілі фонетикасы, лексикасы, грамматикасы мен пунктуациясы туралы бастапқы білім негіздерін қалыптастыру;

8) кітап пен оқуға деген қызығушылықты арттыру;

9) сөйлеу және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;

10) жұпта, топта, ұжымда жұмыс істеу дағдыларын енгізу;

11) сөздік қорын жинақтау және байыту, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту;

12) ана тіліне, мәдениетіне, дәстүрлеріне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;

13) коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру (диалог барысында басқа адамның сөзін тыңдай және ести білу, диалогқа/әңгімеге қатысу);

14) диалогтік және монологтық сөйлеудің негізгі дағдыларын қалыптастыру.

5. "Әліппе, Ана тілі (дактильді сөйлеу тілі, ауызша сөйлеу тілі, жазу, оқу)" оқу пәні қазақ тілі пәніне кіріспе болып табылады, сондай-ақ естімейтін білім алушыларды ары қарай оқыту үшін негіз болып табылады.

6. Түзете-дамыту міндеттері:

1) дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын дамыту;

2) ауызша сөйлеу тілін дамыту;

3) сөздік қорын байыту және жинақтау, үйлесімді сөйлеуді дамыту;

4) қалдық есту қабілетін дамыту;

5) ауызша және жазбаша сөйлеуді дамыту арқылы сөйлеу қызметін жетілдіру.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдер

7. Оқыту үрдісінде жалпы және арнайы педагогикалық қағидалар іске асырылады:

1) онтогенетикалық қағида мұғалімді тіл дамуының дұрыс болжамына бағыттайды, сөйлеуді дамыту үрдісін терең зерттеуді, қол жеткізілген деңгейді бағалауды анықтауды және оны нормамен байланыстыруды білдіреді;

2) іс-әрекет қағидасы ойын, танымдық және заттық-практикалық ұйымдастыру арқылы нақты іс-әрекетте жаңа білімді практикалық пысықтауды ұйымдастыруға негізделген;

3) дамыта оқыту қағидасы баланың жақын даму аймағында оқу міндеттерін қоюды көздейді;

4) сараланған қыту қағидасы білім алушыларды деңгейлері мен қабілеттері бойынша оқытуды, критериалды бағалауды қолдауды көздейді;

5) жүйелілік қағидасы күрделі функционалды жүйе ретінде психикалық даму идеясына, тығыз өзара әрекеттесетін құрылымдық компоненттерге сүйенеді;

6) әлеуметтік бейімдеу бағыты қағидасы әлеуметтік өмірге қатысу үшін қажетті мінез-құлық нормалары мен коммуникативтік дағдыларды игеру бойынша арнайы жұмысты қамтиды.

8. Сауаттылықты оқытудың негізі қарапайым оқудан күрделі оқу материалына дейінгі оқытудың жалпы дидактикалық талабы, сондай-ақ естімейтін оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін ескеру болып табылады;

1) дактильді сөйлеу естімейтін оқушылардың сауаттылығын игерудің негізі болып табылады, сөздің талдауы мен синтезін дамытуға, ауызша сөйлеуді, оқу мен жазуды қалыптастыруға, мотористаны дамытуға ықпал етеді;

2) негізгі грамматикалық ұғымдардың қалыптасуы дыбыстарды тану мен ажыратудан басталады;

3) білім алушыларды оқыту кезінде оқытудың концентрлік әдісі қолданылады, оның мақсаты 0-сыныпта оқытылған негізгі дыбыстарды сөзбен дұрыс және анық айту (п, а, н, м, в, о, ө, т, у, ұ, ү, л, с, ы, н, н, к, қ, э, ш, ф, х, h, р;), 1-сыныпта II концентрдегі (айту қиын дыбыстар) ы, і, б, з, д*, ж*, г* ғ*, ч*, ц*, щ*, ь, ъ, й, я*(йа), Ұ*(йо), ю*(йу), е*(йэ) дыбыстардың анық, дұрыс айтылуын қалыптастыру және үйрету;

4) оқушылардың сөйлеу тілін қабылдауы естіп-көру және есту арқылы, ауызша-дактильді, ауызша, жазбаша, баспа түрінде жүзеге асырылады;

5) тыңдау қалдық фонематикалық естуді дамытуды, өткен сөйлеу материалын естіп – көру және есту арқылы пысықтауды білдіреді.

9. Оқытудың арнайы әдістері мен құралдары.

1) оқытудың барлық кезеңінде ұжымдық пайдаланудағы стационарлық немесе сымсыз дыбыс күшейткіш аппаратураны, жеке есту аппараттарын пайдалану;

2) дактильді сөйлеу мен ым-ишара сөйлеу тілін оқытудың қосалқы құралы ретінде қолдану;

3) сөйлеу материалын еріннен оқу дағдыларын үйрету;

4) оқытудың сараланған әдістерін қолдану;

5) сабақта және сабақтан тыс уақыттарда сурдоаударымды пайдалану.

10. "Әліппе, Ана тілі (тіл дамыту, жазу, оқу)" бағдарламасының пәнаралық байланыстары "Дүние тану", "Математика" "Заттық-тәжірибелік оқыту", "Көркем еңбек " пәндерімен, "Айналамен танысу", "Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту", "Түзету ырғағы" түзету компоненті пәндерімен белгіленеді.

3-тарау. "Әліппе, Ана тілі (дактильді сөйлеу тілі, ауызша сөйлеу тілі, жазу, оқу)" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. "Әліппе, Ана тілі (дактильді сөйлеу тілі, ауызша сөйлеу тілі, жазу, оқу)" пәнінің мазмұны

11. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 8 сағатты, оқу жылында 264 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасының бастауыш , негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына байланысты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген).

12. Оқу пәнінің мазмұны:

1) қазақ тілінің дыбыстары мен әріптер жүйесі;

2) тіл бірліктері: мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс;

3) қазақ тілінің кейбір грамматикалық құбылыстары;

4) қарапайым орфографиялық және пунктуациялық нормалар;

5) балалар көркем әдебиетінің шығармалары.

13. Бағдарламаның негізгі мазмұны: оқу үрдісінде үш кезең бөлінеді: пропедевтикалық, әріптік және әріптен кейінгі. Бірінші сыныпқа әліппе және әліппеден кейінгі кезең кіреді. 1 тоқсанда әліппе кезеңі ұйымдастырылады, онда 0 - сыныпта оқыған материалды қайталау жүзеге асырылады -72 сағат, 2 тоқсаннан бастап әріптік кезең 192 сағат ішінде ұйымдастырылады.

14. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) қазақ әліпбиінің әріптерін жаңғырту және ажырату, II концентр дыбыстарын қою және автоматтандыру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

2) тілдік бірліктер туралы қарапайым ұғымдарды меңгеру (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін);

3) оқулық мәтіндерінің материалында тұтас сөздермен оқуға ауыса отырып, дұрыс, тегіс, біріккен буындық оқу дағдыларын қалыптастыру;

4) ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;

5) білім алушылардың сөздік қорын байыту.

15. Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқу қызметіне қызығушылықты ояту;

2) сөйлеу қызметінің дағдыларын қалыптастыру;

3) қалдық есту қабілетіне сүйене отырып, ауызша-дактильді, естіп-көру және естіп қабылдауын дамыту;

4) тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру;

5) білім алушылардың сөздік қорын жинақтау және байыту;

6) дыбыстық талдау және сөз синтезін жүргізу қабілетін қалыптастыру;

7) сөздерді, мәтіндерді дұрыс, тегіс, мәнерлі, жылдам оқу дағдыларын қалыптастыру, оқу түрлері пайдалану: "іштей оқу", "жалғастырып оқу";

8) әліпби әріптерінің функциясын, бас және кіші, баспа және бас әріптердің айырмашылықтарын меңгеру;

9) каллиграфиялық жазу дағдыларын қалыптастыру.

16. Бағдарламаның мазмұны үш бөлімнен тұрады:

1) "Сөйлеу тілін дамыту (айтылым және тыңдалым)";

2) "Оқылым және тіл дамыту";

3) "Жазылым".

17. "Сөйлеу тілін дамыту (айтылым және тыңдалым)" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) ауызша-дактилді сөйлеу тілін түсіну;

2) сөйлеудің негізгі формаларын практикалық меңгеру;

3) грамматикалық нормаларды сақтау

4) естіп, естіп-көру арқылы тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну;

5) қарым-қатынастың вербальды емес түрін қолдану.

18. "Оқылым және сөйлеу тілін дамыту" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) оқу түрлерін қолдану және сөздер мен сөйлемдердің аналитикалық оқылымы;

2) мәтінді талдау.

19. "Жазылым" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) графикалық және каллиграфиялық нормаларды сақтау;

2) үлгі бойынша жазу;

3) өздігінен жазу.

20. Білім берудің негізгі мазмұны.

21. Сөйлеу тілін дамыту (айтылым және тыңдалым), әліппе кезеңі:

1) сөздің мағынасын түсіну, сөзді дактильді және ауызша, жазбаша түрде мақсаты бойынша қолдану;

2) кейіннен баспа/бас әріптермен жаза отырып, дактиль әліпбиінен/бөлінген әліпбиден сөздерді ауызша-дактильдік нысанда айту;

3) оқытылған материал негізінде педагогтің көмегімен ауызша-дактильдік нысанда сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыру;

4) коммуникативтік мақсаттарға (топта қарым-қатынас жасау, диалогты қолдау, сахналау, рөлдік ойындар) сәйкес ауызша-дактильдік нысанда қарым-қатынас дағдыларын пайдалану, сөйлеу этикеті сөздерін пайдалану, лексикалық тақырыптар негізінде сөздік қорын кеңейту.

22. Сөйлеу тілін дамыту (айтылым және тыңдалым), әліппеден кейінгі кезең:

1) мұғалімнің және басқа да білім алушылардың сөздерін есту және естіп-көру арқылы қабылдау және ажырату, естігеннің мағынасын түсіну;

2) сөздің мағынасын түсіну, бағыты бойынша сөзді қолдану;

3) мұғалімнің (тәрбиешінің, жолдасының) ауызша/ ауызша-дактильдік нысандағы, жазбаша нысандағы тапсырмаларын түсіну және орындау, орындалған іс-әрекеттер туралы қарапайым есеп жасау;

4) суреттер, тақтайшалар және бақылаулар бойынша ауызша/ ауызша-дактильдік нысанда қарапайым мәлімдемелерді тұжырымдау;

5) мұғалімнің өтініші бойынша сөздері бар тақтайшаларды, карточкаларды таңдау;

6) мұғалімге (тәрбиешіге, жолдасқа) сәлемдесумен, өтінішпен және назарымен жүгіну қабілетін қалыптастыру;

7) мұғалімнің қарапайым сұрақтарына жауаптарды өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен тұжырымдау;

8) мұғалімнің көмегімен/өз бетінше тақырып бойынша сұрақтарды тұжырымдау;

9) сөздерді схемалар арқылы модельдеу;

10) зерделенген материалдың негізінде ауызша/ауызша-дактильдік нысанда сөз тіркестері мен сөйлемдерді тұжырымдау, оларды қою сөздерінің, суреттер мен кестелердің көмегімен оқу және жазу;

11) жай сөйлем түрінде, суреттің мазмұнын ауызша айту (мұғалімнің көмегімен көрсетілген әрекеттің сипаттамасы/өз бетінше);

12) суреттегі әрекетті түсіндіру және/немесе дәйекті қойылған сұрақтардың көмегімен тақырыпты сипаттау (жыл соңында);

13) сюжеттік иллюстрация бойынша немесе суреттер сериясы бойынша әңгіме құрастыру;

14) қарапайым диалогты қолдау (қарапайым сөйлеу конструкцияларынан тұратын сұрақ-жауап нысанында);

15) сұрақтарға сұрақтар мен жауаптарды тұжырымдау: кім? не? мен не істедім? не істеді? не істейді? олар не істеп жатыр? біз не істейміз? қайсысы? не? кім? немен? қайда? (не туралы? не?) қайда? (не үшін? не?) қайдан? (неден?) қашан? қалай?;

16) зат есімдердің, етістіктердің, сын есімдердің бастапқы формасын тұжырымдау;

17) зат есімнің жекеше және көпше түрін қолдану;

18) өткен тақырыптар бойынша ауызша және естіп-көру арқылы тапсырмаларын орындау, тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну;

19) тыңдау процесінде тілдік бірліктерді (сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну;

20) мимиканы, ым-ишара, дауысты, көз контактісін, интонацияны қолдану.

23."Оқылым және тіл дамыту" әліппе кезеңі:

1) сөйлеу, тыныс алу, артикуляциялық гимнастика, фонетикалық ырғақта дыбыстарды қою, автоматтандыру және саралау үшін арнайы әдістер мен құралдарды қолдану арқылы артикуляциялық аппаратты дамыту;

2) еліктеу бойынша сөйлеудің негізгі ережелерін сақтау (мұғалімнің сөйлеуі ырғақ, екпінді, қарқынды, үзілістерді сақтауға арналған үлгі);

3) дыбыстық талдау және сөз синтезін жасай білу;

4) схема бойынша сөздер мен сөйлемдердің құрылымын түсіну (сөздегі буындардың санын, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау).

24. "Оқылым және сөйлеу тілін дамыту" әліппеден кейінгі кезең:

1) сөздер мен сөйлемдердің аналитикалық оқылымын қалыптастыру, мұғалімнің қойған екпін белгілерін немесе тыныс белгілерін сақтай отырып, оқу кезінде кідірістерді сақтау (еліктеу арқылы);

2) орфоэпия ережелерін сақтай отырып тұтас сөздермен оқуды қалыптастыру: бір дем шығаруда қысқа сөйлемдерді (6-8 буын), шағын әңгімелерді (40-80 сөз) оқу;

3) мәтінмен жұмыс істеудің аналитикалық дағдысын қалыптастыру: шығарманың атауын бөлу, мәтінмен көрсетілген бетті табу, қажетті суреттерді ретімен орналастыру, оқылған мәтінге қажетті суреттерді, иллюстрацияларды таңдау және сәйкестендіру, мұғалімнің көмегімен/өз бетінше оқылған бөліктердің мазмұнын бейнелеу;

4) сұрақтарға дұрыс жауаптар құра білу; іріктеп, рөлдер бойынша, хор оқуын қалыптастыру, оқығанын бағалау. Оқу тапсырмаларын орындау үшін қажетті ақпаратты іздеу (мұғалімнің басшылығымен);

5) оқиғаның кейіпкерлерін атай білу, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бағалау, суреттеу, аппликация арқылы оқиғалардың реттілігін жеткізу;

6) сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастыру. Сюжеттік суреттер бойынша әңгімелесу; қысқаша тақпақтар жаттау, өлеңдер жаттау, мақалдар мен мәтелдер, жұмбақтар жаттау;

7) ойды жазбаша түрде білдіру дағдыларын қалыптастыру: мәтіндерден сөздерді, сөз тіркестерін, қысқа сөйлемдерді жазу, сөздер мен суреттерді қолдана отырып шағын мәтіндерді жазу (мұғалімнің көмегімен), сөйлемнің интонациясына байланысты сөйлемдердің соңына тыныс белгілерін қою және жазу: нүкте, сұрақ, леп белгілері, санау кезінде үтір (мұғалімнің көмегімен, еліктеу бойынша);

8) оқу және жазу кезінде өзін-өзі бақылауды қалыптастыру, оқу және жазу үлгілерімен салыстыру (мұғалімдер).

Ескерту. Оқу материалының көлемі: бір дем шығаруда 6-8 сөйлем оқу, 40-80 сөзден тұратын қысқа мәтіндерді оқу.

25. "Жазылым" әліппе кезеңі:

1) жазу кезінде дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/ қаламды дұрыс ұстау;

2) дәптер парағының кеңістігінде бағдарлау қабілетін қалыптастыру (жұмыс жолы, жоларалық кеңістік, жұмыс жолының жоғарғы және төменгі сызықтары, тік көлбеу сызықтар);

3) каллиграфиялық жазуды қалыптастыру: әріптерді, кіші әріптерді және олардың қосылыстарын, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді каллиграфиялық нормаларды сақтай отырып дұрыс, анық жазу.

26. "Жазылым" әліппеден кейінгі кезең:

1) ауызша-тактильді, естіп-көру диктанттары (дактиль әліпбиін қолданбай сөйлеу материалын ернінен оқу);

2) арнайы қағидалар бойынша бас және баспа әріптермен жазылған мәтіннен сөйлемдерді көшіру (дәл көшіру);

3) сұрақтарға негізделген сөздердің аяқталуын жазу;

4) сөздерді буындарға бөлу, сөздерді буындар бойынша тасымалдау, сөздерді есту және естіп-көру арқылы қабылдау (мұғалімнің көмегімен/өз бетінше);

5) сөйлемнің басында жалқы есімдерді бас әріптерін жазу, сөйлемдердің соңында тыныс белгілерін қою;

6) бас әріптермен (жалқы есімдер) жазылған сөздерді ажырата білу және дұрыс жазу;

7) тақырыпқа байланысты сөздерді, схемаларды, суреттерді қолдана отырып қарапайым сөйлемдер жазу;

9) сөздер мен сөйлемдерді жазу, мұғалімнің көмегімен қателерді тексеру және түзету;

10) ауызша-тактильді, естіп-көру және еріннен оқу арқылы диктант жазу;

11) кітаптан шағын мәтіндерді қатесіз көшіріп жазу.

Ескертпе: I жартыжылдықтағы жазбаша жұмыстардың көлемі: дактильді диктант – 5-6 сөз, ауызша-дактильді диктант – 6-8 сөз, сөздік диктант – 5-6 сөз; II жартыжылдықтағы жазбаша жұмыстардың көлемі: ауызша-дактильді диктант – 8-12 сөз, сөздік диктант –10 сөзге дейін.

27. Жазбаша жұмыстардың санын мұғалім білім алушылардың танымдық үрдістерінің ерекшеліктеріне қарай белгілейді. Жазбаша жұмысты жүйелі түрде күнделікті ұйымдастыру ұсынылады.

Параграф 2. Оқыту мақсатарының жүйесі

28. Бағдарламадағы оқу мақсаттары кодпен берілген. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандарды – бөлім мен бөлімшені, төртінші саны - оқу мақсатын нөмірлеуді білдіреді. Кодтауда 1.1.2.1 "1" – сынып, "1.2." – бөлім және бөлімше, "1" – оқу мақсатының реттік нөмірі.

29. Пәннің мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әр бөлім, өз кезегінде, одан әрі бөлімдерге бөлінеді. Бөлімдерде білім немесе ұғымдар, білік немесе дағдылар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде ұсынылатын оқыту мақсаттары көрсетілген. Әрбір кіші бөлімнің ішінде мұғалімге өз жұмысын жоспарлауға, білім алушылардың еңбегін бағалауға, оларды оқытудың келесі кезеңі туралы хабардар етуге мүмкіндік беретін оқу мақсаттары дәйекті түрде айқындалған.

30. Оқыту мақсаттары жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1-кесте

Бөлім: сөйлеу тілін дамыту (айтылым және тыңдалым)	
Бөлімше (негізгі дағдылар)	Оқыту мақсаттары
1.1 Ауызша-дактильді сөйлеу тілін түсіну	1.1.1.1 әріптерді көрсету, дактильдеу, дыбыстарды айту (басқа дыбысқа ауыстырумен) (ы, і, б, з, д*, ж*, г* ғ*, ч*, ц*, щ*, ь, ъ, й, я*(йа), Ұ*(йо), ю*(йу), е*(йэ); 1.1.1.2 дактилеманы, кеспе әріптерді пайдаланып сөздерді ауызша-дактиль түрінде айту; 1.1.1.3 меңгерген оқу материалдары негізінде мұғалімнің көмегімен ауызша-дактильді формада сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыру; 1.1.1.4 мұғалім мен жолдастардың естіп-көру (ауызша-дактильді) және есту (пысықталған сөйлеу материалы) сөздерін қабылдау және ажырату; 1.1.1.5 сөздің мағынасын түсіне отырып, ауызша/ ауызша-дактилдік, жазбаша нысандағы сөздерді мақсаты бойынша қолдану; 1.1.1.6 мұғалімнің (тәрбиешінің, жолдасының) ауызша/ ауызша-дактильдік, жазбаша нысандағы тапсырмаларын орындау, орындалған іс-әрекеттер туралы есеп жасау; 1.1.1.7 суреттер, тақтайшалар және бақылаулар (өз бетінше / мұғалімнің көмегімен) арқылы ауызша/ ауызша-дактильді түрде қарапайым мәлімдемелер тұжырымдау.
1.2. Сөйлеудің негізгі формаларын практикалық меңгеру	1.1.2.1 мұғалімнің немесе жолдастың өтініші бойынша сөздері бар тақтайшалар мен карточкаларды таңдау; 1.1.2.2 заттарды, әрекеттерді, заттың сапасын көрсету және атау; 1.1.2.3 мұғалімге (тәрбиешіге, жолдасқа) сәлемдесу, өтініш білдіру, алғыс айту, сәлемдесу, қоштасу (мұғалімнің көмегімен); 1.1.2.4 мұғалімнің (тәрбиешінің, жолдасының) қарапайым сұрақтарына өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен жауап беру; 1.1.2.5 тақырып бойынша сұрақтарды өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен тұжырымдау; 1.1.2.6 сөздерді схемалар арқылы модельдеу; 1.1.2.7 зерттелген материалдың негізінде ауызша/ ауызша-дактилдік формада сөз тіркестері мен сөйлемдерді тұжырымдау, оларды сахналанған сөздер, суреттер, кестелер арқылы оқу және жазу (өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен); 1.1.2.8 суреттің мазмұнын қарапайым сөйлем түрінде ауызша айту, көрсетілген әрекеттерді сипаттау (мұғалімнің көмегімен/ өз бетінше); 1.1.2.9 суреттегі әрекетті түсіндіру немесе тақырыпты дәйекті түрде қойылған сұрақтардың көмегімен сипаттау (жылдың соңында); 1.1.2.10 сюжеттік иллюстрация немесе суреттер сериясы бойынша әңгіме құрастыру;

	1.1.2.11 қарапайым диалогты қолдау дағдыларын қолдану (қарапайым сөйлеу құрылымдарынан тұратын сұрақ-жауап түрінде).
1.3. Грамматикалық нормаларды сақтау	1.1.3.1 жауап беру және сұрақтар қою: кім? не? мен не істедім? не істеді? не істейді? олар не істеп жатыр? біз не істейміз? қайсысы? кім? не? не? қайда ? (не туралы? не?) қайда? (не үшін? не?) қайдан? (неден?) қашан? қалай?; 1.1.3.2 зат есімдердің, етістіктердің, сын есімдердің бастапқы формасын табу; 1.1.3.3 зат есімнің жекеше және көпше түрін қолдану.
1.4. Тыңдалған мәтінді есту және естіп-көру арқылы мазмұнын түсіну	1.1.4.1 өткен тақырыптар бойынша есту және естіп-көру арқылы тапсырмаларын орындау, тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну; 1.1.4.2 тыңдау үрдісінде тілдік бірліктерді (сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну.
1.5. Қарым-қатынастың вербальды емес түрін қолдану	1.1.5.1 мимиканы, ым-ишарат қимылдарын, дауысты, көз қимылын, интонацияны қолдану.
Бөлім: оқылым және сөйлеу тілін дамыту	
Бөлімше (негізгі дағдылар)	Оқыту мақсаттары
2.1. Оқу түрлерін қолдану және сөздер мен сөйлемдерді аналитикалық оқу	1.2.1.1 буындардың, сөздердің, сөз тіркестерінің, сөйлемдердің сызбаларын оқу; 1.2.1.2 мұғалімнің қойған екпін белгілерін немесе тыныс белгілерін сақтай отырып, кідірістерді оқу кезінде сақтау (еліктеу арқылы); 1.2.1.3 оқу түрлерін қолдану (буын арқылы оқу, тұтас сөзбен оқу, таңдамалы оқу, хор арқылы оқу, рөл бойынша оқу); 1.2.1.4 қысқа сөйлемдерді (6-8 буыннан тұратын) бір демде тұтастай оқу; 1.2.1.5 шағын мәтіндерді оқу (40-80 сөзден тұратын) ; 1.2.1.6 сыныптасының оқығанын өз кітабы арқылы қадағалау, жалғастырып оқу; 1.2.1.7 сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін олардың мағыналарының жалпылануын ескере отырып түсіндіру (сөздер-заттар, сөздер-белгілер, сөздер-әрекеттер); мағынасы жағынан жақын/ қарама-қарсы (өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен); 1.2.1.8 интонацияны сақтай отырып өлеңдерді мәнерлеп оқу, қысқа өлеңдерді жаттау, мақал-мәтелдер, жұмбақтар жаттау.
	1.2.2.1 оқылған мәтінге/бөлікке қажетті суреттерді таңдау және салыстыру (өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен); 1.2.2.2 әңгімеде кім туралы/ не туралы айтылғанын анықтау (өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен); 1.2.2.3 оқылған мәтіннің мазмұнын суреттерге сүйене отырып, сұрақтар арқылы айту (өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен);

2.2. Мәтінді талдау	1.2.2.4 оқиғаның кейіпкерлерін атау, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бағалау, суреттер, аппликация арқылы оқиғалар тізбегін жеткізу; 1.2.2.5 жанрларды олардың ерекшеліктері бойынша ажырату (әңгіме, өлең) (өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен); 1.2.2.6 мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру (өз бетінше / мұғалімнің көмегімен); 1.2.2.7 оқиға кейіпкерлерінің әрекеттерін бағалау (мұғалімнің көмегімен/өздігінен); 1.2.2.8 оқылған мәтін бойынша қарапайым, нақтылайтын сұрақтарды (мұғалімнің көмегімен/ өз бетінше) тұжырымдау және осы сұрақтарға жауап беру.
Бөлім: жазылым	
Бөлімше (негізгі дағдылар)	Оқыту мақсаттары
3.1. Графикалық және каллиграфиялық нормаларды сақтау	1.3.1.1 әріптердің элементтерін каллиграфиялық нормаларға сәйкес жазу (жұмыс жолы, жоларалық кеңістік, жұмыс жолының жоғарғы және төменгі сызықтары, тік көлбеу сызықтар); 1.3.1.2 бас және кіші әріптерді жазу.
3.2. Үлгі бойынша жазу	1.3.2.1 кіші әріптермен өз атын, тегін, таныс сөздермен сөз тіркестерін жазу; 1.3.2.2 тақырыпқа байланысты сөздерді, суреттерді қолдана отырып үлгі бойынша қарапайым сөйлемдер жазу; 1.3.2.3 мұғалімнің көмегімен оқылған әңгімелерден, өлеңдерден, сызбадан, белгілерден ақпаратты баяндау; 1.3.2.4 мұғалімнің көмегімен анықтамалық сөздерді қолдана отырып берілген тақырыпқа қарапайым сөйлемдер құру және жазу.
3.3. Өздігінен жазу	1.3.3.1 кітаптан қысқа мәтіндерді көшіру; 1.3.3.2 сөздердің, сөйлемдердің жазылуын тексеру және мұғалімнің көмегімен қателерді түзету; 1.3.3.3 берілген сұрақтардың көмегімен сөздердің жалғауларын дұрыс жазу; 1.3.3.4 қысқа сөйлемдер жазу - ойыншықтың/ жануардың/ табиғат объектілерінің сипаттамасы (таңдау бойынша, мұғалімнің көмегімен); 1.3.3.5 сөйлемді бас әріптермен жазу, сөйлемнің интонациясына байланысты сөйлемдердің соңына тыныс белгілерін қою: санау кезінде нүкте, сұрақ, леп белгілері, үтір; 1.3.3.6 сөздерді буындарға бөлу, сөздерді буындар бойынша тасымалдау, сөздерді есту және естіп-көру арқылы қабылдау (мұғалімнің көмегімен/өз бетінше); 1.3.3.7 жалқы есімдерді бас әріптермен жазу; 1.3.3.8 ауызша-тактильді, естіп-көру және еріннен оқу арқылы диктант жазу.

31. Осы оқу бағдарламасы "Әліппе, Ана тілі (дактильді сөйлеу тілі, ауызша сөйлеу тілі, жазу, оқу)" пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес бастауыш білім беру деңгейіндегі (қазақ тілінде оқытатын) 1-сыныпты есту қабілеті бұзылған оқушыларға арналған.

32. Бөлімді және тақырыптарды зерттеуге сағаттарды бөлу мұғалімнің қалауы бойынша беріледі.

Параграф 3. Естімейтін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейіндегі 1 - сыныбы үшін "Әліппе, Ана тілі (дактильді сөйлеу тілі, ауызша сөйлеу тілі, жазу, оқу)" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асырудың ұзақ мерзімді жоспары (оқыту қазақ тілінде)

Кезеңдер	Сөйлеу тілін дамыту (айтылым мен тыңдалым)	Оқылым және сөйлеу тіл дамыту	Жазылым
1-тоқсан			
Әліппе кезеңі	1.1.1.1 әріптерді көрсету, дактильдеу, дыбыстарды айту (басқа дыбысқа ауыстырумен) (ы, і, б, з, д *, ж*, г* ғ*, ч*, ц*, щ*, ь, ъ, й, я*(йа), Ұ*(йо), ю*(йу), е*(йэ); 1.1.1.2 дактилеманы, кеспе әріптерді пайдаланып сөздерді ауызша-дактиль түрінде айту; 1.1.1.3* меңгерген оқу материалдары негізінде мұғалімнің көмегімен ауызша-дактильді формада сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыру; 1.1.2.1 мұғалімнің немесе жолдастың өтініші бойынша сөздері бар тақтайшалар мен карточкаларды таңдау; 1.1.2.3 мұғалімге (тәрбиешіге, жолдасқа) сәлемдесу, өтініш білдіру , алғыс айту, сәлемдесу, қоштасу (мұғалімнің көмегімен); 1.1.4.1* өткен тақырыптар бойынша есту және естіп-көру арқылы тапсырмаларын орындау, тыңдалған	1.2.1.1 буындардың, сөздердің, сөз тіркестерінің, сөйлемдердің сызбаларын оқу; 1.2.1.2 мұғалімнің қойған екпін белгілерін немесе тыныс белгілерін сақтай отырып, кідірістерді оқу кезінде сақтау (еліктеу арқылы); 1.2.1.3* оқу түрлерін қолдану (буын арқылы оқу, тұтас сөзбен оқу, таңдамалы оқу, хор арқылы оқу, рөл бойынша оқу);	1.3.1.1* әріптердің элементтерін каллиграфиялық нормаларға сәйкес жазу (жұмыс жолы, жоларалық кеңістік, жұмыс жолының жоғарғы және төменгі сызықтары, тік көлбеу сызықтар); 1.3.1.2 бас және кіші әріптерді жазу; 1.3.2.1* кіші әріптермен өз атын, тегін, таныс

	материалдың мазмұнын түсіну; 1.1.5.1* мимиканы, ым-ишарат қимылдарын, дауысты, көз қимылын, интонацияны қолдану.		сөздер мен сөз тіркестерін жазу.
2-тоқсан			
Әліппеден кейінгі кезең	1.1.1.2* дактилеманы, кеспе әріптерді пайдаланып сөздерді ауызша-дактиль түрінде айту; 1.1.1.3* меңгерген оқу материалдары негізінде мұғалімнің көмегімен ауызша-дактильді формада сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыру; 1.1.1.4* мұғалім мен жолдастардың естіп-көру (ауызша-дактильді) және есту (пысықталған сөйлеу материалы) сөздерін қабылдау және ажырату; 1.1.1.5 сөздің мағынасын түсіне отырып, ауызша/ ауызша-дактилдік, жазбаша нысандағы сөздерді мақсаты бойынша қолдану; 1.1.1.6* мұғалімнің (тәрбиешінің, жолдасының) ауызша/ ауызша-дактильдік, жазбаша нысандағы тапсырмаларын орындау, орындалған іс-әрекеттер туралы есеп жасау; 1.1.2.1 мұғалімнің немесе жолдастың өтініші бойынша сөздері бар тақтайшалар мен карточкаларды таңдау; 1.1.2.2* заттарды, әрекеттерді, заттың сапасын көрсету және атау; 1.1.2.3 мұғалімге (тәрбиешіге, жолдасқа) сәлемдесу, өтініш білдіру , алғыс айту, сәлемдесу,	1.2.1.2 мұғалімнің қойған екпін белгілерін немесе тыныс белгілерін сақтай отырып, кідірістерді оқу кезінде сақтау (еліктеу арқылы); 1.2.1.3* оқу түрлерін қолдану (буын арқылы оқу, тұтас сөзбен оқу, таңдамалы оқу, хор арқылы оқу, рөл бойынша оқу); 1.2.1.4 қысқа сөйлемдерді (6-8 буыннан тұратын) бір демде тұтастай оқу; 1.2.1.5 шағын мәтіндерді оқу (40-80 сөзден тұратын); 1.2.1.6 сыныптасының оқығанын өз кітабы арқылы қадағалау, жалғастырып оқу; 1.2.1.8* интонацияны сақтай отырып өлеңдерді мәнерлеп оқу, қысқа өлеңдерді жаттау, мақал-мәтелдер, жұмбақтар жаттау; 1.2.2.1* оқылған мәтінге/ бөлікке қажетті	1.3.1.2 бас және кіші әріптерді жазу; 1.3.2.1* кіші әріптермен өз атын, тегін, таныс сөздер мен сөз тіркестерін жазу; 1.3.2.2* тақырыпқа байланысты сөздерді, суреттерді қолдана отырып үлгі бойынша қарапайым сөйлемдер жазу;

	қоштасу (мұғалімнің көмегімен); 1.1.2.4* мұғалімнің (тәрбиешінің, жолдасының) қарапайым сұрақтарына өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен жауап беру; 1.1.2.6 сөздерді схемалар арқылы модельдеу; 1.1.4.1 өткен тақырыптар бойынша есту және естіп-көру арқылы тапсырмаларын орындау, тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну; 1.1.4.2 тыңдау үрдісінде тілдік бірліктерді (сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну; 1.1.5.1* мимиканы, ым-ишарат қимылдарын, дауысты, көз қимылын, интонацияны қолдану.	суреттерді таңдау және салыстыру (өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен); 1.2.2.4* оқиғаның кейіпкерлерін атау, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бағалау, суреттер, аппликация арқылы оқиғалар тізбегін жеткізу; 1.2.2.6 мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру (өз бетінше / мұғалімнің көмегімен).	1.3.3.1 кітаптан қысқа мәтіндерді көшіру.
3-тоқсан			
	1.1.1.5 сөздің мағынасын түсіне отырып, ауызша/ ауызша-дактилдік, жазбаша нысандағы сөздерді мақсаты бойынша қолдану; 1.1.1.6* мұғалімнің (тәрбиешінің, жолдасының) ауызша/ ауызша-дактильдік, жазбаша нысандағы тапсырмаларын орындау, орындалған іс-әрекеттер туралы есеп жасау; 1.1.1.7* суреттер, тақтайшалар және бақылаулар (өз бетінше / мұғалімнің көмегімен) арқылы ауызша/ ауызша-дактильді түрде қарапайым мәлімдемелер тұжырымдау; 1.1.2.1 мұғалімнің немесе жолдастың өтініші бойынша сөздері бар тақтайшалар мен карточкаларды таңдау;	1.2.1.2 мұғалімнің қойған екпін белгілерін немесе тыныс белгілерін сақтай отырып, кідірістерді оқу	

Әліппеден кейінгі кезең	1.1.2.2* заттарды, әрекеттерді, заттың сапасын көрсету және атау; 1.1.2.3* мұғалімге (тәрбиешіге, жолдасқа) сәлемдесу, өтініш білдіру , алғыс айту, сәлемдесу, қоштасу (мұғалімнің көмегімен); 1.1.2.4* мұғалімнің (тәрбиешінің, жолдасының) қарапайым сұрақтарына өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен жауап беру; 1.1.2.5 тақырып бойынша сұрақтарды өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен тұжырымдау; 1.1.2.6 сөздерді схемалар арқылы модельдеу; 1.1.2.7* зерттелген материалдың негізінде ауызша / ауызша-дактилдік формада сөз тіркестері мен сөйлемдерді тұжырымдау, оларды сахналанған сөздер, суреттер, кестелер арқылы оқу және жазу (өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен); 1.1.2.8* суреттің мазмұнын қарапайым сөйлем түрінде ауызша айту, көрсетілген әрекеттерді сипаттау (мұғалімнің көмегімен/ өз бетінше); 1.1.3.1* жауап беру және сұрақтар қою: кім? не? мен не істедім? не істеді? не істейді? олар не істеп жатыр? біз не істейміз? қайсысы? кім? не? не? қайда? (не туралы? не?) қайда? (не үшін? не?) қайдан? (неден?) қашан? қалай?; 1.1.3.2* зат есімдердің, етістіктердің, сын	кезінде сақтау (еліктеу арқылы); 1.2.1.3* оқу түрлерін қолдану (буын арқылы оқу, тұтас сөзбен оқу, таңдамалы оқу, хор арқылы оқу, рөл бойынша оқу); 1.2.1.4 қысқа сөйлемдерді (6-8 буыннан тұратын) бір демде тұтастай оқу; 1.2.1.5 шағын мәтіндерді оқу (40-80 сөзден тұратын); 1.2.1.6 сыныптасының оқығанын өз кітабы арқылы қадағалау, жалғастырып оқу; 1.2.1.8* интонацияны сақтай отырып өлеңдерді мәнерлеп оқу, қысқа өлеңдерді жаттау, мақал-мәтелдер, жұмбақтар жаттау; 1.2.2.1* оқылған мәтінге/ бөлікке қажетті суреттерді таңдау және салыстыру (өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен); 1.2.2.2 әңгімеде кім туралы/ не туралы айтылғанын анықтау (өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен); 1.2.2.4* оқиғаның кейіпкерлерін атау, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бағалау, суреттер, аппликация арқылы оқиғалар тізбегін жеткізу; 1.2.2.5 жанрларды олардың ерекшеліктері бойынша ажырату (әңгіме, өлең) (өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен); 1.2.2.6 мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру (өз бетінше / мұғалімнің көмегімен).	1.3.2.1* кіші әріптермен өз атын, тегін, таныс сөздер мен сөз тіркестерін жазу; 1.3.3.1 кітаптан қысқа мәтіндерді көшіру; 1.3.3.2 сөздердің, сөйлемдердің жазылуын тексеру және мұғалімнің көмегімен қателерді түзету; 1.3.3.3 берілген сұрақтардың көмегімен сөздердің жалғауларын дұрыс жазу; 1.3.3.4* қысқа сөйлемдер жазу - ойыншықтың/ жануардың/ табиғат объектілерінің сипаттамасы (таңдау бойынша, мұғалімнің көмегімен); 1.3.3.5 сөйлемді бас әріптермен жазу, сөйлемнің интонациясына байланысты сөйлемдердің соңына тыныс белгілерін қою: санау кезінде нүкте, сұрақ, леп белгілері, үтір; 1.3.3.6 сөздерді буындарға бөлу, сөздерді буындар бойынша тасымалдау, сөздерді есту және естіп-көру арқылы қабылдау (мұғалімнің көмегімен/өз бетінше); 1.3.3.8 ауызша-тактильді, естіп-көру және еріннен оқу арқылы диктант жазу .

	есімдердің бастапқы формасын табу; 1.1.3.3* зат есімнің жекеше және көпше түрін қолдану; 1.1.4.1 өткен тақырыптар бойынша есту және естіп-көру арқылы тапсырмаларын орындау, тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну; 1.1.4.2 тыңдау үрдісінде тілдік бірліктерді (сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну; 1.1.5.1* мимиканы, ым-ишарат қимылдарын, дауысты, көз қимылын, интонацияны қолдану.		
4-тоқсан			
	1.1.1.7* суреттер, тақтайшалар және бақылаулар (өз бетінше / мұғалімнің көмегімен) арқылы ауызша/ ауызша-дактильді түрде қарапайым мәлімдемелер тұжырымдау; 1.1.2.2* заттарды, әрекеттерді, заттың сапасын көрсету және атау; 1.1.2.3* мұғалімге (тәрбиешіге, жолдасқа) сәлемдесу, өтініш білдіру , алғыс айту, сәлемдесу, қоштасу (мұғалімнің көмегімен); 1.1.2.4* мұғалімнің (тәрбиешінің, жолдасының) қарапайым сұрақтарына өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен жауап беру; 1.1.2.5 тақырып бойынша сұрақтарды өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен тұжырымдау; 1.1.2.6 сөздерді схемалар арқылы модельдеу; 1.1.2.7* зерттелген материалдың негізінде	1.2.1.2 мұғалімнің қойған екпін белгілерін немесе тыныс белгілерін сақтай отырып, кідірістерді оқу кезінде сақтау (еліктеу арқылы); 1.2.1.3* оқу түрлерін қолдану (буын арқылы оқу, тұтас сөзбен оқу, таңдамалы оқу, хор арқылы оқу, рөл бойынша оқу); 1.2.1.4 қысқа сөйлемдерді (6-8 буыннан тұратын) бір демде тұтастай оқу; 1.2.1.5 шағын мәтіндерді оқу (40-80 сөзден тұратын); 1.2.1.6 сыныптасының оқығанын өз кітабы арқылы қадағалау, жалғастырып оқу; 1.2.1.7* сөздердің лексикалық мағынасы	1.3.2.2* тақырыпқа байланысты сөздерді, суреттерді қолдана отырып үлгі бойынша қарапайым сөйлемдер жазу; 1.3.2.3* мұғалімнің көмегімен оқылған әңгімелерден, өлеңдерден , сызбадан, белгілерден ақпаратты баяндау; 1.3.2.4 мұғалімнің көмегімен анықтамалық сөздерді қолдана отырып берілген тақырыпқа қарапайым сөйлемдер құру және жазу; 1.3.3.1 кітаптан қысқа мәтіндерді көшіру; 1.3.3.2 сөздердің, сөйлемдердің жазылуын тексеру және мұғалімнің көмегімен қателерді түзету; 1.3.3.3 берілген сұрақтардың көмегімен

Әліппеден кейінгі кезең	а у ы з ш а / ауызша-дактилдік формада сөз тіркестері мен сөйлемдерді тұжырымдау, оларды сахналанған сөздер, суреттер, кестелер арқылы оқу және жазу (өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен); 1.1.2.8* суреттің мазмұнын қарапайым сөйлем түрінде ауызша айту, көрсетілген әрекеттерді сипаттау (мұғалімнің көмегімен/ өз бетінше); 1.1.2.9* суреттегі әрекетті түсіндіру немесе тақырыпты дәйекті түрде қойылған сұрақтардың көмегімен сипаттау (жылдың соңында); 1.1.2.10 сюжеттік иллюстрация немесе суреттер сериясы бойынша әңгіме құрастыру; 1.1.2.11 қарапайым диалогты қолдау дағдыларын қолдану (қарапайым сөйлеу құрылымдарынан тұратын сұрақ-жауап түрінде); 1.1.3.1* жауап беру және сұрақтар қою: кім? не? мен не істедім? не істеді? не істейді? олар не істеп жатыр? біз не істейміз? қайсысы? кім? не? не? қайда? (не туралы? не?) қайда? (не үшін? не?) қайдан? (неден?) қашан? қалай?; 1.1.3.2* зат есімдердің, етістіктердің, сын есімдердің бастапқы формасын табу; 1.1.3.3* зат есімнің жекеше және көпше түрін қолдану; 1.1.4.1 өткен тақырыптар бойынша есту және	мен мәнін олардың мағыналарының жалпылануын ескере отырып түсіндіру (сөздер-заттар, сөздер-белгілер, сөздер-әрекеттер); мағынасы жағынан жақын/ қарама-қарсы (өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен); 1.2.1.8* интонацияны сақтай отырып өлеңдерді мәнерлеп оқу, қысқа өлеңдерді жаттау, мақал-мәтелдер, жұмбақтар жаттау; 1.2.2.1* оқылған мәтінге/ бөлікке қажетті суреттерді таңдау және салыстыру (өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен); 1.2.2.2 әңгімеде кім туралы/ не туралы айтылғанын анықтау (өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен); 1.2.2.3* оқылған мәтіннің мазмұнын суреттерге сүйене отырып, сұрақтар арқылы айту (өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен); 1.2.2.4* оқиғаның кейіпкерлерін атау, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бағалау, суреттер, аппликация арқылы оқиғалар тізбегін жеткізу; 1.2.2.5 жанрларды олардың ерекшеліктері бойынша ажырату (әңгіме, өлең) (өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен); 1.2.2.6 мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру (өз бетінше / мұғалімнің көмегімен); 1.2.2.7 оқиға кейіпкерлерінің әрекеттерін бағалау (мұғалімнің көмегімен/ өздігінен);	сөздердің жалғауларын дұрыс жазу; 1.3.3.4* қысқа сөйлемдер жазу - ойыншықтың/ жануардың/ табиғат объектілерінің сипаттамасы (таңдау бойынша, мұғалімнің көмегімен); 1.3.3.5 сөйлемді бас әріптермен жазу, сөйлемнің интонациясына байланысты сөйлемдердің соңына тыныс белгілерін қою: санау кезінде нүкте, сұрақ, леп белгілері, үтір; 1.3.3.6 сөздерді буындарға бөлу, сөздерді буындар бойынша тасымалдау, сөздерді есту және естіп-көру арқылы қабылдау (мұғалімнің көмегімен/өз бетінше); 1.3.3.7 жалқы есімдерді бас әріптермен жазу; 1.3.3.8 ауызша-тактильді, естіп-көру және еріннен

	естіп-көру арқылы тапсырмаларын орындау, тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну; 1.1.4.2 тыңдау үрдісінде тілдік бірліктерді (сөз, сөйлем) ажырату, тыңдалған сөйлемдерді түсіну; 1.1.5.1* мимиканы, ым-ишарат қимылдарын, дауысты, көз қимылын, интонацияны қолдану.	1.2.2.8 оқылған мәтін бойынша қарапайым, нақтылайтын сұрақтарды (мұғалімнің көмегімен/ өз бетінше) тұжырымдау және осы сұрақтарға жауап беру.	оқу арқылы диктант жазу .

Ескерту:

1) бір тоқсан ішіндегі оқу мақсаттары тіл дағдыларының кез келген түрлерімен байланысады;

2) "*" белгісімен белгіленген оқу мақсаттарын ішінара іске асыру ұсынылады.

бұйрығына
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы "03" сәуірдегі
№ 115 бұйрығына
220 - қосымша

Естімейтін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейіндегі 0 - сыныбы үшін " Букварь, Обучение грамоте (дактильная речь, устная речь, письмо, чтение)" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Букварь, Обучение грамоте (дактильная речь, устная речь, письмо, чтение)" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бағдарламаның мақсаты – есту қабілеті бұзылған білім алушылардың жеке сөйлеу және танымдық қабілеттерін ескере отырып, дактилдеу, сөйлеу, тыңдау және жазу дағдыларын меңгеру процесінде функционалдық сауатты тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай жасау.

3. Бағдарламаның оқу міндеттері:

1) сөйлеу буындары туралы түсінік қалыптастыру (дыбыс, буын әрпі, сөз, сөйлем);

2) буындар бойынша сөздерді оқу дағдыларын қалыптастыру, оқығанын түсіне отырып, тұтас сөздерді оқу;

3) алфавиттің баспа және жазбаша әріптерін ажырата білуге, жазуға үйрету;

4) графомоторлық жазу дағдыларын қалыптастыру;

5) кітап оқуға деген қызығушылықты тәрбиелеу;

6) ақпаратты салыстыру, жалпылау білігін дамыту;

7) айналадағыларға достық қарым-қатынасты қалыптастыру, сөйлеу мен қарым-қатынас мәдениетін дамыту;

8) танымдық қызығушылықты қалыптастыру және сөйлеуді үйрену арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту;

9) қоршаған ортаны игеру арқылы оқытылатын тілге деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті дамыту.

4. Бағдарламаның түзете-дамыта оқыту міндеттері:

1) естімейтін оқушыларда сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерін қалыптастыру;

2) әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді дұрыс дактильдеуді үйрету;

3) қалдық естуін пайдалана және дамыта отырып, оқу, жазу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;

4) сөздік қорын байыту және белсендіру;

5) қалдық естуді (таныс дыбыстарды ажырату, олардың санын анықтау) және айтылуын (дыбыстарды дұрыс айту, дыбыстарды қою мен автоматтандырудың бастапқы кезеңінде дыбыстарды ауыстыруды дұрыс жүргізу мақсатты түрде дамыту;

6) ауызша сөйлеуді дамыту (диалогтік және бастапқы монологтық), қарым-қатынас дағдыларын, ауызша қарым-қатынас қажеттілігін дамыту.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Естімейтін білім алушылар сөйлеудің терең дамымауында, ауызша-логикалық ойлаудың қалыптаспауында, мнестикалық функциялардың төмендеуінде және танымдық белсенділікте көрінетін есту қабілетінің ауыр бұзылуына байланысты танымдық белсенділіктің бұзылуымен сипатталады. Естімейтін оқушының дамуы оның ауызша сөйлеуді меңгеруіне негізделген. Тілді ауызша, жазбаша, дактильді түрде игеру көрнекі-бейнелі ойлауды ауызша-логикалық ойлауға айналдыруға көмектеседі, мектеп білімін неғұрлым жетілдірілген негізде алуға мүмкіндік береді. Жалпы білім беру білімін қарым-қатынас құралы ретінде ауызша сөйлеуді меңгерумен бірлікте игере отырып, ауызша-логикалық ойлау дамиды, білім алушылардың танымдық мүмкіндіктері кеңейеді.

6. Оқыту үрдісінде жалпы және арнайы педагогикалық қағидалар іске асырылады:

1) онтогенетикалық қағида мұғалімді тіл дамуының дұрыс болжамына бағыттайды, сөйлеуді дамыту үрдісін терең зерттеуді, қол жеткізілген деңгейді бағалауды анықтауды және оны нормамен байланыстыруды білдіреді;

2) іс-әрекет қағидасы ойын, танымдық және заттық-практикалық қызметті ұйымдастыру арқылы нақты қызметте жаңа білімдердің практикалық пысықталуын ұйымдастыруға негізделген;

3) коммуникациялық жүйенің құрылымдық-семантикалық қағидасы сөйлеу құралдарын таңдауды, оларды естімейтін білім алушылардың сөйлеуіне енгізу кезектілігін, оқытудың әрбір кезеңінде тілді оқыту жолдарын ұштастыруды айқындайды;

4) жүйелілік қағидасы күрделі функционалды жүйе ретінде психикалық даму идеясына, тығыз өзара әрекеттесетін құрылымдық компоненттерге сүйенеді;

5) дамыта оқыту қағидасы баланың жақын даму аймағында оқу міндеттерін қоюды көздейді;

6) оқу материалын ұсынудың жүйелілігі мен шоғырлану қағидасы оның құрамдас бөліктері арасында логикалық байланыс орнатылған кезде оқу тапсырмаларын, жаттығуларды таңдауды көздейді, игерілген білім мен дағдылар жаңа дағдылардың құрамдас бөлігі болып табылады;

7) оқытудың әлеуметтік бейімдеу бағыты қағидасы әлеуметтік өмірге қатысу үшін қажетті мінез-құлық нормалары мен коммуникативтік дағдыларды игеру жөніндегі арнайы жұмысты көздейді;

8) арнайы педагогикалық басшылық қағидасы өз қызметін өз бетінше ұйымдастырудың қиындықтарымен, кезең-кезеңімен ұйымдастыру мен нұсқау беру қажеттілігімен, педагогтің тұрақты жолдамалық көмегімен негізделеді.

7. Сауаттылықты оқытудың негізі қарапайым оқудан күрделі оқу материалына дейінгі оқытудың жалпы дидактикалық талабы, сондай-ақ естімейтін оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін ескеру жатыр:

1) дактильді сөйлеу тілі естімейтін оқушылардың сауатын ашудың негізі болып табылады, дактильді сөйлеу тілін сауатты меңгеру сөзді талдау мен синтездеуді дамытуға, ауызша сөйлеуді, оқу мен жазуды қалыптастыруға, мотористикаға дамытуға ықпал етеді;

2) әріптік бейнелерді қабылдау барысында оқушылар алдымен әріптерді оқуды үйренеді, ал әріптерді жазуды үйрену кейінірек басталады;

3) естімейтін білім алушыларды оқыту кезінде концентрлік оқыту әдісі қолданылады;

4) оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы әдістемелерді қолдану.

8. Оқытудың арнайы әдістері мен құралдары:

1) оқытудың барлық кезеңінде стационарлық дыбыс күшейткіш жабдықтарды, жеке есту аппараттарын, сурдопедагогикалық арнайы жаттықтырғыш құралдарды қолдану;

2) дактильді және ым-ишарат сөйлеу тілін көмекші құрал ретінде пайдалану;

3) сөздерді еріннен оқуға дағдыландыру;

4) сабақ және сабақтан тыс уақыттарда сурдоаударымды пайдалану.

9. "Букварь, Обучение грамоте (дактильная речь, устная речь, письмо, чтение)" пәнін оқыту үрдісінде төмендегідей пәндермен пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады: "Математика" "Заттық-тәжірибелік оқыту", "Қоршаған ортамен танысу", " Көркем еңбек", "Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту", " Түзету ырғағы".

3-тарау. "Букварь, Обучение грамоте (дактильная речь, устная речь, письмо, чтение)" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. "Букварь, Обучение грамоте (дактильная речь, устная речь, письмо, чтение)" пәнінің мазмұны

10. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 8 сағат, оқу жылында 256 сағат .

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасының бастауыш , негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына байланысты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

11. Оқу пәнінің мазмұнын іріктеу бірліктері:

1) әріптердің дактилемалары;

2) орыс тіліндегі дыбыстар мен әріптер жүйесі;

3) тіл бірліктері: дыбыс-әріп, буын, сөз, сөйлем, мәтін;

4) орыс тілінің кейбір грамматикалық құбылыстары;

5) қарапайым орфографиялық және пунктуациялық нормалар.

12. Бағдарламаның негізгі мазмұны. Оқыту үрдісі үш кезеңнен тұрады: пропедевтикалық кезең, әліппе кезеңі, әліппеден кейінгі кезең. 0-сыныпта пропедевтикалық кезең, оған 72 сағат және әліппе кезеңіне 184 сағат беріледі.

13. 0-сыныптағы әліппелік кезеңде әліпбидің барлық дыбыстары мен әріптері реттілікпен оқытылады:

1) I концентрлі дыбыстар: п, а, м, в, о, т, у, л, с, и, н, к, э, ш, ф, х, р;

2) II концентр дыбыстары: ы*, б, з;

3) III концентр дыбыстары: й, я*(йа), Ұ*(йо), ю*(йу), е*(йэ), д*, ж*, г* ч*, ц*, щ*, ь, ъ;

* - ауыстырумен айтылатын дыбыстың белгіленуі.

14. Пропедевтикалық кезеңнің міндеттері

1) білім алушыларды алғашқы оқыту (жалпы және сөйлеу тілінің даму деңгейін анықтау);

2) оқу әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастыру;

3) қалдық есту қабілетін есту, естіп-көру арқылы дамыту;

4) сөйлеу туралы алғашқы идеяларды қалыптастыру (дыбыс, әріп-дактилема, буын, сөз, сөйлем);

5) дактилдеу кезінде кинестетикалық байланыстарды дамыту;

6) орыс әліпбиінің әріптерімен таныстыру, дыбыстардың артикуляциясын үйрену.

7) қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жазуға дайындау;

8) ойлау, есте сақтау, қиял, қабылдау, зейінді дамыту.

15. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) сөйлеу әрекетінің дағдыларын қалыптастыру;

2) қалдық есту қабілетін есту, естіп-көру арқылы дамыту, ауызша-дактильді берілген сөздерді қабылдауды дамыту;

3) екпінді дауысты дыбыстар ұғымымен танысу;

4) сөздердің дыбыстық талдауын жүргізу, екпінді буынды ажырату (еліктеу бойынша);

5) әліппе әріптерінің қызметін, бас және кіші әріптердің, баспа және жазбаша әріптердің, каллиграфиялық жазудың айырмашылықтарын игеру

6) тілдік бірліктер туралы қарапайым ұғымдарды меңгеру (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін);

7) тұтас сөздермен оқуға ауыса отырып, дұрыс, тегіс, біріктірілген силлабикалық оқу дағдыларын қалыптастыру

8) ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;

9) білім алушылардың сөздік қорын байыту.

16. Бағдарлама мазмұны үш бөлімді қамтиды:

1) "Дактильдеу, айтылым және тыңдалым (дактильдеу, ауызша сөйлеу және тыңдалым дағдыларын қалыптастыру)";

2) "Ауызекі сөйлеу тілі мен оқылым (ауызекі сөйлеу тілімен оқылым дағдыларын қалыптастыру)";

3) "Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру)".

17. "Дактильдеу, айтылым және тыңдалым (дактильдеу, ауызша сөйлеу және тыңдалым дағдыларын қалыптастыру)" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) тілдің негізгі бірліктерін түсіну;

2) ауызша-дактильді сөйлеу тілін түсіну;

3) сөйлеудің негізгі формаларын іс жүзінде меңгеру;

4) қарым-қатынастың вербальды емес түрін қолдану.

18. "Оқылым және ауызша сөйлеу тілі (ауызша сөйлеуді дамыту және оқу дағдыларын қалыптастыру)" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) сөздер мен сөйлемдердің аналитикалық оқылуы;

2) сөздерді дыбыстық талдау;

3) сөздердің мағынасын түсіну, сұрақтар мен жауаптарды тұжырымдау.

19. "Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру)" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) жазу жұмысына дайындық;

2) графикалық және каллиграфиялық нормаларды сақтау;

3) үлгі бойынша жазу;

4) өздігінен жазу.

20. Білім берудің негізгі мазмұны.

21. Дактильдеу, айтылым және тыңдалым (дактильдеу, ауызша сөйлеу және тыңдалым дағдыларын қалыптастыру)" пропедевтикалық кезең:

1) әріптерді дактилемамен сәйкестендіру;

2) мұғалімнің сөзін ауызша-дактильді, естіп-көру және есту арқылы қабылдауға дағдыландыру (меңгерген тілдік материалды);

3) мұғалімнің және сыныптастарының дактиль арқылы айтылған сөздерін оқып, ауызша-дактильді түрде қойылған сұрақтарға жауап беру;

4) оқытылған материалда, суреттер, табличкалар, бақылаулар бойынша педагогтің көмегімен ауызша-дактильді түрде қарапайым сөздерді құру.

22. Дактильдеу, айтылым және тыңдалым (дактильдеу, ауызша сөйлеу және тыңдалым дағдыларын қалыптастыру) әліппе кезеңі:

1) сөздің мағынасын түсіну, дактильді және ауызша сөйлеу тілін қолдану, жазбаша тілді мақсатына қарай қолдану, сөздік қорын байыту;

2) дактилеманы, кеспе әріптерді пайдаланып сөздерді ауызша-дактиль түрінде айту, баспа және жазба әріптермен жазу;

3) меңгерген оқу материалдары негізінде мұғалімнің көмегімен ауызша-дактильді формада сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыру;

4) мұғалімнің (сыныптастарының, тәрбиешінің) тапсырмасы бойынша қажетті сөздік кестешелерді, сөздер жазылған карточкаларды таңдау, суреттермен сәйкестендіру;

5) қарым-қатынастың вербальды емес түрін қолдану (мимиканы, ым-ишарат қимылдарын, дауысты, көз қимылын, интонацияны қолдану);

6) ауызша-дактильді сөйлеу дағдыларын қалыптастыра отырып, лексикалық тақырыптар бойынша коммуникативті мақсаттарға сай (топтағы қарым-қатынас, диалогты сақтау, сахналау, рөлдік ойындар) сөздік қорын байыту.

Ескерту: дактильдеу материалының көлемі: 5-7 сөз, айтылым: 3-5 сөз, тыңдалым: 1-3 сөз.

23. Оқылым және ауызша сөйлеу тілі (ауызша сөйлеу тілін дамыту оқылым дағдыларын қалыптастыру) пропедевтикалық кезең:

1) сөйлеу тілінің минималды бірлігін түсіну: дыбыс, әріп;

2) сөздің дыбыстық құрамының бірлігін және оның лексикалық мағынасын түсіну;

3) буын минималды айтылу бірлігі ретінде, екпінді буынның анықтамасы, сөздерді буындарға бөлу.

24. Оқылым және ауызша сөйлеу тілі (ауызша сөйлеу тілін дамыту оқылым дағдыларын қалыптастыру) әліппе кезеңі:

1) әріптердің белгілі бір тізбегі ретінде орыс әліпбиімен танысу;

2) сөйлеу, тыныс алу, артикуляциялық гимнастика, фонетикалық ырғақта дыбыстарды қою, автоматтандыру және саралау үшін арнайы әдістер мен құралдарды қолдану арқылы артикуляциялық аппаратты дамыту;

3) еліктеу бойынша сөйлеудің негізгі ережелерін сақтау (мұғалімнің сөйлеуі ырғақ, екпінді, қарқынды, үзілістерді сақтауға арналған үлгі);

4) тұтас сөздерді, сөз тіркестерін, 2-6 сөзден тұратын сөйлемдерді оқуға және қысқа мәтіндерді дұрыс оқуға ауыса отырып, әртүрлі құрылымдағы сөздерді бірқалыпты, біріккен буынды оқуға үйрету;

5) сөздің дыбыстық формасын оның әріптік жазбасы бойынша айту (оқу) және керісінше (жазу).

6) заттарды салыстыру (мұғалімнің көмегімен);

7) сурет бойынша сөйлемдер құрастыру, мұғалімнің көмегімен берілген сөздерден сөйлемдер құрастыру.

Ескерту: оқу материалының көлемі: әріптік кезеңнің басында 3-5 сөз, соңында 6-10 сөз.

25. Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру) пропедевтикалық кезең:

1) жазу жұмысына дайындық (денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/қаламды дұрыс ұстау);

2) дәптер бетінің кеңістігінде бағдарлау дағдысын қалыптастыру (жұмыс жолы, жоларалық кеңістік, жұмыс жолының жоғарғы және төменгі сызықтары, тік көлбеу сызықтар);

3) үлгі бойынша сурет салу, штрихтау, бастыру, ою-өрнектерді, суреттерді салу;

4) әріптердің қарапайым элементтерінің хаты.

26. Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру) әліппе кезеңі:

1) каллиграфиялық нормаларды сақтай отырып, бас және кіші әріптер мен олардың қосылыстарын, буындарын, сөздерін, сөйлемдерін жазу;

2) әріптердің графикалық бейнесін талдау (кіші және үлкен);

3) ауызша-дактильді, естіп-көру арқылы диктанттар (дактиль әліпбиін қолданбай сөйлеу материалын ернінен оқу);

4) қолжазба және баспа мәтіндерінен сөйлемдерді көшіру;

5) сөздердің жазылуы: сөздер-заттардың, қоршаған әлем құбылыстарының атаулары , заттардың белгілерін білдіретін сөздер, заттардың әрекеттерін білдіретін сөздер;

6) сурет бойынша сөйлемдер құрастыру, мұғалімнің көмегімен берілген сөздерден сөйлемдер құрастыру.

Ескерту: I-жартыжылдықтағы жазбаша жұмыс көлемі: графикалық диктант – 1-3 белгі, дактильді-әріптік диктант – 3-5 әріп, буын диктанты – 3-6 буын, сөздік диктант – 2-5 сөз, ауызша-дактильді диктант – 3-8 сөз. II-жартыжылдықтағы жазбаша жұмыс көлемі: графикалық диктант – 3-6 белгілер, дактильді-әріптік диктант – 5-10 әріп, буынды диктант – 6-8 буын, сөздік диктант – 5-7 сөз, ауызша-дактильді диктант – 8-12 сөз.

Параграф 2. Оқыту мақсатарының жүйесі

27. Бағдарламадағы оқу мақсаттары кодпен берілген. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандарды – бөлім мен бөлімшені, төртінші саны - оқу мақсатын нөмірлеуді білдіреді. Кодтауда 0.1.2.1 "0" – сынып, "1.2." – бөлім және бөлімше, "1" – оқу мақсатының реттік нөмірі

28 . Оқыту мақсаттары жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1-кесте

Бөлім: дактильдеу, айтылым мен тыңдалым	
Бөлімше (негізгі дағдылар)	Оқыту мақсаттары
1.1. Тілдің негізгі бірліктерін түсіну	0.1.1.1 әріптерді көрсету, дактильдеу, дыбыстарды айту (басқа дыбысқа ауыстырумен) (п, а, м, в, о,т, у, л, д, с, и, й, н, я, к); 0.1.1.2 әріптерді көрсету, дактильдеу, дыбыстарды айту (басқа дыбысқа ауыстырумен) (б, э, ы, ш, е, ч , Ұ); 0.1.1.3 әріптерді көрсету, дактильдеу, дыбыстарды айту (басқа дыбысқа ауыстырумен) (ь,ъ, з, ж, р, г, ф, ю,ц, щ, х); 0.1.1.4 әріптерді көрсету, дактильдеу, дыбыстарды айту (дыбысталуы жақын дыбыстармен ауыстырусыз) (б, з); 0.1.1.5 бөлінген әліпбиден үлгі бойынша буындарды , сөздер мен сөз тіркестерін қосу; 0.1.1.6 әріптерді, буындарды, сөздер мен сөз тіркестерін дактильді және баспа түрінде оқу және жазу; 0.1.1.7 әр түрлі сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастыру (сөз-зат + сөз-әрекет; сөз-зат + сөз-әрекет + сөз-зат) (мұғалімнің көмегімен); 0.1.1.8 жанды-жансыз мағынасын ажырату (кім? не?) (мұғалімнің көмегімен); 0.1.1.9 заттарды, адамдарды, жануарларды сипаттау (мұғалімнің көмегімен).

1.2. Ауызша-дактильді сөйлеу тілін түсіну	0.1.2.1 қолдан және еріннен оқылған сөздер мен сөз тіркестерін жинақтау, сондай-ақ есту-көру арқылы қабылдау.
1.3. Сөйлеудің негізгі формаларын практикалық меңгеру	0.1.3.1 мұғалімнің көмегімен және / өз бетінше тақырыптың материалында суреттер, тақтайшалар, бақылаулар бойынша дактиль әліпбидің көмегімен сөздер мен сөз тіркестерін құрастыру; 0.1.3.2 іс-әрекет пен затты көрсете отырып тапсырмаларды орындау (мұғалімнің көмегімен); 0.1.3.3 өтініш білдіру, алғыс айту, сәлемдесу, қоштасу (мұғалімнің көмегімен).
1.4. Вербальды емес қарым-қатынас құралдарын қолдану	0.1.4.1 ойын әрекеті, сахналау кезінде сөйлеу тілінде вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (мимика, ым-ишара, қозғалыстар) қолдану.
Бөлім: оқылым және ауызша сөйлеу тілі	
Бөлімше (негізгі дағдылар)	Оқыту мақсаттары
2.1. Сөздер мен сөйлемдердің аналитикалық оқылуы	0.2.1.1 тақырыптарға сәйкес сөздерді ажырату және атау: мектеп/сынып, оқу құралдары, жыл мезгілдері, жемістер-көкөністер, жануарлар, ойыншықтар; 0.2.1.2 дактильді және кеспе әріптерден буындарды, сөздерді, сөйлемдерді оқу және құрастыру (мұғалімнің көмегімен/өз бетінше); 0.2.1.3 дактиль, баспа, қолжазба түрінде берілген таныс сөздер мен сөз тіркестерін оқу; 0.2.1.4 бүтін сөздермен біріккен оқуға ауыса отырып буындарды біріктіріп дактильдеу және оқу (мұғалімнің үлгісі бойынша); 0.2.1.5 схемалар арқылы буындар, сөздер, сөйлемдер құрастыру (мұғалімнің көмегімен).
2.2. Сөздерді дыбыстық талдау	0.2.2.1 сөздердегі жеке дыбыстарды, екпінді буындарды бөлу (еліктеу арқылы); 0.2.2.2 сөздерді буындарға бөлу.
2.3. Сөздердің мағынасын түсіну, сұрақтар мен жауаптарды тұжырымдау	0.2.3.1 таныс сөздердің мағынасын түсіну, мақсаты бойынша сөздерді дактильді және ауызша түрде қолдану (мұғалімнің көмегімен); 0.2.3.2 оқулықтан ауызша-дактильді және баспа түрінде берілген қарапайым нұсқаулықтарды/ тапсырмаларды орындау; 0.2.3.3 заттар мен суреттерге арналған сөздері бар тақтайшаларды анықтау және таңдау; 0.2.3.4 оқылған материалдың мазмұнын иллюстрация түрінде суреттеу; 0.2.3.5 мұғалімнің көмегімен/өз бетінше қарапайым сұрақтарға жауап беру, суреттерге, иллюстрацияларға/мәтінге қарапайым сұрақтар қою (мұғалімнің көмегімен).
Бөлім: жазылым	
Бөлімше (негізгі дағдылар)	Оқыту мақсаттары
	0.3.1.1 партада дұрыс отыру, жазу кезінде қарындаш /қалам ұстау;

3.1. Жазуды меңгеруге дайындық	0.3.1.2 қағаз парағына, дәптерге бағыттана алу; 0.3.1.3 суретті салу кезінде саусақтардың, қолдың қимылдарын үйлестіру.
3.2. Каллиграфиялық және графикалық нормаларды сақтау	0.3.2.1 түзу және дөңгелектелген сызықтардан тұратын жиектерді қағазға торға салу; 0.3.2.2 қарындашпен берілген ұяшықтар санына сәйкес түзу / сопақ сызықтардан тұратын заттарды салу; 0.3.2.3 үлгі бойынша ою-өрнектерді, суреттерді салу , үлгі бойынша немесе өз бетінше әріптердің элементтерін салу.
3.3. Үлгі бойынша жазу	0.3.3.1 таныс әріптерді, сөздерді үлгі бойынша/өз бетінше жазу; 0.3.3.2 суреттерге үлгі бойынша/өз бетінше баспа әріптерімен қол қою; 0.3.3.3 баспа (бас) және кіші әріптер, буындар, сөздер, сөйлемдер жазу; 0.3.3.4 баспа (бас) және кіші әріптерді жазу (п, т, н, и, ш, л, м, а, о, е, с); 0.3.3.5 төменгі және жоғарғы жолдан тыс элементтері бар кіші әріптерді жазыңыз.
3.4. Өздігінен жазу	0.3.4.1 өз аты-жөнін, таныс сөздер мен сөз тіркестерін баспа әріптермен жазу; 0.3.4.2 сұраққа жауап беріп, сұранысты жазбаша түрде білдіру (мұғалімнің көмегімен); 0.3.4.3 сөздердің, сөйлемдердің дұрыс жазылуын тексеріп, қателерді мұғалімнің көмегімен түзету.

29. Бағдарлама естімейтін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0 сыныбына арналған "Букварь, Обучение грамоте (дактильная речь, устная речь, письмо, чтение)" пәнінің типтік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылуда.

30. Бөлімді және тақырыптарды зерттеуге сағаттарды бөлу мұғалімнің қалауы бойынша беріледі.

Параграф 3. Естімейтін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейіндегі 0 - сыныбы үшін "Букварь, Обучение грамоте (дактильная речь, устная речь, письмо, чтение)" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асырудың ұзақ мерзімді жоспары (оқыту қазақ тілінде)

Кезеңдер	Дактильдеу, айтылым мен тыңдалым	Оқылым және ауызша сөйлеу тілі	Жазылым
1-тоқсан			
	0.1.1.1* әріптерді көрсету , дактильдеу, дыбыстарды айту (басқа дыбысқа ауыстырумен) (п, а, м, в, о,т, у, л, д, с, и, й, н, я, к);	0.2.1.1* тақырыптарға сәйкес сөздерді ажырату және атау: мектеп/сынып, оқу құралдары, жыл	0.3.1.1* партада дұрыс отыру, жазу кезінде қарындаш/қалам ұстау;

Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0 - сыныптары үшін "Әліппе, Ана тілі" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Әліппе, Ана тілі" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Оқу Бағдарламасының мақсаты – психикалық дамуы тежелген білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қарапайым грамматикалық түсініктерді қалыптастырумен өзара байланыста тыңдау, айту, оқу және жазу дағдыларын меңгеру процесінде функционалдық сауатты тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай жасау.

3. Оқу бағдарламасының міндеттері:

1) сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін дамыту (тыңдау, айту, оқу және жазу);

2) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс және әріп туралы қарапайым түсінік қалыптастыру;

3) фонемалық қабылдау, дыбыстық талдау және жинақтауды қалыптастыру;

4) қарапайым оқу дағдылары мен бастапқы жазу дағдыларын қалыптастыру;

5) әліпбидің баспа және жазбаша әріптерін ажыратуға, каллиграфиялық жазуға және сәйкестендіруге үйрету;

6) айналаға жағымды көзқарас қалыптастыру, сөйлеу мен қарым-қатынас мәдениетін дамыту;

7) қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту арқылы сөздік қорын нақтылау және арттыру.

8) "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген төзімділік, отансүйгіштік, жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту.

4. Бағдарламаның түзету-дамыту міндеттері:

1) фонемалық процестерді дамыту (фонемалық қабылдау, талдау, жинақтау және фонемалық түсініктер);

2) фонетикалық дағдыларды қалыптастыру (артикуляциялық моториканы және бет бұлшықеттерінің қозғалысын дамыту, өтілетін дыбыстар және олардың тіркестерін айту дағдыларын дамыту, сөздердің буындық құрылымын меңгеру, оқылған буындар мен сөздер материалында сөйлеудің ырғақты-интонациялық ұйымдастырылуын дамыту);

3) жазбаша сөйлеудегі дисграфиялық және аграмматикалық сипаттағы ерекше қателердің пайда болуының алдын алу және/немесе түзету;

4) ұсақ моториканы дамыту;

5) оптикалық-кеңістіктік қызметтің бұзылуын жеңу;

6) сөздік қорын белсендендіру және арттыру;

7) тіл нормаларына сәйкес грамматикалық ұғымдарды қалыптастыру және синтаксистік құрылымдарды құра білу;

8) білім алушылардың сөйлеу ерекшеліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеудің (ауызекі тілқатысу, сипаттау-баяндау) әр түрлі түрлерін дамыту;

9) оқу іс-әрекеті құрамдас бөліктерін мақсатты қалыптастыру: оқу мақсатын түсіну және қабылдау, іс-әрекеттерді жоспарлау, мақсатқа жету құралдарын анықтау, ағымдағы және қорытынды өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау.

5. Кең ауқымды дағдылармен бірлікте жеке тұлғалық қасиеттерді дамыту білім алушылардың білім берудің базалық құндылықтарын бойына сіңіру үшін негіз болып табылады: "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "сыйластық", " ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "жариялық", "өмір бойы білім алу".

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері

6. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім алушылардың даму ерекшеліктері ескеріледі: танымдық белсенділігі мен жұмыс қабілетінің төмендігі, танымдық қызығушылықтарының әлсіздігі, қоршаған табиғи және әлеуметтік әлем туралы білім мен идеялардың шектеулілігі, көру-кеңістіктік, есту-сөйлеу ақпаратын қабылдау мен өңдеудің баяу жылдамдығы, ақыл-ой операцияларының қалыптаспауы (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, абстракциялау, саралау), сөйлеу дамуындағы артта қалу, мінез-құлықты еркін реттеудегі қиындықтар, моториканың және қозғалыс үйлесімінің жетіспеушілігі.

7. Оқу процесі арнайы педагогикалық ұстанымдары мен тәсілдеріне негізделіп, оларды жүзеге асыру психикалық дамуы тежелген оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

8. Оқытудың компенсаторлық-дамытушылық бағыты ұстанымы психикалық дамудың тежелу себептеріне сәйкес дененің сақталған функциялары мен жүйелерін қолдануға негізделген білім беру процесін құруды қамтиды. Оқу процесінде: төмен өнімділік пен өзін-өзін реттеудің жетілмегендігін ескере отырып, оқу материалын мөлшерлеу, көрнекі құралдарына сүйену, практикалық жаттығуларды ұйымдастырумен бірнеше рет қайталау, іс-әрекеттің жиі өзгеруі, оқытуды саралау мен даралау, ақыл-ой мен әрекеттерін кезеңімен қалыптастыру және "қадаммен", оларды ауызша, жазбаша, " іштей" сөйлеуде "операциялық" бекіту қолданылады; денсаулық сақтау технологияларын қолдану.

9. Арнайы педагогикалық басшылықтың қажеттілік ұстанымы. Мұғалім оқушының дамуының жалпы заңдылықтарын, әр сынып оқушысының танымдық мүмкіндіктерін, арнайы педагогикалық көмек әдістерін біле отырып, осы үрдісті тиімді басқару үшін оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруы керек. Оқушыларға

оқу-танымдық қызметтің дербестігін көрсету қиын болған кезде, мұғалім оқушыға оқу міндетін орындауда сәттілік жағдайын қамтамасыз ететін оқушы қызметінің жетілмеген құрамдас бөлігінің міндеттерін алады. Мұғалімнің көмегі біртіндеп төмендеуі керек.

10. Белсенділік әдісі: сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу дағдыларын қалыптастыру үшін оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекетіне педагогикалық жағдай жасауды көздейді .

11. Коммуникативті тәсілге сәйкес оқу процесі коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға, жеке және топтық іс -әрекет үрдісінде өзінің және басқалардың жұмысын бағалау мен талдауға ықпал ететін тапсырмаларды қамтиды.

12. Оқудың тиімділігі мен іс -әрекетке ынтасын арттыру үшін, сондай-ақ зейін, ойлау, фонематикалық есту, танымдық қабілеттер, артикуляциялық моториканы дамыту мақсатында ақпараттық -коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі - АКТ) қолданылады. АКТ -ны қолдану оқу процесін жекелендіруге мүмкіндік береді; сабақтағы жұмыс мазмұнына қызығушылығын арттырады.

13. Білім алушылардың жұмысқа қабілеттілігін ескере отырып, оқу процесінде АКТ мөлшерлі түрде пайдаланылады.

14. Бағдарламаның пәнаралық байланыстары түзетудің құрамдас бөлігінің келесі пәндерімен орнатылады: "Айналамен таныстыру және тіл дамыту", "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" .

3-тарау. Оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. Оқу пәнінің мазмұны

15. Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің мөлшері 0 сыныпта аптасына 6 сағатты, оқу жылында 192 сағатты құрайды.

Пәннің оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы типтік оқу жоспарына сәйкес жасалды (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

16. Оқу пәнінің мазмұнын таңдау бірліктері:

1) қазақ тілінің дыбыстар мен әріптер жүйесі;

2) тілдік бірліктер: мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс;

3) қазақ тілінің кейбір грамматикалық ерекшеліктері;

4) орфографиялық және пунктуациялық өлшемдердің ең аз мөлшері;

5) балаларға арналған көркем әдебиет шығармалары және халық ауыз әдебиеті.

17. Бағдарламаның мазмұны. Оқыту барысында келесі кезеңдер орын алады: әліппеге дейінгі, әліппе, әліппеден кейінгі. 0-сыныпта әліппеге дейінгі оқу кезеңі ұйымдастырылады, оған- 54 сағат, ал әліппе кезеңіне 138 сағат бөлінеді.

18. 0-сыныптың әріп кезеңінде келесі дыбыстар мен әріптер ретімен оқытылады: а, р, л, у, н, с, о, т, қ, ы, з, м, е, д, ш, ұ, б, й, к, і, ң, ғ, ж, ә, п, ү, ө, г, и.

19. Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) 0-сыныпқа келген оқушыларды бастапқы зерделеу (жалпы және сөйлеудің даму деңгейін анықтау);

2) оқу әрекетіне қызығушылығын арттыру;

3) фонематикалық есту қабілетін дамыту;

4) сөйлеу тілінің құрылымы туралы бастапқы түсінік қалыптастыру: (сөйлем, сөз, буын, дыбыс);

5) қолдың ұсақ моторикасын, көру-моторлық үйлестіруді, көру-кеңістіктік бейнелерді дамыту;

6) жазу тазалығы ережелерімен танысу;

7) сөздік қорын белсендендіру және байыту;

8) тіл нормаларына сәйкес грамматикалық түсініктер мен синтаксистік құрылымдарды құру біліктілігін қалыптастыру;

9) ойлау, есте сақтау, қиял, зейінді дамыту.

20. Әліппе кезеңі екінші тоқсанда басталып, оқу жылының соңында аяқталады. Дыбыс пен әріппен танысу сағаттарын сыныптағы оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу материалын меңгері деңгейіне қарай мұғалім өзі реттейді.

21. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) оқу қызметіне қызығушылықты ояту, сөйлеу дағдысын қалыптастыру;

2) қазақ әліпбиінің әріптерімен таныстыру, дыбыстарды дұрыс айтуды үйрену;

3) фонематикалық үрдістерді одан әрі дамыту (дыбыстарды қабылдау, дыбыстық талдау және жинақтау);

4) жуан және жіңішке дауысты дыбыстар туралы түсінікпен таныстыру;

5) әліпби әріптерінің қызметін меңгеру;

6) тіл бірліктері туралы қарапайым ұғымдарды меңгеру (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін);

7) әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазу кезінде каллиграфиялық жазу дағдыларын қалыптастыру;

8) тұтас сөздерді оқуға ауыса отырып, дұрыс, буындап оқу дағдыларын қалыптастыру;

9) орфографиялық және орфоэпиялық оқуды меңгеру;

10) ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;

11) оқушылардың сөздік қорын байыту;

12) байланысты монолог пен диалогтық сөйлеуді қолжетімді сөйлеу деңгейінде дамыту.

22. Бағдарламаның мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) "Тыңдалым (тыңдау) және сөйлеу (ауызша сөйлеу мен фонематикалық түсініктерді дамыту)";

2) "Оқылым" (оқу дағдыларын қалыптастыру, сөздің дыбыстық құрылымын, әліпби әріптерін зерделеу)";

3) "Жазылым" (жазу дағдыларын қалыптастыру).

23. "Тыңдалым (тыңдау) және сөйлеу (ауызша сөйлеу мен фонематикалық түсініктерді дамыту)" бөліміне келесі бөлімшелер кіреді:

1) сөйлеудің негізгі бірліктерін тану (мәтін, сөйлем, сөз);

2) тыңдалған мәтіннің тақырыбы мен негізгі идеясын анықтау;

3) тыңдалған мәтінді айту;

4) оқиғаларды болжау;

5) сөйлеу нормаларын сақтай отырып, қарым -қатынастың әр түрлі жағдайларына қатысу;

6) тыңдаушылардың назарын аудару;

7) бағалау пайымын білдіру;

8) берілген тақырып бойынша әңгіме құрастыру;

9) сөздің дыбыстық қалпын бағдарлау.

24. "Оқылым (оқу дағдысын қалыптастыру, сөздің дыбыстық құрылымы, әліпби әріптері)" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) оқу түрлерін қолдану;

2) оқылған мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау;

3) мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтау;

4) мәтіндегі лексикалық және синтаксистік бірліктердің рөлін түсіну;

5) сұрақтар мен жауаптарды тұжырымдау;

6) мәтіндердің түрлері мен жанрларын анықтау;

7) сөздердің графикалық түрінде бағдарлау.

25. "Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру)" бөліміне келесі бөлімшелер кіреді :

1) мәтінге жоспар құру;

2) тыңдалған/оқылған материалдың мазмұнын айту;

3) елестетудің түрлі формаларын қолдана отырып мәтін құру;

4)) жұмыстағы қателерді табу және түзету;

5) каллиграфиялық және графикалық нормалардың сақталуы;

6) орфографиялық нормалардың сақталуы;

7) грамматикалық нормалардың сақталуы;

8) тыныс белгілерінің нормаларын сақтау.

26. Оқудың негізгі мазмұны.

27. Тыңдалым мен айтылым (ауызша сөйлеу мен фонематикалық бейнелеуді дамыту):

1) мұғалім мен оқушылардың сөйлеуін, аудио/бейне жазбаларды тыңдау, естілгеннің мағынасын түсіну, сұрақтарға дұрыс және дәл жауап беру қабілеттерін қалыптастыру;

2) коммуникативті мақсаттарға сәйкес қарым-қатынас дағдылырын дамыту (топпен қарым-қатынас, диалогқа қатысу, сахналау, рөлдік ойындар), сөйлеу этикетін қолдану, лексикалық тақырыптарға негізделген сөздік қорын кеңейту;

3) вербалды емес байланыс құралдарын қолдану: (дауыс ырғағы, ым, ишарат, поза); сөйлеудің негізгі ережелерін ұстану (ырғақ, екпін, қарқын, кідіріс);

4) 2-4 сөзден тұратын сөйлемді талдау, нақты жағдайға негізделген суреттерден сөйлемдерді дербес құрастыру;

5) сөздің ойының қалыптасуы (практикалық деңгейде), сөздің сөйлем құрылымынан оқшауланuы, заттың, әрекеттің, сөздің, заттың белгілерін білдіретін сөздердің іс жүзінде ажырату;

6) қысқа және ұзын сөз туралы түсінік, сөзді практикалық түрде бөліктерге (буындарға) бөлу, көмекші әдістерді қолдана отырып буын санын анықтау;

7) дыбысты түсіну, сөйлеу мен айтылмайтын дыбыстарды ажырату, бір дыбысты және екі буынды сөздер аясында дыбыстарды тану, сөздегі дыбыстың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы);

8) артикуляция мүшелерімен, артикуляцияны дамытуға, сөйлеу тынысын дамытуға арналған статикалық және динамикалық жаттығулармен танысу;

9) мұғалімнің сұрақтары бойынша сюжеттік сурет, сюжеттік суреттер сериясы бойынша сөйлемдер, шағын мәтіндер құрастыру;

10) тыңдау материалының көлемі: 20 - 40 сек.

28. Тыңдау және сөйлеу (ауызша сөйлеу мен фонематикалық бейнелеуді дамыту) әліппе кезеңі:

1) диалогтік және монологтық байланысты сөйлеуді дамыту, ынталандыру және сұраулық дауыс ырғағын ажырату, үндеу, тыңдалған мәтіннің тақырыбы мен мазмұнын анықтау, тыңдалған мәтін бойынша мазмұнын айту, құрылымы бұзылған мәтінді қалпына келтіру және екі жай сөйлем арасындағы себеп салдарын анықтау;

2) жаңылпаш, тақпақ, санамақ, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды жаттау арқылы артикуляциялық аппаратты дамыту;

3) сурет бойынша әңгімелеу, бақылау, көргендері, сезінгені, естігендері/ оқығандары туралы, басқа адамдардың іс-әрекеттері мен уайымдарына өз көзқарастарын білдіру, өздерінің көңіл күйлерін жеткізу тәсілдері;

4) сюжеттік суреттер мен суретсіз ертегілерді айту, сюжеттік сурет пен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастыру, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну,

иллюстрациялар, тірек сөздер, мұғалімнің сұрақтары арқылы тыңдалған/оқылған мәтінді қайталау;

5) сөздің мән мағынасын түсіну, сөзді дұрыс қолдану, сөздік қорын кеңейту; сөздерді орфоэпиялық нормалар бойынша айту;

6) тыңдау материалының көлемі: 30 - 45 сек.

29. Оқылым (оқу дағдыларын қалыптастыру, сөздің дыбыстық құрылымын, әліпбиді оқу), әліппеге дейінгі кезең.

1) сөз бен сөйлем, сөз бен сөйлем туралы бастапқы түсінік, заттың аталуы ретінде " зат" және "сөз" ұғымдарын ажырату;

2) сөйлем сызбасын оқу, құру және талдау;

3) сөздің буын құрылымының графикалық сызбасын құру;

4) дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы түсінік (артикуляциялық, акустикалық, функционалдық аспектілері: дауысты дыбыстар еркін және әндетіп айтылады, жуан және жіңішке болып бөлінеді; дауыссыз дыбыстар кедергімен айтылады, қатаң, ұяң, үнді дауысты дыбыстар болып бөлінеді, дауысты және дауыссыздар дыбыстардың графикалық сызбамен белгілеу;

5) буындар мен сөздердің сызбасын құрастыру, салыстыру, екі дауысты дыбыстан тұратын буындарға дыбыстық талдау жасау (ай, я); кері буын, тікелей ашық буын, тікелей тұйық буын, екі буынды сөздер.

6) дауыссыздардың қатаң, ұяң, жіңішке болып жіктелуі.

30. "Оқылым (оқу дағдысын қалыптастыру, сөздің дыбысталуын, әліпби әріптерін оқу)" әліппе кезеңі.

1) буын - сөздерді дыбыстаудың ең аз бірлігі, сөзді буынға бөлу;

2) сөздің буындық және дыбыстық талдау жасау, сөздердің графикалық сызбасын құру және салыстыру;

3) дыбыстың мағынасын анықтау қызметі, бір немесе бірнеше дыбыспен ерекшеленетін сөздердің орналасуы;

4) дыбыстың әріппен таңбалануы; сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін/сәйкессіздігін белгілеу; сөздердің орфоэпиялық нормаларын сақтай отырып айтылуы;

5) сөздің сызбалық дыбыстық үлгісінен әріптермен үлгілік сызбадағы дыбыстарды белгілеуге ауысу; сөздің дыбыстық әріптік үлгісін дауысты дыбысқа бағыттап "оқу";

6) буындарға, сөздерге дыбыстық талдау жасау;

7) дыбыс пен әріпті ажырату;

8) әр түрлі құрылымды сөздерді буынмен оқу арқылы бүтін сөзбен оқу, 2-4 сөзден тұратын сөйлемдерге көшу арқылы 3-4 сөйлемнен тұратын мәтіндерді дұрыс оқуға үйрету;

9) тыныс белгілеріне сәйкес сөйлемдердің дауыс ырғағы: нүкте, сұрақ және леп белгілері, үтір кезінде дауыс кідірісін сақтау; сөйлемдерді бір-бірінен ажырататын кідірісті сақтау;

10) әр түрлі жанрдағы шығармаларды олардың ерекшеліктеріне қарай салыстыру, шығармада не айтылғанын, автордың негізгі ойын анықтау қабілетін дамыту;

11) сөздің мағынасын байқау (мағынасы жақын және қарама-қарсы сөздер, көп мағыналы сөздер);

12) өз бетінше тыңдау және оқу кезінде мәтіннің мазмұнын түсіну;

13) оқығаның мазмұны бойынша сұрақтарға жауаптар;

14) мәтін, суреттер, диаграммалар, пиктограммалар, белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну;

15) орфографиялық оқуды диктант жазу мен көшіру кезінде өзін-өзі бақылау құралы ретінде қолдану.

Ескерту: әліппе кезеңінің басында оқылымға берілетін мәтін көлемі 2-3 сөйлемнен және жылдың соңында 3-5 сөйлемнен аспауы керек. Әр сөйлемдегі сөздер саны 2-5-тен аспауы керек.

31. Жазу (жазу дағдысын қалыптастыру), әліппеге дейінгі кезең:

1) кескінді, нүктелі, көлеңкеленген, қабаттасқан бейнелерді тану, тақырыпты, тақырыптық суреттерді бөліктерден құрастыру, суреттерді қатарда орналастырудың заңдылықтарын табу, үлгі бойынша құрастыру;

2) денесінің бөліктерінде, өзіне қатысты кеңістікте бағдарлану, заттардың, заттың бөліктерінің, геометриялық пішіндердің кеңістіктікте 3-5 заттың орналасуын анықтай отырып, тізбекті есте сақтау;

3) қолдың ұсақ моторикасын дамыту, бояу, сурет салу, мозайкадан өрнектер жасау, нүктелі кескіндерді белгілеу, көлеңке түсіру, жиек салу, баспа және жазбаша әріптердің негізгі элементтерін жазу;

4) жазуда тазалық ережелерімен танысу, жазу кезінде дұрыс отыру, қалам ұстау, жарық бағыты.

32. Жазу (жазу дағдысын қалыптастыру), әліппе кезеңі:

1) жазуға дайындық (дұрыс отыру, жарықтандыру, дәптердің орналасуы және жазу кезінде қарындаш / қалам ұстау дағдысы);

2) дәптердегі қағаз бетінде (жұмыс жолы, сызық аралық кеңістік, жұмыс жолының жоғарғы және төменгі сызықтары, тік қиғаш сызықтар) бағдарлау қабілетін қалыптастыру;

3) баспа және жазба әріптердің (кіші және үлкен) графикалық бейнелерін талдау, олардың құрылымдық элементтерін салыстыру, әріп элементтерін жазу;

4) каллиграфиялық жазу дағдыларын қалыптастыру: кіші және үлкен әріптер мен олардың қосылыстарын жазу;

5) буындап жазу әрекеттерін пысықтау (дауыссыз дыбыстарды білдіретін әріптерді енгізу барысында), оларды алдын ала қарапайым үлгілеп, сөйлемдерді жазу;

6) айтылуы мен жазылуы сәйкес келмейтін сөз тіркестері және сөйлемдерден диктант жазу;

7) жазба және баспа түріндегі мәтіндегі сөйлемдерді көшіру;

8) тыныс белгілерінің ережелерін ескере отырып сөйлемдер жазу: нүкте, леп белгісі, сөйлем соңындағы сұрақ белгілері, сөйлемдегі сөздердің жеке жазылуы; сөйлемнің басындағы бас әріп;

9) сөз-заттардың атаулары, қоршаған әлем құбылыстары, заттардың белгілерін білдіретін сөздер, сөйлеу сәтінде, сөйлеу сәтіне дейін, сөйлегеннен кейін заттардың әрекетін білдіретін сөздер; бір затты білдіретін сөздер, көптеген объектілер, "ол", "олар " сөздеріне сәйкес келетін сөздер;

10) суреттен сөйлем құрастыру, берілген сөздерден сөйлем құрастыру, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау, сөйлемдердің сызбаларын құрастыру.

11) сызбаның көмегімен сөздің дыбыстық құрамын үлгілеу; сөйлемді үлгілеу.

Ескерту:

Жазбаша жұмыстың көлемі: графикалық диктант - 1-3 таңба, әріптік диктант - 2-3 әріп, буындық диктант - 2-3 буын, диктант - 3-4 сөз. Жазбаша жұмыстардың санын оқушылардың даму деңгейі мен қажеттіліктеріне қарай мұғалім белгілейді.

Параграф 2. Оқыту мақсаттарының жүйесі

33. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодпен берілген. Кодтың бірінші саны сыныпты, екінші және үшінші сандары – бөлім мен бөлімше, төртінші саны оқыту мақсатының ретін көрсетеді. 0.1.2.1 кодында: "0" – сынып, "1.2" – бөлім мен бөлімше, " 1" – оқыту мақсатының реттік номері

34. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

Бөлім: тыңдалым мен айтылым	
Бөлімше (негізгі дағдылар)	Оқыту мақсаттары
1.1. Сөйлеудің негізгі бірліктері туралы түсінік (мәтін, сөйлем, сөз)	0.1.1.1 сөйлемдегі сөздердің саны мен тізбегін есту арқылы анықтау; 0.1.1.2 сөйлемнің басы мен соңын анықтау; 0.1.1.3 берілген сөздерден сөйлем құрау; 0.1.1.4 сөз бен затты аталған сөзбен ажырату; 0.1.1.5 сөздерді лексикалық мағынасына қарай жіктеу: заттарды, адамдарды, жануарларды, табиғат құбылыстарын атайтын сөздер; заттардың белгілері мен әрекеттерін атайтын сөздер
1.2. Тыңдалған мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	0.1.2.1 мәтінде кім/не туралы айтылғанын атаңыз; 0.1.2.2 мұғалімнің көмегімен/ немесе иллюстрациялық материалға сүйене отырып, мәтін авторының не айтқысы келгенін анықтау

1.3. Тыңдалған материалдың мазмұнын баяндау	0.1.3.1 шағын мәтіндерді баяндау (өздігінен, мұғалімнің сұрақтары бойынша немесе мұғалімнің көмегімен)
1.4. Оқиғаларды болжау	0.1.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің мазмұнын тақырып (айдар) немесе иллюстрация бойынша болжау
1.5. Сөйлеу нормаларын сақтай отырып, қарым - қатынастың әр түрлі жағдайларына қатысу	0.1.5.1 мұғалімнің көмегімен/ иллюстрациялық материал арқылы ауызша қарым-қатынас жағдайында (өтініш, рұқсат сұрау) сұранысты және сыпайы түрде келіспеушілікті қолдану 0.1.5.2 берілген тақырып бойынша үлгіні қолдана отырып, әңгімелесушіні қысқа сөз тіркестерімен тыңдау және жауап беру (сәлемдесу, қоштасу)
1.6. Тыңдаушылардың назарын аудару	0.1.6.1 вербалды емес байланыс құралдарын (ым-ишара) қолданып, амандасу мен қоштасу әрекеттерін бейнелеу; 0.1.6.2 иллюстрациялық материалды қолдана отырып, қандай қимылдар мен ым-ишара нені білдіретінін анықтау (еске түсіру, қорқыту, таңдану, қорқыныш); 0.1.6.3 сөйлем соңындағы дауыс ырғағын ажырату (хабарлы, сұраулы, лепті)
1.7. Пікірін білдіру	0.1.7.1 тыңдаған/оқыған материал туралы қарапайым пікір білдіру ("маған ұнады/ұнамады")
1.8. Берілген тақырыпқа әңгіме құрастыру	0.1.8.1 сюжеттік суреттер желісімен әңгіме құрастыру /мұғалімнің сұрақтары бойынша/ тірек сөзтіркестері, сөйлемдер; 0.1.8.2 сурет, сурет жоспары бойынша мұғалімнің сұрақтарының көмегімен жақсы таныс затты, жануарды сипаттау
1.9. Сөздің дыбыстық түрінде бағдарлану	0.1.9.1. сөздегі дыбысты белгілеу, санын анықтау; 0.1.9.2 дыбыстардың белгілерін ажырату (дауысты, дауыссыз); 0.1.9.3 дауыссыз дыбыстардың белгілерін ажырату (қатаң, ұяң, үнді); 0.1.9.4 сөздің дыбыстық сызбасын құру; 0.1.9.5. сөзден/буыннан есту арқылы дыбысты ажырату; 0.1.9.6. сөздегі дыбыстың орын анықтау (басы, ортасы, соңы); 0.1.9.7 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; 0.1.9.8 дауысты дыбыстарды ажырату; 0.1.9.9 дауыссыз дыбыстарды ажырату (қатаң, ұяң, үнді); 0.1.9.10 дауысты дыбыстардың көмегімен сөздегі буын құрамын анықтау
Бөлім: оқылым	
Бөлімше (негізгі дағдылар)	Оқыту мақсаттары
	0.2.1.1 сөздің/сөйлеснің сызбасын оқу;

2.1. Оқу түрлерін қолдану	0.2.1.2 сөздің/сөйлемнің сызбасын құру; 0.2.1.3 дыбыстарды атағанда сәйкес әріптердің баспа түрін көрсету; 0.2.1.4 заттың аталуын сөздің сызбасына сәйкестендіру; 0.2.1.5 кеспе әріптерден сөздер құрастыру және оқу; 0.2.1.6 екі-үш әріптен құралған буындар мен сөздерді оқу
2.2. Оқылған мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	0.2.2.1 мәтінді сөйлемдер тобынан ажырату; 0.2.2.2 мұғалімнің сұрақтары арқылы мәтінде (тақырыпта) кім немесе не туралы айтылғанын анықтау; 0.2.2.3 мұғалімнің сұрақтары/тірек сөз тіркестерін қолдана отырып, мәтіндегі негізгі ойды анықтау
2.3. Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтау	0.2.3.1 мұғалімнің көмегімен немесе сюжеттік суреттер арқылы мәтіннің басын, ортасын және соңын анықтау
2.4. Мәтіндегі лексикалық және синтаксистік бірліктердің рөлін түсіну	0.2.4.1 сөздің лексикалық маңызын және мағынасын түсіну; 0.2.4.2 мұғалімнің көмегімен заттарды сөздермен атау және ажырату; 0.2.4.3 мұғалімнің көмегімен заттың сынын білдіретін сөздерді атау және ажырату; 0.2.4.4 мұғалімнің көмегімен қимылды білдіретін сөздерді атау және ажырату; 0.2.4.5 мағынасы бойынша жақын/қарама -қарсы сөздерді атау және ажырату (мұғалімнің көмегімен немесе көрнекі материалмен); 0.2.4.6 көп мағыналы сөздерді атау және ажырату (мұғалімнің көмегімен немесе көрнекі материалмен)
2.5. Сұрақтар мен жауаптарды пайымдау	0.2.5.1 мәтінге/иллюстрацияға қарапайым сұрақтар қою (мұғалімнің көмегімен); 0.2.5.2 оқылған/тыңдалған мәтінге иллюстрациялар бойынша сұрақтарға жауап беру
2.6. Мәтіннің түрлері мен жанрларын анықтау	0.2.6.1 мұғалімнің көмегімен мәтін жанрын (жұмбақтар, мақал-мәтелдер) атау; 0.2.6.2 мұғалімнің көмегімен мәтін қай жанрға жататынын (өлеңдер, әңгімелер, ертегілер) атау
2.7. Сөздердің графикалық түрінде бағытталуы	0.2.7.1 "дыбыс", "әріп" ұғымдарын ажырату, оларды графикалық түрде белгілеу; 0.2.7.2 өтілген әріптердің баспа бейнесін тану, оны дыбыспен сәйкестендіру
Бөлім: жазылым	
Бөлімше (негізгі дағдылар)	Оқыту мақсаттары
3.1. Мәтінге жоспар құру	0.3.1.1 иллюстрациялық материал/ мұғалімнің көмегімен әңгімеге суретті жоспар құру; 0.3.1.2 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбын қою
3.2. Тыңдалған/оқылған материалдың мазмұнын баяндау	0.3.2.1 шағын мәтіндерді баяндау (өздігінен/ мұғалімнің көмегімен)

3.3. Ұсынудың әр түрлі әдістерін қолдана отырып мәтін құру	0.3.3.1 суретті, белгілерді, сызбаларды, тірек сөздерді қолдана отырып, тыңдалған мәтіндер бойынша ақпаратты баяндау.
3.4. Жұмыстағы қателерді табу және түзету	0.3.4.1 буындарды, айтылу емлесінен айырмашылығы жоқ сөздерді тексеру және мұғалімнің көмегімен қателерді түзету.
3.5. Каллиграфиялық және графикалық нормалардың сақталуы	0.3.5.1 заттың бейнесін кескіндеу және жеке бөлшектерден тұтас бейнені қалпына келтіру; 0.3.5.2 үлгі, трафарет бойынша сызу; 0.3.5.3 суретті тізбек, нүкте бойынша сызу; 0.3.5.4 суреттің ішкі жиегін бояу, көлеңкелеу; 0.3.5.5 ұзын және қысқа таяқшаларды, ирек және дөңгелек сызықтарды салу (жазу); 0.3.5.6 тік, көлденең, қиғаш түзу сызықтарды салу (жазу); 0.3.5.7 түзу таяқшаны көлбеу сызықтармен қосып салу (жазу); 0.3.5.8 жоғары және төменгі жағы дөңгеленген түзу таяқшаны салу (жазу); 0.3.5.9 сопақша және жартылай сопақша салу (жазу) ; 0.3.5.10 ілмегі бар таяқша салу (жазу); 0.3.5.11 әріп элементтерінен жиектер жасау; 0.3.5.12 өтілген әріптердің баспа әріп элементтерін жазу; 0.3.5.13 өтілген әріптердің элементтерін жазу; 0.3.5.14 өтілген әріптер мен олардың қосылуын тазалық талаптарына сәйкес жазу
3.6. Орфографиялық нормаларды сақтау	0.3.6.1 дыбыстар мен әріптерді ажырату және оларды жазу; 0.3.6.2 мұғалімнің көмегімен сөйлемді бас әріппен жазу; 0.3.6.3 мұғалімнің көмегімен адамның атын, тегін бас әріппен жазу; 0.3.6.4. а-ә; ү-ұ; к-қ; г-ғ; н-ң; ы-і; о-ө айтылуы мен жазылуын ажырату; 0.3.6.5 жазылуы мен айтылуында айырмашылығы бар кейбір сөздерді жазу.
3.7. Грамматикалық нормалардың сақталуы	0.3.7.1 заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату; 0.3.7.2 заттардың санын білдіретін сөздерді ажырату .
3.8. Тыныс белгілері нормаларының сақталуы	0.3.8.1 сөйлем соңына тыныс белгілерін дұрыс қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі (мұғалімнің көмегімен)

35. Осы оқу бағдарламасы қосымшада келтірілген Бастауыш білім беру деңгейінің 0 -сыныбына арналған "Әліппе, Ана тілі" пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

36. Сағат сандарын бөлімдер мен тақырыптар бойынша бөлу мұғалімнің өз еркіне қалдырылады.

Параграф 3. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейіндегі 0 - сыныптары үшін "Әліппе, Ана тілі" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру үшін ұзақ мерзімді жоспар (оқыту қазақ тілінде)

1-тоқсан			
Кезең	Тыңдалым (тыңдау) және айту	Оқылым	Жазылым
Әліппегедейінгі кезең	0.1.1.1 сөйлемдегі сөздердің саны мен тізбегін есту арқылы анықтау; 0.1.1.3 берілген сөздерден сөйлем құрау; 0.1.1.4 сөз бен затты аталған сөзбен ажырату; 0.1.5.1 мұғалімнің көмегімен/ иллюстрациялық материал арқылы ауызша қарым-қатынас жағдайында (өтініш, рұқсат сұрау) сұранысты және сыпайы түрде келіспеушілікті қолдану; 0.1.8.1 сюжеттік суреттер желісімен әңгіме құрастыру/мұғалімнің сұрақтары бойынша/ тірек сөзтіркестері, сөйлемдер; 0.1.9.1. сөздегі дыбысты белгілеу, санын анықтау; 0.1.9.2 дыбыстардың белгілерін ажырату (дауысты, дауыссыз); 0.1.9.3 дауыссыз дыбыстардың белгілері ажырату (қатаң, ұяң, үнді); 0.1.9.4 сөздің дыбыстық сызбасын құру	0.2.2.1 мәтінді сөйлемдер тобынан ажырату; 0.2.2.2 мұғалімнің сұрақтары арқылы мәтінде (тақырыпта) кім немесе не туралы айтылғанын анықтау;	0.3.1.1 иллюстрациялық материал/ мұғалімнің көмегімен әңгімеге суретті жоспар құру; 0.3.2.1 шағын мәтіндерді баяндау (өздігінен/ мұғалімнің көмегімен); 0.3.3.1 суреттерді, белгілерді, сызбаларды, тірек сөздерді қолдану, тыңдалған мәтіндер бойынша ақпаратты баяндау; 0.3.5.1 заттың бейнесін кескіндеу және жеке бөлшектерден тұтас бейнені қалпына келтіру; 0.3.5.2 үлгі, трафарет бойынша сызу; 0.3.5.3 суретті тізбек, нүкте бойынша сызу; 0.3.5.4 суреттің ішкі жиегін бояу, көлеңкелеу; 0.3.5.5 ұзын және қысқа таяқшаларды, ирек және дөңгелек сызықтарды салу (жазу); 0.3.5.6 тік,көлденең, қиғаш түзу сызықтарды салу (жазу)
2-тоқсан			
	0.1.1.1 сөйлемдегі сөздердің саны мен тізбегін есту арқылы анықтау; 0.1.1.3 берілген сөздерден сөйлем құрау;		

Әліппе кезеңі	0.1.1.4 сөз бен затты аталған сөзбен ажырату; 0.1.2.1 мәтінде кім/не туралы айтылғанын атау; 0.1.3.1 шағын мәтіндерді баяндау (өздігінен, мұғалімнің сұрақтары бойынша немесе мұғалімнің көмегімен) 0.1.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің мазмұнын тақырыбы (айдар) немесе иллюстрация бойынша болжау; 0.1.5.1 мұғалімнің көмегімен/ иллюстрациялық материал арқылы ауызша қарым-қатынас жағдайында(өтініш, рұқсат сұрау)сұранысты және сыпайы түрде келіспеушілікті қолдану; 0.1.7.1тыңдаған/оқыған материал туралы қарапайым пікір білдіру(" маған ұнады,ұнамады"); 0.1.8.1 сюжеттік суреттер желісімен әңгіме құрастыру/мұғалімнің сұрақтары бойынша/ тірек сөзтіркестері, сөйлемдер; 0.1.9.1. сөздегі дыбысты белгілеу, санын анықтау; 0.1.9.2 дыбыстардың белгілерін ажырату (дауысты, дауыссыз); 0.1.9.3 дауыссыз дыбыстардың белгілерін ажырату (қатаң, ұяң, үнді); 0.1.9.4 сөздің дыбыстық сызбасын құру; 0.1.9.5. сөзден/буыннан есту арқылы дыбысты ажырату; 0.1.9.6. сөздегі дыбыстың орын анықтау (басы, ортасы, соңы);	0.2.1.1 дыбысты анықтаған кезде сәйкес әріпті көрсету; 0.2.1.2 сөздің сызбасын заттың аталуымен сәйкестендіру; 0.2.2.1 мәтінді сөйлемдер тобынан ажырату; 0.2.2.2 мұғалімнің сұрақтары арқылы мәтінде (тақырыпта) кім немесе не туралы айтылғанын анықтау; 0.2.3.1 мұғалімнің көмегімен немесе сюжеттік суреттер арқылы мәтіннің басын, ортасын және соңын анықтау; 0.2.4.1 сөздердің лексикалық маңызын және мағынасын түсіну; 0.2.5.2 оқылған/ тыңдалған мәтінге иллюстрациялар бойынша сұрақтарға жауап беру; 0.2.6.1 мұғалімнің көмегімен мәтін жанрын (жұмбақтар, мақал - мәтелдер) атау; 0.2.6.2 мұғалімнің көмегімен мәтін қай жанрға жататынын (өлеңдер, әңгімелер, ертегілер) атау 0.2.7.1 "дыбыс", "әріп" ұғымдарын ажырату, оларды графикалық түрде белгілеу; 0.2.7.2 өтілген әріптердің баспа бейнесін тану, оны сәйкестендіру;	0.3.1.1 иллюстрациялық материал/мұғалімнің көмегімен әңгімеге суретті жоспар құру; 0.3.1.2 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбын қою; 0.3.2.1 шағын мәтіндерді баяндау (өздігінен/ мұғалімнің көмегімен); 0.3.3.1 суреттерді, белгілерді, сызбаларды, тірек сөздерді қолдану, тыңдалған мәтіндер бойынша ақпаратты баяндау; 0.3.5.4 суреттің ішкі жиегін бояу, көлеңкелеу; 0.3.5.5 ұзын және қысқа таяқшаларды,ирек және дөңгелек сызықтарды салу (жазу); 0.3.5.6 тік, көлденең, қиғаш түзу сызықтарды салу (жазу); 0.3.5.7 түзу таяқшаны көлбеу сызықтармен қосып салу(жазу); 0.3.5.8жоғары және төменгі жағы дөңгеленген түзу таяқшаны салу (жазу); 0.3.5.9 сопақша және жартылай сопақша салу (жазу); 0.3.5.10 ілмегі бар таяқша салу

	0.1.9.7 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; 0.1.9.8 жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды ажырату; 0.1.9.9 дауыссыз дыбыстарды ажырату (қатаң, ұяң, үнді); 0.1.9.10. сөздерді буынға бөлу		
3-тоқсан			
Әліппе кезеңі	0.1.1.2 сөйлемнің басы мен соңын анықтау; 0.1.1.3 берілген сөздерден сөйлем құрау; 0.1.1.5 сөздерді лексикалық мағынасына қарай жіктеу: заттарды, адамдарды, жануарларды , табиғат құбылыстарын атайтын сөздер; заттардың белгілері мен әрекеттерін атайтын сөздер; 0.1.2.1 мәтінде кім/не туралы айтылғанын атау; 0.1.2.2 мұғалімнің көмегімен/немесе иллюстрациялық материалға сүйене отырып, мәтін авторының не айтқысы келгенін анықтау; 0.1.3.1 шағын мәтіндерді баяндау (өздігінен, мұғалімнің сұрақтары бойынша немесе мұғалімнің көмегімен); 0.1.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің мазмұнын тақырып (айдар) немесе иллюстрация бойынша болжау; 0.1.5.2 берілген тақырып бойынша үлгіні қолдана отырып, әңгімелесушіні қысқа сөз тіркестерімен тыңдау және жауап беру (сәлемдесу, қоштасу); 0.1.6.1 вербалды емес байланыс құралдарын (	0.2.2.2 мұғалімнің сұрақтары арқылы мәтінде (тақырыпта) кім немесе не туралы айтылғанын анықтау; 0.2.3.1 мұғалімнің көмегімен немесе сюжеттік суреттер арқылы мәтіннің басын, ортасын және соңын анықтау; 0.2.4.1 сөздердің лексикалық мағызын және мағынасын түсіну; 0.2.4.2 мұғалімнің көмегімен заттарды сөздермен атау және ажырату; 0.2.4.3 мұғалімнің көмегімен заттың сынын білдіретін сөздерді атау және ажырату; 0.2.4.4 мұғалімнің көмегімен қимылды білдіретін сөздерді атау және ажырату;	0.3.1.2 мұғалімнің көмегімен мәтінін тақырыбын қою; 0.3.2.1 шағын мәтіндерді баяндау (өздігінен/ мұғалімнің көмегімен); 0.3.4.1 буындарды, айтылу емлесінен айырмашылығы жоқ сөздерді тексеру және мұғалімнің көмегімен қателерді түзету; 0.3.5.10 ілмегі бар таяқша салу (жазу); 0.3.5.11 әріп элементтерінен жиектер жасау; 0.3.5.12 өтілген әріптердің баспа әріп элементтерін жазу; 0.3.5.13 өтілген әріптердің элементтерін жазу; 0.3.5.14 өтілген әріптер мен олардың қосылуын тазалық талаптарына сәйкес жазу; 0.3.6.1 дыбыстар мен әріптерді ажырату және оларды жазу;

	ым-ишара) қолданып, амандасу мен қоштасу әрекеттерін бейнелеу; 0.1.6.2 иллюстрациялық материалды қолдана отырып, қандай қимылдар мен ым-ишара нені білдіретінін анықтау (еске түсіру, қорқыту, таңдану, қорқыныш); 0.1.7.1 тыңдаған/оқыған материал туралы қарапайым пікір білдіру; 0.1.8.2 сурет, сурет жоспары бойынша мұғалімнің сұрақтарының көмегімен жақсы таныс затты, жануарды сипаттау; 0.1.9.4 сөздің дыбыстық сызбасын құру; 0.1.9.5 сөзден/буыннан есту арқылы дыбысты белгілеу; 0.1.9.6 сөздегі дыбыстың орын анықтау (басы, ортасы, соңы); 0.1.9.7 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; 0.1.9.8 жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды ажырату; 0.1.9.9 дауыссыз дыбыстарды ажырату (қатаң, ұяң, үнді); 0.1.9.10 сөздерді буынға бөлу.	0.2.5.1 мәтінге/ иллюстрацияға қарапайым сұрақтар қою (мұғалімнің көмегімен); 0.2.5.2 оқылған/ тыңдалған мәтінге иллюстрациялар бойынша сұрақтарға жауап беру; 0.2.6.1 мұғалімнің көмегімен мәтін жанрын (жұмбақтар, мақал - мәтелдер) атау; 0.2.6.2 мұғалімнің көмегімен мәтін қай жанрға жататынын (өлеңдер, әңгімелер, ертегілер) атау; 0.2.7.1 "дыбыс", "әріп" ұғымдарын ажырату, оларды графикалық түрде белгілеу; 0.2.7.2 өтілген әріптердің баспа бейнесін тану, оны дыбыспен сәйкестендіру	0.3.6.2 мұғалімнің көмегімен сөйлемді бас әріппен жазу; 0.3.6.3 мұғалімнің көмегімен адамның атын, тегін бас әріппен жазу; 0.3.6.4 а-ә; ү-ұ; к-қ; г-ғ; н-ң; ы-і; о-ө айтылуы мен жазылуын ажырату; 0.3.6.5 жазылуы мен айтылуында айырмашылығы бар кейбір сөздерді жазу. 0.3.7.1 заттың атын, сынын, қимыдын білдіретін сөздерді ажырату; 0.3.7.2 заттардың санын білдіретін сөздерді ажырату (бір, бірнешеу, көп) 0.3.8.1 сөйлем соңына тыныс белгілерін дұрыс қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі (мұғалімнің көмегімен;)
4-тоқсан			
	0.1.1.2 сөйлемнің басы мен соңын анықтау; 0.1.1.5 сөздерді лексикалық мағынасына қарай жіктеу: заттарды, адамдарды, жануарларды, табиғат құбылыстарын атайтын сөздер; заттардың белгілері мен әрекеттерін атайтын сөздер; 0.1.2.1 мәтінде кім/не туралы айтылғанын атаңыз;	0.2.2.2 мұғалімнің сұрақтары арқылы	

Әліппе кезеңі	0.1.2.2 мұғалімнің көмегімен/немесе иллюстрациялық материалға сүйене отырып, мәтін авторының не айтқысы келгенін анықтау 0.1.3.1 шағын мәтіндерді баяндау (өздігінен, мұғалімнің сұрақтары бойынша немесе мұғалімнің көмегімен) 0.1.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің мазмұнын тақырып (айдар) немесе иллюстрация бойынша болжау 0.1.5.1 мұғалімнің көмегімен/ иллюстрациялық материал арқылы ауызша қарым-қатынас жағдайында (өтініш, рұқсат сұрау) сұранысты және сыпайы түрде келіспеушілікті қолдану; 0.1.5.2 берілген тақырып бойынша үлгіні қолдана отырып, әңгімелесушіні қысқа сөз тіркестерімен тыңдау және жауап беру (сәлемдесу, қоштасу) 0.1.6.1 вербалды емес байланыс құралдарын (ым-ишара) қолданып, амандасу мен қоштасу әрекеттерін бейнелеу; 0.1.6.2 иллюстрациялық материалды қолдана отырып, қандай қимылдар мен ым-ишара нені білдіретінін анықтау (еске түсіру, қорқыту, таңдану, қорқыныш); 0.1.7.1 тыңдаған/ оқыған материал туралы қарапайым пікір білдіру ("маған ұнады/ ұнамады"); 0.1.9.5 сөзден/буыннан есту арқылы дыбысты белгілеу;	мәтінде (тақырыпта) кім немесе не туралы айтылғанын анықтау; 0.2.3.1 мұғалімнің көмегімен немесе сюжеттік суреттер арқылы мәтіннің басын, ортасын және соңын анықтау; 0.2.4.2 мұғалімнің көмегімен заттарды сөздермен атау және ажырату; 0.2.4.3 мұғалімнің көмегімен заттың сынын білдіретін сөздерді атау және ажырату; 0.2.4.4 мұғалімнің көмегімен қимылды білдіретін сөздерді атау және ажырату; 0.2.4.5 мағынасы бойынша жақын/ қарама-қарсы сөздерді атау және ажырату (мұғалімнің көмегімен немесе көрнекі материалмен); 0.2.4.6 көп мағыналы сөздерді атау және ажырату (мұғалімнің көмегімен немесе көрнекі материалмен). 0.2.5.1 мәтінге/ иллюстрацияға қарапайым сұрақтар қою (мұғалімнің көмегімен); 0.2.5.2 оқылған/ тыңдалған мәтінге иллюстрациялар бойынша сұрақтарға жауап беру; 0.2.6.1 мұғалімнің көмегімен мәтін жанрын (жұмбақтар, мақал - мәтелдер) атау; 0.2.6.2 мұғалімнің көмегімен мәтін қай жанрға жататынын (өлеңдер, әңгімелер, ертегілер) атау; 0.2.7.1 "дыбыс", "әріп" ұғымдарын ажыратып,	0.3.1.2 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбын қою; 0.3.2.1 шағын мәтіндерді баяндау (өздігінен/ мұғалімнің көмегімен); 0.3.4.1 буындарды, айтылу емлесінен айырмашылығы жоқ сөздерді тексеру және мұғалімнің көмегімен қателерді түзету; 0.3.5.10 ілмегі бар таяқша салу (жазу); 0.3.5.11 әріп элементтерінен жиектер жасау; 0.3.5.12 өтілген әріптердің баспа әріп элементтерін жазу; 0.3.5.13 өтілген әріптердің элементтерін жазу; 0.3.5.14 өтілген әріптер мен олардың қосылуын тазалық талаптарына сәйкес жазу; 0.3.6.1 дыбыстар мен әріптерді ажырату және оларды жазу; 0.3.6.2 мұғалімнің көмегімен сөйлемді бас әріппен жазу; 0.3.6.3 мұғалімнің көмегімен адамның атын, тегін бас әріппен жазу; 0.3.6.4. а-ә; ү-ұ; к-қ; г-ғ; н-ң; ы-і; о-ө айтылуы мен жазылуын ажырату; 0.3.6.5 жазылуы мен айтылуында айырмашылығы бар кейбір сөздерді жазу; 0.3.7.1 заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату; 0.3.7.2 заттардың санын білдіретін сөздерді ажырату (бір, бірнешеу, көп;); 0.3.8.1 сөйлем соңына тыныс белгілерін дұрыс

	0.1.9.6 сөздегі дыбыстың орын анықтау (басы, ортасы, соңы); 0.1.9.7 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; 0.1.9.8 жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды ажырату; 0.1.9.9 дауыссыз дыбыстарды ажырату (қатаң, ұяң, үнді); 0.1.9.10 сөздерді буынға бөлу	оларды графикалық түрде белгілеу; 0.2.7.2 өтілген әріптердің баспа бейнесін танып, оны дыбыспен сәйкестендіру	қою: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі (мұғалімнің көмегімен)

бұйрығына
14-қосымша

Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 1 - сыныптары үшін "Әліппе, Ана тілі" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Әліппе, Ана тілі" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бағдарламаның мақсаты - психикалық дамуы тежелген білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қарапайым грамматикалық түсініктерді қалыптастырумен өзара байланыста тыңдау, айту, оқу және жазу дағдыларын меңгеру процесінде функционалдық сауатты тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай жасау.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін дамыту (тыңдау, айту, оқу және жазу);

2) фонематикалық қабылдауды дамыту, талдау және жинақтау;

3) сөздерді, сөйлемдерді, шағын мәтіндерді оқу дағдыларын қалыптастыру; оқығанын түсінуге мүмкіндік беретін қарқынды және мәнерлі оқу;

4) сөздік қорын байыту;

5) оқуға және кітапқа деген қызығушылықты тәрбиелеу;

6) ақпаратты талдау, салыстыру, жалпылау, жүйелеу қабілетін дамыту;

7) сөйлеу мәдениеті мен қарым -қатынас мәдениетін дамыту;

8) қоршаған әлемді дамыту арқылы сөйлеу мәдениеті мен қарым-қатынас мәдениетіне достық қатынас қалыптастыру;

9) қарым-қатынас біліктілігі мен дағдыларын дамыту: әңгімелесушіні тыңдау мен есті білу қабілеті, диалог жүргізуге дайындық;

10) "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген отансүйгіштік жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту.

4. Бағдарламаның түзету -дамыту міндеттері:

1) фонематикалық процестерді дамыту (фонематикалық қабылдау, талдау, синтез және фонематикалық көріністер);

2) фонетикалық дағдыларды қалыптастыру (бет бұлшықеттерінің артикуляциялық моторикасын және қозғалғыштығын дамыту, оқылатын дыбыстар мен олардың сәйкестігін айту дағдыларын дамыту, сөздердің буындық құрылымын пысықтау, оқылған буындар мен сөздер негізінде сөйлеудің ырғақты және дауыс екпінін дамыту);

3) ұсақ моториканы дамыту;

4) жазбаша сөйлеуде дисграфиялық және аграмматикалық сипаттағы нақты қателердің пайда болуына және/немесе түзетілуіне жол бермеу;

5) көру-кеңістіктік белсенділіктің бұзылуын еңсеру;

6) сөздік қорды байыту және белсендіру;

7) ауызша сөйлеу түрлерін (ауызекі-диалогтік, сипаттау-баяндау) дамыту;

8) оқу қызметінің құрамдас бөліктерін мақсатты түрде қалыптастыру: білім беру мақсатын түсіну және қабылдау, әрекеттерді жоспарлау, мақсатқа жету құралдарын анықтау, ағымдық және қорытынды өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру.

5. Кең ауқымды дағдылармен бірлікте жеке тұлғалық қасиеттерді дамыту білім алушылардың білім берудің базалық құндылықтарын бойына сіңіру үшін негіз болып табылады: "қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік", "сыйластық", " ынтымақтастық", "еңбек пен шығармашылық", "жариялық", "өмір бойы білім алу".

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері

6. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде оқушылардың даму ерекшеліктері ескеріледі: танымдық белсенділігі мен еңбекке қабілетінің төмендігі, танымдық қызығушылықтың әлсіздігі, қоршаған табиғат және әлеумет туралы білім мен түсініктің шектеулігі, көру-кеңістіктік, есту-сөйлеу арқылы қабылдайтын ақпаратты қабылдау мен өңдеу жылдамдығының баяулығы, ойлау операцияларының қалыптаспауы (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, дерексіздендіру, бөлшектеу), сөйлеу тілінің қалыс қалуы, мінез-құлықты реттеудегі қиындықтар, қимыл-қозғалыстарды үйлестірудің жетіспеушілігі.

7. Оқыту процесі арнайы педагогиканың ұстанымдары мен тәсілдеріне негізделіп, оны жүзеге асыру психикалық дамуы тежелген оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

8. Оқытудың компенсаторлық-дамытушылық бағдарлану қағидасы психикалық дамудың тежелу себептеріне сәйкес ағзаның сақталған функциялары мен жүйелерін қолдануға негізделген оқу процесін құруды көздейді. Оқу процесінде мыналар қолданылады: өзін-өзі реттеудің төмен тиімділігі мен жетілмегендігін ескере отырып, көрнекі құралдарға сүйену оқу материалының дозасы, практикалық жаттығуларды ұйымдастырумен қатар бірнеше рет қайталануы, іс-әрекеттің жиі өзгеруі, оқудың сарапануы мен дараланууы, ойлау әрекеттерін кезеңімен қалыптастыру және оларды бірте бірте ауызша, жазбаша және ішкі сөйлеуде бекіту; денсаулық сақтау технологияларын қолдану.

9. Арнайы педагогикалық басшылықтың қажеттілік қағидасы. Мұғалім оқушының жалпы даму заңдылықтарын, сыныптағы әрбір оқушының танымдық мүмкіндіктерін, арнайы педагогикалық көмек әдістерін біле отырып, мектеп оқушыларының оқу-танымдық қызметін осы үрдісті тиімді басқаратындай етіп ұйымдастыруы керек. Оқушыларға оқу-танымдық іс-әрекеттің дербестігін көрсету қиын болған кезде, мұғалім оқушыға оқу міндетін орындауда сәттілік жағдайын қамтамасыз ететін оқушы қызметінің жетілмеген компонентінің функцияларын алады. Мұғалімнің көмегі біртіндеп төмендеуі керек.

10. Белсенділік әдісі оқушылардың белсенді танымдық іс -әрекетіне, сөйлеу, тыңдау , оқу, жазу біліктілігі пен дағдыларын қалыптастыруға педагогикалық жағдай жасауды көздейді.

11. Коммуникативті тәсілге сәйкес оқу процесіне қарым-қатынас дағдыларды қалыптастыруға, өздерінің және өзгелердің шығармашылық жұмысын жеке және топтық іс-әрекет үрдісінде бағалау мен талдауға ықпал ететін тапсырмалар кіреді.

12. Оқыту мен іс-әрекеті мотивациясының тиімділігін арттыру үшін оқушылардың зейінін, ойлауын, фонематикалық естуін, танымдық қабілеттерін, артикуляциялық моторикасын дамыту мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі - АКТ) қолданылады. АКТ -ны қолдану оқу процесін дараландыруға мүмкіндік береді; сабақтағы жұмыстың мазмұнына қызығушылығын арттыру.

13. Білім алушылардың жұмысқа қабілеттілігін ескере отырып, оқу процесінде АКТ мөлшерлі түрде пайдаланылады.

14. Бағдарламаның пәнаралық байланыстары түзету компонентінің келесі пәндерімен орнатылады: "Айналамен таныстыру және тіл дамыту", "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету".

3-тарау. Оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. Оқу пәнінің мазмұны

15. Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1 сынып - аптасына 6 сағатты, оқу жылында 198 сағатты құрайды.

Пәннің оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы типтік оқу жоспарына сәйкес жасалды (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

16. Оқу пәнінің мазмұнын таңдау бірліктері:

1) қазақ тілінің дыбыстар мен әріптер жүйесі;

2) тілдік бірліктер: мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс;

3) қазақ тілінің кейбір грамматикалық ерекшеліктері;

4) емле мен пунктуация нормаларының аз мөлшері;

5) балаларға арналған көркем әдебиет шығармалары және халық ауыз әдебиеті.

17. Бағдарламаның мазмұны. Оқу үдерісі үш кезеңге бөлінеді: әліппеге дейінгі кезең (қайталау) - 25 сағат, әліппе кезеңі - 100 сағат, әліппеден кейінгі кезең – 73 сағат.

18. Әліппе кезеңінде оқылған дыбыстар мен әріптер қайталанады: а, р, л, у, н, с, о, т, р, қ, ы, з, м, е, д, ш, ұ, б, й, к, і, ң, ғ, ж, ә, п, ү, ө, г, и және келесі дыбыстар мен әріптер мынадай реттілікпен оқытылады: я, ю, х, h, щ, в, э, Ұ, ц, ф, ь, ъ.

19. Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқушылардың мүмкіндіктерін зерделеу (жалпы және сөйлеудің даму деңгейін, 0 сыныпта қалыптасқан білім мен дағдылардың жағдайын анықтау);

2) оқу қызметінің компоненттерін қалыптастыру;

3) фонематикалық көріністерді жетілдіру, талдау, синтез;

4) сөйлеу туралы алғашқы ойларды қалыптастыру (ауызша сөйлеу, жазбаша сөйлеу) ;

5) сөйлеу құрылымы туралы түсініктерді қалыптастыру (сөйлем, сөз, буын, дыбыс);

6) заттың алғашқы негізгі құрылымымен таныстыру: заттың атын, қимылын, сынын білдіретін сөздер;

7) сөйлеу дыбыстары туралы ойды бекіту: жуан және жіңішке дауысты және қатаң, ұяң,үнді дауыссыздар;

8) қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жазу тазалық ережелерімен танысу;

9) ойлауды, есте сақтауды, қиялды, қабылдауды, зейінді дамыту.

20. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) оқу қызметіне қызығушылықты ояту, сөйлеу дағдысын қалыптастыру;

2) дыбыстарды дұрыс айту, қазақ әліпбиінің әріптерімен танысу және қайталау;

3) фонематикалық үрдістерді одан әрі дамыту (дыбыстарды қабылдау, дыбыстық талдау және жинақтау;

4) дауысты дыбыстар туралы ұғыммен танысу;

5) әліпби әріптерінің қызметін, бас және кіші әріп, баспа және бас әріп арасындағы айырмашылықты меңгеру;

6) әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазу кезінде каллиграфиялық жазу дағдыларын қалыптастыру;

7) толық сөзбен оқуға көшу арқылы дұрыс, тұтас буынды оқу дағдыларын қалыптастыру;

8) орфографиялық және орфоэпиялық оқуды меңгеру;

9) оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілдерін дамыту;

10) оқушылардың сөздік қорын байыту;

11) қолжетімді сөйлеу деңгейінде келісілген монолог пен диалогтық сөйлеуді дамыту.

12) оқушының мүмкіндігіне, оқу материалын меңгеру деңгейіне қарай өтілген әріптер мен дыбыстарды қайталауға және жаңа өтілетін әріптер мен дыбыстарға берілетін сағат санын мұғалім өзі реттейді.

21. Әліппеден кейінгі кезең үшінші тоқсаннан басталып,оқу жылының соңында аяқталады.

22. Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері:

1) толық сөзбен оқуға көшу, "іштей" оқу қабілетін қалыптастыру;

2) мәтінмен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру:

3) байланыстыра сөйлеуді дамыту (қайталау,әңгімелеу, "ауызша сурет салу", жеке әсерлер, суреттер бойынша әңгімелер құрастыру;

4) каллиграфия мен графика нормаларына сәйкес жазу дағдыларын дамыту;

5) ауыз әдебиеті мен көркем шығармалар арқылы ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауды тәрбиелеу;

6) тыңдау (тыңдалым), сөйлеу арқылы сөйлеу өнеріне баулу.

23. Бағдарламаның мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) "Тыңдау (тыңдалым) және сөйлеу (ауызша сөйлеу мен фонематикалық естуін дамыту)";

2) "Оқу (оқу дағдыларын қалыптастыру, сөздің дыбысталуын, әліпби әріптерін зерттеу)";

3) "Жазу (жазу дағдыларын қалыптастыру)".

24. "Тыңдау (тыңдалым) және сөйлеу (ауызша сөйлеу мен фонематикалық естуін дамыту)" бөліміне келесі бөлімшелер кіреді:

1) сөйлеудің негізгі бірліктерін тану (мәтін, сөйлем, сөз);

2) тыңдалған мәтіннің тақырыбы мен негізгі идеясын анықтау;

3) тыңдалған материалды қайталау;

4) оқиғаларды болжау;

5) сөйлеу нормаларын сақтай отырып, қарым -қатынастың әр түрлі жағдайларына қатысу;

6) тыңдаушылардың назарын аудару;

7) құндылық туралы шешім қабылдау;

8) берілген тақырып бойынша әңгіме құрастыру;

9) сөздің дыбыстық түрінде бағдарлануы.

25. "Оқу (оқу дағдысын қалыптастыру, сөздің дыбысталуын, әліпби әріптерін зерттеу)" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) оқу түрлерін қолдану;

2) оқылған мәтіннің тақырыбы мен негізгі идеясын анықтау;

Әліппеге дейінгі кезең Әліппе кезеңі	1.1.1.1 сөйлемдегі сөздердің саны мен тізбегін есту арқылы анықтау; 1.1.1.2 сөйлемнің басы мен соңын анықтау; 0.1.1.3 берілген сөздерден сөйлем құрау; 0.1.5.1 иллюстрациялық материал арқылы ауызша қарым-қатынас жағдайында сұранысты және сыпайы түрде келіспеушілікті қолдану; 0.1.5.2 берілген тақырып бойынша үлгіні қолдана отырып, әңгімелесушіні қысқа сөз тіркестерімен тыңдау және жауап беру (сәлемдесу, қоштасу); 1.1.7.1 тыңдалған/ оқылған материал туралы қарапайым пікір білдіру ("маған ұнады/ұнамады"); 0.1.8.1сюжеттік суреттер желісімен әңгіме құрастыру/мұғалімнің сұрақтары бойынша/ тірек сөзтіркестері, сөйлемдер; 0.1.9.1 сөздегі дыбысты белгілеу, санын анықтау;	1.2.1.1 сөздердің сызбаларын оқу және құрастыру; 1.2.1.2 сөйлемдердің сызбаларын оқу және құрастыру; 1.2.1.3 буындап оқып тұтас сөздермен оқуға ауысу; 1.2.2.1 мұғалімнің сұрақтарының көмегімен мәтінде кім немесе не туралы (мәтін тақырыбын) айтылғанын анықтау; 1.2.3.1 мұғалімнің көмегімен/немесе сюжеттік суреттер бойынша мәтіннің басын, ортасын, соңын анықтау; 1.2.5.1 мәтінге/ иллюстрацияларға қарапайым сұрақтар қою (мұғалімнің көмегімен);	1.3.1.1 иллюстрациялық материал /мұғалімнің көмегімен әңгімеге сурет жоспарын құру; 1.3.1.2 мұғалімнің көмегімен мәтінге тақырып қою; 1.3.2.1 шағын мәтіндерді баяндау (өз бетінше/ мұғалімнің көмегімен); 1.3.3.1 мұғалімнің көмегімен суреттерді, белгілерді, сызбаларды, тірек сөздерді қолдана отырып, берілген тақырыпқа қарапайым сөйлемдер құрастыру; 1.3.3.2 мұғалімнің көмегімен суреттерді, белгілерді, сызбаларды, тірек сөздерді қолдана отырып, берілген тақырыпқа қысқа мәтіндер құрастыру;

	0.1.9.2 дыбыстардың белгілерін ажырату (дауысты, дауыссыз); 0.1.9.3 дауыссыз дыбыстардың белгілері ажырату (қатаң, ұяң, үнді); 0.1.9.4 сөздің дыбыстық сызбасын құру; 1.1.9.5 буынды анықтау және белгілеу; 1.1.9.6 жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды ажырату; 1.1.9.7 дауыссыз дыбыстарды ажырату: қатаң, жұмсақ, ұяң, үнді; 1.1.9.8 сөздің дыбыстық сызбасын құру; 1.1.9.9 сөздерді буындарға бөлу; 1.1.9.10 сөздегі буындар саны мен ретін анықтау	1.2.5.2 иллюстрациялар/ оқылған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру; 1.2.6.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің (жұмбақтар, мақал-мәтелдер) қай жанрға жататынын атау; 1.2.6.2 мұғалімнің көмегімен мәтіннің (өлеңдер, әңгімелер, ертегілер) қай жанрға жататынын атау; 1.2.9.1 әріптің бейнесін тану және оны дыбыспен салыстыру; 1.2.9.2 дыбыстық талдауды орындау	1.3.6.1 әріп элементтерін дұрыс жазу; 1.3.6.2 тазалық талаптарға сәйкес бас және кіші әріптерді дұрыс жазу; 1.3.6.3 тазалық талаптарға сәйкес әріптердің қосылуын дұрыс жазу; 1.3.9.1 сөйлемнің соңында тыныс белгілерін дұрыс қою: нүкте, сұрақ, леп белгісі (мұғалімнің көмегімен)
2-тоқсан			
	1.1.1.1 сөйлемдегі сөздердің саны мен реттілігін есту арқылы анықтау;		1.3.1.1 иллюстрациялық материал /мұғалімнің көмегімен әңгімеге сурет жоспарын құру; 1.3.1.2 мұғалімнің көмегімен мәтінге тақырып қою; 1.3.3.1 мұғалімнің көмегімен суреттерді, белгілерді, сызбаларды, тірек сөздерді қолдана отырып, берілген тақырыпқа қарапайым сөйлемдер құрастыру; 1.3.3.2 мұғалімнің көмегімен суреттерді, белгілерді, сызбаларды, тірек сөздерді қолдана отырып, берілген тақырыпқа қысқа мәтіндер құрастыру; 1.3.6.1 әріп элементтерін дұрыс жазу; 1.3.6.2 тазалық талаптарға сәйкес бас және кіші әріптерді дұрыс жазу; 1.3.6.3 тазалық талаптарға сәйкес

	1.1.1.2 сөйлемнің басы мен соңын анықтау; 1.1.1.3 берілген сөздерден сөйлем құрастыру; 1.1.1.4 сөздерді олардың лексикалық мағынасына сәйкес жіктеу: заттарды, адамдарды, жануарларды, табиғат құбылыстарын атайтын сөздер; заттардың белгілері мен әрекеттерін атайтын сөздер; 1.1.2.1 мәтінде кім/не туралы екенін айту; 1.1.2.2 иллюстрациялық материал мен мұғалімнің көмегі арқылы мәтін авторының не айтқысы келгенін анықтау; 1.1.3.1 шағын мәтінді баяндау (өз бетінше, мұғалімнің сұрақтары бойынша, суретті жоспар бойынша) 1.1.4.1 тақырып (аталуы)/ немесе иллюстрациялар бойынша мәтін мазмұнын болжамдау 1.1.6.1 қарым-қатынастың вербалды емес құралдарын (ым-ишарат пен мимика) сәлемдесу және қоштасу әрекеттерінде қолдану; 1.1.6.2 иллюстрациялық материалды пайдалана отырып, ым-ишара мен мимика (есте сақтау, қорқыту, таңдану, қорқу) не туралы екенін анықтау; 1.1.6.3 сөйлемнің соңындағы тыныс белгілерін ажырату (баяндау, сұраулы, лепті); 1.1.7.1 тыңдалған / оқылған материал туралы қарапайым пікір білдіру ("маған ұнады/ұнамады");		әріптердің қосылуын дұрыс жазу;
Әліппе кезеңі		1.2.1.1 сөздердің сызбаларын оқу және құрастыру; 1.2.1.2 сөйлемдердің сызбаларын оқу және құрастыру; 1.2.1.3 буындап оқып тұтас сөздермен оқуға ауысу; 1.2.1.4 тұтас сөздермен оқу; 1.2.2.1 мұғалімнің сұрақтарының көмегімен мәтінде кім немесе не туралы (мәтін тақырыбын) айтылғанын анықтау; 1.2.3.1 мұғалімнің көмегімен/немесе сюжеттік суреттер бойынша мәтіннің басын, ортасын, соңын анықтау; 1.2.4.5 көп мағыналы сөздерді атау және ажырату (мұғалімнің/ немесе иллюстрациялық материалдың көмегімен); 1.2.7.1 әліпби қатарының орналасу тәртібін пайдалана отырып (сөздіктер, анықтамалар, балалар энциклопедиялары) дереккөздерден ақпарат табу; 1.2.8.1 әр түрлі жанрдағы мәтіндерді (ертегі, әңгіме, өлең) дайын жоспар бойынша, мұғалімнің сұрақтары бойынша салыстыру;	

	1.1.8.1 сюжеттік суреттер сериясына сүйене отырып әңгіме құру / мұғалімнің сұрақтары бойынша/ тірек сөз тіркестері, сөйлемдер; 1.1.9.3 сөздегі дыбыстарды бөлу, олардың санын анықтау; 1.1.9.4 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; 1.1.9.5 буынды анықтау және белгілеу; 1.1.9.6 жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды ажырату; 1.1.9.7 дауыссыз дыбыстарды ажырату: қатаң, жұмсақ, ұяң, үнді; 1.1.9.8 сөздің дыбыстық сызбасын құру; 1.1.9.9 сөздерді буындарға бөлу; 1.1.9.10 сөздегі буындар саны мен ретін анықтау: 1.1.9.11 сөз басында және Е, Ң, Ю, Я әріптерімен дауысты дыбыстан кейін дыбыстарды белгілеу.	1.2.9.1 әріптің бейнесін тану және оны дыбыспен салыстыру; 1.2.9.2 дыбыстық талдауды орындау; 1.2.9.3 дауысты дыбыстарға дыбыстық талдау жасау (әртүрлі жағдайда); 1.2.9.4 ь белгісі бар сөздерге дыбыстық талдау жасау; 1.2.9.5 ъ белгісі бар сөздерге дыбыстық талдау жасау	1.3.6.4 дыбыстарды

			әріптермен дұрыс белгілеу
3-тоқсан			
Әліппеден кейінгі кезең	1.1.1.5 мәтінді, сөйлемді, сөзді ажырату; 1.1.1.6 берілген тақырыпқа мәтін құрастыру; 1.1.2.2 иллюстрациялық материал мен мұғалімнің көмегі арқылы мәтін авторының не айтқысы келгенін анықтау; 1.1.2.3 оқығанның негізгі түсінігі бойынша мәтінге тақырып қою; 1.1.3.2 мұғалімнің көмегімен оқиға кезеңдерін сақтай отырып шағын мәтінде баяндау; 1.1.4.1 тақырып (аталуы)/ немесе иллюстрациялар бойынша мәтін мазмұнын болжамдау: 1.1.5.3 сөйлеу барысында қолдану: сәлемдесу, алғыс айту, кешірім сұрау, өтініш, сөйлеу нормаларын сақтап қоштасу (сөйлеу этикетін); 1 . 1 . 6 . 1 қарым-қатынастың вербалды емес құралдарын (ым-ишарат пен мимика) сәлемдесу және қоштасу әрекеттерінде қолдану; 1.1.6.2 иллюстрациялық материалды пайдалана отырып, ым-ишара мен мимика (есте сақтау,	1.2.1.3 буындап оқып тұтас сөздермен оқуға ауысу; 1.2.1.4 тұтас сөздермен оқу; 1.2.1.5 түсініп оқуды қалыптастыру; 1.2.2.1 мұғалімнің сұрақтарының көмегімен мәтінде кім немесе не туралы (мәтін тақырыбын) айтылғанын анықтау; 1.2.3.1 мұғалімнің көмегімен/немесе сюжеттік суреттер бойынша мәтіннің басын, ортасын, соңын анықтау; 1.2.4.1 заттың атын білдіретін сөздерді атау және ажырату; 1.2.4.2 заттың сынын білдіретін сөздерді атау және ажырату; 1.2.4.3 заттың қимылын білдіретін сөздерді атау және ажырату; 1.2.4.4 мағынасы жағынан жақын/ қарама-қарсы сөздерді атау және ажырату (мұғалімнің/ немесе иллюстрациялық материалдың көмегімен); 1.2.4.5 көп мағыналы сөздерді атау және ажырату (мұғалімнің/ немесе иллюстрациялық материалдың көмегімен); 1.2.5.1 мәтінге/ иллюстрацияларға қарапайым сұрақтар қою (мұғалімнің көмегімен); 1.2.5.2 иллюстрациялар / оқылған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру; 1.2.6.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің (	1.3.1.1 иллюстрациялық материал / мұғалімнің көмегімен әңгімеге сурет жоспарын құру; 1.3.1.2 мұғалімнің көмегімен мәтінге тақырып қою; 1.1.3.2 мұғалімнің көмегімен оқиға кезеңдерін сақтай отырып шағын мәтінде баяндау; 1.3.4.1 жанрдың ерекшеліктерін қолдана отырып, мұғалімнің көмегімен қарапайым сөйлемдерді (хабарлама, құттықтау, хат) жазу; 1.3.4.2 мұғалімнің көмегімен жанрдың ерекшеліктерін қолдана отырып, шағын мәтіндерді (хабарлама, құттықтау, хат) жазу; 1.3.5.1 сөздердің, сөйлемдердің жазылуын тексеру және мұғалімнің көмегімен қателерді түзету; 1.3.5.2 мәтіннің жазылуын тексеру және мұғалімнің көмегімен қателерді түзету; 1.3.6.2 тазалық талаптарға сәйкес бас және кіші әріптерді дұрыс жазу; 1.3.6.3 тазалық талаптарға сәйкес әріптердің қосылуын дұрыс жазу; 1.3.6.4 дыбыстарды әріптермен дұрыс белгілеу; 1.3.6.5 каллиграфиялық нормаларға сәйкес жазу; 1.3.7.1 жазылуы мен айтылуында айырмашылығы бар

	қорқыту, таңдану, қорқу) не туралы екенін анықтау ; 1.1.6.3 сөйлемнің соңындағы тыныс белгілерін ажырату (баяндау, сұраулы, лепті); 1.1.7.2 тыңдаған/ оқыған мәтіннің негізінде өз ойын айту; 1.1.8.2 сюжетті иллюстрация/суреттер арқылы әңгіме құрастыру ; 1.1.9.3 сөздегі дыбыстарды бөлу, олардың санын анықтау; 1.1.9.4 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; 1.1.9.5 екпінді буынды анықтау және белгілеу; 1.1.9.6 жуан және жіңішке екпінді дауысты дыбыстарды ажырату; 1.1.9.7 дауыссыз дыбыстарды ажырату: қатаң, жұмсақ, ұяң, үнді; 1.1.9.8 сөздің дыбыстық сызбасын құру; 1.1.9.9 сөздерді буындарға бөлу; 1.1.9.10 сөздегі буындар саны мен ретін анықтау; 1.1.9.11 сөз басында және Е, Ң, Ю, Я әріптерімен дауысты дыбыстан кейін дыбыстарды белгілеу	жұмбақтар, мақал-мәтелдер) қай жанрға жататынын атау; 1.2.6.2 мұғалімнің көмегімен мәтіннің (өлеңдер, әңгімелер, ертегілер) қай жанрға жататынын атау; 1.2.7.1 әліпби қатарының орналасу тәртібін пайдалана отырып (сөздіктер, анықтамалар, балалар энциклопедиялары) дереккөздерден ақпарат табу; 1.2.8.1 әр түрлі жанрдағы мәтіндерді (ертегі, әңгіме , өлең) дайын жоспар бойынша, мұғалімнің сұрақтары бойынша салыстыру; 1.2.9.1 әріптің бейнесін тану және оны дыбыспен салыстыру; 1.2.9.6 дыбысталған дауыстылардың әріп пен дыбыстар санының айырмашылығын анықтау; 1.2.9.7 ь (жіңішкелік белгісі) бар сөздерде дыбыс пен әріп санын анықтау; 1.2.9.8 әріптің орналасуына сәйкес дауысты (жуан/жіңішке), дауыссыз (қатаң, ұяң, үнді) дыбыстардың сөздегі қызметін анықтау ; 1.2.9.9 ь және ъ белгілерінің қызметін ажырату	сөздерді көшіру/жазу; (вода, снег, пенал); 1.3.7.2 тасымалдау ережесін сақтау (мұғалімнің көмегімен); 1.3.7.3 жи-ши, ча-ща, чу-щу жазу ережесін қолдану; 1.3.7.4 -чк, -чн, -нщ, -шн жазу ережесін қолдану; 1.3.7.5 өз есімдерінде бас әріпті жазу (мұғалімнің көмегімен); 1.3.7.6 сөйлемнің басында бас әріпті жазу (мұғалімнің көмегімен); 1.3.7.7 ь (жіңішкелік белгісі) бар сөздерді жазу ; 1.3.7.8 ъ (айыру белгісі) бар сөздерді жазу; 1.3.8.1 заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату; 1.3.8.2 бір немесе бірнеше затты білдіретін сөздерді ажырату; 1.3.8.3 "ол", "олар" деген сөздермен сәйкес сөздерді таңдау; 1.3.8.4 сөйлеу кезінде, сөйлеу сәтіне дейін, сөйлегеннен кейін қимылды білдіретін сөздерді айту; 1.3.9.1 сөйлемнің соңында тыныс белгілерін дұрыс қою: нүкте, сұрақ, леп белгісі (мұғалімнің көмегімен)
4-тоқсан			
		1.2.1.3 буындап оқып тұтас сөздермен оқуға ауысу; 1.2.1.4 тұтас сөздермен оқу; 1.2.1.5 түсініп оқуды қалыптастыру;	1.3.1.1 иллюстрациялық материал /мұғалімнің көмегімен әңгімеге сурет жоспарын құру; 1.3.1.2 мұғалімнің көмегімен мәтінге тақырып қою;

Әліппеден кейінгі кезең	1.1.1.5 мәтінді, сөйлемді, сөзді ажырату; 1.1.1.6 берілген тақырыпқа мәтін құрастыру; 1.1.2.2 иллюстрациялық материал мен мұғалімнің көмегі арқылы мәтін авторының не айтқысы келгенін анықтау; 1.1.2.3 оқығанның негізгі түсінігі бойынша мәтінге тақырып қою; 1.1.3.2 мұғалімнің көмегімен оқиға кезеңдерін сақтай отырып шағын мәтінде баяндау; 1.1.4.1 тақырып (аталуы)/ немесе иллюстрациялар бойынша мәтін мазмұнын болжамдау; 1.1.5.3 сөйлеу барысында қолдану: сәлемдесу, алғыс айту, кешірім сұрау, өтініш, сөйлеу нормаларын сақтап қоштасу (сөйлеу этикетін); 1 . 1 . 6 . 1 қарым-қатынастың вербалды емес құралдарын (ым-ишарат пен мимика) сәлемдесу және қоштасу әрекеттерінде қолдану; 1.1.6.2 иллюстрациялық материалды пайдалана отырып, ым-ишара мен мимика (есте сақтау, қорқыту, таңдану, қорқу) не туралы екенін анықтау ; 1.1.6.3 сөйлемнің соңындағы тыныс белгілерін ажырату (баяндау, сұраулы, лепті); 1.1.7.2 тыңдаған/ оқыған мәтіннің негізінде өз ойын айту; 1.1.8.2 сюжетті иллюстрация/суреттер	1.2.2.1 мұғалімнің сұрақтарының көмегімен мәтінде кім немесе не туралы (мәтін тақырыбын) айтылғанын анықтау; 1.2.3.1 мұғалімнің көмегімен/немесе сюжеттік суреттер бойынша мәтіннің басын, ортасын, соңын анықтау; 1.2.4.1 заттың атын білдіретін сөздерді атау және ажырату; 1.2.4.2 заттың сынын білдіретін сөздерді атау және ажырату; 1.2.4.3 заттың қимылын білдіретін сөздерді атау және ажырату; 1.2.4.4 мағынасы жағынан жақын/ қарама-қарсы сөздерді атау және ажырату (мұғалімнің/немесе иллюстрациялық материалдың көмегімен); 1.2.4.5 көп мағыналы сөздерді атау және ажырату (мұғалімнің/ немесе иллюстрациялық материалдың көмегімен); 1.2.5.1 мәтінге/ иллюстрацияларға қарапайым сұрақтар қою (мұғалімнің көмегімен); 1.2.5.2 иллюстрациялар/ оқылған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру; 1.2.6.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің (жұмбақтар, мақал-мәтелдер) қай жанрға жататынын атау; 1.2.6.2 мұғалімнің көмегімен мәтіннің (өлеңдер, әңгімелер, ертегілер) қай жанрға жататынын атау; 1.2.7.1 әліпби қатарының орналасу тәртібін пайдалана отырып (сөздіктер, анықтамалар,	1.1.3.2 мұғалімнің көмегімен оқиға кезеңдерін сақтай отырып шағын мәтінде баяндау; 1.3.4.1 жанрдың ерекшеліктерін қолдана отырып, мұғалімнің көмегімен қарапайым сөйлемдерді (хабарлама, құттықтау, хат) жазу; 1.3.4.2 мұғалімнің көмегімен жанрдың ерекшеліктерін қолдана отырып, шағын мәтіндерді (хабарлама, құттықтау, хат) жазу; 1.3.5.1 сөздердің, сөйлемдердің жазылуын тексеру және мұғалімнің көмегімен қателерді түзету; 1.3.5.2 мәтіннің жазылуын тексеру және мұғалімнің көмегімен қателерді түзету; 1.3.6.2 тазалық талаптарға сәйкес бас және кіші әріптерді дұрыс жазу; 1.3.6.3 тазалық талаптарға сәйкес әріптердің қосылуын дұрыс жазу; 1.3.6.4 дыбыстарды әріптермен дұрыс белгілеу; 1.3.6.5. каллиграфиялық нормаларға сәйкес жазу; 1.3.7.1 жазылуы мен айтылуында айырмашылығы бар сөздерді көшіру/жазу; (вода, снег, пенал); 1.3.7.2 тасымалдау ережесін сақтау (мұғалімнің көмегімен); 1.3.7.3 жи-ши, ча-ща, чу-щу жазу ережесін қолдану; 1.3.7.4 -чк, -чн, -нщ, -шн жазу ережесін қолдану;

	арқылы әңгіме құрастыру; 1.1.9.3 сөздегі дыбыстарды бөлу, олардың санын анықтау; 1.1.9.4 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; 1.1.9.5 буынды анықтау және белгілеу; 1.1.9.6 жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды ажырату; 1.1.9.7 дауыссыз дыбыстарды ажырату: қатаң, жұмсақ, ұяң, үнді; 1.1.9.8 сөздің дыбыстық сызбасын құру; 1.1.9.9 сөздерді буындарға бөлу; 1.1.9.10 сөздегі буындар саны мен ретін анықтау; 1.1.9.11 сөз басында және Е, Ң, Ю, Я әріптерімен дауысты дыбыстан кейін дыбыстарды белгілеу	балалар энциклопедиялары) дереккөздерден ақпарат табу; 1.2.8.1 әр түрлі жанрдағы мәтіндерді (ертегі, әңгіме, өлең) дайын жоспар бойынша, мұғалімнің сұрақтары бойынша салыстыру; 1.2.9.1 әріптің бейнесін тану және оны дыбыспен салыстыру; 1.2.9.6 дыбысталған дауыстылардың әріп пен дыбыстар санының айырмашылығын анықтау; 1.2.9.7 ь (жіңішкелік белгісі) бар сөздерде дыбыс пен әріп санын анықтау; 1.2.9.8 әріптің орналасуына сәйкес дауысты (жуан/жіңішке), дауыссыз (қатаң, ұяң, үнді) дыбыстардың сөздегі қызметін анықтау; 1.2.9.9 ъ және ь белгілерінің сөздегі қызметін ажырату.	1.3.7.5 өз есімдерінде бас әріпті жазу (мұғалімнің көмегімен); 1.3.7.6 сөйлемнің басында бас әріпті жазу (мұғалімнің көмегімен); 1.3.7.7 сөздің соңында (жіңішкелік белгісі) бар сөздерді жазу; 1.3.7.8 сөздің ортасында ь (жіңішкелік белгісі) бар сөздерді жазу; 1.3.8.1 заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату; 1.3.8.2 бір немесе бірнеше затты білдіретін сөздерді ажырату; 1.3.8.3 "ол", "олар" деген сөздермен сәйкес сөздерді таңдау; 1.3.8.4 сөйлеу кезінде, сөйлеу сәтіне дейін, сөйлегеннен кейін қимылды білдіретін сөздерді айту; 1.3.9.1 сөйлемнің соңында тыныс белгілерін дұрыс қою: нүкте, сұрақ, леп белгісі (мұғалімнің көмегімен)

Ескерту:

1) Бір тоқсанның аясындағы оқыту мақсаттары тілдік әрекетер түрлері бойынша біріктіріледі.

бұйрығына
17-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына
313 - қосымша

Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 1 - 4 сыныптары үшін "Сөйлеу және коммуникацияны дамыту" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 1-4 сыныптары үшін "Сөйлеу және коммуникацияны дамыту" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан

әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 19-бабы 1 тармағына сәйкес әзірленген.

2. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды оқытудың негізгі мазмұны болып, шынайы тұрмыстық жағдайларда білім алушылардың көмексіз бағдарлауына ықпал ететін өмірлік дағдылары, әлеуметтік дұрыс дағдылары, болып табылады. Академиялық білім қалыптастыру аясында таным әрекетін қалыптастырудың бағытталған тәсілдерін игерудегі қиындықтармен негізделген, білім алушылардың мүмкіндіктерінің аздығы байқалады.

3. Бағдарлама мақсаты - білім алушылардың қатынастық қажеттіліктерін және оқу мен жазудың қарапайым дағдыларын қамтамасыз ететін, қатынас құралдарын (сөздік және сөзге қатысы жоқ) қалыптастыру.

4. Бағдарламаның оқу міндеттері:

1) қаратпа сөзді түсінуін және бейвербалды графикалық белгілердің (суреттер, фотолар, пиктограммалар және басқс графикалық бейнелер) мағынасын түсінуін қалыптастыру;

2) тіл арқылы қатынасқа түсуге ынтасын, игерілген дағдыларын тұрмыстық жағдайда қолдануын дамыту;

3) қатынасқа түсі білігін, қатынастың тілдік және балама құралдарын қолданып, қатынастың жалпы тәртіптегі ережелерін сақтай отырып, әңгімені қолдап, аяқтау дағдыларын қалыптастыру;

4) білім алушылардың жеке заттық, тұрмыстық, ойын әрекеттерімен байланысты сөздік қорын молайту.

5. Бағдарламаның түзете-дамыту міндеттері:

1) сабақтарға қызығушылықтарын дамыту, тілдік белсенділігін қолдап, мадақтау;

2) эмоционалды және әлеуметтік-тұлғалық дамуына жағдайлар жасау;

3) жалпы және артикуляциялық моторикасын дамыту, қимылдарының, қол саусақтарының ұсақ моторикасының тепе-тендігін жетілдіру;

4) көру-моторлы тепе тендігін, кеңістік түсініктерін дамыту;

5) еңбекқорлық, шыдамдылық, жұмыс жасауға қабілетін, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

6. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде төмендегіні ескеру қажет:

1) ұжыммен оқу кезінде оқушылардың танымдық белсенділігінің төмендігі;

2) топтық жұмыс барысында мұғалімнің ынталандырушы, реттеуші, жоспарлаушы көмегіне деген реакциясының әлсіздігі;

3) коммуникативтік, реттеуші, жоспарлаушы сөйлеу функцияларының дамымауы;

4) бастауыш сынып оқушыларының өз белсенділігін сақтаудағы және бір сабақ бойы оқу пәнінің мазмұнына зейінін шоғырландырудағы шағын ресурсы;

5) қалыптасатын дағдыларды машықтандырудың қиындықтары.

7. Бастауыш сыныптарда педагогикалық іс - шаралар практикалық дағдыларды игеру тәсілдерін қалыптастыруға бағытталған-мұғалімнің іс-әрекетіне еліктеу, үлгі бойынша жұмыс істеу, ересектер мен балалармен ынтымақтастық.

8. Арнайы педагогика қағидаларына негізделген оқушыларды оқыту және тәрбиелеу процесі оқушылардың өзіндік белсенділігін, мүмкін болатын ең жоғары бастама мен тәуелсіздікті дамытуға ықпал етеді.

9. Педагогтер оқушылардың бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, жеке қарқынмен даму құқығын құрметтейді; үнемі өзгеріп отыратын мүмкіндіктерді зерттейді, білім беру қажеттіліктерін бағалайды, дағдыларды дамыту мен игерудегі минималды ілгерілеулерді тіркейді. Кез-келген прогресс оқуда оң нәтиже ретінде қарастырылады.

10. Педагогтер осы бағдарламадан әрбір оқушы үшін қолжетімді оқу мазмұнын, сондай-ақ оқушылардың білім беру, тұлғалық жетістіктерін бағалаудың жеке мүмкіндіктері мен нәтижелерін ескере отырып, оқыту әдістерін, нысандарын, құралдарын дербес таңдайды.

11. Оқу-тәрбие процесі Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды оқытудың бүкіл кезеңі ішінде пәндік іс-әрекетте құрылады. Оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес пәндік ортаны құру кезінде келесі ережелер орындалады:

1) білім мен дағдыларды жаңа жағдайға көшірудің елеулі қиындықтарына байланысты осы дағдылар пайдаланылатын жағдайға барынша жақын жағдайда жүзеге асыру іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

2) сабақтарды ұйымдастыруға арналған үй-жайларды жарақтандыру нақты өмірлік жағдайларды көрсетуі тиіс;

3) мектептегі әлеуметтік-тұрмыстық және заттық-орта білім алушылардың психофизиологиялық ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылады (қозғалыс белсенділігі үшін, демалу үшін орындар қажет).

4) заттық орта білім алушылардың мүмкіндіктерінің өзгеруіне сәйкес өзгеруге тиіс.

12. Педагог әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын бір сабаққа біріктіреді. Оқытудың интеграцияланған сипаты пәндік оқытуға біртіндеп көшумен мектепте оқудың алғашқы 2-4 жылында пәнсіз оқытумен жүзеге асырылады. Пәнсіз оқыту кезеңінде оқушылардың мақсатты іс-әрекетін ұйымдастыру үшін тақырыптық жоспарлау қолданылады.

13. Бағдарлама оқу жылының әр аптасы үшін түпкілікті тақырыпты анықтайды. Тақырыптар мен олардың реттілігін анықтау кезінде Мен – баламын" концентрациясынан (оқушының өзі туралы түсініктерін қалыптастыру, өзіне деген оң көзқарасын қалыптастыру), "Бала және оның әлемі" концентрациясына (жақын орта:

отбасы, үй, ойыншықтары, өз мектебі, сыныбы, сыныптастары туралы түсініктерін қалыптастыру) өту принципі қолданылды), әрі қарай "Бала және үлкен әлем" концентрациясына (өсімдіктер, жануарлар әлемі, табиғат құбылыстары).

14. Әр сыныпта қайталанатын және біртіндеп кеңеюді, зерттелетін ұғымдардың, сөздіктің, фразеологизмнің, практикалық жаттығулардың күрделілігін қамтитын концентрациялық қағидаға сәйкес қайталанады. Мектептің педагогикалық кеңесі оқушылардың аймақтық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, тақырыптар мен өтпелі тақырыптар тізбегіне өзгерістер енгізе алады.

15. Зияты орташа түрде зақымдалған оқушылардың сөйлеу тілі дамуы (оның болмауына дейін) және қарым-қатынаста айқын қиындықтар бар. Әрбір нақты жағдайда бар проблемалар педагогикалық құралдармен өтеледі.

16. Бағдарлама материалында сөйлеуді түсінуді дамыту, ауызша және балама қарым-қатынас құралдарын қалыптастыру, білім алушылардың көрнекі және тиімді ойлауын дамыту бойынша дәйекті жұмыс құрылады. Педагог тарапынан білім алушылардың өз қызметі мен іс-әрекетін сөйлеу сүйемелдеуі мөлшерленген және түсінуге қолжетімді болуы тиіс.

17. Оқыту процесі тек мазмұнды ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық формаларды да қатаң реттеуді қарастырмайды.

18. Оқу сабағын ұйымдастырған кезде әр оқушыда осындай қажеттілік туындаған кезде қызмет түрін өзгерту немесе демалу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Жеке жұмысты жеке қарқынмен орындау, педагогтің жеке көмегін алу үшін жағдайлар қамтамасыз етіледі.

19. Білім алушыларға сабақ барысында сынып бөлмесінде еркін қозғалуға, оқу тапсырмаларын үстел басында, кілемде, тұрып, сыныптастарымен бірлесіп немесе сыныптастарының жұмысын бақылап отыруға мүмкіндік беріледі.

20. М.Монтессори педагогикалық жүйесін басқа арнайы педагогикалық әдістер мен технологиялармен, соның ішінде PECS карталарын, пиктограммаларды, жаһандық оқу әдісін қолдана отырып, арнайы дайындалған заттық- дамыту ортада қолдану ұсынылады.

21. Білім алушылардың сөйлеу және коммуникативтік дағдылары қалыптасатын негізгі қызмет түрлері:

1) пәндік-практикалық қызмет (еліктеу-орындаушылық, жаттығу, тұрмыстық, шығармашылық);

2) ойын қызметі: (пәндік және дидактикалық, сюжеттік-рөлдік, іскерлік ойындар; заттық модельдеу);

3) қарым-қатынас: (өз қалауларын, білімдерін, іс-әрекеттерін сұрақ немесе жауап түрінде ауызша ресімдеу үлгілерін игеру үшін лексикалық материалды қайталап немесе бірлесіп қайталау, жаттанды сөздер, фразалар, дыбыстарға еліктеулерді айту).

4) оқу қызметі (жаттығулар).

22. Оқыту барысында тәжірибелік және көрнекі әдістер жетекші орын алады. Ауызша әдістер айтарлықтай аз рөл атқарады, олар көрнекі оқыту әдістерін және оқушылардың өзіндік әрекеттерін толықтырады. Педагогтің сөзі дұрыс болуы керек, қосымша ақпараттан арылуы керек. Педагог нақты жаттығулардың түрлерін, оларды сыныпта өткізу тәсілдері мен орнын (жұмыс үстелінде, тақтада, теру алаңында, ойын бұрышында, кілемде) мұқият ойластырады.

23. Көрнекі пәндік құралдарға қойылатын негізгі талаптар:

1) моторлы-қол жетімді, мотивацияланған (арнайы дайындықсыз және ауызша сөйлеу тілін уақытша алмастыратын қарапайым, айналасындағыларға түсінікті) қимылдар, заттар, тым тартымды емес ойыншықтар-қарапайым;

2) манипуляциялау үшін қажет анық суреттер (орналастыру, желімдеу және т. б.);

3) оқушыға таныс адамдар мен нысандардың фотосуреттері;

4) арнайы қарапайым қаріппен жазылған сөздер;

5) клеенка мен картоннан, матадан жасалған ойыншық-кітаптар;

6) оқушылар өз ойындарында қолданатын әртүрлі заттар мен ойыншықтар бейнеленген суреттер;

7) әр оқушының, қызметкерлердің, туыстардың, сүйікті жануарлардың фотосуреттері бар альбомдар;

8) оқушылардың эмоционалдық, тұрмыстық, әлеуметтік және ойын тәжірибесін көрсететін сурет материалы;

9) саусақ театрына арналған қуыршақтар жиынтығы; ертегілерді драматизациялауға арналған бибабо қуыршақтары; жануарлар бейнеленген қолғаптар;

10) сурет салуға арналған тақталар; кілемше, фланелеграф; "сурет салуға арналған тақта"; пиктограммалар.

24. Өмірлік жағдайларды драматизациялау үшін дидактикалық ойындар қолданылады. Ойындарды жүргізу кезінде белгілі бір қарқынмен жүру керек, ойын жаттығуларын студенттерге арналған сұрақтармен қанықтырмау керек. Оқушыларды мұғалім мен сыныптастарының іс-әрекеттерін бақылауға, сыныптастарының жауаптарын тыңдауға, жалпы ойынға қатысу кезегін күтуге үйрету керек.

25. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін сипаттамалық бағалау пайдаланылады, ол білім алушының жетістіктерінің сапалық көрсеткіші болып табылады. Білім алушылардың жетістіктерін сипаттау кезінде дағдыларды меңгерудің дербестік дәрежесі міндетті түрде көрсетіледі: өз бетінше, үлгі бойынша, еліктеу бойынша, көмекші, балама құралдардың көмегімен.

26. Сынып бөлмесіндегі сабақтар мектептің басқа үй-жайларында да, одан тыс жерлерде де (дүкен, пошта, сквер, саябақ, спорт алаңы, тірі бұрыш, кітапхана және басқалар) өткізілетін экскурсиялармен, бақылаулармен кезектесіп отырады.

27. Бағдарламада оқу пәнінің мазмұнын анықтау үшін бағдарлы негіз болатын және білім алушыларды оқытудың жеке бағдарламаларын құру кезінде мұғалім басшылыққа алатын оқыту мақсаттарының жүйесі тұжырымдалған.

28. Бағдарламаның мазмұны ұсынымдық сипатта болады. Мұғалім оқушылардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, кез келген өзгерістер енгізуге құқылы, оның ішінде жеңіл ақыл ойы зақымдалған білім алушылар үшін "Әліппе, Ана тілі" бағдарламасынан жекелеген мақсаттарды қосу есебінен бағдарлама мазмұнының күрделенуін алуға болады.

3-тарау. "Сөйлеу және коммуникацияны дамыту" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. "Сөйлеу және коммуникацияны дамыту" оқу пәнінің мазмұны

29. "Сөйлеу және коммуникацияны дамыту" оқу пәні бойынша 1-4 сыныптарда оқу жүктемесі:

1) 1-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында 132 сағатты құрайды;

2) 2-сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты құрайды;

3) 3-сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты құрайды;

4) 4-сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты құрайды.

Пәннің оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы типтік оқу жоспарына сәйкес жасалды (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген).

30. "Тіл дамыту" оқу пәнінің Бағдарлама мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) "Тіл дамыту";

2) "Қатынас";

3) "Графомоторлы дағдыларды және жазу элементтерін дамыту".

31. "Тіл дамыту" бөлімі келесі бөлімшелерді құрайды:

1) сөйлеу кезіндегі тыныс алу және артикуляциялық моторика;

2) сөйлеу тілін түсіну;

3) айтылым;

4) оқу элементтері.

32. "Қатынас" бөлімі:

1) қатынастық іс-әрекет:

2) тіл арқылы қатынас жасау.

33. "Графомоторлы дағдыларды және жазу элементтерін дамыту" бөлімі келесі бөлімшелерді құрайды:

1) қолдың моторикасы;

2) көру-моторлы тепе тендік пен кеңістіктік түсініктер;

3) жазу элементтері.

34. "Сөйлеу және коммуникацияны дамыту" пәнінің 1 сыныптағы базалық мазмұны :

1) тіл дамыту. Сөйлеу кезіндегі тыныс алуы және артикуляциялық моторика: жатып , отырғанда және тұрғанда сөйлеу кезіндегі тыныс алуын дамытуға арналған жаттығуларды орындау, тамаққа алақанның көмегімен дауыс перделерінің дірілін сезіну. Дауысты, тіл мен еріннің қозғалғыштығын дамыту. Мұғалімнің бет-әлпетіне және оның іс-әрекетіне еліктеу (күлімсіреу, қайғыру, бетті жабу, ауызды жабу, ұртқа үрлеу, еріндерден түтікше жасап созу, тілді шығару). Сөйлеу тілін түсіну: сөзге қатысы жоқ дыбыстарды тану және ажырату (табиғат көше, музыкалық аспаптардың дыбыстары, дыбыстық ойыншықтар). Дыбыс күшін ажырату (қатты, тыныш), меңзегіш қимылды түсіну және қолдану. "Қайда?" сұрағына жауап ретінде затты табу (қарау, демонстрациялық қимыл, сөз: мұнда, анда). Дыбыстық сигнал бойынша ойын әрекетін орындау, ым-ишара бойынша, екі сөзден тұратын нұсқаулар бойынша, мысалы, " Қуыршақты бер". "Қолыңды бер", "Допты ал" сияқты сөйлемдерді түсіну. Таныс заттар мен әрекеттерді тану және атау; ойыншықтармен жаттығулар жасау: "Аюдың қалай секіретінін көрсет?" және суреттермен, мысалы: "Аюдың отырғанын көрсет?". Фотосуреттерде, суреттерде және сюжеттік суреттерде бейнеленген таныс заттар мен әрекеттерді тану және атау. Заттың, іс-әрекеттің оның кескінімен байланысы (түрлі-түсті сурет, ақ-қара, контурлық, жартылай сурет). Мұғалімнің сипаттамасы бойынша заттарды, ойыншықтарды тану (бір-екі белгісі бойынша). Сюжеттік суреттерді тану және табу. Аудио-бейнежазбаны қолдана отырып, қысқа өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау. Мұғалім шығарған әр түрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (тақпақтар, өлеңдер, сөйлемдер, ертегілер). Айтылым: мұғалімнің соңынан дыбыстарды және буындарды қайталау (қа-қа, мә-мә, иа-иа), қысқа тақпақтарды ойын жағдайларында қайталау. Тыңдағанның мазмұны бойынша, мұғалімнің көмегімен, сұрақтарға сөзбен, қимылмен жауап беру арқылы әңгімеге қатысу. Мұғалімін айтқан қысқа тақпақтарын жаттап, қарапайым қимылдармен байланыстыру. Ойын әрекеттерін дыбысқа еліктеу, ым-ишара, сөздер, қимылдармен үйлестіру. Суреттерді, сөздер жазылған карточкаларды қолданып, сөйлемдерді интонациясын келтіріп, педагогтің соңынан қайталау. Мұғаліммен бірге таныс ертегіні ойыншыққа сүйене отырып, айтып беру. Оқу элементтері: балаларға арналған кішкентай кітапшалардағы суреттерді қарап, беттерін ашып, тақыптар бойынша кітапшалар жасау, мұғаліммен (ата аналармен) бірге, оқушының өмірінен алынған, баланың қызығуына қатысты жағдайлар бейнеленген фотолардан жеке кітапшасын (альбом) жасау. Өзінің және сыныптастарының аттары жазылған карточкаларды сәйкестендіріп, іріктеу. Ұсынылған сөзді басқа сөздер ішінен танып, шапалақ соғу, карточкаларды көтеру. Заттар, әрекеттер, белгілерге сәйкес атаулары жазылған карточкалармен сәйкестендіру. Ұсынылатын көркем әдебиет тізімі: балаларға арналған шағын фольклор түрлері,

халық ертегілері, тақпақтары: "Ақ қоян", "Аю отыр партада", "Қошақанды кайрау", " Тәй-тәйқуыршақ" (Ұ.Есдәулетұлы), "Ал, санаңдар!", "Ата ақылы" (С.Мәуленов), " Сыйлаймын" (Ш.Мұхамеджанов), "Қуыр, қуыр, қуырмаш", ертегілер: "Үш аю", " Бауырсақ", "Үйшік", "Маша мен аю", мазақтамалар: "Ерке", "Тәттіқұмар".

2) қатынас. Қатынастық іс-әрекет: қатынас жағдайына жағымды эмоционалды қатынасты білдіру. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне қарау, әңгімелесушімен көз байланысын орнату. Өз бетін айнадан көру, зерттеу, "Айнадан не көрдің?" сұрағына жауап беру. Өз атын естігенде әрекет білдіру, жауап беру. Басқа адамның эмоционалды күйлерін (қуаныш, ашулану, қорқыныш) көрсету және тану. Әңгімелесушімен сәлемдесу және қоштасу, қимыл, сөз, әрекет арқылы (басын изеу, қолын созу, күлу). Әңгімелесушімен ым-ишара, сөз, әрекет (басты изеу, қолды созу, күлімдеу) арқылы амандасу, қоштасу. Өзіне назар аудару, келісу-келіспеуін дыбыс, ым-ишара, сөзбен, басын изеу арқылы жеткізу. Дыбыс, ым-ишара, пиктограмма, сөз қолдану арқылы көмек сұрауын білдіру. Өзінің қалауын көзімен, ым-ишара (бас изеу, күлімсіреу), сөз, іс-әрекет арқылы білдіру. Тіл арқылы қатынас жасау: әңгімелесушімен көз арқылы қатынас орнату, әңгіме барысында арақашықтық, кезектілік сақтау. Сұрақтар қою, әңгімелесі кезінде берілген тақырып бойынша диалогты қолдау. Мұғалімнің көмегі арқылы, өз әрекеттерін сөзбен үйлестіру. Мұғаліммен бірге суреттерді, пиктограммаларды және сөздер жазылған карталарды қолдана отырып, ойыншық, сүйікті заттарын сипаттайтын 1-3 қысқа сөйлем құрастыру. Адамдардың, жануарлардың қимылдары мен бейнелеріне еліктеу ойындарына, таныс ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді драматизациялау ойындарына қатысу. Ойын жағдайларын жеке сөздермен, қимылдармен және іс-әрекеттермен байланыстыру. Мерекеде, күнделікті өмірде, дүкенде, саябақта әртүрлі жағдайларда басқалармен сөз арқылы қатынасқа түсуге дайындығын және ұмтылуын білдіру;

3) графомоторлы дағдыларды және жазу элементтерін дамыту. Қолдың моторикасы : мұғалімнің қолы, саусағының және қолының ерікті қимылдарын бақылау, мұғалімге еліктеп, қарапайым қимылдарды орындау. Әр түрлі заттарды қолдана отырып массаж жаттығуларын жасау. Қарындаш пен қылқаламды, борды дұрыс ұстап үйрену (қарындашты жұдырықпен ұстамай, қағазды бос қолымен ұстау). Көру-моторлы тепе тендік пен кеңістіктік түсініктерін үйлестіру: түсі (сары, қызыл, көк) және өлшемі (қысқа - ұзын) таяқшалар немесе қағаз жолақтары (1-5 таяқша) бойынша таңдау және топтастыру. Геометриялық пішіндердің жолақтарынан көрсету бойынша құру (1-2 пішін). Мұғалімнің іс-әрекетіне еліктеп, таяқшалардан, пластилиннен, қамырдан, сымнан әр түрлі заттарды құру (қоршау, шөп, орындық, үстел, тарақ). Мұғалімнің сурет салуын қарап, бақылау (құм мен жармада, тақтада бормен немесе қылқаламмен, маркермен үлкен парақта). Саусақпен, қарындашпен, маркермен әр түрлі кеңістіктерде (ватман, жарма, клеенка) сурет еркін сурет салу. Оқушының алақанын қағазға (құм, жарма, тақта) жағу, мұғалімнің көмегімен өз алақанында саусақпен (қарындашпен,

бормен, қылқаламмен, таяқшамен) сызу. Трафарет бойынша дөңгелектеу (таныс заттар, геометриялық пішіндер), оларды бояу. Үлгі бойынша 2 элементтен тұратын жолақта және шеңберде өрнек жасау. Әр түрлі сызықтардан, пішіндерден, бейнелерден жиектердің кең жолында (10 см) сурет салу, жұмысты солдан оңға қарай жүргізу. Жазу элементтері: нүктелерді саусақпен "жазуды" орындау (әртүрлі әдістерді қолдану). Көлденең (жол) және тік (шөп, қоршау) сызықтарды саусақпен құмға, жармаға, парақка қарындашпен "жазу". Қағаз парағында түзу және қисық, қисық сызықтар "жазу". Карточкаға жазылған өз атын сызықтар сызылмаған парақка қарындашпен, маркермен, қаламмен жазу.

35. "Тіл дамуының кемшіліктерін түзету" пәнінің 2 сыныптағы базалық мазмұны: 1) "Тіл дамыту" бөлімі. Сөйлеу кезіндегі тыныс алу және артикуляциялық моторика: жату , отыру және тұру қалпында сөйлеу кезіндегі тыныс алуын дамытуға арналған жаттығуларды орындау, тамақты ұстап, алақанның көмегімен дауыс перделерінің дірілін сезіну. Дауысты, тіл мен еріннің қозғалғыштығын дамыту. Суреттерге сәйкес үлгі бойынша артикуляциялық гимнастиканы орындау. Сөйлеу тілін түсіну: сөзге қатысы жоқ дыбыстарды тану және ажырату (табиғат дыбыстары, көшедегі, музыкалық аспаптар, дыбыс шығаратын ойыншықтар). Дыбыстың күші мен темпін ажырату (қатты , ақырын, жылдам, баяу), көрсету қимылын түсіну және қолдану; сұраққа жауап ретінде тақырыпты табу: қайда? (көрсету қимылымен, сөзбен: Анда, мұнда, осында). Дыбыстық белгі (шапалақ, қоңырау, ысқырық) бойынша екі сөзден құралған нұсқау бойынша ойын әрекетін орындау. Таныс заттар мен әрекеттерді суреттерден тану және атау; ойыншықтармен жаттығулар жасау: "Аюдың қалай секіретінін, ұйықтайтынын, жуынатынын көрсет?". Мысалы: "Аюдың жатқанын көрсет?". Фотосуреттерде, суреттерде және сюжеттік суреттерде бейнеленген таныс заттар мен әрекеттерді тану және атау. Суретте бейнеленген затты, әрекетті оның бейнесімен салыстыру (түрлі-түсті сурет, ақ-қара, контурлық сурет). Аудио-бейнежазбаны қолдана отырып, қысқа өлеңдер, ертегілер, әңгімелерді тыңдау. Аудио-бейнежазбаны қолдана отырып, қысқа өлеңдер, ертегілер, әңгімелерді тыңдау. Мұғалім айтқан әртүрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (тақпақтар, өлеңдер, сөйлемдер, ертегілер). Айтылым: мұғалімнің соңынан дыбыстарға еліктеу, буын, сөздер, тақпақтарды ойын жағдайында қайталау. Тыңдағанның мазмұны бойынша, мұғалімнің көмегімен, сұрақтарға сөзбен, қимылмен, суретпен жауап беру арқылы әңгімеге қатысу. Мұғалімнің сөзінен тақпақтарды жаттау және айтып, қимылдармен үйлестіру. Педагогтің соңынан сөйлемдерді дұрыс интонациямен, суреттер, сөздер жазылған карточкаларды қолданып, қайталау. Таныс ертегіні суреттерге сүйеніп, мұғалімнің көмегімен айтып беру. Оқу элементтері: балаларға арналған кішкентай кітапшалар, журналдардағы суреттерді қарау. Кітапшаларды парақтап, сурет бейнеленген бетті табу. Тақырып бойынша ата-аналар, педагогтің көмегімен кішкентай кітапшалар жасау. Оқушының өмірі мен қызығушылықтары бейнеленген фотолардан кітапша, (альбом) жасау. Отбасы

мүшелері мен мұғалімдердің аты-жөні жазылған тақтайшаларды тану және таңдау. Заттық, сюжеттік суреттерге және жалпылау карталарына негізделген сөздерді тану және атау, мысалы: үстел, орындық, шкаф, жиһаз. Заттарға арналған іс-қимыл атаулары бар карталарды іріктеу, мысалы: ұшақ ұшады, құс ұшады, зымыран ұшады. Заттардың әртүрлі белгілерін көрсететін карталарды таңдау. Ұсынылатын көркем әдебиет тізімі төмендегідей болады: санамақтар: "Ақ қоян", "Аю", "Бір үйде біз нешеуміз", "Ал, санаңдар!", "Ал санайық, санайық", "Кел санайық!", тақпақтар: "Қазақстан – Республикам менің" (Д.Әбілев), "Күзгі жапырақтар" (Қ.Шаңғытбаев), "Отан" (Е.Өтетілеуұлы), "Көкөніс" (Ғ.Өкеев), "Қуыр, қуыр, қуырмаш", ертегілер: "Үш аю", " Бауырсақ", "Үйшік", "Мақта қыз бен мысық", "Арыстан мен түлкі", әңгімелер: " Неліктен ойнамайды?", "Ұшқан ұя", "Немере", "Шие тергенде", "Жалқау немере", мазақтамалар: "Ерке", "Тәттіқұмар", "Ашқарақ", "Мақтаншақ", Сөздік ойындар: " Ойынға шақыру", "Қаламақ", "Тышқан мен мысық".

2) қатынас. Қатынастық іс-әрекет: қатынас жағдайына жағымды эмоционалды қатынасты білдіру. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне қарау, әңгімелесушімен көз байланысын орнату. Өз бетін айнадан көру, зерттеу, бөліктерін көрсету, атау. " Айнадан не көрдің?" сұрағына жауап беру. Өз атын естігенде әрекет білдіру, жауап беру. Ересектермен қатынас кезінде есімін, фамилиясын, жынысын білу, қолдану. Басқа адамның эмоционалды күйлерін (қуаныш, ашулану, қорқыныш, тандану) көрсету және тану. Әңгімелесушімен сәлемдесу және қоштасу, қимыл, сөз, әрекет арқылы (басын изеу, қолын созу, күлу). Әңгімелесушімен сәлемдесу және қоштасу, қимыл, сөз, әрекет арқылы (басын изеу, қолын созу, күлу). Өзіне назар аудару, келісу-келіспеуін дыбыс, ым-ишара, сөзбен, басын изеу арқылы жеткізу. Дыбыс, ым-ишара, пиктограмма , сөз қолдану арқылы көмек сұрауын білдіру. Өзінің қалауын көзімен, ым-ишара (бас изеу, күлімсіреу), сөз, іс-әрекет арқылы білдіру. Ризашылығын көзімен, ым-ишара (бас изеу, күлімсіреу, қол созу), сөз, іс-әрекет арқылы білдіру. Тіл арқылы қатынас жасау: әңгімелесушімен арақашықтық пен кезектілік сақтау. Сұрақтар қою, берілген тақырып бойынша диалогты қолдау. Өз әрекеттерін сөзбен үйлестіру (мұғаліммен бірге). Мұғалімнің көмегімен қысқа сөйлемдер құрастыру, есімдіктерді қолдану-менікі (менің) , сенікі (сенің) ойыншық, сүйікті заттар туралы, суреттерді, пиктограммаларды және сөз карталарын қолдану. Адамдардың, жануарлардың, құстардың қимылдары мен бейнелеріне еліктеу ойындарына қатысу. Мұғалімнің қимылдарын көрсету және оқушыларға таныс ертегілерді, әңгімелерді, өленderді драматизациялау ойындарында бейнеге сәйкес келетін ойыншықты, затты таңдау. Рөлге сәйкес ойын жағдайларын жеке сөздермен, қимылдармен және іс-әрекеттермен сүйемелдеу. Рөлдік сәйкестендіруге арналған сөйлеумен жұптық ойындарға қатысу. Жануарлардың, адамдардың, құстардың бейнелері мен қимыл қозғалыстарын білдіретін ойын-имитацияларға қатысу. Мұғалімнің қозғалыстарын оқушының қайталауы, ойыншық, заттарды бейнеге сәйкес таныс ертегі, әңгіме, тақпақтарды қолданып,

ойын-драматизацияда қолдану. Рөлге сәйкес ойын жағдайларын жеке сөздермен, қимылдармен және іс-әрекеттермен сүйемелдеу. Тіл арқылы рөлдік сәйкестендіруге арналған жұптық ойындарға қатысу;

3) графомоторлы дағдылармен жазу элементтерін дамыту. Қолдың моторикасы: қол , саусақ және қолының ерікті қимылдарын еліктеп, үлгі бойынша орындау. Саусақтардың қарапайым қалыптарын үлгі бойынша орындау және ұстап тұру. Көру-моторлы тепе тендік пен кеңістіктік түсініктерін үйлестіру: геометриялық пішіндердің жолақтарынан үлгі бойынша құру (1-2 пішін). Таяқшалардан, пластилиннен, қамырдан, сымнан әр түрлі заттарды үлгі бойынша, есте сақтауы бойынша (қоршау, шөп, орындық, үстел, тарақ) құру. Мұғалімнің сурет салуын бақылау (құм мен жармада, бормен тақтада немесе қылқаламмен, маркермен, қарындашпен, үлкен қағазда маркермен). Саусақпен, қарындашпен, маркермен әр түрлі беттерге (ватманға, жармаға, клеенкаға) еркін сурет салу. Оқушының алақанын қағазға (құм, жарма, тақта) төсеу. Мұғалімнің көмегімен өз алақанын саусағымен (қарындашпен, бормен, қылқаламмен, таяқшамен) сызу. Трафарет пен шаблондар бойынша шеңбер (таныс заттар, геометриялық пішіндер) сызу, бояу. Үлгі бойынша 2 элементтен тұратын жолақта және шеңберде өрнек жасау. Әр түрлі сызықтардан, пішіндерден, бейнелерден жиектердің кең жолында (10 см) сурет салу, жұмысты солдан оңға қарай жүргізу. Жазу элементтері: нүктелерді саусақпен "жазуды" орындау (әртүрлі әдістерді қолдану). Көлденең (жол) және тік (шөп, қоршау) сызықтарды саусақпен құмға, жармаға, параққа қарындашпен "жазу". Қағаз парағында түзу және қисық сызықтарды "жазу". Карточкаға жазылған өз есімін сызықтар сызылмаған параққа қарындашпен, фломастермен, қаламмен жазу. Карточкалардан сөздерді кішкентай кітапшаларға көшіріп жазу.

36. "Тіл дамуының кемшіліктерін түзету" пәнінің 3 сыныптағы базалық мазмұны:

1) тіл дамыту. Сөйлеу кезіндегі тыныс алу және артикуляциялық моторика: жату, отыру және тұру қалпында сөйлеу кезіндегі тыныс алуын дамытуға арналған жаттығуларды орындау. Терең диафрагмалды-қабырғалық тыныс алуды дамыту (шусыз бірқалыпты тыныс алу мен дем шығару). Қимылдардың көлемі мен біркелкілігін жақсартуға арналған артикуляциялық жаттығуларды орындау. Сөйлеу тілін түсіну: заттың, құбылыстың, әрекеттің дыбысын тану және ажырату (күн күркірейді, машина сигнал береді, есік ашылады). Дыбыстың күші мен қарқынын ажырату (қатты, тыныш, жылдам, баяу), дыбыстық жиілікті есту қабілетін дамыту, мысалы: "үлкен қоңырау-кішкентай қоңырау" ойыны. Ойын әрекетін дыбыстық сигнал бойынша, ым-ишара бойынша, екі сөзден тұратын сөздік нұсқау бойынша орындау. Фотода, суреттерде және сюжеттік суреттерде бейнеленген, таныс заттар мен әрекеттерді тану және атау; ойыншықтармен және суреттермен жаттығулар жасау, мысалы: "Сен ата, мен көрсетемін". таныс заттар мен әрекеттерді тану және атау. Заттың, іс-әрекеттің оның кескінімен байланысы (түрлі-түсті сурет, ақ-қара, контурлық, жартылай сурет).

Аудио-бейнежазбаны қолдана отырып, қысқа өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау. Мұғалім шығарған сөйлеу интонациясын тыңдау және ажырату (тақпақтар, өлеңдер, сөйлемдер, ертегілер). Оқушылар меңгерген есімдік + зат есім үлгісіндегі, екі сөзден тұратын сөйлемдер құрастыру. Айтылым: (аааа- қыз жылап жатыр, уууу- қасқырдың ұлуы) дыбыстау, дыбыстарға еліктеу, буындар мен сөздерді, тақпақты ойын жағдайында қайталау. Тыңдағанның мазмұны бойынша, мұғалімнің көмегімен, сұрақтарға жауап беру арқылы ым-ишара, сөз, сурет, сөйлем арқылы әңгімеге қатысу. Мұғалімнің сөздерінен үйрену және қарапайым қимылдармен сүйемелденетін қысқа (есте сақтау бойынша 1-4 жол) тақпақтарды айту. Ойын әрекеттерін ым-ишара, қимылдармен, сөздермен үйлестіру. Өлеңдерді, шағын тақпақтарды жалғастырып айту, содан кейін оларды өз бетінше айту, "сөйлем" терминінің мағынасын түсіну, сөйлемді шартты белгімен белгілеу – ұзын жолақ. Мұғаліммен бірге иллюстрацияға сүйене отырып, таныс ертегіні әңгімелеп беру. Оқу элементтері: балаларға арналған кішкентай кітапшалардағы суреттерді қарап тамашалау. Кітап беттерін ашу, ертегі, әңгіменің басын табу. Мұғаліммен (ата - аналармен) бірге балаларға арналған тақырыптық кітаптар жасау. Оқушының өміріндегі оқиғалар мен қызығушылықтарды бейнелейтін фотосуреттермен оқушының жеке кітабын (альбомын) құру. Өзінің аты жазылған картаны тану және пайдалану. "Сөз" терминінің мағынасын түсіну, Кім? Не? сұрақтары бойынша карталарды таңдау. Элементтерге арналған іс-қимылдардың атаулары бар карталарды таңдау, мысалы: бала жатыр, жүгіріп келеді, бала отыр. Заттардың белгілерінің атауы жазылған карточкаларды таңдау: мөлшері, түсі және пішіні бойынша. Ұсынылатын көркем әдебиет тізімі төмендегідей болады: сөздік ойындар: " Қаламақ", "Тышқан мен мысық", тақпақтар: "Қой" (Т.Жексенбай), "Кірқоймас" (К.Чуковский аударған| Ф.Оңғарсынова), "Тазалықтың досы" (А.Меңжанова), "Көмек" (Н.Айтов), "Әже", "Доп", "Достық", "Біздің әулет" (Б.Кірісбаев), әңгімелер: "Үй хайуандары" (М. Дулатов), "Салақтық" (Ы.Алтынсарин), ертегілер: "Ит пен мысық адамға қалай дос болды?", "Күшік пен мысық", "Жеті қазынаның бірі" (Халық ауыз әдебиеті), мазақтамалар: "Ерке", "Тәттіқұмар", "Ашқарақ", "Мақтаншақ", Сөздік ойындар: "Ойынға шақыру", "Қаламақ", "Тышқан мен мысық".

2) қатынас. Қатынастық іс-әрекет: қатынас жағдайына жағымды эмоционалды қатынасты білдіру. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне қарау, әңгімелесушімен көз байланысын орнату. Өзін айнадан, сыныптасын, мұғалімді қарап, бақылау. Ересектермен қатынас кезінде есімі мен тегін қолдану. Сөйлеушінің заттарын атау (бетінің бөліктері, киімдер). Басқа адамның эмоционалды күйлерін (қуаныш, ашулану, қорқыныш, тандану, байсалдылық) көрсету және тану. Әңгімелесушімен сәлемдесу және қоштасу, қимыл, сөз, әрекет арқылы (басын изеу, қолын созу, сәлем, сау бол). Өзіне назар аудару, келісу-келіспеуін дыбыс, ым-ишара, сөзбен, фраза арқылы жеткізу. Дыбыс, ым-ишара, пиктограмма, сөз, фраза қолдану арқылы көмек сұрауын білдіру. Өзінің қалауын көзімен, ым-ишара (бас изеу, күлімсіреу), сөз, фраза арқылы білдіру.

Ризашылығын көзімен, ым-ишара (бас изеу, рахмет), сөз, іс-әрекет арқылы білдіру. Тіл арқылы қатынас жасау: әңгімелесушімен арақашықтық пен кезектілік сақтау. Сұрақтар қою, берілген тақырып бойынша диалогты қолдау. Өз әрекеттерін сөзбен үйлестіру (мұғаліммен бірге). Мұғалімнің көмегімен сүйікті заттары туралы суреттер, пиктограммалар, сөздер жазылған карталар арқылы 1-3 қысқа сипаттама сөйлемдер құрастыру. Адамдардың, жануарлардың, құстардың қимылдары мен бейнелеріне, таныс ертегі, әңгімелердің, тақпақтардың мәтінін қолданып, еліктеу ойындарына қатысу. Атқаратын рөліне сәйкес, ойын жағдайларын жеке сөздер, ым-ишара, қимылдармен үйлестіру. Өзінің ойын кезіндегі рөлдік диалогына қатысу;

3) графомоторлы дағдылар мен жазу элементтерін дамыту. Қолдың моторикасы: қол, саусақ және қолының ерікті қимылдарын еліктеп, есте сақтауы бойынша орындау. Саусақтардың қарапайым қалыптарын үлгі және сөздік нұсқау бойынша орындау және ұстап тұру. Әртүрлі заттарды (доптар, сақинашалар, қарындаштар) қолданып, массаж жаттығуларын орындау. Қарындаш, қылқалам, бор, қаламды дұрыс ұстау (жұдырықпен қыспай, еркін қолмен парақты ұстап). Көру-моторлы тепе-тиендік пен қеңістіктік түсініктер: түсі (сары, қызыл, көк, жасыл, ақ, қара) және өлшемі (қысқа, орташа, ұзын) таяқшалар немесе қағаз жолақтары (2-8 таяқша) бойынша таңдау және топтастыру. Геометриялық пішіндердің жолақтарынан үлгі бойынша құру (2-4 пішін). Таяқшалардан, пластилиннен, қамырдан, сымнан, есте сақтауы бойынша әр түрлі заттарды құрастыру. Мұғалімнің тақтада бормен немесе қылқаламмен, маркермен, қарындашпен, үлкен қағазда сурет салуын бақылау. Саусақпен, қарындашпен, маркермен әр түрлі тегістіктерде (ватманға, жармаға, клеенкаға) еркін сурет салу. Өз алақаны саусағымен (қарындашпен, бормен, қылқаламмен, таяқшамен) сызу, мұғалімнің көмегімен композициялар жасау. Әріптерге ұқсайтын нысандарды салу. Трафарет, сұлба бойынша сызу (таныс заттар, геометриялық пішіндер). Оларды бояу. Жолақшада, шаршыда, дөңгелекте АТАТ, ААТТААТТ, ААТААТ сызбасы бойынша оюлар жазу. Әр түрлі сызықтардан, пішіндерден, бейнелерден жиектердің кең жолында (5 см) сурет салу, жұмысты солдан оңға қарай жүргізу. Жазу элементтері: нүктелерді саусақпен "жазуды" орындау (әртүрлі әдістерді қолдану). Құмда, жармада, қарындашпен парақ бетіне әртүрлі бағыттарда жазу. Парақ бетінде тік және көлденең (тік, қисық, ирек) сызықтарды "жазу". Карточкаға жазылған өз есімін сызықтар сызылмаған параққа қарындашпен, фломастермен, қаламмен жазу. Карточкалардан сөздерді кішкентай кітапшаларға көшіріп жазу.

37. "Тіл дамуының кемшіліктерін түзету" пәнінің 4 сыныптағы базалық мазмұны:

1) тіл дамыту. Сөйлеу кезіндегі тыныс алу және артикуляциялық моторика: жату, отыру және тұру қалпында сөйлеу кезіндегі тыныс алуын дамытуға арналған жаттығуларды орындау. Терең диафрагмалды-қабырғалық тыныс алуды дамыту (шусыз бірқалыпты тыныс алу мен дем шығару). Артикуляциялық жаттығуларды өз бетінше үлгі, сурет, есте сақтауы, сөздік нұсқау бойынша орындау. Сөйлеу тілін түсіну:

1) моторлы-қол жетімді, мотивацияланған (арнайы дайындықсыз және ауызша сөйлеу тілін уақытша алмастыратын қарапайым, айналасындағыларға түсінікті) қимылдар, заттар, тым тартымды емес ойыншықтар-қарапайым;

2) манипуляциялау үшін қажет анық суреттер (орналастыру, желімдеу және т. б.);

3) оқушыға таныс адамдар мен нысандардың фотосуреттері;

4) арнайы қарапайым қаріппен жазылған сөздер;

5) клеенка мен картоннан, матадан жасалған ойыншық-кітаптар;

6) оқушылар өз ойындарында қолданатын әртүрлі заттар мен ойыншықтар бейнеленген суреттер;

7) әр оқушының, қызметкерлердің, туыстардың, сүйікті жануарлардың фотосуреттері бар альбомдар;

8) оқушылардың эмоционалдық, тұрмыстық, әлеуметтік және ойын тәжірибесін көрсететін сурет материалы;

9) саусақ театрына арналған қуыршақтар жиынтығы; ертегілерді драматизациялауға арналған бибабо қуыршақтары; жануарлар бейнеленген қолғаптар;

10) сурет салуға арналған тақталар; кілемше, фланелеграф; "сурет салуға арналған тақта"; пиктограммалар.

24. Өмірлік жағдайларды драматизациялау үшін дидактикалық ойындар қолданылады. Ойындарды жүргізу кезінде белгілі бір қарқынмен жүру керек, ойын жаттығуларын студенттерге арналған сұрақтармен қанықтырмау керек. Оқушыларды мұғалім мен сыныптастарының іс-әрекеттерін бақылауға, сыныптастарының жауаптарын тыңдауға, жалпы ойынға қатысу кезегін күтуге үйрету керек.

25. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін сипаттамалық бағалау пайдаланылады, ол білім алушының жетістіктерінің сапалық көрсеткіші болып табылады. Білім алушылардың жетістіктерін сипаттау кезінде дағдыларды меңгерудің дербестік дәрежесі міндетті түрде көрсетіледі: өз бетінше, үлгі бойынша, еліктеу бойынша, көмекші, балама құралдардың көмегімен.

26. Сынып бөлмесіндегі сабақтар мектептің басқа үй-жайларында да, одан тыс жерлерде де (дүкен, пошта, сквер, саябақ, спорт алаңы, тірі бұрыш, кітапхана және басқалар) өткізілетін экскурсиялармен, бақылаулармен кезектесіп отырады.

27. Бағдарламада оқу пәнінің мазмұнын анықтау үшін бағдарлы негіз болатын және білім алушыларды оқытудың жеке бағдарламаларын құру кезінде мұғалім басшылыққа алатын оқыту мақсаттарының жүйесі тұжырымдалған.

28.Бағдарламаның мазмұны ұсынымдық сипатта болады. Мұғалім оқушылардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, кез келген өзгерістер енгізуге құқылы, оның ішінде жеңіл ақыл ойы зақымдалған білім алушылар үшін "Әліппе, Ана тілі" бағдарламасынан жекелеген мақсаттарды қосу есебінен бағдарлама мазмұнының күрделенуін алуға болады.

3-тарау. "Сөйлеу және коммуникацияны дамыту" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. "Сөйлеу және коммуникацияны дамыту" оқу пәнінің мазмұны

29. "Сөйлеу және коммуникацияны дамыту" оқу пәні бойынша 1-4 сыныптарда оқу жүктемесі:

1) 1-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында 132 сағатты құрайды;

2) 2-сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты құрайды;

3) 3-сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты құрайды;

4) 4-сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты құрайды.

Пәннің оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы типтік оқу жоспарына сәйкес жасалды (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

30. "Тіл дамыту" оқу пәнінің Бағдарлама мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) "Тіл дамыту";

2) "Қатынас";

3) "Графомоторлы дағдыларды және жазу элементтерін дамыту".

31. "Тіл дамыту" бөлімі келесі бөлімшелерді құрайды:

1) сөйлеу кезіндегі тыныс алу және артикуляциялық моторика;

2) сөйлеу тілін түсіну;

3) айтылым;

4) оқу элементтері.

32. "Қатынас" бөлімі:

1) қатынастық іс-әрекет:

2) тіл арқылы қатынас жасау.

33. "Графомоторлы дағдыларды және жазу элементтерін дамыту" бөлімі келесі бөлімшелерді құрайды:

1) қолдың моторикасы;

2) көру-моторлы тепе тендік пен кеңістіктік түсініктер;

3) жазу элементтері.

34. "Сөйлеу және коммуникацияны дамыту" пәнінің 1 сыныптағы базалық мазмұны :

1) тіл дамыту. Сөйлеу кезіндегі тыныс алуы және артикуляциялық моторика: жатып , отырғанда және тұрғанда сөйлеу кезіндегі тыныс алуын дамытуға арналған жаттығуларды орындау, тамаққа алақанның көмегімен дауыс перделерінің дірілін сезіну. Дауысты, тіл мен еріннің қозғалғыштығын дамыту. Мұғалімнің бет-әлпетіне және оның іс-әрекетіне еліктеу (күлімсіреу, қайғыру, бетті жабу, ауызды жабу, ұртқа үрлеу, еріндерден түтікше жасап созу, тілді шығару). Сөйлеу тілін түсіну: сөзге қатысы жоқ дыбыстарды тану және ажырату (табиғат көше, музыкалық аспаптардың дыбыстары, дыбыстық ойыншықтар). Дыбыс күшін ажырату (қатты, тыныш), меңзегіш қимылды түсіну және қолдану. "Қайда?" сұрағына жауап ретінде затты табу (қарау, демонстрациялық қимыл, сөз: мұнда, анда). Дыбыстық сигнал бойынша ойын әрекетін орындау, ым-ишара бойынша, екі сөзден тұратын нұсқаулар бойынша, мысалы, " Қуыршақты бер". "Қолыңды бер", "Допты ал" сияқты сөйлемдерді түсіну. Таныс заттар мен әрекеттерді тану және атау; ойыншықтармен жаттығулар жасау: "Аюдың қалай секіретінін көрсет?" және суреттермен, мысалы: "Аюдың отырғанын көрсет?". Фотосуреттерде, суреттерде және сюжеттік суреттерде бейнеленген таныс заттар мен әрекеттерді тану және атау. Заттың, іс-әрекеттің оның кескінімен байланысы (түрлі-түсті сурет, ақ-қара, контурлық, жартылай сурет). Мұғалімнің сипаттамасы бойынша заттарды, ойыншықтарды тану (бір-екі белгісі бойынша). Сюжеттік суреттерді тану және табу. Аудио-бейнежазбаны қолдана отырып, қысқа өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау. Мұғалім шығарған әр түрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (тақпақтар, өлеңдер, сөйлемдер, ертегілер). Айтылым: мұғалімнің соңынан дыбыстарды және буындарды қайталау (уа, иго-го-го, ко-ко), қысқа тақпақтарды ойын жағдайларында қайталау. Тыңдағанның мазмұны бойынша, мұғалімнің көмегімен,

сұрақтарға сөзбен, қимылмен жауап беру арқылы әңгімеге қатысу. Мұғалімін айтқан қысқа тақпақтарын жаттап, қарапайым қимылдармен байланыстыру. Ойын әрекеттерін дыбысқа еліктеу, ым-ишара, сөздер, қимылдармен үйлестіру. Суреттерді, сөздер жазылған карточкаларды қолданып, сөйлемдерді интонациясын келтіріп, педагогтың соңынан қайталау. Мұғаліммен бірге таныс ертегіні ойыншыққа сүйене отырып, айтып беру. Оқу элементтері: балаларға арналған кішкентай кітапшалардағы суреттерді қарап, беттерін ашып, тақыптар бойынша кітапшалар жасау, мұғаліммен (ата аналармен) бірге, оқушының өмірінен алынған, баланың қызығуына қатысты жағдайлар бейнеленген фотолардан жеке кітапшасын (альбом) жасау. Өзінің және сыныптастарының аттары жазылған карточкаларды сәйкестендіріп, іріктеу. Ұсынылған сөзді басқа сөздер ішінен танып, шапалақ соғу, карточкаларды көтеру. Заттар, әрекеттер, белгілерге сәйкес атаулары жазылған карточкалармен сәйкестендіру. Ұсынылатын көркем әдебиет тізімі: балаларға арналған шағын фольклор түрлері, халық ертегілері, тақпақтары: "Водичка-водичка", "Ладушки", "Катя, Катя маленька", " Кую-кую ножку", "Сорока-ворона", "Кисонька -мурысонька", "Идет коза рогатая", ертегілер: "Курочка-ряба", "Как Курочка Петушка спасала", "Репка", "Колобок", " Теремок", "Маша и медведь". С. Михалковтың "Песенка друзей", А.Бартоның " Игрушки", С. Капутикянның "Маша обедает";

2) қатынас. Қатынастық іс-әрекет: қатынас жағдайына жағымды эмоционалды қатынасты білдіру. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне қарау, әңгімелесушімен көз байланысын орнату. Өз бетін айнадан көру, зерттеу, "Айнадан не көрдің?" сұрағына жауап беру. Өз атын естігенде әрекет білдіру, жауап беру. Басқа адамның эмоционалды күйлерін (қуаныш, ашулану, қорқыныш) көрсету және тану. Әңгімелесушімен сәлемдесу және қоштасу, қимыл, сөз, әрекет арқылы (басын изеу, қолын созу, күлу). Әңгімелесушімен ым-ишара, сөз, әрекет (басты изеу, қолды созу, күлімдеу) арқылы амандасу, қоштасу. Өзіне назар аудару, келісу-келіспеуін дыбыс, ым-ишара, сөзбен, басын изеу арқылы жеткізу. Дыбыс, ым-ишара, пиктограмма, сөз қолдану арқылы көмек сұрауын білдіру. Өзінің қалауын көзімен, ым-ишара (бас изеу, күлімсіреу), сөз, іс-әрекет арқылы білдіру. Тіл арқылы қатынас жасау: әңгімелесушімен көз арқылы қатынас орнату, әңгіме барысында арақашықтық, кезектілік сақтау. Сұрақтар қою, әңгімелесі кезінде берілген тақырып бойынша диалогты қолдау. Мұғалімнің көмегі арқылы, өз әрекеттерін сөзбен үйлестіру. Мұғаліммен бірге суреттерді, пиктограммаларды және сөздер жазылған карталарды қолдана отырып, ойыншық, сүйікті заттарын сипаттайтын 1-3 қысқа сөйлем құрастыру. Адамдардың, жануарлардың қимылдары мен бейнелеріне еліктеу ойындарына, таныс ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді драматизациялау ойындарына қатысу. Ойын жағдайларын жеке сөздермен, қимылдармен және іс-әрекеттермен байланыстыру. Мерекеде, күнделікті өмірде, дүкенде, саябақта әртүрлі жағдайларда басқалармен сөз арқылы қатынасқа түсуге дайындығын және ұмтылуын білдіру;

3) графомоторлы дағдыларды және жазу элементтерін дамыту. Қолдың моторикасы : мұғалімнің қолы, саусағының және қолының ерікті қимылдарын бақылау, мұғалімге еліктеп, қарапайым қимылдарды орындау. Әр түрлі заттарды қолдана отырып массаж жаттығуларын жасау. Қарындаш пен қылқаламды, борды дұрыс ұстап үйрену (қарындашты жұдырықпен ұстамай, қағазды бос қолымен ұстау). Көру-моторлы тепе тендік пен кеңістіктік түсініктерін үйлестіру: түсі (сары, қызыл, көк) және өлшемі (қысқа - ұзын) таяқшалар немесе қағаз жолақтары (1-5 таяқша) бойынша таңдау және топтастыру. Геометриялық пішіндердің жолақтарынан көрсету бойынша құру (1-2 пішін). Мұғалімнің іс-әрекетіне еліктеп, таяқшалардан, пластилиннен, қамырдан, сымнан әр түрлі заттарды құру (қоршау, шөп, орындық, үстел, тарақ). Мұғалімнің сурет салуын қарап, бақылау (құм мен жармада, тақтада бормен немесе қылқаламмен, маркермен үлкен парақта). Саусақпен, қарындашпен, маркермен әр түрлі кеңістіктерде (ватман, жарма, клеенка) сурет еркін сурет салу. Оқушының алақанын қағазға (құм, жарма, тақта) жағу, мұғалімнің көмегімен өз алақанында саусақпен (қарындашпен, бормен, қылқаламмен, таяқшамен) сызу. Трафарет бойынша дөңгелектеу (таныс заттар, геометриялық пішіндер), оларды бояу. Үлгі бойынша 2 элементтен тұратын жолақта және шеңберде өрнек жасау. Әр түрлі сызықтардан, пішіндерден, бейнелерден жиектердің кең жолында (10 см) сурет салу, жұмысты солдан оңға қарай жүргізу. Жазу элементтері: нүктелерді саусақпен "жазуды" орындау (әртүрлі әдістерді қолдану). Көлденең (жол) және тік (шөп, қоршау) сызықтарды саусақпен құмға, жармаға, параққа қарындашпен "жазу". Қағаз парағында түзу және қисық, қисық сызықтар "жазу". Карточкаға жазылған өз атын сызықтар сызылмаған параққа қарындашпен, маркермен, қаламмен жазу.

35. "Тіл дамуының кемшіліктерін түзету" пәнінің 2 сыныптағы базалық мазмұны:

1) "Тіл дамыту" бөлімі. Сөйлеу кезіндегі тыныс алу және артикуляциялық моторика : жату, отыру және тұру қалпында сөйлеу кезіндегі тыныс алуын дамытуға арналған жаттығуларды орындау, тамақты ұстап, алақанның көмегімен дауыс перделерінің дірілін сезіну. Дауысты, тіл мен еріннің қозғалғыштығын дамыту. Суреттерге сәйкес үлгі бойынша артикуляциялық гимнастиканы орындау. Сөйлеу тілін түсіну: сөзге қатысы жоқ дыбыстарды тану және ажырату (табиғат дыбыстары, көшедегі, музыкалық аспаптар, дыбыс шығаратын ойыншықтар). Дыбыстың күші мен темпін ажырату (қатты , ақырын, жылдам, баяу), көрсету қимылын түсіну және қолдану; сұраққа жауап ретінде тақырыпты табу: қайда? (көрсету қимылымен, сөзбен: Анда, мұнда, осында). Дыбыстық белгі (шапалақ, қоңырау, ысқырық) бойынша екі сөзден құралған нұсқау бойынша ойын әрекетін орындау. Таныс заттар мен әрекеттерді суреттерден тану және атау; ойыншықтармен жаттығулар жасау: "Аюдың қалай секіретінін, ұйықтайтынын, жуынатынын көрсет?". Мысалы: "Аюдың жатқанын көрсет?". Фотосуреттерде, суреттерде және сюжеттік суреттерде бейнеленген таныс заттар мен әрекеттерді тану және атау. Суретте бейнеленген затты, әрекетті оның бейнесімен салыстыру (

түрлі-түсті сурет, ақ-қара, контурлық сурет). Аудио-бейнежазбаны қолдана отырып, қысқа өлеңдер, ертегілер, әңгімелерді тыңдау. Аудио-бейнежазбаны қолдана отырып, қысқа өлеңдер, ертегілер, әңгімелерді тыңдау. Мұғалім айтқан әртүрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (тақпақтар, өлеңдер, сөйлемдер, ертегілер). Айтылым: мұғалімнің соңынан дыбыстарға еліктеу, буын, сөздер, тақпақтарды ойын жағдайында қайталау. Тыңдағанның мазмұны бойынша, мұғалімнің көмегімен, сұрақтарға сөзбен, қимылмен, суретпен жауап беру арқылы әңгімеге қатысу. Мұғалімнің сөзінен тақпақтарды жаттау және айтып, қимылдармен үйлестіру. Педагогтың соңынан сөйлемдерді дұрыс интонациямен, суреттер, сөздер жазылған карточкаларды қолданып, қайталау. Таныс ертегіні суреттерге сүйеніп, мұғалімнің көмегімен айтып беру. Оқу элементтері: балаларға арналған кішкентай кітапшалар, журналдардағы суреттерді қарау. Кітапшаларды парақтап, сурет бейнеленген бетті табу. Тақырып бойынша ата-аналар, педагогтың көмегімен кішкентай кітапшалар жасау. Оқушының өмірі мен қызығушылықтары бейнеленген фотолардан кітапша (альбом) жасау. Отбасы мүшелері мен мұғалімдердің аты-жөні жазылған тақтайшаларды тану және таңдау. Заттық, сюжеттік суреттерге қарап, заттарды тану, атау және жалпылау, мысалы: үстел, орындық, шкаф – бұл жиһаз. Іс-қимыл атаулары бар карталарды заттарға сәйкес іріктеу , мысалы: ұшақ ұшады, құс ұшады, зымыран ұшады. Заттардың әртүрлі белгілерін көрсететін карталарды таңдау. Ұсынылатын көркем әдебиет тізімі. Ұлттық әндер, санамақтар, ертегілер: "Волк и козлята", "Два жадных медвежонка", "Заячья избушка". Әдеби шығармалар: Л.Н.Толстойдің "Рассказы из Азбуки", К.Д.Ушинскийдің " Ласточка". Жазушылар мен ақындардың шығармалары: С.Я.Маршактың "Хороший день", "Багаж"; А Бартоның "Почему Вовка рассердился", В.Бороздиннің "Радуйтесь вместе с нами"; Ю Гарейдің "Спи, моя хорошая"; В.Орловтың "Тихо, тихо, тихо, тихо"; Е.Благининаның "Посидим в тишине"; Э. Мошковскаяның "Плакали ночью желтые клены"; В. Берестовтің "Лето"; Г.Ладонщиковтың "Я люблю тебя, Буренка"; А. Кардашовтың "Кот"; А.Ахундованың "Хорошая погода";

2) қатынас. Қатынастық іс-әрекет: қатынас жағдайына жағымды эмоционалды қатынасты білдіру. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне қарау, әңгімелесушімен көз байланысын орнату. Өз бетін айнадан көру, зерттеу, бөліктерін көрсету, атау. " Айнадан не көрдің?" сұрағына жауап беру. Өз атын естігенде әрекет білдіру, жауап беру. Ересектермен қатынас кезінде есімін, фамилиясын, жынысын білу, қолдану. Басқа адамның эмоционалды күйлерін (қуаныш, ашулану, қорқыныш, тандану) көрсету және тану. Әңгімелесушімен сәлемдесу және қоштасу, қимыл, сөз, әрекет арқылы (басын изеу, қолын созу, күлу). Әңгімелесушімен сәлемдесу және қоштасу, қимыл, сөз, әрекет арқылы (басын изеу, қолын созу, күлу). Өзіне назар аудару, келісу-келіспеуін дыбыс, ым-ишара, сөзбен, басын изеу арқылы жеткізу. Дыбыс, ым-ишара, пиктограмма , сөз қолдану арқылы көмек сұрауын білдіру. Өзінің қалауын көзімен, ым-ишара (бас изеу, күлімсіреу), сөз, іс-әрекет арқылы білдіру. Ризашылығын көзімен, ым-ишара (бас

изеу, күлімсіреу, қол созу), сөз, іс-әрекет арқылы білдіру. Тіл арқылы қатынас жасау: әңгімелесушімен арақашықтық пен кезектілік сақтау. Сұрақтар қою, берілген тақырып бойынша диалогты қолдау. Өз әрекеттерін сөзбен үйлестіру (мұғаліммен бірге). Мұғалімнің көмегімен қысқа сөйлемдер құрастыру, есімдіктерді қолдану-менікі (менің) , сенікі (сенің) ойыншық, сүйікті заттар туралы, суреттерді, пиктограммаларды және сөз карталарын қолдану. Адамдардың, жануарлардың, құстардың қимылдары мен бейнелеріне еліктеу ойындарына қатысу. Мұғалімнің қимылдарын көрсету және оқушыларға таныс ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді драматизациялау ойындарында бейнеге сәйкес келетін ойыншықты, затты таңдау. Рөлге сәйкес ойын жағдайларын жеке сөздермен, қимылдармен және іс-әрекеттермен сүйемелдеу. Рөлдік сәйкестендіруге арналған сөйлеумен жұптық ойындарға қатысу. Жануарлардың, адамдардың, құстардың бейнелері мен қимыл қозғалыстарын білдіретін ойын-имитацияларға қатысу. Мұғалімнің қозғалыстарын оқушының қайталауы, ойыншық, заттарды бейнеге сәйкес таныс ертегі, әңгіме, тақпақтарды қолданып, ойын-драматизацияда қолдану. Рөлге сәйкес ойын жағдайларын жеке сөздермен, қимылдармен және іс-әрекеттермен сүйемелдеу. Тіл арқылы рөлдік сәйкестендіруге арналған жұптық ойындарға қатысу;

3) графомоторлы дағдылармен жазу элементтерін дамыту. Қолдың моторикасы: қол , саусақ және қолының ерікті қимылдарын еліктеп, үлгі бойынша орындау. Саусақтардың қарапайым қалыптарын үлгі бойынша орындау және ұстап тұру. Түрлі заттарды қолданып массаж жаттығуларын орындау. Қарындашты, қылқаламды, борды дұрыс ұстау (қарындашты жұдырықпен қыспай, қағазды бос қолмен ұстау). Көру-моторлы тепе тендік пен кеңістіктік түсініктерін үйлестіру: таяқшалардан немесе қағаз жолақтарынан (1-6 таяқша) түсі (сары, қызыл, көк, жасыл) және өлшемі (қысқа-ұзын) бойынша таңдау және топтастыру. Көрсетілім бойынша жолақтардан геометриялық пішіндерді құрастыру (1-2 пішін). Таяқшалардан, пластилиннен, қамырдан, сымнан әр түрлі заттарды үлгі бойынша, есте сақтауы бойынша (қоршау, шөп, орындық, үстел, тарақ) құру. Мұғалімнің сурет салуын бақылау (құм мен жармада , бормен тақтада немесе қылқаламмен, маркермен, қарындашпен, үлкен қағазда маркермен). Саусақпен, қарындашпен, маркермен әр түрлі беттерге (ватманға, жармаға, клеенкаға) еркін сурет салу. Оқушының алақанын қағазға (құм, жарма, тақта) төсеу. Мұғалімнің көмегімен өз алақанын саусағымен (қарындашпен, бормен, қылқаламмен, таяқшамен) сызу. Трафарет пен шаблондар бойынша шеңбер (таныс заттар, геометриялық пішіндер) сызу, бояу. Үлгі бойынша 2 элементтен тұратын жолақта және шеңберде өрнек жасау. Әр түрлі сызықтардан, пішіндерден, бейнелерден жиектердің кең жолында (10 см) сурет салу, жұмысты солдан оңға қарай жүргізу. Жазу элементтері : нүктелерді саусақпен "жазуды" орындау (әртүрлі әдістерді қолдану). Көлденең (жол) және тік (шөп, қоршау) сызықтарды саусақпен құмға, жармаға, параққа қарындашпен " жазу". Қағаз парағында түзу және қисық сызықтарды "жазу". Карточкаға жазылған өз

есімін сызықтар сызылмаған параққа қарындашпен, фломастермен, қаламмен жазу. Карточкалардан сөздерді кішкентай кітапшаларға көшіріп жазу.

36. "Тіл дамуының кемшіліктерін түзету" пәнінің 3 сыныптағы базалық мазмұны:

1) тіл дамыту. Сөйлеу кезіндегі тыныс алу және артикуляциялық моторика: жату, отыру және тұру қалпында сөйлеу кезіндегі тыныс алуын дамытуға арналған жаттығуларды орындау. Терең диафрагмалды-қабырғалық тыныс алуды дамыту (шусыз бірқалыпты тыныс алу мен дем шығару). Қимылдардың көлемі мен біркелкілігін жақсартуға арналған артикуляциялық жаттығуларды орындау. Сөйлеу тілін түсіну: заттың, құбылыстың, әрекеттің дыбысын тану және ажырату (күн күркірейді, машина сигнал береді, есік ашылады). Дыбыстың күші мен қарқынын ажырату (қатты, тыныш, жылдам, баяу), дыбыстық жиілікті есту қабілетін дамыту, мысалы: "үлкен қоңырау-кішкентай қоңырау" ойыны. Ойын әрекетін дыбыстық сигнал бойынша, ым-ишара бойынша, екі сөзден тұратын сөздік нұсқау бойынша орындау. Фотода, суреттерде және сюжеттік суреттерде бейнеленген, таныс заттар мен әрекеттерді тану және атау; ойыншықтармен және суреттермен жаттығулар жасау, мысалы: "Сен ата, мен көрсетемін". таныс заттар мен әрекеттерді тану және атау. Заттың, іс-әрекеттің оның кескінімен байланысы (түрлі-түсті сурет, ақ-қара, контурлық, жартылай сурет). Аудио-бейнежазбаны қолдана отырып, қысқа өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау. Мұғалім шығарған сөйлеу интонациясын тыңдау және ажырату (тақпақтар, өлеңдер, сөйлемдер, ертегілер). Оқушылар меңгерген есімдік + зат есім үлгісіндегі, екі сөзден тұратын сөйлемдер құрастыру. Айтылым: (аааaа- қыз жылап жатыр, ууууу- қасқырдың ұлуы) дыбыстау, дыбыстарға еліктеу, буындар мен сөздерді, тақпақты ойын жағдайында қайталау. Тыңдағанның мазмұны бойынша, мұғалімнің көмегімен, сұрақтарға жауап беру арқылы ым-ишара, сөз, сурет, сөйлем арқылы әңгімеге қатысу. Мұғалімнің сөздерінен үйрену және қарапайым қимылдармен сүйемелденетін қысқа (есте сақтау бойынша 1-4 жол) тақпақтарды айту. Ойын әрекеттерін ым-ишара, қимылдармен, сөздермен үйлестіру. Өлеңдерді, шағын тақпақтарды жалғастырып айту, содан кейін оларды өз бетінше айту, "сөйлем" терминінің мағынасын түсіну, сөйлемді шартты белгімен белгілеу – ұзын жолақ. Мұғаліммен бірге иллюстрацияға сүйене отырып, таныс ертегіні әңгімелеп беру. Оқу элементтері: балаларға арналған кішкентай кітапшалардағы суреттерді қарап тамашалау. Кітап беттерін ашу, ертегі, әңгіменің басын табу. Мұғаліммен (ата - аналармен) бірге балаларға арналған тақырыптық кітаптар жасау. Оқушының өміріндегі оқиғалар мен қызығушылықтарды бейнелейтін фотосуреттермен оқушының жеке кітабын (альбомын) құру. Өзінің аты жазылған картаны тану және пайдалану. "Сөз" терминінің мағынасын түсіну, Кім? Не? сұрақтары бойынша карталарды таңдау. Элементтерге арналған іс-қимылдардың атаулары бар карталарды таңдау, мысалы: бала жатыр, жүгіріп келеді, бала отыр. Заттардың белгілерінің атауы жазылған карточкаларды таңдау: мөлшері, түсі және пішіні бойынша. Ұсынылатын көркем әдебиет тізімі: ұлттық әндер мен мазақтамалар: "Жили

у бабуси два веселых гуся". Ертегілер: "Кот, петух и лиса", "Три поросенка". Әдеби шығармалар: Л.Н.Толстойдің "Косточка"; Ф.Тютчевтің "Весна". Жазушылар мен ақындардың шығармалары: К.Чуковскийдің "Муха-цокотуха"; С.Маршактың "Сказка о глупом мышонке"; Е.Пермяктің "Торопливый ножик"; З. Александроваеың "Кролики", Н. Соконскаяның "Где мой, пальчик?"; А. Ахундованың "Окно";

2) қатынас. Қатынастық іс-әрекет: қатынас жағдайына жағымды эмоционалды қатынасты білдіру. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне қарау, әңгімелесушімен көз байланысын орнату. Өзін айнадан, сыныптасын, мұғалімді қарап, бақылау. Ересектермен қатынас кезінде есімі мен тегін қолдану. Сөйлеушінің заттарын атау (бетінің бөліктері, киімдер). Басқа адамның эмоционалды күйлерін (қуаныш, ашулану, қорқыныш, тандану, байсалдылық) көрсету және тану. Әңгімелесушімен сәлемдесу және қоштасу, қимыл, сөз, әрекет арқылы (басын изеу, қолын созу, сәлем, сау бол). Өзіне назар аудару, келісу-келіспеуін дыбыс, ым-ишара, сөзбен, фраза арқылы жеткізу. Дыбыс, ым-ишара, пиктограмма, сөз, фраза қолдану арқылы көмек сұрауын білдіру. Өзінің қалауын көзімен, ым-ишара (бас изеу, күлімсіреу), сөз, фраза арқылы білдіру. Ризашылығын көзімен, ым-ишара (бас изеу, рахмет), сөз, іс-әрекет арқылы білдіру. Тіл арқылы қатынас жасау: әңгімелесушімен арақашықтық пен кезектілік сақтау. Сұрақтар қою, берілген тақырып бойынша диалогты қолдау. Өз әрекеттерін сөзбен үйлестіру (мұғаліммен бірге). Мұғалімнің көмегімен сүйікті заттары туралы суреттер, пиктограммалар, сөздер жазылған карталар арқылы 1-3 қысқа сипаттама сөйлемдер құрастыру. Адамдардың, жануарлардың, құстардың қимылдары мен бейнелеріне, таныс ертегі, әңгімелердің, тақпақтардың мәтінін қолданып, еліктеу ойындарына қатысу. Атқаратын рөліне сәйкес, ойын жағдайларын жеке сөздер, ым-ишара, қимылдармен үйлестіру. Өзінің ойын кезіндегі рөлдік диалогына қатысу;

3) графомоторлы дағдылар мен жазу элементтерін дамыту. Қолдың моторикасы: қол, саусақ және қолының ерікті қимылдарын еліктеп, есте сақтауы бойынша орындау. Саусақтардың қарапайым қалыптарын үлгі және сөздік нұсқау бойынша орындау және ұстап тұру. Әртүрлі заттарды (доптар, сақинашалар, қарындаштар) қолданып, массаж жаттығуларын орындау. Қарындаш, қылқалам, бор, қаламды дұрыс ұстау (жұдырықпен қыспай, еркін қолмен парақты ұстап). Көру-моторлы тепе-тиендік пен кеңістіктік түсініктер: түсі (сары, қызыл, көк, жасыл, ақ, қара) және өлшемі (қысқа, орташа, ұзын) таяқшалар немесе қағаз жолақтары (2-8 таяқша) бойынша таңдау және топтастыру. Геометриялық пішіндердің жолақтарынан үлгі бойынша құрастыру (2-4 пішін). Таяқшалардан, пластилиннен, қамырдан, сымнан, есте сақтауы бойынша әр түрлі заттарды құрастыру. Мұғалімнің тақтада бормен немесе қылқаламмен, маркермен, қарындашпен, үлкен қағазда сурет салуын бақылау. Саусақпен, қарындашпен, маркермен әр түрлі тегістіктерде (ватманға, жармаға, клеенкаға) еркін сурет салу. Өз алақаны саусағымен (қарындашпен, бормен, қылқаламмен, таяқшамен) сызу, мұғалімнің көмегімен композициялар жасау. Әріптерге ұқсайтын нысандарды салу.

Трафарет, сұлба бойынша сызу (таныс заттар, геометриялық пішіндер). Оларды бояу. Жолақшада, шаршыда, дөңгелекте АБАБ, ААББААББ, ААБААБ сызбасы бойынша оюлар жазу. Әр түрлі сызықтардан, пішіндерден, бейнелерден жиектердің кең жолында (5 см) сурет салу, жұмысты солдан оңға қарай жүргізу. Жазу элементтері: нүктелерді саусақпен "жазуды" орындау (әртүрлі әдістерді қолдану). Құмда, жармада, қарындашпен парақ бетіне әртүрлі бағыттарда жазу. Парақ бетінде тік және көлденең (тік, қисық, ирек) сызықтарды "жазу". Карточкаға жазылған өз есімін сызықтар сызылмаған параққа қарындашпен, фломастермен, қаламмен жазу. Карточкалардан сөздерді кішкентай кітапшаларға көшіріп жазу.

37. "Тіл дамуының кемшіліктерін түзету" пәнінің 4 сыныптағы базалық мазмұны:

1) тіл дамыту. Сөйлеу кезіндегі тыныс алу және артикуляциялық моторика: жату, отыру және тұру қалпында сөйлеу кезіндегі тыныс алуын дамытуға арналған жаттығуларды орындау. Терең диафрагмалды-қабырғалық тыныс алуды дамыту (шусыз бірқалыпты тыныс алу мен дем шығару). Артикуляциялық жаттығуларды өз бетінше үлгі, сурет, есте сақтауы, сөздік нұсқау бойынша орындау. Сөйлеу тілін түсіну: дауысты дыбыстарды (а,о,у,и) заттық суреттерге сүйене отырып, дыбыссыз артикуляция негізінде тану және ажырату. Сөзге қатысы жоқ дыбыстарды тану, дыбыстың шығу көзін табу. Дыбыстың күші мен қарқынын ажырату (қатты, тыныш, жылдам, баяу). Ойын әрекетін дыбыстық сигнал бойынша, ым-ишара бойынша, екі сөзден тұратын сөздік нұсқау бойынша орындау. Таныс заттар мен әрекеттерді тану және атау. Заттармен жаттығулар орындау "Мен атаймын, ал сен көрсет" және керісінше. Фотода, суреттерде және сюжеттік суреттерде бейнеленген таныс заттар мен әрекеттерді тану және атау. Заттың, іс-әрекеттің оның бейнесімен сәйкестендіру (түрлі-түсті сурет, ақ-қара, контурлық). Аудио-бейнежазбаны қолдана отырып, қысқа өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау. Мұғалімнің айтқан әр түрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (тақпақтар, өлеңдер, сөйлемдер, ертегілер). Айтылым: сөздік нұсқау бойынша дыбыстарға еліктеу, буын, сөздер, тақпақтар, ойын жағдайларында айту. Тыңдағанның мазмұны бойынша, мұғалімнің көмегімен, сұрақтарға сөзбен, қимылмен, суретпен, сөйлеммен жауап беру арқылы әңгімеге қатысу. Мұғалімнің сөздерінен тақпақтар, қысқа өлеңдерді қарапайым қимылдармен үйлестіріп, жаттау (есте сақтау бойынша 1-4 жол). Сөйлемді мұғалімнен кейін дұрыс интонациямен, суреттерді, сөздер жазылған парақшаларды қолдана отырып қайталау. Иллюстрацияға сүйене отырып, таныс ертегіні айтып беру. Буын, сөз, тақпақтарды тындап, мұғаліммен бірге, өз бетінше жалғастырып айту. Иллюстрациялар сериясына сүйене отырып, ертегінің мазмұнын баяндау. Оқу элементтері: балалардың кітаптарындағы, журналдардағы иллюстрацияларды қарау. Парақтарды ашуу, мұғалім атаған заттарды, әрекеттер мен белгілерді кітапта табу. Мұғаліммен (ата-аналармен) бірге сәбилерге арналған тақырыптық кітаптар жасау. Оқушының өміріндегі оқиғалар мен қызығушылықтарды бейнелейтін фотосуреттермен оқушының жеке кітабын (альбомын

) жасау. Өз есімі жазылған парақшаны балалар өз жұмыстарына есімдерін жазу үшін танып, қолдану. "Сөз", "сөйлем" терминдерінің мағынасын және белгілеуін түсіну (көк жолақшамен белгілеу). Карточкаларды тақырып бойынша іріктеу және топтастыру, мысалы: "Мұрын, ауыз, көз, құлақ, бет – бастың бөліктері". Заттардың әрекеттерін парақта жазылған атауларымен сәйкестендіру, мысалы: "құс ұшады, ұлу өрмелейді". Сөздік нұсқау бойынша заттардың қасиеттерін білдіретін сөздер жазылған парақтар іріктеу. А, У, О, И әріптерін тану және атау. Контуры бойынша (10-5 см) кесілген әріптерді тану және атау. А, У, О, И дыбыстарын дыбыссыз артикуляция негізінде тану және қайталау. А, У, О, И әріптері жазылған парақтарді іріктеу. Өткен әріптерді өзінің есімінін атауынан, сөздерден табу. Ұсынылатын көркем әдебиет тізімі. Ұлттық ертегілер мен мазақтамалар: "Приди, приди солнышко". Ертегілер: "Заяц, лиса и петух" , "Красная шапочка", "Снегурочка". Әдеби шығармалар: К.Ушинскийдің "Умей обождать"; И.Суриковтың "Детство". Произведения писателей и поэтов: К.Чуковский " Муха-цокотуха"; С.Михалковтың "Дядя Степа", В.Маяковскийдің "Что такое хорошо и что такое плохо"; В.Осееваның "Волшебное слово"; Я Акимнің "Цветные огоньки"; К. Серованың "Колокольчик", "Одуванчик"; Н. Сладковтың "Сорока и волк", А. Усанованың "Строители"; Г. Ландощиковтың "Сквозь пургу";

2) қатынас. Қатынастық іс-әрекет: қатынас жағдайына жағымды эмоционалды қатынасты білдіру. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне қарау, әңгімелесушімен көз байланысын орнату. Өзін айнадан, сыныптасын, мұғалімді қарап, бақылау. Ересектермен қатынас кезінде есімі мен тегін қолдану. Сөйлеушінің заттарын атау. Басқа адамның эмоционалды күйлерін (қуаныш, ашулану, қорқыныш, тандану, байсалдылық, көңілсіздік) көрсету және тану. Әңгімелесушімен сәлемдесу және қоштасу, қимыл, сөз, әрекет арқылы (басын изеу, қолын созу, сәлем, сау бол). Өзіне назар аудару, келісу-келіспеуін дыбыс, ым-ишара, сөзбен, фраза арқылы жеткізу. Дыбыс, ым-ишара, пиктограмма, сөз, фраза қолдану арқылы көмек сұрауын білдіру. Өзінің қалауын көзімен, ым-ишара (бас изеу, күлімсіреу), сөз, фраза арқылы білдіру. Ризашылығын көзімен, ым-ишара (бас изеу, рахмет) арқылы білдіру. Тіл арқылы қатынас жасау: әңгімелесушімен көз арқылы қатынас орнату, ересектермен, сыныптастарымен арақашықтық пен кезектілікті сақтау. Сұрақтар қою, берілген тақырып бойынша диалогты қолдау. Өз әрекеттерін сөзбен үйлестіру (мұғаліммен бірге). Мұғалімнің көмегімен сүйікті заттары туралы суреттер, пиктограммалар, сөздер жазылған карталар арқылы 2-4 қысқа сипаттама сөйлемдер құрастыру. Адамдардың, жануарлардың, құстардың қимылдары мен бейнелеріне, таныс ертегі, әңгімелердің, тақпақтардың мәтінін қолданып, еліктеу ойындарына қатысу. Атқаратын рөліне сәйкес, ойын жағдайларын жеке сөздер, ым-ишара, қимылдармен үйлестіру. Өзінің ойын кезіндегі рөлін атап, ойын диалогына қатысу;

3) графомоторлы дағдылар мен жазу элементтерін дамыту. Қолдың моторикасы: қол, саусақ және қолының ерікті қимылдарын еліктеп, есте сақтауы бойынша орындау.

Саусақтардың қарапайым қалыптарын үлгі және сөздік нұсқау бойынша орындау және ұстап тұру. Әртүрлі заттарды (доптар, сақинашалар, қарындаштар) және тақпақтарды қолданып, массаж жаттығуларын орындау. Қарындаш, қылқалам, бор, қаламды дұрыс ұстау (жұдырықпен қыспай, еркін қолмен парақты ұстап). Көру-моторлы тепе-тендік пен кеңістіктік түсініктер: түсі (сары, қызыл, көк, жасыл, ақ, қара, қоңыр) және өлшемі (қысқа, орташа, ұзын) таяқшалар немесе қағаз жолақтары (2-10 таяқша) бойынша таңдау және топтастыру. Геометриялық пішіндердің (2-4 пішін) жолақтарынан үлгі бойынша құру. Әртүрлі нысандар мен әріптерді құрастыру: А, У, О, И әріптерін таяқшалардан, пластилиннен, қамырдан, сымнан, есте сақтауы бойынша құрастыру. Мұғалімнің тақтада бормен немесе қылқаламмен, маркермен, қарындашпен, үлкен қағазда сурет салуын бақылау. Саусақпен, қарындашпен, маркермен әр түрлі тегістіктердегі (ватманға, жармаға, клеенкаға) суреттерді аяқтап салу. Өз алақаны саусағымен (қарындашпен, бормен, қылқаламмен, таяқшамен) сызу, мұғалімнің көмегімен топтық композициялар жасау. Әріптерді жазу: А,У,О, И, әртүрлі тегістіктерде, А4 парақтарында. Трафарет пен шаблон бойынша (таныс заттар, геометриялық пішіндер, А, У, О, И әріптері), бояу. Нысандар мен әріптерді контурлар мен нүктелер бойынша сызу. АБАБ, ААББААББ, ААБААБ сызбасы бойынша элементтердің кезектесуі бар жолақта, шаршыда, шеңберде өрнек салу. Әр түрлі сызықтардан, пішіндерден, бейнелерден жиектердің кең жолында (3-5 см) сурет салу, жұмысты солдан оңға қарай жүргізу. Жазу элементтері: нүктелерді саусақпен, қарындашпен, қаламмен заттың контуры бойымен (әртүрлі әдістерді қолдана отырып) орындау. 3-5 см. жолда саусақпен, жармада, қарындашпен, парақта "жазу". Қағаз парағында көлденең (түзу және қисық, қисық) және тік сызықтарды "жазу". Әріптерді сызылмаған қағазға үлгі бойынша, мұғалімнің диктанты бойынша басып жазу. Өз атын үлгіге қарап, қарындашпен, маркермен, сызылмаған қағаз парағына басып жазу. Парақтардағы сөздерді баланың кішкентай кітапшаларына көшіріп жазу. Танысқан әріптерді таныс және таныс емес сөздерден табу және басып жазу.

Параграф 2. Оқу мақсаттарының жүйесі

38. Бағдарламада ұсынылған оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.4 кодында "1" - сыныбы, "2.1" - бөлім және бөлімше, "4" - оқыту мақсатының реттік саны

39. Бөлімдер мен сыныптар бойынша оқу мақсаттарының жүйесі:

1) "Тіл дамыту" бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары			
	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
		2.1.1.1 өзінің және суретте	3.1.1.1 өзінің және суретте бет	4.1.1.1 өзінің және суретте бет

	1.1.1.1 өзінің бет мүшелерін көрсету: ауыз, мұрын	артикуляциялық аппаратының мүшелерін көрсету: ауыз, мұрын, ерін, тіс, тіл	мүшелерін, аппаратының мүшелерін көрсету: ауыз, мұрын, ерін, тіс, тіл	мүшелерін, аппаратының мүшелерін көрсету: ауыз, мұрын, ерін, тіс, тіл
	1.1.1.2 мұғалімнің соңынан дұрыс тыныс алуға еліктеу: мұрынмен дем алып-ауызбен шығару (жатып және тұрып тұрған жағдайда)	2.1.1.2 дұрыс тыныс алуға арналған жаттығуларды жасау	3.1.1.2 дұрыс тыныс алуға арналған жаттығуларды жасау: терең диафрагмалды-қабырғалық тыныс алуға жаттықтыру (жатып, тұрып тұрған жағдайда), тыныш беркелкі дем алып ақырындап шығару)	4.1.1.2 тыныс алу (диафрагмальды-қабырғалық). Қысқа және тыныш дем алу (иықтарды көтермей), тыныш беркелкі дем шығару (ұртты томпайтпау)
1.1. Сөйлеу кезіндегі тыныс алу және артикуляциялық моторика;	1.1.1.3 мұғалімге еліктеп, дыбыстарды айтқан кезде алақанды тамаққа тигізіп, дірілді сезіну	2.1.1.3 мұғалімге еліктеп, дыбыстарды айтқан кезде алақанды тамаққа тигізіп, дірілді сезіну	3.1.1.3 сөйлеу моторикасын дамытуға арналған жаттығуларды орындау: қимылдардың көлемі мен біркелкілігін дамытуға арналған жаттығулар	4.1.1.3 жаттығуларды орындау және артикуляциялық гимнастиканы үлгі (сурет, сөздік нұсқау) бойынша орындап, сол қалыпты ұстап тұру
	1.1.1.4 мұғалімнің бетіне қарап қайталау (айна алдында және онсыз) және оның әрекеттеріне еліктеу (жымию, мұңаю, бетін жабу, аузын ашу, жабу, ұртын топмайту, еріндерімен түткіше жасау, тілді шығару, тілді алға артқа, оңға, солға қозғалту)	2.1.1.4 артикуляциялық жаттығуларды сурет, үлгі бойынша орындау		
	1.1.2.1 сөзге қатысы жоқ, табиғат, көше дыбыстары, музыкалық аспаптардың, ойыншықтардың дыбыстарын тану, ажырату	2.1.2.1 сөзге қатысы жоқ дыбыстарды (табиғат, көше, музыкалық аспаптардың) ажырату	3.1.2.1 дыбысталуы бойынша затты, құбылысты, әрекетті табу	4.1.2.1 [а, у, о, и] дыбыстарын заттық сурет-белгілерге сүйеніп, дыбыстарды айтқан кездегі артикуляция мүшелерінің қалпы салынған суреттерді қабылдау негізінде
				4.1.2.2 сөзге қатысы жоқ дыбыстарды тану, дыбыстың

	1.1.2.2 дыбыстың күшін ажырату (қатты-ақырын)	2.1.2.2 дыбыстың күші мен темпін ажырату (қатты-ақырын, жылдам-баяу)	3.1.2.2 дыбыстың шығу көзін белгілеу ; дыбыстың жиілігін естуін дамыту (мысалы, "Үлкен қоңырау- кішкене қоңырау" ойыны барысында дыбыстың күшін есту)	шығу көзін табу; дыбыстың күші мен темпін ажырат; сөзге қатысы жоқ және сөзге қатысы бар дыбыстарға еліктеу, ырғақты құрылымдарды қайталау (бір ден үшке дейінгі ырғақты белгілерді)
	1.1.2.3 қайда? сұрағына затты көзімен табу, саусақпен, ыммен көрсету, сөзбен атау (міне, әне, анда)	2.1.2.3 қайда? сұрағына затты көзімен табу, саусақпен, ыммен көрсету, сөзбен атау (міне, әне, анда)	3.1.2.3 дыбыстық белгі, ым-ишара, сөз , екі сатылы сөздік нұсқау бойынша ойын қозғалыстарын орындау	4.1.2.3 дыбыстық белгі, ым-ишара, сөз , екі-үш сатылы сөздік нұсқау бойынша ойын қозғалыстарын орындау
	1.1.2.4 дыбыстық белгі, ым-ишара, сөз , бір-екі сөзден туратын нұсқау бойынша ойын әрекеттерін орындау	2.1.2.4 дыбыстық белгі, ым-ишара, сөз , екі сөздік нұсқау бойынша ойын әрекеттерін орындау	3.1.2.4 қоршаған орта заттарын атау (сөйлеу тілінің деңгейі бойынша)	4.1.2.4 қоршаған орта заттарын атау (сөйлеу тілінің деңгейі бойынша)
	1.1.2.5 тұрмыстағы таныс заттарды, ойыншықтарды, әрекеттерді тану, атау	2.1.2.5 балалардың сөйлеу мүмкіндіктеріне қарай, қоршаған орта заттарын тану атау	3.1.2.5 заттармен, суреттермен жаттығулар жасау: " Мен атаймын, ал сен көрсет" нұскауы бойынша	4.1.2.5 заттармен, суреттермен жаттығулар жасау: " Сен ата, ал мен көрсетемін" нұскауы бойынша
1.2. Сөйлеу тілін түсіну	1.1.2.6 мұғалімнің көмегімен ойыншықтармен, суреттермен жаттығулар орындау: "Аю қалай секіретінін көрсет"	2.1.2.6 ойыншықтармен жаттығулар орындау: "Аю қалай секіретінін, ұйықтайтынын, жуынатынын көрсет ", суреттерден баланың отырғанын , жатқанын, тұрғанын көрсет	3.1.2.6 фото, суреттерде бейнеленген заттарды сөзбен атау	4.1.2.6 фото, суреттерде бейнеленген заттарды сөзбен атау
	1.1.2.7 фото, сюжетті суреттерде бейнеленген таныс заттарды тану және атау	2.1.2.7 көрсету ым-ишарамен сөздерді қолданып, фото мен суреттерде бейнеленген заттарды тану және атау	3.1.2.7 заттарды суреттер (түрлі-түсті сурет-иллюстрация, оқушыға арнап мұғалім салған контурлы сурет, екі-төрт бөлшектен құралған сурет) бойынша табу	4.1.2.7 заттарды сурет (түрлі-түсті сурет-иллюстрация, заттың көлеңкесі, екі-бес бөлшектен құралған сурет) бойынша табу

	1.1.2.8 затты оның бейнесімен салыстыру (ақ-қара, түрлі-түсті, контурлы, бөлшектенген)	2.1.2.8 заттарды суреттерге (түрлі-түсті сурет, ақ-қара сурет, контуры, заттың 2-3 бөлшегі бойынша) сәйкестендіріп табу	3.1.2.8 педагогтың сұрақтары бойынша сюжетті суреттер сериясын (2-3) құру	4.1.2.8 сюжетті суреттер сериясын (2-4) құру, бейнеленген жағдаяттарды әңгімелеп айту
	1.1.2.9 сюжетті суреттер жұптарын тану және құру	2.1.2.9 сюжетті суретте бейнеленген заттар, жағдаяттарды тану, атау	3.1.2.9 тақпақ, ертегі, әңгімелерді иллюстрацияларға сүйеніп тындау	4.1.2.9 тақпақ, ертегі, әңгімелерді тындау
	1.1.2.10 аудио-бейнежазбаларды қолданып, қысқа тақпақтар, ертегі, әңгімелерді тындау	2.1.2.10 қысқа тақпақтар, ертегі, әңгімелерді тындау	3.1.2.10 меңгерген атау септігіндегі зат есімдерді қолданып, екі сөзден құралған сөйлемдер құру	4.1.2.10 әртүрлі интонацияны қолданып, ойындардың сюжеттері бойынша екі сөзден құралған сөйлемдерді құру
	1.1.2.11 педагогтың әртүрлі интонацияларын тындау (тақпақтар, ертегілер, сөйлемдер)	2.1.2.11 педагогтың әртүрлі (сұраулы, лепті) интонацияларын тындау және ажырату		
	1.1.3.1 мұғалімнің соңынан дыбыстарды, буындарды, сөздерді ойын жағдайларында қайталау	2.1.3.1 мұғалімнің соңынан немесе еліктеп, дыбыстарды, буындарды, сөздерді ойын жағдайында қайталау	3.1.3.1 [а, у, и, о] дыбыстарының жеке айтылуын дұрыс (қыз әндетеді: а-а-а, қасқыр ұлиды: у-у-у); дыбыстарға еліктеу, тақпақтарды айту материалында ерте және орта онтогенез дыбыстарын (тік буындар: га-га-га, ко-ко-ко) айту	4.1.3.1 сөздік нұсқау бойынша дыбыстарды, буын, сөз, сөйлемдерді ойын жағдайында және жаттығуларда қайталау
	1.1.3.2 мұғалімнің көмегімен тындаған сөйлем, мәтін, ертегілердің мазмұнына ым-ишарамен, сөйлеммен жауап беру	2.1.3.2 мұғалімнің көмегімен тындаған сөйлем, мәтін, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға ым-ишара, сөз, сөйлеммен жауап беру	3.1.3.2 тындаған сөйлем, мәтін, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға ым-ишара, сөз, сөйлеммен жауап беру	4.1.3.2 тындаған сөйлем, мәтін, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға ым-ишара, сөз, сөйлеммен жауап беру
	1.1.3.3 мұғалімнің сөзіненқарапайым қимылдармен	2.1.3.3 1-2 жол көлеміндегі тақпақтарды айту (педагогтың соңынан қайталап, қимылдар	3.1.3.3 төрт жол көлеміндегі тақпақтарды есінге түсіру арқылы және қимылдар мен	4.1.3.3 төрт жол көлеміндегі тақпақтарды есіне түсіру арқылы және қимылдар мен

1.3. Айтылым	үйлестіріп, қысқа тақпақтарды жаттау	м е н иллюстрацияялар қолдану арқылы)	иллюстрацияларды қолданып айту	иллюстрацияларды қолданып айту
	1.1.3.4 мұғалімнің сипаттамасы (1-2 ерекшелігі) бойынша заттарды тану	2.1.3.4 мұғалімнің сипаттамасы (2-3 ерекшелігі) бойынша заттарды тану	3.1.3.4 тақпақтарды тындау және мұғаліммен бірге жалғастырып айту, өз бетінше әңгімелеп айту	4.1.3.4 тақпақтарды тындау және мұғаліммен бірге жалғастырып айту, өз бетінше әңгімелеп айту), кейін өзбетінше әңгімелеу (қатынастың барлық құралдары қолданылады)
	1.1.3.5 педагогтың соңынан дұрыс интонациямен сөйлемді қайталау	2.1.3.5 бақылаған әрекет бойынша м ұ ғ а л і м сұрақтарының көмегі арқылы сөйлем құру	3.1.3.5 "сөйлем" терминінің мәнін түсіну, сөйлемді шартты белгімен – ұзын жолақшамени белгілеу	4.1.3.5 моделдеу арқылы, шартты белгілер- ұзын, қ ы с қ а жолақшаларды қоданып моделдеу арқылы сөйлемдегі сөздер санын белгілеу
	1.1.3.6 таныс е р т е г і н і ойыншықтарға сүйеніп, айтып беру (мұғалімнің көмегімен)	2.1.3.6 суреттерге сүйеніп, мұғалімнің көмегімен таныс ертегіні әңгімелеп, айту	3.1.3.6 суреттерге сүйеніп, ертегінің мазмұнын айту	4.1.3.6 ертегіге қатысты суреттерге сүйеніп, мазмұнын әңгімелеп айту
	1.1.4.1 балаларға арналған кітаптарды иллюстрациялар-ды қарау	2.1.4.1 балаларға арналған кітаптар мен журналдарды қарау	3.1.4.1 кітаптарды, балалар және жарнамалық журнал мен газеттерді қарау	4.1.4.1 кітап және журналдардан аталған затты, іс-әрекеттерді табу
	1.1.4.2 кітап беттерін мұқият парақтау	2.1.4.2 кітапты мұқият парақтап, керекті бетті табу	3.1.4.2 кітапты мұқият парақтап, ертегі, әңгіме, оқиғаның басын көрсету	4.1.4.2 кітапты мұқият парақтап, иллюстрация б о й ы н ш а мұғалімнің оқуын қадағалау
	1.1.4.3 мұғаліммен және ата-анамен бірге тақырыптық кітапшалар жасау және "оқу"	2.1.4.3 мұғаліммен және ата-анамен бірге тақырыптық кітапшалар жасау (жапсырмалар-дан, журналдан кесілген с у р е т т е р, карточкалардан)	3.1.4.3 мұғаліммен және ата-анамен бірге тақырыптық кітапшалар жасау (жапсырма, суреттер, пиктограмма, с ө з д і к карточкалардан)	4.1.4.3 мұғаліммен және ата-анамен бірге тақырыптық кітапшалар жасау (жапсырма, суреттер, пиктограмма, с ө з д і к карточкалардан)
	1.1.4.4 мұғаліммен және ата-анамен бірге оқушының өмірі мен қызығушылын	2.1.4.4 оқушының өміріндегі оқиғалар м е н қызығушылықта-рын бейнелейтін	3.1.4.4 оқушының өміріндегі оқиғалар мен қызметін бейнелейтін	4.1.4.4 оқушының өміріндегі оқиғалар мен қызметін бейнелейтін

	бейнелейтін оқушының жеке альбомын жасау және "оқу"	фотосуреттермен жеке альбом жасау және "оқу"	фотосуреттермен жеке альбом жасау және "оқу"	фотосуреттермен жеке альбом жасау және "оқу"
	1.1.4.5 сыныптастары-ның есімі жазылған карточкалардан өз есімі бар карточканы тану және таңдау	2.1.4.5 отбасы мүшелері мен мұғалімдердің есімі жазылған карточкаларды тану және таңдау	3.1.4.5 өз есімі мен сыныптастары-ның есімі жазылған карточкаларды пайдалану	4.1.4.5 өз есімі мен сыныптастары-ның есімі жазылған карточкаларды пайдалану
	1.1.4.6 берілген сөзді басқа сөздер қатарынан есту арқылы тану (шапалақтау, сигналды карточкалар)	2.1.4.6 мұғалімнің тапсырмасы бойынша сөзді атау (тақырыптық, сюжеттік суреттер, әрекеттерді бақылау)	3.1.4.6 сөзді шартты белгімен белгілеу (қағаз жолағымен)	4.1.4.6 сөзді шартты белгімен белгілеу (қағаз жолағымен)
1.4. Оқу элементтері	1.1.4.7 затқа сүйене отырып, сөздік карточкалар арасында оны табу және таңдау	2.1.4.7 суретке сүйене отырып, заттар мен жалпылау карталары білдіретін сөздері бар карточкаларды таңдау Мысалы: үстел, орындық, шкаф – жиһаз	3.1.4.7 суреттерге сүйене отырып, кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздері бар карточкаларды таңдау	4.1.4.7 тақырыптар бойынша сөздері бар карточкаларды жіктеу: ана, әке, ата, әже – отбасы
	1.1.4.8 заттың іс-әрекетін білдіретін сөзі жазылған карточкаларды тану және таңдау	2.1.4.8 белгілі заттарға байланысты іс-әрекетті білдіретін сөздері бар карточкаларды тану және таңдау: құс, ұшақ, зымыран – ұшады (суретін көрсету)	3.1.4.8 затқа байланысты әрекеттерді білдіретін сөздері бар карточкаларды тану және таңдау: бала жүрді, жатыр, жүгірді (суреттен көрсету)	4.1.4.8 затқа байланысты әрекетті білдіретін сөздері бар карточкаларды таңдау: құс – ұшады , ұлу – жорғалайды (суреттерге негізделіп)
	1.1.4.9 заттың белгілерін білдіретін сөздері бар карточкаларды тану және таңдау	2.1.4.9 заттардың көлемін білдіретін сөздері бар карточкаларды таңдау	3.1.4.9 заттардың түсін, пішінін, көлемін білдіретін сөздері бар карточкаларды таңдау (суреттерге негізделіп)	4.1.4.9 заттардың белгілерін білдіретін сөздері бар карточкаларды таңдау (суреттерге негізделіп)
				4.1.4.10 А әріпін тану және көрсету (10, 5см өлшемінде кесілген контур бойынша)
				4.1.4.11 У әріпін тану және көрсету (

				10, 5см өлшемінде кесілген контур бойынша)
				4.1.4.12 О әріпін тану және көрсету (10, 5см өлшемінде кесілген контур бойынша
				4.1.4.13 И әріпін тану және көрсету (10, 5см өлшемінде кесілген контур бойынша)
				4.1.4.14 дауыссыз артикуляция негізінде А, О, У, И дауысты дыбыстарын тану және айту
				4.1.4.15 А, О, У, И әріптері бейнеленген карточкаларды көрсету (10, 5см өлшемінде)

2) "Қатынас" бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары			
	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
	1.2.1.1 қарым-қатынас жағдайына көңілді эмоционалды қатынасты білдіру	2.2.1.1 қарым-қатынас жағдайына жағымды эмоционалды қатынасты көрсету	3.2.1.1 басқалармен байланысқа түсу және қарым-қатынас жағдайына жағымды эмоционалды қатынас көрсету	4.2.1.1 өз бетінше басқалармен байланысқа түсу және қарым-қатынас жағдайына жағымды эмоционалды қатынас көрсету
	1.2.1.2 сөйлейлеп жатқан ересек адаммен және құрдасымен көз байланысын сақтау	2.2.1.2 ересек адаммен және сыныптасымен көз байланысын сақтау (нұсқау беру кезінде, әңгімелесу барысында)	3.2.1.2 әңгімелесушімен көз байланысын сақтау (нұсқау беру кезінде, әңгімелесу барысында)	4.2.1.2 әңгімелесушімен көз байланысын сақтау (нұсқаулықты ұсынған кезде, әңгіме барысында)
	1.2.1.3 айнада өзіне қарап, сұраққа жауап беру: бұл кім ?	2.2.1.3 айнаға өзіне қарау, бетінің бөліктерін көрсету	3.2.1.3 айнада өзін, сыныптасын, мұғалімдерді қарау	4.2.1.3 айнада өзін, сыныптасын, мұғалімдерді қарау
		2.2.1.4 өзін атау және өз атына, тегіне, жынысына	3.2.1.4 өзін атау және өз атына, тегіне, жынысына	4.2.1.4 өзін атау және өз атына, тегіне, жынысына

2.1. Қатынастық іс-әрекет	1.2.1.4 өз атына жауап беру	жауап беру, ересектерді атымен және әкесінің атымен атау (есімдері)	жауап беру, ересектерді атымен және әкесінің атымен атау (есімдері)	жауап беру, ересектерді атымен және әкесінің атымен атау (есімдері)
	1.2.1.5 эмоционалды күйлерді көрсету және тану (қуаныш, ашу, қорқыныш)	2.2.1.5 әңгімелесушінің эмоционалды күйлерін ажырату және қайталау (қуаныш, қорқыныш, қайғы, таңдану)	3.2.1.5 әңгімелесушінің эмоционалды күйлерін ажырату және қайталау (қуаныш, қорқыныш, қайғы, таңдану, тыныштық, ашу)	4.2.1.5 әңгімелесушінің эмоционалды күйлерін ажырату және қайталау (қуаныш, қорқыныш, қайғы, таңдану, тыныштық, көңілсіздік)
	1.2.1.6 әңгімелесушімен сәлемдесіп, жест, сөз, іс-әрекет арқылы қоштасу (басын изеу, қолын созу, күлу)	2.2.1.6 әңгімелесушімен сәлемдесіп, адамдармен жест, сөз, іс-қимыл арқылы қоштасу (басын изеу, қолын созу, күлімсіреу)	3.2.1.6 әңгімелесушімен сәлемдесіп, жест, сөз, іс-қимыл арқылы қоштасу (сөздерді қолданады: сәлем, сау болыңыз)	4.2.1.6 әңгімелесушімен сәлемдесіп, жест, сөз, іс-әрекет арқылы қоштасу (мұғалімнің сыныбына кірген тұру, сөздерді қолданы: Сәлеметсіз бе, сау болыңыз)
	1.2.1.7 өзіне назар аудару, келісім мен келіспеушілікті дыбыспен, қимылмен, сөзбен, бас изеп білдіру	2.2.1.7 өзіне назар аудару және келісімді (келіспеушілікті) дыбыспен, қимылмен, сөзбен білдіру	3.2.1.7 өзіне назар аудару және келісімді (келіспеушілікті) дыбыспен, қимылмен, сөзбен білдіру	4.2.1.7 өзіне назар аудару және келісімді білдіру (келіспеушілікті) дыбыспен, сөз тіркесімен
	1.2.1.8 дыбысты, қимылды, пиктограмманы, сөзді қолдана отырып, көмек сұрау	2.2.1.8 дыбысты, қимылды, пиктограмманы, сөзді қолдана отырып, көмек сұрау	3.2.1.8 қимылды, пиктограмманы, сөздерді, сөз тіркестерін қолдана отырып, көмек сұрау	4.2.1.8 қимылды, пиктограмманы, сөздерді, сөз тіркестерін қолдана отырып, көмек сұрау
	1.2.1.9 өз қалауын көзбен, демонстрациялық қимылмен, суретпен , сөзбен білдіру	2.2.1.9 өз қалауын көзбен, көрсеткіш қимылмен, суретпен , сөзбен білдіру: иә-жоқ	3.2.1.9 көрсеткіш қимылды, бейнені, сөздерді қолдана отырып, өз қалауын білдіру	4.2.1.9 көрсеткіш қимылды, бейнені, сөздерді, сөз тіркестерін қолдана отырып өз қалауын білдіру: мен қалаймын, боламын, қаламаймын, болмаймын, қаламаймын
	1.2.1.10 мимиканы, қимылды, сөзді, әрекетті	2.2.1.10 қимылдарды, сөздерді, әрекеттерді қолдану	3.2.1.10. ризашылық білдіру іс-қимыл	4.2.1.10 қимылдарды, сөздерді, әрекеттерді қолдану

	пайдаланып ризашылық білдіру (басын изеу, күлу)	арқылы алғыс білдіру (басын изеу, қолын созу, күлу)	қимылдарын, рахмет сөзін қолдану	арқылы алғыс білдіру (басың изеу, қолың кеудеге қойып, рахмет айту)
2.2. Тіл арқылы қатынас жасау	1.2.2.1 әңгімеде қашықтықты және кезектілікті сақтау	2.2.2.1 ересек адаммен және құрдастарымен сөйлесуде қашықтық пен кезектілікті сақтау	3.2.2.1 ересек адаммен және құрдастарымен сөйлесуде қашықтық пен кезектілікті сақтау	4.2.2.1 ересек адаммен және құрдастарымен сөйлесуде қашықтық пен кезектілікті сақтау
	1.2.2.2 сұрақтар қою және жауап беру, мұғалімнің көмегімен диалогты қолдау	2.2.2.2 мұғаліммен бірлесіп, өз іс-әрекеттері туралы айту	3.2.2.2 әрекеттер, суреттер, ертегілер сюжеттері бойынша екі сөзді құрастыру (мұғалімнің көмегімен)	4.2.2.2 іс-әрекеттердің, суреттердің, әңгімелердің сюжеттері бойынша екі-үш сөзден тұратын ұсыныстар айту (мұғалімнің көмегімен)
	1.2.2.3 адамдар мен жануарлардың қимылдары мен бейнелеріне еліктеу ойындарына қатысу	2.2.2.3 қозғалыста жануарлар мен құстардың бейнелерін көрсету, мұғалім көрсеткен қозғалыс бойынша ойыншықты таңдау	3.2.2.3 диалогтік сөйледі дамытуға арналған коммуникативті жағдаяттық ойындарға қатысу, мысалы: "Менің отбасым"	4.2.2.3 диалогтік сөйледі дамытуға арналған коммуникативті жағдаяттық ойындарға қатысу, мысалы: " Дәрігердің қабылдауында"
3) сөйлеу тілі және қарым-қатынастың басқа түрлері арқылы айналадағылармен қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастыру, оқушылардың сөздік қорын молайту;

4) табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортада қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

6. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде мыналарды ескеру қажет:

1) ұжымдық оқыту жағдайындағы оқушылардың танымдық белсенділігінің төмендігін;

2) фронтальды жұмыста қолданылатын мұғалімнің бағыттаушы, ынталандырушы көмегіне әлсіз реакциясын;

3) сөйлеудің коммуникативтік, реттеуші, жоспарлау функцияларының өрескел дамымауы;

4) қырық бес минут ішінде бір оқу пәнінің мазмұнына назар аудару және өз белсенділігін қамтамасыз ету үшін кіші жастағы оқушылардың шағын ресурсын;

5) қалыптастырып жатқан дағдыларды машықтандырудың қиындықтарын.

7. Педагогикалық іс-шаралар ересектермен және балалармен әрекеттесуды, ынтымақтастықты орнатуды қамтитын дағдалардың қажетті алғышарттары мен меңгеру амалдарын қалыптастыруға бағытталған.

8. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыру арнайы педагогика қағидаларына негізделеді.

9. Педагогтер оқушылардың өзіндік ерекшеліктеріне қарай, өзіндік қарқынмен даму құқығын құрметтейді; өзгермелі мүмкіндіктерді үнемі зерттейді, білім беру қажеттіліктерін бағалайды, оқушылардың дағдыларды дамыту мен меңгерудегі минималды жетістіктерін тіркейді. Кез келген прогресс оқудың оң нәтижесі ретінде қарастырылады.

10. Педагогтер осы Бағдарламадан әрбір білім алушы үшін қолжетімді оқу мазмұнын, сондай-ақ білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен тұлғалық және білім алудағы жеке жетістіктерін бағалау нәтижелерін ескере отырып, әдістерді, нысандарды, оқу-әдістемелік құралдарды дербес таңдайды.

11. Оқу-тәрбиелеу үрдісі оқудың барлық кезеңінде пәндік іс-әрекет негізінде құрылады. Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын пәндік ортаны құру кезінде келесі ережелер сақталады:

1) дағдылар мен біліктіліктерді қалыптастыруды сол дағдылар қолданылатын жағдайға барынша жақын жағдаятында жүзеге асыру, бұл білім мен дағдыны жаңа жағдаятына көшірудегі елеулі қиындықтарға байланысты;

2) сабақты ұйымдастыруға арналған бөлмелерді жабдықтау нақты өмірлік жағдайларды бейнелеуі керек;

3) оқушылардың мүмкіндіктерінің өзгеруіне сәйкес пәндік ортаны өзгерту (күрдендіру, кеңейту).

12. Әрбір сабақтың мазмұны оқушыға іс-әрекеттің әр түрлерін (пәндік, ойын, сөйлеу, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас) пайдалана отырып, түрлі анализаторларға негізделіп жақын әлеуметтік және пәндік ортаның ерекшеліктерін, өз қабілетін тануына ықпал етеді. Мұғалімдер бір сабақта әртүрлі пәндердің мазмұнын интеграциялау арқылы біріктіреді.

13. Білім берудің интеграцияланған сипаты мектептегі оқудың алғашқы 2-4 жылында пәндік емес білім беру арқылы жүзеге асырылады, кейін ол пәндік оқытуға кезең-кезеңімен ауысады. Оқушылардың пәндік емес оқыту кезінде мақсатты іс-әрекетін ұйымдастыру үшін өтпелі тақырыптық жоспарлау қолданылады.

14. Бағдарлама оқу жылының әр аптасы үшін өтпелі ортақ тақырыпты анықтайды. Тақырыптарды және олардың реттілігін анықтау кезінде "Мен баламын" концентрінен (оқушының өзі туралы түсініктерін қалыптастыру, өзіне деген оң көзқарасын қалыптастыру) "Бала және оның әлемі" концентріне (жақын ортасы жайлы: оның отбасы, үйі, ойыншықтары, мектебі, сыныбы, сыныптастары туралы түсінік қалыптастыру) және одан әрі "Бала және үлкен әлем" концентріне (өсімдіктер, жануарлар әлемі, табиғат құбылыстары) өту қағидасы қолданылған.

15. Қайталауды және бірте-бірте кеңейтуді, оқытылатын ұғымдарды, лексиканы, фразеологизмдерді, практикалық жаттығуларды күрделендіріп отыруды көздейтін концентрлік қағидасына сәйкес өтпелі тақырыптар әр сыныпта ортақ тақырып ретінде қайталанады. Мектептің педагогикалық кеңесі аймақтық ерекшеліктерді және оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, пәнге және ортақ тақырыптардың ретіне өзгерістер енгізе алады.

16. Білім алушыларда ойлаудың, қарым-қатынастың, сөйлеу тілінің (оның жоқтығына дейін) дамуында спецификалық проблемалары бар. Бұл проблемаларды компенцациялау әрбір жеке жағдайда педагогикалық құралдар арқылы жүзеге асады. Сөйлеуді түсінуді дамыту, вербальды және баламалы қарым-қатынас құралдарын қалыптастыру, оқушылардың бейнелеу-әрекеттік ойлауын дамыту бойынша жүйелі жұмыстар бірізділікпен жүргізіледі. Мұғалімнің сөйлеуі, өзінің және балалардың іс-әрекетін сөйлеумен сүйемелдеуі мөлшерлі және оқушыларға түсінікті болуы керек.

17. Оқыту үрдісі тек мазмұнды ғана емес, ұйымдастыру формаларын да қатаң реттеуді қарастырмайды. Академиялық білімді қалыптастыруға бағытталған сабақты дәстүрлі түрде өткізудің тиімділігі төмен.

18. Сабақты ұйымдастырған кезде әр оқушыға қажеттілік туындаған сәтте іс-әрекет түрін өзгертуге немесе демалуға болатындай мүмкіндікті қарастырады. Жеке жұмысты

орындау, жеке қарқынмен жұмыс жасау, мұғалімнің жеке көмегін алу үшін жағдайлар жасалады.

19. Оқушыларға сабақ барысында сыныпта еркін қозғалуға, оқу тапсырмаларын үстел басында, кілемде отырып, тұрып, сыныптастарымен бірлесіп орындауға, сыныптастарының жұмысын бақылауға мүмкіндік беріледі.

20. Арнайы педагогика қағидаларына сәйкес құрылған педагогикалық іс-шаралар оқушылардың өзіндік белсенділігін, олардың бастамашылдығы мен дербестігін дамытуға бағытталған. М.Монтессоридің педагогикалық жүйесін арнайы дайындалған пәндік дамытушылық ортада басқа арнайы педагогикалық әдістер мен технологиялармен ұштастыра пайдалану ұсынылады.

21. Бағдарламаны игеру барысында білім алушылардың белсенділігі мен дербестігі қалыптасатын қызметтің негізгі түрлері:

1) қоғамдық өмірдің құбылыстарын, жанды және жансыз табиғатын бақылау;

2) пәндік-практикалық қызмет;

3) ойын әрекеттері және ойын іс-әрекеті;

4) әлеуметтік-тұрмыстық іс-әрекет;

5) білім алушылармен және жақын ортаның ересектерімен қарым-қатынас;

6) оқу қызметі (оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес).

22. "Айналадағы әлем" пәні бойынша сабақтарда оқытудың негізгі әдістері: мұғалімнің әрекет әдісін көрсетуі, көрсету және үлгі бойынша жаттығулар, ұйымдастырылмаған және арнайы ұйымдастырылған бақылаулар, оқушылардың өмірлік тәжірибесін кеңейтуге, нақтылауға ықпал ететін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану.

23. Практикалық дағдыларды қалыптастыру үшін мыналарды пайдалану керек:

1) бала мен ересек адамның бірлескен әрекеттері, еліктеу әрекеттері;

2) оқытушының жетекшілігімен объектілерді қарау;

3) табиғат құбылыстарын, қоршаған дүние объектілерін, тірі объектілерді серуендер мен экскурсиялар кезінде бақылаулар;

4) затттардың, объектілердің олардың сәйкес бейнелерімен үйлестіру, одан кейін оларды атау немесе ыммен көрсету;

5) заттарды, иллюстрацияларды дербес атау және/немесе педагогтың ауызша нұсқауы бойынша көрсету;

6) заттармен ойын жағдайында пайдалану, оларды функционалдық маңызына сәйкес қолдану, заттардың, объектілерждің қасиеттері мен сапаларын практикалық әрекет арқылы тану.

24. Бағдарламаның мазмұны ұсыныс түрінде берілген. Педагог оқушылардың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, кез келген өзгерістер енгізуге құқылы.

Дағдылардың ойдағыдай нәтижелі қалыптасатын жағдайында, зиятының жеңіл түрінде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған "Айналадағы әлем" пәні бойынша Бағдарламаның оқу материалын пайдалануға болады.

25. Бағдарлама мазмұны білім алушының жеке оқу бағдарламаларын дайындаудың негізі болып табылады, жеке бағдарламалар оқушылардың қол жеткізген мақсаттарын ескере отырып, жарты жылда бір рет қайта қаралады. Жеке оқу бағдарламасы арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде құрастырылады.

26. Оқу жетістіктерін баллдық бағалау қолданылмайды. Мектеп оқушыларының жетістіктерін бағалау үшін сипаттамалық бағалау қолданылады.

3-тарау. "Айналадағы әлем" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. "Айналадағы әлем" оқу пәнінің мазмұны

27. "Айналадағы әлем" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 1-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 66 сағат;
2) 2-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
3) 3-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
4) 4-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына байланысты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

28. "Айналадағы әлем" оқу пәнінің негізгі мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды :

1) "Мен және қоғам";
2) "Табиғат";
3) "Менің Отаным – Қазақстан".

29. "Мен және қоғам" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) мен және менің отбасым, достарым;
2) менің үйім;
3) мектеп.

30. "Табиғат" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) табиғаттағы маусымдық өзгерістер;
2) өсімдіктер;
3) жануарлар.

31. "Менің Отаным – Қазақстан" бөлімі мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

1) менің қалам, ауылым;
2) көлік. Жол ережелері;
3) халыққа қызмет көрсету аясы.

32. "Айналадағы әлем" оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) мен және қоғам. Мен және менің отбасым, достарым: өз есімін айту, отбасы мүшелерінің есімдерін атау. Отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау. Отбасылық альбомын құрастыру. Сыныптастарын есімдері бойынша тану. Менің үйім: ас үйге, жатын бөлмеге, қонақ бөлмеге (үстел, орындықтар, диван, кереует, шкаф) арналған бөлмелер мен жиһаздардың тағайындалуы. Ойыншықтарды атау. Мектеп: ересек адамның көмегімен мектеп аумағындағы бөлмелерде (дәліз, сынып, асхана, дәретхана, жатын бөлме, спорт залы) бағдарлау. Сыныптар мен бөлмелердің есіктерін ақырын ашу-жабу, орындықтың шусыз қозғалту. Сыныпта өзінің жұмыс орнын тану, оқу құралдарына, дидактикалық материалдарға ұқыптылықпен қарау. Мектеп қоңырауының мағынасын түсіну. Мектепте, сыныпта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау: айқайламау, жүгірмеу, айналаңдағы адамдарға агрессивті әрекеттерді көрсетпеу. Мұғалімдерге, сыныптастарына, мектеп жұмысына деген жағымды эмоционалды қатынас. Сабақта және сабақтан кейін сыныптастармен, мұғалімдермен қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік қолайлы тәсілдерін пайдалану. Ойыншықтар мен оқу заттарды ажырату;

2) табиғат. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: жыл мезгілдерінің ауысуын, ауа райы жағдайын бақылау (жылы, суық, аяз, күн, жел, жаңбыр, қар). Табиғаттағы өзгерістерді бақылау: жапырақ түсі, жапырақтың түсуі, шөптердің құрап қалуы, ағаштардың қысқы тыныштық кезеңі, ағаштар мен бұталардың гүлденуі, гүлдердің құлпырап ашылуы. Жаңбырды, қарды, желді тікелей сезіну арқылы тану. Жыл мезгілдеріне байланысты киімді зерттеу. Жыл мезгіліне сәйкес таза ауадағы ойындар. Мектеп ауласына экскурсия. Өсімдіктер: көкөністер мен жемістерді түсіне, пішініне, дәміне қарай ажырату (мысалы, сәбіз, алма). Бақшадағы, жылыжайдағы және бақшадағы бақылаулар. Жануарлар: үй жануарларының (мысық), жабайы жануарлардың (қоян), құстардың (тауықтың), жабайы құстардың (торғай), жәндіктердің (қоңыз), аквариум балықтарының сыртқы түрін, әдеттерін зерттеу. Жануарлар мен құстардың қозғалып жүруін, қоректенуін бақылау;

3) менің Отаным – Қазақстан. Менің қалам, ауылым: әнұранды тыңдау, әнұран орындалғанда оқушының өзін-өзі ұстауы, Қазақстан туына зерделеп қарау. Қала, ауыл бойынша экскурсиялар. Жақын ортаның негізгі объектілері. Көлік (автобус). Қалада жаяу жүру ережелерін меңгеру. Бағдаршамның сигналдарын тану. Қоғамдық көлікті қолдану ережелері. Экскурсиялар. Халыққа қызмет көрсету секторы: дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіп тауарлары), базарларға, емханаларға, дәріханаларға ересек адаммен бару. Тауарларды, дәрі-дәрмектерді сатып алу, сатып алушы мен сатушы, пошта қызметкері, дәріхана, медициналық қызметкерлер арасындағы әрекеттесу үрдісін бақылау. Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау: айғайламау,

жүгірмеу, айналаңдағы адамдарға агрессивті әрекеттерді көрсетпеу; қоршаған ортаға қатысты деструктивті әрекеттерді қолданбау, басқа адамдардың заттарына қол тигізбеу, өзгелердің заттарын алмау.

33. "Айналадағы әлем" оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) мен және қоғам. Мен және менің отбасым, достарым: өз есімін атау, отбасы мүшелерінің (ана, әке, әже, ата) есімдерін атау. Отбасылық альбомды зерделеп қарау (отбасындағы мерекелер – отбасы мүшелерінің туған күндері, Жаңа жыл). Отбасы мүшелерін фотосуреттерінен тану, атау. Сыныптастарының есімдерін атау. Менің үйім: өз үйін, жақын айналадағы заттарды тану. Ас үйге, жатын бөлмеге, қонақ бөлмеге арналған бөлмелер мен жиһаздардың (үстел, орындықтар, диван, кереует, гардероб) функционалды маңызын біліп айту. Отбасында қолынан келетін шаруашылық міндеттерін орындау. Мектеп: мектеп аумағындағы бөлмелерде (дәліз, сынып, асхана, дәретхана, жатын бөлме, спорт залы) ересек адамның көмегімен, өз бетінше бағдарлау. Сыныптар мен бөлмелердің есіктерін ақырын ашу-жабу, орындықтың шусыз қозғалту. Санытта өзінің жұмыс орнын тану, оқу құрал-жабдықтарына, заттарға, дидактикалық материалдарға ұқыптылықпен қарау. Өз портфелін және оқу заттарын тану (қарындаш қорабы, дәптер). Мұғалімнің көмегімен сабаққа қажетті заттарды портфельден алып шығару, мұғалімнің көмегімен сабақтан кейін заттарды портфельге қайта салу. Мектеп портфелін, қарындаш қорабын, фломастер салынған қорапты, қаламсауытты ашу және жабу. Қораптан фломастер, қарындаштарды ақырын шығарып, орнына қайтару. Мектеп қоңырауының мағынасын түсіну. Мектепте, сыныпта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау: айқайламау, жүгірмеу, айналаңдағы адамдарға агрессивті әрекеттерді көрсетпеу ; қоршаған заттық және табиғи ортаға қатысты деструктивті әрекеттерді қолданбау. Мұғалімдерге, сыныптастарына, мектеп жұмысына деген жағымды эмоционалы оң көзқарасын білдіру. Сабақта және сабақтан кейін сыныптастармен, мұғалімдермен қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік қолайлы тәсілдерін пайдалану;

2) табиғат. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: ауа райы жағдайын бақылау (жылы, суық, аяз, күн, жел, жаңбыр, қар). Кешегі мен бүгінгі ауа райын салыстыру, ауа райын, күз айларындағы табиғаттың өзгеруін (қатты суыт, жаңбырлы күндер). Мұғалімнің күз айларын атауы. Күз айларында өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістерді бақылау: жапырақ түсінің өзгеруі, жапырақтың түсуі, құстардың кетуі. Жылдың әр мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістерді бақылау. Көктем айларында табиғатта болатын өзгерістерді бақылау (ауа райының жылынуы, мұз айдыны, қардың еруі, құстардың келуі, бүршік жарылуы). Жыл мезгіліне сай киім. Жыл мезгіліне сәйкес таза ауадағы ойындар. Мектеп ауласына экскурсия. Өсімдіктер: көкөністерді түсі, пішіні, өлшемі, дәмі, иісі (сәбіз, қияр) бойынша салыстыру және ажырату. Жемістерді түсі, пішіні, көлемі, дәмі, иісі (алма, алмұрт) бойынша салыстыру және ажырату. Бақшадағы, жылыжайдағы және жеміс бағындағы бақылаулар. Көкөністер мен жемістерді салыстыру. Көкөністер мен жемістерді көрнекі үлгі бойынша жіктеу,

жалпылау сөздерді қолдану. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау (суару). Жидектер (таңқурай). Жидектер қосылған тағамдар. Жануарлар: үй жануарларының (мысық, ит) сыртқы түрін, негізгі дене мүшелерін, әдеттерін зерттеу. Үй жануарларына күтім жасау . Жабайы жануарлардың (қоян, түлкі) сыртқы түрін, негізгі мүшелерін, әдет-ғұрпын, қоректенетін жерін, мекендеу ортасын зерттеу. Үй құстарының (тауық, үйрек), жергілікті жабайы құстардың (мысалы, көгершін, торғай) сыртқы түрін, денесінің негізгі бөліктерін, қоректенуін зерттеу. Жәндіктердің (қоңыз, көбелек), өзен балықтарының сыртқы түрі мен қозғалу әдістерін зерттеу;

3) менің Отаным – Қазақстан. Менің қалам, ауылым: Әнұранды тыңдау, әнұран орындалған кездегі оқушының дұрыс тұрысын сақтау. Қазақстанның туын тану. Домбыраны қарап зерттеу, домбыра үнін тыңдау. Қала, ауыл бойынша экскурсиялар. Көлік: бағдаршамда жол ережесін сақтау, зебра арқылы өту. Автокөліктердің, автобустардың қозғалысын бақылау. Қоғамдық көлікте жүріс-тұрыс ережелерін сақтау. Экскурсиялар. Халыққа қызмет көрсету секторынан: дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіп тауарлары), базарларға, емханаларға, дәріханаларға ересек адаммен бару. Тауарларды, дәрі-дәрмектерді сатып алу үрдісін, сатып алушы мен сатушы, пошта қызметкері, дәріхана, медициналық қызметкерлер арасындағы қарым-қатынасын бақылау. Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау: айғайламау, жүгірмеу, айналаңдағы адамдарға агрессивті әрекеттерді көрсетпеу; қоршаған объективті ортаға қатысты деструктивті әрекеттерді қолданбау, басқа адамдардың заттарына қол тигізбеу. Сатушымен, дәрігермен, пошта, дәріхана қызметкерлерімен қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік жағымды тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген қызмет үшін рахмет айту, көмектесу. Қоғамдық орындарда есіктерді шусыз ашу-жабу. Қоғамдық орында қоршаған орта объектілеріне ұқыптылықпен қарау.

34. 3-сыныпқа арналған "Айналадағы әлем" пәнінің негізгі мазмұны:

1) Мен және қоғам. Мен және менің отбасым, достарым: өз есімін, тегін (фамилиясын), отбасы мүшелерінің есімдерін атау. Отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау. Отбасылық альбомға шолу жасау (отбасындағы мерекелер, отбасы мүшелерінің туған күндері, Жаңа жыл). Отбасы мүшелерінің суреттерін тану, атау. Сыныптастарының есімдерін атау. Менің үйім: өз үйің, айналадағы заттарды тану, олардың мақсатын атау. Пәтерді, үйді тазалауға көмектесу. Ас үй, жатын бөлме, қонақ бөлмесін танып, оларды атау, жиһаздарын (үстел, орындықтар, диван, кереует, гардероб) тағайындалу маңызын білу және айту. Мектеп: мектеп ғимаратында еркін жүріп өз сыныбына, дәретханаға, асханаға, дәрігерлік кабинетке, жатын бөлмеге, спортзалға жол тауып бару. Сыныптағы мұғалім үстелін, оқушылардың жұмыс үстелін, оқулықтар мен дидактикалық материалдарға арналған шкафты, тақтаны атаулары бойынша тану. Сыныптар мен бөлмелердің есіктерін шусыз ашу-жабу, орындықтың ақырын қозғалту. Сыныпта өз жұмыс орнын тану, жұмыс орнын ретке келтіру. Оқу заттарына, дидактикалық материалдарға ұқыптылықпен қарау. Өз мектеп портфелін

және оқу заттарын тану (қарындаш қорап, дәптер). Портфельден сабаққа қажетті заттарды мұқият шығару: мұғалімнің көмегімен, өз бетінше. Сабақтан кейін оқу заттарын портфельге ақырындап қайта салу: оқытушының көмегімен, өз бетінше. Портфельді, қарындаштар, фломастер салынған қорапты, қаламсауытты ашу және жабу . Қораптан фломастер, қарындаштарды ақырын шығарып, орнына қайтару. Проблемалық жағдайда мұғалімнен, сыныптастарынан көмек сұрау, көмекке ризашылық білдіру; сыныптасына көмектескісі келетінін көрсету. Басқа оқушыларға кедергі келтірмей, солармен қатар жұмыс жасау.

2) табиғат. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: табиғаттың күзгі өзгерістерін бақылау (ауа райынның салқындауы, жаңбырлы ауа райы, салқын жел, жапырақтың түсуі, шөптердің, гүлдердің солуы). Жылы климатқа ұшып бара жатқан құстарды көру. Қыс мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістерді бақылау (ауа райының суығы, аяз, қар, мұз, мұзтайғақ). Көктемде табиғаттағы өзгерістерді бақылау (ауа райының жылуы, қардың еруі, құстардың келуі, бүршік жаруы, даланың гүлденуі). Күнделікті ауа-райын бақылау (ашық, бұлтты, суық, күн шығуы, қар, жаңбыр). Жыл мезгіліне сай киім таңдау. Жыл мезгіліне сәйкес таза ауадағы ойындар. Жылдың әр мезгілінде табиғатқа экскурсиялар. Өсімдіктер: көкөністерді (сәбіз, қияр, қырыққабат) және жемістерді (алма, алмұрт, банан) түсіне, пішініне, иісіне қарай ажырату. Бақшадағы, жылыжайдағы және жеміс бағындағы бақылаулар. Жидектерді түсі, пішіні, көлемі, дәмі, иісі бойынша ажырату (мысалы, таңқурай, қарақат). Жергілікті ағаштардың (мысалы, қайың) және гүлдердің (мысалы, түймедақ) сыртқы түрін зерттеу. Үй өсімдіктерге күтім жасау (түпқоймаларын жуу). Экскурсиялар. Жануарлар: үй жануарларының (мысық, ит, сиыр) сыртқы түрін, негізгі дене мүшелерін, әдеттерін, қоректенуін зерттеу. Үй жануарларына күтім жасау. Жабайы жануарлардың (қоян, түлкі, аю) сыртқы түрін, денесінің негізгі бөліктерін, әдеттерін, қылықтарын, қоректенуін, өмір салтын зерттеу. Үй құстарының (тауық, әтеш, қаз) және жергілікті құстардың (мысалы, торғай, көгершін) сыртқы түрін, денесінің негізгі бөліктерін, өмір салтын, күтімін зерттеу. Жәндіктердің (қоңыз, көбелек, шыбын) және балықтардың сыртқы түрін, дене мүшелерін (басы, денесі, құйрығы), қозғалу тәсілін бақылау;

3) менің Отаным – Қазақстан. Менің қалам, ауылым: Әнұранды тыңдау, әнұран орындалған кездегі оқушының тұрыс ұстанымдарын сақтау. Қазақстанның туын тану. Домбыраны, домбыраның үнін тану. Білім алушының тұратын аймақтың негізгі көрікті жерлерін аралау (өзен, көл, таулар). Қала, ауыл бойынша экскурсиялар; мектептен үйге дейінгі жол. Көлік: бағдаршам сигналы бойынша жол ережесін сақтап жүру. "Зебра" өтпе жолын пайдалану. Автокөліктердің, автобустардың, пойыздардың қозғалысын бақылау. Жол ережесін сақтамаудың қауіптілігін түсіну. Қоғамдық көлікте жүріс-тұрыс ережелерін сақтау. Мектеп пен үйге баратын жолды білу. Экскурсиялар. Халыққа қызмет көрсету секторы: дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіп тауарлары), базарларға , емханаларға, дәріханаларға ересек адаммен бару. Тауарларды, дәрі-дәрмектерді сатып

алу үрдісін бақылау, сатып алушы мен сатушы, дәріхана, пошта қызметкері, медициналық қызметкерлер арасындағы қарым-қатынас. Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау: айқайламау, жүгірмеу, айналаңдағы адамдарға агрессивті әрекеттер жасамау, қоршаған ортаға зиян келтіретін әрекеттерді қолданбау, басқа адамдардың заттарына қол тигізбеу. Сатушымен, дәрігермен, дәріхана мен пошта қызметкерімен қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік жағымды тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген қызмет үшін рахмет айту, көмектесу. Қоғамдық орындарда есіктерді ақырын, шусыз ашу-жабу. Өзіне-өзі қызмет көрсетуді талап ететін азық-түлік дүкенінде ересек адаммен бірге заттарды таңдау. Өнімдерді кассаға апару үшін себеттер, арбаларды пайдалану. Таңдалған бұйымдарды себетке, қолбаға дұрыс орналастыру. Дүкенде ересек адаммен бірге қолбаны жылжыту. Таңдалған өнімді кассирдің, сатушының алдындағы үстелге дұрыс қою. "Дүкен" рөлдік ойыны. Қоғамдық орында қоршаған орта объектілеріне ұқыптылықпен қарау.

35. 4-сыныпқа арналған "Айналадағы әлем" пәнінің негізгі мазмұны:

1) Мен және қоғам. Мен және менің отбасым, достарым: өз аты-жөнін, тегін, отбасы мүшелерінің есімдерін атау. Отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау. Отбасылық альбомға шолу жасау (отбасындағы мерекелер, отбасы мүшелерінің туған күндері, Жаңа жыл). Отбасы мүшелерінің суреттерін тану, атау. Сыныптастарының есімдерін атау. Менің үйім: мектепке баратын жолды білу. Отбасындағы тәртіп ережелерін орындау. Шаруашылық міндеттерін, отбасындағы қолынан келетін тапсырмаларды орындау. Ас үйге, жатын бөлмеге, қонақ бөлмеге арналған бөлмелер мен олардың жиһаздарын (үстел, орындықтар, диван, кереует, гардероб) атау, тағайындау мақсаттарын айту. Мектеп: мектеп ғимаратында еркін жүру: өз сыныбына, дәретханаға, асханаға, дәрігерлік кабинетке, спортзалға өз бетінше бару. Сыныптағы мұғалім үстелін, оқушылардың жұмыс үстелін, оқулықтар мен дидактикалық материалдарға арналған шкафты, тақтаны атауы бойынша тану. Сыныптар мен бөлмелердің есіктерін шусыз ашу-жабу, орындықтың ақырын, абайлап қозғалту. Сыныпта жұмыс орнын тану, жұмыс орнын ретке келтіру. Жұмыс үстелінің бетін, терезе алдын, тақтаны дымқыл шүберекпен сүрту. Сыныптағы едендегі қоқыстарды жинау үшін еден щеткасын, сыпырғышты, қалақты пайдалану. Оқу заттарына, құралдарына, дидактикалық материалдарға ұқыптылықпен қарау. Дидактикалық материалдар мен оқу құралдарын қолданылғаннан кейін оларды шкафтағы орындарына қою. Өз мектеп портфелін және оқу заттарын тану (қарындаш қорап, дәптер). Мұғалімнің көмегімен сабаққа қажетті заттарды портфельден шығарып алу. Сабақтан кейін оқу заттарын портфеліне рет-ретімен қайта салу. Портфельді, қарындаштар, фломастер салынған қорапты, қаламсауытты ашу және жабу. Қораптан фломастер, қарындаштарды ақырын шығарып, орнына қайтару. Проблемалық жағдайда мұғалімнен, сыныптастарынан көмек сұрау. Көмек үшін рақмет айту. Сыныптасқа көмектесуге, бірлесіп жұмыс жасауға ұмтылу, өтініш білдірту Басқа оқушыларға кедергі келтірмей, қатар жұмыс істеу;

2) табиғат. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: ауа райын күнделікті бақылау, табиғаттағы күзгі өзгерістер (күзде өсімдіктер мен жануарлар). Күзге арналған киім таңдау. Балалардың күзгі ойындары. Бақшада, бақта күзгі жұмыстарды орындау. Табиғаттағы қысқы өзгерістерді бақылау (қыста өсімдіктер мен жануарлар). Қыс мезгіліне киім таңдау. Балаларға арналған қысқы ойындар. Мұздың қасиеттерін бақылау. Табиғаттағы көктемгі өзгерістерді бақылау (көктемдегі өсімдіктер мен жануарлар). Көктемге арналған киім таңдау. Балалардың көктемгі ойындары. Бақшада, бақта көктемгі жұмыстарды орындау. Жазда табиғаттағы өзгерістерді бақылау (жазда өсімдіктер мен жануарлар). Жазғы киімдерді таңдау. Балаларға арналған жазғы ойындар. Жазғы егін жинау. Күнделікті ауа-райын бақылау. Жылдың әр мезгілінде табиғатқа экскурсиялар. Табиғи материалдар жинағы. Табиғи материалдардан қолөнер бұйымдарын, аппликация жасау. Өсімдіктер: көкөністер мен жемістерді сыртқы түріне, түсіне, пішініне, иісіне, дәміне қарай ажырату. Бақшадағы, жылыжайдағы және бақтағы бақылаулар. Көрнекі үлгі бойынша көкөністер мен жемістерді топтастыру. Жидектердің сыртқы түрі, түсі, пішіні, иісі, дәмі бойынша ажырату. Жергілікті ағаштарды, бұталарды бақылау және атау. Ағаштар мен бұталарды ажырату. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау. Жануарлар: үй жануарларының сыртқы түрін, мінез-құлқын, қоректенуін, пайдасын, үй жануарларына күтім жасау жолдарын зерттеу. Үй жануарларына ат қою. Жабайы жануарлардың (қоян, түлкі, аю, кірпі) сыртқы түрін, өмір салтын, қоректенуін зерттеу. Жануарлар туралы ертегін қоюға қатысу. Құстардың сыртқы түрін, өмір салтын, қоректенуін зерттеу. Құстар туралы ертегін қоюға қатысу. Жергілікті құстарды бақылау. Қыста құстарға көмектесу. Құстарға жем салу астауларын (үйшіктерін) жасау. Тұрғын үй маңындағы құстарды бақылау (мектеп ауласына экскурсия). Жәндіктердің (құмырсқа, шыбын, қоңыз) сыртқы түрін бақылау. Топқа бөлу: үй жануарлары, жабайы аңдар; құстар, жәндіктер. Кейбір балық түрлерін (мысалы, сом, шортан, тұқы) тану және атау;

3) менің Отаным – Қазақстан. Менің қалам (ауылым): Әнұранды тыңдау, Гимн орындалғанда оқушының өзін-өзі дұрыс ұстауы, Қазақстанның туын тану. Музыкалық аспаптың атын айту, домбыра үнін тану. Оқушы тұратын аймақтың негізгі көрікті жерлерін тану және атау (өзен, көл, тау, орман). Қала, ауыл бойынша экскурсиялар. Өз қалаңның, ауылыңның негізгі мекемелері: дүкен, мектеп, емхананың мақсатын тану және атау. Мектептен үйге баратын жолды білу. Қала, ауыл бойынша экскурсиялар. Көлік: мұғалімнің қалауы бойынша көлік құралдарын тану және атау. Жаяу жүргіншілерге арналған жерүсті және жерасты өтпе жолы арқылы көшеден өту ережелерін сақтау. Тротуармен жүру. Жолда жүру ережелерін сақтамаудың қауіптілігін түсіну. Қоғамдық көлікте жүріс-тұрыс ережелерін сақтау. Халыққа қызмет көрсету секторынан: дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіп тауарлары), базарларға, емханаларға, дәріханаларға, кафелерге ересек адаммен бару. Тауарды сатып алу үрдісін , сатып алушы мен сатушы, дәріхана, пошта қызметкері, медициналық қызметкерлер

арасындағы қарым-қатынасты бақылау. Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау: айқайламау, жүгірмеу, айналаңдағы адамдарға агрессивті әрекеттер жасамау, қоршаған ортаға зиян келтіретін әрекеттерді қолданбау, басқа адамдардың заттарына қол тигізбеу. Сатушымен, дәрігермен, пошта қызметкерімен, дәріханамен қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік жағымды тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген қызмет үшін рахмет, көмектесу. Қоғамдық орындарда есіктерді шусыз ашу-жабу. Өзіне-өзі қызмет көрсетеді талап ететін азық-түлік дүкенінде ересек адаммен бірге заттарды таңдау. Өнімдерді кассаға апару үшін себетті, қолбаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, қолбаға ұқыпты орналастыру. Дүкенде ересек адаммен бірге арбаны жылжыту. Таңдалған өнімді кассирдің, сатушының алдындағы үстелге дұрыс қою. "Дүкен" рөлдік ойыны. Кафеге бару, дастархан басында отыру ережелерін сақтау, бейтаныс адамдармен сөйлесу (кафе қызметкерлері), әдепті тамақтану, ас құралдары, майлықтарды дұрыс пайдалану.

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

36. Бағдарламадағы оқу мақсаттары кодтау арқылы берілген. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бағдарламаның бөлімі мен бөлімшесін, төртінші сан білім беру мақсатының нөмірленуін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.4 кодтауында "1" – сынып, "2.1" – кіші бөлім, "4" – оқу мақсатының нөмірленуі.

37. Оқу мақсаттарының жүйесі бөлімдер мен сыныптар бойынша берілген:

1) "Мен және қоғам" бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары			
	1 сынып	2-сынып	3-сынып	4 сынып
	1.1.1.1 ересектермен және құрдастарымен сөйлесуде көз байланысын орнату	2.1.1.1 өз атына, тегіне әудесу	3.1.1.1 өз атына әудесу, өз атын айту	4.1.1.1 өз аты мен тегіне, әудесу, өз аты мен тегін айту
	1.1.1.2 өз атына әудесу	2.1.1.2 әңгімелесушімен амандасу, онымен сөзбен немесе ыммен қоштасу	3.1.1.2 көмек сұрау, тілегін үнмен (сөзбен) білдіру	4.1.1.2 суреттегі отбасы мүшелерін тану, көрсету, атау: анасын, әкесін, әжесін, атасын, ағаларын, апа-сіңлілерін
	1.1.1.3 сұхбаттаспен амандасу, онымен басын изеп, қол бұлғап, сөзбен қоштасу	2.1.1.3 фотосуреттерде отбасы мүшелерін тану және көрсету: ана, әке, әже, ата	3.1.1.3 суреттегі отбасы мүшелерін тану, көрсету, атау: ана, әке, әже, ата	4.1.1.3 фотосуреттердегі жақын туыстарды - апкелерді, ағаларды, нағашыларды, бөлелерді, інілерді тану, көрсету, атау
	1.1.1.4 өзіне назар аударту, келісуді (			

1.1. Мен және менің отбасым, достарым	келіспеуді) білдіру, ризашылықты үнмен (сөзбен), бас изеумен, ыммен білдіру	2.1.1.4 отбасылық фотосуреттерінен жақын туыстарын тану	3.1.1.4 отбасы мүшелерін аттарымен тану және атау	4.1.1.4 отбасының кіші мүшелеріне қамқорлық, үлкендерге құрмет көрсету
	1.1.1.5 өзін, анасын немесе ең жақын адамын суреттен тану	2.1.1.5 отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау (есікті ұстау, кесе, тәпішке, көзілдірік беру)	3.1.1.5 отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау (есікті ұстау, кесе, тәпішке, көзілдірік беру)	4.1.1.5 отбасындағы өз міндеттерін орындау
	1.1.1.6 отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету (орындықты көтеру, кесе беру, есікті ұстау)	2.1.1.6 жақын адамы ауырса, оған жанашырлық білдіру (сипау, құшақтау, заттарды әкелу)	3.1.1.6 отбасындағы өз міндеттерін орындау	4.1.1.6 сыныптастарын, достарын атымен, мұғалімдерін аты мен әкесінің аты бойынша шақыру
	1.1.1.7 жақын адамы ауырып қалса, оған жанашырлық білдіру (сипау, құшақтау, заттарды әкелу)	2.1.1.7 жеке заттарын тану	3.1.1.7 сыныптастарын, достарын атағанда көрсету	4.1.1.7 өткен отбасылық мерекелер туралы ауызша немесе альтернативті коммуникацияларды пайдалана отырып, қарапайым мәлімдемелер құрастыру
	1.1.1.8 ұнататын сыныптасыңызға назар білдіру	2.1.1.8 сыныптасын аты бойынша тану	3.1.1.8 келісу (келіспеу), ризашылықты үнмен (сөзбен) білдіру	
	1.1.1.9 жеке заттарын тану			
	1.1.2.1 өз үйін, үй ауласын фотосуреттен тану	2.1.2.1 өз үйін, үй ауласын фотосуреттен тану	3.1.2.1 жақын қоршаған орта объектілерін тану (аялдама, дүкен, алаң, стадион)	4.1.2.1 мектепке бару және қайту жолын тану
	1.1.2.2 үйдегі бөлмелерді тану: жатын бөлме, ас үй, ванна, дәретхана, олардың мақсатын білу	2.1.2.2 жақын ортада бағдарлау: жақын маңдағы объектілерді тану (дүкен, саябақ, аялдама)	3.1.2.2 өз үйін, подъезін, қабатын, пәтерін білу	4.1.2.2 отбасындағы мінез-құлық, тәртіп ережелерін сақтау (үлкендер демалып жатқанда шуламау; отбасының басқа мүшелеріне агрессия көрсетпеу, дастархан басында тамақ ішу)
	1.1.2.3 ас үй жиһазын, қонақ	2.1.2.3 отбасында қол жетімді тапсырмаларды	3.1.2.3 ас үйдің, жатын бөлменің және олардың	4.1.2.3 үлкендердің еңбегін құрметтеу, отбасында қол жетімді тапсырмаларды

	бөлме жиһазын, жатын бөлме жиһазын тану	орындау (аяқ киім дұрыс қою, лас табақты ыдыс-аяқ жуатын шұңғылшаға салу)	жиһаздарының, (үстел, орындықтар, диван, кереует, гардероб) мақсатын білу	орындау (пәтерді жинауға көмектесу: заттарды шкафқа қою, шыныаяқтарды жуу, қасықтарды сүрту)
1.2. Менің үйім	1.1.2.4 өз ойыншықтарын тану	2.1.2. 4 үйде өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау, пәтерде, үйдің ауласында тазалықты сақтау	3.1.2.4 пәтерді, үйді тазалауға барынша көмек көрсету (орындықтарды орналастыру, үстелдегі ыдыстарды ыдыс-аяқ жуатын шұңғылшаға алу)	4.1.2.4 үйдегі міндеттерін орындау
		2.1.2.5 көмек сұрау, тілегін үнмен (сөзбен) білдіру	3.1.2.5 ата-аналарға, ересектерге өтініш, тілек білдірту, тапсырма беру, үлкендер мен құрдастарға сөйлегенде сабырлық сақтап, сыпайы сөйлеу, олардың сөзін үзбеу	4.1.2.5 ауызша немесе балама коммуникацияны пайдалана отырып, өз тілектері мен сұраныстарын білдіру үшін қарапайым мәлімдемелер құрастыру
		2.1.2.6 үлкендер мен балалармен амандасу, бас изеумен, қол бұлғаумен, сөзбен қоштасу	3.1.2.6 ауызша немесе баламалы түрде ересектермен және балалармен амандасу, олармен қоштасу, өтініш білдіру, келісімін (келіспегенін) білдіру	
	1.1.3.1 ересек адамның көмегімен мектеп ішінде бағдарлау: дәліздерде, сыныпта, асханада, дәретханада, жатын бөлмеде, спорт залында; үлкендердің көмегімен сыныпта өз жұмыс орнын табу	2.1.3.1 мектеп ғимараты ішінде бағдарлау: сыныптар, дәліздер, дәретхана, асхана	3.1.3.1 мектеп бөлмелердің мақсатын түсіну: сынып, жатын бөлме, асхана, киім ілетін бөлме, акт залының, кітапхананың мақсатын түсіну.	4.1.3.1 мектептің ішкі және сыртқы аймақтарында бағдарлау

				4.1.3.2
1.3. Мектеп	1.1.3.2 мектептегі ішкі бөлмелерін тану және ажырату: сыныптар, дәліздер, асхана, дәретхана, дәрігер, логопед, психолог кабинеттері	2.1.3.2 мектеп жиһазының мақсатын түсіну: тақта, парта, орындық	3.1.3.2. спорт залының, акт залының, кітапхананың мақсатын түсіну	

				сыныптастарын атымен атау
	1.1.3.3 мектеп қоңырауларына орай әрекет ету (сабаққа, сабақтан)	2.1.3.3 партада дұрыс отыру	3.1.3.3 мектепттегі тәртіп ережелерін сақтау	4.1.3.3 мектеп бөлмелердің тағайындалу мақсаттарын түсіну
	1.1.3.4 мектептегі оқушылардың тәртіп ережелерін сақтау: сабақ кезінде шу шығармау, қоңырау соққанда ғана сыныптан шығу	2.1.3.4 сабақ кезінде , үзіліс кезінде кезекшінің міндеттерін орындау: мұғалімге ойыншықтарды жинауға, орындықтарды реттеуге көмектесу	3.1.3.4 мектептің (интернаттың) күн тәртібін сақтау	4.1.3.4 оқу құралдарын мақсатына сай пайдалану
	1.1.3.5 оқу құралдарын: қарындашты (қаламды) тану оқу заттарына, дидактикалық материалдарына ұқыпты қарау	2.1.3.5 мұғалім мен тәрбиешінің қарапайым, қол жетімді нұсқауларын орындау. Мысалы: " Майраны шақыр", " Орындықты орнына қой"	3.1.3.5 кезекшінің міндеттерін орындау	4.1.3.5 оқушылардың тәртіп ережелерін сақтау
	1.1.3.6 ойыншықтарды тану: доп, машиналар, қуыршақ	2.1.3.6 мектеп құралдарын тану және көрсету: үлгі бойынша (осындай затты бер), аты бойынша (қарындашты ал, портфельді аш)	3.1.3.6 оқу құралдарын мақсатына сай пайдалану	4.1.3.6 мұғалімнің, тәрбиешінің талаптарын, өтініштерін орындау
	1.1.3.7 мұғалімдерге , сыныптастарына, мектеп жұмысына жағымды эмоционалды қатынасын білдіру	2.1.3.7 мектеп құралдарын мақсатына қарай пайдалану (қарындаш, портфель)	3.1.3.7 өтініш немесе тілекті сөзбен (дыбыспен) немесе ым-ишарамен білдіру	4.1.3.7 мектептің (интернаттың) күнделікті тәртібін сақтауға
		2.1.3.8 оқу заттары мен ойыншықтарды ажырату		4.1.3.8 мектеп ұжымындағы мінез-құлық нормаларын, тәртіп ережелерін орындау
		2.1.3.9 оқу заттарын портфельден шығару		4.1.3.9 вербалды немесе альтернативті коммуникацияны пайдалана отырып, қарапайым мәлімдемелерді құрастыру
		2.1.3.10 мектеп заттарын портфельге салу		

2) "Табиғат" бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары			
	1 сынып	2-сынып	3-сынып	4 сынып
	1.2.1.1 күн сайын ауа райы жағдайын бақылап отыру (жылы, суық, жаңбыр, қар, жел)	2.2.1.1 мұғалімнен кейін жыл мезгілдерінің атауларын қайталау: көктем, жаз, күз, қыс	3.2.1.1 күн сайын ауа райын бақылау (ашық, бұлтты, суық, күн ашық, қар, жаңбыр)	4.2.1.1 сурет бойынша жыл мезгілін анықтау
	1.2.1.2 қардың салқындығын сезіну және оның жылы қолда еруін көру	2.2.1.2 күн сайын ауа райының өзгеруін бақылау (жылы, суық, күн, жел, жаңбыр, қар)	3.2.1.2 табиғаттағы, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістерді бақылау: күзде, қыста, көктемде, жазда (жасыл жапырақтар - жапырақтар сарғайған - жапырақтар түсті, құстар ұшып кетті)	4.2.1.2 сюжетті сурет бойынша бақшадағы, бақтағы күзгі және көктемгі жұмыстарды тану
	1.2.1.3 жаңбырды, қарды, желді тікелей сезіну арқылы тану	2.2.1.3 күз айларындағы ауа-райын, табиғаттың өзгеруін бақылау: салқындау, күрт суыту, жаңбырлы күндер	3.2.1.3 күзгі салқындау, жаңбырлы ауа райы, салқын жел, жапырақтардың түсуі, шөптердің, гүлдердің солуы, құстардың кетуін айтып көрсету	4.2.1.3 суреттен күзгі жапырақтарды табу
	1.2.1.4 жыл мезгілдерінің белгілерін қадағалау: жапырақ түсі, жапырақтың түсуі, шөптердің, гүлдердің солуы; ағаштардың қысқы тыныштығы, ағаштардағы бүршіктер, бұталар, гүлдер, ағаштар мен бұталардың гүлденуі, бұталар мен ағаштардағы гүлдердің, жемістер мен жидектердің гүлденуі	2.2.1.4 күз айларында өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістерді бақылау: жапырақтың түсуі, жапырақтарды түсі бойынша ажырату, құстардың кетуі	3.2.1.4 қыста табиғатта болатын өзгерістерді атау немесе көрсету - суық, аяз, қар, мұз, мұзтайғақ	4.2.1.4 күзгі салқындау, жаңбырлы ауа райы, салқын жел, жапырақтардың түсуі, шөптердің, гүлдердің солуы, құстардың кетуі атап көрсету
		2.2.1.5 өсімдіктер мен жануарлар тіршілігінің қыстағы	3.2.1.5 мұзтайғақ жағдайда мұздың	4.2.1.5 суреттен жаз, қыс, күз, көктем

2.1. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер	1.2.1.5 жыл маусымына сай киіну	өзгерістерін бақылау: қар, жапырақсыз ағаштар	қасиетін түсіну (тайғақ, құлау мүмкін)	мезгіліндегі табиғат бейнелерін тауып көрсету
	1.2.1.6 жыл маусымыны сәйкес таза ауада ойнау	2.2.1.6 қардың салқындығын сезіну және оның жылы қолда еруін көру	3.2.1.6 табиғаттың көктемдегі өзгерістерін атау немесе көрсету – ауаның жылынуы, қардың еруі, құстардың келуі, бүршік жарылуы, даланың гүлденуі	4.2.1.6 күн сайын ауа райын бақылау (ашық, бұлтты, суық, күн шуақты, қар, жаңбыр)
		2.2.1.7 мұз қатқан кездегі мұздың қасиетін түсіну (тайғақ, құлау мүмкін)	3.2.1.7 табиғаттың жазғы өзгерістерін атау немесе көрсету	4.2.1.7 қыста табиғатта болатын өзгерістерді атау немесе көрсету - суық, аяз, қар, мұз, мұз
		2.2.1.8 көктем айларындағы табиғаттағы өзгерістерді бақылау: ауаның жылынуы, мұз сүңгілері, қардың еруі, құстардың келуі, бүршік жарылуы	3.2.1.8 ұсынылған суреттердің ішінен қыс, жаз бейнесін таңдау	4.2.1.8 мұзтайғақ жағдайда мұздың қасиетін түсіну (тайғақ, құлау мүмкін)
		2.2.1.9 жаз айларында табиғаттағы өзгерістерді бақылау: күн жарқырайды, гүлдер гүлдейді	3.2.1.9 маусымға сай киіну	4.2.1.9 маусымға сай киіну
		2.2.1.10 маусымға сай киіну	3.2.1.10 маусымға сәйкес таза ауада ойнау	4.2.1.10 жыл мезгіліне сай киінген балаларды суреттен көрсету
		2.2.1.11 маусымға сәйкес таза ауада ойнау	3.2.1.11 өтініш немесе тілекті сөзбен (үнмен) немесе ым-ишарамен білдіру	4.2.1.11 әр түрлі маусымда ашық ауада ойындар ойнау
				4.2.1.12 көктемде табиғаттағы өзгерістерді байқау (жылы болды, қар еріді)
				4.2.1.13 вербалды немесе альтернативті

				коммуникацияны пайдалана отырып, қарапайым чсөйлемдерді құрастырып айту
	1.2.2.1 таныс көкөністерді үлгісі бойынша (тура осындай бер), аты бойынша (сәбізді ал), дәмі бойынша (мысалы, сәбіз) тану	2.2.2.1 көкөністерді үлгі бойынша тану және көрсету (сәбіз, қияр)	3.2.2.1көкөністерді көрсету және атау: сәбіз, қияр, орамжапырақ	4.2.2.1суреттегі көкөністерді көрсетіп, атау
	1.2.2.2 екі көкөністен сәбізді үлгісі, атауы, дәмі бойынша таңдау	2.2.2.2 сәбіз мен қиярды үлгілері, аттары, дәмі бойынша басқа көкөністердің ішінен ажыратып табу	3.2.2.2 көкөністердің түсін, пішінін, дәмін атау	4.2.2.2 суреттегі жемістерді көрсету және атау
	1.2.2.3 үлгісі, өлшемдері бойынша екінің ішінен таңдау (үлкен сәбізді бер)	2.2.2.3 жемістерді үлгісі мен атауы бойынша тану және көрсету (алма, алмұрт)	3.2.2.3 жемістерді көрсету және атау: алма, алмұрт, банан	4.2.2.3 көкөністер мен жемістердің түсін, пішінін, дәмін атау
	1.2.2.4 таныс жемістерді үлгісі, атауы, дәмі бойынша тану (мысалы, алма)	2.2.2.4 алма мен алмұртты басқа жемістердің ішінен үлгісі, атауы, дәмі бойынша табу	3.2.2.4 жемістердің түсін, пішінін, дәмін , иісін ажырату және атау	4.2.2.4 көкөністер мен жемістерді көрнекі үлгі бойынша, жалпылаушы сөз бойынша топтастыру
	1.2.2.5 екі жемістің бірін үлгісіне, атауына, дәміне қарай таңдау, мысалы, алманы	2.2.2.5 өлшемі мен аты бойынша таңдау жасау (маған үлкен қияр бер, маған үлкен алма бер)	3.2.2.5 көкөністер мен жемістерді көрнекі үлгі бойынша топтастыру, жалпылаушы сөздерді қолдану арқылы	4.2.2.5 көкөністерден дайындалған тағамдарды тану және атау (салат, көкөніс сорпасы)
	1.2.2.6 өлшеміне, үлгіге сәйкес таңдау жасау (маған кішкентай алма бер)	2.2.2.6 көкөністер мен жемістерді көрнекі үлгі бойынша топтастыру	3.2.2.6 жидектерді (таңқурай, қарақат) тану және атау	4.2.2.6 жемістерден дайындалған тағамдарды тану және атау (тосап, компот)
	1.2.2.7 жемістер мен көкөністерді үлгісіне, атауына, дәміне қарай ажырату, мысалы, сәбіз мен алманы	2.2.2.7 жидектерді (таңқурай) сыртқы түрі бойывнша (үлгіге сәйкес), дәміне қарай тану және табу	3.2.2.7 жидектердің түсін, пішінін, дәмін атау	4.2.2.7 жақын жерде (жергілікті аумағында) жиі кездесетін жидектерді тану және атау
2.2. Өсімдіктер				

		2.2.2.8 бөлме өсімдіктерін су сепкішпен суару	3.2.2.8 жергілікті ағаштарды тану және атау	4.2.2.8 жидектерден жасалған тағамдарды тану және атау
		2.2.2.9 бақшадағы, жылыжайдағы көкөністердің өсуін, бақтағы жемістер мен жидектердің өсуін бақылау	3.2.2.9 гүлдерді танып, атау - түймедақ	4.2.2.9 жақын жерде (жергілікті аумағында) жиі кездесетін ағаштарды тану және атау
			3.2.2.10 бөлме өсімдіктерін күту ережелерін сақтау (түпқоймасын жуу)	4.2.2.10 үлгі бойынша ағаш бөліктерін көрсету
	1.2.2.8 бақшадағы, жылыжайдағы көкөністердің өсуін, бақтағы жемістердің өсуін бақылау		3.2.2.11 ауызша немесе альтернативті коммуникацияны пайдалана отырып, қарапайым сөйлемдерді құрастыру	4.2.2.11 бұта мен ағашты ажырату
			3.2.2.12 бақшадағы, жылыжайдағы көкөністердің өсуін, бақтағы жемістер мен жидектердің өсуін бақылау	4.2.2.12 үлкен жапырақтары бар бөлме өсімдіктерді күту ережелерін сақтау: фикус, бегония (түпқоймаларды жуу , жапырақтарды шаңнан тазарту)
				4.2.2.13 ауызша немесе альтернативті коммуникацияны пайдалана отырып, қарапайым сөйлемдерді құрастыру
				4.2.2.14 бақшадағы, жылыжайдағы көкөністердің өсуін, бақтағы жемістер мен жидектердің өсуін бақылау
	1.2.3.1 үй жануарларын (мысалы, мысықты) үлгісі, атауы бойынша тану	2.2.3.1 үй жануарларын (мысықты, итті) үлгісі, атаулары бойынша тану	3.2.3.1 үй жануарларын көрсету және атау (мысық, ит, сиыр)	4.2.3.1 суреттен үй жануарларын көрсету және атау
	1.2.3.2 үлгі бойынша екі үй			

жануарларының ішінен мысықты таңдау, макеттер, иллюстрациялар арқылы атау	2.2.3.2 мысықтар мен иттерді дауысынан тану	3.2.3.2 үй жануарларының негізгі дене мүшелерін атау (бас, дене, табан, құйрық)	4.2.3.2 үй жануарларының негізгі дене мүшелерін атау (бас, дене, табан, құйрық)
1.2.3.3 үлгі бойынша екі өлшемнен таңдау жасау (үлкен мысықты көрсет)	2.2.3.3 мысық пен иттің денесінің негізгі бөліктерін (басы, денесі, табаны, құйрығы) үлгіге сәйкес, атауы бойынша көрсету	3.2.3.3 мысықты, итті, сиырды дауыс үндерінен тану	4.2.3.3 үлгі бойынша екі өлшемнен таңдау жасау (үлкен мысықты көрсет)
1.2.3.4 жабайы жануарларды (мысалы, қоянды) үлгісі, аты бойынша тану	2.2.3.4 үй жануарларын күту (су беру, жем беру)	3.2.3.4 жануарлардың орындайтын әрекеттерін атау (мысық сүт ішеді, сиыр шөп жейді, ит үйшігінде отырады)	4.2.3.4 үй жануарлардың төлдерін тану және атау (марғау, күшік, бұзау)
1.2.3.5 екі жабайы аңнан қоянды үлгісіне, атауына сәйкес таңдау	2.2.3.5 жабайы жануарларды (қоян, түлкі) үлгісі, аты бойынша тану	3.2.3.5 үй жануарларын қамқорлық білдіру, оларға күтім жасауға көмектесу	4.2.3.5 жануарлардың адамға қалай көмектесетінін атап айту (сиыр сүт береді, мысық тышқандарды ұстайды, ит үйді күзетеді)
1.2.3.6 екі заттан (суреттен) таңдау жасау: өлшемі бойынша, үлгі бойынша (тура осындай бер), аты бойынша (үлкен қоян бер)	2.2.3.6 мұғалімнен кейін қайталау, қоян мен түлкінің әдеттеріне еліктеу	3.2.3.6 жабайы жануарларды (қоян, түлкі, аю) көрсету және атау	4.2.3.6 үй жануарларын қамқорлық білдіру, оларға күтім жасауға көмектесу
1.2.3.7 үлгісі бойынша, аты бойынша мысық пен қоянды ажырату	2.2.3.7 үш жануардың ішінен үлгі бойынша қоянды, түлкіні таңдау (осы сияқтыны көрсет)	3.2.3.7 мұғалімнен кейін қайталау, қоян, түлкі, аюдың әдеттеріне еліктеу (музыкалық сүйемелдеу)	4.2.3.7 суреттегі жабайы жануарларды көрсету және атау (қоян, түлкі, аю, кірпі)
1.2.3.8 үй құстарын (мысалы, тауық) үлгі бойынша, аты бойынша тану	2.2.3.8 атауына сәйкес таңдау жасау (түлкіні көрсет, қоянды көрсет)	3.2.3.8 жануарлардың орындайтын әрекеттерін атау (қоян секіреді)	4.2.3.8 суреттен қоянды жазда, қоянды қыста, аюды жазда, аюды қыста тану
1.2.3.9 екі құстың ішінен үлгісіне,	2.2.3.9 құсты (тауықты, қазды)	3.2.3.9 жабайы жануарлардың	4.2.3.9 жануарлар туралы ертегін сахналауға қатысу, жануарлардың

2.3. Жануарлар	атауына сәйкес біреуін, мысалы, тауықты таңдау	үлгісі, атауы бойынша тану	төлдерін тану және атау (көжек, конжық, жаутаң)	әдеттерін мұғалімнің соңынан қайталау
	1.2.3.10 екі құстың ішінен аты бойынша біреуін таңдау (тауықты көрсет)	2.2.3.10 үш құстың ішінен үлгі бойынша тауықты, қазды таңдау (осы сияқты көрсет)	3.2.3.10 құсты дауыс үнінен тану (тауық, әтеш, қаз)	4.2.3.10 жабайы жануарлардың төлдерін тану және атау (көжек, конжық, жаутаң)
	1.2.3.11 жабайы құстардың табиғаттағы әдеттерін байқау, (мысалы, торғайды) аттауы бойынша тану	2.2.3.11 заттың аттауы бойынша таңдау жасау (тауықты көрсет, қазды көрсет)	3.2.3.11 құстардың қимылдарын айту (тауық шоқиды, әтеш шақырады, қаз жүзеді)	4.2.3.11 үй жануарларын сыртқы түрі бойынша тану, суреттен көрсету, және атау
	1.2.3.12 табиғаттағы жәндіктерді бақылау (мысалы, қоңыз), аттауы бойынша тану	2.2.3.12 жергілікті құстарды үлгісі бойынша, аты бойынша тану (торғай, көгершін)	3.2.3.12 мұғалімнің соңынан қайталап, үй құстарының әдеттеріне еліктеу	4.2.3.12 құстарды дауыстары бойынша ажырату
	1.2.3.13 аквариумдағы балықтарды бақылау, балыққа жем беру	2.2.3.13 торғайларды, көгершіндерді бақылап қарау	3.2.3.13 жергілікті құстарды сыртқы түрі, дауысы бойынша тану және атау (көгершін, торғай)	4.2.3.13 құстарға тән әрекеттерін атау
		2.2.3.14 құс қоректендіру үйшігіне жем салу	3.2.3.14 жергілікті құстарды бақылау	4.2.3.14 құстар туралы ертегін сахналауға қатысу
		2.2.3.15 табиғаттағы жәндіктерді бақылап, үлгісі, атауы бойынша тану (мысалы, қоңыз, көбелек	3.2.3.15 қоректендіру үйшігіне жем салу	4.2.3.15 жергілікті құстарды сыртқы түрі бойынша тану, суреттен көрсету, атау
			3.2.3.16 жәндіктерді сыртқы түрі бойынша тану және атау (қоңыз, көбелек, шыбын)	4.2.3.16 жергілікті құстарды бақылау және күтіп қарау (қоректендіру үйшігі)
				4.2.3.17 суреттен жәндіктерді тану, көрсету және атау (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа)
				4.2.3.18 үй жануарлары мен жабайы аңдарды, құстарды, жәндіктерді ажыратыу және үлгі

		2.2.3.16 өзен балықтарын бақылау, қарастыру	3.2.3.17 балықтың дене мүшелерін тану және атау (бас, дене, құйрық)	бойынша, жалпылаушы сөз бойынша топтастыру
				4.2.3.19 балықтың кейбір түрлерін тану және атау (мысалы, жайын, шортан, мөңке)
				4.2.3.20 вербалды немесе баламалы коммуникацияны пайдалана отырып, қарапайым сөйлемдер құрастыру (жануарлардың, құстардың, жәндіктер және балықтардың қылықтары, қозғалыс әдеттері туралы)

3) "Менің Отаным – Қазақстан" бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары			
	1 сынып	2-сынып	3-сынып	4 сынып
	1.3.1.1 әнұранды бір орында тұрып, оң қолды жүрек тұсына қойып тыңдау	2.3.1.1 әнұранды бір орында тұрып, оң қолды жүрек тұсына қойып тыңдау	3.3.1.1 ауылдың (қаланың) ішінен өз үйін тану	4.3.1.1 үйін, жиі баратын демалыс және ойын-сауық орындарын фотосуретте тану
	1.3.1.2 Қазақстан туын танып, көрсету	2.3.1.2 Қазақстан туын танып, көрсету	3.3.1.2 өз ауылында, (қаласында) мектептен үйге дейінгі жолды тану	4.3.1.2 үйден мектепке және кері қайту жолын тану
	1.3.1.3 туған ауылдың (қаланың) ішінен өз үйін тану	2.3.1.3 домбыраны тану, домбыраның үнін тану	3.3.1.3 қаланың демалыс саябағы мен үнемі баратын дүкенін тану	4.3.1.3 оқушы тұратын аймақтың негізгі көрікті жерлерін (өзен, көл, тау, орман) тану
		2.3.1.4 өзі тұратын қаладағы (ауылдағы) өз үйіне баратын жолды тану	3.3.1.4 өзі тұратын аймақтың негізгі көрікті жерлерін (өзен, көл, таулар) тану	4.3.1.4 өз қаласының, ауылының негізгі мекемелерінің мақсатын түсіну: дүкен, емхана, мектеп
		2.3.1.5 көшелердің мерекелік безендірілуіне көңіл бөлу (қала, ауыл	3.3.1.5 өз қаласының, ауылының негізгі мекемелерінің	4.3.1.5 қала мен ауылдың

3.1. Менің қалам, ауылым	1.3.1.4 қаланың демалыс саябағы мен үнемі баратын дүкенін тану	бойынша экскурсиялар кезінде)	мақсатын түсіну: дүкен, мектеп	айырмашылығын түсіну
		2.3.1.6 қаланың демалыс саябағы мен үнемі баратын дүкенін тану	3.3.1.6 Қазақстан Республикасының әнұраны орындалған кезінде оң қолын жүрек тұсына қойып тік тұру	4.3.1.6 Қазақстан Республиканың әнұраны орындалған кезінде оң қолды жүрек тұсына қойып тік тұру қалпын сақтау
		2.3.1.7 туған ауылдың (қаланың) ішінен өз үйін тану	3.3.1.7 Қазақстан туын тану және көрсету	4.3.1.7 Қазақстан туын тану және көрсету
			3.3.1.8 2-3 тудың ішінен Қазақстан туын тауып көрсету ерекшелеу	4.3.1.8 ұсынылған 2-3 таңбаның ішінен Қазақстан туын тауып таңдау
			3.3.1.9 домбыраны тану және атау	4.3.1.9 домбыраны тану және көрсету
			3.3.1.10 домбыра үнін тану	4.3.1.10 домбыра үнін тану
				4.3.1.11 ауызша немесе альтернативті коммуникацияны пайдалана отырып, қарапайым сөйлемдерді құрастыру
	1.3.2.1 қалада жүру үшін қоғамдық көлігін тану (автокөлік, автобус, трамвай)	2.3.2.1 көлік түрлерін тану (автомобиль, автобус , трамвай, пойыз)	3.3.2.1 суретте қаланың, ауылдың негізгі көлік түрлерін атаулары бойынша көрсету	4.3.2.1 негізгі көлік түрлерін атау: автобус, автомобиль , пойыз, ұшақ, пароход
	1.3.2.2 бағдаршамдарды тану және оны көрсету	2.3.2.2 суреттегі бағдаршамды тану және оны көрсету	3.3.2.2 суреттен көлік түрлерін атаулары бойынша көрсету: автобус, жеңіл көлік, трамвай, пойыз	4.3.2.2 көлік түрлерінің қозғалыс амалдарын атау (автобус, автомобиль – жүреді, пойыз – жүреді, ұшақ – ұшады, пароход – жүзеді)
		2.2.1.4 үлгі бойынша, сурет бойынша, сөздік нұсқау бойынша санау таяқшаларынан ағаш, бұта, шырша, жемсалғыш, сатыны құрастыру
		2.2.1.5 еліктеу бойынша, үлгі бойынша көлденеңінен , тігінен қиылған 3-4 бөлікке, қиғаш 2 бөлікке қиылған суреттерді құрастыру
		2.2.1.6 пазлдарды құрастыру
		2.2.1.7 Құрастырылған ғимараттарды , алынған суреттерді атау, суреттердің бөліктерін атауы бойынша көрсету

3) 3 - сынып:

Ортақ тақырыптар	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1- тоқсан		
		3.1.1.1 ұсақ тастарды қасықпен бір сауыттан басқа сауытқа салу
		3.1.1.2 кішкентай шарларды елекпен су құйылған сауыттан жұмыртқа салатын сауытқа салу
		3.1.1.3 таяқшаларды, шырпыларды кішкентай тесіктерге итере салу
		3.1.1.4 су құбырының шүмегін ашу және жабу

1-2 апта Білім алушыларды бақылау және тексеру 3 апта "Мен және менің отбасым" 4 апта "Менің денем". "Мен ұлмын", "мен қызбын" 5 апта "Көкөністер" 6 апта "Жемістер, жидектер" 7 апта "Менің сүйікті ойындарым" 8 апта "Менің үйім" 9 апта "Менің мектебім"	1.1. Сәйкестендіру әрекеті	3.1.1.5 есіктің әр түрлі құлыптарын ашу және жабу
		3.1.1.6 киімнің және сөмкенің сырмасын ашу және жабу
		3.1.1.20 панельге әр түрлі түсті мозаиканың екі параллель қатарын қою
		3.1.1.23 күзгі жапырақтардан гүл шоқтарын жасау
		3.1.1.21 көрсетілім бойынша, үлгі бойынша, ауызша нұсқаулыққа сәйкес табиғи материалдардан композициялар жасау
		3.1.1.24 олармен орындалған заттар мен әрекеттерді атау
		3.1.1.25 орындалатын жұмыстың кезеңдері туралы мұғалімнің сұрақтарына жауап беру (алғаш не істедің? Ары қарай не істедің?)
	1.2. Құрал-саймандық әрекет	3.1.2.1 жарманы қасықпен салу
		3.1.2.2 құйғыш арқылы жарманы төгу
		3.1.2.3 жарманы елеуішпен елеу
		3.1.2.4 суды құмырадан құмыраға құю
		3.1.2.5 суды құмырадан (шәйнектен) стақанға, кесеге құю
		3.1.2.6 ыдыс жуғыш жөкенің көмегімен (сорғыш) суды бір сауыттан басқасына ауыстыру
		3.1.2.15 әрекеттерді және олар орындалатын заттарды (құралдарды) атау
	1.3. Заттарды таңдау және топтастыру	3.1.3.1 бірнеше түстен бір түсті заттарды таңдау
		3.1.3.2 заттарды түсі бойынша топтастыру
		3.1.3.3 бірнеше заттың ішінен мөлшері сондай заттарды таңдау
		3.1.3.4 заттарды көлемі бойынша топтастыру
		3.1.3.5 бірнеше заттың ішінен пішіні сондай заттарды таңдау
		3.1.3.6 заттарды пішіні бойынша топтастыру
		3.1.3.14 заттарды және олардың қасиеттерін (өлшемі, түсі, пішіні) атау

		3.1.3.7 заттың оның суреттегі, фотодағы бейнесімен ара қатынасын табу
		3.1.3.11 табиғи материалдарды тану, атау
		3.1.3.12 табиғи материалдарды сұрыптау, оларды сақтау үшін қораптарға, құтыларға, дорбаларға салу
		3.1.3.15 үстел ойындарын көрсету және атау
	2.1. Құрастыру	3.2.1.1 көрсету бойынша, үлгі бойынша 5-6 көлемді пішіндерден екі қабатты үй, тұрақ салу, қақпа, пойыз, автомобиль жасау
		3.2.1.2 сөздік нұсқау бойынша таныс құрылыс жұмыстарын орындау
		3.2.1.3 мұғалімнің басшылығымен құрастыру ойын ойнау
		3.2.1.8 құрылымдық бөліктерден (бас, дене, құйрық, аяқ-қол) қарапайым бейнелерді құрастыру
		3.2.1 9 пазлдарды құрастыру
		3.2.1.10 Құрастырылған ғимараттарды , алынған суреттерді атау, суреттердің бөліктерін көрсету және атау
2- тоқсан		
	1.1. Сәйкестендіру әрекеті	3.1.1.7 матрешканы, фломастерді, желімді ашу және жабу
		3.1.1.8 заттарды, заттар (суы бар құмыра, қораптар, дидактикалық материалдар) салынған подносты үстелге, сөреге абайлап апару және қою
		3.1.1.9 арбаны, сөмкені, дөңгелекті шемоданды итеру, тарту, тасымалдау
		3.1.1.10 құтының, бөтелкенің қақпағын бұрап ашу-бұрап жабу
		3.1.1.11 үлкен сомындарды бұрап жабу-бұрап ашу
		3.1.1.12 зырылдауықты айналдыру
		3.1.1.13 ірі моншақтарды бауға тізу
		3.1.1.14 жабысқақ қапсырманы, шыртылдақтарды және түймелерді салу шешу, ағыту

		3.1.1.24 олармен орындалған заттар мен әрекеттерді атау
		3.1.1.25 орындалатын жұмыстың кезеңдері туралы мұғалімнің сұрақтарына жауап беру (алғаш не істедің? Ары қарай не істедің?)
	1.2. Құрал-саймандық әрекет	3.1.2.4 суды құмырадан құмыраға құю
		3.1.2.5 суды құмырадан (шәйнектен) стақанға, кесеге құю
		3.1.2.6 ыдыс жуғыш жөкенің көмегімен (сорғыш) суды бір сауыттан басқасына ауыстыру
		3.1.2.7 бұлғауышпен көпірту
		3.1.2.8 үстелге төгілген суды шүберекпен сүрту
1 апта "Менің киімім"; 2 апта "Менің аяқ киімім"; 3 апта "Азық-түлік"; 4 апта "Шай ыдыстары"; 5 апта " Жиһаз"; 6 апта "Жаңа жыл мерекесі"; 7 апта "Жаңа жыл мерекесі"		3.1.2.9 еденге төгілген суды швабрамен сүрту
		3.1.2.10 шүберек пен жөкені пайдалана отырып, үстелдің, сөренің, бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту
		3.1.2.15 әрекеттерді және олар орындалатын заттарды (құралдарды) атау
	1.3. Заттарды таңдау және топтастыру	3.1.3.7 заттың оның суреттегі, фотодағы бейнесімен ара қатынасын табу
		3.1.3.8 заттың оның суреттегі, фотодағы сұлбасы немесе көлеңкелі бейнесімен ара қатынасын табу
		3.1.3.9 жіптерді ұзындығы, қалыңдығы, түсі бойынша топтау
		3.1.3.10 мата қиындыларын түсі мен құрылымы, қалыңдығы бойынша топтастыру
		3.1.3.14 заттарды және олардың қасиеттерін (өлшемі, түсі, пішіні) атау
		3.1.3.13 үстел ойындарын ойнау (лото, домино, мемориал, жұптық суреттер, басқалар)
		3.1.3.15 үстел ойындарын көрсету және атау
		3.2.1.4 көрсету бойынша, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойыншажазық геометриялық пішіндерден бейнелер құрастыру

	2.1. Құрастыру	3.2.1.5 сөздік нұсқау бойынша санау таяқшаларынан көрсету бойынша, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша өрнектер мен пішіндерді құрастыру
		3.2.1.6 5-7 бөліктен тұратын суреттерді құрастыру
		3.2.1.10 Құрастырылған ғимараттарды , алынған суреттерді атау, суреттердің бөліктерін көрсету және атау
3- тоқсан		
	1.1. Сәйкестендіру әрекеті	3.1.1.13 моншақтарды бауға тізу
		3.1.1.14 жабысқақ қапсырманы, шыртылдақтарды және түймелерді салу шешу, ағыту
		3.1.1.15 қалың жіптерден бау, белдік жасау
		3.1.1.16 түстері әртүрлі екі жуан жіптен бау тоқу
		3.1.1.17 кітапқа бетбелгі жасау
		3.1.1.18 жіптерді байлау, қалың жіптерді бантикпен байлау
		3.1.1.20 панельге әр түрлі түсті мозаиканың екі параллель қатарын қою
		3.1.1.22 матаға, қағазға әр түрлі пішінді заттарды орау
		3.1.1.24 олармен орындалған заттар мен әрекеттерді атау
		3.1.1.25 орындалатын жұмыстың кезеңдері туралы мұғалімнің сұрақтарына жауап беру (алғаш не істедің? Ары қарай не істедің?)
	1.2. Құрал-саймандық әрекет	3.1.2.11 пластмассадан, ағаштан жасалған киім қыстырғыштарын бекіту-ағыту
		3.1.2.2 құйғыш арқылы жарманы төгу
		3.1.2.3 жарманы елеуішпен елеу
		3.1.2.4 суды құмырадан құмыраға құю
		3.1.2.5 суды құмырадан (шәйнектен) стақанға, кесеге құю
		3.1.2.14 сабынды пайдалана отырып, айнаны жуу
		3.1.2.13 матаны қайшымен кесу

1 апта "Қыс қызықтары" 2 апта "Қысқы киім және аяқ киім" 3 апта "Үй жануарлары" 4 апта "Үй құстары" 5 апта "Жабайы жануарлар" 6 апта "Жабайы құстар" 7 апта "Көлік" 8 апта "Анамның мерекесі" 9 апта "Наурыз мерекесі"		3.1.2.15 әрекеттерді және олар орындалатын заттарды (құралдарды) атау
	1.3. Заттарды таңдау және топтастыру	3.1.3.1 бірнеше түстен бір түсті заттарды таңдау
		3.1.3.2 заттарды түсі бойынша топтастыру
		3.1.3.3 бірнеше заттың ішінен мөлшері сондай заттарды таңдау
		3.1.3.4 заттарды көлемі бойынша топтастыру
		3.1.3.5 бірнеше заттың ішінен пішіні сондай заттарды таңдау
		3.1.3.6 заттарды пішіні бойынша топтастыру
		3.1.3.14 заттарды және олардың қасиеттерін (өлшемі, түсі, пішіні) атау
		3.1.3.13 үстел ойындарын ойнау (лото, домино, мемориал, жұптық суреттер, басқалар)
		3.1.3.15 үстел ойындарын көрсету және атау
	2.1. Құрастыру	3.2.1.2 сөздік нұсқау бойынша таныс құрылыс жұмыстарын орындау
		3.2.1.3 мұғалімнің басшылығымен құрастыру ойын ойнау
		3.2.1.4 көрсету бойынша, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойыншажазық геометриялық пішіндерден бейнелер құрастыру
		3.2.1.7 ертегілер суреттеріндегі қойындыларды кесілген бөліктермен толтыру
		3.2.1.8 құрылымдық бөліктерден (бас, дене, құйрық, аяқ-қол) қарапайым бейнелерді құрастыру
		3.2.1.10 Құрастырылған ғимараттарды , алынған суреттерді атау, суреттердің бөліктерін көрсету және атау
		3.2.1 9 пазлдарды құрастыру
4- тоқсан		
		3.1.1.9 арбаны, сөмкені, дөңгелекті шемоданды итеру, тарту, тасымалдау

1 апта"Ағаштар"; 2 апта Гүлдер"; 3 апта "Жәндіктер"; 4 апта "Көктемге арналған киім"; 5 апта"Балықтар"; 6 апта"Жемістер"; 7 апта"Көкөністер"; 8 апта"Жидектер"; 9 апта"Жазға арналған киім"; " Балалардың жазғы қызықтары"	1.1. Сәйкестендіру әрекеті	3.1.1.10 құтының, бөтелкенің қақпағын бұрап ашу-бұрап жабу
		3.1.1.11 үлкен сомындарды бұрап жабу-бұрап ашу
		3.1.1.18 жіптерді байлау, қалың жіптерді бантикпен байлау
		3.1.1.19 матаны киім (шарф) және тұрмыстық заттар (майлық, дастархан) ретінде пайдалану
		3.1.1.20 панельге әр түрлі түсті мозаиканың екі параллель қатарын қою
		3.1.1.21 көрсетілім бойынша, үлгі бойынша, ауызша нұсқаулыққа сәйкес табиғи материалдардан композициялар жасау
		3.1.1.22 матаға, қағазға әр түрлі пішінді заттарды орау
		3.1.1.24 олармен орындалған заттар мен әрекеттерді атау
		3.1.1.25 орындалатын жұмыстың кезеңдері туралы мұғалімнің сұрақтарына жауап беру (алғаш не істедің? Ары қарай не істедің?)
	1.2. Құрал-саймандық әрекет	3.1.2.14 сабынды пайдалана отырып, айнаны жуу
		3.1.2.4 суды құмырадан құмыраға құю
		3.1.2.5 суды құмырадан (шәйнектен) стақанға, кесеге құю
		3.1.2.9 еденге төгілген суды швабрамен сүрту
		3.1.2.10 шүберек пен жөкені пайдалана отырып, үстелдің, сөренің, бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту
		3.1.2.11 пластмассадан, ағаштан жасалған киім қыстырғыштарын бекіту-ағыту
		3.1.2.12 жуан жіптерді қайшымен кесу
		3.1.2.13 матаны қайшымен кесу
		3.1.2.15 әрекеттерді және олар орындалатын заттарды (құралдарды) атау
		3.1.3.7 заттың оның суреттегі, фотодағы бейнесімен ара қатынасын табу

		3.1.3.8 заттың оның суреттегі, фотодағы сұлбасы немесе көлеңкелі бейнесімен ара қатынасын табу
		3.1.3.9жіптерді ұзындығы, қалыңдығы, түсі бойынша топтау
	1.3. Заттарды таңдау және топтастыру	3.1.3.10 мата қиындыларын түсі мен құрылымы, қалыңдығы бойынша топтастыру
		3.1.3.11 табиғи материалдарды тану, атау
		3.1.3.12 табиғи материалдарды сұрыптау, оларды сақтау үшін қораптарға, құтыларға, дорбаларға салу
		3.1.3.13 үстел ойындарын ойнау (лото, домино, мемориал, жұптық суреттер, басқалар)
		3.1.3.15 үстел ойындарын көрсету және атау
		3.2.1.6 5-7 бөліктен тұратын суреттерді құрастыру
		3.2.1.7 ертегілер суреттеріндегі қойындыларды кесілген бөліктермен толтыру
		3.2.1.8 құрылымдық бөліктерден (бас, дене, құйрық, аяқ-қол) қарапайым бейнелерді құрастыру
	2.1. Құрастыру	3.2.1 9 пазлдарды құрастыру
		3.2.1.1 көрсету бойынша, үлгі бойынша 5-6 көлемді пішіндерден екі қабатты үй, тұрақ салу, қақпа, пойыз, автомобиль жасау
		3.2.1.10 Құрастырылған ғимараттарды , алынған суреттерді атау, суреттердің бөліктерін көрсету және атау

4) 4 - сынып:

Ортақ тақырыптар	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1- тоқсан		
		4.1.1.1 шыны шарларды ұяшықтарға салу
		4.1.1.2 ұсақ моншақтарды шыны сауытқа салу
		4.1.1.3 су құбырының шүмегін ашу және жабу
		4.1.1.4 есіктің әр түрлі құлыптарын ашу және жабу

1-2 апта Білім алушыларды бақылау және тексеру 3 апта "Мен және менің отбасым" 4 апта "Менің денем" "Мен ұлмын ", "мен қызбын" 5 апта "Көкөністер" 6 апта "Жемістер, жидектер" 7 апта "Менің сүйікті ойындарым" 8 апта "Менің үйім" 9 апта "Менің мектебім"	1.1. Сәйкестендіру әрекеті	4.1.1.5 киімнің және сөмкенің сырмасын ашу және жабу
		4.1.1.19 үлгі, көрсету бойынша табиғи материалдардан бұйымдар жасау; бөлшектерді пластилинмен біріктіру
		4.1.1.20 көрсетілім бойынша, үлгі бойынша, ауызша нұсқаулыққа сәйкес табиғи материалдардан композициялар жасау
		4.1.1.23 аяқ киімді байлау
		4.1.1.24 қалың жіптерден немесе сымнан өрім жасау
		4.1.1.25 матаға, қағазға әр түрлі пішінді заттарды орау
		4.1.1.21 олармен орындалған заттар мен әрекеттерді атау
		4.1.1.22 орындалатын жұмыстың кезеңдері туралы мұғалімнің сұрақтарына жауап беру (алғаш не істедің? Ары қарай не істедің?)
	1.2. Құрал-саймандық әрекет	4.1.2.1 жарманы қасықпен салу
		4.1.2.2 құйғыш арқылы жарманы төгу
		4.1.2.3 жарманы елеуішпен елеу
		4.1.2.4 суды құмырадан (шәйнектен) стақанға, кесеге құю
		4.1.2.5 ыдыс жуғыш жөкенің көмегімен (сорғыш) суды бір сауыттан басқасына ауыстыру
		4.1.2.6 бұлғауышпен көпірту
		4.1.2.8 үстелге төгілген суды шүберекпен сүрту
		4.1.2.9 еденге төгілген суды швабрамен сүрту
		4.1.2.16 әрекеттерді және олар орындалатын заттарды (құралдарды) атау
		4.1.3.1 бірнеше түстен бір түсті заттарды таңдау
		4.1.3.2 заттарды түсі бойынша топтастыру
		4.1.3.3 бірнеше заттың ішінен мөлшері сондай заттарды таңдау
		4.1.3.4 заттарды көлемі бойынша топтастыру
		4.1.3.5 заттарды көлемі бойынша сұрыптау

	1.3. Заттарды таңдау және топтастыру	4.1.3.8 заттарды және олардың қасиеттерін (өлшемі, түсі, пішіні) атау
		4.1.3.11 жиналған табиғи материалдарды тану, атау
		4.1.3.12 табиғи материалдарды сұрыптау, оларды сақтау үшін қораптарға, құтыларға, дорбаларға салу
		4.1.3.13 үстел ойындарын ойнау (лото, домино, мемориал, жұптық суреттер, басқалар)
		4.1.3.14 үстел ойындарын көрсету және атау
	2.1. Құрастыру	4.2.1.1 көрсету бойынша, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша, ойша 6-10 бөлікті материалдардан құрылыс жасау
		4.2.1.2 мұғалімнің басшылығымен құрастыру ойын ойнау
		4.2.1.3 көрсету бойынша, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойыншажазық геометриялық пішіндерден бейнелер құрастыру
		4.2.1.4 үлгі бойынша, сурет бойынша, сөздік нұсқау бойынша санау таяқшаларынан өрнектерді, таныс әріптерді, цифрларды құрастыру
		4.2.1.10 Құрастырылған ғимараттарды , алынған суреттерді атау, суреттердің бөліктерін көрсету және атау
2- тоқсан		
		4.1.1.6 матрешканы, фломастерді, желімді ашу және жабу
		4.1.1.7 заттарды, заттар (суы бар құмыра, қораптар, дидактикалық материалдар) салынған подносты үстелге, сөреге абайлап апару және қою
		4.1.1.8 затты, арбаны, сөмкені, дөңгелекті шемоданды итеру, тарту, тасымалдау
		4.1.1.9 түрлі түсті мозаикаларды белгілі бір ретпен түстерді ауыстыра отырып, панельге қатарынан орналастыру

1 апта "Менің киімім"; 2 апта "Менің аяқ киімім"; 3 апта "Азық-түлік"; 4 апта "Шай ыдыстары"; 5 апта "Жиһаз"; 6 апта "Жаңа жыл мерекесі"; 7 апта "Жаңа жыл мерекесі"	1.1.Сәйкестендіру әрекеті	4.1.1.10 құтының, бөтелкенің қақпағын бұрап ашу-бұрап жабу
		4.1.1.19 үлгі, көрсету бойынша табиғи материалдардан бұйымдар жасау; бөлшектерді пластилинмен біріктіру
		4.1.1.20 көрсетілім бойынша, үлгі бойынша, ауызша нұсқаулыққа сәйкес табиғи материалдардан композициялар жасау
		4.1.1.23 аяқ киімді байлау
		4.1.1.24 қалың жіптерден немесе сымнан өрім жасау
		4.1.1.21 олармен орындалған заттар мен әрекеттерді атау
		4.1.1.22 орындалатын жұмыстың кезеңдері туралы мұғалімнің сұрақтарына жауап беру (алғаш не істедің? Ары қарай не істедің?)
	1.2. Құрал-саймандық әрекет	4.1.2.7 қысқыштарды, пинцеттерді пайдаланып заттарды бір ыдыстан екіншісіне ауыстыру
		4.1.2.10 шүберек пен жөкені пайдалана отырып, үстелдің, сөренің, бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту
		4.1.2.11 инеге жіп сабақтау, жіпті түю
		4.1.2.12 инемен "ине төмен-ине жоғары" тігісін орындау
		4.1.2.13 педагогтің көмегімен екі тесікті түймені қадау
		4.1.2.14 матаны қайшымен кесу
		4.1.2.15 сабынды пайдалана отырып, айнаны жуу
		4.1.2.16 әрекеттерді және олар орындалатын заттарды (құралдарды) атау
		4.1.3.5 заттарды көлемі бойынша сұрыптау
		4.1.3.6 бірнеше заттың ішінен пішіні сондай заттарды таңдау
		4.1.3.7 заттарды пішіні бойынша топтастыру
		4.1.3.8 заттарды және олардың қасиеттерін (өлшемі, түсі, пішіні) атау

	1.3. Заттарды таңдау және топтастыру	4.1.3.9 заттың оның суреттегі, фотодағы сұлбасы немесе көлеңкелі бейнесімен ара қатынасын табу
		4.1.3.10 заттың сұлбасы немесе көлеңкелі бейнесімен ара қатынасын табу
		4.1.3.13 үстел ойындарын ойнау (лото, домино, мемориал, жұптық суреттер, басқалар)
		4.1.3.14 үстел ойындарын көрсету және атау
	2.1. Құрастыру	4.2.1.5 бөлінген тақырыптық және сюжеттік суреттерді құрастыру
		4.2.1.6 өрсету, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша геометриялық пішіндерден жолақта, шаршыда, дөңгелекте өрнек құрау
		4.2.1.7 кесілген фрагменттері бар ертегі суреттеріндегі қойындыларды толтыру
		4.2.1.8 құрамдас бөліктерден жануарлардың, адамдардың, өсімдіктердің қарапайым суреттерін құрастыру
		4.2.1.9 пазлдарды құрастыру
		4.2.1.10 Құрастырылған ғимараттарды , алынған суреттерді атау, суреттердің бөліктерін көрсету және атау
3- тоқсан		
	1.1. Сәйкестендіру әрекеті	4.1.1.11 үлкен сомындарды бұрап жабу-бұрап ашу
		4.1.1.12 кішкентай үстел үсті зырылдауықты айналдыру
		4.1.1.13 ұсақ моншақтарды, шытыра моншақты қармақ бауға, жіпке тізу
		4.1.1.14 жабысқақ қапсырманы, шыртылдақтарды және түймелерді , айылбастарды, түйреуіштерді салу шешу, ағыту
		4.1.1.15 қалың жіптерден бау жасау
		4.1.1.23 аяқ киімді байлау
		4.1.1.24 қалың жіптерден немесе сымнан өрім жасау

		4.1.1.25 матаға, қағазға әр түрлі пішінді заттарды орау
		4.1.1.19 үлгі, көрсету бойынша табиғи материалдардан бұйымдар жасау; бөлшектерді пластилинмен біріктіру
		4.1.1.20 көрсетілім бойынша, үлгі бойынша, ауызша нұсқаулыққа сәйкес табиғи материалдардан композициялар жасау
		4.1.1.21 олармен орындалған заттар мен әрекеттерді атау
		4.1.1.22 орындалатын жұмыстың кезеңдері туралы мұғалімнің сұрақтарына жауап беру (алғаш не істедің? Ары қарай не істедің?)
1 апта "Қыс қызықтары" 2 апта "Қысқы киім және аяқ киім" 3 апта "Үй жануарлары" 4 апта "Үй құстары" 5 апта "Жабайы жануарлар" 6 апта "Жабайы құстар" 7 апта "Көлік" 8 апта "Анамның мерекесі" 9 апта "Наурыз мерекесі"	1.2. Құрал-саймандық әрекет	4.1.2.1 жарманы қасықпен салу
		4.1.2.2 құйғыш арқылы жарманы төгу
		4.1.2.3 жарманы елеуішпен елеу
		4.1.2.4 суды құмырадан (шәйнектен) стақанға, кесеге құю
		4.1.2.5 ыдыс жуғыш жөкенің көмегімен (сорғыш) суды бір сауыттан басқасына ауыстыру
		4.1.2.6 бұлғауышпен көпірту
		4.1.2.8 үстелге төгілген суды шүберекпен сүрту
		4.1.2.9 еденге төгілген суды швабрамен сүрту
		4.1.2.16 әрекеттерді және олар орындалатын заттарды (құралдарды) атау
	1.3. Заттарды таңдау және топтастыру	4.1.3.1 бірнеше түстен бір түсті заттарды таңдау
		4.1.3.2 заттарды түсі бойынша топтастыру
		4.1.3.3 бірнеше заттың ішінен мөлшері сондай заттарды таңдау
		4.1.3.4 заттарды көлемі бойынша топтастыру
		4.1.3.5 заттарды көлемі бойынша сұрыптау
		4.1.3.8 заттарды және олардың қасиеттерін (өлшемі, түсі, пішіні) атау
		4.1.3.11 жиналған табиғи материалдарды тану, атау

		4.1.3.12 табиғи материалдарды сұрыптау, оларды сақтау үшін қораптарға, құтыларға, дорбаларға салу
		4.1.3.13 үстел ойындарын ойнау (лото, домино, мемориал, жұптық суреттер, басқалар)
		4.1.3.14 үстел ойындарын көрсету және атау
	2.1. Құрастыру	4.2.1.1 көрсету бойынша, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша, ойша 6-10 бөлікті материалдардан құрылыс жасау
		4.2.1.2 мұғалімнің басшылығымен құрастыру ойын ойнау
		4.2.1.3 көрсету бойынша, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойыншажазық геометриялық пішіндерден бейнелер құрастыру
		4.2.1.4 үлгі бойынша, сурет бойынша, сөздік нұсқау бойынша санау таяқшаларынан өрнектерді, таныс әріптерді, цифрларды құрастыру
		4.2.1.10 Құрастырылған ғимараттарды , алынған суреттерді атау, суреттердің бөліктерін көрсету және атау
4- тоқсан		
	1.1. Сәйкестендіру әрекеті	4.1.1.14 жабысқақ қапсырманы, шыртылдақтарды және түймелерді , айылбастарды, түйреуіштерді салу шешу, ағыту
		4.1.1.15 қалың жіптерден бау жасау
		4.1.1.16 қалың жіпке түйін, бантик байлау
		4.1.1.17 әр түрлі байлау түрлерін орындау
		4.1.1.18 орамалды шешу және байлау
		4.1.1.23 аяқ киімді байлау
		4.1.1.24 қалың жіптерден немесе сымнан өрім жасау
		4.1.1.19 үлгі, көрсету бойынша табиғи материалдардан бұйымдар жасау; бөлшектерді пластилинмен біріктіру

		4.1.1.20 көрсетілім бойынша, үлгі бойынша, ауызша нұсқаулыққа сәйкес табиғи материалдардан композициялар жасау
		4.1.1.21 олармен орындалған заттар мен әрекеттерді атау
		4.1.1.22 орындалатын жұмыстың кезеңдері туралы мұғалімнің сұрақтарына жауап беру (алғаш не істедің? Ары қарай не істедің?)
	1.2. Құрал-саймандық әрекет	4.1.2.7 қысқыштарды, пинцеттерді пайдаланып заттарды бір ыдыстан екіншісіне ауыстыру
		4.1.2.10 шүберек пен жөкені пайдалана отырып, үстелдің, сөренің, бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту
		4.1.2.11 инеге жіп сабақтау, жіпті түю
1 апта "Ағаштар"; 2 апта "Гүлдер"; 3 апта "Жәндіктер"; 4 апта "Көктемге арналған киім"; 5 апта "Балықтар"; 6 апта "Жемістер"; 7 апта "Көкөністер"; 8 апта "Жидектер"; 9 апта "Жазға арналған киім"; " Балалардың жазғы қызықтары"		4.1.2.12 инемен "ине төмен-ине жоғары" тігісін орындау
		4.1.2.13 педагогтің көмегімен екі тесікті түймені қадау
		4.1.2.14 матаны қайшымен кесу
		4.1.2.15 сабынды пайдалана отырып, айнаны жуу
		4.1.2.16 әрекеттерді және олар орындалатын заттарды (құралдарды) атау
	1.3. Заттарды таңдау және топтастыру	4.1.3.5 заттарды көлемі бойынша сұрыптау
		4.1.3.6 бірнеше заттың ішінен пішіні сондай заттарды таңдау
		4.1.3.7 заттарды пішіні бойынша топтастыру
		4.1.3.8 заттарды және олардың қасиеттерін (өлшемі, түсі, пішіні) атау
		4.1.3.9 заттың оның суреттегі, фотодағы сұлбасы немесе көлеңкелі бейнесімен ара қатынасын табу
		4.1.3.10 заттың сұлбасы немесе көлеңкелі бейнесімен ара қатынасын табу
		4.1.3.13 үстел ойындарын ойнау (лото, домино, мемориал, жұптық суреттер, басқалар)

		4.1.3.14 үстел ойындарын көрсету атау
	2.1. Құрастыру	4.2.1.5 бөлінген тақырыптық және сюжеттік суреттерді құрастыру
		4.2.1.6 өрсету, үлгі бойынша, сөздік нұсқау бойынша геометриялық пішіндерден жолақта, шаршыда, дөңгелекте өрнек құрау
		4.2.1.7 кесілген фрагменттері бар ертегі суреттеріндегі қойындыларды толтыру
		4.2.1.8 құрамдас бөліктерден жануарлардың, адамдардың, өсімдіктердің қарапайым суреттерін құрастыру
		4.2.1.9 пазлдарды құрастыру
		4.2.1.10 Құрастырылған ғимараттарды , алынған суреттерді атау, суреттердің бөліктерін көрсету және атау

бұйрығына
23-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына
320 – қосымша

Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 1 - 4 сыныптары үшін " Музыка және ырғақ" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 1 - 4 сыныптары үшін "Музыка және ырғақ" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 19-бабы 1 тармағына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты – білім алушылардың музыкалық іс-әрекеті барысында тыңдау, орындаушылық және қозғалыс қабілеттерін дамыту, қарапайым эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.

3. Бағдарламаның оқу міндеттері:

1) музыкалық сабақтарға оң көзқарас қалыптастыру;

2) музыкаға деген эмоционалдық ықыластылыққа және музыкамен қимыл ырғағына тәрбиелеу;

3) музыкалық-орындаушылық дағдыларды қалыптастыру;

4) би қимылдарын үйрету.

4. Бағдарламаның түзету-дамыту міндеттері:

1) ырғақ сезімін, музыкалық есте сақтауды дамыту;

2) білім алушылардың әншілік тыныс алуын, әншілік аппаратын дамыту;

3) моторикалық ептілікті, тепе-теңдік сезімін, кеңістікте бағдарлануды, қозғалыстарды үйлестіруді қалыптастыру;

4) эмоционалдық-ерікті саланы және оң жеке қасиеттерді дамыту.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдер

5. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде мыналар ескеріледі:

1) ұжымдық оқыту жағдайында білім алушылардың танымдық белсенділігінің төмендігі;

2) алдыңғы жұмыста қолданылатын педагогтің көмегін ынталандыратын бағыттаушыға төмен реакция;

3) білім алушылардың сабақ бойы өз белсенділігін және оқу материалының мазмұнына зейін қойып сақтаудың шағын ресурсы;

4) қалыптасатын дағдыларды автоматтандырудың қиындықтары.

6. Білім алушылардың ерекшелігі мынадай сөйлеудегі елеулі бұзылыстар болып табылады: сөйлеуді түсінудегі қиындықтар, тар сөздік қоры, дыбыстық айтылымның бұзылысы және сөйлеудің грамматикалық құрылымы, білім алушылардың бір бөлігінде белсенді сөйлеудің толық болмауы байқалады. Білім алушыларға ән мәтінінің мағынасын түсіну, оны жатқа есте сақтау қиын.

7. Оқу процесін ұйымдастыру арнайы педагогика қағидаларына негізделген.

8. Педагогтар білім алушылардың бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, жеке қарқынмен даму құқығын құрметтейді; өзгермелі мүмкіндіктерді үнемі зерттейді, білім беру қажеттіліктерін бағалайды, білім алушылардың дағдыларын дамыту мен оны игерудегі минималды ілгерілеулерді бекітеді. Кез-келген прогресс оқудағы оң нәтиже ретінде қарастырылады.

9. Педагогтар осы Бағдарламадан әрбір білім алушы үшін қолжетімді оқу мазмұнын , сондай-ақ білім алушылардың білім беру, тұлғалық жетістіктерін бағалаудың жеке мүмкіндіктері мен нәтижелерін ескере отырып, оқыту әдістерін, нысандарын, құралдарын дербес таңдайды.

10. Сабақты ұйымдастыру кезінде әр білім алушыда қажеттілік туындаған кезде қызмет түрін өзгерту мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Жеке жұмысты жеке қарқынмен орындау, педагогтың жеке көмегін алу үшін жағдайлар қамтамасыз етіледі.

11. Музыка және ырғақ сабақтарын дайындау және өткізу барысында педагог мынадай талаптарды ұстануы тиіс:

1) музыкалық материалды оның тәрбиелік мәнін, эстетикалық құндылығын, білім алушылардың даму деңгейіне сәйкестігін ескере отырып таңдау;

2) музыкалық шығарманы орындаудың жоғары деңгейі (оның ішінде жазбада ойнатылатын);

3) музыкалық шығарманың мазмұнымен танысқан кезде білім алушылармен қолжетімді қысқа сөздік қарым-қатынас;

4) музыканы тыңдау кезінде бейнелі көрнекілікті кеңінен қолдану (бейнесюжеттер, иллюстрациялар, драмаландыру, шығарманың мазмұнына сәйкес келетін суреттер сериясы);

5) музыкалық шығарманың ритмді бейнесін, қарқынын, динамикасын жақсы меңгеруге ықпал ететін білім алушылардың қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру.

12. Білім алушыларды музыкаға тәрбиелеудің негізі музыкалық қабілеттерін дамытудың ең белсенді әдісі ретінде ән айту болып табылады. Маңызды түзету-дамыту құралы хормен ән айту болып табылады. Ән мәтіндері, әуендердің әсемдігі білім алушылардың эмоционалдық әсерленушілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

13. Педагог әндерді таңдайды және білім алушылардың музыкалық және әншілік дайындығына, олардың даму деңгейіне байланысты олармен жұмыс істеу ретін белгілейді. Бүкіл әнді орындау қиынға соғатын білім алушылармен жұмыс істегенде, педагог оларға әннің жеке бөліктерін айтуды ұсынады.

14. Сөйлемейтін білім алушылар әнге еліктейді, әуен ырғағына тербеледі, ритмдік қимылдарды қолдарымен орындайды, әуен ырғағына енеді.

15. Ән айтуға дайындық жаттығулары логопедиялық ырғақ жаттығулары, артикуляциялық жаттығу, тыныс алу жаттығулары болып табылады. Құстардың, жануарлардың, көліктің, музыкалық аспаптардың дыбыстарына еліктеу педагогке мектептегі білім алушыларды қызықтыруға және сабақты түрлендіруге көмектеседі.

16. Әр сабақтың ажырамас бөлігі білім алушылардың музыкалық көкжиегін кеңейтуге және олардың музыкалық қабылдауын қалыптастыруға ықпал ететін музыканы тыңдау болып табылады.

17. Музыканы тыңдау бойынша жұмыстың мазмұны мен ұйымдастырылуы білім алушылардың жасына және психофизикалық ерекшеліктеріне байланысты. Білім алушылар назарының ерекшеліктерін ескере отырып, шаршап қалуларын болдырмау үшін музыкалық шығарманың дыбысы 1,5-2 минуттан аспауы керек.

18. Музыка тыңдау бүкіл сабақ арқылы өтеді, жаңа шығармамен танысу барысында балалар музыка тыңдайды, музыкалық экспрессивтіліктің әртүрлі құралдарымен, жанрларымен, музыкалық аспаптардың дыбысымен танысады.

19. Музыкалық шығарманы бірнеше сабақта және сабақтан тыс уақытта қайталап тыңдаған дұрыс. Шығарманы қайта тыңдаған кезде әртүрлі ойын қимылдарын, шу оркестріндегі ойынды енгізген пайдалы. Мұндай әдістер білім алушыларға шығарманың құрылымын, оның қарқынын, ырғақтың суретін, әуеннің қозғалыс бағытын анықтауға көмектеседі. Әр қайта тыңдаған кезде музыкалық шығарма барған сайын танымал бола бастайды, оң эмоциялар тудырады.

20. Музыкалық материал сабақтың келесі кезеңдерінде біртіндеп күрделене отырып , ән айтуды қиындатып, содан кейін қозғалыстар қосуға болатындай етіп таңдалады.

21. Музыкалық-ырғақты жаттығулар процесінде білім алушылар залдың ішінде жүріп, шеңбер жасап тұрады, жұптасып тұрады, бейнелік қимылдар жасайды. Мұғалім ырғақты сезімін, би қимылдарын дәйекті қалыптастыру үшін арналған жаттығулар, музыкалық ойындар жүйесін таңдайды.

22. Музыка және ырғақ сабақтары музыкалық аспаптармен (фортепиано, баян, аккордеон), оның ішінде білім алушыларға арналған (музыкалық балға, асатаяқ (немесе сылдырмақ), дабыл, тайтұяқ (немесе маракас), металлофон, үрмелі гармоника, пианино, сыбызғы, домбыра, музыкалық орталықпен, музыкалық шығармалардың аудио жиынтығымен, иллюстрациялық және бейнежазба материалдармен жабдықталуы тиіс.

23. Бағдарлама зейін қою қағидасына сәйкес құрылған, бұл оқытудың әрбір жылында бұрын алған дағдыларды қайталауға, бекітуге, жетілдіруге мүмкіндік береді.

24. Бағдарламаның мазмұны ұсынымдық сипатта болады. Педагог білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, кез келген өзгерістер енгізуге құқылы. Музыкалық-ырғақты құралдар жүйесі білім алушылардың қозғалыс саласының жағдайын ескере отырып, сабақтарда әртүрлі болады.

25. Оқу жетістіктерін балдық бағалау қолданылмайды. Жетістіктерді бағалау үшін сипаттамалық бағалау қолданылады.

3-тарау. "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің мазмұны

26. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 1-сыныпта - аптасына 2 сағат, оқу жылында 66 сағат;

2) 2-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

3) 3-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

4) 4-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 500 "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бекітілген үлгілік оқу жоспарына байланысты.

27. "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің негізгі мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды :

1) "Музыка тыңдау";

2) "Ән айту";

3) "Музыкалық-ырғақты жаттығулар".

28. "Музыка тыңдау" бөліміне мынадай кіші бөлім кіреді:

1) музыка тыңдау.

29. "Ән айту" бөлімі мынадай шағын бөлімді қамтиды:

1) ән айту.

30. "Музыкалық-ырғақты жаттығулар" бөлімі мынадай шағын бөлімді қамтиды:

1) музыкалық-ырғақты жаттығулар.

31.1-сыныпқа арналған "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) музыка тыңдау. Музыка тыңдау кезіндегі ережелер, мультфильмдерден әуендер тыңдау, музыканың дыбыстық күшін анықтау (қатты, ақырын), музыкалық жанрды тану (бесік жыры), музыкалық аспаптардың дыбысталуын тану (музыкалық балға, қоңырау, сылдырмақ);

2) ән айту. Ән айту ережелері, ересектермен ән айту, жеңіл мәтінді қысқа әндер, құстардың дауысына еліктеу (балапан, әтеш, үйрек), артикуляциялық жаттығу (бет, ерін, тіл), дауысты дыбыстардағы әнді айту (а, у, о);

3) музыкалық-ырғақты жаттығулар. Музыкалық-ырғақты жаттығуларды орындау кезіндегі ережелер, шеңбер жасап тұру, шеңбер бойымен қозғалу (жабу, ашу), шеңбер бойымен қозғалу (еркін қадаммен, аяқтың ұшымен, аяқтың ұшымен жүгірумен, кішкентай секірумен, бір-бірінің қолдарын ұстаумен және бір-бірден). Заттармен (ойыншықтармен) қозғалыстарды орындау. Қозғалыстарды ауыстыру, құстардың қозғалысына еліктеу (балапан, әтеш, үйрек). Еліктеу қимылдары және музыкалық аспаптарда ойнау (музыкалық балға, қоңырау, сылдырмақ), шу оркестрі.

Ұсынылатын музыкалық материал: "Әлди әлди" мультфильмнен Жазира Байырбекованың "Әлди әлди" әні, "Умка" мультфильмінен Е.Крылатовтың, Ю.Яковлевтің "Колыбельная медведицы" әні, "В лесу родилась Ұлочка" мультфильмінен Л.Бекман, Р.Кудашеваның "В лесу родилась Ұлочка" әні, "Как львенок и черепаха пели песню" мультфильмінен Г.Гладковтың, С.Козловтың "Песенка львенка и черепахи" әні, "Чебурашка и крокодил Гена" мультфильмінен В.Шаинскийдің, Эдуард Успенскийдің "Голубой вагон" әні, Ю.Селиверстованың " Весна и малыши", Ю.Селиверстованың "Мы с игрушками попляшем", "Мамонтенок" мультфильмінен В.Шаинский мен Д.Непомнящийдің "Песня про маму" әні, "Крошка Енот" мультфильмінен В.Шаинский мен М.Пляцковский "От улыбки" әні, " Приключения поросенка Фунтика" мультфильмінен В.Львовский мен В.Шульжиктің " Доброта" әні, И.Брамстың "Колыбельная"; музыкасын жазған А.Островский, сөзін жазған З.Петрова "Спят усталые игрушки"; музыкасын жазған И.Кишкон, сөзін жазған И.Планид "Осень"; Ю.Селиверстованың "Вот гуляем мы с дружком"; Ю.Селиверстованың "Становись скорей в кружок"; музыкасын жазған Т.Потатенко, сөзін жазған Н.Найденова "Ұлка"; Ю.Островский мен Е.Тиличееванің "Спи мой мишка " әні.

32. 2-сыныпқа арналған "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) музыка тыңдау. Музыкалық шығармаларды тыңдау кезіндегі ережелер, балалар әндерінің әуендерін тыңдау, музыканың дыбыстық күшін анықтау (қатты, ақырын). Музыкалық шығармалардың жылдамдығын анықтау (баяу, жылдам), музыкалық шығарманың сипатын тану (көңілді, мұңды), музыкалық жанрларды тану (бесік жыры, ән), музыкалық аспаптардың дыбысталуын тану (музыкалық балға, қоңырау, сылдырмақ, дабыл, барабан, маракас);

2) ән айту. Ән айту кезіндегі ережелер, әннің басталуы мен аяқталуын анықтау, әннің сипатын анықтау (көңілді, мұңды). Жануарлар дыбысына еліктеу (мысық, қасқыр , аю), артикуляциялық жаттығу, тыныс алу жаттығулары, дауысты дыбыстарды әндету (а, у, о, и, э, ы);

3) музыкалық-ырғақты жаттығулар. Музыкалық-ырғақты жаттығуларды орындау кезіндегі ережелер, шахмат тәртібін құру, әуеннің басы мен соңындағы қозғалыстар, қимылдар (басты төмен еңкейту және бұрулар, қолды сермеу қимылдары, денемен еңкею және иілу, орнында тұрып секіру қимылдары). Заттармен (лентамен) жасалатын қозғалыстарды орындау. Қимылдарды ауыстыру, би қимылдары (денемен бұрылу арқылы жартылай отыру). Жануарлардың қимылдарына еліктеу (мысық, аю, қасқыр). Еліктеу қимылдары және музыкалық аспаптарда ойнау (музыкалық балға, қоңырау, сылдырмақ, дабыл, барабан, маракас), шу оркестрі.

Ұсынылатын музыкалық материал: Б.Байкадамова, М.Алимбаева "Кел, билейік", казақ күйі "Аққу" күйші Сүгір Әліұлы, Н.Фаустовтың "Колыбельная"; М.Раухвергтің " Гуляем и пляшем"; музыкасын жазған М.Красев, сөзін жазған З.Александрова " Маленькой Ұлочке холодно зимой"; музыкасын жазған М.Красев, сөзін жазған О.Высотская "Саночки"; музыкасын жазған Е.Тиличива "Березка"; музыкасын жазған В.Герчик "Песенка друзей"; музыкасын жазған З.Левина, сөзін жазған Л.Некрасова " Что нам осень принесет"; музыкасын жазған А.Филиппенко, сөзін жазған Т.Вагина " Новогодний хоровод"; Л.Бетховеннің "Весело. Грустно"; П.И.Чайковскийдің "Грустная песенка"; музыкасын жазған Е.А.Гомонов, сөзін жазған А.Ануфриев "Пляска медвежат "; Ю.Селиверстованың "Становись скорей в кружок"; Ю.Селиверстованың "Танец с листочками" әні.

33. 3-сыныпқа арналған "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) музыка тыңдау. Музыкалық шығармаларды тыңдау кезіндегі ережелер, шығарманы фрагменттер бойынша тану, музыкалық шығармалардың ұзақтығын анықтау (қысқа, ұзын), музыкалық жанрды тану (бесік жыры, ән, би), музыкалық аспаптардың дыбыстарын ажырату (музыкалық балға, қоңырау, сылдырмақ, дабыл, барабан, маракас, пианино, металлофон);

2) ән айту. Әнді орындау кезіндегі ережелер, иллюстрация бойынша әндер, дирижерлік қимыл (назар, бастама, ән айту). Көлік дыбыстарын ажырату (жеңіл көлік, пойыз, ұшақ), артикуляциялық жаттығу, тыныс алу жаттығулары, дауысты дыбыстарды әндету (а, у, о), дауыс күшімен (қатты, ақырын);

3) музыкалық-ырғақты жаттығулар. Музыкалық-ырғақты жаттығуларды орындау кезіндегі ережелер, жұптасып тұру, шеңбер бойымен жұптасып қозғалу (еркін қадаммен, аяқтың ұшымен, аяқтың ұшымен жүгіру), бір-біріне қарама-қарсы жұптасып қозғалу (секіру, басты төмен еңкейту және бұрулар, қолды сермеу қимылдары, денемен бұрылу арқылы жартылай отыру). Қадамдардың түрлері (ұзын қадам, қысқа қадам), жұптардың тізбектей қозғалысы. Заттармен (гулдермен) қозғалыстарды орындау. Көлікке еліктеу қимылы (автомобиль, пойыз, ұшақ), еліктеу қимылдары және музыкалық аспаптарда ойнау (музыкалық балға, қоңырау, сылдырмақ, асатаяқ (немесе сылдырмақ), дабыл, тайтұяқ (немесе маракас), барабан, пианино, металлофон), шу оркестрі.

Ұсынылатын музыкалық материал: Ә.Дүйсенбиев, Ә.Бейсеуов - Ақ маман, қазақ халық күйі "Салкыма", чех халық музыкасы "Парная пляска"; музыкасын жазған Е.Зарицкая, сөзін жазған И.Шевчук "Раз ладошка, два ладошка"; В.Шаинскийдің " Антошка"; А.Филиппенконың "Веселый музыкант"; Л.Мироновтың "Мы запели песенку"; М.Красевтің "Падают листья"; Ю.Селиверстованың "Грибочки", " Ңлочка-малышка", "Зайки танцевали", "Зарядка", "Летка-енька", "На пороге новый год" , "Наши дети в санки сели", "Солнечная полька", "Танец басенок", "У меня, у тебя, звонкие ладошки", "Хороши весной в саду цветочки" әні.

34. 4-сыныпқа арналған "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) музыка тыңдау. Музыкалық шығармаларды, кіріспе бойынша шығармаларды тыңдау кезіндегі ережелері. Дыбыстарды дыбыс биіктігі бойынша ажырату (төмен, жоғары), музыкалық жанрларды тану (бесік жыры, ән, би, марш), музыкалық аспаптардың дыбыстарын ажырату (музыкалық балға, қоңырау, сылдырмақ, дабыл, барабан, маракас, пианино, металлофон, домбыра, сыбызғы, үрмелі гармоника);

2) ән айту. Ән айту кезіндегі ережелер, мұғаліммен бірге ән айту (жеке, хор, до1-ля1 диапазонында), артикуляциялық жаттығу, тыныс алу жаттығулары, дауысты дыбыстарды әнге салып айту (и, э, ы), дауыс күшімен (қатты, ақырын);

3) музыкалық-ырғақты жаттығулар. Музыкалық-ырғақты жаттығуларды орындау кезіндегі ережелер, шеңбер бойымен бір жұпта қозғалу, отырумен және толық бойымен қозғалыстар (төмен, жоғары), қозғалыстар (марш қадамы, бүйірлік қадам, бүйірлік шоқырақ, тікелей шоқырақ), орнында, қимылда, жұпта. Қимылдарды ауыстыру, дәйекті қозғалыстар. Еліктеу қимылдары және музыкалық аспаптарда ойнау (музыкалық балға, қоңырау, сылдырмақ, дабыл, барабан, маракас, пианино, металлофон, домбыра, сыбызғы, үрмелі гармоника). Шу оркестрі, пианинода бір саусақпен белгіленген до1-до2 пернелер бойынша гамма ойыны.

Ұсынылатын музыкалық материал: Р. Рымбаева "Айгөлек", С.Құрманғазы " Перовский марш", қазақ халық күйі "Ақ желкен", М.Глинканың "Полька"; С.Рахманиновтың "Итальянская полька"; В.Шаинскийдің "Вместе весело шагать"; А.Филиппенконың "Бравые солдаты"; П.И.Чайковскийдің "Марш деревянных

солдатиков"; сөзін жазған Н.Френкель, С.Тиличеев "Лошадка"; Ю.Селиверстованың " Дед мороз в зале музыкальном", "Ласковая песенка", "Лесной оркестр", "Научите танцевать", "Песни осени поем", "Снег-снежок", "Солнечный зайчик", "Танец гномиков ", "Танец по кругу" әндері.

35. Бағдарламаның мазмұнын оқу жылдары (сыныптар) бойынша бөлу үлгілік сипатқа ие. Педагог оқу мақсаттарының көлемі мен күрделілігін өз бетінше анықтауға, музыкалық материалды (мүмкіндігінше өтпелі тақырыптарға сәйкес), сондай-ақ сынып оқушыларының мүмкіндіктерін ескере отырып, дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті уақытты таңдауға құқылы.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

36. Бағдарламадағы оқу мақсаттары кодтау арқылы ұсынылған. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бағдарламаның бөлімі мен шағын бөлімін, төртінші сан оқу мақсатының нөмірленуін көрсетеді. Мысалы, кодтаудағы 1.2.1.4 "1" – сынып, "2.1" – бөлім және шағын бөлім, "4" – оқу мақсатын нөмірлеу.

37. Оқу мақсаттарының жүйесі бөлімдер мен сыныптар бойынша берілген:

1) "Музыка тыңдау" бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары			
	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
	1.1.1.1 музыкалық материалды тыңдау кезінде дұрыс отыру, тұру, тыңдау	2.1.1.1 музыкалық шығарманы дұрыс отырып соңына дейін мұқият тыңдау	3.1.1.1 музыка тыңдау мәдениетін орындау (алаңдамау, шығарманы соңына дейін тыңдау)	4.1.1.1 музыкалық шығарманы тыңдау, музыканың көңіл-күйін, сипатын дұрыс сезіну
	1.1.1.2 мультфильмдерден ойнатылған әуендерді тану	2.1.1.2 балалар әндерінен ойнатылған таныс әуендерді тану	3.1.1.2 фрагменттерден ойнатылған таныс шығармаларды тану	4.1.1.2 кіріспе шығармалар арқылы таныс шығармаларды тану
	1.1.1.3 дыбыс күшіндегі өзгерістерді байқау (қатты, ақырын)	2.1.1.3 дыбыс күшіндегі өзгерістерді ажырату (қатты, ақырын)	3.1.1.3 дыбыс күшіндегі өзгерістерді байқау және атау (қатты, ақырын)	4.1.1.3 дыбыстың күшіндегі өзгерістерді тану, атау (қатты, ақырын)
	1.1.1.4 музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқау (баяу, жылдам)	2.1.1.4 музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын ажырату (баяу, жылдам)	3.1.1.4 музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқау және атау (баяу, жылдам)	4.1.1.4 музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын тану және атау (баяу, жылдам)
	1.1.1.5 музыкалық шығарманың	2.1.1.5 музыкалық шығарманың	3.1.1.5 дыбыстардың биіктігі бойынша өзгеретін (төмен, жоғары) музыкалық экспрессивтіліктің	4.1.1.5 дыбыстардың дыбыстық биіктігі бойынша өзгеретін (төмен, жоғары) музыкалық

	сипатын байқау (көңілді, мұңды)	сипатын тану (көңілді, мұңды)	әртүрлі құралдарын байқау	экспрессивтіліктің әртүрлі құралдарын ажырату
	1.1.1.6 музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, мұңды)	2.1.1.6 музыкалық шығарманың дыбысталу ұзақтығын байқау (қысқа, ұзақ)	3.1.1.6 музыкалық шығарманың дыбысталу ұзақтығын ажырату (қысқа, ұзақ)	4.1.1.6 музыкалық шығарманың дыбысталу ұзақтығын байқау және ажырату (қысқа, ұзақ)
	1.1.1.7 музыкалық жанрды тыңдау (бесік жыры)	2.1.1.7 музыкалық жанрды тыңдау (ән)	3.1.1.7 музыкалық жанрды тыңдау (би)	4.1.1.7 музыкалық жанрды тыңдау (марш)
	1.1.1.8 музыкалық жанрды тану (бесік жыры)	2.1.1.8 музыкалық жанрды тану (ән)	3.1.1.8 жеке музыкалық жанрларды тану (бесік жыры, би)	4.1.1.8 жеке музыкалық жанрларды тану (ән, марш)
	1.1.1.9 музыкалық аспаптарды (музыкалық балға) үлгі бойынша, атауы бойынша тану	2.1.1.9 музыкалық аспаптарды (дабыл) үлгі бойынша, атауы бойынша тану	3.1.1.9 жеке музыкалық жанрларды тану (ән, би)	4.1.1.9 жеке музыкалық жанрларды ажырату және атау (би, марш)
	1.1.1.10 музыкалық аспаптарды (қоңырау (асатаяқ)) үлгі бойынша, атауы бойынша тану	2.1.1.10 музыкалық аспаптарды (барабан) үлгі бойынша, атауы бойынша тану	3.1.1.10 музыкалық аспаптарды (пианино) үлгі бойынша, атауы бойынша тану	4.1.1.10 жеке музыкалық жанрларды тану (ән, би, марш)
1.1. Музыка тыңдау	1.1.1.11 музыкалық аспаптарды (қоңырау, (асатаяқ)) үлгісі бойынша, атауы бойынша тану	2.1.1.11 музыкалық аспаптарды (маракас (тайтұяқ)) үлгісі бойынша, атауы бойынша тану	3.1.1.11 музыкалық аспаптарды (металлофон) үлгісі бойынша, атауы бойынша тану	4.1.1.11 музыкалық аспаптарды (домбыра) үлгісі бойынша, атауы және дыбысталуы бойынша тану
	1.1.1.12 музыкалық аспаптардың (музыкалық балға, қоңырау; (асатаяқ)) дыбысын есту арқылы ажырату	2.1.1.12 музыкалық аспаптардың (барабан, сылдырмақ) дыбысын есту арқылы ажырату	3.1.1.12 музыкалық аспаптардың (пианино, металлофон) үндерін ажырату: үлгісі бойынша, атауы және дыбысталуы бойынша	4.1.1.12 музыкалық аспаптарды (сыбызғы) үлгісі бойынша, атауы және дыбысталуы бойынша тану
	1.1.1.13 музыкалық аспаптардың (музыкалық балға, сылдырмақ) дыбысын есту арқылы ажырату	2.1.1.13 музыкалық аспаптардың (барабан, сылдырмақ , маракас (тайтұяқ)) дыбысын есту арқылы ажырату	3.1.1.13 музыкалық аспаптардың (пианино, барабан, сылдырмақ, маракас (тайтұяқ)) дыбысын есту арқылы ажырату	4.1.1.13 музыкалық аспаптарды (үрмелі гармоника) үлгісі бойынша, атауы бойынша тану

	1.1.1.14 музыкалық аспаптардың (қоңырау, сылдырмақ) дыбысын есту арқылы ажырату	2.1.1.14 музыкалық аспаптардың (барабан, музыкалық балға, қоңырау) дыбысын есту арқылы ажырату	3.1.1.14 музыкалық аспаптардың (металлофон, барабан, сыбызғы, маракас (тайтұяқ)) дыбысын есту арқылы ажырату	4.1.1.14 музыкалық аспаптардың (домбыра, сыбызғы) дыбысын есту арқылы ажырату
	1.1.1.15 музыкалық аспаптардың (музыкалық балға, қоңырау, сылдырмақ) дыбысын есту арқылы ажырату	2.1.1.15 музыкалық аспаптардың (барабан, сыбызғы, маракас, музыкалық балға, қоңырау) дыбысын есту арқылы ажырату		4.1.1.15 музыкалық аспаптардың (домбыра, үрмелі гармоника) дыбысын есту арқылы ажырату
				4.1.1.16 музыкалық аспаптардың (сыбызғы, үрмелі гармоника, домбыра) дыбысын есту арқылы ажырату
				4.1.1.17 музыкалық аспаптардың (домбыра, сыбызғы, үрмелі гармоника) дыбысын есту арқылы ажырату
				4.1.1.18 музыкалық аспаптардың (домбыра, сыбызғы, үрмелі гармоника, пианино, металлофон) дыбысын есту арқылы ажырату

2) "Ән айту" бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары			
	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
	1.2.2.1 ән айтқан кезде дұрыс қалыпты қабылдауға тырысу – денеге және мойын бұлшықетіне күш түсірмей, иықты жазу арқылы отыру немесе тұру	2.2.2.1 ән айту кезінде өз орнын тану, дұрыс отыру, тұру	3.2.2.1 ән айтқан кезде дене мүсінін дұрыс ұстау	4.2.2.1 ән айту үшін орнында тұру және дайындалу
	1.2.2.2 әнді педагогпен бірге айтуға тырысу,	2.2.2.2 педагогпен бірге дауысты дыбыстар мен бұындарды созып	3.2.2.2 педагогпен бірге дауысты дыбыстар мен бұындарды созып әндету, таныс	4.2.2.2 "и" дыбысына әуендерді әндету,

	педагогтың дауысын тыңдау	әндету, әуеннің басталуын және аяқталуын сезу	әндерді тану және иллюстрация арқылы атау және көрсету	дыбыстың түрлі күшімен (ақырын, қатты)
	1.2.2.3 педагогпен бірге дауысты дыбыстарды (а, о, у) әндетуге тырысу	2.2.2.3 педагогпен бірге дауысты дыбыстарды (а, о, у, и, э, ы) әндетуге тырысу, әндетуді уақытында бастау және аяқтау	3.2.2.3 дауысты дыбыстарды (а, о, у) дыбыстың түрлі күшімен (ақырын, қатты) әндету	4.2.2.3 "э" дыбысына әуендерді әндету, дыбыстың түрлі күшімен (ақырын, қатты)
	1.2.2.4 әнді педагогпен бірге тыныш қалыпты қарқынмен және дауыстап, бірқалыпты, күш түсірмей айтуға тырысу	2.2.2.4 әннің сипатын тану (көңілді, мұңды)	3.2.2.4 "назар аудар, бастау, ән айту" дирижерлік қимылын тану	4.2.2.4 "ы" дыбысына әуендерді әндету, дыбыстың түрлі күшімен (ақырын, қатты)
	1.2.2.5 беттің бөліктерін (бет, ерін , мұрын, ауыз, көз, маңдай, қас) тану және көрсету	2.2.2.5 беттің бөліктерін (бет, ерін , мұрын, ауыз, көз, маңдай, қас) көрсету және атау	3.2.2.5 бет пен дененің бөліктерін көрсету және атау (бет, ерін, мұрын, ауыз, көз, маңдай, қас, құлақ, бас, мойын, иық, кеуде, іш, арқа, қол, шынтақ, қолдың білезігі, алақан, саусақтар, аяқ, тізе, табан, аяқтың ұшы, өкше)	4.2.2.5 ойыншықтардағы дене бөліктерін тану және көрсету (бас, мойын, кеуде, арқа, іш, қол, қол, аяқ, тізе, табан)
2.2. Ән айту	1.2.2.6 педагогпен бірге құстардың дыбыстарына еліктеу (балапан)	2.2.2.6 педагогпен бірге жануарлардың дыбыстарына еліктеу (мысық)	3.2.2.6 педагогпен бірге көліктердің дыбыстарына еліктеу (автомобиль)	4.2.2.6 педагогпен бірге музыкалық аспаптың дыбыстарына еліктеу (барабан)
	1.2.2.7 педагогпен бірге құстардың дыбыстарына еліктеу (әтеш)	2.2.2.7 педагогпен бірге жануарлардың дыбыстарына еліктеу (қасқыр)	3.2.2.7 педагогпен бірге көліктердің дыбыстарына еліктеу (поезд)	4.2.2.7 педагогпен бірге музыкалық аспаптың дыбыстарына еліктеу (сыбызғы)
	1.2.2.8 педагогпен бірге құстардың дыбыстарына еліктеу (үйрек)	2.2.2.8 педагогпен бірге жануарлардың дыбыстарына еліктеу (аю)	3.2.2.8 педагогпен бірге көліктердің дыбыстарына еліктеу (ұшақ)	4.2.2.8 ән айту алдында артикуляциялық жаттығуды көрсету арқылы орындау
	1.2.2.9 педагогтың артынан бетке арналған	2.2.2.9 ән айтпас бұрын педагогтың артынан	3.2.2.9 ән айтпас бұрын артикуляциялық	4.2.2.9 педагогтың артынан музыкалық сүйемелдеумен

	артикуляциялық жаттығуды қайталауға тырысу	артикуляциялық жаттығуды қайталау	жаттығуларды орындау	тыныс алу жаттығуларын орындау
	1.2.2.10 педагогтың артынан ерінге арналған артикуляциялық жаттығуды қайталауға тырысу	2.2.2.10 педагогтың артынан тыныс алу жаттығуларын қайталау	3.2.2.10 педагогтың артынан еліктеуші тыныс алу жаттығуларын қайталау	4.2.2.10 педагогпен бірге қысқа қарапайым әндерді айту
	1.2.2.11 педагогтың артынан тілге арналған артикуляциялық жаттығуды қайталауға тырысу	2.2.2.11 и –дауысты дыбыстағы әуендерді айту	3.2.2.11 а –дауысты дыбыстағы әуендерді әртүрлі дауыс күшімен айту (қатты, ақырын)	4.2.2.11 до1-ля1 диапозонында педагогпен бірге қысқа қарапайым әндерді айту (соло, хормен)
	1.2.2.12 а – дауысты дыбыстағы әуендерді айтуға тырысу	2.2.2.12 э – дауысты дыбыстағы әуендерді айту	3.2.2.12 у –дауысты дыбыстағы әуендерді әртүрлі дауыс күшімен айту (қатты, ақырын)	4.2.2.12 педагогпен бірге қарапайым, қысқа әндерді айту
	1.2.2.13 у – дауысты дыбыстағы әуендерді айтуға тырысу	2.2.2.13 ы – дауысты дыбыстағы әуендерді айту	3.2.2.13 о –дауысты дыбыстағы әуендерді әртүрлі дауыс күшімен айту (қатты, ақырын)	
	1.2.2.14 о – дауысты дыбыстағы әуендерді айтуға тырысу			

3) "Музыкалық-ырғақты жаттығулар" бөлімі:

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
	1.3.3.1 музыкалық-ырғақты жаттығуларды тірек нүктелер бойынша орындау үшін сапта (шеңберде) өз орнына тұру	2.3.3.1 музыкалық-ырғақты жаттығуларды орындау үшін сапта (шахмат тәртібімен) өз орнында болу	3.3.3.1 музыкалық-ырғақты жаттығуларды орындау үшін сапқа тұрып, бастапқы қалыпқа тұру	4.3.3.1 музыкалық-ырғақты жаттығулар жасау үшін орнында тұру және дайындалу
	1.3.3.2 педагогпен бірге, қолыстасып, музыканының әуенімен шеңберді жабуға және ашуға тырысу	2.3.3.2 музыкамен бос жерге қозғалу, дыбыстық сигнал бойынша өз орындарына тұру	3.3.3.2 жұптасып тұру, өз жұбын тану	4.3.3.2 музыкамен шеңбер бойымен бір-бірден қозғалу және сигнал бойынша жұп болып тұру
	1.3.3.3 қол ұстасып, еркін қадаммен шеңбер бойымен қозғалуға тырысу	2.3.3.3 музыкамен қозғалу, әуен дыбысының басы мен соңына дейін әрекет ету	3.3.3.3 музыкамен қозғалу, әуен дыбысының басы мен соңына дейін әрекет ету	4.3.3.3 отырудағы, толық бойымен тұрудағы қозғалысты ажырату (төмен, жоғары)

1.3.3.4 қол ұстасып, аяқтың ұшымен шеңбер бойымен музыкамен қозғалуға тырысу	2.3.3.4 музыкамен қозғалысты уақтылы бастау және аяқтау	3.3.3.4 музыкамен аяқтың ұшымен шеңбер бойымен жұптасып қозғалу	4.3.3.4 бір орында тұрып, музыкаға марш қадамын орындау (жалаушамен, жалаусыз)
1.3.3.5 қол ұстасып, аяқтың ұшымен жүгіріп, шеңбер бойымен қозғалуға тырысу	2.3.3.5 педагогтың артынан музыкаға басты еңкейтуді және бұруды орындау (лентамен, лентасыз)	3.3.3.5 музыкамен шеңбер бойымен жұп болып аяқтың ұшымен жүгіру	4.3.3.5 музыкаға марш қадамын орындап алға жылжу (жалаушамен, жалаусыз)
1.3.3.6 бір-біріне кедергі жасамай, еркін қадаммен шеңбер бойымен, бір-бірден қозғалуға тырысу (ойыншықтармен, ойыншықтарсыз)	2.3.3.6 педагогтың артынан музыкаға қолды сермеу қимылдарын орындау (лентамен, лентасыз)	3.3.3.6 музыкамен бір-біріне қарама-қарсы жерде жұппен секіру	4.3.3.6 музыкамен жұптасып алға жылжу үшін марш қадамын орындау
	1.3.1.5 сопақшаны, шарларды айналдыру кезінде қалыптау қозғалыстарын жасау	2.3.1.5 ермексаздан геометриялық пішіндерді, қарапайым заттарды мүсіндеу (домалау, шымшу, басу, тегістеу)	3.3.1.5 ермексаздан қарапайым заттарды, жануарларды, адамдарды мүсіндеу	4.3.1.5 ермексаздан жануарларды, адамдарды, қоршаған орта объектілерін мүсіндеу
	1.3.1.6 түзу көлденең сызықтар сызу	2.3.1.6 сызық ішінде түзу, көлбеу, сынған сызықтардан тұратын жиектерді салу	3.3.1.6 үйренген элементтердің шекараларын салу	4.3.1.6 әр түрлі конфигурацияларды ң толқынды, көлбеу түзу және нүктелі сызықтар сызу
	1.3.1.7 бағытты өзгерте отырып, шектеулі кеңістікте сызықтар жүргізу	2.3.1.7 осы үлгі бойынша нүктелер бойынша сызықтар жүргізу	3.3.1.7 ырғақты ою-өрнектерді салу	3.3.1.7 конфигурациясы бойынша баспа әріптерінің элементтеріне ұқсас фигураларды салу

42. Бағдарлама зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 1-4 сыныптары үшін "Сенсорлық даму" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспар әр бөлімдегі оқу мақсаттарының шамамен көлемін көрсетеді.

43. Оқу мақсаттарын сыныптар мен топсандар бойынша бөлу ұсынымдық сипатта болады. Мұғалім әр оқушының қабілетін ескере отырып, оқу мақсаттарын жеке анықтайды.

Параграф 3. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 1-4 сыныптары үшін "Сенсорлық даму" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспары

1) 1 -сынып:

Өтпелі ортақ тақырып	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1 -тоқсан		
1-2 апта: Білім алушыларды бақылау және тексеру; 3 апта "Мен, менің денем"; 4 апта "Жемістер, жидектер"; 5 апта "Көкөністер"; 6 апта "Менің ойыншықтарым"; 7 апта "Менің отбасым"; 8 апта "Менің үйім" 9 апта "Менің мектебім"	1.1. Көріп қабылдау және зейін	1.1.1.1 адамның бетіне, қозғалмалы және қозғалмайтын заттарға назар аудару
		1.1.1.2 қозғалатын затты көзбен қадағалау (көлденең, тігінен, шеңбер бойымен, алға / артқа)
	1.2. Түс, пішін, өлшемді ажырату	1.1.2.1 түсі бойынша күрт ерекшеленетін үлгіге сәйкес заттарды таңдау - басым белгі (2 қарама-қарсы түс)
		1.1.2.2 қоршаған ортадан таныс түстерді табу
	1.3. Есту қабылдау және зейін	1.1.3.1 қоршаған орта дыбыстарына жауап беру: сөйлеу, музыка, шу
	1.4. Тактильді-моторлық қабылдау және заттардың ерекше қасиеттерін қабылдау	1.1.4.1 бағдарлаудың іздеу әдістерін қолдану: әр түрлі жағынан қарау, сипап сезіну, қабаттасу
	1.5. Кинестетикалық және кинетикалық даму	1.1.5.1 адамның жанасуына барабар эмоционалды-моторлы жауап беру
	2.1. Өз денесінде бағдарлау	1.2.1.1 дене мүшелерін ажырату (мұрын, көз көрсет)
	2.2. Қоршаған кеңістікте бағдарлау	1.2.2.1 меңзеу қимылы арқылы " мұнда – сонда", "алға-артқа", " осында", "қасында" заттардың орнын ажырату
	2.3. Қағаз парағында, үстел бетінде бағдарлау	1.2.3.1 көрсетілім бойынша бірнеше заттарды қатарға қой: " ойыншықтарды қатарға қой"
	3.1. Қол мен саусақты дамыту	1.3.1.1 мұғаліммен саусақ ойындарын ойнау (саусақтарды жұдырықпен қысу, саусақтарды ашу, саусағыңызбен көрсету, заттың контурын сызу және саусақпен сурет салу, т.б.)
	2 -тоқсан	
	1.1. Көріп қабылдау және зейін	1.1.1.3 өз заттарын іздеу, тану және табу
		1.1.1.4 затты оның бейнесімен байланыстыру
		1.1.2.3 пішіні бойынша күрт ерекшеленетін заттарды үлгі бойынша таңдау (осындай бер)

1 апта "Менің киімім"; 2 апта "Менің аяқ киімім"; 3 апта "Азық-түлік"; 4 апта "Шай ыдыстары"; 5 апта "Жиһаз"; 6 апта "Жаңа жыл мерекесі"; 7 апта "Жаңа жыл мерекесі"	1.2. Түс, пішін, өлшемді ажырату	1.1.2.4 шар мен текшенің қасиеттерін зерттеу: доп домалайды, текше домаламайды
	1.3. Есту қабылдау және зейін	1.1.3.2 таныс адамдардың дауысына жауап беру
	1.4. Тактильді-моторлық қабылдау және заттардың ерекше қасиеттерін қабылдау	1.1.4.2 тағамды дәміне қарай тану (алма, нан, кәмпит)
	1.5. Кинестетикалық және кинетикалық даму	1.1.5.2 материалдармен (ағаш, металл, су және т. б.) жанасуға барабар жауап беру
	2.1. Өз денесінде бағдарлау	1.2.1.1 дене мүшелерін ажырату
	2.2. Қоршаған кеңістікте бағдарлау	1.2.2.2 "Қуыршақ қайда?" деген сұраққа жестпен көрсету
	2.3. Қағаз парағында, үстел бетінде бағдарлау	1.2.3.2 еліктеу, үлгі бойынша үлестірмелі қағаздарды параққа қою
	3.1. Қол мен саусақты дамыту	1.3.1.2 жазу құралдарын ұстау үшін арнайы жаттығулар жасау
		1.3.1.3 тік көлденең және тік сызықтарды сызу
1 апта "Қыс қызықтары; 2 апта "Қысқы киім және аяқ киім "; 3 апта "Үй жануарлары"; 4 апта "Жабайы жануарлар" 5 апта "Үй құстары";	3 -тоқсан	
	1.1. Көріп қабылдау және зейін	1.1.1.5 сөз бойынша көптеген басқалардың ішінен затты іздеу және тез табу
		1.1.1.6 нұсқаулыққа сәйкес бөлмедегі затты табыңыз: қуыршақ қайда?
	1.2. Түс, пішін, өлшемді ажырату	1.1.2.5 шеңбердің, сопақшаның, квадраттың жазықтық модельдерін сипап сезу және визуалды түрде ажырату
		1.1.2.6 геометриялық пазлдарды құрастыру, жақтауларға дөңгелек, сопақ және төртбұрышты кірістірулерді салу
	1.3. Есту қабылдау және зейін	1.1.3.3 құлақ, иық, бел деңгейінде орналасқан қозғалмайтын дыбыс көзінің орнын анықтау
		1.1.3.4 музыкалық ойыншықтардың дыбысының басталуы мен аяқталуына жауап беру
	1.4. Тактильді-моторлық қабылдау және заттардың ерекше қасиеттерін қабылдау	1.1.4.3 үлгі бойынша жанасу кезінде көлемді фигуралар мен заттарды анықтау (Ғажайып дорба)

6 апта "Жабайы құстар"; 7 апта "Көлік"; 8 апта "Анамның мерекесі"; "Наурыз мерекесі"		1.1.4.4 үлгі бойынша заттардың мөлшері мен пішінін жанасу арқылы ажырату
	1.5. Кинестетикалық және кинетикалық даму	1.1.5.3 дене бетіндегі қысымға барабар жауап беру
		1.1.5.4 басқа адамдардың қимылдарының орындалуын бақылау және қозғалыстарды қайталау
	2.1. Өз денесінде бағдарлау	1.2.1.1 дене мүшелерін ажырату
	2.2. Қоршаған кеңістікте бағдарлау	1.2.2.3 сынып бөлмесінде бағдарлау, өзінің үстел, орындығын табу
	2.3. Қағаз парағында, үстел бетінде бағдарлау	1.2.3.3 үлгіге еліктеу бойынша 2 бөліктен заттық суреттер құрастыру
		1.2.3.4. фишкалар мен геометриялық фигураларды орнын көрсете отырып, еліктеп қағаз парағында орналастыру
	3.1. Қол мен саусақты дамыту	1.3.1.4 еліктеу, үлгі бойынша мозаикадан өрнек құрастыру
		1.3.1.5 сопақшаны, шарларды айналдыру кезінде қалыптау қозғалыстарын жасау
1 апта "Ағаштар"; 2 апта "Гүлдер"; 3 апта " Жәндіктер"; 4 апта "Көктемге арналған киім"; 5 апта "Балықтар"; 6 апта "Жемістер";	4 -тоқсан	
	1.1. Көріп қабылдау және зейін	1.1.1.7 еліктеу бойынша геометриялық фигуралардан құрастыру (үй, қоршау)
		1.1.1.8 еліктеу арқылы геометриялық фигуралардан, таяқшалардан, моншақтардан ою-өрнектер жасау
		1.1.1.9 заттар қатарындағы өзгерістерді анықтау (не жоғалып кетті?)
	1.2. Түс, пішін, өлшемді ажырату	1.1.2.7 үлкен және кішкентай көлемді заттарды көрсету, ауызша нұсқаулық, өз бетінше салыстыру кезінде көзбен сәйкестендіру
		1.1.2.8 көрсетілімге, үлгіге, ауызша нұсқаулыққа сәйкес үлкен және кішкентай жалпақ заттарды салыстыру кезінде қабаттасуды қолдану
		1.1.2.9 өлшемі бойынша қарама-қарсы 2 затты ажырату (үлкен, кіші)

7 апта "Көкөністер"; 8 апта "Жидектер"; 9 апта "Жазға арналған киім"; " Балалардың жазғы қызықтары"	1.3. Есту қабылдау және зейін	1.1.3.5 дыбысқа еліктеу мен қоршаған орта дыбыстарын ажырату, дыбыстың шығу көзімен сәйкестендіру
	1.4. Тактильді-моторлық қабылдау және заттардың ерекше қасиеттерін қабылдау	1.1.4.5 иістерді сезу
	1.5. Кинестетикалық және кинетикалық даму	1.1.5.5 жануарлардың қозғалысын бақылау
	2.1. Өз денесінде бағдарлау	1.2.1.1 дене мүшелерін ажырату
	2.2. Қоршаған кеңістікте бағдарлау	1.2.2.4 мұғалімнің көмегімен кеңістіктік қарым-қатынастарды модельдеу (қуыршақ жиһазын орналастыру, үстелдің жайылуы және т.б.)
	2.3. Қағаз парағында, үстел бетінде бағдарлау	1.2.3.5 геометриялық фигураларды бояу
	3.1. Қол мен саусақты дамыту	1.3.1.6 түзу көлденең сызықтар сызу
		1.3.1.7 бағытты өзгерте отырып, шектеулі кеңістікте сызықтар жүргізу

2) 2 -сынып:

Өтпелі ортақ тақырып	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1 -тоқсан		
1-2 апта Білім алушыларды бақылау және тексеру; 3 апта "Мен және менің отбасым"; 4 апта "Менің денем". "Мен ұлмын, мен қызбын";	1.1. Көріп қабылдау және зейін	2.1.1.1 заттарды, адамдарды, жануарларды қарау: объектінің негізгі элементтері, бөлшектері
		2.1.1.2 сұраныс бойынша затты іздеу (доп қайда?)
	1.2. Түс, пішін, өлшемді ажырату	2.1.2.1 түсі бойынша күрт ерекшеленетін үлгіге сәйкес заттарды таңдау - басым белгі (3 қарама-қарсы түс)
		2.1.2.2 аппликация мен құрастыру заттарды орналастыру кезінде түстерді үлгі бойынша ауыстыру
	1.3. Есту қабылдау және зейін	2.1.3.1 2-ден таңдау кезінде ойыншықтардың дыбыстарының табиғаты бойынша күрт ерекшеленетінін есту арқылы ажырату: барабан-сырнай
	1.4. Тактильді-моторлық қабылдау және заттардың ерекше қасиеттерін қабылдау	2.1.4.1 арнайы тексеру қозғалыстарын қолдану (сипау, илеу, түрту, қысу)
	1.5. Кинестетикалық және кинетикалық даму	2.1.5.1 вербалды емес қарым-қатынасты (мимика, пантомимика) әртүрлі тәсілдермен білдіру

5 апта "Көкөністер"; 6 апта "Жемістер, жидектер"; 7 апта "Менің ойыншықтарым"; 8 апта "Менің үйім"; 9 апта "Менің мектебім"	2.1. Өз денесінде бағдарлау	2.2.1.1 дене бөліктерінің кеңістіктік орналасуын бағдарлау: басы-жоғарыда, аяқтары-төменде, денесі-ортасында, қолдары-дененің жанында
	2.2. Қоршаған кеңістікте бағдарлау	2.1.2.1. заттардың өздеріне қатысты орналасуын ажырату: алыс, жақын, айналасында, жоғарыда, төменде, өзінен бұрын (алдында), артында көрсетілім бойынша, үлгі бойынша
	2.3. Қағаз парағында, үстел бетінде бағдарлау	2.2.3.1 үстелге жазық және көлемді заттарды үлгі бойынша тік және көлденең бағытта, құрылым бойынша (солдан-оңға, жоғарыдан-төменге, орталықта) қою
	3.1. Қол мен саусақты дамыту	2.3.1.1 түймелерді, үлкен моншақтарды жіпке тізу, жарманы сұрыптау; түймелерді, сырманы, түймелерді, ілмектерді бекіту және ашу
		2.3.1.2 трафареттерді ерікті түрде штрихтау
1 апта "Менің киімім"; 2 апта "Менің аяқ киімім"; 3 апта "Азық-түлік"; 4 апта "Шай ыдыстары"; 5 апта "Жиһаз"; 6 апта "Жаңа жыл мерекесі"; 7 апта "Жаңа жыл мерекесі"	2 -тоқсан	
	1.1. Көріп қабылдау және зейін	2.1.1.3 бөлмеден, жиынтықтан берілген затты табу
		2.1.1.4 суреттерден тиісті затты немесе әрекетті табу (кім жүгіреді ?)
	1.2. Түс, пішін, өлшемді ажырату	2.1.2.3 үлгі бойынша текшені, шар , брус тану
		2.1.2.4 шар мен текшенің қасиеттерін ажырату (шар дөңгелек, дөңгелектерді көрсет)
	1.3. Есту қабылдау және зейін	2.1.3.2 таныс адамдардың дауыстарын тану, көрсету немесе атымен атау
	1.4. Тактильді-моторлық қабылдау және заттардың ерекше қасиеттерін қабылдау	2.1.4.2 сұйық және қою тағамдардың (ыстық, суық) қарама-қарсы температуралық режимдерін ажырату
	1.5. Кинестетикалық және кинетикалық даму	2.1.5.2 әртүрлі температурадағы материалдармен жанасуға адекватты жауап беру
	2.1. Өз денесінде бағдарлау	2.2.1.1 дене бөліктерінің кеңістіктік орналасуын бағдарлау: басы-жоғарыда, аяқтары-төменде, денесі-ортасында, қолдары-дененің жанында

	2.2. Қоршаған кеңістікте бағдарлау	2.2.2.2 көрсетілім бойынша заттардың бір-біріне қатысты орналасуын ажырату:" алдында, артында, арасында, ішінде, үстінде, астында "
	2.3. Қағаз парағында, үстел бетінде бағдарлау	2.2.3.2 қағаз парақта бағдарлау (ортасы, ортасында, жоғарғы, төменгі, сол, оң)
	3.1. Қол мен саусақты дамыту	2.3.1.3 суреттерді контур бойымен сызу
		2.3.1.4 үлгі бойынша мозаикадан өрнек құрастыру
	3 -тоқсан	
	1.1. Көріп қабылдау және зейін	2.1.1.5 суреттегі көптеген басқалардың ішінен затты іздеу және тез табу
		2.1.1.6 өзінің және басқа адамдардың киімдерін, шкафын, үстелін ажырату
	1.2. Түс, пішін, өлшемді ажырату	2.1.2.5 шеңбердің, сопақшаның, квадраттың, үшбұрыштың жазықтық модельдерін сипап сезу және визуалды түрде ажырату
		2. 1.2.6 геометриялық пазылдарды құрастыру, дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрышты, тікбұрышты кірістірулерді салу
		2.1.2.7 көрсетілім бойынша ауызша нұсқаулық, өз бетінше қалың және жұқа заттарды салыстыру кезінде көріп байланыстыру
1 апта "Қыс қызықтары; 2 апта "Қысқы киім және аяқ киім "; 3 апта "Үй жануарлары"; 4 апта "Жабайы жануарлар" 5 апта "Үй құстары"; 6 апта "Жабайы құстар"; 7 апта "Көлік"; 8 апта "Анамның мерекесі"; "Наурыз мерекесі"	1.3. Есту қабылдау және зейін	1.1.3.3 локализацияны анықтау және дыбыс көзінің қозғалысын бақылау
		2.1.3.4 сөзсіз дыбыстарды дыбыс деңгейі бойынша ажырату (қатты және тыныш), музыкалық ойыншықтарда ойнау
	1.4. Тактильді-моторлық қабылдау және заттардың ерекше қасиеттерін қабылдау	2.1.4.3 саны ұлғайған кезде үлгі бойынша көлемді және жалпақ затқа жұпты жанасу арқылы таңдау
		2.1.4.4 әр түрлі заттардың контраст температурасын ажырату
	1.5. Кинестетикалық және кинетикалық даму	2.1.5.3 объектілерден келетін дірілге барабар жауап беру
		2.1.5.4 еліктеу арқылы қимылдарды орындау

	2.1. Өз денесінде бағдарлау	2.2.1.2 оң және сол қолды ажырату
	2.2. Қоршаған кеңістікте бағдарлау	2.2.2.3 мұғалімнің, басқа балалардың артынан үй-жайда мұғалімнің нұсқауы бойынша қозғалу
	2.3. Қағаз парағында, үстел бетінде бағдарлау	2.2.3.3 үлгі бойынша 3 бөліктен заттық суреттер құрастыру
		2.2.3.4 үлгі бойынша фишкаларды қағаз парағына орналастыру
	3.1. Қол мен саусақты дамыту	2.3.1.5 ермексаздан геометриялық пішіндерді, қарапайым заттарды мүсіндеу (домалау, шымшу, басу, тегістеу)
		2.3.1.6 сызық ішінде түзу, көлбеу, сынған сызықтардан тұратын жиектерді салу
1 апта "Ағаштар"; 2 апта "Гүлдер"; 3 апта " Жәндіктер"; 4 апта "Көктемге арналған киім"; 5 апта "Балықтар"; 6 апта "Жемістер"; 7 апта "Көкөністер"; 8 апта "Жидектер"; 9 апта "Жазға арналған киім"; " Балалардың жазғы қызықтары"	4 -тоқсан	
	1.1. Көріп қабылдау және зейін	2.1.1.7 табиғаттан алынған геометриялық пішіндерден құрастыру
		2.1.1.8 үлгі бойынша геометриялық фигуралардан, таяқшалардан, моншақтардан ою-өрнектер жасау
		2.1.1.9 қатардағы заттардың орналасу ретін есте сақтау
	1.2. Түс, пішін, өлшемді ажырату	2.1.2.8 сұраныс бойынша екі заттың қалың, жұқа затын тану және көрсету
		2.1.2.9 2 затты өлшемі бойынша әртүрлі тәсілдермен салыстыру (үлкен, кішірек, салыстыру)
	1.3. Есту қабылдау және зейін	2.1.3.5 дыбысқа еліктеуді ажырату , дыбыс көзімен байланыстыру және атау (не естілді?)
		2.1.3.6 дыбыстардың санын есту арқылы ажырату: біреуі көп; музыкалық ойыншықтарда ойнау
	1.4. Тактильді-моторлық қабылдау және заттардың ерекше қасиеттерін қабылдау	2.1.4.5 қарама-қарсы иістерді ажырату (жағымды және жағымсыз)
	1.5. Кинестетикалық және кинетикалық даму	2.1.5.5 жануарлардың қозғалысына еліктеу
		2.1.5.6 еліктеу арқылы мимикалық қозғалыстарды жасау
	2.1. Өз денесінде бағдарлау	2.2.1.2 оң және сол қолды ажырату
	2.2. Қоршаған кеңістікте бағдарлау	2.2.2.4 еліктеу арқылы кеңістіктік қатынастарды модельдеу (ғимараттар, құрылыс және т. б.)

	2.3. Қағаз парағында, үстел бетінде бағдарлау	2.2.3.5 заттық суреттерді бояу
	3.1. Қол мен саусақты дамыту	2.3.1.7 осы үлгі бойынша нүктелер бойынша сызықтар жүргізу

3) 3 - сынып:

Өтпелі ортақ тақырып	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1 -тоқсан		
1-2 апта Білім алушыларды бақылау және тексеру; 3 апта "Мен және менің отбасым"; 4 апта "Менің денем". "Мен ұлмын, мен қызбын"; 5 апта "Көкөністер"; 6 апта "Жемістер, жидектер"; 7 апта "Менің ойыншықтарым"; 8 апта "Менің үйім"; 9 апта "Менің мектебім"	1.1. Көріп қабылдау және зейін	3.1.1.1 заттарды мақсатты түрде зерттеу, көріп зерттеу, негізгі элементтерді, бөлшектерді, қасиеттерді оқшаулау
		3.1.1.2 жұп заттарды табу (осындай бер)
	1.2. Түс, пішін, өлшемді ажырату	3.1.2.1 заттарды түсі бойынша үлгісі бойынша біріктіру
		3.1.2.2 түстерді әрекет сигналы ретінде пайдалану
	1.3. Есту қабылдау және зейін	3.1.3.1 2-3-тен таңдау кезінде шу мен музыкалық аспаптардың дыбыстарын ажырату
	1.4. Тактильді-моторлық қабылдау және заттардың ерекше қасиеттерін қабылдау	3.1.4.1 бағдарлаудың іздеу әдістерін қолдану: сезіну, сипау, илеу, түрту қысу
	1.5. Кинестетикалық және кинетикалық даму	3.1.5.1 жануарлар мен адамдардың қозғалысына еліктеу (қоян сияқты)
	2.1. Өз денесінде бағдарлау	3.2.1.1 дененің оң және сол жақтарын ажырату, бұл алдыңғы, артқы
	2.2. Қоршаған кеңістікте бағдарлау	3.1.2.1. көрсетілім бойынша, үлгі бойынша заттардың өздеріне қатысты орналасуын ажырату: алыс, жақын, жоғарыда, төменде, алдында, артында
	2.3. Қағаз парағында, үстел бетінде бағдарлау	3.2.3.1 затты "алға, артқа, жоғары, төмен, оңға, солға, бүйірге " көрсетілім бойынша, ауызша нұсқау бойынша жылжыту
	3.1. Қол мен саусақты дамыту	3.3.1.1 бауларды, бантикті байлау және шешу
		3.3.1.2 жақтауда тік, көлденең және көлбеу сызықтармен үлгі бойынша штрихтау
	2 -тоқсан	
	1.1. Көріп қабылдау және зейін	3.1.1.3 объектілердің сыртқы қасиеттері мен сапасына іс жүзінде назар аудару (сынау және қателік әдісі)

1 апта"Менің киімім"; 2 апта "Менің аяқ киімім"; 3 апта"Азық-түлік"; 4 апта "Шай ыдыстары"; 5 апта"Жиһаз"; 6 апта"Жаңа жыл мерекесі"; 7 апта"Жаңа жыл мерекесі"		3.1.1.4 бөлшектерімен ерекшеленетін заттық және сюжеттік суреттерді салыстыру
	1.2. Түс, пішін, өлшемді ажырату	3.1.2.3 текшені, шар, брус аты бойынша табу
		3.1.2.4 заттар мен ойыншықтардан геометриялық пішіндерді тану (шарға ұқсас, бірдей)
	1.3. Есту қабылдау және зейін	3.1.3.2 ерлер, әйелдер, балалар дауыстарын есту арқылы ажырату
	1.4. Тактильді-моторлық қабылдау және заттардың ерекше қасиеттерін қабылдау	3.1.4.2 өнімдердің негізгі дәмдік қасиеттерін ажырату (ащы, тәтті, қышқыл, тұзды)
	1.5. Кинестетикалық және кинетикалық даму	3.1.5.2 текстурасы мен тұтқырлығы бойынша әртүрлі материалдармен жанасуға барабар жауап беру
	2.1. Өз денесінде бағдарлау	3.2.1.1 дененің оң және сол жақтарын ажырату, бұл алдыңғы, артқы
	2.2. Қоршаған кеңістікте бағдарлау	3.2.2.2 бір-біріне қатысты 2-3 затты орналастыру: "бұрын, артында, арасында, ішінде, үстінде, астында" көрсетілім бойынша, үлгі бойынша, ауызша нұсқаулық бойынша
	2.3. Қағаз парағында, үстел бетінде бағдарлау	3.2.3.2 қағаз парақта бағдарлау (ортасы, ортасында, жоғарғы, төменгі, сол, оң)
	3.1. Қол мен саусақты дамыту	3.3.1.3 суреттерді қойылған нүктелер бойынша бастырып сызу
		3.3.1.4 мозаикадан жоспар бойынша өрнек құрастыру
1 апта "Қыс қызықтары";	3 -тоқсан	
	1.1. Көріп қабылдау және зейін	3.1.1.5 суреттің контуры бойынша таныс затты тану
		3.1.1.6 нұсқауларға сәйкес затты табу: барлық қызыл түсті көрсету
		3.1.1.7 сурет бойынша геометриялық фигуралардан құрастыру
	1.2. Түс, пішін, өлшемді ажырату	3.1.2.5 геометриялық фигуралардың атауларын қолдану шеңбер, сопақ, шаршы, үшбұрыш
		3.1.2.6 геометриялық пішіндерді жіктеу
		3.1.2.7 заттарды ені бойынша салыстыру кезінде көзбен көріп салыстыру әдістерін қолдану

2 апта "Қысқы киім және аяқ киім "; 3 апта "Үй жануарлары"; 4 апта"Үй құстары"; 5 апта "Жабайы жануарлар"; 6 апта "Жабайы құстар"; 7 апта "Көлік"; 8 апта"Анамның мерекесі"; 9 апта "Наурыз мерекесі"	1.3. Есту қабылдау және зейін	3.1.3.3 шуларға эмоционалды түрде жауап беру: қолмен қатты және жағымсыз шудан қорғану, жағымды дыбыстарға қуанышты мимикамен, есту зейінімен, қимылдармен жауап беру
		3.1.3.4 сөзсіз дыбыстарды ұзақтығы бойынша ажырату (ұзақ-қысқа), музыкалық ойыншықтарда ойнау
	1.4. Тактильді-моторлық қабылдау және заттардың ерекше қасиеттерін қабылдау	3.1.4.3 сөз бойынша затты сипап сезу арқылы табу
		3.1.4.4 заттарды салмағы бойынша ажырату (ауыр-жеңіл)
	1.5. Кинестетикалық және кинетикалық даму	3.1.5.3 дененің жағдайына адекватты жауап беру (көлденең, тік)
		3.1.5.4 бұйрық бойынша қозғалыстарды орындау
	2.1. Өз денесінде бағдарлау	3.2.1.1 дененің оң және сол жақтарын ажырату, бұл алдыңғы, артқы
	2.2. Қоршаған кеңістікте бағдарлау	3.2.2.3 мектепте бағдарлау, сынып , дәретхана, асхана табу
	2.3. Қағаз парағында, үстел бетінде бағдарлау	3.2.3.3 үлгі бойынша 4 бөліктен тұратын заттық суретті құрастыру
		3.2.3.4 нұсқаулыққа сәйкес қағаз парақта фишкаларды орналастыру
	3.1. Қол мен саусақты дамыту	3.3.1.5 ермексаздан қарапайым заттарды, жануарларды, адамдарды мүсіндеу
		3.3.1.6 үйренген элементтердің шекараларын салу
	4 -тоқсан	
	1.1. Көріп қабылдау және зейін	3.1.1.8 геометриялық пішіндерден, таяқшалардан, моншақтардан үлгі мен сөз бойынша ою-өрнек жасау
		3.1.1.9 көзге арналған гимнастика қимылдарын орындау
		3.1.1.10 заттардың орналасқан жерлерін еске түсіру
	1.2. Түс, пішін, өлшемді ажырату	3.1.2.8 өз бетінше, үлгі, ауызша нұсқау бойынша заттарды ені бойынша салыстыру кезінде қабаттастыру, беттестіру әдістерін қолдану
		3.1.2.9 3 затты өлшемі бойынша салыстыру (үлкен, кіші, ең кішкентай)

1 апта"Ағаштар"; 2 апта"Гүлдер"; 3 апта "Жәндіктер"; 4 апта "Көктемге арналған киім"; 5 апта "Балықтар"; 6 апта "Жемістер"; 7 апта "Көкөністер"; 8 апта "Жидектер"; 9 апта"Жазға арналған киім"; " Балалардың жазғы қызықтары"	1.3. Есту қабылдау және зейін	3.1.3.5 мимика және пантомима сүйемелдеуімен қоршаған ортаның дыбыстарына еліктеу
		3.1.3.6 музыкалық ойыншықтар мен қимылдар арқылы әуеннің табиғатын (көңілді, мұңды) ажырату және жаңғырту
	1.4. Тактильді-моторлық қабылдау және заттардың ерекше қасиеттерін қабылдау	3.1.4.5 сөйлеу немесе пантомима құралдарының көмегімен иісті таңдау кезінде артықшылықтарды білдіру
	1.5. Кинестетикалық және кинетикалық даму	3.1.5.5 табиғи құбылыстарға еліктеу (жаңбыр, жел)
		3.1.5.6 эмоционалды күйді көрсететін мимикалық қозғалыстарды қайталау
	2.1. Өз денесінде бағдарлау	3.2.1.1 дененің оң және сол жақтарын ажырату, бұл алдыңғы, артқы
	2.2. Қоршаған кеңістікте бағдарлау	3.2.2.4 табиғаттан кеңістіктік қатынастарды модельдеу (ғимараттар, құрылыстар, т.б.)
	2.3. Қағаз парағында, үстел бетінде бағдарлау	3.2.3.5 суреттің боялмаған бөлігін бояу
	3.1. Қол мен саусақты дамыту	3.3.1.7 ырғақты ою-өрнектерді салу

4) 4 -сынып:

Өтпелі ортақ тақырып	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1 -тоқсан		
	1.1. Көріп қабылдау және зейін	4.1.1.1 бағдарлаудың іздеу тәсілдерін қолдану (жоспарлы бақылау)
		4.1.1.2 затты оның жеке бөліктері арқылы тану
	1.2. Түс, пішін, өлшемді ажырату	4.1.2.1 негізгі түстерді ажырату (қызыл, жасыл, көк, сары, ақ, қара)
		4.1.2.2 сөз бойынша сәйкес түсті табу, таныс заттардың түсін атау
	1.3. Есту қабылдау және зейін	4.1.3.1 4-5-тен таңдау кезінде ойыншықтардың табиғаты бойынша күрт ерекшеленетін дыбыстарын естіп ажырату
	1.4. Тактильді-моторлық қабылдау және заттардың ерекше қасиеттерін қабылдау	4.1.4.1 әр түрлі әрекет түрлерінде тактильді-моторлы сезімталдықты қолдану: модельдеу; саусақпен сурет салу; саусақ ойындары

		4.1.5.1 ертегі кейіпкерлеріне,
1-2 апта Білім алушыларды бақылау және тексеру; 3 апта "Мен және менің отбасым"; 4 апта "Менің денем". "Мен ұлмын, мен қызбын"; 5 апта "Көкөністер"; 6 апта "Жемістер, жидектер"; 7 апта "Менің ойыншықтарым"; 8 апта "Менің үйім"; 9 апта "Менің мектебім"	1.5. Кинестетикалық және кинетикалық даму	

		мультфильмдер мен фильмдердің кейіпкерлеріне еліктеу
	2.1. Өз денесінде бағдарлау	4.2.1.1 өзінде және фотосуретте дене бөліктерін, басқа адамдардың , жануарлардың дене бөліктерін, дененің оң және сол жақтарын, алдыңғы, артқы жағын ажырату және атау
	2.2. Қоршаған кеңістікте бағдарлау	4.1.1.2 заттардың өздеріне қатысты орналасуын, заттардың бөліктерінің өзара орналасуын ажырату: алыс, жақын, айналасында, жоғарыда, төменде, өзіңнің алдында / артында, жоғарыда,төменде, астында
	2.3. Қағаз парағында, үстел бетінде бағдарлау	4.2.3.1 сұрақтарға жауап беру: " Қай жерде? Қайда ..?" (алға, артқа, жоғары, төмен, оңға, солға, бүйірге)
	3.1. Қол мен саусақты дамыту	4.3.1.1 күнделікті өмірде және сабақта нақты қимылдар жасау (байлау, шешу, бекіту)
		4.3.1.2 әртүрлі типтегі сызықтармен штрихтау
	2 -тоқсан	
	1.1. Көріп қабылдау және зейін	4.1.1.3 объектілердің сыртқы қасиеттері мен сапасына іс жүзінде назар аудару (сынау және қателесу әдісі, тәжірибелік қолдану)
		4.1.1.4 сюжеттік суреттерде сюжеттік желіні, ұйқаспайтын жерін бөліп көрсету (болады, болмайды)
	1.2. Түс, пішін, өлшемді ажырату	4.1.2.3 геометриялық денелердің (текше, шар, брус) атауларын өз сөзінде қолдану
		4.1.2.4 заттардың суреттеріндегі текшені, шарды тану
	1.3. Есту қабылдау және зейін	4.1.3.2 күлу, жылау, айқайлау, сыбырлауды ажырату және шығару
1 апта"Менің киімім"; 2 апта "Менің аяқ киімім"; 3 апта"Азық-түлік"; 4 апта "Шай ыдыстары"; 5 апта"Жиһаз"; 6 апта"Жаңа жыл мерекесі"; 7 апта"Жаңа жыл мерекесі"	1.4. Тактильді-моторлық қабылдау және заттардың ерекше қасиеттерін қабылдау	4.1.4.2 консистенциясы әртүрлі өнімдерді ажыратыңыз (сұйық, қатты, тұтқыр, борпылдақ)
		4.1.4.3 үлгіге, сөзге, суретке сәйкес жұбын табу үшін санын көбейту кезінде таңдау
	1.5. Кинестетикалық және кинетикалық даму	4.1.5.2 дененің әртүрлі беттермен жанасуына барабар жауап беру

	2.1. Өз денесінде бағдарлау	4.2.1.1 өзінде және фотосуретте дене бөліктерін, басқа адамдардың , жануарлардың дене бөліктерін, дененің оң және сол жақтарын, алдыңғы, артқы жағын ажырату және атау
	2.2. Қоршаған кеңістікте бағдарлау	4. 2.2.2. бір-біріне қатысты 2-3 затты орналастыру: "алдында, артында, арасында, ішінде, үстінде, астында" көрсетілім бойынша, үлгі бойынша, ауызша нұсқау бойынша
	2.3. Қағаз парағында, үстел бетінде бағдарлау	4.2.3.2 қағаз парақта бағдарлау (ортасы, ортасында, жоғарғы, төменгі, сол, оң, бұрыш, сол жақ бұрыштар, жоғарғы оң жақ бұрыш)
	3.1. Қол мен саусақты дамыту	4.3.1.3 суреттің контурын көшіру
		4.3.1.4 үлгі бойынша мозаикадан заттың суретін жасау
1 апта "Қыс қызықтары"; 2 апта "Қысқы киім және аяқ киім "; 3 апта "Үй жануарлары"; 4 апта"Үй құстары";	3 -тоқсан	
	1.1. Көріп қабылдау және зейін	4.1.1.5 қабаттасқан немесе шулы кескіндегі таныс нысанды тану
		3.1.1.6 сипаттама бойынша затты табу: жасыл, тәтті, дөңгелек
		4.1.1.7 геометриялық пішіндерден сурет бойынша, табиғаттан, жоспар, сызба бойынша құрастыру
	1.2. Түс, пішін, өлшемді ажырату	4.1.2.5 шеңбер, сопақша, шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрышты әртүрлі көлемдегі, түсті фигуралардан (үлгі бойынша, аты бойынша) ажырату
		4.1.2.6 заттарды екі белгі бойынша біріктіру (үлкен қызыл шарлар)
		4.1.2.7 екі затты өлшемі, ұзындығы, биіктігі, ені, қалыңдығы, тереңдігі бойынша көріп салыстыру, қабаттастыру арқылы салыстыру
	1.3. Есту қабылдау және зейін	4.1.3.3 сигналдарға жауап беру (тоқта, автомобильдің дыбысы және т. б.)
		4.1.3.4 дыбыстың қарқынын есту арқылы ажырату; дыбыстық ойыншықтарда буындарды айту, шапалақтау, соғу арқылы ойнау

5 апта "Жабайы жануарлар"; 6 апта "Жабайы құстар"; 7 апта "Көлік"; 8 апта "Анамның мерекесі"; 9 апта "Наурыз мерекесі"	1.4. Тактильді-моторлық қабылдау және заттардың ерекше қасиеттерін қабылдау	4.1.4.4 заттардың қасиеттерін ажырату (жұмсақ, қатты, тегіс, өрескел)
	1.5. Кинестетикалық және кинетикалық даму	4.1.5.3 ойдан шығарылған заттармен әрекет ету
		4.1.5.4 қозғалыстардың реттілігін өз бетінше орындау (2-3-тен)
	2.1. Өз денесінде бағдарлау	4.2.1.1 өзінде және фотосуретте дене бөліктерін, басқа адамдардың , жануарлардың дене бөліктерін, дененің оң және сол жақтарын, алдыңғы, артқы жағын ажырату және атау
	2.2. Қоршаған кеңістікте бағдарлау	4.2.2.3 мектеп ауласында бағдарлау, мектептің кіреберісіне, қақпаға апаратын жолды табу және т.б.
	2.3. Қағаз парағында, үстел бетінде бағдарлау	4.2.3.3 сөз бойынша 4 бөліктен заттық сурет құрастыру
		4.2.3.4 фишкалар мен геометриялық фигуралардың орналасуына түсінік беру
	3.1. Қол мен саусақты дамыту	4.3.1.5 ермексаздан жануарларды, адамдарды, қоршаған орта объектілерін мүсіндеу
		4.3.1.6 әр түрлі конфигурациялардың толқынды, көлбеу түзу және нүктелі сызықтар сызу
1 апта "Ағаштар"; 2 апта "Гүлдер"; 3 апта " Жәндіктер";	4 -тоқсан	
	1.1. Көріп қабылдау және зейін	4.1.1.8 схема бойынша геометриялық пішіндерден, таяқшалардан, моншақтардан ою-өрнектер жасау
		4.1.1.9 нұсқау бойынша өз бетінше еліктеу арқылы көзге арналған гимнастика қимылдарын орындау
	1.2. Түс, пішін, өлшемді ажырату	4.1.2.8 атауы бойынша ажырату: үлкен-кішкентай, биік-төмен, қалың-жұқа, ұзын-қысқа, кең-тар терең-таяз
		4.1.2.9 біртекті заттарды кішіден үлкенге қарай орналастыру
	1.3. Есту қабылдау және зейін	4.1.3.5 қоршаған ортаның таныс дыбыстарында еркін бағдарлау
		4.1.3.6 еліктеу арқылы қарапайым ырғақтарды ойнату

4 апта "Көктемге арналған киім"; 5 апта "Балықтар"; 6 апта "Жемістер"; 7 апта "Көкөністер"; 8 апта "Жидектер"; 9 апта "Жазға арналған киім"; "Балалардың жазғы қызықтары"	1.4. Тактильді-моторлық қабылдау және заттардың ерекше қасиеттерін қабылдау	4.1.4.5 иістерді ажырату (гүлді, цитрустық, қылқан жапырақты, ванильді, кофе)
	1.5. Кинестетикалық және кинетикалық даму	4.1.5.5 позалар мен қозғалыстарды жасау ("Айна" сияқты ойындар)
		4.1.5.6 ертегі мен мультфильм кейіпкерлерінің эмоцияларын мимикамен және пантомимикамен жеткізу
	2.1. Өз денесінде бағдарлау	4.2.1.1 өзінде және фотосуретте дене бөліктерін, басқа адамдардың, жануарлардың дене бөліктерін, дененің оң және сол жақтарын, алдыңғы, артқы жағын ажырату және атау
	2.2. Қоршаған кеңістікте бағдарлау	4.2.2.4 жоспарланған және схема бойынша кеңістіктік қатынастарды модельдеу
	2.3. Қағаз парағында, үстел бетінде бағдарлау	3.2.3.5 суреттің жетіспейтін бөліктерін аяқтау
	3.1. Қол мен саусақты дамыту	3.3.1.7 конфигурациясы бойынша баспа әріптерінің элементтеріне ұқсас фигураларды салу

бұйрығына
27-қосымша

Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 1-4 сыныптары үшін "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 1-4 сыныптары үшін "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабы 1 тармағына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты –оқушы үшін қол жетімді әр түрлі әлеуметтік өзара әрекеттесу тәжірибесін, жеке психофизикалық мүмкіндіктер мен танымдық қабілеттерді ескере отырып, оқу іс-әрекетіне сәтті бейімделу және одан әрі әлеуметтену үшін байланыс құралдарын қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) тіл біліктерін дамытудың алғышарттарын қалыптастыру: тілдің дыбысталуына назарын аудару, сөйлеу кезіндегі ырғақты сезінуін, артикуляторлы қимыл-қозғалыстарға еліктеу біліктерін, дауыстау пен тыныс алуын, сөйлеу элементтерін есте сақтап, кейін қайталау, ана тілінің 4 немесе одан да көп дыбыстарын танып қайталауын дамыту;

2) адекватты вербалды тәртібінің алғышартты дағдыларын дамыту;

3) қарапайым мәтінді тындап, түсіну дағдыларын қалыптастыру, оны мәтіннің мазмұнымен сәйкестендіру білігі;

4) осы Бағдарламада және басқа арнайы оқу бағдарламалары аясында зияты орташа түрде зақымдалған білім алушылардың сөздік қорын анықтау және дамыту.

4. Бағдарламаның түзете-дамыту міндеттері:

1) білім алушыларды вербалды, бейвербалды және альтернативті құралдар арқылы қатынасқа түсуді, ересектермен және басқа балалармен тіл арқылы әрекеттесуге қажеттілігін ояту;

2) оқыту нысанының сөйлеу тұйықтығын жою мақсатында функционалды рөлін меңгеруге жағдай жасау;

3) сөйлеу тілінің психомоторлы базасының элементтерін қол жетерлік деңгейде қалыптастыру: сенсорлы-перцептивті процестер, көру-моторлы тепе тендік, қолдың және саусақтардың еркін қимылдары, кеңістік туралы түсініктері, жоғарғы психикалық қызметтердің элементтері.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Бұл бағдарламаныңмазмұны өмірлік маңызды бейімделу және сөйлеу дағдыларын игеруге тәжірибелік бағытталған.

6. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушылардағы когнитивті және сөйлеу дамуының кемшіліктері олардың басқалармен толыққанды коммуникативті байланыстарының қалыптасуына кедергі келтіреді, мінез-құлықтың бұзылуына және әлеуметтік бейімделуге әкеледі, нәтижесінде "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету " сабақтарында сөйлеу дағдылары сөйлеу тілінің барлық функциялары аясында жүзеге асырылады: коммуникативті, танымдық, реттеуші.

7. Бір сыныптың оқушылары ақыл ойы мен психофизикалық дамудың бұзылуының әртүрлі деңгейімен, белгілі бір психикалық функцияның, практикалық дағдылардың қалыптасу деңгейімен сипатталады.

8. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім алушылардың ерекше жалпы психофизикалық ерекшеліктері ескеріледі:

1) психикалық бұзылулардың психикалық және соматикалық аурулармен, эмоционалды-ерік аясының бұзылуымен үйлесуі;

2) көру, есту, тірек-қимыл аппаратының жергілікті немесе жүйелі бұзылуларының болуы;

3) дамудың біркелкі дамуы және негізгі жүйке процестерінің тепе-теңдігінің бұзылуы-тежелуі мен қозу: кейбіреулерінде баяу қарқын, сәйкессіздік, сөйлеу қозғалыстарының ыңғайсыздығы байқалады, ал басқаларында ретсіз, мақсатсыз әрекеттермен үйлесетін қозғыштық жоғарылайды;

4) сөйлеу тілінің барлық құрылымдық компоненттерінің вариативті бұзылыстары: фонетикалық-фонематикалық, лексикалық және грамматикалық, бұл ауызша және жазбаша сөйлеуді қалыптастыруды қиындатады немесе мүмкін емес етеді, вербалды емес және балама коммуникацияның әртүрлі құралдарын қолдануды талап етеді.

9. Ауызша сөйлеу тілін меңгерген мектеп оқушыларына қолдың және артикуляциялық мүшелердің ұсақ, дәл сараланған қозғалыстарын жүзеге асыруда айтарлықтай қиындықтары тән, олар: бір қалыпты ұстап тұру, затты қолмен ұстап алу, тілдің ұшын жоғары немесе төмен бүгу, дыбысты айтуының бұзылыстарын,сөйлеу тілінің анықтылығын түзету процесін қиындататын, бір қалыптан екінші қалыпқа ауысу.

10. Осы санаттағы білім алушылардың ауызша сөйлеу тіліне төмендегілер тән: импрессивті және экспрессивті аграмматизмдер (сөйлеу тілінде сөзжасам мен сөзөзгерту жоқ), сөз таптарын қайталау, басқа адамдардың сөздері мен сөз тіркестерін семантикалық мазмұнын ескермей (механикалық түрде) қолдану, эхолалия.

11. Зияты орташа түрде зақымдалған оқушыларды оқыту және тәрбиелеу ересектермен және басқа балалармен ынтымақтастық арқылы тәжірибелік сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды қамтиды.

12. Осы бағдарлама аясында ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзету жұмысының бағыттылығы жалпы дидактикалық және арнайы қағидаларды белгілейді:

1) гуманизм –оқушының мүмкіндіктеріне сену, субъекттілі, позитивті ықпал ету;

2) жүйелілік– білім алушыны тұтас, сапал бірлігіны, динамикалық түрле дамуға қабілетті нысан ретінде қарастыру; оның сөйлеу мүмкіндіктерін психикалық дамудың басқа жақтарымен байланыста қарастыру;

3) реализм қағидасы–оқушының нақты мүмкіндіктері мен оның дамуының жағдайын, диагностикалау мен түзете-дамыту жұмысының ескеру;

4) онтогенетикалық - логопедиялық ықпал ету әдістемесін құрастырған кезде қалыпты жағдайда тілдің әртүрлерінің қызметтері мен қалыптасу заңдылықтарын ескеру;

5) этиопатогенез қағидасы–логопедтің оқушының ерекше білім алуға қажеттілігін белгілеу үшін сөйлеу тілі бұзылыстарының жеке механизмдері мен себептерін ескеру.

13. Бағдарламаның тиімді іске асырылуын оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық ықпал ету қамтамасыздандырады:

1) іс-әрекеттік ықпал ету, осыған сәйкес, логопед түзете-дамыту жұмысы барысында бала жасына сай жетекші әрекетке сүйенеді;

2) жекеше-дифференциалды ықпал ету, осыған сәйкес логопед оқушының жеке мүмкіндіктеріне қарай, түзете-дамыту жұмысының мақсатын, мазмұнын, формаларын, тәсілдерін бейімдейді;

3) жүйелі ықпал ету, осыған сәйкес, түзете-дамытуда міндетті түрде дыбыс айту, фонематикалық процестерге, лексика мен грамматикалық жағына әсер етуді көздейді.

14. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушылармен логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері:

1) оқытудың арнайы әдістері мен құралдарын пайдалану, "айналма жолдарды" құру, мысалы, баспа бейнелерді, заттық және графикалық алгоритмдерді, электрондық коммуникация құралдарын, сыртқы ынталандыруларды пайдалану;

2) визуалды, аудиалды және тактильді айқындылықты пайдалана отырып, анализаторларды барынша қосу;

3) саусақтардың нәзік қимылдарының манипулятивті әрекеттерін сөзбен байланыстыруын дамыту;

4) оқушылардың еліктеу қабілеттеріне және көрнекі-әрекеттік ойлаудың сақталған мүмкіндіктеріне сүйене отырып логопедиялық ырғақ элементтерін кеңінен қолдану;

5) танымдық қажеттіліктерді қоздыру үшін негізгі эмоцияларды өзектендіру;

6) материалды қарапайым элементтерге нақтылап бөлу: оқыту әр элемент бойынша жүргізіледі, содан кейін ғана олар тұтастай біріктіріледі, ал білім алушылар жалпылауға үйренеді;

7) логопедиялық материалдың жиі қайталануы, оны жаңа жағдайда қолдану;

8) оқушының сәл де болса оқу жетістіктерін міндетті түрде ескеру және эмоционалды бағалау;

9) білім беру ортасының ерекше кеңістіктік, уақыттық және семантикалық ұйымдастырумен оқытуды сапалы жекешелендіру: мысалы, ақыл ой бұзылыстарымен ұштастыра отырып, аутисттік спектрі бар зияты зақымдалған білім алушылар топтық сабақтарға дейін, ең алдымен кезеңділікпен қоршаған орта құбылыстарының өзара байланыстылығын түсінуге мүмкіндік беретін, білім беру кеңістігі мен уақытты құруда жеке дайындыққа мұқтаж,

10) білім беру кеңістігінің шекарасын белгілеу өз кезегінде білім беру кеңістігін максималды кеңейту мен қажеттілікті ескеруді көздей отырып, білім беру ұйымынан тыс жерде әлеуметтік қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру: дүкендерде, кафе, емхана, қоғамдық көліктерде.

15. Түзету-логопедиялық жұмыс нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін мұғалім-логопед арнайы әдіс-тәсілдерді қолданады:

а) тәжірибелік (жаттығулар: еліктеу-орындау, жаттықтыру,түзеу, шығармашылық; ойындар: дидактикалық, сюжетті-рөлді, іскерлік; заттық моделдеу);

б) көрнекілік (графикалық, символдық, иллюстрациялық, шынайы);

в) өзінің тілегін, білімін, әрекеттерін сұрақ-жауапты үлгілерді меңгеру үшін, лексикалық материалды бірлесіп, ілесіп қайталау тәсілі арқылы, сөздік (сөз, логопедтің әңгімесі, әңгіме, сөйлеу тілін талдау), жаттанды фразаны қайталау.

16. ҚР БҒМ 22.01.2016 жылғы № 70 бұйрығына сәйкес, білім алушылардың ынтасын арттыру, өмірлік және оқу дағдыларын неғұрлым сапалы қалыптастыру мақсатында, логопедиялық сабақтарда әртүрлі көрнекілікті пайдалана отырып, анализаторларды барынша қосу үшін дидактикалық дамытушы ортаны орынды реттеу жағдайында оқытудың техникалық құралдары қолданылады:

1) логопедиялық сабақтардың бөліктері немесе тұтас сабақтар "Интербелсенді дыбыстық тақта (дыбысты машықтандыру, логиканы дамыту, ойцн терапиясы мен дыбыстың сапасы, күші, бағытын ажырату)", "Акустикалық тактилді тақта" қолдану арқылы, сенсорлы бөлмеде өткізілуі мүмкін

2) мультимедиялық интербелсенді дамытушы бағдарламалық-әдістемелік кешеннің үшөлшемді аксессуарлары мен карточкалары бар электронды ресурс, интербелсенді тақтатәжірибелік тілді дамыту жұмысында кеңінен пайдаланылады;

3) Түзетуде сергіту сәттерінде, әсіреседизартрия мен ринофониясы бар балалармен жұмыста "Логопедиялық жаттықтырғыш" дыбыстық белгіні көрнекілікпен сәйкестендіруде өзіндік сөйлеу тілін бақылауда кеңінен қолданылады;

4) "Тілдік қатынасты меңгеру және дамытуға арналған тілдік жаттықтырғыш" құралын мұғалім-логопед фразалық сөйлеу тілін меңгермеген білім алушылармен жұмыста қолданады.

17. Оқушылардың психофизикалық, неврологиялық ерекшеліктерін ескеріп, сөйлеу қабілетінің полиморфты және тереңдігі аясында олардың жұмыс қабілеттілігінің төмендеуін ескере отырып, логопед-мұғалім мультимедиялық, электронды құрылғыларды санитарлық нормалар мен ережелерге қатаң сәйкес, шектеулі және қатаң мөлшерде қолданады, алайда, дәстүрлі (нақты) дидактикалық ресурстарды кеңінен қолданады:

1) жануарларды, ертегі кейіпкерлерін, тұрмыстық заттарды бейнелейтін ойыншықтар;

2) жазықтық және үлестірме материал (карточкалар, суреттер, пазлдар);

3) қуыршақ – сахналау және ойын-драматизациялар және ұлттық ойындар үшін ұлттық костюмдер, декорациялар мен аксессуарлар;

4) оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес келетін әдебиеттер, оның ішінде суреттері, әңгімелері, өлеңдері бар кітаптар; халық және авторлық ертегілер.

18. Бағдарлама бірқатар шарттарды орындау кезінде жалпы білім берудің негізін қалайды:

1) сабақтарда пәндер бойынша өтпелі тақырыптық жоспарлауға сәйкес дидактикалық материал пайдаланылады;

2) жалпы білім беретін пәндер бойынша мұғалім-логопедтің басшылығымен сабақтар мен сабақтарға өзара қатысу үдерісінде және қорытындылары бойынша білім алушылардың әрқайсысының сөйлеу дамуының жай-күйі, әлеуетті мүмкіндіктері мен болжамы туралы кәсіби білімнің толық бейнесін қалыптастырады;

3) "Айналадағы әлем", "Музыка және ырғақ", "Қол еңбегі" "Бейнелеу өнері", " Сенсорлық даму", "Сөйлеу және коммуникацияны дамыту", "Заттық -тәжірибелік әрекет" оқу пәндерімен пәнаралық өзара байланыс орнатылады, оларды зерделеу кезінде логопедиялық сабақтарда қалыптастырылатын коммуникативтік және басқа да сөйлеу дағдылары бекітіледі және дамиды.

19. Зияты орташа түрінде зақымдалған балаларда академиялық тілдік білімді қалыптастыруға бағытталған логопедиялық сабақтың дәстүрлі өткізілуінің тиімділігі төмен, сол себепті тіл дамуының кемшіліктерін түзету процесі мазмұнды және/немесе ұйымдық нысандарды қатаң реттеуді көздемейді.

20. Сабақ барысында логопед әр оқушыда осындай қажеттілік туындаған сәтте – жеке жұмысты орындауға жағдай жасау үшін, жеке қарқынмен, мұғалімнің жеке көмегін алу үшін қызмет түрінің өзгеруін қамтамасыз етеді.

21. Білім алушыларға сабақ барысында логопедиялық кабинеттің кеңістігінде еркін қозғалуға мүмкіндік беріледі.

22. Орташа ақыл ойы кемістігі бар білім алушылардың тіл дамуының кемшіліктерін түзету бойынша оқу іс-әрекетінің барлық нысандары мен түрлері өздерінің белсенділігін, бастамашылығы мен дербестігін қалыптастыруға бағытталған.

23. Орташа ақыл ойы кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау сипаттамалық квалиметриялық құралдарды пайдалана отырып жүргізіледі: жеке сөйлеу картасында міндетті түрде сөйлеу дағдысын меңгерудің дербестік дәрежесі (дербес, үлгі бойынша, еліктеу бойынша, педагогпен бірлескен іс-қимылдардың көмегімен) және үлгі бойынша іс-әрекеттерді орындау кезінде көрсетілетін педагогикалық көмек түрі көрсетіледі (ұйымдастырушы, бағыттаушы, эмоционалды).

24. Бағдарламада оқушылардың тіл дамуының кемшіліктерін түзету бойынша жеке бағдарламаларының мазмұнын анықтауға бағыттаушы негіз болатын оқыту мақсаттарының жүйесі тұжырымдалған. Мектептің педагогикалық кеңесі оқушылардың аймақтық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, тақырыптар мен өтпелі тақырыптар тізбегіне өзгерістер енгізе алады.

25. Тіл дамуының кемшіліктерін түзетудің жеке бағдарламасы логопед-мұғалім белгіленген тәртіппен жүргізетін логопедиялық диагностика негізінде жасалады.

3-тарау. "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" оқу пәнінің мазмұны

26. "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" оқу пәні бойынша 1-4 сыныптарда оқу жүктемесі:

1) 1-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында 132 сағатты құрайды;

2) 2-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағатты құрайды;

3) 3-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағатты құрайды;

4) 4-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағатты құрайды.

Пәннің оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалды (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

27. "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" оқу пәнінің Бағдарлама мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

1) "Сөйлеу тілінің психомоторлық негізі";

2) "Қатынас";

3) "Тілдің дыбысталуы";

4) "Оқылым мен жазылым".

28. "Сөйлеу тілінің психомоторлық негізі" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) сенсорлы тәжірибе;

2) моторика және кеңістіктік туралы түсініктері.

29. "Қатынас" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) вербалды қатынас;

2) бейвербалды қатынас.

30. "Тілдің дыбысталуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) дыбысталған тілді түсіну;

2) айтылым.

31. "Оқылым мен жазылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) балама оқу;

2) графика және жазу.

32. "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" пәнінің 1 сыныптағы базалық мазмұны:

1) сөйлеу тілінің психомоторлық негізі. Қоршаған орта дыбыстарын тыңдау, есту зейінін көрсету, қимылдармен және ым ишарамен негізгі өмірлік функцияларды көрсету (тыныс алу, қарау, тыңдау, иіскеу, сөйлеу, тамақтану). Белгілі бір және дерексіз кескіндердегі (пиктограммалардағы) таныс заттардың визуалды бейнелерін тану – тұтастай алғанда, бөлшектері бойынша, оларға тән дыбыстары бойынша. Музыка тыңдау кезінде қарама-қарсы эмоцияларды білдіретін дене және бет қимылдарын тану;

2) қатынас. Таныс қарым-қатынас жағдайында ересектермен және құрдастарымен қол жетімді байланыс құралдары арқылы қатынасқа түсу (баламаларын қоса). Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауға қызығушылық таныту. Мұғалімді, балаларды және ертегі кейіпкерлерін қарсы алу үшін қолды пайдалану.

Ересек адамның сөйлеуіне қызығушылық және мәтінді оқу процесінде оның дауысына назар аудару. Қаратпа сөйлеуге оңды жауап беру (мимика-ым-ишара және вербалды құралдар);

3) тілдің дыбысталуы. Нұсқау бойынша бірінші тақырыптық концентр шеңберіндегі екі - үш заттың және/немесе суреттердің арасынан бір затты табу – "Мен баламын: менің денем. Менің сезімдерім мен қажеттіліктерім". Нұсқауларды түсіну, бірлескен іс-қимыл деңгейінде тыныс алу-дауыстық және артикуляциялық жаттығуларды орындау. Тақырыптың сурет, пиктограмма және сөзбен байланысы. Есту арқылы тану, берілген дыбыстың айтылуы (А, Т, Ә, О, Ө, У, И, М). Айтылым кемшіліктерін жою, сөйлеу кезіндегі тыныс алуын, дауыс, артикуляциялық қозғалыстардың кинетикалық және кинестетикалық негізін дамыту, дикциялық жаттығулар және дыбыстарды мүмкіндігінше қол жетімді жеке айқындық деңгейінде айту;

4) оқылым және жазылым. Есту зейіні мен естіун шоғырландыруын дамыту. Ересектерге иллюстрациялары бар шағын мәтіндерді оқуға деген қызығушылықты қалыптастыру, үстел үсті ойынын таңдауға оң көзқарасты білдіру. Қылқаламмен, саусақпен, алақанмен бояу, әртүрлі жазу элементтерін таңдау және пайдалану. Көрсету және үлгі бойынша қарапайым тапсырмаларды орындау, бірінші концентр тақырыбы бойынша пиктограммаларды тану және ажырату (ұсынылған екі суреттің бірі)-"Мен баламын".

33. "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" пәнінің 2 сыныптағы базалық мазмұны:

1) сөйлеу тілінің психомоторлық негізі. Затқа назар аударып, көз үзбей қарау, белгілі және дерексіз кескіндердегі (пиктограммалардағы) таныс заттардың визуалды бейнелерін тану. Өзінің дене бөліктерін өзінде және пиктограммада көрсету, әртүрлі пішінде ұсынылған ұқсас немесе берілген заттарды және олардың бейнелерін тану сәтін көрсету;

2) қатынас. Өзінің қажеттіліктері мен тілектерің қол жетімді құралдармен білдіру, қуаныш, қайғы, таңданудың бет-әлпеті арқылы көргендеріне деген көзқарасын көрсету. Ойын жағдайында қатынастық белсенділіктің көрінісі, өзара әрекеттесудің қол жетімді тәсілдері аясында "серіктестің" әлеуметтік рөлін түсіну. Қатынастық мақсаттар үшін қарапайым белгілерді пайдалану. Ынталандырушы интонацияны түсіну. Кеңістікке қатысты сөздердің мағынасын түсіну және орындау. Сөзбен сүйемелдеу арқылы саусақ ойындары процесінде ересек адамның іс-әрекетіне еліктеу бойынша ойын әрекеттерін орындау, сөзбен біргелестіріп, ойыншықпен тақырыптық-ойын және бейнелеу әрекеттерін орындау;

3) тілдің дыбысталуы. Тыңдалған мәтіннің жалпы нақты мазмұнын қабылдау және түсіну, ересек адамның сөйлеген сөзіне оң жауап беру (ым-ишара және вербалды құралдар). Айтылым кемшіліктерін түзету, сөйлеу кезінде тыныс алуын, дауыс, артикуляциялық қозғалыстардың кинетикалық және кинестетикалық негізін дамыту,

дикциялық жаттығулар және дыбыстарды мүмкіндігінше қол жетімді жеке айқындық деңгейінде еліктеу арқылы айту. Бірінші-екінші типтегі буындық құрылымы бар сөздерді қайталау, әртүрлі заттарды атау, олардың суреттері және осы заттарды негізгі белгілері бойынша сипаттау;

4) оқылым және жазылым. Оқу тәжірибесінде қолжетімді біліктерді игеру, әліпбиді жаттау (А, Т, У, П, Н), графикалық ұқсастығы бар (А және М) әріптердің жұптарын ажырату. Нақты жағдайда нұсқау бойынша, жазатын затпен бағытталған әрекеттер орындап жаттығу.Қарапайым графо-моторлы біліктерді қалыптастыру, бірінші және екінші концентр тақырыптары бойынша пиктограммаларды (ұсынылған үш-төртеуінен біреуін) тану және ажырату-"Мен баламын", "Бала және жақын орта".

34. "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" пәнінің 3 сыныптағы базалық мазмұны:

1) сөйлеу тілінің психомоторлық негізі. Дыбыстық ынталандыру заттарды күші, сапасы және бағыты бойынша ажырату. Ұқсас заттарды сипап сезіп, ажыратып және атауын атау, еліктеуіш ойындар: қозғалыста қуыршақтардың, жануарлардың, құстардың бейнелерін көрсету. Дабыл, қарапайым дыбыстық-сөздік сүйемелдеуімен барабан соққыларына арналған жолдар мен кілемшелермен ырғақты жүру;

2) қатынас. Логикалық негіздеме жасауға тырысып, күнделікті жағдайларда және жеке тәжірибеде жалпы қабылданған бейвербалды қарым - қатынас құралдарын игеру - адамға қажетті киім мен аяқ киімді сыртқы келбеті бойынша, көңіл - күйі бойынша, дәлелмен таңдау (үлкен ағай-үлкен етік, көңілді Шалқар-қызыл жейде), өнімді орнату, қолдау және байланыстың аяқталуы. Қатынастың баламалы құралдарымен танысу. Ертегі кейіпкерінің ойын жағдайына эмоционалды оң реакцияны көрсету. Ересек адамның қимылдары мен кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бақылау және түсіну, ертегі кейіпкерлерінеойын әрекетіне жауап беру (ым-ишара құралдары мен әрекеттері). " Отбасы", "Көлікте", "Дәрігерде", "Көшеде" және т. б. сюжеттермен өзін ойын рөлінде атай отырып, қарапайым рөлдік диалогты орындау;

3) тілдің дыбысталуы. Айтылымның жеке кемшіліктерін жою, сөйлеу кезіндегі тыныс алуын, дауысын, артикуляциялық қимылдардың кинетикалық және кинестетикалық негізерін дамыту. Аса қолжетімді анықтық деңгейде үлгі және еліктеу бойынша дыбытарды айту және дикциялық жаттығуларды орындау. Буындық құрылымдардың бірінші-екінші типтеріне жататын сөздердібір буыннан екіншіге біртіндеп ауысу арқылы, қайталау. Сын есім, зат есім және жиі қолданатын етістіктермен сөздік қорын молайту. Өз атынан үлгі бойынша екі сөзден құралған сөлемдерді моделдеу және құру;

4) оқылым және жазылым. Иллюстрация мен оның элементтерінің ересек адам оқыған таныс мәтінмен байланыстыру. Қолжетімді вербалды, бейвербалды құралдарды (сөзбен, дыбыспен, қимылмен, іс-қимылмен), баламалы құралдарды (графикалық, баспа, электрондық құрылғы бейнелері) пайдалана отырып, ойын әрекеттерінің

ережелерін, тәртібін есте сақтау. Бірінші, екінші және үшінші концентр тақырыбына арналған пиктограммаларды тану, ажырату (ұсынылған төрт-бес суреттің бір-екеуі)- " Мен баламын", "Бала және оны қоршаған жақын орта", "Бала және үлкен әлем". Бастырып сызу, штрихтау және сурет салу, бетті қара, түрлі-түсті қарындаштармен, шарикті қаламдармен сызу, АТ, АТАТ, ААТТААТТ, ААТААТ сызбасы бойынша шаршы, шеңбер, жолақшада кезектесіп, дайын элементтерден өрнектер жасау.

35. "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" пәнінің 4 сыныптағы базалық мазмұны:

1) сөйлеу тілінің психомоторлық негізі. Марш ырғағымен музыкалық бөлімнің ырғақты негізін қайталау. Кеңістіктік және уақыттық түсініктерін анықтау, бір уақытта ұсынылған екі-үш элементтен тұратын қатарды қайталау.Үлгі бойынша үш массаж элементтерін қолданып, өз қолының саусақтарына массаж жасау. "Көз- қол" атты тепе тендікті дамытуға арналған жаттығу, тізбектерді құру;

2) қатынас. Ертегі кейіпкерінің атынан ересек адамның сөйлеген сөзіне және заттық-ойын әрекеттеріне оң жауап (ым-ишара және ауызша құралдарарқылы). Көрсету қимыл мен сөйлеу тілін қолдана отырып, өзінің фотосуретін (немесе жалпы фотосуреттен) басқалардан табу. Қысқа ертегілерді тыңдау, ертегі кейіпкерлерін таңдау , қол жетімді вербалды және бейвербалды құралдарды (көзқараспен, ым-ишарамен, қимылмен, іс-әрекетпен) қолдана отырып, сюжеттік ойыншықты ойнауға қызығушылық таныту, бөлімнің мазмұны әр оқушының әр түрлі өзара әрекеттесу жағдайларындағы жеке мүмкіндіктерін ескере отырып талданады. Оқу әрекеттеріне арналған бір-екі сатылы нұсқауларды дәл орындау: тыңдауы, өлеңдер мен ертегілердің мәтінінен суреттер мен пиктограммаларды табуы. Өзгелердің назарын өзіне, сыртқы келбетіне және іс-әрекеттеріне, репликалар арқылы тартуы, бағалауды күтуі;

3) тілдің дыбысталуы. Сөйлеу тілін немесе пиктограммаларды қолдана отырып, ойыншықтар, сүйікті заттар, оқушылар үшін қызықты жағдайлар мен оқиғалар туралы қысқаша сипаттама әңгімелер құрастыру. Таныс балалар мен ересектердің есімдерін білдіретін сөздерді тану және айту (5-6 есім). Бірінші - бесінші типтегі буындық құрылымы бар сөздерді бір буыннан екіншісіне, дауыссыз дыбыстар қатар келген сөздерде бір дауыссыз дыбыстан екіншісіне өтіп, қайталау. Суреттер, бақылаулар, көрген, бастан кешкен және естіген/оқығаны туралы әңгімелер. Монологтік және диалогтік формаларда "мәлімдеме" құру, сөйлеу тілінің дыбысталуының негізгі ережелерін сақтауы (ырғақ, екпін, қарқын, темп, әуезділік, интонация, кідіру), кім? не? сұрақтары бойынша сөйлемді аяқтау білігі. Осы сұрақтың сөздеріне сүйене отырып, қойылған сұраққа жауаптар, моделдер мен үлгілер бойынша екі-үш сөз тіркестерін дербес құру;

4) оқылым және жазылым. Ойын ережелерін білім алушыға әр түрлі қол жетімді тәсілдер арқылы жеткізу (бірлескен іс-әрекеттер, көрсету және еліктеу, өз бетінше әрекет етуі). Қарапайым графикалық тапсырмаларды түрлі-түсті қарындаштармен

орындау, үлкен қағаз парақтарына фломастерлермен, щеткалармен, қарындаштармен түзу және қисық сызықтарды, бұрышты нысандарды салу. Тіректер бойынша А, О, Т әріптерінің "хаты": трафареттер (биіктігі 10 см), нүктелер, сызықша іздері - дербес немесе мұғалімнің көмегімен.

36.Бағдарламаның мазмұнын оқу жылдары (сыныптар) бойынша бөлу шамамен болады. Логопед оқу мақсаттарының көлемі мен күрделілігін, сондай-ақ әрбір білім алушының қабілеттері мен мүмкіндіктерін, нақты жетістіктерін ескере отырып, дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті уақытты жекебелгілеуге құқылы.

Параграф 2. Оқу мақсаттарының жүйесі

37. Бағдарламада ұсынылған оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.1.2.1 кодында "1" - сыныбы, "1.2" - бөлім және бөлімше, "1" - оқыту мақсатының реттік саны

38. Бөлімдер мен сыныптар бойынша оқу мақсаттарының жүйесі:

1) "Сөйлеу тілінің психомоторлық негізі" бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары			
	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
1.1. Сенсорлы тәжірибе.	1.1.1.1 жақында қозғалып келе жатқан затты көзімен бақылау (жазықтықта, тігінен , дөңгелек бойына, алға/артқа) 1 минут ішінде	2.1.1.1 1 минут бойы баланың алдында (баланың оң жағында, сол жағында) жоғары, төмен және көз деңгейінде орналасқан қозғалмайтын затқа көзді тоқтату	3.1.1.1 белгілі бір түсті, бейнені және толық емес, шатасқан суреттегі таныс заттарды 10-15 секундта тану	4.1.1.1 заттық суреттердегі, сюжеттік суреттердегі, Равен матрицасындағы, қарапайым пазл-композициялардағы бөлшек пен бүтінді сәйкестендіру
	1.1.1.2 адамның бетіне, фотосуретке 30 секундқа қарау	2.1.1.2 мұғаліммен бірге дене бөліктерін фотосуретте және өзіңізде көрсету	3.1.1.2 қозғалатын қашықтағы нысанды көзбен қадағалау	4.1.1.2 сөзге қатысы жоқ дыбыстардың күшін ажырату: табиғат дыбыстары мен дауыстарына еліктепқатты және ақырын дыбыстау
	1.1.1.3 суреттерден ойыншықтарды табу (түрлі-түсті сурет-иллюстрация, оқушының көзінше ересек адам салған сурет, екі-төрт бөліктен тұратын сурет)	2.1.1.3 дене бөліктері бейнеленген пиктограммаларды іріктеп, дене бөліктерін өзінде, қуыршақта көрсету, суретте, пиктограммада бөліктерді атауға тырысу	3.1.1.3 нысандардың түстері (қызыл, көк, сары, жасыл, қара, қоңыр) түсі бойынша тану (ажырату) заттар мен суреттерді, қарындашты таңдау	4.1.1.3 стандарттарды қолдана отырып, шөпке, аспанға, күнге, суға, қарға тән түсті бөлектеу), нысанды түс, түс (жануарларды) белгісі бойынша тану

	1.1.1.4 таныс ойыншықты жеке бөлшектері, оған тән дыбыстары бойынша (дыбыстық ойыншықтар), сипап сезу арқылытану	2.1.1.4 көлемі, құрылымы жағынан ұқсас таныс заттарды сипап сезу арқылы тану, дыбыспен, ым-ишарамен, қозғалыспен тану, көрсету	3.1.1.4 ағаш, металл, пластмасса, желіммен, әртүрлі температурадағы сумен жанасудаәр түрлі реакция білдіру, температурадағы су	4.1.1.4 заттарды жалпы белгісі бойынша стереогноз процесінде топтастыру: " Кедір-бұдыр (тегіс) затты көрсет, ата")
	1.1.1.5 құлақ (иық, бел) тұсында тұрған дыбыстың қозғалмайтын көзін табу	2.1.1.5 табиғат дыбыстарын (жаңбыр, құстар мен аңдардың дауысы) және музыкалық аспаптардың дыбысын (ысқырық, барабан, ысқырық) тану	3.1.1.5 дыбыстың қозғалмайтын алыста тұрған көзін нысанмен сәйкестендіріп, табу және дыбысталуы бірдейлерді табу	4.1.1.5 бөліктің ырғақты негізін марш ырғағымен сәкестендіріп, қайталау
1.2.Моторика және кеңістік туралы түсініктері.	1.1.2.1 педагогпен бірлесіп, статикалық және динамикалық тепе тендікке арналған саусақ жаттығуларын орындау	2.1.2.1 педагогпен бірлесіп, өзінің қол саусақтарына массаж жасау (үлгі бойынша 3 тәсілден тұратын массаж)	3.1.2.1 оң және сол қолдарының саусақтарын кезекпен, ырғақпен жақындатып, қосып, айқастыруды қайталау	4.1.2.1 үлгі бойынша, үш массаж тәсілін қолданып, массаж құралымен, өзінің қол саусақтарына массаж жасау
	1.1.2.2 педагогпен бірге, еліктеу бойынша жұдырықтарды жұму, ашу	2.1.2.2 жұдырықтарды ырғақты түрде жұму, ашу, заттарды әртүрлі ұстау әрекетін жасай отырып, ұсақ заттарды сұрыптау	3.1.2.2 жылы су құйылған ыдысқа қолын салып, жылыту, түгі бар орамалмен сүртіп, құрғату	4.1.2.2 құрастырғыш және құру-шашу, ойыншықтармен ойнау: педагогпен бірге немесе еліктеу бойынша
	1.1.2.3 кабинет кеңістігінде бағдарлау, алдыға, артқа бағыттарын көрсету	2.1.2.3 кеңістігінде бағдарлау, алдыға, жоғары төмен, алдыға артқа бағыттарын көрсету	3.1.2.3 имитация-ойындар ын ойнау: қуыршақ, жануарлардың қимылдарын келтіру	4.1.2.3 педагог атаған бағыт бойынша қозғалу: алдыға артқа, жоғары, төмен
	1.1.2.4 педагог берген бағыт және қолдан ұстау бойынша сенсорлы жолдармен қозғалу	2.1.2.4 педагогтің әрекеттеріне еліктеу және үлгі бойынша қимылдың бағытын көрсету	3.1.2.4 беттің/ бастың бөліктерін көрсету және нұсқау бойынша атау: көздер, мұрын, ауыз, құлақтар, шаш	4.1.2.4 ірі және ұсақ қимылдардан тұратын қарама қарсы әрекеттерді дамыту үшін " керісінше" ойынын ойнау-
	1.1.2.5 берілген бағытта ойыншықпен (сылдырмақ, таяқшасы бар лента)	2.1.2.5 аудио-қимыл жаттығуларды орындау "Тында және биле..." (	3.1.2.5 жолдармен, кілемшемен жүру " Топ-топ", барабанның соққысына сәйкес "	4.1.2.5 екі жалпы қимылдар қатарын, екі элементтен тұратын қозғалысты екі қолмен, бір

	, сенсорлы және ойын жолдарымен жүру	тақпақтың мәтініне сәйкес)	топ-топ" деп аяқпен топылдатып жүру	ұсынғаннан қайталау

2) "Қатынас" бөлімі:

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары			
	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
2.1. Бейвербалды қатынас.	1.2.1.1 ойыншықтарды қолданып, қатынастың бейвербалды құралдарын қолданып, арнайы ұйымдастырылған ойын жағдайында өз нәтижелеріне қол жеткізгеніне қуанышын білдіру	2.2.1.1 негізгі эмоцияларды білдіретін эәне олардың негізгі белгілерін бейнелейтін суреттермен ойнау (көздің қимылдарын сәйкес ерін мен қастың қимылдарымен сәйкестендіру)	3.2.1.1 айна алдында бет әлпеті бойынша тану эмоционалды жағдайларды атай білу: күледі, жылайды, мимикалық қимылдарды адекватты пантомимикамен толықтыру	4.2.1.1 досы, педагогі, өзіндегі киімдерді, заттарды қарап, көрсету атау-айнаға қарап, суреттен, пиктограмма, фото, видео бойынша
	1.2.1.2 ым-ишара, патомимикамен көрсету: "Мен: көремін, естимін, тыныс аламын, иіскеймін, айтамын, тамақтанамын", " Қолдарым – мен бәрін жасай аламын ", "Аяқтар — мен жүремін", "Мен көңілдімін, күлемін, жылаймын", "Мен ойнаймын, менің ойыншықтарым"	2.2.1.2 сөйлеу тілінің анықтылығын есту, сұраулы ояту интонациясына сәйкес мимикалық реакцияларды түсіну	3.2.1.2 өзін айнадан көру, өзін, өзінің бейнесін айнадан көрсету, суланған қылқалам, саусақпен өзінің айнадағы бейнесін сызу	4.2.1.2 айнаға қарау, өзінің сыртқы бейнесін бағалау, өз киімінің, шаш үлгісінің кемшіліктерін түзеу , бой түзеу
	1.2.1.3 музыка тындау кезінде эмоциялардың ым-мшара қимылдарын "оқу"	2.2.1.3 педагог бетінің қимылдарына еліктеу (айна алдында немесе онсыз) және оның қимылдарын еліктеу (аяйды, құшақтайды, басынан сипайды; қуанады-қол шапалақтайды)	3.2.1.3 педагог ұсынған бейнеге сәйкес берілген үш ойыншықтан біреуін тандайды	4.2.1.3 ым-ишара ойындарын ойнайды, педагогтің соңынан, фрагмент, ойыншық немесе суретті көрсету бойынша қоян, аю, түлкінің қимылдарын қайталайды
	1.2.2.1 бір әрекеттік нұсқауды түсіну (Ал! Отыр! Бер!)	2.2.2.1 айтылған бір әрекеттік кеңістікке	3.2.2.1 жеке гигиена , оған қажетті заттар туралы тақпақтарды қатынастың вербалды және	4.2.2.1 ойын рөлінде өзін атауы қажет

		қатысты сөздермен нұсқауды түсіну және орындау	бейвербалды құралдарды қолдану арқылы айту	рөлдік диалог құру ("Ана мен бала", " Отбасы" ойындары)
	1.2.2.2 аты мен фамилиясына аудио және сөйлеу реакцияларын білдіру	2.2.2.2 өзін атау және арнайы жасалған жағдайда, атын естігенде жауап беру	3.2.2.2 жеке гигиена заттарын және ойын-драматизацияға арналған заттарды тақпақ сөздеріне қарай іріктеу	4.2.2.2 педагогтің көмегімен үйдегі тұрмыс, табиғат, көшедегі (" Дәрігерде", " Көшеден жүргінші жолымен өтеміз") қарапайым сюжеттерді моделдеу
2.2. Вербалды қатынас.	1.2.2.3 қоршағандармен әртүрлі жағдайларда тұрмыста, мерекелерде қарапайым сөз арқылы қатынасқа дайындығын көрсету ("Иә ма жоқ па?")	2.2.2.3 сөз арқылы рөлдік ойындарға екі сөзден құралған сөйлемдерді қолданып, жұптасып қатысу	3.2.2.3 рөлдік ойында өзін атап, қарапайым рөлдік диалог орнату (" Отбасы", " Автобуста", " Дәрігер", "Көше"	4.2.2.3 оқу әрекеттерін орындауға қатысты бір-екі сатылы нұсқауларды мұқият тындап, орындау: тындау, тақпақтар мен ертегі мәтіндері бойынша пиктограммалар мен суреттерді табу
	1.2.2.4 мультимедия құралдары көмегімен жазылған сөздерді (тақпақтар, ертегілер) қызығуын көрсетіп тындауын	2.2.2.4 отбасы мүшелерінің бірін сүйіспеншілікпен қарап, қатынасын білдіретін рөлдік ойындарды ым-ишара, сөздер арқылы білдіріп, ойнау	3.2.2.4 киімдер үлгілерін қолданып, сюжеті бірнеше әрекеттен тұратын ойындарды топпен 2-3 адам болып ойнау: "Мен жүргізушімін", " Мен-дәрігермін", " Мен аспазбын"	4.2.2.4 репликалардың көмегімен басқалардың назарын өзіне, сыртқы келбетіне және олардың бағалауын күте отырып, өз іс-әрекеттеріне аудара білу

3) "Тілдің дыбысталуы" бөлімі:

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары			
	1сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
	1.3.1.1 ойындарға арналған заттарды қолдану мүмкіндіктерін ұсыну: қуыршақтармен, диванда, орындықтарда, үстелде жұмсақ пішінді ойыншықтармен ойнау	2.3.1.1 вербалды және бейвербалды қатынас құралдарын қолданып, мұғалімнің ауызша өтініші бойынша заттарды және олардың суреттерін көрсету, атау	3.3.1.1 таныс ойыншықтарды және олармен байланысты әрекеттерді мұғалімнің қысқаша ауызша және ым-ишара сипаттамасы бойынша тану	4.3.1.1 педагогтің қысқаша ауызша сипаттамасы бойынша таныс заттарды, табиғат пен тұрмыс нысандарын бір немесе екі тән белгілер бойынша тану және көрсету

3.1. Тілдің дыбысталуы.	1.3.1.2 "Мен-баламын" ("Менің денем және Мен", "Менің сезімдерім мен қажеттіліктерім") тақырыптық шеңбердегі заттар мен суреттерді үш заттың ішінен нұсқаулыққа сәйкес тауып, оларды көрсету, атау	2.3.1.2 үш зат пен суреттің арасынан "Бала әлемі" тақырыбы (менің ойыншықтарым, үйім, Отбасым, мектебім және достарым) ішіндегі заттарды табу: қуыршақ, доп, аю, текшелер, барабан, машина, шелек, көрсету және атау	3.3.1.2 өмірдегі және суреттердегі негізгі эмоционалды күйлердің атауларын түсіну және ажырату: күлу, жылау, қуану, мұңаю	4.3.1.2 тыңдалған мәтіннің жалпы нақты мазмұнын затпен, суретпен, пиктограмманың мазмұнымен сәйкестендіріп, түсіну және тану
	1.3.2.1 өзінің тыныс алу, дауыс шығару және артикуляция мүшелерін табу және көрсету, дауыс перделерінің дірілін сезіну	2.3.2.1 айна алдында ерін мен тілге арналған жаттығуларды орындау: күлу-түтікше, тілді көрсету-тілді жасыру (үлгі бойынша) еліктеу бойынша.	3.3.2.1 "Бақа" қимылдарын сөздік нұсқау бойынша - тілін шығарып, көзін бақырайтып, "Қоян" - қорқақтығын көрсету, орнында секіру, "Кеме" - тілді жоғарғы және төменгі тістер арасына қысып тұрып уілдеу	4.3.2.1 дыбыстарды айту кезінде олардың дыбыссыз артикуляциясын қабылдау негізінде және еріннің орнын бейнелейтін суреттерге, заттық сурет-таңбаларға сүйене отырып, [произношение заданного звука (а, ә, о, ө, у, и)] дыбыстарын ажырату, ырғақты және анық айту.
	1.3.2.2 бірлескен іс-қимыл деңгейінде тыныс алу-дауыстық және артикуляциялық жаттығуларды орындау	2.3.2.2 аузы ашылатын, тілі қимылдайтын, Бибабо қуыршағының (логопед қимылдатып тұрған) қимылдарын "оқу", аузын ашып, тілін қозғалтып, қимылдарды қайталау	3.3.2.2 (а, ә, о, ө, у, и)] дыбыстарын оңаша күйде дұрыс айту (қыз ән айтады: а-а, қасқыр айқайлайды: оо-оо-оо); дыбысқа еліктеу материалы негізінде ерте және орта онтогенездегі дауыссыз дыбыстардың артикуляциясын жасау	4.3.2.2 қысқа және үнсіз тыныс алу (иығын көтермей), тыныш және біркелкі дем шығару (ұртқа үрлемей)
	1.3.2.3 [а, ә, у, и, о, ө] дыбыстарын жеке дұрыс айту {қыз ән айтады: а-а-а, Қасқыр ұлиды:	2.3.2.3 а, ә, у, о, ө, м, н, х дыбыстарымен дауыссыздан дауыстыға, бір буыннан екіншісіне біртіндеп ауысып, сөздің буындық құрылымын сақтап, буындарды еліктеу арқылы және	3.3.2.3 дыбыстарды анық айту: а, ә, у, о, ө, м, н дыбыстарын анық айту, буын мен сөздегі кез-келген орында	4.3.2.3 сөздің буындық құрылымын бір буыннан екінші буынға, бір дауыссыздан екінші

	у-у-у); дыбысқа еліктеу, тақпақтар материалында	логопедпен бірге ДДс, ДДс, Дс+Дс моделдерін қайталап және еліктеп (ат, от, ма, та, ах, өт, мама, на) айту	Д-Дс (ат, ата, та-та-та), ДсД+ДсД+ДсД	буынға біртіндеп модел бойынша қайталау: ДсД+ДДс
3.2. Айтылым.	1.3.2.4 ерте және орта онтогенез дауыссыздарын тік буындарды айту: қа-қа-қа, та-та-та	2.3.2.4 атау септігінде меңгерген зат есімдерден, есімдіктерден модел бойынша сұрақ-жауаптар құру (Бұл не?) және жауап беру (Міне қуыршақ.)	3.3.2.4 қойылған дыбыстарды буындарда, сөздерде анық айту (жеке көрсеткіштері бойынша), педагогпен бірге қысқа тақпақтарды айту	4.3.2.4 екі-үш бөліктен құралған буындар тізбегін ырғақты, екпінді ауыстыра отырып, қайталау
	1.3.2.5 дауысты, тірек дауыссыз дыбыстардың орнын ауыстырып, буындар серияларын құрып, айту (қойылған дыбыстардың бәрін дұрыс айту)	2.3.2.5 заттық сурет-белгілерге сүйеніп, [а, ә, у, о, ө] дауысты дыбыстарды артикуляциясын көрсетіп, дауыссыз айтуда ажырату (еріндердің қалпы салынған сурет бойынша)	3.3.2.5 екі сөзден құралған сөйлемдерді хабарлама түрінде құрып, педагогтің эмоционалды ынталандыруы негізінде өз атынан айту ("Мен..", "Біз..."), екінші жақта ("Сен...", "Сендер..."), үшінші жақта ("Ол...", "Олар..."), графикалық сызбаларды қолданып	4.3.2.5 жеке гигиена, гигиеналық құралдар туралы екі-төрт жол тақпақтарын айту (вербалды және бейвербалды құралдарды қолдану арқылы)
	1.3.2.6 ынталандыруға жауап беру, ересектерді атымен және әкесінің атымен (есімдерімен) атау, фразаны қарым-қатынастың бейвербалды құралдарымен толықтыру (мимика, қимыл)	2.3.2.6 дыбыстап сөйлеуді тыңдау, тыныш және қатты, баяу және жылдам сөйлеуді ажырату	3.3.2.6 мазмұны мен суреттер сериясын алдын-ала талқылауға негізделген шағын мәтіндерді айтып беру (оқушылардың жеке мүмкіндіктеріне сүйене отырып)	4.3.2.6 логопедпен бірге сурет жоспарын, пиктограммалар мен сөйлеу тілін қолданып, ойыншықтар, сүйікті заттар, қызықты жағдайлар туралы қысқаша сипаттама әңгімелер құру
	1.3.2.7 тілек, өтініш білдіру кезінде сөйлеу этикетінің қарапайым формаларын қолданып, сенсорлық	2.3.2.7 үлгі бойынша фразаны үлгі бойынша	3.3.2.7 ілік септігіндегі зат есім + "Жоқ"… моделін қолдану арқылы екі сөзден құралған сөйлем құру (	4.3.2.7 есімдіктерді қолдана отырып,

	планшетті қолданып сұрақтарды тыңдау және түсіну	толықтыру, жетілдіру: зат есім+ етістік	Аюдың төлі ме? Жоқ. Аюдың төлі емес.)	экскурсия іздері бойынша диалогты бастап, жүргізу

4) "Оқылым және жазылым" бөлімі:

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары			
	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
4.1. Балама оқу.	1.4.1.1 "ойыншықтар", "қуыршақ", "доп", "машина" пиктограммаларын тану және ажырату	2.4.1.1 "мама", "папа", "бала", "ата", "әже" пиктограммаларын тану және пайдалану	3.4.1.1 "ағаш", "шырша", "гүл" пиктограммаларын тану және пайдалану	4.4.1.1 "Мектеп пәндері" сериясындағы пиктограммалармен жұмыс істеу: "дәптер", "қарындаш", "бояулар", "санау", "жазу", "сурет салу"
	1.4.1.2 көлденең, тік, қиғаш сызықтармен сопақшаларды салыстыру, ажырату және сызу	2.4.1.2 "аға", "апай", "ит", "ат", "мысық", "қар" "жаңбыр" "ауыз", "аяқ", "жылау", "тамақтану" пиктограммаларын фотосуреттермен сәйкестендіру	3.4.1.2 А-ны тану (контур бойымен кесілген әріп - биіктігі 10 және 5 см)	4.4.1.2 сөздегі "А", "Ә", "Ө", "У", "М", "Н" дыбыстарының орнын анықтау (сөздің басында немесе соңында)
	1.4.1.3 антропоморфты ойыншықтармен және суреттермен визуалды және аудио жаттығулар жасау: "Қоян мен аюды мұқият қарап, тыңдап, көрсет..."	2.4.1.3 нысандардың егжей-тегжейін көрсету үшін (қоянның құлағы) - немесе олардың суреті бар суретті таңдау	3.4.1.3 "Жануарлар" сериясынан пиктограммаларды тану және оларды суреттермен және көлемді моделдермен сәйкестендіру	4.4.1.3 элементтерден құрастыру, қайта құру, "А", "У", "Ә", "Ө", "Т" әріптерін оқу
	1.4.1.4 өлеңнің әр жолына екі суреттің бірін таңдау	2.4.1.4 Етістік бойынша нұсқауларын түсіну "Дұрыстап қара ... тында және көрсет" және "Атап шық, алмен көрсетемін" орындау	3.4.1.4 басқалардың ішінен екі бірдей пиктограмманы таңдау (мысалы, "қуыршақ" — "аю" — "машина" — "қуыршақ" және т.б.) .	4.4.1.4 "Медициналық кабинет", "Жаяу жүргіншілер өткелі", "Жаяу жүргіншілер қозғалысына тыйым салынады" деген ақпараттық, ескерту және тыйым салу белгілерін таңдау, бағдаршам сигналдарын "оқу"
	1.4.2.1 жазу үшін заттарды қарастыру және көзін тоқтату, оларды барлық жағынан қарау үшін	2.4.2.1 үлкен щеткамен, губкамен, қолмен түрлі-түсті дақтар жасау және оларды нақты заттармен (күн,	3.4.2.1 қарапайым, түрлі-түсті қарындаштармен, шарикті қаламмен сызу және бояу,	4.4.2.1 қылқаламның ұшымен бояу және жанасу әдістерімен бояулармен сурет салу, үлгі бойынша

	қолына ұстап жылжыту (мұғаліммен бірге)	бұлт) байланыстыру , оларды мұғалімнің көмегімен атау	қағаз парағын бояумен бояу (үлкен щеткамен)	жолақшада нүктелермен өрнектер салу
	1.4.2.3 заттық бейнелермен балалардың бейнелерін қуыршақтың, доптың, аюдың, текшелердің, барабанның, машинаның, шелектің бейнелерімен сәйкестендіру	2.4.2.3 альбом бетінде маркермен, қарындаштармен дөңгелектелген заттарды салу және оларды мұғалімнің көмегімен бояу (доп , бағдаршам).	3.4.2.3 қылқаламның ұшын пайдаланып бояулармен бояу (" Үйде шамдар жанды", "Ағаштар бүршік атты", " Жапырақтар гүлдеді ")	4.4.2.3 нүктелер мен үзілмелі нүктелер бойынша тік және көлденең түзу және қисық сызықтарды " жазу"
	1.4.2.4 "Көліктің жолы", "Суда қаз жүзеді", "Тамшылар " сызықтарын ажырату	2.4.2.4 бормен тақтаға, дымқыл саусақпен түрлі-түсті қағазда дөңгелек пішіндермен сызықтарды ауызша нұсқау бойынша ырғақты түрде сурет салу	3.4.2.4 жолақшада нүктелерден оюларды сызу	4.4.2.4 текше, шеңберде, жолақтағы элементтердің үлгілерін құру
4.2. Графика және жазылым.	1.4.2.5 жарқын дақтарға, бояуларға, штрихтарға, соққыларға эмоционалды түрде жауап беру, нақты заттармен, оқушылармен байланыстыру	2.4.2.5 ішкі трафареттерге, металл пішіндерге қара қарындашпен айналдыра сызу (М. Монтессори материалдары)	3.4.2.5 дайын элементтерден АТАТ, ААТТААТТ сызбасы бойынша оюларды текшеде, жолақшада жазу	4.4.2.5 элементтерді АТАТ,ААТТААТТ сызбасы бойынша жазу ("Анамның моншақтары" АТАТ , ААТТААТТ, ААТААТ, тізбектегі элементтерді ауыстыру
	1.4.2.6 қарындашты жұдырықпен қысып , қағазды бос қолмен ұстап, щетканы немесе қарындашты дұрыс ұстау	2.4.2.6 нүктені тану, "жазу": әр түрлі контейнерлерге (науаға, ыдысқа) салынған жармаға (құмға) саусақпен, маркер, фломастермен қағаз парағында музыкалық аспаптардың ырғақты соққыларына немесе мұғалімнің шапалақтарына сәйкес "жазу"	3.4.2.6 жолақта және шеңберде мұғалімнің іс-әрекетіне еліктеп және үлгі бойынша өрнек салу (орманда-үлкен және кішкентай шыршалар; көшеде-биік және төмен үйлер	4.4.2.6 үлкен қағаз парақтарында маркермен, щеткалармен, қарындаштармен түзу және қисық сызықтарды салу
			3.4.2.7 мұғалімнің көмегімен және өз	4.4.2.7 А, Ә, О, Ө, Т, М, Н, (биіктігі 10 см) трафарет бойынша

			бетінше сызғыш бойынша парақты сызып шығу	өз бетінше немесе мұғалімнің көмегімен "жазу"

39. Бағдарлама зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 1-4 сыныптары үшін "Белсенді қозғалуға бағытталған жеке және топтық сабақтар" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақмерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

40. Оқу мақсаттарын сыныптар мен тоқсандар бойынша бөлу ұсыныс түрінде берілген. Мұғалім әр оқушының мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу мақсаттарын жеке анықтайды.

Параграф 3. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 1-4 сыныптары үшін "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспары

1) 1 сынып

Өтпелі ортақ тақырыптар	Бөлімшелер / Оқу мақсаты			
	Сөйлеу тілінің психомоторлық негізі	Қатынас	Тілдің дыбысталуы	Оқылым және жазылым
	1 тоқсан			
1-2 апта: оқушыларды бақылау және тексеру; 3-ші апта "Мен, менің денем"; 4-ші апта "Жемістер, жидектер"; 5 –ші апта "Көкөністер"; 6-ші апта "Менің ойыншықтарым"; 7 –ші апта "Менің отбасым"; 8-ші апта "Менің үйім" 9-ші апта "Менің мектебім"	1.1.1.1 жақында қозғалып келе жатқан затты көзімен бақылау (жазықтықта, тігінен, дөңгелек бойына, алға/артқа) 1 минут ішінде	1.1.2.1 педагогпен бірлесіп, статикалық және динамикалық тепе тендікке арналған саусақ жаттығуларын орындау	1.3.1.1 ойындарға арналған заттарды қолдану мүмкіндіктерін ұсыну: қуыршақтармен, диванда, орындықтарда, үстелде жұмсақ пішінді ойыншықтармен ойнау	1.4.1.1 "ойыншықтар", "қуыршақ", "доп", "машина" пиктограммаларын тану және ажырату
	1.1.2.1 педагогпен бірлесіп, статикалық және динамикалық тепе тендікке арналған саусақ жаттығуларын орындау	1.2.2.2 аты мен фамилиясына аудио және сөйлеу реакцияларын білдіру		1.4.2.1 жазу үшін заттарды қарастыру және көзін тоқтату, оларды барлық жағынан қарау үшін қолына ұстап жылжыту (мұғаліммен бірге)
2 тоқсан				
		1.2.1.2 ым-ишара, патомимикамен көрсету: "Мен: көремін, естимін, тыныс аламын, иіскеймін, айтамын,	1.3.1.2 "Мен-баламын" ("Менің денем және Мен", "Менің сезімдерім мен	

1 –ші апта "Менің киімім"; 2 –ші апта "Менің аяқ киімім"; 3-ші апта "Азық түлік"; 4 –ші апта "Ыдыстар"; 5 –ші апта "Жиһаз"; 6-шы апта "Шырша мерекесі"; 7 –ші апта "Шырша мерекесі"	1.1.1.2 адамның бетіне, фотосуретке 30 секундқа қарау	тамақтанамын", "Қолдарым – мен бәрін жасай аламын", "Аяқтар — мен жүремін", "Мен көңілдімін, күлемін, жылаймын", "Мен ойнаймын, менің ойыншықтарым"	қажеттіліктерім") тақырыптық шеңбердегі заттар мен суреттерді үш заттың ішінен нұсқаулыққа сәйкес тауып, оларды көрсету, атау	1.4.1.2 көлденең, тік, қиғаш сызықтар мен сопақшаларды салыстыру, ажырату және сызу
	1.1.2.2 педагогпен бірге, еліктеу бойынша жұдырықтарды жұму, ашу	1.2.2.3 қоршағандармен әртүрлі жағдайларда тұрмыста, мерекелерде қарапайым сөз арқылы қатынасқа дайындығын көрсету	1.3.2.1 өзінің тыныс алу, дауыс шығару және артикуляция мүшелерін табу және көрсету, дауыс перделерінің дірілін сезіну	1.4.2.3 заттық бейнелермен балалардың бейнелерін қуыршақтың, доптың, аюдың, текшелердің, барабанның, машинаның, шелектің бейнелерімен сәйкестендіру
	1.1.2.3 кабинет кеңістігінде бағдарлау,алдыға, артқа бағыттарын көрсету			
	3 тоқсан			
1-ші апта "Қыс қызығы"; 2 –ші апта "Қыстық киім және аяқ киім"; 3-ші апта "Үй жануарлары"; 4-апта "Жабайы аңдар" 5 –ші апта "Үй құстары"; 6-шы апта "Жабайы құстар"; 7-ші апта "Көлік"; 8-ші апта "М Анамының мерекесі"; "Наурыз мерекесі"	1.1.1.3 суреттерден ойыншықтарды табу (түрлі-түсті сурет-иллюстрация, оқушының көзінше ересек адам салған сурет, екі-төрт бөліктен тұратын сурет)	1.2.1.3 музыка тыңдау кезінде эмоциялардың ым-мшара қимылдарын "оқу"	1.3.2.1 өзінің тыныс алу, дауыс шығару және артикуляция мүшелерін табу және көрсету, дауыс перделерінің дірілін сезіну	1.4.1.3 антропоморфты ойыншықтармен және суреттермен визуалды және аудио жаттығулар жасау
	1.1.1.4 таныс ойыншықты жеке бөлшектері, оған тән дыбыстары бойынша (дыбыстық ойыншықтар), сипап сезу арқылытану	1.2.2.4 мультимедия құралдары көмегімен жазылған сөздерді (тақпақтар, ертегілер) қызығуын көрсетіп тыңдауын	1.3.2.3 [а, ә, у, и, о, ө] дыбыстарын жеке дұрыс айту {қыз ән айтады: а-а-а, Қасқыр ұлиды: у-у-у); дыбысқа еліктеу, тақпақтар материалында	1.4.2.4 "Көліктің жолы", "Суда қаз жүзеді", "Тамшылар" сызықтарын ажырату
	1.1.2.4 педагог берген бағыт және қолдан ұстау бойынша сенсорлы жолдармен қозғалу		1.3.2.5 дауысты, тірек дауыссыз дыбыстардың орнын ауыстырып, буындар серияларын құрып, айту (қойылған	1.4.2.5 жарқын дақтарға, бояуларға, штрихтарға, соққыларға эмоционалды түрде жауап беру, нақты заттармен,

			дыбыстардың бәрін дұрыс айту)	оқушылармен байланыстыру
	4 тоқсан			
1-ші апта "Ағаштар"; 2-ші апта "Гүлдер"; 3-ші апта "Жәндіктер"; 4-ші "Көктем киімдері"; 5 –ші апта "Балықтар"; 6-ші апта "Жемістер"; 7-ші апта "Көкөністер"; 8-ші апта "Жидектер"; 9-ші апта "Жаздық киімдер"; "Балалардың жаздық ойындары"	1.1.1.5 құлақ (иық, бел) тұсында тұрған дыбыстың қозғалмайтынкөзін табу	1.2.2.1 бір әрекеттік нұсқауды түсіну (Ал! Отыр! Бер!)	1.3.2.4 ерте және орта онтогенез дауыссыздарын тік буындарды айту: қа-қа-қа, та-та-та	1.4.1.4 өлеңнің әр жолына екі суреттің бірін таңдау
	1.1.2.5 берілген бағытта ойыншықпен (сылдырмақ, таяқшасы бар лента) , сенсорлы және ойын жолдарымен жүру		1.3.2.6 ынталандыруға жауап беру, ересектерді атымен және әкесінің атымен (есімдерімен) атау, фразаны қарым-қатынастың бейвербалды құралдарымен толықтыру (мимика, қимыл)	1.4.2.6 қарындашты жұдырықпен қысып , қағазды бос қолмен ұстап, щетканы немесе қарындашты дұрыс ұстау
			1.3.2.7 тілек, өтініш білдіру кезінде сөйлеу этикетінің қарапайым формаларын қолданып, сенсорлық планшетті қолданып сұрақтарды тыңдау және түсіну	
Төртінші тоқсанның соңғы екі аптасы: Білім алушылардың сөйлеу құралдарының жағдайын логопедиялық тексеруден өткізу.				
2) 2сынып				
Өтпелі ортақ тақырыптар	Бөлімшелер / Оқыту мақсаты			
	Сөйлеу тілінің психомоторлық негізі	Қатынас	Тілдің дыбысталуы	Оқылым және жазылым
	1 тоқсан			
1-2 –ші апта оқушыларды бақылау және тексеру; 3 –ші апта "Менің отбасым"; 4-ші апта "Мен, менің денем" "Мен ұлмын, мен қызбын";	2.1.1.1 1 минут бойы баланың алдында (баланың оң жағында, сол жағында) жоғары, төмен және көз деңгейінде орналасқан қозғалмайтын затқа көзді тоқтату	2.2.1.1 негізгі эмоцияларды білдіретін эәне олардың негізгі белгілерін бейнелейтін суреттермен ойнау (көздің қимылдарын сәйкес ерін мен қастың қимылдарымен сәйкестендіру)	2.3.1.1 вербалды және бейвербалды қатынас құралдарын қолданып, мұғалімнің ауызша өтініші бойынша заттарды және олардың суреттерін көрсету, атау	2.4.1.1 "мама", "папа", "бала", "ата", "әже" пиктограммаларын тану және пайдалану

5-ші апта " Көкөністер" 6-шы апта "Жемістер, жидектер"; 7-ші апта "Менің ойыншықтарым"; 8-ші апта "Менің үйім" 9-ші апта " Менің мектебім"	2.1.2.1 педагогпен бірлесіп, өзінің қол саусақтарына массаж жасау (үлгі бойынша 3 тәсілден тұратын массаж)	2.2.2.2 өзін атау және арнайы жасалған жағдайда, атын естігенде жауап беру	2.3.2.1 айна алдында ерін мен тілге арналған жаттығуларды орындау: күлу-түтікше, тілді көрсету-тілді жасыру (үлгі бойынша) еліктеу бойынша.	2.4.2.1 үлкен щеткамен, губкамен , қолмен түрлі-түсті дақтар жасау және оларды нақты заттармен (күн, бұлт) байланыстыру , оларды мұғалімнің көмегімен атау
	2 тоқсан			
1 –ші апта "Менің киімім"; 2 –ші апта "Менің аяқ киімім"; 3-ші апта "Азық түлік"; 4 –ші апта " Ыдыстар"; 5 –ші апта "Жиһаз"; 6-ші апта "Шырша мерекесі"; 7 –ші апта "Шырша мерекесі"	2.1.1.2 мұғаліммен бірге дене бөліктерін фотосуретте және өзіңізде көрсету	2.2.1.2 сөйлеу тілінің анықтылығын есту, сұрулы ояту интонациясына сәйкес мимикалық реакцияларды түсіну	2.3.1.2 үш зат пен суреттің арасынан " Бала әлемі" тақырыбы (менің ойыншықтарым, үйім, Отбасым, мектебім және достарым) ішіндегі заттарды табу: қуыршақ, доп, аю, текшелер, барабан, машина, шелек, көрсету және атау	2.4.1.2 "аға", "апай", "ит", "ат", "мысық", "қар" "жаңбыр" " ауыз", "аяқ", " жылау", "тамақтану " пиктограммаларын фотосуреттермен сәйкестендіру
	2.1.2.2 жұдырықтарды ырғақты түрде жұму, ашу, заттарды әртүрлі ұстау әрекетін жасай отырып, ұсақ заттарды сұрыптау	2.2.2.3 сөз арқылы рөлдік ойындарға екі сөзден құралған сөйлемдерді қолданып, жұптасып қатысу	2.3.2.2 аузы ашылатын, тілі қимылдайтын, Бибабо қуыршағының (логопед қимылдатып тұрған) қимылдарын "оқу" , аузын ашып, тілін қозғалтып, қимылдарды қайталау	2.4.2.3 альбом бетінде маркермен, қарындаштармен дөңгелектелген заттарды салу және оларды мұғалімнің көмегімен бояу (доп , бағдаршам).
	2.1.2.4 педагогтің әрекеттеріне еліктеу және үлгі бойынша қимылдың бағытын көрсету			
	3 тоқсан			
1-ші апта "Қыс қызығы"	2.1.1.3 дене бөліктері бейнеленген пиктограммаларды іріктеп, дене бөліктерін өзінде, қуыршақта көрсету, суретте,	2.2.1.3 педагог бетінің қимылдарына еліктеу (айна алдында немесе онсыз) және оның қимылдарын еліктеу (аяйды,	2.3.2.3 а, ә, у, о, ө, м, н, х дыбыстарымен дауыссыздан дауыстыға, бір буыннан екіншісіне біртіндеп ауысып, сөздің буындық құрылымын сақтап, буындарды еліктеу арқылы және	2.4.1.3 нысандардың егжей-тегжейін көрсету үшін (қоянның құлағы) - немесе олардың

2-ші апта "Қыстық киім және аяқ киім" 3-ші апта "Үй жануарлары" 4-ші апта "Үй құстары" 5-ші апта "Жабайы аңдар" 6-ші апта "Жабайы құстар" 7-ші апта "Көлік" 8-ші апта "Анамның мейрамы" 9 апта "Наурыз мерекесі"	пиктограммада бөліктерді атауға тырысу	құшақтайды, басынан сипайды; қуанады-қол шапалақтайды)	логопедпен бірге ДДс, ДДс, Дс+Дс моделдерін қайталап және еліктеп (ат, от, ма, та, ах, өт, мама, на) айту	суреті бар суретті таңдау
	2.1.1.4 көлемі, құрылымы жағынан ұқсас таныс заттарды сипап сезу арқылы тану, дыбыспен, ым-ишарамен, қозғалыспен тану, көрсету	2.2.2.4 отбасы мүшелерінің бір біріне сүйіспеншілікпен қарап, қатынасын білдіретін рөлдік ойындарды ым-ишара, сөздер арқылы білдіріп, ойнау	2.3.2.4 атау септігінде меңгерген зат есімдерден, есімдіктерден модел бойынша сұрақ-жауаптар құру (Бұл не?) және жауап беру (Міне қуыршақ.)	
	2.1.2.3 кеңістігінде бағдарлау,алдыға, жоғары төмен, алдыға артқа бағыттарын көрсету вперед, назад			2.4.2.5 ішкі трафареттерге, металл пішіндерге қара қарындашпен айналдыра сызу (М. Монтессори материалдары)
	4 тоқсан			
1-ші апта "Ағаштар"; 2-ші апта "Гүлдер"; 3-ші апта "Жәндіктер"; 4-ші "Көктем киімдері"; 5 –ші апта "Балықтар"; 6-ші апта "Жемістер"; 7-ші апта "Көкөністер"; 8-ші апта "Жидектер"; 9-ші апта "Жаздық киімдер"; "Балалардың жаздық ойындары"	2.1.1.5 табиғат дыбыстарын (жаңбыр, құстар мен аңдардың дауысы) және музыкалық аспаптардың дыбысын (ысқырық, барабан, ысқырық) тану	2.2.2.1 айтылған бір әрекеттік кеңістікке қатысты сөздермен нұсқауды түсіну және орындау	2.3.2.5 заттық сурет-белгілерге сүйеніп, [а, ә, у, о, ө] дауысты дыбыстарды артикуляциясын көрсетіп, дауыссыз айтуда ажырату (еріндердің қалпы салынған сурет бойынша)	2.4.1.4 Етістік бойынша нұсқауларын түсіну "Дұрыстап қара ... тында және көрсет" және "Атап шық, ал мен көрсетемін" орындау
	2.1.2.5 аудио-қимыл жаттығуларды орындау "Тында және биле..." (тақпақтың мәтініне сәйкес)		2.3.2.6 дыбыстап сөйлеуді тыңдау, тыныш және қатты, баяу және жылдам сөйлеуді ажырату	2.4.2.6 нүктені тану, "жазу": әр түрлі контейнерлерге (науаға, ыдысқа) салынған жармаға (құмға) саусақпен, маркер, фломастермен қағаз парағында музыкалық аспаптардың ырғақты соққыларына немесе мұғалімнің шапалақтарына сәйкес "жазу"

			2.3.2.7 үлгі бойынша фразаны үлгі бойынша толықтыру, жетілдіру: зат есім+ етістік	
Төртінші тоқсанның соңғы екі аптасы: Білім алушылардың сөйлеу құралдарының жағдайын логопедиялық тексеруден өткізу.				
3) 3 сынып				
Өтпелі ортақ тақырыптар	Бөлімшелер / Оқыту мақсаты			
	Сөйлеу тілінің психомоторлық негізі	Қатынас	Тілдің дыбысталуы	Оқылым және жазылым
	1 тоқсан			
1-2 апта: оқушыларды бақылау және тексеру; 3-ші апта "Мен, менің отбасым"; 4-ші апта "Мен және менің денем. Мен ұлмын, мен қызбын", "Жемістер, жидектер"; 5 –ші апта "Көкөністер"; 6-шы апта "Жемістер мен жидектер"; 7 –ші апта "Мен жақсы көретін ойындар"; 8-ші апта "Менің үйім" 9-шы апта "Менің мектебім"	3.1.1.1 белгілі бір түсті, бейнені және толық емес, шатасқан суреттегі таныс заттарды 10-15 секундта тану	3.2.1.1 айна алдында бет әлпеті бойынша тану эмоционалды жағдайларды атай білу: күледі, жылайды, мимикалық қимылдарды адекватты пантомимикамен толықтыру	3.3.1.1 таныс ойыншықтарды және олармен байланысты әрекеттерді мұғалімнің қысқаша ауызша және ым-ишара сипаттамасы бойынша тану	3.4.1.1 "ағаш", "шырша", "гүл" пиктограммаларын тану және пайдалану
	3.1.2.1 оң және сол қолдарының саусақтарын кезекпен, ырғақпен жақындатып, қосып, айқастыруды қайталау	3.2.2.2 жеке гигиена заттарын және ойын-драматизацияға арналған заттарды тақпақ сөздеріне қарай іріктеу	3.3.2.1 "Бақа" қимылдарын сөздік нұсқау бойынша - тілін шығарып, көзін бақырайтып, "Қоян" - қорқақтығын көрсету, орнында секіру, "Кеме" - тілді жоғарғы және төменгі тістер арасына қысып тұрып уілдеу	3.4.2.1 қарапайым, түрлі-түсті қарындаштармен, шарикті қаламмен сызу және бояу, қағаз парағын бояумен бояу (үлкен щеткамен)
				3.4.2.3 қылқаламның ұшын пайдаланып бояулармен бояу ("Үйде шамдар жанды", "Ағаштар бүршік атты", "Жапырақтар гүлдеді")
	2 тоқсан			
		3.2.1.2 өзін айнадан көру, өзін, өзінің	3.3.1.2 өмірдегі және суреттердегі	

1 –ші апта "Менің киімім"; 2 –ші апта "Менің аяқ киімім"; 3-ші апта "Азық түлік"; 4 –ші апта " Ыдыстар"; 5 –ші апта "Жиһаз"; 6-ші апта "Шырша мерекесі"; 7 –ші апта "Шырша мерекесі"	3.1.1.2 қозғалатын қашықтағы нысанды көзбен қадағалау	бейнесін айнадан көрсету, суланған қылқалам, саусақпен өзінің айнадағы бейнесін сызу	негізгі эмоционалды күйлердің атауларын түсіну және ажырату: күлу, жылау, қуану, мұңаю	3.4.1.2 А-ны тану (контур бойымен кесілген әріп - биіктігі 10 және 5 см)
	3.1.2.2 жылы су құйылған ыдысқа қолын салып, жылыту, түгі бар орамалмен сүртіп, құрғату			
			3.3.2.2 (а, ә, о, ө, у, и)] дыбыстарын оңаша күйде дұрыс айту (қыз ән айтады : а-а, қасқыр айқайлайды: оо-оо-оо); дыбысқа еліктеу материалы негізінде ерте және орта онтогенездегі дауыссыз дыбыстардың артикуляциясын жасау	3.4.2.4 жолақшада нүктелерден оюларды сызу
				3.4.2.5 дайын элементтерден АТАТ, ААТТААТТ сызбасы бойынша оюларды текшеде, жолақшада жазу
	3 тоқсан			
1-ші апта "Қыс қызығы" 2-ші апта " Қыстық киім және аяқ киім" 3-ші апта "Үй жануарлары" 4-ші апта "Үй құстары " 5-ші апта "Жабайы аңдар" 6-ші апта "Жабайы құстар"	3.1.1.3 нысандардың түстері (қызыл, көк, сары, жасыл, қара, қоңыр) түсі бойынша тану (ажырату) заттар мен суреттерді, қарындашты таңдау	3.2.1.3 педагог ұсынған бейнеге сәйкес берілген үш ойыншықтан біреуін тандайды	3.3.2.3 дыбыстарды анық айту: а, ә, у, о, ө, м, н дыбыстарын анық айту, буын мен сөздегі кез-келген орында Д-Дс (ат, ата, та-та-та), ДсД+ДсД +ДсД	3.4.1.3 "Жануарлар" сериясынан пиктограммаларды тану және оларды суреттермен және көлемді моделдермен сәйкестендіру
	3.1.1.4 ағаш, металл, пластмасса, желіммен, әртүрлі температурадағы сумен жанасудаәр	3.2.2.3 рөлдік ойында өзін атап, қарапайым рөлдік диалог орнату (" Отбасы", " Автобуста", " Дәрігер", "Көше"	3.3.2.4 қойылған дыбыстарды буындарда, сөздерде анық айту (жеке көрсеткіштері бойынша),	3.4.2.6 жолақта және шеңберде мұғалімнің іс-әрекетіне еліктеп және үлгі бойынша өрнек салу (орманда-үлкен және кішкентай

7-ші апта "Көлік" 8-ші апта "Анамның мейрамы"	түрлі реакция білдіру, температурадағы су		педагогпен бірге қысқа тақпақтарды айту	шыршалар; көшеде-биік және төмен үйлер
9 ші апта "Наурыз мерекесі"	3.1.2.3 имитация-ойындарын ойнау: қуыршақ, жануарлардың қимылдарын келтіру			
	4 тоқсан			
1-ші апта "Ағаштар"; 2-ші апта "Гүлдер"; 3-ші апта "Жәндіктер"; 4-ші "Көктем киімдері"; 5 –ші апта "Балықтар"; 6-ші апта "Жемістер"; 7-ші апта "Көкөністер"; 8-ші апта "Жидектер"; 9-ші апта "Жаздық киімдер"; "Балалардың жаздық ойындары"	3.1.1.5 дыбыстың қозғалмайтын алыста тұрған көзін нысанмен сәйкестендіріп, табу және дыбысталуы бірдейлерді табу	3.2.2.1 жеке гигиена, оған қажетті заттар туралы тақпақтарды қатынастың вербалды және бейвербалды құралдарды қолдану арқылы айту	3.3.2.5 екі сөзден құралған сөйлемдерді хабарлама түрінде құрып, педагогтің эмоционалды ынталандыруы негізінде өз атынан айту ("Мен..", "Біз..."), екінші жақта ("Сен...", "Сендер..."), үшінші жақта ("Ол...", "Олар..."), графикалық сызбаларды қолданып	3.4.1.4 басқалардың ішінен екі бірдей пиктограмманы таңдау (мысалы, "қуыршақ" — "ау" — "машина" — "қуыршақ" және т.б.).
	3.1.2.4 беттің/бастың бөліктерін көрсету және нұсқау бойынша атау: көздер, мұрын, ауыз, құлақтар, шаш	3.2.2.4 киімдер үлгілерін қолданып, сюжеті бірнеше әрекеттен тұратын ойындарды топпен 2-3адам болып ойнау: "Мен жүргізушімін", "Мен-дәрігермін", "Мен аспазбын"	3.3.2.6 мазмұны мен суреттер сериясын алдын-ала талқылауға негізделген шағын мәтіндерді айтып беру (оқушылардың жеке мүмкіндіктеріне сүйене отырып)	3.4.2.7 мұғалімнің көмегімен және өз бетінше сызғыш бойынша парақты сызып шығу
	3.1.2.5 жолдармен, кілемшемен жүру "Топ-топ", барабанның соққысына сәйкес "топ-топ" деп аяқпен топылдатып жүру		3.3.2.7 Ілік септігіндегі зат есім + "Жоқ"…моделін қолдану арқылы екі сөзден құралған сөйлем құру (Аюдың төлі ме? Жоқ. Аюдың төлі емес.)	
Төртінші тоқсанның соңғы екі аптасы: Білім алушылардың сөйлеу құралдарының жағдайын логопедиялық тексеруден өткізу.				
4 сынып				
Бөлімшелер/Оқыту мақсаттары				

Өтпелі ортақ тақырып	Сөйлеу тілінің психомоторлық негізі	Қатынас	Тілдің дыбысталуы	Оқылым және жазылым
	1 тоқсан			
1-2 апта: оқушыларды бақылау және тексеру; 3-ші апта "Мен және менің отбасым"; 4-ші апта "Менің денем. Мен ұлмын.Мен қызбын" 5 –ші апта "Көкөністер"; 6-ші апта "Жемістер, жидектер"; 7 –ші апта "Мен жақсы көретін ойындарым"; 8-ші апта "Менің үйім" 9 -ші апта "Менің мектебім"	4.1.1.1 заттық суреттердегі, сюжеттік суреттердегі, Равен матрицасындағы, қарапайым пазл-композициялардағы бөлшек пен бүтінді сәйкестендіру	4.2.1.1 досы, педагогі, өзіндегі киімдерді, заттарды қарап, көрсету атау-айнаға қарап, суреттен, пиктограмма, фото, видео бойынша	4.3.1.1 педагогтің қысқаша ауызша сипаттамасы бойынша таныс заттарды, табиғат пен тұрмыс нысандарын бір немесе екі тән белгілер бойынша тану және көрсету	4.4.1.1 "Мектеп пәндері" сериясындағы пиктограммалармен жұмыс істеу: "дәптер", "қарындаш", "бояулар", "санау", "жазу", "сурет салу"
	4.1.2.1 үлгі бойынша, үш массаж тәсілін қолданып, массаж құралымен, өзінің қол саусақтарына массаж жасау	4.2.2.2 педагогтің көмегімен үйдегі тұрмыс, табиғат, көшедегі ("Дәрігерде", "Көшеден жүргінші жолымен өтеміз") қарапайым сюжеттерді моделдеу		4.4.2.1 қылқаламның ұшымен бояу және жанасу әдістерімен бояулармен сурет салу, үлгі бойынша жолақшада нүктелермен өрнектер салу
	2 тоқсан			
1 –ші апта "Менің киімім"; 2 –ші апта "Менің аяқ киімім"; 3-ші апта "Азық түлік"; 4 –ші апта "Ыдыстар"; 5 –ші апта "Жиһаз"; 6-ші апта "Шырша мерекесі"; 7 –ші апта "Шырша мерекесі"	4.1.1.2 сөзге қатысы жоқ дыбыстардың күшін ажырату: табиғат дыбыстары мен дауыстарына еліктепқатты және ақырын дыбыстау	4.2.1.2 айнаға қарау, өзінің сыртқы бейнесін бағалау, өз киімінің, шаш үлгісінің кемшіліктерін түзеу, бой түзеу	4.3.1.2 тыңдалған мәтіннің жалпы нақты мазмұнын затпен, суретпен, пиктограмманың мазмұнымен сәйкестендіріп, түсіну және тану	4.4.1.2 сөздегі "А", "Ә", "Т", "Ө", "У", "М", "Н" дыбыстарының орнын анықтау (сөздің басында немесе соңында)
	4.1.2.2 құрастырғыш және құру-шашу манипулировать ойыншықтарымен ойнау: педагогпен бірге немесе еліктеу бойынша	4.2.2.3 оқу әрекеттерін орындауға қатысты бір-екі сатылы нұсқауларды мұқият тындап, орындау: тындау, тақпақтар мен ертегі мәтіндері бойынша пиктограммалар мен суреттерді табу	4.3.2.4 екі-үш бөліктен құралған буындар тізбегін ырғақты, екпінді ауыстыра отырып, қайталау	4.4.2.3 нүктелер мен үзілмелі нүктелер бойынша тік және көлденең түзу және қисық сызықтарды "жазу"
	4.1.2.3 Педагог атаған бағыт бойынша қозғалу: алдыға артқа, жоғары. төмен			
	3 тоқсан			

1-ші апта "Қыс қызығы" 2-ші апта "Қыстық киім және аяқ киім" 3-ші апта "Үй жануарлары" 4-ші апта "Үй құстары " 5-ші апта "Жабайы аңдар" 6-ші апта "Жабайы құстар" 7-ші апта "Көлік" 8-ші апта "Анамның мейрамы" 9 –ші апта "Наурыз мерекесі"	4.1.1.3 стандарттарды қолдана отырып, шөпке, аспанға, күнге, суға, қарға тән түсті бөлектеу), нысанды түс, түс (жануарларды) белгісі бойынша тану	4.2.1.3 ым-ишара ойындарын ойнайды, педагогтің соңынан, фрагмент, ойыншық немесе суретті көрсету бойынша қоян, аю, түлкінің қимылдарын қайталайды	4.3.2.1 дыбыстарды айту кезінде олардың дыбыссыз артикуляциясын қабылдау негізінде және еріннің орнын бейнелейтін суреттерге, заттық сурет-таңбаларға сүйене отырып, [произношение заданного звука (а, ә , о, ө, у, и)] дыбыстарын ажырату, ырғақты және анық айту.	4.4.1.3 элементтерден құрастыру, қайта құру, "А", "Ә", "Ө", "У", "Т" әріптерін оқу
	4.1.1.4 заттарды жалпы белгісі бойынша стереогноз процесінде топтастыру: " Кедір-бұдыр (тегіс) затты көрсет, ата")		4.3.2.2 қысқа және үнсіз тыныс алу (иығын көтермей), тыныш және біркелкі дем шығару (ұртқа үрлемей)	4.4.2.3 нүктелер мен үзілмелі нүктелер бойынша тік және көлденең түзу және қисық сызықтарды " жазу"
				4.4.2.5 элементтерді АТАТ, ААТТААТТ сызбасы бойынша жазу ("Анамның моншақтары" АТАТ , ААТТААТТ, ААТААТ, тізбектегі элементтерді ауыстыру
	4 тоқсан			
1-ші апта "Ағаштар" ; 2-ші апта "Гүлдер";	4.1.1.5 бөліктің ырғақты негізін марш ырғағымен сәкестендіріп, қайталау	4.2.2.1 ойын рөлінде өзін атауы қажет рөлдік диалог құру ("Ана мен бала", " Отбасы" ойындары)	4.3.2.3 сөздің буындық құрылымын бір буыннан екінші буынға, бір дауыссыздан екінші буынға біртіндеп модел бойынша қайталау: ДсД+ДДс	4.4.1.4 " Медициналық кабинет", "Жаяу жүргіншілер өткелі" , "Жаяу жүргіншілер қозғалысына тыйым салынады" деген ақпараттық, ескерту және тыйым салу белгілерін таңдау, бағдаршам сигналдарын "оқу"
	4.1.2.4 ірі және ұсақ қимылдардан тұратын қарама қарсы әрекеттерді	4.2.2.4 репликалардың көмегімен басқалардың назарын өзіне,	4.3.2.5 жеке гигиена , гигиеналық құралдар туралы екі-төрт жол	4.4.2.4 текше, шеңберде, жолақта дайын элементтердің үлгілерін құру; 4.4.2.6 үлкен қағаз

3-ші апта "Жәндіктер"; 4-ші "Көктем киімдері"; 5 –ші апта "Балықтар"; 6-ші апта "Жемістер"; 7-ші апта "Көкөністер"; 8-ші апта "Жидектер"; 9-ші апта "Жаздық киімдер"; "Балалардың жаздық ойындары"	дамыту үшін "керісінше" ойынын ойнау-	сыртқы келбетіне және олардың бағалауын күте отырып, өз іс-әрекеттеріне аудара білу	тақпақтарын айту (вербалды және бейвербалды құралдарды қолдану арқылы)	парақтарында маркермен, щеткалармен, қарындаштармен түзу және қисық сызықтарды салу
	4.1.2.5 екі жалпы қимылдар қатарын, екі элементтен тұратын қозғалысты екі қолмен, бір ұсынғаннан қайталау		4.3.2.6 логопедпен бірге сурет жоспарын, пиктограммалар мен сөйлеу тілін қолданып, ойыншықтар, сүйікті заттар, қызықты жағдайлар туралы қысқаша сипаттама әңгімелер құру	
			4.3.2.7 есімдіктерді қолдана отырып, экскурсия іздері бойынша диалогты бастап, жүргізу	4.4.2.7 А, Ә, О, Ө, Т, М, Н, (биіктігі 10 см) трафарет бойынша өз бетінше немесе мұғалімнің көмегімен "жазу"
Төртінші тоқсанның соңғы екі аптасы: Білім алушылардың сөйлеу құралдарының жағдайын логопедиялық тексеруден өткізу.				

бұйрығына
28-қосымша

Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 1 - 4 сыныптары үшін "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 1 - 4 сыныптары үшін "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (әрі қарай бағдарлама) "Білім туралы"Заңының 19-бабы 1 тармағына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – оқушы үшін қол жетімді әр түрлі әлеуметтік өзара әрекеттесу тәжірибесін, жеке психофизикалық мүмкіндіктер мен танымдық қабілеттерді ескере отырып, оқу іс-әрекетіне сәтті бейімделу және одан әрі әлеуметтену үшін байланыс құралдарын қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) тіл біліктерін дамытудың алғышарттарын қалыптастыру: тілдің дыбысталуына назарын аудару, сөйлеу кезіндегі ырғақты сезінуін, артикуляторлы қимыл-қозғалыстарға еліктеу біліктерін, дауыстау пен тыныс алуын, сөйлеу элементтерін есте сақтап, кейін қайталау, ана тілінің 4 немесе одан да көп дыбыстарын танып қайталауын дамыту;

2) адекватты вербалды тәртібінің алғышартты дағдыларын дамыту;

3) қарапайым мәтінді тындап, түсіну дағдыларын қалыптастыру, оны мәтіннің мазмұнымен сәйкестендіру білігі;

4) осы Бағдарламада және басқа арнайы оқу бағдарламалары аясында зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды сөздік қорын анықтау және дамыту.

4. Бағдарламаның түзете-дамыту міндеттері:

1) білім алушыларды вербалды, бейвербалды және альтернативті құралдар арқылы қатынасқа түсуді, ересектермен және басқа балалармен тіл арқылы әрекеттесуге қажеттілігін ояту;

2) оқыту нысанының сөйлеу тұйықтығын жою мақсатында функционалды рөлін меңгеруге жағдай жасау;

3) сөйлеу тілінің психомоторлы базасының элементтерін қол жетерлік деңгейде қалыптастыру: сенсорлы-перцептивті процестер, көру-моторлы тепе тендік, қолдың және саусақтардың еркін қимылдары, кеңістік туралы түсініктері, жоғарғы психикалық қызметтердің элементтері.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Бұл бағдарламаныңмазмұны өмірлік маңызды бейімделу және сөйлеу дағдыларын игеруге тәжірибелік бағытталған.

6. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушылардағы когнитивті және сөйлеу дамуының кемшіліктері олардың басқалармен толыққанды коммуникативті байланыстарының қалыптасуына кедергі келтіреді, мінез-құлықтың бұзылуына және әлеуметтік бейімделуге әкеледі, нәтижесінде "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету " сабақтарында сөйлеу дағдылары сөйлеу тілінің барлық функциялары аясында жүзеге асырылады: коммуникативті, танымдық, реттеуші.

7. Бір сыныптың оқушылары ақыл ойы мен психофизикалық дамудың бұзылуының әртүрлі деңгейімен, белгілі бір психикалық функцияның, практикалық дағдылардың қалыптасу деңгейімен сипатталады.

8. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім алушылардың ерекше жалпы психофизикалық ерекшеліктері ескеріледі:

1) психикалық бұзылулардың психикалық және соматикалық аурулармен, эмоционалды-ерік аясының бұзылуымен үйлесуі;

2) көру, есту, тірек-қимыл аппаратының жергілікті немесе жүйелі бұзылуларының болуы;

3) дамудың біркелкі дамуы және негізгі жүйке процестерінің тепе-теңдігінің бұзылуы-тежелуі мен қозу: кейбіреулерінде баяу қарқын, сәйкессіздік, сөйлеу қозғалыстарының ыңғайсыздығы байқалады, ал басқаларында ретсіз, мақсатсыз әрекеттермен үйлесетін қозғыштық жоғарылайды;

4) сөйлеу тілінің барлық құрылымдық компоненттерінің вариативті бұзылыстары: фонетикалық-фонематикалық, лексикалық және грамматикалық, бұл ауызша және жазбаша сөйлеуді қалыптастыруды қиындатады, вербалды емес және балама коммуникацияның әртүрлі құралдарын қолдануды талап етеді.

9. Ауызша сөйлеу тілін меңгерген мектеп оқушыларына қолдың және артикуляциялық мүшелердің ұсақ, дәл сараланған қозғалыстарын жүзеге асыруда айтарлықтай қиындықтары тән, олар: бір қалыпты ұстап тұру, затты қолмен ұстап алу, тілдің ұшын жоғары немесе төмен бүгу, дыбысты айтуының бұзылыстарын,сөйлеу тілінің анықтылығын түзету процесін қиындататын, бір қалыптан екінші қалыпқа ауысу.

10. Осы санаттағы білім алушылардың ауызша сөйлеу тіліне төмендегілер тән: импрессивті және экспрессивті аграмматизмдер (сөйлеу тілінде сөзжасам мен сөзөзгерту жоқ), сөз таптарын қайталау, басқа адамдардың сөздері мен сөз тіркестерін семантикалық мазмұнын ескермей (механикалық түрде) қолдану, эхолалия.

11. Зияты орташа түрде зақымдалған оқушыларды оқыту және тәрбиелеу ересектермен және басқа балалармен ынтымақтастық арқылы тәжірибелік сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды қамтиды.

12. Осы бағдарлама аясында ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзету жұмысының бағыттылығы жалпы дидактикалық және арнайы қағидаларды белгілейді:

1) гуманизм –оқушының мүмкіндіктеріне сену, субъекттілі, позитивті ықпал ету;

2) жүйелілік– білім алушыны тұтас, сапал бірлігіны, динамикалық түрле дамуға қабілетті нысан ретінде қарастыру; оның сөйлеу мүмкіндіктерін психикалық дамудың басқа жақтарымен байланыста қарастыру;

3) реализм қағидасы–оқушының нақты мүмкіндіктері мен оның дамуының жағдайын, диагностикалау мен түзете-дамыту жұмысының ескеру;

4) онтогенетикалық - логопедиялық ықпал ету әдістемесін құрастырған кезде қалыпты жағдайда тілдің әртүрлерінің қызметтері мен қалыптасу заңдылықтарын ескеру;

5) этиопатогенез қағидасы–логопедтің оқушының ерекше білім алуға қажеттілігін белгілеу үшін сөйлеу тілі бұзылыстарының жеке механизмдері мен себептерін ескеру.

13. Бағдарламаның тиімді іске асырылуын оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық ықпал ету қамтамасыздандырады:

1) іс-әрекеттік ықпал ету, осыған сәйкес, логопед түзете-дамыту жұмысы барысында бала жасына сай жетекші әрекетке сүйенеді;

2) жекеше-дифференциалды ықпал ету, осыған сәйкес логопед оқушының жеке мүмкіндіктеріне қарай, түзете-дамыту жұмысының мақсатын, мазмұнын, формаларын, тәсілдерін бейімдейді;

3) жүйелі ықпал ету, осыған сәйкес, түзете-дамытуда міндетті түрде дыбыс айту, фонематикалық процестерге, лексика мен грамматикалық жағына әсер етуді көздейді.

14. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушылармен логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері:

1) оқытудың арнайы әдістері мен құралдарын пайдалану, "айналма жолдарды" құру, мысалы, баспа бейнелерді, заттық және графикалық алгоритмдерді, электрондық коммуникация құралдарын, сыртқы ынталандыруларды пайдалану;

2) визуалды, аудиалды және тактильді айқындылықты пайдалана отырып, анализаторларды барынша қосу;

3) саусақтардың нәзік қимылдарының манипулятивті әрекеттерін сөзбен байланыстыруын дамыту;

4) оқушылардың еліктеу қабілеттеріне және көрнекі-әрекеттік ойлаудың сақталған мүмкіндіктеріне сүйене отырып логопедиялық ырғақ элементтерін кеңінен қолдану;

5) танымдық қажеттіліктерді қоздыру үшін негізгі эмоцияларды өзектендіру;

6) материалды қарапайым элементтерге нақтылап бөлу: оқыту әр элемент бойынша жүргізіледі, содан кейін ғана олар тұтастай біріктіріледі, ал білім алушылар жалпылауға үйренеді;

7) логопедиялық материалдың жиі қайталануы, оны жаңа жағдайда қолдану;

8) оқушының сәл де болса оқу жетістіктерін міндетті түрде ескеру және эмоционалды бағалау;

9) білім беру ортасының ерекше кеңістіктік, уақыттық және семантикалық ұйымдастырумен оқытуды сапалы жекешелендіру: мысалы, ақыл ой бұзылыстарымен ұштастыра отырып, аутисттік спектрі бар зияты зақымдалған білім алушылар топтық сабақтарға дейін, ең алдымен кезеңділікпен қоршаған орта құбылыстарының өзара байланыстылығын түсінуге мүмкіндік беретін, білім беру кеңістігі мен уақытты құруда жеке дайындыққа мұқтаж,

10) білім беру кеңістігінің шекарасын белгілеу өз кезегінде білім беру кеңістігін максималды кеңейту мен қажеттілікті ескеруді көздей отырып, білім беру ұйымынан тыс жерде әлеуметтік қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру: дүкендерде, кафе, емхана, қоғамдық көліктерде.

15. Түзету-логопедиялық жұмыс нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін мұғалім-логопед арнайы әдіс-тәсілдерді қолданады:

а) тәжірибелік (жаттығулар: еліктеу-орындау, жаттықтыру, түзеу, шығармашылық; ойындар: дидактикалық, сюжетті-рөлді, іскерлік; заттық моделдеу);

б) көрнекілік (графикалық, символдық, иллюстрациялық, шынайы);

в) өзінің тілегін, білімін, әрекеттерін сұрақ-жауапты үлгілерді меңгеру үшін, лексикалық материалды бірлесіп, ілесіп қайталау тәсілі арқылы, сөздік (сөз, логопедтің әңгімесі, әңгіме, сөйлеу тілін талдау), жаттанды фразаны қайталау.

16. ҚР БҒМ 22.01.2016 жылғы №70 бұйрығына сәйкес, білім алушылардың ынтасын арттыру, өмірлік және оқу дағдыларын неғұрлым сапалы қалыптастыру мақсатында, логопедиялық сабақтарда әртүрлі көрнекілікті пайдалана отырып, анализаторларды барынша қосу үшін дидактикалық дамытушы ортаны орынды реттеу жағдайында оқытудың техникалық құралдары қолданылады:

1) логопедиялық сабақтардың бөліктері немесе тұтас сабақтар "Интербелсенді дыбыстық тақта (дыбысты машықтандыру, логиканы дамыту, ойцн терапиясы мен дыбыстың сапасы, күші, бағытын ажырату)", "Акустикалық тактилді тақта" қолдану арқылы, сенсорлы бөлмеде өткізіледі.

2) мультимедиялық интербелсенді дамытушы бағдарламалық-әдістемелік кешеннің үшөлшемді аксессуарлары мен карточкалары бар электронды ресурс, интербелсенді тақтатәжірибелік тілді дамыту жұмысында кеңінен пайдаланылады;

3) Түзетуде сергіту сәттерінде, әсіреседизартрия мен ринофониясы бар балалармен жұмыста "Логопедиялық жаттықтырғыш" дыбыстық белгіні көрнекілікпен сәйкестендіруде өзіндік сөйлеу тілін бақылауда кеңінен қолданылады;

4) "Тілдік қатынасты меңгеру және дамытуға арналған тілдік жаттықтырғыш" құралын мұғалім-логопед фразалық сөйлеу тілін меңгермеген білім алушылармен жұмыста қолданады.

17. Оқушылардың психофизикалық, неврологиялық ерекшеліктерін ескеріп, сөйлеу қабілетінің полиморфты және тереңдігі аясында олардың жұмыс қабілеттілігінің төмендеуін ескере отырып, логопед-мұғалім мультимедиялық, электронды құрылғыларды санитарлық нормалар мен ережелерге қатаң сәйкес, шектеулі және қатаң мөлшерде қолданады, алайда, дәстүрлі (нақты) дидактикалық ресурстарды кеңінен қолданады:

1) жануарларды, ертегі кейіпкерлерін, тұрмыстық заттарды бейнелейтін ойыншықтар;

2) жазықтық және үлестірме материал (карточкалар, суреттер, пазлдар);

3) қуыршақ – сахналау және ойын-драматизациялар және ұлттық ойындар үшін ұлттық костюмдер, декорациялар мен аксессуарлар;

4) оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес келетін әдебиеттер, оның ішінде суреттері, әңгімелері, өлеңдері бар кітаптар; халық және авторлық ертегілер.

18. Бағдарлама бірқатар шарттарды орындау кезінде жалпы білім берудің негізін қалайды:

1) сабақтарда пәндер бойынша өтпелі тақырыптық жоспарлауға сәйкес дидактикалық материал пайдаланылады;

2) жалпы білім беретін пәндер бойынша мұғалім-логопедтің басшылығымен сабақтар мен сабақтарға өзара қатысу үдерісінде және қорытындылары бойынша білім алушылардың әрқайсысының сөйлеу дамуының жай-күйі, әлеуетті мүмкіндіктері мен болжамы туралы кәсіби білімнің толық бейнесін қалыптастырады;

3) "Айналадағы әлем", "Музыка және ырғақ", "Қол еңбегі" "Бейнелеу өнері", " Сенсорлық даму", "Сөйлеу және коммуникацияны дамыту", "Заттық -тәжірибелік әрекет" оқу пәндерімен пәнаралық өзара байланыс орнатылады, оларды зерделеу кезінде логопедиялық сабақтарда қалыптастырылатын коммуникативтік және басқа да сөйлеу дағдылары бекітіледі және дамиды.

19. Зияты орташа түрде зақымдалған балаларда академиялық тілдік білімді қалыптастыруға бағытталған логопедиялық сабақтың дәстүрлі өткізілуінің тиімділігі төмен, сол себепті тіл дамуының кемшіліктерін түзету процесі мазмұнды және/немесе ұйымдық нысандарды қатаң реттеуді көздемейді.

20. Сабақ барысында логопед әр оқушыда осындай қажеттілік туындаған сәтте – жеке жұмысты орындауға жағдай жасау үшін, жеке қарқынмен, мұғалімнің жеке көмегін алу үшін қызмет түрінің өзгеруін қамтамасыз етеді.

21. Білім алушыларға сабақ барысында логопедиялық кабинеттің кеңістігінде еркін қозғалуға мүмкіндік беріледі.

22. Орташа ақыл ойы кемістігі бар білім алушылардың тіл дамуының кемшіліктерін түзету бойынша оқу іс-әрекетінің барлық нысандары мен түрлері өздерінің белсенділігін, бастамашылығы мен дербестігін қалыптастыруға бағытталған.

23. Орташа ақыл ойы кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау сипаттамалық квалиметриялық құралдарды пайдалана отырып жүргізіледі: жеке сөйлеу картасында міндетті түрде сөйлеу дағдысын меңгерудің дербестік дәрежесі (дербес, үлгі бойынша, еліктеу бойынша, педагогпен бірлескен іс-қимылдардың көмегімен) және үлгі бойынша іс-әрекеттерді орындау кезінде көрсетілетін педагогикалық көмек түрі көрсетіледі (ұйымдастырушы, бағыттаушы, эмоционалды).

24. Бағдарламада оқушылардың тіл дамуының кемшіліктерін түзету бойынша жеке бағдарламаларының мазмұнын анықтауға бағыттаушы негіз болатын оқыту мақсаттарының жүйесі тұжырымдалған. Мектептің педагогикалық кеңесі оқушылардың аймақтық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, тақырыптар мен өтпелі тақырыптар тізбегіне өзгерістер енгізе алады.

25. Тіл дамуының кемшіліктерін түзетудің жеке бағдарламасы логопед-мұғалім белгіленген тәртіппен жүргізетін логопедиялық диагностика негізінде жасалады.

3-тарау. "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" оқу пәнінің мазмұны

26. "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" оқу пәні бойынша 1-4 сыныптарда оқу жүктемесі:

1) 1-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында 132 сағатты құрайды;

2) 2-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағатты құрайды;

3) 3-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағатты құрайды;

4) 4-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағатты құрайды.

Пәннің оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы типтік оқу жоспарына сәйкес жасалды (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген).

27. "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" оқу пәнінің Бағдарлама мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

1) "Сөйлеу тілінің психомоторлық негізі";

2) "Қатынас";

3) "Тілдің дыбысталуы";

4) "Оқылым мен жазылым".

28. "Сөйлеу тілінің психомоторлық негізі" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) сенсорлы тәжірибе;

2) моторика және кеңістіктік туралы түсініктері.

29. "Қатынас" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) вербалды қатынас;

2) бейвербалды қатынас.

30. "Тілдің дыбысталуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) дыбысталған тілді түсіну;

2) айтылым.

31. "Оқылым мен жазылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) балама оқу;

2) графика және жазу.

32. "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" пәнінің 1 сыныптағы базалық мазмұны:

1) сөйлеу тілінің психомоторлық негізі. Қоршаған орта дыбыстарын тыңдау, есту зейінін көрсету, қимылдармен және ым ишарамен негізгі өмірлік функцияларды көрсету (тыныс алу, қарау, тыңдау, иіскеу, сөйлеу, тамақтану). Белгілі бір және дерексіз кескіндердегі (пиктограммалардағы) таныс заттардың визуалды бейнелерін тану – тұтастай алғанда, бөлшектері бойынша, оларға тән дыбыстары бойынша. Музыка тыңдау кезінде қарама-қарсы эмоцияларды білдіретін дене және бет қимылдарын тану;

2) қатынас. Таныс қарым-қатынас жағдайында ересектермен және құрдастарымен қол жетімді байланыс құралдары арқылы қатынасқа түсу (баламаларын қоса). Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауға қызығушылық таныту. Мұғалімді, балаларды және ертегі кейіпкерлерін қарсы алу үшін қолды пайдалану.

Ересек адамның сөйлеуіне қызығушылық және мәтінді оқу процесінде оның дауысына назар аудару. Қаратпа сөйлеуге оңды жауап беру (мимика-ым-ишара және вербалды құралдар);

3) тілдің дыбысталуы. Нұсқау бойынша бірінші тақырыптық концентр шеңберіндегі екі - үш заттың және/немесе суреттердің арасынан бір затты табу – "Мен баламын: менің денем. Менің сезімдерім мен қажеттіліктерім". Нұсқауларды түсіну, бірлескен іс-қимыл деңгейінде тыныс алу-дауыстық және артикуляциялық жаттығуларды орындау. Тақырыптың сурет, пиктограмма және сөзбен байланысы. Есту арқылы тану, берілген дыбыстың айтылуы (А, Т, Ә, О, Ө, У, И, М). Айтылым кемшіліктерін жою, сөйлеу кезіндегі тыныс алуын, дауыс, артикуляциялық қозғалыстардың кинетикалық және кинестетикалық негізін дамыту, дикциялық жаттығулар және дыбыстарды мүмкіндігінше қол жетімді жеке айқындық деңгейінде айту;

4) оқылым және жазылым. Есту зейіні мен естіун шоғырландыруын дамыту. Ересектерге иллюстрациялары бар шағын мәтіндерді оқуға деген қызығушылықты қалыптастыру, үстел үсті ойынын таңдауға оң көзқарасты білдіру. Қылқаламмен, саусақпен, алақанмен бояу, әртүрлі жазу элементтерін таңдау және пайдалану. Көрсету және үлгі бойынша қарапайым тапсырмаларды орындау, бірінші концентр тақырыбы бойынша пиктограммаларды тану және ажырату (ұсынылған екі суреттің бірі)-"Мен баламын".

33. "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" пәнінің 2 сыныптағы базалық мазмұны:

1) сөйлеу тілінің психомоторлық негізі. Затқа назар аударып, көз үзбей қарау, белгілі және дерексіз кескіндердегі (пиктограммалардағы) таныс заттардың визуалды бейнелерін тану. Өзінің дене бөліктерін өзінде және пиктограммада көрсету, әртүрлі пішінде ұсынылған ұқсас немесе берілген заттарды және олардың бейнелерін тану сәтін көрсету;

2) қатынас. Өзінің қажеттіліктері мен тілектерің қол жетімді құралдармен білдіру, қуаныш, қайғы, таңданудың бет-әлпеті арқылы көргендеріне деген көзқарасын көрсету. Ойын жағдайында қатынастық белсенділіктің көрінісі, өзара әрекеттесудің қол жетімді тәсілдері аясында "серіктестің" әлеуметтік рөлін түсіну. Қатынастық мақсаттар үшін қарапайым белгілерді пайдалану. Ынталандырушы интонацияны түсіну. Кеңістікке қатысты сөздердің мағынасын түсіну және орындау. Сөзбен сүйемелдеу арқылы саусақ ойындары процесінде ересек адамның іс-әрекетіне еліктеу бойынша ойын әрекеттерін орындау, сөзбен біргелестіріп, ойыншықпен тақырыптық-ойын және бейнелеу әрекеттерін орындау;

3) тілдің дыбысталуы. Тыңдалған мәтіннің жалпы нақты мазмұнын қабылдау және түсіну, ересек адамның сөйлеген сөзіне оң жауап беру (ым-ишара және вербалды құралдар). Айтылым кемшіліктерін түзету, сөйлеу кезінде тыныс алуын, дауыс, артикуляциялық қозғалыстардың кинетикалық және кинестетикалық негізін дамыту,

дикциялық жаттығулар және дыбыстарды мүмкіндігінше қол жетімді жеке айқындық деңгейінде еліктеу арқылы айту. Бірінші-екінші типтегі буындық құрылымы бар сөздерді қайталау, әртүрлі заттарды атау, олардың суреттері және осы заттарды негізгі белгілері бойынша сипаттау;

4) оқылым және жазылым. Оқу тәжірибесінде қолжетімді біліктерді игеру, әліпбиді жаттау (А, Т, У, П, Н), графикалық ұқсастығы бар (А және М) әріптердің жұптарын ажырату. Нақты жағдайда нұсқау бойынша, жазатын затпен бағытталған әрекеттер орындап жаттығу. Қарапайым графо-моторлы біліктерді қалыптастыру, бірінші және екінші концентр тақырыптары бойынша пиктограммаларды (ұсынылған үш-төртеуінен біреуін) тану және ажырату-"Мен баламын", "Бала және жақын орта".

34. "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" пәнінің 3 сыныптағы базалық мазмұны:

1) сөйлеу тілінің психомоторлық негізі. Дыбыстық ынталандыру заттарды күші, сапасы және бағыты бойынша ажырату. Ұқсас заттарды сипап сезіп, ажыратып және атауын атау, еліктеуіш ойындар: қозғалыста қуыршақтардың, жануарлардың, құстардың бейнелерін көрсету. Дабыл, қарапайым дыбыстық-сөздік сүйемелдеуімен барабан соққыларына арналған жолдар мен кілемшелермен ырғақты жүру;

2) қатынас. Логикалық негіздеме жасауға тырысып, күнделікті жағдайларда және жеке тәжірибеде жалпы қабылданған бейвербалды қарым - қатынас құралдарын игеру - адамға қажетті киім мен аяқ киімді сыртқы келбеті бойынша, көңіл - күйі бойынша, дәлелмен таңдау (үлкен ағай-үлкен етік, көңілді Шалқар-қызыл жейде), өнімді орнату, қолдау және байланыстың аяқталуы. Қатынастың баламалы құралдарымен танысу. Ертегі кейіпкерінің ойын жағдайына эмоционалды оң реакцияны көрсету. Ересек адамның қимылдары мен кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бақылау және түсіну, ертегі кейіпкерлерінеойын әрекетіне жауап беру (ым-ишара құралдары мен әрекеттері). " Отбасы", "Көлікте", "Дәрігерде", "Көшеде" және т. б. сюжеттермен өзін ойын рөлінде атай отырып, қарапайым рөлдік диалогты орындау;

3) тілдің дыбысталуы. Айтылымның жеке кемшіліктерін жою, сөйлеу кезіндегі тыныс алуын, дауысын, артикуляциялық қимылдардың кинетикалық және кинестетикалық негізерін дамыту. Аса қолжетімді анықтық деңгейде үлгі және еліктеу бойынша дыбытарды айту және дикциялық жаттығуларды орындау. Буындық құрылымдардың бірінші-екінші типтеріне жататын сөздердібір буыннан екіншіге біртіндеп ауысу арқылы, қайталау. Сын есім, зат есім және жиі қолданатын етістіктермен сөздік қорын молайту. Өз атынан үлгі бойынша екі сөзден құралған сөлемдерді моделдеу және құру;

4) оқылым және жазылым. Иллюстрация мен оның элементтерінің ересек адам оқыған таныс мәтінмен байланыстыру. Қолжетімді вербалды, бейвербалды құралдарды (сөзбен, дыбыспен, қимылмен, іс-қимылмен), баламалы құралдарды (графикалық, баспа, электрондық құрылғы бейнелері) пайдалана отырып, ойын әрекеттерінің

ережелерін, тәртібін есте сақтау. Бірінші, екінші және үшінші концентр тақырыбына арналған пиктограммаларды тану, ажырату (ұсынылған төрт-бес суреттің бір-екеуі)- " Мен баламын", "Бала және оны қоршаған жақын орта", "Бала және үлкен әлем". Бастырып сызу, штрихтау және сурет салу, бетті қара, түрлі-түсті қарындаштармен, шарикті қаламдармен сызу, АТ, АТАТ, ААТТААТТ, ААТААТ сызбасы бойынша шаршы, шеңбер, жолақшада кезектесіп, дайын элементтерден өрнектер жасау.

35. "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" пәнінің 4 сыныптағы базалық мазмұны:

1) сөйлеу тілінің психомоторлық негізі. Марш ырғағымен музыкалық бөлімнің ырғақты негізін қайталау. Кеңістіктік және уақыттық түсініктерін анықтау, бір уақытта ұсынылған екі-үш элементтен тұратын қатарды қайталау. Үлгі бойынша үш массаж элементтерін қолданып, өз қолының саусақтарына массаж жасау. "Көз- қол" атты тепе тендікті дамытуға арналған жаттығу, тізбектерді құру;

2) қатынас. Ертегі кейіпкерінің атынан ересек адамның сөйлеген сөзіне және заттық-ойын әрекеттеріне оң жауап (ым-ишара және ауызша құралдарарқылы). Көрсету қимыл мен сөйлеу тілін қолдана отырып, өзінің фотосуретін (немесе жалпы фотосуреттен) басқалардан табу. Қысқа ертегілерді тыңдау, ертегі кейіпкерлерін таңдау , қол жетімді вербалды және бейвербалды құралдарды (көзқараспен, ым-ишарамен, қимылмен, іс-әрекетпен) қолдана отырып, сюжеттік ойыншықты ойнауға қызығушылық таныту, бөлімнің мазмұны әр оқушының әр түрлі өзара әрекеттесу жағдайларындағы жеке мүмкіндіктерін ескере отырып талданады. Оқу әрекеттеріне арналған бір-екі сатылы нұсқауларды дәл орындау: тыңдауы, өлеңдер мен ертегілердің мәтінінен суреттер мен пиктограммаларды табуы. Өзгелердің назарын өзіне, сыртқы келбетіне және іс-әрекеттеріне, репликалар арқылы тартуы, бағалауды күтуі;

3) тілдің дыбысталуы. Сөйлеу тілін немесе пиктограммаларды қолдана отырып, ойыншықтар, сүйікті заттар, оқушылар үшін қызықты жағдайлар мен оқиғалар туралы қысқаша сипаттама әңгімелер құрастыру. Таныс балалар мен ересектердің есімдерін білдіретін сөздерді тану және айту (5-6 есім). Бірінші - бесінші типтегі буындық құрылымы бар сөздерді бір буыннан екіншісіне, дауыссыз дыбыстар қатар келген сөздерде бір дауыссыз дыбыстан екіншісіне өтіп, қайталау. Суреттер, бақылаулар, көрген, бастан кешкен және естіген/оқығаны туралы әңгімелер. Монологтік және диалогтік формаларда "мәлімдеме" құру, сөйлеу тілінің дыбысталуының негізгі ережелерін сақтауы (ырғақ, екпін, қарқын, темп, әуезділік, интонация, кідіру), кім? не? сұрақтары бойынша сөйлемді аяқтау білігі. Осы сұрақтың сөздеріне сүйене отырып, қойылған сұраққа жауаптар, моделдер мен үлгілер бойынша екі-үш сөз тіркестерін дербес құру;

4) оқылым және жазылым. Ойын ережелерін білім алушыға әр түрлі қол жетімді тәсілдер арқылы жеткізу (бірлескен іс-әрекеттер, көрсету және еліктеу, өз бетінше әрекет етуі). Қарапайым графикалық тапсырмаларды түрлі-түсті қарындаштармен

орындау, үлкен қағаз парақтарына фломастерлермен, щеткалармен, қарындаштармен түзу және қисық сызықтарды, бұрышты нысандарды салу. Тіректер бойынша А, О, Т әріптерінің "хаты": трафареттер (биіктігі 10 см), нүктелер, сызықша іздері - дербес немесе мұғалімнің көмегімен.

36.Бағдарламаның мазмұнын оқу жылдары (сыныптар) бойынша бөлу шамамен болады. Логопед оқу мақсаттарының көлемі мен күрделілігін, сондай-ақ әрбір білім алушының қабілеттері мен мүмкіндіктерін, нақты жетістіктерін ескере отырып, дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті уақытты жекебелгілеуге құқылы.

Параграф 2. Оқу мақсаттарының жүйесі

37. Бағдарламада ұсынылған оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.1.2.1 кодында "1" - сыныбы, "1.2" - бөлім және бөлімше, "1" - оқыту мақсатының реттік саны

38. Бөлімдер мен сыныптар бойынша оқу мақсаттарының жүйесі:

1) "Сөйлеу тілінің психомоторлық негізі" бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары			
	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
1.1. Сенсорлы тәжірибе.	1.1.1.1 жақында қозғалып келе жатқан затты көзімен бақылау (жазықтықта, тігінен , дөңгелек бойына, алға/артқа) 1 минут ішінде	2.1.1.1 1 минут бойы баланың алдында (баланың оң жағында, сол жағында) жоғары, төмен және көз деңгейінде орналасқан қозғалмайтын затқа көзді тоқтату	3.1.1.1 белгілі бір түсті, бейнені және толық емес, шатасқан суреттегі таныс заттарды 10-15 секундта тану	4.1.1.1 заттық суреттердегі, сюжеттік суреттердегі, Равен матрицасындағы, қарапайым пазл-композициялардағы бөлшек пен бүтінді сәйкестендіру
	1.1.1.2 адамның бетіне, фотосуретке 30 секундқа қарау	2.1.1.2 мұғаліммен бірге дене бөліктерін фотосуретте және өзіңізде көрсету	3.1.1.2 қозғалатын қашықтағы нысанды көзбен қадағалау	4.1.1.2 сөзге қатысы жоқ дыбыстардың күшін ажырату: табиғат дыбыстары мен дауыстарына еліктепқатты және ақырын дыбыстау
	1.1.1.3 суреттерден ойыншықтарды табу (түрлі-түсті сурет-иллюстрация, оқушының көзінше ересек адам салған сурет, екі-төрт бөліктен тұратын сурет)	2.1.1.3 дене бөліктері бейнеленген пиктограммаларды іріктеп, дене бөліктерін өзінде, қуыршақта көрсету, суретте, пиктограммада бөліктерді атауға тырысу	3.1.1.3 нысандардың түстері (қызыл, көк, сары, жасыл, қара, қоңыр) түсі бойынша тану (ажырату) заттар мен суреттерді, қарындашты таңдау	4.1.1.3 стандарттарды қолдана отырып, шөпке, аспанға, күнге, суға, қарға тән түсті бөлектеу), нысанды түс, түс (жануарларды) белгісі бойынша тану

	1.1.1.4 таныс ойыншықты жеке бөлшектері, оған тән дыбыстары бойынша (дыбыстық ойыншықтар), сипап сезу арқылытану	2.1.1.4 көлемі, құрылымы жағынан ұқсас таныс заттарды сипап сезу арқылы тану, дыбыспен, ым-ишарамен, қозғалыспен тану, көрсету	3.1.1.4 ағаш, металл, пластмасса, желіммен, әртүрлі температурадағы сумен жанасудаәр түрлі реакция білдіру, температурадағы су	4.1.1.4 заттарды жалпы белгісі бойынша стереогноз процесінде топтастыру: " Кедір-бұдыр (тегіс) затты көрсет, ата")
	1.1.1.5 құлақ (иық, бел) тұсында тұрған дыбыстың қозғалмайтын көзін табу	2.1.1.5 табиғат дыбыстарын (жаңбыр, құстар мен аңдардың дауысы) және музыкалық аспаптардың дыбысын (ысқырық, барабан, ысқырық) тану	3.1.1.5 дыбыстың қозғалмайтын алыста тұрған көзін нысанмен сәйкестендіріп, табу және дыбысталуы бірдейлерді табу	4.1.1.5 бөліктің ырғақты негізін марш ырғағымен сәкестендіріп, қайталау
1.2. Моторика және кеңістік туралы түсініктері.	1.1.2.1 педагогпен бірлесіп, статикалық және динамикалық тепе тендікке арналған саусақ жаттығуларын орындау	2.1.2.1 педагогпен бірлесіп, өзінің қол саусақтарына массаж жасау (үлгі бойынша 3 тәсілден тұратын массаж)	3.1.2.1 оң және сол қолдарының саусақтарын кезекпен, ырғақпен жақындатып, қосып, айқастыруды қайталау	4.1.2.1 үлгі бойынша, үш массаж тәсілін қолданып, массаж құралымен, өзінің қол саусақтарына массаж жасау
	1.1.2.2 педагогпен бірге, еліктеу бойынша жұдырықтарды жұму, ашу	2.1.2.2 жұдырықтарды ырғақты түрде жұму, ашу, заттарды әртүрлі ұстау әрекетін жасай отырып, ұсақ заттарды сұрыптау	3.1.2.2 жылы су құйылған ыдысқа қолын салып, жылыту, түгі бар орамалмен сүртіп, құрғату	4.1.2.2 құрастырғыш және құру-шашу, ойыншықтармен ойнау: педагогпен бірге немесе еліктеу бойынша
	1.1.2.3 кабинет кеңістігінде бағдарлау, алдыға, артқа бағыттарын көрсету	2.1.2.3 кеңістігінде бағдарлау, алдыға, жоғары төмен, алдыға артқа бағыттарын көрсету	3.1.2.3 имитация-ойындар ын ойнау: қуыршақ, жануарлардың қимылдарын келтіру	4.1.2.3 педагог атаған бағыт бойынша қозғалу: алдыға артқа, жоғары, төмен
	1.1.2.4 педагог берген бағыт және қолдан ұстау бойынша сенсорлы жолдармен қозғалу	2.1.2.4 педагогтің әрекеттеріне еліктеу және үлгі бойынша қимылдың бағытын көрсету	3.1.2.4 беттің/ бастың бөліктерін көрсету және нұсқау бойынша атау: көздер, мұрын, ауыз, құлақтар, шаш	4.1.2.4 ірі және ұсақ қимылдардан тұратын қарама қарсы әрекеттерді дамыту үшін " керісінше" ойынын ойнау-
	1.1.2.5 берілген бағытта ойыншықпен (сылдырмақ, таяқшасы бар лента)	2.1.2.5 аудио-қимыл жаттығуларды орындау "Тында және биле..." (	3.1.2.5 жолдармен, кілемшемен жүру " Топ-топ", барабанның соққысына сәйкес "	4.1.2.5 екі жалпы қимылдар қатарын, екі элементтен тұратын қозғалысты екі қолмен, бір

	, сенсорлы және ойын жолдарымен жүру	тақпақтың мәтініне сәйкес)	топ-топ" деп аяқпен топылдатып жүру	ұсынғаннан қайталау

2) "Қатынас" бөлімі:

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары			
	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
2.1. Бейвербалды қатынас.	1.2.1.1 ойыншықтарды қолданып, қатынастың бейвербалды құралдарын қолданып, арнайы ұйымдастырылған ойын жағдайында өз нәтижелеріне қол жеткізгеніне қуанышын білдіру	2.2.1.1 негізгі эмоцияларды білдіретін эәне олардың негізгі белгілерін бейнелейтін суреттермен ойнау (көздің қимылдарын сәйкес ерін мен қастың қимылдарымен сәйкестендіру)	3.2.1.1 айна алдында бет әлпеті бойынша тану эмоционалды жағдайларды атай білу: күледі, жылайды, мимикалық қимылдарды адекватты пантомимикамен толықтыру	4.2.1.1 досы, педагогі, өзіндегі киімдерді, заттарды қарап, көрсету атау-айнаға қарап, суреттен, пиктограмма, фото, видео бойынша
	1.2.1.2 ым-ишара, патомимикамен көрсету: "Мен: көремін, естимін, тыныс аламын, иіскеймін, айтамын, тамақтанамын", " Қолдарым – мен бәрін жасай аламын ", "Аяқтар — мен жүремін", "Мен көңілдімін, күлемін, жылаймын", "Мен ойнаймын, менің ойыншықтарым"	2.2.1.2 сөйлеу тілінің анықтылығын есту, сұраулы ояту интонациясына сәйкес мимикалық реакцияларды түсіну	3.2.1.2 өзін айнадан көру, өзін, өзінің бейнесін айнадан көрсету, суланған қылқалам, саусақпен өзінің айнадағы бейнесін сызу	4.2.1.2 айнаға қарау, өзінің сыртқы бейнесін бағалау, өз киімінің, шаш үлгісінің кемшіліктерін түзеу , бой түзеу
	1.2.1.3 музыка тындау кезінде эмоциялардың ым-мшара қимылдарын "оқу"	2.2.1.3 педагог бетінің қимылдарына еліктеу (айна алдында немесе онсыз) және оның қимылдарын еліктеу (аяйды, құшақтайды, басынан сипайды; қуанады-қол шапалақтайды)	3.2.1.3 педагог ұсынған бейнеге сәйкес берілген үш ойыншықтан біреуін тандайды	4.2.1.3 ым-ишара ойындарын ойнайды, педагогтің соңынан, фрагмент, ойыншық немесе суретті көрсету бойынша қоян, аю, түлкінің қимылдарын қайталайды
	1.2.2.1 бір әрекеттік нұсқауды түсіну (Ал! Отыр! Бер!)	2.2.2.1 айтылған бір әрекеттік кеңістікке	3.2.2.1 жеке гигиена , оған қажетті заттар туралы тақпақтарды қатынастың вербалды және	4.2.2.1 ойын рөлінде өзін атауы қажет

		қатысты сөздермен нұсқауды түсіну және орындау	бейвербалды құралдарды қолдану арқылы айту	рөлдік диалог құру ("Ана мен бала", " Отбасы" ойындары)
	1.2.2.2 аты мен фамилиясына аудио және сөйлеу реакцияларын білдіру	2.2.2.2 өзін атау және арнайы жасалған жағдайда, атын естігенде жауап беру	3.2.2.2 жеке гигиена заттарын және ойын-драматизацияға арналған заттарды тақпақ сөздеріне қарай іріктеу	4.2.2.2 педагогтің көмегімен үйдегі тұрмыс, табиғат, көшедегі (" Дәрігерде", " Көшеден жүргінші жолымен өтеміз") қарапайым сюжеттерді моделдеу
2.2. Вербалды қатынас.	1.2.2.3 қоршағандармен әртүрлі жағдайларда тұрмыста, мерекелерде қарапайым сөз арқылы қатынасқа дайындығын көрсету ("Иә ма жоқ па?")	2.2.2.3 сөз арқылы рөлдік ойындарға екі сөзден құралған сөйлемдерді қолданып, жұптасып қатысу	3.2.2.3 рөлдік ойында өзін атап, қарапайым рөлдік диалог орнату (" Отбасы", " Автобуста", " Дәрігер", "Көше"	4.2.2.3 оқу әрекеттерін орындауға қатысты бір-екі сатылы нұсқауларды мұқият тындап, орындау: тындау, тақпақтар мен ертегі мәтіндері бойынша пиктограммалар мен суреттерді табу
	1.2.2.4 мультимедия құралдары көмегімен жазылған сөздерді (тақпақтар, ертегілер) қызығуын көрсетіп тындауын	2.2.2.4 отбасы мүшелерінің бірін сүйіспеншілікпен қарап, қатынасын білдіретін рөлдік ойындарды ым-ишара, сөздер арқылы білдіріп, ойнау	3.2.2.4 киімдер үлгілерін қолданып, сюжеті бірнеше әрекеттен тұратын ойындарды топпен 2-3 адам болып ойнау: "Мен жүргізушімін", " Мен-дәрігермін", " Мен аспазбын"	4.2.2.4 репликалардың көмегімен басқалардың назарын өзіне, сыртқы келбетіне және олардың бағалауын күте отырып, өз іс-әрекеттеріне аудара білу

3) "Тілдің дыбысталуы" бөлімі:

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары			
	1сынып	2 сынып	2 сынып	4 сынып
	1.3.1.1 ойындарға арналған заттарды қолдану мүмкіндіктерін ұсыну: қуыршақтармен, диванда, орындықтарда, үстелде жұмсақ пішінді ойыншықтармен ойнау	2.3.1.1 вербалды және бейвербалды қатынас құралдарын қолданып, мұғалімнің ауызша өтініші бойынша заттарды және олардың суреттерін көрсету, атау	3.3.1.1 таныс ойыншықтарды және олармен байланысты әрекеттерді мұғалімнің қысқаша ауызша және ым-ишара сипаттамасы бойынша тану	4.3.1.1 педагогтің қысқаша ауызша сипаттамасы бойынша таныс заттарды, табиғат пен тұрмыс нысандарын бір немесе екі тән белгілер бойынша тану және көрсету

3.1. Тілдің дыбысталуы.	1.3.1.2 "Мен-баламын" ("Менің денем және Мен", "Менің сезімдерім мен қажеттіліктерім") тақырыптық шеңбердегі заттар мен суреттерді үш заттың ішінен нұсқаулыққа сәйкес тауып, оларды көрсету, атау	2.3.1.2 үш зат пен суреттің арасынан "Бала әлемі" тақырыбы (менің ойыншықтарым, үйім, Отбасым, мектебім және достарым) ішіндегі заттарды табу: қуыршақ, доп, аю, текшелер, барабан, машина, шелек, көрсету және атау	3.3.1.2 өмірдегі және суреттердегі негізгі эмоционалды күйлердің атауларын түсіну және ажырату: күлу, жылау, қуану, мұңаю	4.3.1.2 тыңдалған мәтіннің жалпы нақты мазмұнын затпен, суретпен, пиктограмманың мазмұнымен сәйкестендіріп, түсіну және тану
	1.3.2.1 өзінің тыныс алу, дауыс шығару және артикуляция мүшелерін табу және көрсету, дауыс перделерінің дірілін сезіну	2.3.2.1 айна алдында ерін мен тілге арналған жаттығуларды орындау: күлу-түтікше, тілді көрсету-тілді жасыру (үлгі бойынша) еліктеу бойынша.	3.3.2.1 "Бақа" қимылдарын сөздік нұсқау бойынша - тілін шығарып, көзін бақырайтып, "Қоян" - қорқақтығын көрсету, орнында секіру, "Кеме" - тілді жоғарғы және төменгі тістер арасына қысып тұрып уілдеу	4.3.2.1 дыбыстарды айту кезінде олардың дыбыссыз артикуляциясын қабылдау негізінде және еріннің орнын бейнелейтін суреттерге, заттық сурет-таңбаларға сүйене отырып, [произношение заданного звука (а, ә, о, ө, у, и)] дыбыстарын ажырату, ырғақты және анық айту.
	1.3.2.2 бірлескен іс-қимыл деңгейінде тыныс алу-дауыстық және артикуляциялық жаттығуларды орындау	2.3.2.2 аузы ашылатын, тілі қимылдайтын, Бибабо қуыршағының (логопед қимылдатып тұрған) қимылдарын "оқу", аузын ашып, тілін қозғалтып, қимылдарды қайталау	3.3.2.2 (а, ә, о, ө, у, и)] дыбыстарын оңаша күйде дұрыс айту (қыз ән айтады: а-а, қасқыр айқайлайды: оо-оо-оо); дыбысқа еліктеу материалы негізінде ерте және орта онтогенездегі дауыссыз дыбыстардың артикуляциясын жасау	4.3.2.2 қысқа және үнсіз тыныс алу (иығын көтермей), тыныш және біркелкі дем шығару (ұртқа үрлемей)
	1.3.2.3 [а, ә, у, и, о, ө] дыбыстарын жеке дұрыс айту {қыз ән айтады: а-а-а, Қасқыр ұлиды:	2.3.2.3 а, ә, у, о, ө, м, н, х дыбыстарымен дауыссыздан дауыстыға, бір буыннан екіншісіне біртіндеп ауысып, сөздің буындық құрылымын сақтап, буындарды еліктеу арқылы және	3.3.2.3 дыбыстарды анық айту: а, ә, у, о, ө, м, н дыбыстарын анық айту, буын мен сөздегі кез-келген орында	4.3.2.3 сөздің буындық құрылымын бір буыннан екінші буынға, бір дауыссыздан екінші

	у-у-у); дыбысқа еліктеу, тақпақтар материалында	логопедпен бірге ДДс, ДДс, Дс+Дс моделдерін қайталап және еліктеп (ат, от, ма, та, ах, өт, мама, на) айту	Д-Дс (ат, ата, та-та-та), ДсД+ДсД+ДсД	буынға біртіндеп модел бойынша қайталау: ДсД+ДДс
3.2. Айтылым.	1.3.2.4 ерте және орта онтогенез дауыссыздарын тік буындарды айту: қа-қа-қа, та-та-та	2.3.2.4 атау септігінде меңгерген зат есімдерден, есімдіктерден модел бойынша сұрақ-жауаптар құру (Бұл не?) және жауап беру (Міне қуыршақ.)	3.3.2.4 қойылған дыбыстарды буындарда, сөздерде анық айту (жеке көрсеткіштері бойынша), педагогпен бірге қысқа тақпақтарды айту	4.3.2.4 екі-үш бөліктен құралған буындар тізбегін ырғақты, екпінді ауыстыра отырып, қайталау
	1.3.2.5 дауысты, тірек дауыссыз дыбыстардың орнын ауыстырып, буындар серияларын құрып, айту (қойылған дыбыстардың бәрін дұрыс айту)	2.3.2.5 заттық сурет-белгілерге сүйеніп, [а, ә, у, о, ө] дауысты дыбыстарды артикуляциясын көрсетіп, дауыссыз айтуда ажырату (еріндердің қалпы салынған сурет бойынша)	3.3.2.5 екі сөзден құралған сөйлемдерді хабарлама түрінде құрып, педагогтің эмоционалды ынталандыруы негізінде өз атынан айту ("Мен..", "Біз..."), екінші жақта ("Сен...", "Сендер..."), үшінші жақта ("Ол...", "Олар..."), графикалық сызбаларды қолданып	4.3.2.5 жеке гигиена, гигиеналық құралдар туралы екі-төрт жол тақпақтарын айту (вербалды және бейвербалды құралдарды қолдану арқылы)
	1.3.2.6 ынталандыруға жауап беру, ересектерді атымен және әкесінің атымен (есімдерімен) атау, фразаны қарым-қатынастың бейвербалды құралдарымен толықтыру (мимика, қимыл)	2.3.2.6 дыбыстап сөйлеуді тыңдау, тыныш және қатты, баяу және жылдам сөйлеуді ажырату	3.3.2.6 мазмұны мен суреттер сериясын алдын-ала талқылауға негізделген шағын мәтіндерді айтып беру (оқушылардың жеке мүмкіндіктеріне сүйене отырып)	4.3.2.6 логопедпен бірге сурет жоспарын, пиктограммалар мен сөйлеу тілін қолданып, ойыншықтар, сүйікті заттар, қызықты жағдайлар туралы қысқаша сипаттама әңгімелер құру
	1.3.2.7 тілек, өтініш білдіру кезінде сөйлеу этикетінің қарапайым формаларын қолданып, сенсорлық	2.3.2.7 үлгі бойынша фразаны үлгі бойынша	3.3.2.7 ілік септігіндегі зат есім + "Жоқ"… моделін қолдану арқылы екі сөзден құралған сөйлем құру (	4.3.2.7 есімдіктерді қолдана отырып,

	планшетті қолданып сұрақтарды тыңдау және түсіну	толықтыру, жетілдіру: зат есім+ етістік	Аюдың төлі ме? Жоқ. Аюдың төлі емес.)	экскурсия іздері бойынша диалогты бастап, жүргізу

4) "Оқылым және жазылым" бөлімі:

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары			
	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
4.1. Балама оқу.	1.4.1.1 "ойыншықтар", "қуыршақ", "доп", "машина" пиктограммаларын тану және ажырату	2.4.1.1 "мама", "папа", "бала", "ата", "әже" пиктограммаларын тану және пайдалану	3.4.1.1 "ағаш", "шырша", "гүл" пиктограммаларын тану және пайдалану	4.4.1.1 "Мектеп пәндері" сериясындағы пиктограммалармен жұмыс істеу: "дәптер", "қарындаш", "бояулар", "санау", "жазу", "сурет салу"
	1.4.1.2 көлденең, тік, қиғаш сызықтармен сопақшаларды салыстыру, ажырату және сызу	2.4.1.2 "аға", "апай", "ит", "ат", "мысық", "қар" "жаңбыр" "ауыз", "аяқ", "жылау", "тамақтану" пиктограммаларын фотосуреттермен сәйкестендіру	3.4.1.2 А-ны тану (контур бойымен кесілген әріп - биіктігі 10 және 5 см)	4.4.1.2 сөздегі "А", "Ә", "Ө", "У", "М", "Н" дыбыстарының орнын анықтау (сөздің басында немесе соңында)
	1.4.1.3 антропоморфты ойыншықтармен және суреттермен визуалды және аудио жаттығулар жасау: "Қоян мен аюды мұқият қарап, тыңдап, көрсет..."	2.4.1.3 нысандардың егжей-тегжейін көрсету үшін (қоянның құлағы) - немесе олардың суреті бар суретті таңдау	3.4.1.3 "Жануарлар" сериясынан пиктограммаларды тану және оларды суреттермен және көлемді моделдермен сәйкестендіру	4.4.1.3 элементтерден құрастыру, қайта құру, "А", "У", "Ә", "Ө", "Т" әріптерін оқу
	1.4.1.4 өлеңнің әр жолына екі суреттің бірін таңдау	2.4.1.4 Етістік бойынша нұсқауларын түсіну "Дұрыстап қара ... тында және көрсет" және "Атап шық, ал мен көрсетемін" орындау	3.4.1.4 басқалардың ішінен екі бірдей пиктограмманы таңдау (мысалы, "қуыршақ" — "аю" — "машина" — "қуыршақ").	4.4.1.4 "Медициналық кабинет", "Жаяу жүргіншілер өткелі", "Жаяу жүргіншілер қозғалысына тыйым салынады" деген ақпараттық, ескерту және тыйым салу белгілерін таңдау, бағдаршам сигналдарын "оқу"
	1.4.2.1 жазу үшін заттарды қарастыру және көзін тоқтату, оларды барлық жағынан қарау үшін	2.4.2.1 үлкен щеткамен, губкамен, қолмен түрлі-түсті дақтар жасау және оларды нақты заттармен (күн,	3.4.2.1 қарапайым, түрлі-түсті қарындаштармен, шарикті қаламмен сызу және бояу,	4.4.2.1 қылқаламның ұшымен бояу және жанасу әдістерімен бояулармен сурет салу, үлгі бойынша

	қолына ұстап жылжыту (мұғаліммен бірге)	бұлт) байланыстыру , оларды мұғалімнің көмегімен атау	қағаз парағын бояумен бояу (үлкен щеткамен)	жолақшада нүктелермен өрнектер салу
	1.4.2.3 заттық бейнелермен балалардың бейнелерін қуыршақтың, доптың, аюдың, текшелердің, барабанның, машинаның, шелектің бейнелерімен сәйкестендіру	2.4.2.3 альбом бетінде маркермен, қарындаштармен дөңгелектелген заттарды салу және оларды мұғалімнің көмегімен бояу (доп , бағдаршам).	3.4.2.3 қылқаламның ұшын пайдаланып бояулармен бояу (" Үйде шамдар жанды", "Ағаштар бүршік атты", " Жапырақтар гүлдеді ")	4.4.2.3 нүктелер мен үзілмелі нүктелер бойынша тік және көлденең түзу және қисық сызықтарды " жазу"
	1.4.2.4 "Көліктің жолы", "Суда қаз жүзеді", "Тамшылар " сызықтарын ажырату	2.4.2.4 бормен тақтаға, дымқыл саусақпен түрлі-түсті қағазда дөңгелек пішіндермен сызықтарды ауызша нұсқау бойынша ырғақты түрде сурет салу	3.4.2.4 жолақшада нүктелерден оюларды сызу	4.4.2.4 текше, шеңберде, жолақтағы элементтердің үлгілерін құру
4.2. Графика және жазылым.	1.4.2.5 жарқын дақтарға, бояуларға, штрихтарға, соққыларға эмоционалды түрде жауап беру, нақты заттармен, оқушылармен байланыстыру	2.4.2.5 ішкі трафареттерге, металл пішіндерге қара қарындашпен айналдыра сызу (М. Монтессори материалдары)	3.4.2.5 дайын элементтерден АТАТ, ААТТААТТ сызбасы бойынша оюларды текшеде, жолақшада жазу	4.4.2.5 элементтерді АТАТ,ААТТААТТ сызбасы бойынша жазу ("Анамның моншақтары" АТАТ , ААТТААТТ, ААТААТ, тізбектегі элементтерді ауыстыру
	1.4.2.6 қарындашты жұдырықпен қысып , қағазды бос қолмен ұстап, щетканы немесе қарындашты дұрыс ұстау	2.4.2.6 нүктені тану, "жазу": әр түрлі контейнерлерге (науаға, ыдысқа) салынған жармаға (құмға) саусақпен, маркер, фломастермен қағаз парағында музыкалық аспаптардың ырғақты соққыларына немесе мұғалімнің шапалақтарына сәйкес "жазу"	3.4.2.6 жолақта және шеңберде мұғалімнің іс-әрекетіне еліктеп және үлгі бойынша өрнек салу (орманда-үлкен және кішкентай шыршалар; көшеде-биік және төмен үйлер	4.4.2.6 үлкен қағаз парақтарында маркермен, щеткалармен, қарындаштармен түзу және қисық сызықтарды салу
			3.4.2.7 мұғалімнің көмегімен және өз	4.4.2.7 А, Ә, О, Ө, Т, М, Н, (биіктігі 10 см) трафарет бойынша

			бетінше сызғыш бойынша парақты сызып шығу	өз бетінше немесе мұғалімнің көмегімен "жазу"

39. Бағдарлама зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 1-4 сыныптары үшін "Белсенді қозғалуға бағытталған жеке және топтық сабақтар" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

40. Оқу мақсаттарын сыныптар мен тоқсандар бойынша бөлу ұсыныс түрінде берілген. Мұғалім әр оқушының мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу мақсаттарын жеке анықтайды.

Параграф 3. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 1-4 сыныптары үшін "Сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспары

1) 1 сынып

Өтпелі ортақ тақырыптар	Бөлімшелер / Оқу мақсаты			
	Сөйлеу тілінің психомоторлық негізі	Қатынас	Тілдің дыбысталуы	Оқылым және жазылым
	1 тоқсан			
1-2 апта: оқушыларды бақылау және тексеру; 3-ші апта "Мен, менің денем"; 4-ші апта "Жемістер, жидектер"; 5 –ші апта "Көкөністер"; 6-ші апта "Менің ойыншықтарым"; 7 –ші апта "Менің отбасым"; 8-ші апта "Менің үйім" 9-ші апта "Менің мектебім"	1.1.1.1 жақында қозғалып келе жатқан затты көзімен бақылау (жазықтықта, тігінен, дөңгелек бойына, алға/артқа) 1 минут ішінде	1.1.2.1 педагогпен бірлесіп, статикалық және динамикалық тепе тендікке арналған саусақ жаттығуларын орындау	1.3.1.1 ойындарға арналған заттарды қолдану мүмкіндіктерін ұсыну: қуыршақтармен, диванда, орындықтарда, үстелде жұмсақ пішінді ойыншықтармен ойнау	1.4.1.1 "ойыншықтар", "қуыршақ", "доп", "машина" пиктограммаларын тану және ажырату
	1.1.2.1 педагогпен бірлесіп, статикалық және динамикалық тепе тендікке арналған саусақ жаттығуларын орындау	1.2.2.2 аты мен фамилиясына аудио және сөйлеу реакцияларын білдіру		1.4.2.1 жазу үшін заттарды қарастыру және көзін тоқтату, оларды барлық жағынан қарау үшін қолына ұстап жылжыту (мұғаліммен бірге)
2 тоқсан				
1 –ші апта "Менің киімім"; 2 –ші апта "Менің аяқ киімім";		1.2.1.2 ым-ишара, патомимикамен көрсету: "Мен: көремін, естимін, тыныс аламын, иіскеймін, айтамын,	1.3.1.2 "Мен-баламын" ("Менің денем және Мен", "Менің сезімдерім мен	

3-ші апта "Азық түлік"; 4 –ші апта "Ыдыстар"; 5 –ші апта "Жиһаз"; 6-ші апта "Шырша мерекесі"; 7 –ші апта "Шырша мерекесі"	1.1.1.2 адамның бетіне, фотосуретке 30 секундқа қарау	тамақтанамын", "Қолдарым – мен бәрін жасай аламын", "Аяқтар — мен жүремін", "Мен көңілдімін, күлемін, жылаймын", "Мен ойнаймын, менің ойыншықтарым"	қажеттіліктерім") тақырыптық шеңбердегі заттар мен суреттерді үш заттың ішінен нұсқаулыққа сәйкес тауып, оларды көрсету, атау	1.4.1.2 көлденең, тік, қиғаш сызықтар мен сопақшаларды салыстыру, ажырату және сызу
	1.1.2.2 педагогпен бірге, еліктеу бойынша жұдырықтарды жұму, ашу	1.2.2.3 қоршағандармен әртүрлі жағдайларда тұрмыста, мерекелерде қарапайым сөз арқылы қатынасқа дайындығын көрсету	1.3.2.1 өзінің тыныс алу, дауыс шығару және артикуляция мүшелерін табу және көрсету, дауыс перделерінің дірілін сезіну	1.4.2.3 заттық бейнелермен балалардың бейнелерін қуыршақтың, доптың, аюдың, текшелердің, барабанның, машинаның, шелектің бейнелерімен сәйкестендіру
	1.1.2.3 кабинет кеңістігінде бағдарлау,алдыға, артқа бағыттарын көрсету			
	3 тоқсан			
1-ші апта "Қыс қызығы"; 2 –ші апта "Қыстық киім және аяқ киім"; 3-ші апта "Үй жануарлары"; 4-апта "Жабайы аңдар" 5 –ші апта "Үй құстары"; 6-ші апта "Жабайы құстар"; 7-ші апта "Көлік"; 8-ші апта "М Анамының мерекесі"; "Наурыз мерекесі"	1.1.1.3 суреттерден ойыншықтарды табу (түрлі-түсті сурет-иллюстрация, оқушының көзінше ересек адам салған сурет, екі-төрт бөліктен тұратын сурет)	1.2.1.3 музыка тындау кезінде эмоциялардың ым-мшара қимылдарын "оқу"	1.3.2.1 өзінің тыныс алу, дауыс шығару және артикуляция мүшелерін табу және көрсету, дауыс перделерінің дірілін сезіну	1.4.1.3 антропоморфты ойыншықтармен және суреттермен визуалды және аудио жаттығулар жасау
	1.1.1.4 таныс ойыншықты жеке бөлшектері, оған тән дыбыстары бойынша (дыбыстық ойыншықтар), сипап сезу арқылытану	1.2.2.4 мультимедия құралдары көмегімен жазылған сөздерді (тақпақтар, ертегілер) қызығуын көрсетіп тындауын	1.3.2.3 [а, ә, у, и, о, ө] дыбыстарын жеке дұрыс айту {қыз ән айтады: а-а-а, Қасқыр ұлиды: у-у-у); дыбысқа еліктеу, тақпақтар материалында	1.4.2.4 "Көліктің жолы", "Суда қаз жүзеді", "Тамшылар" сызықтарын ажырату
	1.1.2.4 педагог берген бағыт және қолдан ұстау бойынша сенсорлы жолдармен қозғалу		1.3.2.5 дауысты, тірек дауыссыз дыбыстардың орнын ауыстырып, буындар серияларын құрып, айту (қойылған	1.4.2.5 жарқын дақтарға, бояуларға, штрихтарға, соққыларға эмоционалды түрде жауап беру, нақты заттармен,

			дыбыстардың бәрін дұрыс айту)	оқушылармен байланыстыру
	4 тоқсан			
1-ші апта "Ағаштар"; 2-ші апта "Гүлдер"; 3-ші апта "Жәндіктер"; 4-ші "Көктем киімдері"; 5 –ші апта "Балықтар"; 6-ші апта "Жемістер"; 7-ші апта "Көкөністер"; 8-ші апта "Жидектер"; 9-ші апта "Жаздық киімдер"; "Балалардың жаздық ойындары"	1.1.1.5 құлақ (иық, бел) тұсында тұрған дыбыстың қозғалмайтынкөзін табу	1.2.2.1 бір әрекеттік нұсқауды түсіну (Ал! Отыр! Бер!)	1.3.2.4 ерте және орта онтогенез дауыссыздарын тік буындарды айту: қа-қа-қа, та-та-та	1.4.1.4 өлеңнің әр жолына екі суреттің бірін таңдау
	1.1.2.5 берілген бағытта ойыншықпен (сылдырмақ, таяқшасы бар лента) , сенсорлы және ойын жолдарымен жүру		1.3.2.6 ынталандыруға жауап беру, ересектерді атымен және әкесінің атымен (есімдерімен) атау, фразаны қарым-қатынастың бейвербалды құралдарымен толықтыру (мимика, қимыл)	1.4.2.6 қарындашты жұдырықпен қысып , қағазды бос қолмен ұстап, щетканы немесе қарындашты дұрыс ұстау
			1.3.2.7 тілек, өтініш білдіру кезінде сөйлеу этикетінің қарапайым формаларын қолданып, сенсорлық планшетті қолданып сұрақтарды тыңдау және түсіну	
Төртінші тоқсанның соңғы екі аптасы: Білім алушылардың сөйлеу құралдарының жағдайын логопедиялық тексеруден өткізу.				
2) 2сынып				
Өтпелі ортақ тақырыптар	Бөлімшелер / Оқыту мақсаты			
	Сөйлеу тілінің психомоторлық негізі	Қатынас	Тілдің дыбысталуы	Оқылым және жазылым
	1 тоқсан			
1-2 –ші апта оқушыларды бақылау және тексеру; 3 –ші апта "Менің отбасым"; 4-ші апта "Мен, менің денем" "Мен ұлмын, мен қызбын";	2.1.1.1 1 минут бойы баланың алдында (баланың оң жағында, сол жағында) жоғары, төмен және көз деңгейінде орналасқан қозғалмайтын затқа көзді тоқтату	2.2.1.1 негізгі эмоцияларды білдіретін эәне олардың негізгі белгілерін бейнелейтін суреттермен ойнау (көздің қимылдарын сәйкес ерін мен қастың қимылдарымен сәйкестендіру)	2.3.1.1 вербалды және бейвербалды қатынас құралдарын қолданып, мұғалімнің ауызша өтініші бойынша заттарды және олардың суреттерін көрсету, атау	2.4.1.1 "мама", "папа", "бала", "ата", "әже" пиктограммаларын тану және пайдалану

5-ші апта " Көкөністер" 6-шы апта "Жемістер, жидектер"; 7-ші апта "Менің ойыншықтарым"; 8-ші апта "Менің үйім" 9-ші апта " Менің мектебім"	2.1.2.1 педагогпен бірлесіп, өзінің қол саусақтарына массаж жасау (үлгі бойынша 3 тәсілден тұратын массаж)	2.2.2.2 өзін атау және арнайы жасалған жағдайда, атын естігенде жауап беру	2.3.2.1 айна алдында ерін мен тілге арналған жаттығуларды орындау: күлу-түтікше, тілді көрсету-тілді жасыру (үлгі бойынша) еліктеу бойынша.	2.4.2.1 үлкен щеткамен, губкамен , қолмен түрлі-түсті дақтар жасау және оларды нақты заттармен (күн, бұлт) байланыстыру , оларды мұғалімнің көмегімен атау
	2 тоқсан			
1 –ші апта "Менің киімім"; 2 –ші апта "Менің аяқ киімім"; 3-ші апта "Азық түлік"; 4 –ші апта " Ыдыстар"; 5 –ші апта "Жиһаз"; 6-ші апта "Шырша мерекесі"; 7 –ші апта "Шырша мерекесі"	2.1.1.2 мұғаліммен бірге дене бөліктерін фотосуретте және өзіңізде көрсету	2.2.1.2 сөйлеу тілінің анықтылығын есту, сұрулы ояту интонациясына сәйкес мимикалық реакцияларды түсіну	2.3.1.2 үш зат пен суреттің арасынан " Бала әлемі" тақырыбы (менің ойыншықтарым, үйім, Отбасым, мектебім және достарым) ішіндегі заттарды табу: қуыршақ, доп, аю, текшелер, барабан, машина, шелек, көрсету және атау	2.4.1.2 "аға", "апай", "ит", "ат", "мысық", "қар" "жаңбыр" " ауыз", "аяқ", " жылау", "тамақтану " пиктограммаларын фотосуреттермен сәйкестендіру
	2.1.2.2 жұдырықтарды ырғақты түрде жұму, ашу, заттарды әртүрлі ұстау әрекетін жасай отырып, ұсақ заттарды сұрыптау	2.2.2.3 сөз арқылы рөлдік ойындарға екі сөзден құралған сөйлемдерді қолданып, жұптасып қатысу	2.3.2.2 аузы ашылатын, тілі қимылдайтын, Бибабо қуыршағының (логопед қимылдатып тұрған) қимылдарын "оқу" , аузын ашып, тілін қозғалтып, қимылдарды қайталау	2.4.2.3 альбом бетінде маркермен, қарындаштармен дөңгелектелген заттарды салу және оларды мұғалімнің көмегімен бояу (доп , бағдаршам).
	2.1.2.4 педагогтің әрекеттеріне еліктеу және үлгі бойынша қимылдың бағытын көрсету			
	3 тоқсан			
1-ші апта "Қыс қызығы"	2.1.1.3 дене бөліктері бейнеленген пиктограммаларды іріктеп, дене бөліктерін өзінде, қуыршақта көрсету, суретте,	2.2.1.3 педагог бетінің қимылдарына еліктеу (айна алдында немесе онсыз) және оның қимылдарын еліктеу (аяйды,	2.3.2.3 а, ә, у, о, ө, м, н, х дыбыстарымен дауыссыздан дауыстыға, бір буыннан екіншісіне біртіндеп ауысып, сөздің буындық құрылымын сақтап, буындарды еліктеу арқылы және	2.4.1.3 нысандардың егжей-тегжейін көрсету үшін (қоянның құлағы) - немесе олардың

2-ші апта "Қыстық киім және аяқ киім" 3-ші апта "Үй жануарлары" 4-ші апта "Үй құстары" 5-ші апта "Жабайы аңдар" 6-ші апта "Жабайы құстар" 7-ші апта "Көлік" 8-ші апта "Анамның мейрамы" 9 –шы апта "Наурыз мерекесі"	пиктограммада бөліктерді атауға тырысу	құшақтайды, басынан сипайды; қуанады-қол шапалақтайды)	логопедпен бірге ДДс, ДДс, Дс+Дс моделдерін қайталап және еліктеп (ат, от, ма, та, ах, өт, мама, на) айту	суреті бар суретті таңдау
	2.1.1.4 көлемі, құрылымы жағынан ұқсас таныс заттарды сипап сезу арқылы тану, дыбыспен, ым-ишарамен, қозғалыспен тану, көрсету	2.2.2.4 отбасы мүшелерінің бір біріне сүйіспеншілікпен қарап, қатынасын білдіретін рөлдік ойындарды ым-ишара, сөздер арқылы білдіріп, ойнау	2.3.2.4 атау септігінде меңгерген зат есімдерден, есімдіктерден модел бойынша сұрақ-жауаптар құру (Бұл не?) және жауап беру (Міне қуыршақ.)	
	2.1.2.3 кеңістігінде бағдарлау,алдыға, жоғары төмен, алдыға артқа бағыттарын көрсету вперед, назад			2.4.2.5 ішкі трафареттерге, металл пішіндерге қара қарындашпен айналдыра сызу (М. Монтессори материалдары)
	4 тоқсан			
1-ші апта "Ағаштар"; 2-ші апта "Гүлдер"; 3-ші апта "Жәндіктер"; 4-ші "Көктем киімдері"; 5 –ші апта "Балықтар"; 6-ші апта "Жемістер"; 7-ші апта "Көкөністер"; 8-ші апта "Жидектер"; 9-ші апта "Жаздық киімдер"; "Балалардың жаздық ойындары"	2.1.1.5 табиғат дыбыстарын (жаңбыр, құстар мен аңдардың дауысы) және музыкалық аспаптардың дыбысын (ысқырық, барабан, ысқырық) тану	2.2.2.1 айтылған бір әрекеттік кеңістікке қатысты сөздермен нұсқауды түсіну және орындау	2.3.2.5 заттық сурет-белгілерге сүйеніп, [а, ә, у, о, ө] дауысты дыбыстарды артикуляциясын көрсетіп, дауыссыз айтуда ажырату (еріндердің қалпы салынған сурет бойынша)	2.4.1.4 Етістік бойынша нұсқауларын түсіну "Дұрыстап қара ... тында және көрсет" және "Атап шық, ал мен көрсетемін" орындау
	2.1.2.5 аудио-қимыл жаттығуларды орындау "Тында және биле..." (тақпақтың мәтініне сәйкес)		2.3.2.6 дыбыстап сөйлеуді тыңдау, тыныш және қатты, баяу және жылдам сөйлеуді ажырату	2.4.2.6 нүктені тану, "жазу": әр түрлі контейнерлерге (науаға, ыдысқа) салынған жармаға (құмға) саусақпен, маркер, фломастермен қағаз парағында музыкалық аспаптардың ырғақты соққыларына немесе мұғалімнің шапалақтарына сәйкес "жазу"

			2.3.2.7 үлгі бойынша фразаны үлгі бойынша толықтыру, жетілдіру: зат есім+ етістік	
Төртінші тоқсанның соңғы екі аптасы: Білім алушылардың сөйлеу құралдарының жағдайын логопедиялық тексеруден өткізу.				
3) 3 сынып				
Өтпелі ортақ тақырыптар	Бөлімшелер / Оқыту мақсаты			
	Сөйлеу тілінің психомоторлық негізі	Қатынас	Тілдің дыбысталуы	Оқылым және жазылым
	1 тоқсан			
1-2 апта: оқушыларды бақылау және тексеру; 3-ші апта "Мен, менің отбасым"; 4-ші апта "Мен және менің денем. Мен ұлмын, мен қызбын", "Жемістер, жидектер"; 5 –ші апта "Көкөністер"; 6-шы апта "Жемістер мен жидектер"; 7 –ші апта "Мен жақсы көретін ойындар"; 8-ші апта "Менің үйім" 9-шы апта "Менің мектебім"	3.1.1.1 белгілі бір түсті, бейнені және толық емес, шатасқан суреттегі таныс заттарды 10-15 секундта тану	3.2.1.1 айна алдында бет әлпеті бойынша тану эмоционалды жағдайларды атай білу: күледі, жылайды, мимикалық қимылдарды адекватты пантомимикамен толықтыру	3.3.1.1 таныс ойыншықтарды және олармен байланысты әрекеттерді мұғалімнің қысқаша ауызша және ым-ишара сипаттамасы бойынша тану	3.4.1.1 "ағаш", "шырша", "гүл" пиктограммаларын тану және пайдалану
12. Әрекеттік тәсіл. Өзінің білім алуының мақсаттарын өздігінен белгілей алуы, таным іс-әрекетінің жаңа міндеттерін өзі үшін айқындап қоюы, бағдарлау мен ұтқырлық іс-әрекетіндегі өзінің уәждемесі мен қызығушылығын дамыту, мимикада ыммен, еріксіз қалыпта, эмоциялармен еріктік әсерінен болатын экспрессивті қозғалыстарды, дене қозғалыстарды дамыту; мақсатқа жету жолын (альтернативті) өздігінен жоспарлай білуі, бағдарлау мен ұтқырлықтағы оқу және танымдық міндеттерін шешудің тиімді тәсілдерін таңдай алуы; өзінің әрекетін жоспарланған нәтижелерге сәйкестендіре білуі, нәтижеге жету барысында өзінің іс-әрекетін бақылауға алуы, ұсынылған шарт пен талаптар аясында әрекет ету тәсілдерін анықтауы , бағдарлау мен ұтқырлыққа байланысты өзгермелі жағдаятқа сәйкес өз әрекетін реттеуі , оқу міндеттерінің дұрыс орындалуы мен оны шешудегі өзінің мүмкіндіктерін бағалай алуы.

13. Дифференциалді тәсілі балалардың психофизикалық даму деңгейіне, көру жағдайын, қабылдау тәсіліне (тактильді, көру, есту) байланысты дифференциалді тапсырмаларын пайдалануды ұйғарады және арнайы жұмыс формалары мен

әдістемелерін, төлтума оқулықтарын, көрнекі құралдарын (пиктограммалар, сюжеттік суреттер), тифлотехниканы қолдануды, сынып пен топтың сыйымдылығын азайтуды және жеке-топшада оқыту әдістемелерін қамтиды.

14 Коммуникативті тәсіл. Коммуникативті тәсілдемеге сәйкес оқу процесіне келесі дағдыларды қалыптастыруға ықпал ететін тапсырмалар кіреді:

1) мұғаліммен, құрбыларымен ынтымақтасқан және бірлескен оқу іс-әрекетін ұйымдастыру біліктілігін қалыптастыру;

2) балалардың жеке және топта жұмыс істеу, ұстанымдары мен қызығушылықтарын ескеру негізінде дау-дамайдың шешімін табу;

3) өз пікірін тұжырымдау, дәлелдеу және қорғау;

4) өз сезімін, ойын, қажеттілігін білдіру үшін, өз іс-әрекетін жоспарлау және реттеу үшін коммуникативті міндеттерге сәйкес сөйлеу тілі құралдарын саналы түрде қолдана білу дағдыларын дамыту;

5) өз қызметін жоспарлау және реттеу.

15. Ойын арқылы оқыту. Негізгі әдістемелік тәсілдер ретінде драматизация және театрландыру әдістері, ойын-қойылымдары қолданылады, рөлдік, жағдаяттық, жаттығу мен тренингтерде көрініс табады.

16. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды бағдарлау мен ұтқырлық аумағында қолдану құзыреттілігін қалыптастыру мен дамыту: мультимедиялық ресурстарды пайдалану; интернеттен мәліметтер мен ақпараттарды іздеу; оқытудың белсенді түрлерін техникалық тұрғыдан қолдау үшін интерактивті тақталарды пайдалану; білім алушылармен, мұғалімдермен жұмыс істеу үшін байланыс арналары бойынша ынтымақтастық, қарым-қатынас және ақпаратпен алмасу үшін электронды байланыстарды қолдану, онлайн форумдарына, оқытудың виртуалді ортасына қатысу.

17. Оқу іс-әрекетінің негізгі түрлері:

1) оқу, әңгімелесу, талқылау, мазмұндау, мәнерлеп сөйлеу, талдау, көрсету, демонстрациялау;

2) импровизация ойындары, ережелері бар ойындар, сюжетті ойындар, дидактикалық және театрланған ойындар, драматизация ойындары;

3) қойылым үзінділерін (этюдтарды), жаттығуларды, бейнефильмдерді, миниатюраларды, пьесаларды, театрландырылған қойылымдарды көру және талдау;

4) иллюстрацияларды, муляждарды, бедерлі портреттерді, сурет нысаналарын және сюжетті картиналарды (көру қалдығы кезінде) қарастыру және талдау;

5) психогимнастикалық жаттығулар мен ойындар;

6) ертегітерапия, арттерапия, музыкотерапия, кинезитерапия, креативті ойын элементтері бар ойындар;

7) тыныстау, көру, саусақ, мимикалық гимнастикалары;

8) жалпы моториканы дамыту үшін динамикалық үзілістер.

18. Сабақтың құрылымдық компоненттері:

1) 1-кезең – бұлшық ет тырысуын жою немесе олардың тонусын көтеру;

2) 2-кезең – мимикамен, жестпен және дене қалпымен танысу;

3) 3-кезең – бет пен дененің мәнерлі қимылдарына үйрету, іс-әрекетті вербализациялау;

4) 4-кезең – қарым-қатынастың тілдік және тілдік емес құралдарын қойылым үзіндісіне (этюдқа), ойынға, сахналауға енгізу;

5) 5-кезең – мимика және пантомимика арқылы эмоциональді жай-күйді, көңіл-күйді және мінездің жеке қасиеттерін түзетуге үйрету.

19. "Мимика мен пантомимиканы дамыту" пәні бірнеше пәндерден білімді қамтитын интеграцияланған курс болып табылады: "Кеңістіктік бағдарлау" - бағдарлау мен өмірлік дағдыларды дамыту; "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" – өзіне – өзі қызмет көрсету дағдыларын пайдалану; "Түзету ырғағы", "Бейімделгіш дене шынықтыру" - қозғалысты үйлестіруді дамыту.

20. Арнайы білім берудегі білім алушылардың "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәні бойынша жетістіктерін бағалау сапалық-сипаттамалық, эмоционалды түрде болады (өзінің мүмкіндіктеріне дұрыс қатынас қалыптастыру) және білім алушылардың коммуникативті, мимикалық, эмоционалды және сезім дағдыларының дамуы мен қалыптасуының табысты мониторингіне негізделді.

21. Бағдарлама бойынша оқыту нәтижелігі үш деңгейде қарастырылады және сипаттау түрінде беріледі:

1) меңгеруге тырысады;

2) көмекпен (ересектің, құрбысының) меңгереді;

3) өздігінен меңгереді; жетекші құзыреттілігі бойынша.

3-тарау. "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәнінің мазмұны

22. "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 11-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;

2) 12-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты құрайды.

Пәннің оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы типтік оқу жоспарына сәйкес жасалды (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

23. "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) "Психобұлшық ет аппаратын жаттықтыру";

2) "Сезімдерді қабылдау және эмоционалдық жағдайы";

3) "Қарым-қатынастың сөйлеу тілі және тілдік емес құралдарын практикада қолдану ";

4) "Сөйлеу тілінің интонациясын дамыту";

5) "Мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру";

6) "Мимика және пантомимика құралдарымен көңіл-күйді және мінездің жеке қасиеттерін түзету".

24. Курстың барлық бөлімдері өзара байланысты, бөлімдер өзара қиыстырылуы, бір-бірін өзара толықтырыла алады. Бір сабақта бөлімдер мен оқу әрекетінің түрлері үйлестіріле алады. Мысалы, "Практикада қарым-қатынастың тілдік емес құралдарын пайдалану және оларды іс-әрекетте дұрыс жасай алу біліктілігін қалыптастыру" тарауының мазмұнын "Сөйлеу тілінің мәнерлігін дамыту" тарауының элементтерімен үйлестіруге болады.

25. "Психобұлшық ет аппаратын жаттықтыру" бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:

1) психобұлшық ет аппаратын жаттықтыру.

26. "Сезімдерді қабылдау және эмоционалдық жағдайы" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) сезімдермен танысу;

2) сезімдерді тану, атау, сипаттау;

3) мимика мен пантомимиканы жаңғырту бөлімшелерін қамтиды.

27. "Қарым-қатынастың сөйлеу тілі және тілдік емес құралдарын практикада қолдану" бөлімі төмендегі бөлімшелерді қамтиды:

1) жесттерді, мәнерлі қимылдарды орындауға жаттығу бөлімшесін қамтиды;

2) қылықты модельдеу.

28. "Сөйлеу тілінің интонациясын дамыту" бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:

1) интонациямен айтуды үйрету бөлімшесін қамтиды.

29. "Мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру" бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:

1) мәдени тәртіп пен қарым-қатынастың адекватты тәсілдері бөлімшесін қамтиді.

30. "Мимика және пантомимика құралдарымен көңіл-күйдің және мінездің жеке қасиеттерін түзету" бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:

1) көңіл-күйді және мінездің жеке қасиеттерін түзету бөлімшесін қамтиды.

31. 11-сыныпқа арналған "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәнінің базалық мазмұны:

психобұлшықетті жаттығулар:

1) аутогенді жаттығулар мен бейне үзінділерді қолдану арқылы организмдегі мимикалық, пантомимикалық, эмоционалды процесстерді саналы түрде түзету, көркем шығармаларды, кескіндемені,муляждарды, пиктограммаларды, бедерлі портреттерді қолдану;

2) эмоционалды жай-күйді қабылдай білуге, сәйкесінше сөйлеу мәнерімен қоса оларды мимикалық және пантомимикалық қимылдарымен жаңғыртуға үйрету:

3) дәмелену/өкіну, аққөңілдік/қызғаныш сияқты эмоцияларын білдіруге байланысты мимикалық, пантомимикалық қимылдарды және сөйлеу интонациясын бекіту;

4) күлкінің (қызықты, табашыл, аяусыз, ұнамсыз, жасанды және риясыз) мазмұндық қырларын ажырату және орынды бағалау;

5) тұлғаның мимикалық мінездемесін сипаттау және орынды бағасын беру: күшті-әлсіз, белгісіз – үйлесімді, стереотипті – жеке;

6) мінез ерекшеліктерді, көңіл-күйді, эмоцияларды сипаттау және орынды баға беру : жағымпаздану, менсінбеушілік, тәкаппарлық, жабырқау, қайғыру, қуану, шаттану, мұңаю, жек көру, құрметтеу;

7) көңіл-күйі мен сезімін анықтау: дәмелену/өкіну; аққөңілдік/қызғаныш;

8) күлкінің түрлерін ажырату: (жасанды, табиғи, жеңіл, кең);

9) музыкалық туындының көңіл-күйін анықтау (көңілді, жалынды, мұңды, қайғылы);

10) жүрістің түрлерін көрсету: ырғақты – ырғақтың бұзылуымен, бір қалыпты, босаң, теңселіп;

11) сюжеттік қойылым кейіпкерлерінің қалыптасушы эмоционалдық күйін жаңғырту;

қарым-қатынастың тілдік және тілдік емес құралдарын практикада пайдалану және оларды іс-әрекетте дұрыс жаңғырту біліктілігін қалыптастыру:

1) белгі – ишараттарды (біреудің қабылдауына және ақпарат беруге арналған), ишарат сигналдарды (еріксіз, өздігінен және біреудің қабылдауына арналмаған), көрнекілендірілген ишараттарды (сөйлеген сөзіне сай келетін) пайдалану;

2) өзіне сенімділік, күш ишаратын, бағалау ишаратын, жақсы көңіл-күй ишаратын, ашықтық ишаратын орынды қабылдау және көрсету;

3) эмоционалдық күйлерді, ишараттарды, сыртқы сигнал қалыптарын тану;

4) көркем шығарма кейіпкерлерінің эмоционалдық күйін сахналау, драмаландыру әдістерін қолдану;

5) ым-ишараларды формальды-динамикалық ерекшеліктері бойынша бағалау (әңгімелесушінің қашықтығына байланысты орынды амплитуданы пайдалану және ишараттарды таңдау: жақын қашықтықта – саусақтарды ғана бүгу, қашықтық ұлғайғанда – қолмен шынтақтан қозғалыс жасау, мұнда амплитуда жарты метрге дейін жетеді);

6) белгілі жағдайдағы жүріс-тұрысты модельдеу: дәмеленуді, өкінуді, аққөңілдікті, қызғанышты орынды білдіру;

7) педагогтың, кітапханашының, аспаздың кәсіби қызметіне байланысты әрекеттерді жасап көру;

8) психотерапевттік бағыттағы этюдтер мен ойындарды ойнату: "Бұл-мен", "Өзім туралы айтамын", "Менің әлемім";

9) қарым-қатынастың пәндік-әрекеттік құралдарын пайдалану: қарым-қатынас үшін қозғалыстық және заттық қозғалыстар, қалыптарды пайдалану, жақындату, алыстату, заттарды ұсыну, басқа адамды өзіне тарту, итеру, қарсылықты, байланысқа шығудан жалтару немесе кері жағдайды, байланысқа шығуды қалауды білдіретін қалыптар;

10) би қозғалыстарын жасау, билеу, жарқын, икемді бейнені жасау;

сөйлеу тілінің интонациясын дамыту:

1) адамның дауыс ырғағын беру және ағымдағы жағдайын көрсету;

2) көпшілік алдында сөз сөйлеу кезінде басқа адамның эмоционалдық күйін дауыс ырғағын және үнін анықтай білу;

3) мысалдың, өлеңнің кейіпкерін сөйлеу интонациясы арқылы кейіпкерін анықтау;

мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру:

1) қарым-қатынасты әрқайсысы қызметтің объектісі және субъектісі болатын әріптестердің ерекше өзара байланысы ретінде түсіну;

2) жаттық сезімін еңсеру, аралас ұжымдарда тұлғааралық қарым-қатынас процестің қиындығын еңсеру;

мимика және пантомимика құралдары мен көңіл-күйдің және мінездің жеке қасиеттерін түзету:

1) адамның көңіл-күйін жүрісі, мүсіні, ишараттары арқылы анықтау;

2) актерлік еркіндік жағдайына жету, белгілі бір әдеби сюжетті этюдті, суырып салмалық әдіспен ойната білу;

3) эмоцияларыңызды басқару қабілетін бекіту.

32. 12-сыныпқа арналған "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәнінің базалық мазмұны:

психобұлшық ет аппаратын жаттықтыру:

1) жүріс-тұрысты, сезімді, көңіл-күйді, эмоцияларды саналы түрде түзету;

2) дене қозғалысының жекелеген қимылдарын, еріннің жеңіл дірілінің шағын микро белгілерін түсіну;

3) жүріс-тұрысты, сезімді, эмоцияларды саналы түрде түзету мақсатында бет бұлшықеттерінің жағдайын басқару;

4) өз эмоцияңды ажырату және олардың не себепті туындап, қандай әсерден өзгеретінін түсіну, өз эмоционалдық күйіңді басқару;

5) эмоционалды жай-күйді қабылдай білуге, сәйкесінше сөйлеу мәнерімен қоса оларды мимикалық және пантомимикалық қимылдарымен жаңғыртуға үйрету;

мимикалық, пантомимикалық қозғалыстарды, эмоцияны білдірумен байланысты сөйлеу интонацияларын бекіту:

1) зәрлілік, келеке, кейігіштік, ұнату, сүйсіну, елігушілік, ұмтылғыштық, түсінбестік , абыржу;

2) берілген эмоцияларды бағдарламалық көркем туындылардың материалдарынан анықтау және таныс туындылардан мәні бойынша қарама-қарсы эмоцияларды сипаттау ;

3) берілген эмоцияға миниатюра, композиция құру;

4) эмоцияларды олардың суретте, фотода, портретте бейнеленуі бойынша сипаттау және бағалау;

5) театрландырылған миниатюраларды, сюжеттік-рөлдік ойындарды, тұрмыстық миниатюраларды ойнауда жаттығуларды қолдану;

6) тілдік және тілдік емес қарым-қатынас құралдарын қолдану;

7) эмоционалды жағдайды берумен байланысты өмірлік жағдайларды модельдеу;

8) ишарат түрлерін ажырату және тиісті баға беру (ырғақты, эмоционалдық, нұсқауыштық, бейнелі, символдық, көрнекі, бейімдеуіш ишараттары, "паразит" ишараттары, тиым салатын, ескертетін, қорғаныс ишараттары, зерігу, үрей, сенім ишараттары);

9) формальды-динамикалық ерекшеліктері (саны) және мазмұны бойынша бағалау және ишараттарын жасау;

10) театр түрлерін ажырату: едендегі театр, үстел театры, көлеңкелі театр;

11) ұжымдық шығармашылық дағдыларын меңгеру, ансамбль шарттарын сақтау, қисынды және өзара шартталған қарым-қатынас жасай білу;

сөйлеу тілінің интонациясын дамыту:

1) қуаныш/қамығу, тарту/итеру, жігерлендіру/қынжылту, ренжу/қорлаудың интонациялық боямасын бекіту;

2) сезімдерді, эмоционалды күйді, қуанышты, қайғы-қасіретті, тартымдылықты, ренішті, жігерлендіруді, қайғы-қасіретті, ренішті, қорлауды жеткізуде жаттығуларды қолдану;

3) өз сөзінде интонацияны, экспрессивті үзілістерді, дауысты жоғарылату немесе төмендету, семантикалық стрессті қолдануға арналған жаттығулар;

4) театр және ойын іс-әрекеті процесінде диалогтік сөйлеуді қолдану;

мимика пантомимикасы арқылы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру:

1) театрда мәдени жүріп-тұру дағдыларын меңгеру, сахнада болып жатқан нәрселерге орынды пікір білдіру;

2) белгілі сигналдарды саналы түрде беру үшін еркін экспрессивтік қозғалыстарды пайдалану: сөйлеу барысындағы көрнекілік ретінде көз қысу, сыпайы назар салу, грим, мысқылдаған бет әлпеті, көрнекі сөйлеу;

мимика және пантомимика құралдары мен көңіл-күйдің және мінездің жеке қасиеттерін түзету:

1) берілген эмоцияға өз сезімін сипаттай білу: менің әңгімелесуші адамға деген көзқарасым қандай;

2) теріс мінез ерекшеліктеріне, эмоциялардың өзгермелілігіне моральдық баға беру;

3) басқа адамға ұнатпау сезімін баса білу және оны орынды білдіру;

4) тұлғаның әлеуметтік ортада туындайтын мінезіне баға беру (сараңдық, мейірімділік, адалдық, өкінушілік, опық жеу, мойынсыну, енжарлық, өзін-өзі дәріптеу).

Параграф 2. Оқыту мақсаттарының жүйесі

33. Оқыту мақсаттарын ыңғайлы қолдану үшін және мониторинг жүргізу үшін Бағдарламаға код енгізілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлімі мен бөлімшені, төртінші сан оқыту мақсатының нөмірленуін көрсетеді. Мысалға, 11.2.1.1 кодында: "11" - сынып, "2.1" - бөлімше, "1" - оқыту мақсатының нумерациясы.

34. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) "Психобұлшық ет аппаратын жаттықтыру" бөлімі:

1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары	
	11-сынып	12-сынып
1.1. Психобұлшық ет аппаратын жаттықтыру	11.1.1.1 жүріс-тұрысты, сезімді, эмоцияларды саналы түрде түзету мақсатында аутогенді психобұлшықетті жаттығу жасау дағдыларын игеру; 11.1.1.2 әдеби туындыларды ойнатуға арналған қолданбалы материалды пайдалану (суреттер, көрнекіліктер) (қалдық көру қабілеті бар оқушыларға арналған); 11.1.1.3 экспрессивті-мимикалық әрекеттер жасау: күлімсіреу, көзқарас, қол мен дененің мәнерлі қозғалыстары, мәнерлі леп білдіру	12.1.1.1 жүріс-тұрысты, сезімді, көңіл-күйді, эмоцияларды саналы түрде түзету; 12.1.1.2 дене қозғалысының жекелеген қимылдарын, еріннің жеңіл дірілінің шағын микро белгілерін түсіну; 12.1.1.3 жүріс-тұрысты, сезімді, эмоцияларды саналы түрде түзету мақсатында бет бұлшықеттерінің жағдайын басқару; 12.1.1.4 өз эмоцияңды ажырату және олардың не себепті туындап, қандай әсерден өзгеретінін түсіну, өз эмоционалдық күйіңді басқару

2) "Сезімдерді қабылдау және эмоционалдық жағдайы" бөлімі:

2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары	
	11-сынып	12-сынып
2.1. Сезімдермен танысу	11.2.1.1 Мінез ерекшелігінің, эмоциялардың түрлерін ажырату: дәмелену/өкіну, аққөңілдік/ қызғаныш; 11.2.1.2 Күлкінің (қызықты, табашыл, аяусыз, ұнамсыз, жасанды және риясыз) мазмұндық қырларын ажырату және орынды бағалау	12.2.1.1 Мінез ерекшелігінің, эмоциялардың түрлерін ажырату: зәрлілік/ келеке/ кейігіштік; ұнату/ сүйсіну/ елігушілік/ ұмтылғыштық; түсінбестік/ абыржу; 12.2.1.2 эмоционалдық күйін жаңғырту арқылы сюжеттік картиналардың кейіпкерлерінің мимикасын, тұрыстары мен ишарат мағынасын түсіну
		12.2.2.1 берілген эмоцияларды бағдарламалық көркем

2.2. Сезімдерді тану, атау, сипаттау	11.2.2.1 тұлғаның мимикалық мінездемесін сипаттау және орынды бағасын беру: күшті-әлсіз, белгісіз-үйлесімді, стереотипті-жеке; 11.2.2.2 мінез ерекшеліктерді, көңіл-күйді, эмоцияларды сипаттау және орынды баға беру: жағымпаздану, менсінбеушілік, тәкаппарлық, жабырқау, қайғыру, қуану, шаттану, мұңаю, жек көру, құрметтеу; 11.2.2.3 көңіл-күйі мен сезімін анықтау: дәмелену/ өкіну; аққөңілдік/қызғаныш; 11.2.2.4 күлкінің түрлерін ажырату: (жасанды, табиғи, жеңіл, кең); 11.2.2.5 музыкалық туындының көңіл-күйін анықтау (көңілді, жалынды, мұңды, қайғылы)	туындылардың материалдарынан анықтау және таныс туындылардан мәні бойынша қарама-қарсы эмоцияларды сипаттау; 12.2.2.2 эмоционалдық күйін, сезімін ажырату: зәрлілік/ келеке/ кейігіштік, ұнату/ сүйсіну, қызығушылық/ ұмтылғыштық, түсінбестік/ абыржу; 12.2.2.3 театрландырылған композицияны, пьесаны қарау кезінде кейіпкерлердің эмоционалдық күйін бағалау; 12.2.2.4 берілген эмоцияға миниатюра, композиция құру; 12.2.2.5 эмоцияларды олардың суретте, фотода, портретте бейнеленуі бойынша сипаттау және бағалау; 12.2.2.6 айналасындағылардың эмоционалдық күйін байқау, олардың айқын көріністерін ұғыну ; 12.2.2.7 белгілі сезімдер үйлесіміне миниатюра қою; 12.2.2.8 суретшінің эмоционалдық күйін картинасының түс үйлесімі бойынша анықтау; 12.2.2.9 әдеби кейіпкерлердің мінез-құлқын түрлі мінез-құлықтармен модельдеу (мейірімді/ашулы, көңілді/ мұңлы); 12.2.2.10 театрландырылған миниатюра және сюжеттік-рөлдік ойын кезінде кейіпкерлердің эмоционалдық күйін бағалау; 12.2.2.11 сахналық бейне дағдыларын игеру: қиялдағы және шын өмірдегі заттармен ойнау; 12.2.2.12 айналасындағылардың эмоционалдық күйін анықтау, олардың айқын көріністерін ұғыну
		12.2.3.1 мінез ерекшеліктерін, эмоцияларды, сезімдерді беру: қулану, келеке қылу, зәрлілік, сүйсіну, ынталы, мысқыл, абыржу ; 12.2.3.2 сезімдерді бере отырып, берілген эмоциялармен этюдтерді ойнату: зәрлілік, келеке, кейігіштік, ұнату, сүйсіну, ынтығу , албырттық, түсінбестік, абыржу;

2.3. Мимика мен пантомимиканы жаңғырту	11.2.3.1 жүрістің түрлерін көрсету: ырғақты – ырғақтың бұзылуымен, бір қалыпты, босаң, теңселіп; 11.2.3.2 дәмелену-өкіну, келеке қылу – қулану, аққөңілдік-қызғану сезімдерінің мимикамен және ишаратын модельдеу; 11.2.3.3 мүсін үшін жауап беретін бұлшықеттерді жаттықтырады; 11.2.3.4 ишаратты, тұрысты, мимиканы, пантомимиканы драматизациялау ойындарын жүргізу; 11.2.3.5 сюжеттік қойылым кейіпкерлерінің қалыптасушы эмоционалдық күйін жаңғырту (пішінді көру болған жағдайда)	12.2.3.3 дененің пластикасын, қозғалыс бағдарларын, иілгіштігін түзету; 12.2.3.4 жүрістің түрлерін көрсету: тырпылдату, "салбыраңқы" жүріс, жылдам- баяу, ауыр салмақты " тәкаппар", "кірбіңдеу", шалыну, кідіру; 12.2.3.5 мінез ерекшеліктерін, эмоцияларды, сезімдерді түзету: келеке, зәрлілік, сүйсіну, ынтығу; 12.2.3.6 сезімдерді бере отырып, берілген эмоцияда этюдтарді ойнату: мысқылдау, қулану, зәрлілік, келеке ету, кейігіштік, ұнату, сүйсіну, ынтығу, албырттық, түсінбестік, абыржу; 12.2.3.7 өмірден алынған материалдар қолданылатын тұрмыстық сахна миниатюраларын ойнату, мимика арқылы сенімділікті, еркіндікті, батылдықты көрсету; 12.2.3.8 басқа адамның эмоционалдық күйін пантомимикалық қозғалыстар арқылы білдіру (таспен жүріп өтеуге қорықпаймын)

3) "Қарым-қатынастың сөйлеу тілі және тілдік емес құралдарын практикада қолдану " бөлімі:

3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары	
	11-сынып	12-сынып
3.1.	11.3.1.1 белгі –ишараттарды (біреудің қабылдауына және ақпарат беруге арналған), ишарат сигналды (еріксіз, өздігінен және біреудің қабылдауына арналмаған), көрнекілендірілген ишараттарды (сөйлеген сөзіне сай келетін) пайдалану; 11.3.1.2 өзіне сенімділік, күш ишаратын, бағалау ишаратын, жақсы көңіл-күй ишаратын, ашықтық ишаратын орынды қабылдау және көрсету; 11.3.1.3 эмоционалдық күйлерді, ишараттарды, сыртқы сигнал қалыптарын тану; 11.3.1.4 саусақтармен бедерлі нүктелерді, штрихтарды,	12.3.1.1 ишарат түрлерін ажырату және тиісті баға беру (ырғақты, эмоционалдық, нұсқауыштық, бейнелі, символдық, көрнекі, бейімдеуіш ишараттары , "паразит " ишараттары, тиым салатын, ескертетін, қорғаныс ишараттары, зерігу, үрей, сенім ишараттары); 12.3.1.2 формальды динамикалық ерекшеліктер (саны) және мазмұны бойынша бағалау және ишараттарын жасау;

Ишараттарды, мәнерлі қимылдарды орындауға жаттығу	сызықтарды оқу, атау және сипаттау (қалдық көру қабілеті бар оқушыларға арналған); 11.3.1.5 көркем шығарма кейіпкерлерінің эмоционалдық күйін театрландыру, драмалық әдістерін қолдану; 11.3.1.6 формалды динамикалық ерекшеліктер бойынша ишараттарды бағалау (қарқын, амплитуда); 11.3.1.7 әңгімелесушінің қашықтығына байланысты орынды амплитуданы пайдалану және ишараттарды таңдау: жақын қашықтықта – саусақтарды ғана бүгу, қашықтық ұлғайғанда – қолмен шынтақтан қозғалыс жасау, мұнда амплитуда жарты метрге дейін жетеді)	12.3.1.3 табиғи құбылыстарды елестете отырып, пантомимикалық этюдтарді жасау (жел, тыныштық, жаңбыр, дауыл); 12.3.1.4 жоқ затпен әрекеттерді жасау: сырнай, сыбызғыда ойнау; 12.3.1.5 жиі кездесетін өмірлік жағдайларда диалог жүргізу дағдыларын қолдану; 12.3.1.6 бас қозғалыстарын орындау: болымды бас изеу, теріс бұрылу, мінеуші тербеліс, бастың сөйлеушіге қарай бағытталуы (қалдық көру қабілеті бар оқушыларға)
3.2. Қылықты модельдеу	11.3.2.1 белгілі жағдайдағы жүріс-тұрысты модельдеу: дәмелену, өкіну, ақкөңілдікті, қызғанышты орынды білдіру; 11.3.2.2 педагогтың, кітапханашының, аспаздың кәсіби қызметіне байланысты әрекеттерді жасап көру; 11.3.2.3 психотерапевтік бағыттағы этюдтар мен ойындарды ойнату: "Бұл-мен", " Өзім туралы айтамын", "Менің әлемім"; 11.3.2.4 қарым-қатынастың пәндік-әрекеттік құралдарын пайдалану: қарым-қатынас үшін қозғалыстық және заттық қозғалыстар, қалыптарды пайдалану, жақындату, алыстату, заттарды ұсыну, басқа адамды өзіне тарту, итеру, қарсылықты, байланысқа шығудан жалтару немесе кері жағдайды, байланысқа шығуды қалауды білдіретін қалыптар; 11.3.2.5 би қозғалыстарын жасау, билеу, жарқын, икемді бейнені жасау	12.3.2.1 театрдың түрлерін атау: еңдегі театр, үстел үстіндегі театр, көлеңкелер театры; 12.3.2.2 сюжеттік қойылымдар тақырыбына импровизация жасау, өзің шығарған хикаяларды ойлап табу; 12.3.2.3 ұжымдық шығармашылық дағдыларын игеру, ансамбль талаптарын сақтау, қисынды және өзара шартталған қарым-қатынас жасай білу; 12.3.2.4 мәнерлі қарым-қатынас құралдарын пайдалана отырып, еркін практикалық әрекетте мәдени қарым-қатынас жасау; 12.3.2.5 эмоционалдық бояулы сезімнің күйін модельдеу (масаттану, ұялу, сенімділік, қымсыну, шаттану, мұңаю, таңдану)

4) "Сөйлеу тілінің интонациясын дамыту" бөлімі:

4-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары	
	11-сынып	12-сынып

4.1. Сөйлеу тілінің интонациясын дамыту	11.4.1.1 адамның дауыс ырғағын беру және ағымдағы жағдайын көрсету; 11.4.1.2 көпшілік алдында сөз сөйлеу кезінде басқа адамның эмоционалдық күйін дауыс ырғағын және үнін анықтай білу; 11.4.1.3 мысалдың, өлеңнің кейіпкерін сөйлеу интонациясы арқылы кейіпкерін анықтау (қалдық көру қабілеті бар оқушылар үшін)	12.4.1.1 қуаныш/ қамығу, тарту/ итеру, жігерлендіру/ қынжылту, ренжу/ қорлаудың интонациялық боямасын анықтау; 12.4.1.2 өз сөйлеуінде интонацияны, мәнерлі кідірістерді пайдалану, дауысты азайту немесе көтеру, мағыналық екпінді пайдалану; 12.4.1.3 сөзбен ынталандыру бойынша сезімдердің, эмоционалдық күйдің реңктерін білдіру: мысқыл, түсінбестік, келемеждеу, зәрлі, ынтызарлықпен; 12.4.1.4 азайған ишаратпен сөйлеу кезінде эмоционалды бояулы сөйлеуді пайдалану (пішінді көру қабілеті бар, зағип балалар); 12.4.1.5 сахналық ойнату қызметінде диалогтық сөйлесуді пайдалану

5) "Мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру" бөлімі:

5-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары	
	11-сынып	12-сынып
5.1. Мәдени тәртіп пен қарым-қатынастың адекватты тәсілдері	11.5.1.1 қарым-қатынасты әрқайсысы қызметтің объектісі және субъектісі болатын әріптестердің ерекше өзара байланысы ретінде түсіну; 11.5.1.2 жаттық сезімін еңсеру, аралас ұжымдарда тұлғааралық қарым-қатынас процестің қиындығын еңсеру (қалдық көру қабілеті бар балалар, зағип балалар)	12.5.1.1 театрда мәдени жүріп-тұру дағдыларын меңгеру, сахнада болып жатқанға орынды пікір білдіру; 12.5.1.2 белгілі сигналдарды саналы түрде беру үшін еркін экспрессивтік қозғалыстарды пайдалану: сөйлеу барысындағы көрнекілік ретінде көз қысу, сыпайы назар салу, бет-аузын қисайту, мысқылдаған бет әлпеті; 12.5.1.3 микро және макро әлеумет ішінде зәрлілік, кейігіштік, келемеждеу сезімдерін еңсере білу; 12.5.1.4 өзінің бейвербалды мінез-құлқын талдау және баға бере білу

6) "Мимика және пантомимика құралдарымен көңіл-күйдің және мінездің жеке қасиеттерін түзету" бөлімі:

6-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары	
	11-сынып	12-сынып

6.1. Көңіл-күйдің және мінездің жеке қасиеттерін түзету	11.6.1.1 адамның көңіл-күйін жүрісің, мүсінің, ишараттары арқылы анықтау; 11.6.1.2 актерлік еркіндік жағдайына жету, белгілі бір әдеби сюжетті этюдті, суырып салмалық әдіспен ойната білу	12.6.1.1 берілген эмоцияға өз сезімін сипаттай білу: мен әңгімелесуші адамға деген көзқарасым қандай; кімді бағалаймын, құрметтеймін; 12.6.1.2 теріс мінез ерекшеліктеріне моральдық баға беру, оларды эмоциямен ойнатып шығу; 12.6.1.3 басқа адамға ұнатпау сезімін баса білу және оны орынды білдіру; 12.6.1.4 тұлғаның әлеуметтік ортада туындайтын мінезіне баға беру (сараңдық, мейірімділік, адалдық, өкінушілік, опық жеу, мойынсыну, енжарлық, өзін-өзі дәріптеу)

35. Осы Бағдарлама көру қабілеті зақымдалған (көрмейтін, нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 11-12 сыныптары үшін " Мимика және пантомимиканы дамыту" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда сыныптар бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

36. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Параграф 3. Көру қабілеті зақымдалған (көрмейтін, нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 11 - 12 сыныптары үшін "Мимика және пантомимиканы дамыту" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

1) 11-сынып:

1-кесте

Бөлім	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. "Психобұл шық ет аппаратын жаттықтыру"	1.1. Психобұлшық ет аппаратын жаттықтыру	11.1.1.1 жүріс-тұрысты, сезімді, эмоцияларды саналы түрде түзету мақсатында аутогенді психобұлшықетті жаттығу жасау дағдыларын игеру; 11.1.1.2 әдеби туындыларды ойнатуға арналған қолданбалы материалды пайдалану (суреттер, көрнекіліктер) (қалдық көру қабілеті бар оқушыларға арналған)
		11.2.1.1 Мінез ерекшелігінің, эмоциялардың түрлерін ажырату:

	2.1. Сезімдермен танысу	дәмелену/өкіну, ақкөңілдік/ қызғаныш; 11.2.1.2 Күлкінің (қызықты, табашыл, аяусыз, ұнамсыз, жасанды және риясыз) мазмұндық қырларын ажырату және орынды бағалау
2. "Сезімдерді қабылдау және эмоционалдық жағдайы"	2.2. Сезімдерді тану, атау, сипаттау	11.2.2.1 тұлғаның мимикалық мінездемесін сипаттау және орынды бағасын беру: күшті-әлсіз, белгісіз –үйлесімді, стереотипті – жеке; 11.2.2.2 мінез ерекшеліктерді, көңіл-күйді, эмоцияларды сипаттау және орынды баға беру: жағымпаздану, менсінбеушілік, тәкаппарлық, жабырқау, қайғыру, қуану, шаттану, мұңаю, жек көру, құрметтеу; 11.2.2.3 көңіл-күйі мен сезімін анықтау: дәмелену/өкіну; ақкөңілдік/қызғаныш; 11.2.2.4 күлкінің түрлерін ажырату: (жасанды, табиғи, жеңіл, кең)
	2.3. Мимика мен пантомимиканы жаңғырту	11.2.3.1 жүрістің түрлерін көрсету: ырғақты – ырғақтың бұзылуымен, бір қалыпты, босаң, теңселіп; 11.2.3.2 дәмелену-өкіну, келеке қылу – қулану, ақкөңілдік-қызғану сезімдерінің мимикамен және ишаратын модельдеу; 11.2.3.3 мүсін үшін жауап беретін бұлшықеттерді жаттықтырады
2-тоқсан		
2. "Сезімдерді қабылдау және эмоционалдық жағдайы"	2.2. Сезімдерді тану, атау, сипаттау	11.2.2.5 музыкалық туындының көңіл-күйін анықтау (көңілді, жалынды, мұңды, қайғылы)
	2.3. Мимика мен пантомимиканы жаңғырту	11.2.3.4 ишаратты, тұрысты, мимиканы, пантомимиканы драматизациялау ойындарын жүргізу
		11.3.1.1 белгі –ишараттарды (біреудің қабылдауына және ақпарат беруге арналған), ишарат сигналды (еріксіз, өздігінен және біреудің қабылдауына арналмаған), көрнекілендірілген ишараттарды (сөйлеген сөзіне сай келетін) пайдалану; 11.3.1.2 өзіне сенімділік, күш ишаратын, бағалау ишаратын,

3. "Қарым-қатынастың сөйлеу тілі және тілдік емес құралдарын практикада қолдану"	3.1. Ишараттарды, мәнерлі қимылдарды орындауға жаттығу	жақсы көңіл-күй ишаратын, ашықтық ишаратын орынды қабылдау және көрсету; 11.3.1.3 эмоционалдық күйлерді, ишараттарды, сыртқы сигнал қалыптарын тану; 11.3.1.4 саусақтармен бедерлі нүктелерді, штрихтарды, сызықтарды оқу, атау және сипаттау (қалдық көру қабілеті бар оқушыларға арналған)
	3.2. Қылықты модельдеу	11.3.2.1 белгілі жағдайдағы жүріс-тұрысты модельдеу: дәмеленуді, өкінуді, аққөңілдікті, қызғанышты орынды білдіру; 11.3.2.2 педагогтың, кітапханашының, аспаздың кәсіби қызметіне байланысты әрекеттерді жасап көру
4. "Сөйлеу тілінің интонациясын дамыту"	4.1. Интонациямен айтуды үйрету	11.4.1.1 адамның дауыс ырғағын беру және ағымдағы жағдайын көрсету; 11.4.1.2 көпшілік алдында сөз сөйлеу кезінде басқа адамның эмоционалдық күйін дауыс ырғағын және үнін анықтай білу
3-тоқсан		
2. "Сезімдерді қабылдау және эмоционалдық жағдайы"	2.3. Мимика мен пантомимиканы жаңғырту	11.2.3.5 сюжеттік қойылым кейіпкерлерінің қалыптасушы эмоционалдық күйін жаңғырту (пішінді көру болған жағдайда)
3. "Қарым-қатынастың сөйлеу тілі және тілдік емес құралдарын практикада қолдану"	3.1. Ишараттарды, мәнерлі қимылдарды орындауға жаттығу	11.3.1.5 көркем шығарма кейіпкерлерінің эмоционалдық күйін сахналау, драмалық әдістерін қолдану; 11.3.1.6 формалды динамикалық ерекшеліктер бойынша ишараттарды бағалау (қарқын, амплитуда); 11.3.1.7 әңгімелесушінің қашықтығына байланысты орынды амплитуданы пайдалану және ишараттарды таңдау: жақын қашықтықта – саусақтарды ғана бүгу, қашықтық ұлғайғанда – қолмен шынтақтан қозғалыс жасау, мұнда амплитуда жарты метрге дейін жетеді)
	3.2. Қылықты модельдеу	11.3.2.3 психотерапевтік бағыттағы этюдтар мен

		ойындарды ойнату: "Бұл-мен", " Өзім туралы айтамын", "Менің әлемім"
4. "Сөйлеу тілінің интонациясын дамыту"	4.1. Интонация мен айтуды үйрету	11.4.1.3 мысалдың, өлеңнің кейіпкерін сөйлеу интонациясы арқылы кейіпкерін анықтау (қалдық көру қабілеті бар оқушылар үшін)
5. "Мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру"	5.1. Мәдени тәртіп пен қарым-қатынастың адекватты тәсілдері	11.5.1.1 қарым-қатынасты әрқайсысы қызметтің объектісі және субъектісі болатын әріптестердің ерекше өзара байланысы ретінде түсіну
4-тоқсан		
1. "Психобұл шық ет аппаратын жаттықтыру"	1.1. Психобұлшық ет аппаратын жаттықтыру	11.1.1.3 экспрессивті-мимикалық әрекеттер жасау: күлімсіреу, көзқарас, қол мен дененің мәнерлі қозғалыстары, мәнерлі леп білдіру
3. "Қарым-қатынастың сөйлеу тілі және тілдік емес құралдарын практикада қолдану"	3.2. Қылықты модельдеу	11.3.2.4 қарым-қатынастың пәндік-әрекеттік құралдарын пайдалану: қарым-қатынас үшін қозғалыстық және заттық қозғалыстар, қалыптарды пайдалану, жақындату, алыстату, заттарды ұсыну, басқа адамды өзіне тарту, итеру, қарсылықты, байланысқа шығудан жалтару немесе кері жағдайды, байланысқа шығуды қалауды білдіретін қалыптар; 11.3.2.5 би қозғалыстарын жасау, билеу, жарқын, икемді бейнені жасау
5."Мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру"	5.1. Мәдени тәртіп пен қарым-қатынастың адекватты тәсілдері	11.5.1.2 жаттық сезімін еңсеру, аралас ұжымдарда тұлғааралық қарым-қатынас процестің қиындығын еңсеру (қалдық көру қабілеті бар балалар, зағип балалар)
6. "Мимика және пантомимика құралдарымен көңіл-күйдің және мінездің жеке қасиеттерін түзету"	6.1. Көңіл-күйді және мінездің жеке қасиеттерін түзету	11.6.1.1 адамның көңіл-күйін жүрісі, мүсіні, ишараттары арқылы анықтау; 11.6.1.2 актерлік еркіндік жағдайына жету, белгілі бір әдеби сюжетті этюдті, суырып салмалық әдіспен ойната білу

2) 12-сынып:

2-кесте

Бөлім	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		

1. "Психобұл шық ет аппаратын жаттықтыру"	1.1. Психобұлшық ет аппаратын жаттықтыру	12.1.1.1 жүріс-тұрысты, сезімді, көңіл-күйді, эмоцияларды саналы түрде түзету; 12.1.1.2 дене қозғалысының жекелеген қимылдарын, еріннің жеңіл дірілінің шағын микро белгілерін түсіну
2. "Сезімдерді қабылдау және эмоционалдық жағдайы"	2.1. Сезімдермен танысу	12.2.1.1 Мінез ерекшелігінің, эмоциялардың түрлерін ажырату: зәрлілік/ келеке/ кейігіштік; ұнату/ сүйсіну/елігушілік/ ұмтылғыштық; түсінбестік/ абыржу; 12.2.1.2 эмоционалдық күйін жаңғырту арқылы сюжеттік картиналардың кейіпкерлерінің мимикасын, тұрыстары мен ишарат мағынасын түсіну
	2.2. Сезімдерді тану, атау, сипаттау	12.2.2.1 берілген эмоцияларды бағдарламалық көркем туындылардың материалдарынан анықтау және таныс туындылардан мәні бойынша қарама-қарсы эмоцияларды сипаттау; 12.2.2.2 эмоционалдық күйін, сезімін ажырату: зәрлілік/ келеке/ кейігіштік, ұнату/ сүйсіну, қызығушылық/ ұмтылғыштық, түсінбестік/ абыржу; 12.2.2.3 театрландырылған композицияны, пьесаны қарау кезінде кейіпкерлердің эмоционалдық күйін бағалау; 12.2.2.4 берілген эмоцияға миниатюра, композиция құру; 12.2.2.5 эмоцияларды олардың суретте, фотода, портретте бейнеленуі бойынша сипаттау және бағалау
	2.3. Мимика мен пантомимиканы жаңғырту	12.2.3.1 мінез ерекшеліктерін, эмоцияларды, сезімдерді беру: қулану, келеке қылу, зәрлілік, сүйсіну, ынтығу, мысқыл, абыржу ; 12.2.3.2 сезімдерді бере отырып, берілген эмоциялармен этюдтерді ойнату: зәрлілік, келеке, кейігіштік, ұнату, сүйсіну, ынтығу , албырттық, түсінбестік, абыржу; 12.2.3.3 дененің пластикасын, қозғалыс бағдарларын, иілгіштігін түзету

2-тоқсан		
2. "Сезімдерді қабылдау және эмоционалдық жағдайы"	2.2. Сезімдерді тану, атау, сипаттау	12.2.2.6 айналасындағылардың эмоционалдық күйін байқау, олардың айқын көріністерін ұғыну ; 12.2.2.7 белгілі сезімдер үйлесіміне миниатюра қою; 12.2.2.8 суретшінің эмоционалдық күйін картинасының түс үйлесімі бойынша анықтау
	2.3. Мимика мен пантомимиканы жаңғырту	12.2.3.4 жүрістің түрлерін көрсету: тырпылдату, "салбыраңқы" жүріс, жылдам- баяу, ауыр салмақты " тәкаппар", "кірбіңдеу", шалыну, кідіру; 12.2.3.5 мінез ерекшеліктерін, эмоцияларды, сезімдерді түзету: келеке, зәрлілік, сүйсіну, ынтығу; 12.2.3.6 сезімдерді бере отырып, берілген эмоцияда этюдтерді ойнату: мысқылдау, қулану, зәрлілік, келеке ету, кейігіштік, ұнату, сүйсіну, ынтығу, албырттық, түсінбестік, абыржу; 12.2.3.7 өмірден алынған материалдар қолданылатын тұрмыстық сахна миниатюраларын ойнату, мимика арқылы сенімділікті, еркіндікті, батылдықты көрсету; 12.2.3.8 басқа адамның эмоционалдық күйін пантомимикалық қозғалыстар арқылы білдіру (таспен жүрі өтеуге қорықпаймын)
3. "Қарым-қатынастың сөйлеу тілі және тілдік емес құралдарын практикада қолдану"	3.1. Жесттерді, мәнерлі қимылдарды орындауға жаттығу	12.3.1.1 ишарат түрлерін ажырату және тиісті баға беру (ырғақты, эмоционалдық, нұсқауыштық, бейнелі, символдық, көрнекі, бейімдеуіш ишараттары, "паразит" ишараттары, тиым салатын, ескертетін, қорғаныс ишараттары, зерігу, үрей, сенім ишараттары); 12.3.1.2 формальды динамикалық ерекшеліктер (саны) және мазмұны бойынша бағалау және ишараттарын жасау
	3.2. Қылықты модельдеу	12.3.2.1 театрдың түрлерін атау: еденгі театр, үстел үстіндегі театр, көлеңкелер театры
		12.4.1.1 қуаныш/қамығу, тарту/ итеру, жігерлендіру/қынжылту,

4. "Сөйлеу тілінің интонациясын дамыту"	4.1. Интонациямен айтуды үйрету	ренжу/қорлаудың интонациялық боямасын анықтау; 12.4.1.2 өз сөйлеуінде интонацияны, мәнерлі кідірістерді пайдалану, дауысты азайту немесе көтеру, мағыналық екпінді пайдалану
3-тоқсан		
3. "Қарым-қатынастың сөйлеу тіліжәне тілдік емес құралдарын практикада қолдану"	3.1. Ишараттарды, мәнерлі қимылдарды орындауға жаттығу	12.3.1.3 табиғи құбылыстарды елестете отырып, пантомимикалық этюдтарді жасау (жел, тыныштық, жаңбыр, дауыл); 12.3.1.4 жоқ затпен әрекеттерді жасау: сырнай, сыбызғыда ойнау; 12.3.1.5 жиі кездесетін өмірлік жағдайларда диалог жүргізу дағдыларын қолдану; 12.3.1.6 бас қозғалыстарын орындау: болымды бас изеу, теріс бұрылу, мінеуші тербеліс, бастың сөйлеушіге қарай бағытталуы (қалдық көру қабілеті бар оқушыларға)
	3.2. Қылықты модельдеу	12.3.2.2 сюжеттік қойылымдар тақырыбына импровизация жасау, өзің шығарған хикаяларды ойлап табу
4. "Сөйлеу тілінің интонациясын дамыту"	4.1. Интонациямен айтуды үйрету	12.4.1.3 сөзбен ынталандыру бойынша сезімдердің, эмоционалдық күйдің реңктерін білдіру: мысқыл, түсінбестік, келемеждеу, зәрлі, ынтызарлықпен; 12.4.1.4 азайған ишаратпен сөйлеу кезінде эмоционалды бояулы сөйлеуді пайдалану(пішінді көру қабілеті бар, зағип балалар); 12.4.1.5 сахналық ойнату қызметінде диалогтық сөйлесуді пайдалану
5. "Мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру"	5.1. Мәдени тәртіп пен қарым-қатынастың адекватты тәсілдері	12.5.1.1 театрда мәдени жүріп-тұру дағдыларын меңгеру, сахнада болып жатқанға орынды пікір білдіру; 12.5.1.2 белгілі сигналдарды саналы түрде беру үшін еркін экспрессивтік қозғалыстарды пайдалану: сөйлеу барысындағы көрнекілік ретінде көз қысу, сыпайы назар салу, бет-аузын қисайту, мысқылдаған бет әлпеті
4-тоқсан		

1. "Психобұл шық ет аппаратын жаттықтыру"	1.1. Психобұлшық ет аппаратын жаттықтыру	12.1.1.3 жүріс-тұрысты, сезімді, эмоцияларды саналы түрде түзету мақсатында бет бұлшықеттерінің жағдайын басқару; 12.1.1.4 өз эмоцияңды ажырату және олардың не себепті туындап, қандай әсерден өзгеретінін түсіну, өз эмоционалдық күйіңді басқару
2. "Сезімдерді қабылдау және эмоционалдық жағдайы"	2.2. Сезімдерді тану, атау, сипаттау	12.2.2.9 әдеби кейіпкерлердің мінез-құлқын түрлі мінез-құлықтармен модельдеу (мейірімді/ашулы, көңілді/мұңлы); 12.2.2.10 театрландырылған миниатюра және сюжеттік-рөлдік ойын кезінде кейіпкерлердің эмоционалдық күйін бағалау; 12.2.2.11 сахналық бейне дағдыларын игеру: қиялдағы және шын өмірдегі заттармен ойнау; 12.2.2.12 айналасындағылардың эмоционалдық күйін анықтау, олардың айқын көріністерін ұғыну
3. "Қарым-қатынастың сөйлеу тіліжәне тілдік емес құралдарын практикада қолдану"	3.2. Қылықты модельдеу	12.3.2.3 ұжымдық шығармашылық дағдыларын игеру, ансамбль талаптарын сақтау, қисынды және өзара шартталған қарым-қатынас жасай білу; 12.3.2.4 мәнерлі қарым-қатынас құралдарын пайдалана отырып, еркін практикалық әрекетте мәдени қарым-қатынас жасау; 12.3.2.5 эмоционалдық бояулы сезімнің күйін модельдеу (масаттану, ұялу, сенімділік, қымсыну, шаттану, мұңаю, таңдану)
5. "Мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру"	5.1. Мәдени тәртіп пен қарым-қатынастың адекватты тәсілдері	12.5.1.3 микро және макро әлеумет ішінде зәрлілік, кейігіштік, келемеждеу сезімдерін еңсере білу; 12.5.1.4 өзінің бейвербалды мінез-құлқын талдау және баға бере білу
		12.6.1.1 берілген эмоцияға өз сезімін сипаттай білу: мен әңгімелесуші адамға деген көзқарасым қандай; кімді бағалаймын, құрметтеймін; 12.6.1.2 теріс мінез ерекшеліктеріне моральдық баға беру, оларды эмоциямен ойнатып шығу;

6. "Мимика және пантомимика құралдарымен көңіл-күйдің және мінездің жеке қасиеттерін түзету"	6.1. Көңіл-күйді және мінездің жеке қасиеттерін түзету	12.6.1.3 басқа адамға ұнатпау сезімін баса білу және оны орынды білдіру; 12.6.1.4 тұлғаның әлеуметтік ортада туындайтын мінезіне баға беру (сараңдық, мейірімділік, адалдық, өкінушілік, опық жеу, мойынсыну, енжарлық, өзін-өзі дәріптеу)

Ескерту:

1) бір тоқсан ішіндегі оқыту мақсаттары сөйлеу қызметінің түрлері бойынша біріктіріледі;

2) ұсынылған ұзақ мерзімді жоспар үлгі ретінде, оқушылардың оқу материалды игеру қарқынына байланысты мұғалім өзгертулер енгізе алады;

3) барлық оқу мақсаттарын концентрлік тәсілмен іске асыру ұсынылады: әрбір мақсат келесі тоқсанда кеңейтілген және/немесе күрделенген сөйлеу материалында тереңдете отырып қайталанады.

бұйрығына
35-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы "03" сәуірдегі
№ 115 бұйрығына
390 - қосымша

Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған жалпы орта білім беру деңгейінің 11 - 12 сыныптары үшін "Емдік дене шынықтыру" пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Емдік дене шынықтыру" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бағдарламаның мақсаты тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушылардың ағзасын физикалық жағынан нығайту, қозғалыс функциялары мен танымдық қызметінің бұзылыстарын мүмкіндігінше жою және олардың үдеуін алдын алу.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) денсаулықты нығайту, ағзаны шынықтыру және сырқаттанушылықты төмендету;

2) дене мүшелерінің функционалдық деңгейін арттыру, әлсіреген бұлшықет топтарын нығайту және бұлшық ет тонусын қалыпқа келтіру, денсаулықтың оңтайлы деңгейін сақтау;

3) дене дайындығын арттыру арқылы негізгі физикалық қасиеттерді дамыту: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік және икемділік;

4) тірек-қимыл аппаратының көру, жүрек-тамыр, тыныс алу, жүйке жүйелерінің функционалдық бұзылыстарын түзетуді жүзеге асыру;

5) емдік дене шынықтыру сабақтарында кешенді дене жаттығуларын сауықтыру, түзету бағытында дене белсенділігінің функционалдық жағдайын бақылаудың қарапайым тәсілдері;

6) денсаулық жағдайы әлсіреген ағза жүйелерінің физиологиялық белсенділігін арттыру, оқу қызметі режимінде ақыл-ой және физикалық жұмысқа қабілеттілікті жақсартуға жәрдемдесу болып табылады;

7) дене дамуы мен дене дайындығы туралы жалпы түсініктерді қалыптастыру, дене жаттығуларымен өз бетінше айналысуға қызығушылықты дамыту, еңбек үрдістерінің элементтерін үйрету.

2-тарау. Оқу үрдісін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдер

4. "Емдік дене шынықтыру" түзету курсы білім алушыларға:

1) түзету жаттығуларының адамның физикалық және морфофункционалды жүйесіне әсері туралы білу;

2) өзінің және өзге де білім алушылардың физикалық жағдайын бағалау;

3) коммуникативтік және шығармашылық, сын тұрғысынан ойлау, проблемаларды шешу дағдыларын дамыту;

4) жеке дене қасиеттерін дамыту, қозғалыс техникасын жетілдіру бойынша дербес сабақтар өткізу үшін практикалық қызметте және күнделікті өмірде алған білімдері мен іскерліктерін қолдану;

5) дененің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, таңертеңгілік және түзету жаттығуларының қарапайым кешендерін құру және орындау;

6) дене бітімінің дамуын, дене дамуының даярлығын бақылай отырып физикалық жүктеме режимдері мен қимыл-қозғалыс техникасы арқылы жақсаруын жүзеге асыру;

7) дене жаттығуларын орындау кезінде жүрек жиырылу жиілігінің көрсеткіштеріне бақылау жүргізу;

8) шынықтыру рәсімдерін жүргізу.

5. "Емдік дене шынықтыру" пәні бойынша оқу үрдісін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері арнайы педагогика қағидаттарына негізделіп, тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларды ерекше білім беру қажеттіліктерімен қамтамасыз етеді.

6. Білім алушылардың емдік дене шынықтыру сабақтарында қарым-қатынас жасауда қимыл-қозғалыс ойындарының маңызы зор.

7. Сабақтардың тиімділігін арттыру үшін айналар, гимнастикалық (шведтік) қабырғалар, отырғыштар, сәкілер, еңкейтілген жазықтықтар, үстел теннисіне арналған үстелдер, баспалдақтар, сатылар, із жолдары, бедерлі және қабырғалы жылжымалы тақталар, еңкейтілген тақталар, шағын батуттар, тренажерлер, арнайы жабдықтар (гравитацияға қарсы костюмдер, ФАЭТОН нейро-ортопедиялық комбинезоны, Гросс аппараты, Кобра механотерапия аппараты, аяқ-қолдарды әзірлеуге арналған тренажер (сырғумен), механотерапиялық тренажер Мотомед) қолданылады.

8. Әрбір нозология нақты жабдықтармен жабдықтауды қажет етеді. Жұлынның зақымдануы кезінде дененің бөліктерін бекіту үшін белдіктер, зығыр таспалар, манжеттер, корсеттер қолданылады.

9. Білім беру үрдісінің нәтижелері мен оқыту мақсаттарының жүйесінің басымдығына қарай классикалық білім беру негізі ретінде құндылыққа бағдарланған, іс-әрекеттік, жеке тұлғаға бағытталған, коммуникативтік, сараланған, жобалық тәсілдер және ойын жаттығулары қолданылады.

10. Құндылыққа бағытталған тәсіл:

1) құндылыққа бағдарланған оқу үрдісі білім алушының жеке басының құндылықтар жүйесін мақсатты түрде қалыптастырады;

2) құндылықтардың мәні белгілі бір қоғамның табысты жұмыс істеуі үшін қажетті нормаларды, әдеттерді, өмір салтын, мінез-құлық стилін қалыптастыру аясында көрінеді;

3) құндылықтар тұлға уәждемесінің маңызды факторы ретінде әсер ете отырып, мінез-құлық пен іс-әрекетті ынталандырады;

4) орта білім беру құндылықтары "Мәңгілік ел" ұлттық идеясына негізделген.

11. Іс-әрекет тәсілі:

1) білім алушының білімді дайын түрде алып қоймай, оны өзі ізденіп, өзінің оқу іс-әрекетінің мазмұны мен нысандарын ұғынуына, оның нормалар жүйесін түсінуіне және қабылдауына, оларды жетілдіруге белсенді қатысуына сай білімінің, оқу біліктіліктіліктері мен кең ауқымды дағдыларының белсенді әрі табысты түрде қалыптасуына ықпал етеді;

2) арнайы мектептегі іс-әрекеттік тәсіл білім алушылардың жеке басының дамуы олардың қолжетімді қызметін (пәндік-практикалық, оқу, дене шынықтыру) ұйымдастыру сипатымен анықталатынын тануға құрастырылады.

12. Жеке тұлғаға бағытталған тәсіл:

1) жеке тұлғаға бағытталған тәсілдің мақсаты оқу үрдісін дараландыру, оқу үрдісінде білім алушының тұлғасын үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту,

оның психикалық және дене дамуының жеке ерекшеліктерін, мінез-құлық қажеттіліктері мен уәждерін ескере отырып, оның шығармашылық күш-жігерін толық ашу болып табылады;

2) әрбір білім алушының емдік дене шынықтыру бойынша бағдарламаны игеруінің жеке қарқынын құру (оқыту мен тәрбиелеудің келесі кезеңі алдыңғы кезеңнің меңгерілген мазмұнына негізделіп құрылады, әрбір оқушы дамуы бойынша қатарластарымен емес, өзімен салыстырылады).

13. Коммуникативтік тәсіл:

1) оқыту үрдісі қарым-қатынас біліктіліктерін және нақты коммуникация жағдайларына сәйкес жұмыс тәртібін қалыптастыруға септігін тигізетін тапсырмаларды қамтиды (жұптық және топтық жұмыс);

2) коммуникативтік тәсілдің әлеуметтік маңыздылығы: ақпараттың әр түрін меңгеру ; әр түрлі мәселелер бойынша пікірталас жүргізе білу, осы мәселелер бойынша өз ұстанымын қалыптастыру болып табылады;

3) коммуникативтік тәсілдің жеке маңыздылығы: достарының, сыныптастарының іс-әрекеттерін талдай білу және бағалай білу; өз күш жігерін дұрыс бағалай білу, тамақ ішуде, дене жүктемесінде, әр түрлі жағдайларда жеке бейімделу және ассистивті құралдарды пайдалана білу (көзілдірік, арнайы кресло, жеке бейімделген жұмыс орны, компьютердің арнайы пернетақталары, дәстүрлі тышқанның алмастырғыштары).

14. Саралап оқыту тәсілі:

1) саралап оқыту жұмысын ұйымдастырудың шарты мұғалім тарапынан күрделілікпен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану;

2) бір санаттағы білім алушыларда вариативті типологиялық ерекшеліктерінің болуына байланысты саралап оқыту тәсілі. Педагог түзету-білім беру үрдісін сипаттамасы бойынша сыныпта біртектес болып келетін топтардың болуына қарай, олардың әрқайсысы үшін жұмыстың әртүрлі көлемі, мазмұны, қарқыны, күрделілігі, әдістері мен тәсілдері, оқытуды бақылау мен ынталандырудың түрлері мен тәсілдері арқылы ұйымдастырады.

15. Саралап оқыту тәсілі үрдісінде келесі терапиялық ұсыныстарды сақтау қажет:

1) бұлшықеттердің қатты созылуын болдырмау (бұлшықет жүйесінің аурулары бар білім алушыларға қатысты) шиеленісті тудыратын жалпы дамыту жаттығулары мен ойындары кезінде пайда болады (мысалы, жүрелеп, өкшесімен отыру). Білім алушыны тұрғызу кезінде оларға бұлшықет көмегін көрсетеді немесе қосымша құралдар ұсынады
.

2) спастикалық диплегиясы бар білім алушылар түзету жаттығуларын өткізу кезінде мүмкіндігінше екі қолын қолдануы ескеріледі;

3) тепе-теңдікті сақтау қабілеті нашар, бірақ жүруге қабілетті, ұршық буыны бұзылуы бар білім алушылар жоғары динамикалық жаттығулар мен ойындарға арбада отырып қатысады немесе сараланған тапсырмаларды орындайды;

4) тырысу ұстамалары (таңдамалы түрде) болатын білім алушыларға кейбір тапсырмалардың ұстамалар ықтималдығын қаншалықты арттыратынын және оларға түрткі болатындығын түсіндіру; Айналмалы қимылдарды, снарядтарда гимнастикалық жаттығуларды орындаудан аулақ болу өте маңызды;

5) күштеп басқарылмайтын қозғалыстары (гиперкинездері) бар білім алушылармен түзету жаттығуларын үш деңгейде пысықтау міндетті: айнаға қарап бақылаумен, айнаға қарап бақылаусыз, көзін жұмып.

16. Жобалап оқыту тәсіл:

1) білім алушы өз алдына проблема қояды және оны шешу жолдарын өз бетінше табуға болжам жасайды;

2) білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады. асырылады. Жобалау қызметінің алгоритмі толық сақталады. Бөлімнің мазмұнымен танысу шеңберінде білім алушылардың ұжымдық/топтық жобаларды дайындау бойынша ұйымдастырылады.

17. Ойын арқылы оқыту әдісі:

1) оқыту әдісі ретінде ойын тәсілін қолдану білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын жандандыруға ықпал етеді;

3) тамақтану. Азық-түлік. Азық-түлікті сақтау мерзімі. Өнімдерді сақтау орындарына, тоңазытқышқа орналастыру. Жарамды және жарамсыз (бүлінген) тағамдарды, тамақтарды ажырату. Тамақ қалдықтарын, бүлінген өнімдерді тастау ережелері. Плитаны пайдалану ережелері (газ, электр). Плитамен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы. Тоңазытқышқа күтім жасау. Көп өңдеуді талап етпейтін тағамды дайындау (макарон пісіру, сүтке және суға ботқа пісіру, картоп пісіру). "Винегрет" салатын дайындау ережелері. Мәзірді ескере отырып, кешкі асқа үстел жасау. Дастархан үстіндегі тәртіп мәдениеті мен сөйлеу әдебін сақтау ережелері;

4) тұрғын үй. Тұрғын үй-жайлардың түрлері. Жеке және көп пәтерлі үйлер. Қаладағы, ауылдағы адамдардың тұрғын үйі. Жеке үйдің ауласындағы қосалқы ғимараттардың маңызы. Жиһазға күтім жасау (жылтыратылмаған, жылтыратылған, жұмсақ). Тұрғын үйді күнделікті және апта сайын тазалау. Пәтерде, үйде үй жануарларына күтім жасау;

5) көлік. Көлік құралдарының түрлері. Қалалық көлік түрлері (автобус, троллейбус, трамвай, метро). Арнайы машиналарды сыртқы түрі бойынша ажырату; жол белгілеріндегі белгілер. Қоғамдық көлікте жұмыс істейтін адамдардың еңбегі. Қоғамдық көлікті пайдалану ережелері. Көліктен отырғызу және түсіру тәртібі. Қоғамдық көлікте жүру ережелері. Көліктегі тәртіп ережелері. Көліктен түскен кезде жолдан өту ережесі, көлікті айналып өту ережесі (трамвай, троллейбус, автобус). Жолдағы төтенше жағдайлардың себептері, төтенше жағдайдағы тәртіп сақтап ережелері;

6) отбасы. Отбасы құрамы. Өзінің, әкесінің, жақын туыстарының тегі мен есімдерінің және туыстық дәрежелерінің атаулары. Отбасылық қатынастар. Ата-аналарға үй шаруасында қолдан келгенше көмек көрсету; отбасы мүшелерінің еңбегін құрметтеу; қазақ халқының дәстүрлері бойынша үлкендерге құрмет көрсету ережелері мен түрлері. Баланың жеке басын куәландыратын құжаттар (туу туралы куәлік). ҚР азаматының жеке басын куәландыратын негізгі құжаттардың атауы (жеке куәлік, ЖСН);

7) мерекелер мен рәсімдер. Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік мерекелері (олардың күндері). ҚР мемлекеттік мерекелеріне орай бөлмелерді безендіру ережесі. Мерекелік дастархан жаю. Өз қолыңызбен ашық хаттар мен кәдесыйлар жасау. Құттықтау хатының мәтіні; үлкендерді, құрдастарды, өзінен кіші достарын ауызша құттықтау мәдениеті;

8) кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары. Дүкендердің түрлері: шағын маркет, супермаркет, гипермаркет. Арнайы дүкендер: киім, аяқ киім, кеңсе тауарлары,

маталар. Дүкенде кезекте тұру ережелері. Дүкендердегі тауарлардың жарамдылық мерзімін анықтау. Дүкенде қажетті өнімді белгілері, таңбалары бойынша табу, сатушының көмегімен өнімдерді сатып алу. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) қызметтеріне ақы төлеу. ТКШ кәсіпорындарының орналасқан жері. Қаржылық терминалдардың функционалдық мақсаты бойынша айырмашылығы. Фотоателье нің мақсаты. Фотоателье қызметтері. Байланыс қызметтеріне ақы төлеу. Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері.

34. 7-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық. Дене гигиенасы. Шаш күтімі өнімдері (сабын, сусабын). Шаш күтімі, шашты жуу ережелері. Жеке интимдік гигиена ережелері, кремдер, лосьондар, дезодоранттарды қолдану. Ванна, душ қабылдау жиілігін білу. Іш киімді жуу ережелері , кірді қолмен жуу. Дәріхананың мақсаты. Ең жақын дәріхананың орналасқан жері; дәріхананың көрсеткіштер бойынша болуы, дәрілік заттарды сатып алу тәртібі. Дәріханада дәрі-дәрмек сатып алу кезінде сұрақ қою, өтініш білдіру ережелері;

2) киім, аяқ киім. Киім түрлері, оның мақсаты (үй және көше үшін). Адам денсаулығын сақтау үшін киімнің, аяқ киімнің, бас киімнің маңызы. Бас киімнің атаулары. Маусымға сәйкес бас киімді таңдау. Киімге күтім жасау ережелерін көрсететін шартты белгілер. Киімде көрсетілген шартты белгілерге қарап, киімге күтім жасау тәсілдерін анықтау. Киімді қолмен жууды, кептіруді, үтіктеуді орындау; үтікпен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы жөніндегі ереже;

3) тамақтану. Азық-түлік. Көкөніс, ет, балық өнімдерін алғашқы термиялық өңдеу әдістері. Көкөністерді қоймада, жертөледе сақтау ережелері. Жарамды және жарамсыз (бүлінген) тағамдардың белгілері. Таңдалған мәзірді ескере отырып, түскі асқа дастархан жаю. Ас құралдарын пайдалану ережелері. Азық-түлікті тоңазытқышта сөрелерге қою. Түскі ас дайындау (тіскебасарлар, көкөністер мен балық және ет өнімдерінің бірінші және екінші тағамдары). Салқындатылған тағамдарды қыздыру ережелері. Дастархан басындағы өзін-өзі ұстау мәдениеті мен сөйлеу этикетінің ережелері;

4) тұрғын үй. Тұрғын үй-жайлардың түрлері. Киіз үй құрылғысының ерекшеліктері (дөңгелек, бүктеуге оңай, жеңіл, жылы, тасымалдауға ыңғайлы). Жатын бөлменің мақсаты, жатын бөлмеге арналған жиһаз; пәтердегі, үйдегі бөлмелердің атауы мен мақсаты. Жиһаз, оның мақсаты (үстел, орындық, диван, шкаф, төсек). Тұрғын пәтердің бөлмелері, олардың мақсаты. Жатын бөлмені тазалау тәртібі. Перделер мен терезелерге күтім жасау. Жылу батареяларына күтім жасау (шаң сүрту, жуу). Шамдарға күтім жасау (шаң сүрту, жуу);

5) көлік. Көлік құралдарының түрлері. Теміржол, автомобиль, әуе, су көлігі туралы жалпы түсініктер: жалпы түрі, жүру тәсілдері, жүру ережелері. Автовокзалдың мақсаты ; негізгі қала маңындағы маршруттар, автовокзалдағы қосымша қызметтер. Автовокзал

ғимаратында бағдарлау ережелері. Қалааралық автокөліктің мақсаты. Қалааралық автобустардың негізгі бағыттары. Сақтау камерасының мақсаты және пайдалану ережелері, қала маңындағы және қалааралық автобустарға отырғызу ережелері. Автобустардың жүру кестесінің, анықтамалық қызметтің мақсаты. Автовокзал кассасынан билеттерді сатып алу тәртібі. Жолаушыларға қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың еңбегі. Жүкті және қол жүгін жинау ерекшеліктері. Қала бойынша жүру бағыттары. Жолда жүру ережесі: көшеден "өткел" көрсеткіші бар жерлерден, жасыл бағдаршам жанған кезде өту; мектепке баратын жол (бағыт, көлік түрлері). Көлікте және жолда жүру ережелері;

6) отбасы. Отбасы құрамы. Тегі, есімі, әкесінің есімі, жақын туыстары, немере аға-інілері, олардың туыстық дәрежесі және туған күндері. Отбасылық қатынастар. Үй шаруасындағы тұрақты міндеттерді орындау, отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету, тұрмыстық іс-әрекеттермен байланысты қарапайым тапсырмаларды орындау. Отбасын құру, отбасылық қарым-қатынас мәдениеті. Отбасылық бюджет (кіріс және шығыс). Отбасы табысының көзі, отбасы шығындарының негізгі баптары. Отбасылық бюджетті жоспарлау. Азаматтың жеке басын куәландыратын құжаттар (туу туралы куәлік, жеке куәлік). ЖСН-ның мақсаты;

7) мерекелер мен рәсімдер: әртүрлі халықтардың діни мерекелері: "Құрбан айт", " Ораза айт", "Рождество", "Пасха", "Масленица". Діни мерекелерді тойлау дәстүрлері. Әртүрлі халықтардың дәстүрлі мерекелік тағамдары. Құттықтау хат мәтіні. Үлкендерді, құрдастарын, өзінен кішілерді ауызша құттықтау мәдениеті. Қазақ халқының мақал-мәтелдері;

8) кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары. Ассортименті бойынша сауда кәсіпорындарының мақсаты (әмбебап және мамандандырылған). Өнеркәсіптік тауарлар дүкендері. Тауарлар сатып алу тәртібі. Өнеркәсіптік тауарлар дүкендерінің ассортименті. Жекелеген тауарлардың құны. Дүкеннен тауарлар сатып алу ережелері. Сатып алу құны. Дүкендегі тәртіп ережелері. Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық кешеніне кіретін кәсіпорындар (электрмен, сумен, газбен, жылумен жабдықтау, канализация, лифт шаруашылығы). Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылығының қызметтеріне ақы төлеу. Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылығы кәсіпорындарының тұрғылықты жері бойынша орналасқан жері. Коммуналдық қызметтерге (телефон, электр энергиясы) ақы төлеу. Қолма-қол төлемдер және ақшасыз есеп айырысу. Банкомат. Терминал. Киім тігетін ателье қызметтері, киімдерді жөндеу бойынша шеберхана. Шаштараз қызметтері. Пошта қызметтері (сәлемдемелер, бандерольдер). Спорт мекемелеріндегі тәртіп ережелері.

35. 8-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық. Дене гигиенасы. Денсаулықты сақтау және нығайту үшін дене шынықтыру мен спорттың маңызы, табиғи күштердің (күн, ауа және су) денсаулыққа

пайдасы туралы түсінік; Дене шынықтыру сабақтары мен шынығудың реттілігі мен жүйелік қағидалары. Жеке гигиеналық заттарды пайдалану ережелері. Бет терісіне күтім жасау (бет терісін лосьонмен сүрту ережелері, крем жағу). Медициналық мекемелер (емхана, аурухана, жедел жәрдем қызметі). Дәрігерді үйге шақыру (телефонмен сөйлесу мәдениеті, дәрігерге өзінің қал-жайы туралы айта білу). Науқасқа үйден күтім жасау дағдылары. Күйік, үсік, күн өту, улану, бас ауруы кезінде алғашқы көмек көрсету ережелері);

2) киім, аяқ киім. Киім, аяқ киім, бас киім түрлері. Киім базарынан және дүкеннен аяқ киім таңдау ерекшеліктері. Сатушымен қарым-қатынас жасау мәдениеті. Жай өлшеумен және есептеумен аяқ киімнің өлшемін анықтау. Дұрыс аяқ киім таңдау және сатып алу. Киімге, аяқ киімге күтім жасау. Киімді ұқыпты кию. Үзілген түйменің орнын анықтау, түймелерді қадау. Киім-кешекті жөндеуге дайындау. Киім-кешек тігісінің сөгілген және жыртылған жерлерін жөндеу. Жіптерді түсі, қалыңдығы, сапасы бойынша матаға сәйкес таңдау. Матаны жыртылған немесе сөгілген тігісінен біріктіріп, қолмен қайып тігу. Жыртылған жиектерді жиі көктеумен біріктіру. Жамау салу. Сөгілген жерді нұсқаулық картаға сүйене отырып тігу және оларды орындау жұмыстарының реттілігі. Киім заттаңбаларындағы шартты белгілер. Затбелгімен танысып, ондағы мәліметтерді пайдалану арқылы жүннен және синтетикалық маталардан тігілген заттарды үй жағдайында жуу ережелері. Жейделерді, көйлектерді, шалбарларды үтіктеу ережелері мен дағдылары; үтікпен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Жүннен және синтетикалық маталардан тігілген заттарды жуу, кептіру және үтіктеу ерекшеліктері мен дағдылары;

3) тамақтану. Тамақ дайындау гигиенасы. Қамырдың түрлері және қолдану мақсаты (үгілмелі, қатпарлы, бисквитті, құймақ қамыры). Қамырдан жасалатын бұйымдарды сақтау шарттары мен мерзімдері. Жарамды және жарамсыз (бүлінген) өнімдерді анықтау. Қамырды дайындау үшін қолданылатын техника мен жабдық. Азық-түлік ұзақ сақтауға дайындау. Азық-түлік дайындауға арналған техникалық құралдар (консервілеуге арналған кілт, металл, капрон қақпақтар). Консервілеуге арналған ыдыстарды зарарсыздандыру. Көкөністерді, жеміс-жидектерді консервілеу. Қамырдан жасалатын бұйымдарды тұмшапеште және плитада дайындау (бауырсақ, құймақ, печенье, бәліш, кептірілген нан, торт пісіру). Аспаздық кітап. Рецептілер қолдану. Дастарқан басындағы тәртіп пен сөйлеу әдебінің мәдениеті;

4) тұрғын үй. Тұрғын үй-жайлардың түрлері. Тұрғын және қосалқы үй-жайлар, үй-жайлардың үйдегі, пәтердегі функционалдық мақсаты. Жиһаз заттарын пәтерге, үйге орналастыру. Қонақ бөлменің (залдың) мақсаты; қонақ бөлмеге (залға) жиһаз орналастыру тәртібі. Киім-кешек заттары мен тұрмыстық заттарды сақтау ерекшеліктері. Тұрғын үйді тазалау. Пәтерді күнделікті, апталық, маусымдық тазалау. Асүйді, жуынатын бөлмені, дәретхананы тазалау. Жөндеуге дайындау. Косметикалық жөндеу. Құрылыс материалдарын сатып алу;

5) көлік. Көлік құралдарының түрлері. Вокзалдың және оның негізгі қызметтерінің мақсаты (анықтама, кесте, билет кассалары). Теміржол вокзалы ғимаратында бағдарлау ережелері. Поездардың жүру кестесінің бағыты. Вокзалдың анықтамалық және басқа да қызметтерін пайдалану. Жолаушылар вагондары түрлерінің атаулары (жалпы, плацкарт , жұмсақ) және билеттің тиісті құны. Теміржол жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың қызметі. Поездардың жүру кестесінің мәні; анықтама қызметі. Теміржол билеттерін сатып алу тәртібі (кассадан сатып алу, телефон арқылы тапсырыс беру). Жүкті сақтау камерасына тапсыру және алу тәртібі. Жүкті және қол жүгін жинау ерекшеліктері. Теміржолдағы жол-көлік оқиғаларының түрлері. Жолаушылардың төтенше жағдайдағы тәртібі. Төтенше жағдайдан зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету. Көлікте, жолда жүру тәртібі. Қала көшелерінде жүру бағыттары. Жол жүру ережелері, көшеден дұрыс өту үлгілері. Жол ақысын төлеу. Мектепке баратын жол (бағыт, көлік түрлері), мектепке дейін әртүрлі көлік түрлерімен барудың ең тиімді бағыты. Жолда бір көліктен екінші көлікке ауысып міну. Жаяу жүргінші жолы;

6) отбасы. Отбасы құрамы. Жақын туыстарының есімдері (аға-інілері, әпке-қарындастары, ата-әжелері); жақын туыстарын достары мен таныстарынан айыра білу. Отбасылық дәстүрлер. Отбасылық бюджет. Отбасының табыс көзі. Отбасылық қатынастар. Әрбір отбасы мүшесінің құқықтары мен міндеттері, кіші және егде жастағы отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету. Қазақстан Республикасы азаматының негізгі құжаттары (туу туралы куәлік, төлқұжат, білімі туралы құжат);

7) мерекелер мен рәсімдер. Әдет-ғұрыптық салттар (үйлену тойдың, бесікке салу, тұсаукесер салт-жоралары). Әртүрлі халықтар дәстүрлеріндегі мерекелер мен мейрамдарға дайындалу және оларды өткізу дағдылары мен қабілеті. Қазақ халқының мақал-мәтелдері, өлеңдері мен әндері;

8) кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары. Сауда үйі. Сауда үйіндегі тауарлар ассортименті. Сауда үйінің жұмыс режимі. Тауарларды сатып алу. Дүкендегі тәртіп ережелері. Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық қызметінің ақысын төлеу. Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылықтың орналасқан жері. Коммуналдық қызметтердің ақысын төлеу. Ақшасыз есеп айырысу. Банкомат. Шаштараз, химиялық тазалау, кір жуу, жалға беру қызметтері. Газеттерге, журналдарға жазылу. Ақша аударымдары. Театр. Қоғамдық орындардағы тәртіп ережелері. Театрға бару кезіндегі этикет ережелері.

36. 9-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық. Дене гигиенасы. Денсаулықтың адам өмірі мен қызметі үшін маңызы. Денені, шашты күту, қажетті гигиеналық процедураларды дербес орындау; жасөспірімнің жеке гигиенасы. Гигиеналық процедуралар (бас жуу, киім-кешекті ауыстыру, тырнақ алу). Жеке гигиеналық құралдарды таңдау. Аяқ киімге арналған

ұлтарақтар, гигиеналық төсеніштер, душқа арналған гельді қолдану. Алкогольдің, темекі шегудің, есірткі қолданудың зияны. Жұқпалы аурулар, оның алдын алу шаралары. Медициналық мекемелерге көмекке жүгіну ережелері. Науқасқа үйден күтім жасау. Жаншылу, мұрыннан қан кету кезінде алғашқы көмек көрсету;

2) киім, аяқ киім. Киім, аяқ киім, бас киім түрлері. Өз киімінің өлшемін білу; сатып алған кезде киімде болуы мүмкін ақаулар. Киімнің мөлшерін анықтау үшін өлшемдер алу. Киімге қажетті заттарды таңдау және өлшеу, оларды сатып алу. Киімге, аяқ киімге күтім жасау. Жүннен және синтетикалық маталардан тігілген киімге күтім жасау ерекшеліктері. Ұсақ дақтарды кетіру (нұсқаулықты қолдану). Киім мен аяқ киімді маусымдық сақтауға дайындау. Сүлгіге ілгішті тігу тәртібі. Кір жуғыш машинаны орнату және оны пайдалану ережелері. Кір жуғыш машинамен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Мақта-матадан тігілген киімдерді кір жуғыш машинамен жуу, киімді кептіру. Жұмыс аяқталғаннан кейін жұмыс орнын тазалау. Төсек-орын жаймасын үтіктеу тәртібі; үтіктелген киімді ұқыптап бүктеу, үтікпен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Қисық сырмаларды тігуді дұрыс және ұқыпты орындау;

3) тамақтану. Азық-түлік тағамдары. Әртүрлі топтағы тағамдардың айырмашылығы . Жарамды және жарамсыз (бүлінген) өнімдердің айырмашылығы. Жарамсыз және бүлінген өнімдерді тастау. Шикілей, піскен түрде қолданылатын көкөністер. Таңғы, түскі, кешкі асқа дастарқан жаюдың реттілігі мен ережелері. Тамақтан кейін дастарқанды жинау. Тағамдарды рецептіге сүйене отырып дайындау реті (мұғалімнің нұсқаулары мен көрсетуі бойынша). Тамақ дайындау кезіндегі санитарлық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік ережелері. Ұлттық тағамдарды (палау, бауырсақ, қайнақша (вареник), тұшпара) дайындау. Аспаздық кітап, тағамды рецепт бойынша дайындау. Дастарқан басындағы әдеп ережелері;

4) тұрғын үй. Уақытша тұратын тұрғын үй-жайлар түрлері. Бөлменің мақсатын ескере отырып, пәтерге жиһазды орналастыру ережелері. Тұрғын үйді тазалау. Пәтерді (үйді) күнделікті, апта сайын, маусымдық тазалау. Ас үйді, жуынатын бөлмені, дәретхананы тазалау. Жөндеуге дайындық. Пәтерді косметикалық жөндеу;

5) көлік. Көлік құралдарының түрлері. Әуежайдың, аэровокзалдың мақсаты, оның негізгі қызметтері. Әуе көлігінің жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың қызметі. Әуежай мен аэровокзал ғимаратында бағдарлау ережелері. Анықтама қызметтерін, әуежай мен аэровокзалдың басқа да қызметтерін пайдалану. Сақтау камерасын пайдалану тәртібі. Ұшақтардың ұшу кестесінің мақсаты; анықтамалық қызмет. Ұшақтардың ұшу кестесінен хабардар болу. Әуе билеттерін сатып алу тәртібі (кассадан сатып алу, телефон арқылы тапсырыс беру). Жүкті және қол жүгін ресімдеу тәртібі. Қала көшелерінде жүру бағыттары: базарға дейінгі, мектепке дейінгі, мектептен үйге дейінгі; дүкенге дейінгі, туысқанының үйіне дейінгі, бассейнге дейінгі (өз бетінше, ересектердің көмегімен) бағыттар. Такси қызметтері;

6) отбасы. Отбасы құрамы: өз отбасы мүшелерінің туыстық қатынастары (анасының , әкесінің аты-жөні). Отбасындағы өзінің әлеуметтік рөлін анықтау. Үй шаруашылығын жүргізу. Отбасылық қатынастар. Отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету. Отбасылық бюджет. Отбасындағы кішкентай бөбектерге күтім жасау түрлері (жуындыру, киіндіру, тамақтандыру). Күнделікті өмірдегі міндеттерді бөлу. Отбасындағы бос уақытты ұйымдастыру. Отбасылық дәстүрлер. Төлқұжат (төлқұжаттағы деректер, сериясы, нөмірі, ЖСН, кім және қашан берілген). Үй шаруашылығын жасауға белсенді қатысу, өз отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету;

7) мерекелер мен рәсімдер: әртүрлі халықтардың дәстүрлеріндегі мерекелер мен мейрамдарға дайындалу және оларды өткізу дағдылары мен ептілігі, әртүрлі халықтардың дәстүрлеріндегі үйлену тойы. Мерейтойлар, мерейлі күндер, зейнеткерлікке шығарып салу. Қазақ халқының ұлттық дәстүрлері. Қазақ халқының үйлену тойына дайындалу және оны өткізу ерекшеліктері. Құттықтаулар. Қазақ халқының мақал-мәтелдері, өлеңдері мен әндері;

8) кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары. Әмбебап, мамандандырылған дүкендерден, базарлардан, дүңгіршектерден сауда жасау. Қаптамадан өнімнің жарамдылық мерзімін анықтау. Дүкендегі тәртіп ережелері. Үй басқармасы (пәтер иелерінің кооперативтері, мүлік иелерінің бірлестігі, қарапайым серіктестер). Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық қызметіне ақы төлеу. Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылығының орналасқан жері. Салықтар. Салық түрлері. Ақшасыз есеп айырысу. Банкомат, терминал. Қызмет көрсету саласының кәсіпорындары (фотоателье, шаштараз, шеберхана, кір жуу, химиялық тазалау). Жедел жәрдем қызметінің телефондары. Телефонмен сөйлесу мәдениеті. Такси шақыру. Асханаға, кафеге, мейрамханаға бару. Қоғамдық тамақтану мекемелеріндегі тәртіп мәдениеті. Мәдениет мекемелеріне бару кезіндегі тәртіп ережелері (театр, мұражай, көрме, саябақ)
.

37. 10-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық. Дене гигиенасы. Денсаулықтың адам өмірі мен қызметі үшін маңызы. Денеге, шашқа өздігінен күтім жасау, қажетті гигиеналық процедураларды орындау; жасөспірімнің жеке гигиенасы. Гигиеналық процедуралар (бас жуу, киім ауыстыру, тырнақ алу). Жеке гигиеналық құралдарды таңдау. Алкогольдің, темекі шегудің, есірткі қолданудың зияны. Жаман әдеттермен күресу. Жұқпалы аурулар, олардың алдын алу шаралары. Медициналық мекемелерге көмекке жүгіну ережелері. Науқасқа үйден күтім жасау (киіндіру, жуындыру, науқасты тамақтандыру, қызуын өлшеу, қыша қағаздарын қою). Жаншылу, мұрыннан қан кету кезінде алғашқы көмек көрсету. Үйге дәрігер шақыру. Медбикенің, фельдшердің қызметтік міндеттері. Тері сыдырылғанда, жәндіктер шаққан кезде алғашқы көмек көрсету;

2) киім, аяқ киім. Киім, аяқ киім, бас киім түрлері. Өз киімінің өлшемін білу; сатып алған кезде киімде болуы мүмкін ақаулар. Киімнің өлшемін анықтау үшін өлшемдер алу. Киімге қажетті заттарды таңдау және өлшеу, оларды сатып алу. Киімге, аяқ киімге күтім жасау. Жүннен және синтетикалық маталардан тігілген киімге күтім жасау ерекшеліктері. Ұсақ дақтарды кетіру (нұсқаулықты қолдану). Киім мен аяқ киімді маусымдық сақтауға дайындау. Сүлгіге ілгішті тігу тәртібі. Кір жуғыш машинаны орнату және оны пайдалану ережелері. Кір жуғыш машинамен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Жүн, жібек, жасанды маталардан тігілген киімді кір жуғыш машинада жуу, киімді кептіру. Жұмыс аяқталғаннан кейін жұмыс орнын тазалау. Жүн, жібек, жасанды маталардан тігілген киімді үтіктеу тәртібі; үтіктелген киімді ұқыптап бүктеу, үтікпен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Әртүрлі материалдардан жасалған аяқ киімді күту. Тігіншінің функционалдық міндеттері;

3) тамақтану. Азық-түлік тағамдары. Әртүрлі топтағы азық-түлік тағамдарының айырмашылығы. Жарамды және жарамсыз (бүлінген) өнімдердің айырмашылығы. Бүлінген өнімдерді тастау. Шикі, піскен түрде қолданылатын көкөністер. Таңғы, түскі, кешкі асқа дастарқан жаюдың реттілігі мен ережелері. Тамақтанғаннан кейін үстелді жинау. Асүйлік, асханалық, шай ыдыстарын, асхана құралдарын, асүй аспаптары мен құралдарын, негізгі тұрмыстық асүй техникасын пайдалану ережелері. Тоңазытқышты еріту және жуу. Тағамдарды рецептке сүйене отырып дайындау реті (нұсқаулықпен және мұғалімнің көрсетуі бойынша). Тағам дайындау кезіндегі санитарлық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік техникасы жөніндегі ережелер. Ұлттық тағамдар (палау, бешбармақ, қайнақша (варениk), тұшпара) дайындау. Аспаздық кітап. Дастарқан басындағы әдеп ережесі. Мерекелік мәзір. Асхана қызметкерінің функционалдық міндеттері;

4) тұрғын үй. Уақытша тұратын тұрғын үй-жайлардың түрлері. Жиһазды пәтерге бөлменің мақсатына сай орналастыру ережелері. Тұрғын үйді тазалау: кілемдерді, алашаларды, еден жабындарын тазалау. Пәтерді (үйді) күнделікті, апта сайын, маусымдық тазалау. Ас үйді, жуынатын бөлмені, дәретхананы тазалау. Жөндеуге дайындық. Пәтерді косметикалық жөндеу. Құрылыс материалдары. Айналарды, терезелерді таза ұстау. Жуғыш заттарды таңдау және сатып алу;

5) көлік. Көлік құралдарының түрлері. Әуежайдың, аэровокзалдың мақсаты, олардың негізгі қызметтері, әуежай мен аэровокзал ғимаратында бағдарлау ережелері. Ұшақтардың ұшу кестесінен хабардар болу. Анықтама қызметтерін, әуежай мен аэровокзалдың басқа да қызметтерін пайдалану. Әуе көлігінің жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың қызметі. Әуе билеттерін сатып алу тәртібі (кассадан сатып алу, телефон арқылы тапсырыс беру). Жүкті және қол жүгін өткізу тәртібі. Сақтау камерасын пайдалану тәртібі. Көлікте және жолда жүру тәртібі. Жолда

жүру ережелері. Көліктен түсіп, оны айналып өту ережелері. Төтенше жағдай кезіндегі тәртіп нормалары. Қала, қала маңы, қалааралық бойынша қозғалыс бағыттары. Такси қызметтері. Автобус, такси жүргізушісінің функционалдық міндеттері;

6) отбасы. Отбасы құрамы: отбасы мүшелерінің туыстық қатынастары (анасының, әкесінің аты-жөні, тегі). Отбасындағы өзінің әлеуметтік рөлін анықтау (ұлы немесе қызы, немересі немесе немере туыстары, ағасы, әпкесі). Үй шаруашылығын жасау. Отбасылық қатынастар. Отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету. Отбасы бюджеті: шығындардың негізгі баптары (тамақтану, тұрғын үйді күтіп-ұстау, киім мен аяқ киім, мәдени қажеттіліктер, туыстарына көмектесу). Бюджетті және отбасы құрамын ескере отырып, бір күнге, аптаға арналған шығыстарды жоспарлау. Тұрғын үйдің коммуналдық қызметтері үшін төлем жасау, оны төлеу тәртібі және мерзімі; электр және газ тарифтері, түбіртектерді толтыру. Үй шаруашылығында шығындарды үнемдеу ережелері. Отбасындағы кішкентай бөбектерге күтім жасау түрлері (жуындыру, киіндіру, тамақтандыру). Отбасы мүшелері арасында шаруашылық-тұрмыстық міндеттерді бөлу. Отбасының бос уақытын ұйымдастыру. Отбасылық дәстүрлер. Отбасындағы қарым-қатынастың моральдық-этикалық нормалары. Әртүрлі отбасылық жағдайларды талдау. Мерекелермен құттықтау. Қонақ шақыру және оларды қарсы алу. Төлқұжат (төлқұжаттағы деректер, сериясы, нөмірі, ЖСН, кім және қашан берілген). Жұмысқа орналасу кезіндегі құжаттар;

7) мерекелер мен рәсімдер: әртүрлі халықтардың дәстүрлеріндегі мерекелер мен мейрамдарға дайындалу және оны өткізу дағдылары мен ептілігі, әртүрлі халықтардың дәстүрлеріндегі үйлену тойы. Мерейтойлар, мерейлі күндер, зейнеткерлікке шығарып салу. Қазақ халқының ұлттық дәстүрлері. Қазақ халқының үйлену тойларына дайындалу және оны өткізу ерекшеліктері. Құттықтаулар. Сыйлықтар таңдау. Қазақ халқының мақал-мәтелдері, өлеңдері мен әндері;

8) кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары. Әмбебап, мамандандырылған дүкендерден, базарлардан, дүңгіршектерден сауда жасау. Қаптамадан тауардың жарамдылық мерзімін анықтау. Дүкендегі тәртіп ережелері. Үй басқармасы (қарапайым серіктестік (ҚС), мүлік иелерінің бірлестігі (МИБ). Жөндеу жұмыстарын орындауға қызмет көрсететін компанияға өтінім. Салықтар. Салық түрлері. Салық салу мақсаттары. Ақшасыз есеп айырысу. Банкомат, терминал. Қызмет көрсету саласының кәсіпорындары (фотоателье, шаштараз, кір жуу, химиялық тазалау, жалға беру, киім тігу ательесі). Жедел (шұғыл) жәрдем көмек көрсету мекемелерінің телефондары. Такси. Асхана, кафе. Мейрамхана. Мейрамханада, кафеде дастарқан басында әңгімелесу. Мәдениет мекемелеріне келу кезіндегі тәртіп ережелері. Жұмыспен қамту мекемелері мен бөлімдері. Жұмысқа тіркеу. Жұмысқа орналасу үшін қажетті құжаттар, оларды құрастыру (өтініш, сауалнама, өмірбаян, өтінім, қолхат, баяндамалық жазба).

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

38. Бағдарламадағы оқу мақсаттары кодтаумен берілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – Бағдарламаның бөлімі мен шағын бөлімін, төртінші сан оқу мақсатының нөмірленуін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4 кодтаудағы: "6" - сынып, "2.1" – шағын бөлім, "4" – оқу мақсатының нөмірі.

39. Оқу мақсаттарының жүйесі мынадай бөлімдер мен сыныптар бойынша берілген:

1) "Денсаулық" бөлімі:

Шағын бөлім	Оқу мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1. Дене гигиенасы	5. 1. 1. 1 гигиеналық құралдарды қолдану ережелерін орындау: сабын, жөке, сүлгі, сусабын, қайшы	6. 1. 1. 1 шашқа күтім жасау (жуу, шаш кептіргішпен кептіру, қарапайым шаш үлгісін жасау)	7. 1. 1. 1 шаш күтетін құралдарды қолдану (сусабын, шашқа арналған кондиционер)	8. 1. 1. 1 денсаулықты сақтау және нығайту (салауатты өмір салты, жаттығу, денені шынықтыру, дұрыс тамақтану)	9. 1. 1. 1 дененің тазалығын қадағалау	10. 1. 1. 1 шаштың тазалығын қадағалау
	5. 1. 1. 2 гигиеналық құралдардың мақсатын атау: сабын, жуғыш зат, сүлгі, сусабын, қайшы	6. 1. 1. 2 шаш күтетін құралдарды таңдау және сатып алу (сусабын, шашқа арналған кондиционер)	7. 1. 1. 2 жеке интимдік гигиеналық ережелерді сақтау	8. 1. 1. 2 табиғи күштердің (күн, ауа және су) денсаулыққа пайдасын атау	9. 1. 1. 2 қажетті гигиеналық процедураларды орындау (бас жуу,)	10. 1. 1. 2 қажетті гигиеналық процедураларды орындау (киім ауыстыру және жуу, тырнақ алу)
	5. 1. 1. 3 дененің, шаштың тазалығын қадағалау	6. 1. 1. 3 аяқ-қолды күту ережелерін орындау	7. 1. 1. 3 ішкі киімді жуу	8. 1. 1. 3 жеке гигиеналық заттар мен құралдарды (сусабын, шашқа арналған кондиционер) қолдану, оларды дұрыс сақтау	9. 1. 1. 3 жеке гигиеналық заттар мен құралдарды (сусабын, шашқа арналған кондиционер, сабын, сүлгі) таңдау және қолдану, оларды дұрыс сақтау	10. 1. 1. 3 жеке гигиеналық заттар мен құралдарды (сусабын, шашқа арналған кондиционер, бет маскасы, қол кремі) таңдау және қолдану, оларды дұрыс сақтау
	5. 1. 1. 4 қажетті гигиеналық	6. 1. 1. 4 тырнақ алу	7. 1. 1. 4 ванна, душ	8. 1. 1. 4 бет терісіне күтім жасау	9. 1. 1. 4 алкогольдің, темекі шегудің, есірткі	10. 1. 1. 4 жаман әдеттермен

	процедуралар ды орындау	ережелерін орындау	қабылдау жиілігін атау	ережелерін айту	қолданудың зиянын түсіндіру	күресу қажеттілігі туралы айту
					9. 1. 1. 5 жұқпалы ауруларды атау, олардың алдын алу шаралары туралы айту	10. 1. 1. 5 жыныстық жолмен берілетін және жұқпалы аурулардың қауіптілігін, олардың алдын алу шаралары туралы түсіндіру
1.2. Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету	5. 1. 2. 1 жаншылу, мұрыннан қан кету кезінде дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету	6. 1. 2. 1 үй дәрі қобдишасын қолдану мақсатын айту	7. 1. 2. 1 дәріхананың мақсатын, ең жақын дәріхананың орналасқан жерін атау	8. 1. 2. 1 медициналық мекемелерді (емхана, аурухана, " жедел жәрдем " қызметі) атау, олардың қызметтерін пайдалану ережелері туралы білу	9. 1. 2. 1 медициналық мекемелерге медициналық көмек үшін жүгіну ережелерін атау	10. 1. 2. 1 медбикенің, фельдшердің қызметтік міндеттерін атау
	5. 1. 2. 2 тері сыдырылғанда, кішкене кесілгенде алғашқы көмек көрсету	6. 1. 2. 2 үй дәрі қобдишасын сақтау орындары туралы айту	7. 1. 2. 2 дәріханада дәрілік заттарды сатып алу тәртібін атау	8. 1. 2. 2 дәрігерге үйге қоңырау шалу, дәрігерге өзінің қал-жағдайы туралы айту, үйде науқасқа күтім жасау	9. 1. 2. 2 үйде күтім жасау ережелерін атау	10. 1. 2. 3 жаншылу, мұрыннан қан кету кезінде дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету
	5. 1. 2. 3 жәндіктер (масалар, аралар) шаққан кезде дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету	6. 1. 2. 3 үй дәрі қобдишасын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шараларын атап шығу	7. 1. 2. 3 теріні кесіп алуда, сыдырып алуда, шағын тырналып калуда алғашқы көмек көрсету	8. 1. 2. 3 күю, үсік, күн өту, улану, бас ауруы кезінде алғашқы көмек көрсету	9. 1. 2. 3 жаншылған, мұрыннан қан кеткен кезде дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету	10. 1. 2. 3 тері сыдырылғанда, жәндіктер шаққан кезде дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету

2) "Киім. Аяқ киім" бөлімі:

Шағын бөлім	Оқу мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
		6. 2. 1. 1 ұлдар мен қыздарға	7. 2. 1. 1 аяқ киімнің			

2.1. Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	5. 2. 1. 1 киім, бас киім және аяқ киім түрлерін атау	арналған әртүрлі маусымдарға арналған киімдерді атау (күнделікті, мерекелік)	түрлерін, қолдану мақсатын атау (ұлдарға-қыздарға, үйде кию-көшеде кию)	8. 2. 1. 1 дүкеннен киім мен аяқ киім іздеу, киім, аяқ киім сатып алу	9. 2. 1. 1 дүкеннен өз өлшеміндегі киім мен аяқ киімді табу	10. 2. 1. 1 дүкендегі киім өлшейтін бөлмені пайдалану, киім, аяқ киім сатып алу
	5. 2. 1. 2 киім мен аяқ киімді мақсатына қарай ажырату және саралау	6. 2. 1. 2 маусым бойынша киім таңдау	7. 2. 1. 2 аяқ киімнің, бас киімнің өлшемін атау	8. 2. 1. 2 аяқ киім мен киімнің өлшемін атау	9. 2. 1. 2 аяқ киім мен киімнің өлшемін атау	10. 2. 1. 2 киімнің мөлшерін анықтау үшін өзінің және жолдасының өлшемін алу
	5. 2. 1. 3 киімге және аяқ киімге ұқыпты қарау	6. 2. 1. 3 маусымдар арасындағы киімді сақтауға дайындау	7. 2. 1. 3 бас киімдердің түрлерін атау (ұлдар мен қыздарға арналған)	8. 2. 1. 3 киімді таңдау үшін дүкендегі киім өлшейтін бөлмені пайдалану	9. 2. 1. 3 киімнің мөлшерін анықтау үшін өзінің және жолдасының өлшемін алу	10. 2. 1. 3 киім сатып алған кезде сатушы-консультанттан кеңес алу немесе одан сыпайы түрде бас тарту
			7. 2. 1. 4 бас киімді маусымға, жағдайға сәйкес таңдау			10. 2. 1. 4 тігіншінің, функционалды қ міндеттерін атау
	5. 2. 2. 1 киім мен аяқ киімге күтім жасау	6. 2. 2. 1 зығырдан, жүннен, жібектен, жасанды матадан, трикотаждан тігілген киімге күтім жасау	7. 2. 2. 1 киімге күтім жасау ерекшеліктерін көрсететін шартты белгілерден (символдардан) хабардар болу	8. 2. 2. 1 киімге, күнделікті күтім жасау	9. 2. 2. 1 аяқ киімге күнделікті күтім жасау	10. 2. 2. 1 киімге, аяқ киімге күнделікті күтім жасау
		6. 2. 2. 2 киімді қолмен жуу, кептіру үшін оны ілу	7. 2. 2. 2 киімді қолмен жуу, кептіру үшін оны ілу	8. 2. 2. 2 сөгілген тігісті нұсқаулық картаға сүйене отырып тігу	9. 2. 2. 2 киімді қолмен жуу, кептіру үшін оны ілу	10. 2. 2. 2 киімді қолмен жуу, кептіру үшін оны ілу
		6. 2. 2. 3 шағын заттарды үтіктеу (орамалдар,	7. 2. 2. 3 шағын заттарды үтіктеу (орамалдар,	8. 2. 2. 3 заттаңбамен танысып, ондағы мәліметтерді	9. 2. 2. 3 киімдегі жапсырмасын	

2.2. Киімге, аяқ киімге күтім жасау	5. 2. 2. 2 киімге ұсақ жөндеу жұмыстарын жүргізу (түймелерді " қатты", "бос" тігу)	алжапқыштар, үшкіл орамалдар, жастық тыстары), оларды бүктеп, сақтауға қою	алжапқыштар, үшкіл орамалдар, жастық тыстары), оларды бүктеп, сақтауға қою	пайдалану арқылы жүннен және синтетикалық маталардан тігілген заттарды жуу	да шартты белгілерін түсіну	10. 2. 2. 3 кірді кір жұғыш машинамен жуу
		6. 2. 2. 4 үтікпен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау	7. 2. 2. 4 үтікпен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау	8. 2. 2. 4 жейделерді, көйлектерді, шалбарларды тиісті реттілікпен үтіктеу	9. 2. 2. 4 төсек-орын жабдықтарын үтіктеу және ұқыпты жинау	10. 2. 2. 4 үй жағдайында киімдегі дақтарды нұсқаулыққа сүйене отырып, кетіру
			7. 2. 2. 5 бас киімдерді күту және сақтау ережелерін атап шығу	8. 2. 2. 5 үтікпен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау	9. 2. 2. 5 кір жуғыш машинаны қолдана білу	10. 2. 2. 5 киімді кептіру, үтіктеу, жұмыстан кейін жұмыс орнын тазалау
					9. 2. 2. 6 үтікпен, жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау	10. 2. 2. 6 кір жуғыш машинамен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау

3) "Тамақтану" бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	5. 3. 1. 1 азық-түліктің оқып үйренген топтарын ажырату (	6. 3. 1. 1 өнімдерді сақтау мерзімдерінен хабардар болу	7. 3. 1. 1 көкөніс, ет, балық өнімдерін алғашқы термиялық өңдеу әдістерін атап шығу	8. 3. 1. 1. қамыр түрлерінің мақсатын түсіндіру (үгілмелі, қатпарлы, бисквитті, құймақ қамыры)	9. 3. 1. 1 әртүрлі топтағы азық-түлік тағамдарын ажырату	10. 3. 1. 1 әртүрлі топтағы азық-түлік тағамдарын ажырату
		6. 3. 1. 2 азық-түлікті сақтау орындарына, тоңазытқышқа орналастыру	7. 3. 1. 2 көкөністерді қоймада, жертөледе сақтау ережелерін атап шығу	8. 3. 1. 2 қамырдан жасалған бұйымдарды сақтау шарттары мен мерзімдерін атау	9. 3. 1. 2 қолдануға жарамды тағамдарды ажырату	10. 3. 1. 2 қолдануға жарамды және бүлінген (жарамсыз) тағамдарды ажырату

3.1. Азық-түлік тағамдары	көкөністер, жеміс-жидектер, сүт, ұн, ет, балық өнімдері, жарма, кондитерлік өнімдер)	6.3.1.3 дайындалған тағамдарды сақтау ережелерін атау	7.3.1.3 жарамды және жарамсыз (бүлінген) тағамдарды, азық-түлікті анықтау	8.3.1.3 азық-түлікті артығымен дайындау туралы айту, дайындау әдістерін атау	9.3.1.3 тамақ қалдықтарын кәдеге жарату ережелерін орындау	10.3.1.3 азық-түлікті тиісті сақтау орындарына орналастыру
				8.3.1.4 тамақ қалдықтарын және бүлінген өнімдерді, тағамдарды уақытында тастау	9.3.1.4 азық-түлікті сақтау мерзімдерін анықтау	10.3.1.4 асхана жұмысшысының міндеттерін атау
						10.3.1.5 тамақ қалдықтарын кәдеге жарату ережелерін атап шығу
3.2. Асүй және асхана ыдыстары, техника	5.3.2.1 асүй жабдықтарынан, асүй ыдыстарынан, құрал-жабдықтарынан хабардар болу	6.3.2.1 плитаны (газ, электр), қысқа толқынды пешті қолдану, олармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау	7.3.2.1 таңдалған мәзірді ескере отырып, түскі ас дастарқанын жасау	8.3.2.1 қамыр дайындау үшін тұрмыстық техниканы қолдану	9.3.2.1 асүй ыдыстарды мақсатына сай қолдану	10.3.2.1 асхана құралдарын, асүй құрал-жабдықтарын, негізгі тұрмыстық асүй құралдарын дұрыс қолдану
	5.3.2.2 әртүрлі материалдардан жасалған ыдыс-аяқ пен асхана құралдарын күту (жуу, тазалау) және сақтау ережелерін пайдалану	6.3.2.2 азық-түлікті тоңазытқыш сөрелеріне орналастыру ережелерін сақтау	7.3.2.2 асхана құралдарын пайдалану ережелерін орындау	8.3.2.2 азық-түлікті дайындауға арналған техникалық құрылғыларды қолдану (консервілеу кілті, темір, капрон қақпақтар)	9.3.2.2 таңғы асқа дастарқан жаю	10.3.2.2 түскі, кешкі асқа және мерекеге дастарқан жаю
		6.3.2.3 тоңазытқышты қолдану және оны таза ұстау ережелерін сақтау	7.3.2.3 азық-түлікті тоңазытқыш сөрелеріне қою	8.3.2.3 консервілеуге арналған ыдыстарды зарарсыздандыру әдістерін атау		
	5.3.2.3 мектеп	6.3.2.4 әртүрлі	7.3.2.4 әртүрлі	8.3.2.4 әртүрлі	9.3.2.3 тамақтанғанн	10.3.2.3 тоңазытқышты еріту және

	асханасында дастарқан жаю	материалдардан жасалған ыдыс-аяқ пен асхана құралдарын күту (жуу, тазалау) және сақтау ережелерін пайдалану	материалдардан жасалған ыдыс-аяқ пен асхана құралдарын күту (жуу, тазалау) және сақтау ережелерін пайдалану	материалдардан жасалған ыдыс-аяқ пен ас құралдарын күту (жуу, тазалау) және сақтау ережелерін пайдалану	ан кейін үстелді жинау, ыдыс жуу	жуу ережелерін орындау
3.3. Тамақ дайындау және тамақтану	5. 3. 3. 1 шай демдеу ережелерін орындау	6. 3. 3. 1 тағамды кемінде термиялық өңдеумен дайындау (макарон пісіру, ботқаны сүтке және суға пісіру, картоп пісіру, одан пюре дайындау)	7. 3. 3. 1 түскі ас дайындау (көкөністерден, балық және ет өнімдерінен, жартылай фабрикаттардан бірінші және екінші тағамдар)	8. 3. 3. 1 қамырдан жасалған бұйымдарды плитада және тұмшапеште рецепт бойынша дайындау (құймақ, печенье, торт пісіру)	9. 3. 3. 1 ұлттық тағамдарды (палау, бауырсақ) дайындау	10. 3. 3. 1 ұлттық тағамдарды дайындау (палау, ет, қайнақша (вареник), тұшпара)
	5. 3. 3. 2 жұмыртқа тағамдарын дайындау (жұмыртқа пісіру, омлет пісіру)	6. 3. 3. 2 "винегрет" салатын дайындау	7. 3. 3. 2 тіскебасарлар дайындау	8. 3. 3. 2 көкөністерді, жеміс-жидектерді сақтау	9. 3. 3. 2 аспаздық кітаптан тағамдар рецепттерін іздеу	10. 3. 3. 2 аспаздық кітаптан үйрену, тағамды рецепт бойынша дайындау
	5. 3. 3. 3 бутербродтардың түрлерін атап шығу және оларды қалай дайындау керектігін білу	6. 3. 3. 3 кесу құралдарымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау	7. 3. 3. 3. суып қалған тағамдарды жылыту	8. 3. 3. 3 аспаздық кітаптан тағамдар рецепттерін іздеу	9. 3. 3. 3 тағамды дайындау кезінде рецепттерге сүйену	10. 3. 3. 3 мерекелік үстел мәзірін жасау
	5. 3. 3. 4 кесу құралдарымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау	6. 3. 3. 4 дастарқан басында мәдениеттілік тәртібі ережелерін	7. 3. 3. 4 дастарқан басында мәдениеттілік тәртібі ережелерін	8. 3. 3. 4 дастарқан басында мәдениеттілік тәртібі ережелерін	9. 3. 3. 4 мәдениеттілік	10. 3. 3. 4 дастарқан
	5. 3. 3. 5 таңғы асқа дастарқан жаю					

	5. 3. 3. 6 дастарқан басында мәдениеттілік тәртібі ережелерін және сөйлеу әдебін сақтау	және сөйлеу әдебін сақтау	және сөйлеу әдебін сақтау	және сөйлеу әдебін сақтау	тәртібі ережелерін сақтау	басында сөйлеу әдебін сақтау

4) "Тұрғын үй" бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
4.1. Тұрғын үй-жайлар түрлері	5. 4. 1. 1 тұрғын үй-жайлар түрлерін атау: жатақхана, пәтерлер, жеке үйлер	6. 4. 1. 1 жеке және көп пәтерлі үйлерді ажырату	7. 4. 1. 1 киіз үй құрылысының ерекшеліктері туралы айту (дөңгелек, бүктеуге оңай, жеңіл, жылы, тасымалдауға ыңғайлы)	8. 4. 1. 1 киіз үйде киім мен тұрмыстық заттарды сақтау ерекшеліктері туралы айту	9. 4. 1. 1 тұрғын үй түрлерінен хабардар болу; тұрғын және қосалқы үй-жайларды ажырату	10. 4. 1. 1 тұрғын және қосалқы үй-жайлардың функционалдық мақсатын атау
	5. 4. 1. 2 тұрғын үйді және көп пәтерлі үйлерді ажырату	6. 4. 1. 2 қаладағы, ауылдағы адамдардың тұрғын үйін ажырату	7. 4. 1. 2 жатын бөлменің мақсаты, жатын бөлмеге арналған жиһаз туралы айту	8. 4. 1. 2 тұрғын үй түрлерінен хабардар болу, тұрғын және қосалқы үй-жайларды ажырату, олардың функционалдық және заттық мақсатын анықтау	9. 4. 1. 2 уақытша мақсаттағы үй-жайлардан хабардар болу	10. 4. 1. 2 жиһазды пәтерге, үй-жайларға тиімді орналастыру
	5. 4. 1. 3 тұрғын және қосалқы үй жайлардың функционалдық және заттық мақсатын анықтау	6. 4. 1. 3 ауылдағы үйлердің ауласындағы қосалқы құрылыстардың мәнін түсіндіру	7. 4. 1. 4 әр бөлмені және оның мақсатын жоспар бойынша сипаттау	8. 4. 1. 3 жиһаз бен интерьер заттарын пәтерге, үй-жайларға тиімді орналастыру	9. 4. 1. 3 жиһаз бен интерьер заттарын пәтерге, үй-жайларға тиімді орналастыру	10. 4. 1. 3 жиһазды пәтерге, үй-жайларға тиімді орналастыру
	5. 4. 1. 4 киіз үй құрылысының ерекшеліктерін атап шығу					

	5. 4. 2. 1 кілемді шаңсорғышпен тазалау ережелерін сақтау	6. 4. 2. 1 жиһазға күтім жасау (жылтыратылмаған, жылтыратылған, жұмсақ)	7. 4. 2. 1 жатын бөлмені күнделікті тазалауды орындау; терезелерді жуу	8. 4. 2. 1 пәтерді (үйді) күнделікті, апталық, маусымдық тазалауды орындау	9. 4. 2. 1 пәтерді (үйді) күнделікті, тазалауды орындау	10. 4. 2. 1 пәтерді (үйді) апталық, маусымдық тазалауды орындау
	5. 4. 2. 2. еденді еден жуғышпенжуу	6. 4. 2. 2 қонақ бөлмені күнделікті және апта сайын тазалау (еденді, шаңды сүрту, терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту)	7. 4. 2. 2 терезелердегі перделерге күтім жасау	8. 4. 2. 2 жөндеуге дайындық қызметінің мәні, пәтерді, үйді косметикалық жөндеуді орындау тәсілдерін басшылыққа алу	9. 4. 2. 2 үйді жөндеуге дайындаудың мазмұнын білу	10. 4. 2. 2 үйді (пәтерді) косметикалық жөндеудің тәсілдерін білу
4.2. Тұрғын үйді тазалау	5. 4. 2. 3 жиһаз бетіндегі шаңды сүрту	6. 4. 2. 3 пәтерде, үйде үй жануарларына күтім жасау	7. 4. 2. 3 жылу батареяларына күтім жасау (шаңды сүрту, жуу)	8. 4. 2. 3 косметикалық жөндеу үшін құрылыс материалдарын сатып алу орындарынан хабардар болу	9. 4. 2. 3 косметикалық жөндеу үшін құрылыс материалдарын сатып алу орындарынан хабардар болу	10. 4. 2. 3 күрделі жөндеу үшін құрылыс материалдарын сатып алу орындарынан хабардар болу
			7. 4. 2. 4 шамдарға күтім жасау (сүрту, жуу)	8. 4. 2. 4 асүйді, жуынатын бөлмені, санитарлық торапты тазалауды жүзеге асыру (кафель плитканы, шұңғылшаны, газ/электр плиталарын жуу)	9. 4. 2. 4 асүйді тазалау (кафель плитканы, шұңғылшаны, газ/электр плиталарын жуу)	10. 4. 2. 4 жуынатын бөлмені, санитарлық торапты тазалау (кафель плитканы, шұңғылшаны, унитазды жуу); айналарды, терезені тазалау ережелерін орындау
			7. 4. 2. 5 үйді маусымдық тазалауды орындау	8. 4. 2. 5 айналарға күтім жасау	9. 4. 2. 5 бөлме гүлдеріне күтім жасау	10. 4. 2. 5 жуғыш заттарды таңдау және сатып алу
				8. 4. 2. 6 бөлме гүлдеріне күтім жасау		10. 4. 2. 6 бөлме гүлдеріне күтім жасау

5) "Көлік":

Бөлімше	Оқу мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
5.1. Көлік құралдарының түрлері	5. 5. 1. 1 қоғамдық және жеке көліктің мақсатын атап шығу	6. 5. 1. 1 арнайы машиналардың мақсатын атау	7. 5. 1. 1 автовокзалдың мақсатын түсіндіру	8. 5. 1. 1 теміржол вокзалының мақсаты және оның негізгі қызметтері туралы айту	9. 5. 1. 1 әуежайдың мақсаты мен оның негізгі қызметтерінт үсіндіру	10. 5. 1. 1 автовокзалдың, әуежайдың, теміржол вокзалының мақсатын атау
	5. 5. 1. 2 қоғамдық көлікпен жүргенде жолаушылардың міндеттерін орындау	6. 5. 1. 2 полицияның, дәрігердің, өрт сөндірушінің міндеттерін атау	7. 5. 1. 2 негізгі қала маңындағы бағыттарды атап шығу	8. 5. 1. 2 теміржол жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың кәсіптерін атап шығу	9. 5. 1. 2 әуе көлігінің жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың еңбегі туралы айту	10. 5. 1. 2 әуе көлігі жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың кәсіптерін атап шығу
		6. 5. 1. 3 қалалық көлік түрлерін атау	7. 5. 1. 3 автовокзалдағы қосымша қызметтерді атау	8. 5. 1. 3 жолаушылар вагондарының түрлерін (жалпы, плацкарт, жұмсақ, СВ) және билеттің тиісті құнын атау	9. 5. 1. 3 әуежайдың ақпарат қызметінің міндеттерін атау	10. 5. 1. 3 кестеге қарап, белгілі рейс ұшағының ұшып шығу және келу уақытын анықтау
			7. 5. 1. 4 жолаушыларға қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың еңбегі туралы айту	8. 5. 1. 4 поездардың жүру кестесінің, анықтамалық қызметтің, теміржол билеттерін сатып алудың тәртібі туралы атау (кассадан сатып алу, телефон арқылы тапсырыс беру)	9. 5. 1. 4 анықтама қызметінің мақсатын атап шығу	10. 5. 1. 4 жер үсті және әуе көліктерінің анықтама қызметін пайдалана алу
			7. 5. 1. 5 автобустардың қозғалыс кестесінің, анықтамалық	8. 5. 1. 5 жүкті сақтау камерасына тапсыру және оны алу тәртібі, жүкті		10. 5. 1. 5 әуе билеттерін

	5. 5. 1. 3 жолаушының көлікке отыру және түсу ережелерін орындау	6. 5. 1. 4 қоғамдық көлікте жұмыс істейтін адамдардың еңбегі туралы айту	қызметтің мақсаты туралы айту	және қол жүгін жинау ерекшеліктері туралы айту	9. 5. 1. 5 жүкті рәсімдеу тәртібін айту	сатып алу тәртібін айту
			7. 5. 1. 6 автовокзал кассасынан билеттер сатып алу тәртібін атау	8. 5. 1. 6 теміржолдағы жол-көлік оқиғаларының түрлерін атау	9. 5. 1. 6 аэровокзалдың және оның негізгі қызметтерінің мақсатын атау	10. 5. 1. 6 қол жүгін рәсімдеу тәртібін атау
			7. 5. 1. 7 қалааралық автокөліктің мақсаты туралы айту	8. 5. 1. 7 төтенше жағдайларкезіндегі жолаушылардың тәртіп ережелерін атап шығу	9. 5. 1. 7 жүк сақтау камераның мақсатын және қолдану ережелерін түсіндіру	10. 5. 1. 7 жүк сақтау камерасын пайдалану тәртібін атап шығу
				8. 5. 1. 8 қалааралық автобустардың негізгі бағыттарын атау	9. 5. 1. 9 сақтау камерасының мақсаты және оны пайдалану ережелері туралы айту	10. 5. 1. 8 өз үйінен автовокзалға, теміржол вокзалына, әуежайға дейінгі бағытты құрастыру
						10. 5. 1. 9 автобус жүргізушісінің функционалдық міндеттерін түсіндіру
	5. 5. 2. 1 қоғамдық көлікте жүру ережелерін сақтау (отыру, билет сатып алу, салонда және сыртқа шығу кезіндегі тәртіп ережелері)	6. 5. 2. 1 жол белгілерінің мәнін атау	7. 5. 2. 1. автовокзал ғимаратынан хабардар болу	8. 5. 2. 1 теміржол вокзалының ғимаратынан, поездардың қозғалыс кестесінен (мүмкіндігінше) хабардар болу	9. 5. 2. 1 әуежай ғимаратындағы арнайы көрсеткіштермен ақпараттық таблодан хабардар болу	10. 5. 2. 1 автовокзал, темір жол вокзалы ғимаратында арнайы көрсеткіштермен ақпараттық таблодан хабардар болу
	5. 5. 2. 2 көліктен түсіп, оны айналып өту ережелерін	6. 5. 2. 2 көліктен түскен кезде көшеден өтетін жол	7. 5. 2. 2 автобустарды	8. 5. 2. 2 анықтамалық және вокзал қызметтерін пайдалану,	9. 5. 2. 2 ұшақтардың	10. 5. 2. 2 кестені пайдалана отырып, пойыздар мен

	сақтау (трамвай, троллейбус, автобус)	бөлігі арқылы өту ережелерін сақтау	ң жүру кестесінен хабардар болу	билеттер сатып алу (немесе тапсырыс беру)	ұшу кестесінен хабардар болу	автобустардың жөнелту және келу уақытын анықтау
5.2. Көлікте және жолда жүру тәртібінің ережелері	5. 5. 2. 3 жолда жүру ережелерін сақтау	6. 5. 2. 3 көліктен түсіп, оны айналып өту ережесін сақтау (трамвай, троллейбус, автобус)	7. 5. 2. 3 анықтама қызметтерін және автовокзал қызметтерін пайдалану	8. 5. 2. 3 жүкті жинау	9. 5. 2. 3 жүкті және қол жүгін жинау	10. 5. 2. 3 әуежайдың анықтамалық қызметтерін және басқа да қызметтерін пайдалану
		6. 5. 2. 4 жолда төтенше жағдайлардың ықтимал туындау себептерін атап шығу	7. 5. 2. 4 билет сатып алу (мүмкіндігінше)	8. 5. 2. 4 арнайы машиналарды сыртқы түрі бойынша ажырату	9. 5. 2. 4 жолдан шартты жерден, көрсеткіштер бойынша өту	10. 5. 2. 4 қоғамдықкөліктен түскен кезде оны дұрыс айналып өту
		6. 5. 2. 5 төтенше жағдайдатәртіп ережелерін атау	7. 5. 2. 5 жүкті және қол жүгін жинау	8. 5. 2. 5 сақтау камерасын пайдалану	9. 5. 2. 5 сақтау камерасын пайдалану	10. 5. 2. 5 төтенше жағдайдағы тәртіп ережелерін атау
			7. 5. 2. 6 сақтау камерасын пайдалану ережелерін атап шығу			10. 5. 2. 6 автобус жүргізушісінің, такси жүргізушісінің функционалдық міндеттерін түсіндіру
5.3. Қала көшелерінде жүру бағыттары	5. 5. 3. 1 өзі тұратын, мектеп орналасқан аудандағы өзінің жаяу жүретін жолдың негізгі бағыттарынан хабардар болу	6. 5. 3. 1 қоғамдық көлікпен (мектепке бару) жүруді жүзеге асыру (бағыт)	7. 5. 3. 1 қоғамдық көлікпен (мектепке бару, секцияға бару) жүруді жүзеге асыру (бағыт, көлік түрі)	8. 5. 3. 1 қоғамдық көлікпен жүруді жүзеге асыру (бағыт, көлік түрі)	9. 5. 3. 1 қоғамдық көлікпен жүрудің ережелерін орындау	10. 5. 3. 1 қалааралық қоғамдық көлікпен жүрудің ережелерін орындау
					9. 5. 3. 2 қоғамдық көліктің негізгі жергілікті бағыттарынан хабардар болу,	10. 5. 3. 2 такси қызметін пайдалана білу

6) "Отбасы" бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
6.1. Отбасы құрамы	5. 6. 1. 1. отбасы мүшелерін атау (тегін, есімін, әкесінің есімін, жасын, жұмыс және оқу орнын)	6. 6. 1. 1 өзінің жақын туыстарының тегін, есімін, әкесінің есімін атау	7. 6. 1. 1 жақын туыстарының тегін, есімін, әкесінің есімін атау	8. 6. 1. 1 өзінің тегін, есімін, әкесінің есімін, жақын туыстарының, немере ағаларының есімдерін атау	9. 6. 1. 1 өзінің және отбасы мүшелерінің: әкесінің, анасының аты-жөнін, тегін атау	10. 6. 1. 1 өзінің және отбасы мүшелерінің: әкесінің, анасының, әпкелерінің, ағаларының тегін, есімін, әкесінің есімдерін атау
		6. 6. 1. 2 туыстық дәрежесін атау	7. 6. 1. 2 туыстық дәрежесін атау	8. 6. 1. 2 жақын туыстары мен достарының және таныстарының арасындағы айырмашылықты түсіндіру	9. 6. 1. 2 отбасындағы өзінің әлеуметтік рөлін анықтау (ұлы немесе қызы)	10. 6. 1. 2 отбасындағы өзінің әлеуметтік рөлін анықтау (немересі, ағасы, әпкесі)
6.2. Отбасылық қарым-қатынастар	5. 6. 2. 1 отбасының үлкен мүшелеріне сыпайы қарау	6. 6. 2. 1 үй шаруасына мүмкіндігінше көмектесу	7. 6. 2. 1 үй шаруасындағы тұрақты міндеттерді орындау	8. 6. 2. 1 кіші және егде жастағы отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету	9. 6. 2. 1 отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету	10. 6. 2. 1 үй шаруашылығын жасауға белсенді қатысу
	5. 6. 2. 2 отбасы мүшелерінің күнделікті өмірдегі міндеттерінен хабардар болу	6. 6. 2. 2 отбасы мүшелердің арасында үй міндеттерін бөлу туралы айту	7. 6. 2. 2 отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету	8. 6. 2. 2 отбасы дәстүрлерін атау	9. 6. 2. 2 отбасының бір аптаға, бір айға тамақтану шығындарды жоспарлау	10. 6. 2. 2 отбасының бір айға тамақтану және коммуналды қызметтерін төлеу шығындарды жоспарлау
		6. 6. 2. 3 отбасы мүшелерінің еңбегін құрметтеу	7. 6. 2. 3 отбасын құру мәселелерін, отбасылық қатынастар мәдениетін, отбасылық дәстүрлерді үйрену	8. 6. 2. 3 үй шаруасындағы міндеттерін атау және орындау	9. 6. 2. 3 отбасындағы кішкентай бөбектерге күтім жасаудың негізгі түрлерін орындау	10. 6. 2. 3 отбасындағы кішкентай бөбектерге күтім жасаудың негізгі түрлерін орындау (жуындыру,

						киіндіру, тамақтандыру)
	5. 6. 2. 3 отбасының отбасылық дәстүрлерін атау	6. 6. 2. 4 қазақ халқының дәстүрі бойынша үлкендермен қарым-қатынас жасау ережелері мен түрлерін атап шығу	7. 6. 2. 4 отбасы бюджетінің құрамдас бөліктерін атау (кіріс және шығыс)	8. 6. 2. 4 отбасының әрбір мүшесінің шаруашылық-тұрмыстық міндеттерін атау	9. 6. 2. 4 отбасы мүшелерінің арасындағы күнделікті өмірдегі міндеттерді бөлуді үйрену	10. 6. 2. 4 өзінің үй міндеттерін орындау
			7. 6. 2. 5 отбасы табысының көздерін, айқындау	8. 6. 2. 5 отбасының табыс көздерін, шығыстардың негізгі баптарын анықтау	9. 6. 2. 5 отбасының бос уақытын ұйымдастыру әдістерінен хабардар болу	10.6.2. отбасылық дәстүрі жайлы әңгіме айту
						10. 6. 2. 6 мерекелермен құттықтау
						10. 6. 2. 7 қонақ шақыру және оларды қарсы алу
жауап беру арқылы қатысу. Мұғалімнің сөздерінен балалар тақпақтарын, жай қимылдармен сүйемелдеп орындалатын қысқа өлеңдерді жаттап алып айту (2-6 жолды есте сақтаумен). Сөйлемді педагогтен кейін дұрыс интонациямен айтумен, суреттерді, сөздер бар карточкаларды қолданумен қайталау. Өлеңдер мен мақал-мәтелдер тыңдау, сөйлеу жаттығуы кезінде буындарды, сөздерді толық айту (педагогпен бірлесіп, содан кейін педагогтан бөлек). Иллюстрациялар сериясына сүйене отырып, ертегінің мазмұнын баяндау. Онда оқушылар сұрақтарға жауап беретін ойын ойнайды. Мысалы: "Бұл кім?", "Сатушы не істейді?", "Дүкеннің осы бөлімінде қандай тауарлар сатылады? ", "Шай дастарханына қандай ыдыс қою керек?". Суреттер сериясына сүйене отырып, оқиғаны, ертегіні, мәтінді әңгімелеп айту. Таныс заттар мен әрекеттерді, заттардың белгілерін білу және атау; фотоларда, суреттерде және сюжеттік картиналарда бейнеленген таныс заттар мен әрекеттерді білу және атау. Заттың, іс-әрекеттің оның кескінімен сәйкестігі (түрлі-түсті, ақ-қара, контурлық сурет, 2-5 бөліктен құралған жартылай сурет). Педагогпен бірге суреттерді, пиктограммаларды және сөздерден тұратын карточкаларды қолдану арқылы таныс заттар, жақсы көретін заттары туралы 2 -3 сөзден тұратын сөйлем құрастыру;

2) коммуникация. Коммуникативтік мінез-құлық: қарым-қатынас жасаған кезде жағымды эмоционалдық қарым-қатынас көрсету. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне тіке қарау. Әңгімелесушімен көру байланысын орнату. Айнадан өзін, сыныптасын, мұғалімді қарау. Ересек адаммен және құрдастарымен әңгімелескенде қашықтық пен кезектілікті сақтау. Эмоционалдық жағдайда (қуаныш, қорқыныш, қайғы, таңдану, тыныштық, көңілсіздік) өзін ұстай білу. Әңгімелесушімен сөз, әрекет арқылы (басын изеу, қолын созу, "сәлем", "көріскенше") сәлемдесу және қоштасу. Өзіне назар аударту, дыбыспен, қимылмен, сөзбен, сөз тіркесімен келісім (келіспеушілік) білдіру. Дыбысты, қимылды, пиктограмманы, сөздерді, сөз тіркестерін қолдану арқылы көмек сұрау. Нұсқау қимылын, суретті, сөзді, "керек, қалаймын, керек емес, қаламаймын" сөз тіркестерін қолдану арқылы өз қалауын білдіру. Ым-ишара, сөз, әрекет арқылы ризашылық білдіру (басын изеу, қолын кеудесіне қою, "рахмет" айту).

Сөйлеу коммуникациясы: өзін-өзі атау, өз атына жауап беру, ересектерді аты-жөні бойынша атау; сұрақтар қою, берілген тақырыпқа диалогты қолдау. Мысалы: "Шай дастарханын жаямыз", "Жақында қонақтар келеді – шайға дастархан жаюға дайындаламыз", "Дүкеннен азық-түлік сатып аламыз". Өз әрекеттерін қайталап айту (мұғаліммен бірге). Үлгі бойынша, ауызша нұсқаулық бойынша адамдардың, жануарлар мен құстардың қимылдары мен бейнелеріне еліктеу ойындарына, таныс ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді драмалау ойындарына қатысу. Орындалатын рөлге сәйкес ойын жағдайларын жеке сөздермен, ым-ишарамен және қимылдармен сүйемелдеу. Өзінің ойындағы рөлін атаумен сюжеттік-рөлдік ойынға қатысу;

3) оқу және жазу элементтері. Оқу элементтері: балалар кітаптарындағы, журналдардағы иллюстрацияларды қарау. Беттерді парақтау, кітаптан мұғалім атаған

заттарды, әрекеттер мен белгілерді табу. Мұғаліммен бірге тақырыптық кітапшалар жасау. Оқушының өміріндегі оқиғалар мен қызығушылықтарды бейнелейтін фотосуреттер бар оқушының жеке кітабын (альбомын) жасау. Өзінің жұмысын, жұмыс орнын көрсету үшін өзінің аты бар картаны пайдалану. Мұғалімнің сұрақтары бойынша "Отбасы", "Мектеп" тақырыптарына сөйлемдер құрастыру. Карточкаларды тақырып бойынша таңдап, іріктеу, мысалы, "Бас, мойын, кеуде, арқа, иық буыны - дененің бөліктері". Элементтерге арналған іс-қимыл атаулары бар карточкаларды таңдау, мысалы, "Бала сыпырады, қыз жуады". Ауызша нұсқауларға сәйкес заттардың белгілерін көрсететін карточкаларды таңдау. Ы және Э әріптерімен танысу. Контур бойымен қиылған әріптерін білу және атау А, У, О, И, Э, Ы (10-5 см). Олардың дыбыссыз артикуляциясы негізінде А, Ә, У, Ұ, О, Ө, И, Э, Ы дыбыстарын білу және атау. Суреттерге А, У, О, И, Э, Ы әріптері бар карточкаларды таңдау. Оқыған әріптерді атауы бойынша таныс сөздерден, журналдардан табу.

Жазу элементтері: нүктелерді "жазуды" заттың контуры бойынша саусақпен, қарындашпен, қаламмен орындау (әртүрлі әдістерді қолданумен). Әртүрлі бағыттағы жолға (3-5 см) құммен, жармамен "жазуды" саусақпен, қағазға қарындашпен орындау. Қағаз парағында көлденең (түзу, ирек және қисық) және тік сызықтарды "жазуды" орындау. А, У, О, И, Э, Ы әріптерін әртүрлі беттерге, А4 парақтарына жазу. А, У, О, И, Э, Ы әріптерін трафаретпен және шаблонмен дөңгелектеп сызу, оларды бояу. Әріптерді сызығы жоқ қағазға үлгі бойынша; мұғалімнің айтуы бойынша жазу. Сызығы жоқ қағаз параққа өзінің атын (сыныптастарының атын, сөздерді, сөйлемдерді) қарындашпен, фломастермен, қаламмен үлгі бойынша жазу. Сөздерді, сөйлемдерді карточкалардан тақырыптық кітапшаларға көшіру. Таныс және бейтаныс сөздерден, мәтіндерден, журналдар мен газеттерден оқыған әріптерді дөңгелектеп сызу. Компьютер пернетақтасында өз атын (сөздерді, сөйлемдерді) теру.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: шағын фольклорлық формалар: "Ай, ду-ду", "Ай, лады, лады, лады", "Аленка маленька шустра, быстра...", "Божья коровка", " Волк-волчок, шерстяной бочок", "Гуси вы, гуси", "Как без дудки, без дуды", " Кукушечка", "Стучит, бренчит", "Тили-бом", Сказки: "Курочка Ряба", "Репка", " Теремок", "Волк и семеро козлят", "Колобок". "Три поросенка" (С. Михалков аудармасы).

Балаларға арналған классикалық және қазіргі әдебиет шығармалары: З. Александрованың "Прятки". М.Алимбаевтің "Уроки вежливости", Я.Акимнің "Случай про детей", Г.Х. Андерсеннің "Гадкий утенок", А.Бартоның "Мишка", "Мы с Тамарой", "Бычок", С. Бегалиннің "Жеребенок", К.Баянбаевтің "Юрта", Е.Благининаның "Вот какая мама", "Катя леечку взяла", "Научу обуваться я братца", В.Бианкидің "Кто чем поет", "Купанье медвежат", Т. Волынскийдің "Кошкин дом", И.Гуринаның "Вот как мы играем", А.Дуйсенбаевтің "Лиса пробежала рысцой…", Г.Демченконың "Пастушок", У. Диснейдің "Приключения маленького щенка" (англ.), Е.Елубаевтің "Куда пропал

аппетит", Г. Зайцевтің "Уроки Айболита", Б. Заходердің "Ежик", В. Жуковскийдің " Котик и козлик", С. Козловтің "Доверчивый ежик", "Ежик в тумане", Г.Ладонщиковтың "Зазвонил будильник", "Медведь проснулся", И.Мазнинның "Давайте дружить", С.Маршактың "Багаж", "Ванька-встанька", В.Маяковскийдің "Что такое хорошо и что такое плохо?", Н Мигунованың "Считалка про зверей", Ю.Морицтің "Ежик резиновый.

41. 6-сыныпқа арналған "Сөйлеуді дамыту және коммуникация" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) сөйлеуді дамыту. Сөйлеуді түсіну: [а,о,у,и,э,ы] дауыссыз дыбыстарды заттық суреттерге сүйене отырып, дауыссыз артикуляцияға негізделген және ерте және орта онтогенездегі дауыссыз дыбыстарды тану және ажырату. Дыбыс сигналы, сөз, ым немесе екі және үш сөзден тұратын нұсқаулар негізінде ойын әрекетін орындау. Аудио-бейне жазбалар арқылы шағын өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау. Оқытушы мен оқушылар қайталаған әр түрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (рифма, өлең, әңгіме, ертегі).

Сөйлеу: дауысқа еліктеуді және буындарды, сөздерді, қысқа тақпақтарды, ойын жағдайларын ауызша нұсқауларға сәйкес орындау. Тыңдалған әңгімеге оның мазмұны бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға сөзбен, қимылмен, суретпен, сөйлеммен жауап беру арқылы қатысу. Мұғалімнің сөздерінен тақпақтар, жай қимылдармен сүйемелдеп орындалатын қысқа өлеңдер жаттап алып айту (2-6 жолды есте сақтаумен). Сөйлемді педагогтен кейін дұрыс интонациямен айтумен, суреттерді, сөздер бар карточкаларды қолдану арқылы қайталау. Иллюстрациялар сериясына сүйене отырып, тақпақтар мен мақал-мәтелдерді тыңдаған кезде буындарды, сөздерді толық айту (бірге , содан кейін бөлек). Онда оқушылар сұрақтарға жауап беретін өмірлік жағдайларды ойнайды. Иллюстрациялар сериясына және мұғалімнің сұрақтарына сүйене отырып, ертегілердің мазмұнын қайталап айту. Сұрақтар бойынша таныс заттар мен әрекеттерді , заттардың белгілерін білу және атау: Бұл кім? Ол не істейді? Қандай? Фотоларда, суреттерде және сюжеттік картиналарда бейнеленген таныс заттар мен әрекеттерді білу және атау. Заттың, іс-әрекеттің оның кескінімен сәйкестігі (түрлі-түсті, ақ-қара, контурлық сурет, 2-6 бөліктен құралған жартылай сурет). Мұғаліммен бірге суреттерді, пиктограммаларды және сөздерден тұратын карточкаларды қолдана отырып, таныс заттар, жақсы көретін заттары туралы 3-5 сөзден тұратын сөйлем құрастыру. Өз атынан ("Мен нан сатып аламын", "Біз мерекеге торт сатып аламыз"), екінші және үшінші жақтан ("Ол...", "Олар...") хабарлама түрінде сөйлем құрастыру, хабарламаның адресаттын жазып белгілеу.

2) коммуникация. Коммуникативтік мінез-құлық: қарым-қатынас жасау жағдайына жағымды эмоционалдық қатынас көрсету. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне тіке қарау. Әңгімелесушімен көру байланысын орнату. Айнадан өзін, сыныптасын, мұғалімді қарау. Ересек адаммен және құрдастарымен әңгімелескенде қашықтық пен кезектілікті сақтау. Ересектермен қарым-қатынаста оның атын, тегін және жынысын

пайдалану. Сөйлеушіге қатысты заттарды атау. Эмоционалдық ахуал (қуаныш, қорқыныш, қайғы, таңдану, тыныштық, көңілсіздік) көрсету және атау. Әңгімелесушімен сөз, әрекет арқылы (басын изеу, қолын созу, "сәлем", "көріскенше") сәлемдесу және қоштасу. Өзіне назар аударту, дыбыспен, қимылмен, сөзбен, сөз тіркесімен келісім (келіспеушілік) білдіру. Дыбысты, қимылды, пиктограмманы, сөздерді, сөз тіркестерін қолдана отырып көмек сұрау. Қимылды, суретті, сөзді, сөз тіркестерін қолдану арқылы өз қалауын білдіру. Ым-ишара, сөз, әрекет арқылы ризашылық білдіру (басын изеу, қолын кеудесіне қою, "рахмет" айту).

Сөйлеу коммуникациясы: ересектермен қарым-қатынаста оның атын, тегін және жынысын пайдалану, сұрақтар қою, берілген тақырып бойынша диалогты қолдау. Өз әрекеттерін айту (мұғаліммен бірге). Үлгі бойынша, ауызша нұсқаулық бойынша адамдардың, жануарлар мен құстардың қимылдары мен бейнелеріне еліктеу ойындарына, таныс ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді драмалау ойындарына қатысу. Орындалатын рөлге сәйкес ойын жағдайларын жеке сөздермен, ым-ишарамен және қимылдармен сүйемелдеу. Өзінің ойындағы рөлін атай отырып, сюжеттік-рөлдік ойынға қатысу;

3) оқу және жазу элементтері. Оқу элементтері: балалар кітаптарындағы, журналдардағы иллюстрацияларды қарау. Беттерді парақтау, кітаптан мұғалім атаған заттарды, әрекеттер мен белгілерді табу. Мұғаліммен бірге тақырыптық кітапшалар жасау. Оқушының өміріндегі оқиғалар мен қызығушылықтарды бейнелейтін фотосуреттер бар оқушының жеке кітабын (альбомын) жасау. Өзінің жұмысын, жұмыс орнын көрсету үшін өз аты бар карточканы пайдалану. Пәнаралық байланыстарды ескере отырып, мұғалімнің сұрақтары бойынша тақырыптарға сөйлемдер құрастыру, мысалы: "Азық-түлік". Тақырыптар бойынша карточкаларды таңдау және жіктеу, мысалы, "Сүт, айран, сүзбе, йогурт, ірімшік – бұл сүт өнімдері". "Сатушы сатады" сияқты заттарға арналған іс-қимыл атаулары бар карточкаларды таңдау. Ауызша нұсқауларға сәйкес заттардың белгілерін көрсететін карточкаларды таңдау. Оқушыларды контурмен қиылған М, Н, П, Б, К, Г, Х, Й әріптерімен таныстыру (өлшемі 5 см әріптер). Контурмен қиылған А, У, О, И, Э, Ы, М, П, Б, К, Г, Х, Й әріптерін білу және атау (5 см). Олардың дыбыссыз артикуляциясы негізінде А, У, О, И, Э, Ы, М, П, Б , К, Г, Х, Й дыбыстарын білу және атау. А, У, О, И, Э, Ы, М, Н, П, Б, К, Г, Х, Й әріптері бар карточкаларды таңдау. Үлгі бойынша кесілген әліппеден буындар мен сөздер құрастыру, содан кейін оларды оқу. Өзінің атынан, таныс сөздерден, журналдардан оқыған әріптерді табу. Сөздерді, сөйлемдерді, шағын мәтіндерді оқу.

Жазу элементтері: әртүрлі беттерде, А4 форматындағы парақтарда мынадай әріптерді "жаз": А, У, О, И, Э, Ы, М, П, Б, К, Г, Х, Й. Мөлшері 3-5 см А, У, О, И, Э, Ы, М, П, Б, К, Г, Х, Й әріптерін трафаретпен және шаблондармен қоршап сызу, оларды бояу. Заттар мен әріптерді контурлар мен нүктелер бойынша дөңгелектеп сызу: нүктелерді "жазуды" саусақпен, қарындашпен, қаламмен заттың контуры бойынша

орындау (әртүрлі әдістерді қолдана отырып). Әртүрлі бағыттағы жолға (3-5 см) құммен , жармамен "жазуды" саусақпен, қағазға қарындашпен орындау. Қағаз парағында " жазуды" орындау: көлденең (түзу, ирек және қисық) және тік сызықтарды, нүктелер мен пунктирлі сызықтар бойынша —>, <— көрсеткіштерді. Әріптерді сызылмаған қағазға үлгі бойынша; мұғалімнің айтуы бойынша жазу. Картадан сызылмаған қағаз парағына өз атын (сыныптастарының атын, сөздер, сөйлемдер) қарындашпен, фломастермен, қаламмен жазу. Сөздерді, сөйлемдерді карточкалардан тақырыптық кітаптарға көшіру. Оқыған әріптерді таныс және бейтаныс сөздерден табу және оны дөңгелектеп сызу. Компьютердің, телефонның пернетақтасында өз атын, жақындарының аттарын (сөздер, сөйлемдер) теру.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: шағын фольклорлық формалар: "Барашенька", " Бежала лесочком лиса с кузовочком", "Буренушка", "Валенки", "Дедушка Егор", " Дождик, дождик, веселей", "Наши уточки", "Пастух", "Совушка", "Уж ты, радуга-дуга", "Улита, улита". Сказки: "Петушок и бобовое зернышко", "Рукавичка", "Гуси-лебеди", " Кот, петух и лиса".

Балаларға арналған классикалық және қазіргі әдебиет шығармалары: Алимбаев М. " Скажи, что это? Загадки о природе", Барто А. "Лошадка", "Слон", "Зайка", "Грузовик", Благинина Е "Полюбуйтесь-ка, игрушки", "Посидим в тишине", Бегалин К. "Еж Есена", Баянбаев К. "Богатыри под дождем", Бианки В. "Синичкин календарь", "Хвосты", Бурмистрова Л., Мороз В. "С Новым годом!", Гурина И. "Новогодние забавы" Драч Я. " Врач", Елубаев Е. "Смельчак", "Что я понял", Зайцев Г. "Уроки Мойдодыра", Заходер Б . "Шофер", Есенин С. "Белая береза" (в сокр.), Мырзалиев К. "Я все умею делать сам", Калинина Н. "В лесу", "Как ребята переходили улицу", Кардашова А. "Дождевой автомобиль", "Наш дворец для всех открыт!..", КоростылҰв В. "Королева Зубная щҰтка".

42. 7-сыныпқа арналған "Сөйлеуді дамыту және коммуникация" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) сөйлеуді дамыту. Сөйлеуді түсіну: дыбыссыз артикуляцияға негізделген тақырыптық суреттерге сүйене отырып, дауысты дыбыстарды [а,о,у,и,э,ы] және [м, б, п , т, д, н, к, г, х, в, ф] дауыссыз дыбыстарын білу және ажырату. Ойын әрекетін дыбыстық сигнал бойынша, ым-ишара бойынша, екі және үш сөздік нұсқаулар бойынша орындау. Аудио-бейнежазбаны қолдану арқылы қысқа өлеңдер, ертегілер, әңгімелер, мәтіндер тыңдау. Педагог пен білім алушылар айтатын әртүрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (тақпақтар, өлеңдер, әңгімелер, ертегілер).

Сөйлеу: дыбыстық еліктеуіштерді және буындарды, сөздерді, тақпақтарды, ойын жағдайларын, жаттығуларды ауызша нұсқауларға сәйкес айту. Әңгімеге тыңдалған әңгіменің мазмұны бойынша, мұғалімнің көмегімен, сұрақтарға сөзбен, қимылмен, суретпен, сөйлеммен жауап беру арқылы қатысу. Мұғалімнің сөздерінен және айтуынан тақпақтар, қарапайым қимылдармен сүйемелденетін қысқа өлеңдер үйрену (2

-6 жолды есте сақтау бойынша). Сөйлемді педагогтен кейін дұрыс интонациялаумен суреттерді, сөздер бар карточкаларды қолдану арқылы қайталау. Өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, таза сөздерді тыңдаған кезде буындарды, сөздерді толық айту (бірге, содан кейін өздігінен). Ертегінің мазмұнын есте сақтау бойынша иллюстрациялар сериясына сүйене отырып айту. Оқушылар сұрақтарға жауап беретін жағдайды көрсету . Әңгімені, ертегіні мұғалімнің сұрақ қоюымен қайталап айту. Ересек адаммен және құрдастарымен сөйлескенде қашықтықты, кезектілікті сақтау. Таныс заттар мен әрекеттерді, заттардың белгілерін білу және атау. Фотоларда, суреттерде және сюжеттік картиналарда бейнеленген таныс заттар мен әрекеттерді білу және атау. Заттың, іс-әрекеттің оның кескінімен сәйкестігі (түрлі-түсті, ақ-қара, контурлық сурет, жартылай сурет). Өз атынан ("Мен бір құты шырын сатып аламын", "Біз таңқурай шырынын жасау үшін таңқурай сатып аламыз"), екінші және үшінші жақтан ("Ол...", " Олар...") хабарламалар түрінде сөйлемдер құрастыру және сол хабарламалардың адресаттын міндетті түрде жазып белгілеу. Таныс тақырыптар туралы 3-5 қысқа сипаттамалық сөйлем құрау;

2) коммуникация. Коммуникативтік мінез-құлық: қарым-қатынас жағдайына жағымды эмоционалдық қатынас көрсету, айналасындағылармен өздігінен қарым-қатынас жасау. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне тіке қарау. Әңгімелесушімен көз байланысын орнату, сөйлеушіге қарап отыру, сөйлеушіге қатысты заттарды атау. Ересек адаммен және құрдастарымен сөйлескенде қашықтықты , кезектілікті сақтау. Сөйлеушіге қатысты заттарды атау. Эмоцияларды көрсету және білу (қуаныш, қорқыныш, қайғы, таңдану, тыныштық, көңілсіздік). Әңгімелесушімен сөз, әрекет арқылы (басын изею, қолын созу, "сәлем, сау бол") сәлемдесу және қоштасу . Өзіне назар аударту, дыбыспен, қимылмен, сөзбен, сөз тіркесімен келісімді (келіспеушілікті) білдіру. Дыбысты, қимылды, пиктограмманы, сөздерді, сөз тіркестерін қолдана отырып көмек сұрау. Көрсеткіш қимылды, суретті, сөзді, сөз тіркесін қолдану арқылы қалауын білдіру. Ым-ишара, сөз, әрекет арқылы ризашылық білдіру (бас изеу, " рахмет" айту).

Сөйлеу коммуникациясы: Ересектермен қарым-қатынаста оның есімін, тегін және жынысын қолдану. Сұрақтар қою, берілген тақырып бойынша диалогты қолдау, мысалы, ("Түскі асқа дастарқан жаю", "Жақында қонақтар келеді — дастарқан жаюға дайындаламыз", "Дүкеннен ыдыс-аяқ сатып алу". Өз әрекеттерін айту (мұғаліммен бірге). Үлгі бойынша, ауызша нұсқаулық бойынша адамдардың, жануарлар мен құстардың қимылдары мен бейнелеріне еліктеу ойындарына, таныс ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді драмалау ойындарына қатысу. Орындалатын рөлге сәйкес ойын және өмірлік жағдайларды жеке сөздермен, ым-ишарамен және қимылдармен сүйемелдеу. Рөлдік диалогқа өзінің ойындағы рөлін атаумен қатысу;

3) оқу және жазу элементтері. Оқу элементтері: балалар кітаптарындағы, журналдардағы иллюстрацияларды қарау. Кітаптардан мұғалім атаған заттарды,

іс-әрекеттер мен белгілерді табу. Мұғаліммен бірге тақырыптық кітаптар жасау. Оқушының өміріндегі оқиғалар мен қызығушылықтарды бейнелейтін фотосуреттер бар оқушының жеке кітабын (альбомын) жасау. Өз жұмысын, жұмыс орнын көрсету үшін өзінің аты бар карточканы пайдалану. Тақырыптарға мұғалімнің сұрақтары бойынша ұсыныстар құрастыру. Заттарға іс-қимыл атаулары бар карточкаларды таңдау. Ауызша нұсқауларға сәйкес заттардың белгілерін көрсететін карточкаларды таңдау. Н,Ң,Т,Д,Ф әріптерімен танысу. Контур бойымен қиылған А, У, О, И, Э, Ы, М, Н, П, Т, Д, Б, В, Ф, К, Г, Х, Й әріптерін білу және атау (5 см). А, У, О, И, Э, Ы, М, Н, П, Б, Т, Д, В, Ф, К, Г, Х, Й дыбыстарын білу және атау. А, У, О, И, Э, Ы, М, Н, П, Б, К, Г, Х, Й, Т, Д, В, Ф әріптері бар карточкаларды іріктеу. Әріптерді буынға (ма, му, мы, мо, ми), содан кейін кері буынға дәйекті түрде қосу-біріктіру (қиылған әліппе әріптерінен буындар құрастыру). Таныс сөздерден буындарды бөліп айту (мама, машина). Білім алушылардың назарын аудару үшін буындар қара әріппен, басқа түспен ерекшеленіп көрсетілуі керек. Білім алушылардың буынға бөлу карточкасындағы сөзге тиісті буынды қоятын жаттығуларды орындауы. Оқыған әріптерді, буындарды өз атынан, таныс сөздерден, журналдардан табу.

Жазу элементтері: әртүрлі беттерге, А4 форматындағы парақтарға, дәптерлерге А, О, У, И, Э, Ы, П, Б, М, К, Г, Х, Й, Т, Д, Н, В, Ф әріптерін жазу. Трафаретпен және шаблондармен дөңгелектеп сызу (таныс заттар, геометриялық фигуралар, А, О, У, И, Э, Ы, П, Б, М, К, Г, Х, Й ,Т, Д, Н, В, Ф әріптері (әріптердің мөлшері 3-5 см), оларды бояу. Заттар мен әріптерді контурлар мен нүктелер бойынша дөңгелектеп сызу, оларды сәйкес карточкадағы сөзбен немесе сөздегі тиісті әріппен сәйкестендіру. "Жазуды" саусақпен, қарындашпен, қаламмен заттың контуры бойынша орындау (әртүрлі әдістерді қолдана отырып). "Жазуды" әртүрлі бағыттағы жолда (3-5 см) саусақпен құмға, жармаға, параққа қарындашпен орындау. Қағаз парағында "жазуды" орындау: көлденең (түзу, ирек және қисық) және тік сызықтарды, нүктелер мен пунктирлі сызықтар бойынша —>, <— көрсеткіштерді. Әріптерді сызылмаған қағазға үлгі бойынша; мұғалімнің айтуы бойынша жазу. Өз атын (сыныптастарының аты-жөнін, сөздерді, сөйлемдерді) сызылмаған қағаз парағына, дәптерге қарындашпен, фломастермен, қаламмен жазу. Сөздерді, сөйлемдерді карточкалардан тақырыптық кітапшаларға көшіру. Мәтіндерден оқыған әріптерді, буындар мен сөздерді табу және дөңгелектеп сызу. Компьютердің, телефонның пернетақтасында өз атын, жақындарының аттарын, таныс заттардың аттарын, әрекеттерді теріп жазу.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Шағын фольклорлық формалар: "Дон! Дон! Дон!", " Друзья-помощники", "Жили у бабуси", "Ласточка", "Лето", "Перекликание петухов", " Петушок", "Солнышко-ведрышко!" Сказки: "Два жадных медвежонка"(венг. нар.), " Заюшкина избушка", "Маша и медведь", "Три медведя" (обр. Л. Толстого). Балаларға арналған классикалық және қазіргі әдебиет шығармалары: Алимбаев М. "Один на один ", Барто А. "Мячик", "Машенька", "Капитан", "Самолет", "Собака", "Кто как кричит",

Баянбаев К. "Журавли" , Благинина Е. "С добрым утром", "Дождик", "Улетают, улетели ", "Мы пускаем пузыри", Елубаев Е. "Современный мальчик", Дрожжин С. "Опять зима на саночках", "Пройдет зима холодная", Заходер Б. "Ежик", "Шофер", "Переплетчица", "Портниха", Забила Н. "Маленькая школьница", "Ребята! На лыжи!..", Лебедева Л. " Мишутка", Маршак С. "Весенняя песенка", "Два котенка", "Детки в клетке", " Дрозд-богатырь", "Елка", "Кошкин дом", "Круглый год", Манакова М. "Мы — пешеходы", "Дорожные знаки", "Азбука дорожного движения", "Если начался пожар", "Знаки безопасности".

43. 8-сыныпқа арналған "Сөйлеуді дамыту және коммуникация" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) сөйлеуді дамыту. Сөйлеуді түсіну: дыбыссыз артикуляцияға негізделген тақырыптық суреттерге сүйене отырып, дауысты дыбыстарды [а, о, у, и, э, ы, е, Ұ, ю, я] және дауыссыз дыбыстарын [м, б, п, т, д, н, к, г, х, в, ф] білу және ажырату, ашық және жабық буындардағы қарама-қарсы дауысты және артикуляцияға жақын дауыссыз дыбыстарды ажырату. Тікелей және кері буындары бар екі буынды сөздердің буын құрылымы мен екпінді буынын айту. Дыбыстық сигнал бойынша жаттығуларды ым-ишара, екі және үш буынды нұсқаулар бойынша орындау. Аудио-бейнежазбаны қолдану арқылы қысқа өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау. Педагог пен білім алушылар айтатын әртүрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (тақпақтар, өлеңдер, әңгімелер, ертегілер).

Сөйлеу: ойын және өмірлік жағдайларда, жаттығуларда дыбыстық еліктеуіштерді және буындарды, сөздерді, тақпақтарды ауызша нұсқауларға сәйкес айту. Әңгімеге тыңдалған әңгіменің мазмұны бойынша, мұғалімнің көмегімен, сұрақтарға сөзбен, қимылмен, суретпен, сөйлеммен жауап беру арқылы қатысу. Мұғалімнің сөздерінен және айтуынан тақпақтар, қарапайым қимылдармен сүйемелденетін қысқа өлеңдер үйрену (4-8 жолды есте сақтау бойынша). Сөйлемді педагогтен кейін дұрыс интонациялаумен суреттерді, сөздер бар карточкаларды қолдану арқылы қайталау. Өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, таза сөздерді тыңдаған кезде буындарды, сөздерді толық айту (бірге, содан кейін өздігінен). Ертегінің мазмұнын иллюстрациялар сериясына сүйене отырып айту. Оқушылар сұрақтарға жауап беретін жағдайды ойнау. Таныс заттар мен әрекеттерді, заттардың белгілерін білу және атау. Фотоларда, суреттерде және сюжеттік картиналарда бейнеленген таныс заттар мен әрекеттерді білу және атау. Заттың, іс-әрекеттің оның кескінімен сәйкестігі (түрлі-түсті, ақ-қара, контурлық сурет, жартылай сурет). 3-5 сөзден тұратын сөйлемдер құрастыру. Өз атынан хабарламалар түрінде ұсыныстар жасау ("Мен футболка сатып аламын", "Біз барлығына дене шынықтыру сабақтарына кию үшін спорттық костюмдер сатып аламыз), екінші және үшінші жақтан ("Ол...", "Олар..."). Бұл жағдайда адресаттың болуы міндетті. Ертегіні мұғалімнің сұрақ қоюы бойынша қайталап айту;

2) коммуникация. Коммуникативтік мінез-құлық: қарым-қатынас жағдайына жағымды эмоционалдық қарым-қатынас көрсету, айналасындағылармен өздігінен қарым-қатынас жасау. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне тіке қарау. Әңгімелесушімен көз байланысын орнату, ересек адаммен және құрдастарымен сөйлесуде қашықтықты, кезектілікті сақтау. Сөйлеушіге қатысты заттарды атау. Эмоционалдық ахуал көрсету және білу (қуаныш, қорқыныш, қайғы, таңдану, тыныштық, көңілсіздік). "Эмоцияға сәйкес суретті тап", "Эмоциялар әлеміне саяхат", " Мен әртіс боламын" секілді ойындарда, түрлі этюдтарында эмоциялар туралы білім алушылардың түсініктерін қалыптастыру. Әңгімелесушімен сөз, әрекет арқылы (басын изею, қолын созу, "сәлем, сау бол") сәлемдесу және қоштасу. Өзіне назар аударту, дыбыспен, қимылмен, сөзбен, сөз тіркесімен келісімді (келіспеушілікті) білдіру. Дыбысты, қимылды, пиктограмманы, сөздерді, сөз тіркестерін қолдана отырып көмек сұрау. Көрсеткіш ым-ишараны, суретті, сөзді, сөз тіркесін қолдана отырып, өз қалауын білдіру. Ым-ишара, сөз, әрекет арқылы ризашылық білдіру (бас изеу, "рахмет" айту).

Сөйлеу коммуникациясы: ересектермен қарым-қатынаста оның атын, тегін және жынысын қолдану. Сұрақтар қою, берілген тақырып бойынша диалогты қолдау, мысалы, "Киім тігетін ателье", "Киім дүкені", "Киім жөндеу шеберханасы" сюжеттерінде диалогты ойнау. Сөйлеу және сөйлеу емес қарым-қатынас құралдарын қолдана отырып, табиғаттағы әртүрлі мамандықтағы адамдардың еңбегі туралы сюжеттік суреттер сериясы бойынша баяндау әңгімелерін құрастыру (пиктограммалар бойынша, мұғалімнің кескіннің немесе заттың егжей-тегжейіне бағытталған қимылдары бойынша). Білім алушылардың жеке тәжірибесінен сөйлеу сұрақ-жауап формасы негізінде мұғаліммен бірлесіп қысқа әңгімелер құрастыру: табиғаттағы еңбек, қолөнер жасау. Әртүрлі қойылымдардың (спектакльдердің), әңгімелер мен өлеңдердің кейіпкерлерін қолдана отырып, ойын түрінде кішігірім көріністерін қою (мұғалім білім алушылармен бірге кейіпкерлердің әрекеттерін сөйлеумен сүйемелдейді). Ойын жағдайларын сүйемелдеу, мысалы: саябаққа бару, орындалатын рөлге сәйкес жекелеген сөздерді ым-ишарамен және қимылдармен айту. Өзінің ойындағы рөлін атаумен рөлдік диалогқа қатысу;

3) оқу және жазу элементтері. Оқу элементтері: кітаптардағы, журналдардағы иллюстрацияларды қарау. Кітаптардан мұғалім атаған заттарды, іс-әрекеттер мен белгілерді табу. Мұғаліммен бірге тақырыптық кітаптар жасау. Оқушының өміріндегі оқиғалар мен қызығушылықтарды бейнелейтін фотосуреттер бар оқушының жеке кітабын (альбомын) жасау. Өз жұмысын, жұмыс орнын көрсету үшін өзінің аты бар карточканы пайдалану. Тақырыптарға мұғалімнің сұрақтары бойынша ұсыныстар құрастыру. Заттарға іс-қимыл атаулары бар карточкаларды таңдау. Ауызша нұсқауларға сәйкес заттардың белгілерін көрсететін карточкаларды таңдау. А, У, О, И, Э, Ы, М, Н, П, Т, Д, Б, К, Г, Х, Й, С, З, Ц әріптерін білу және атау. С,З,Ц әріптерімен танысу (әріптің мөлшері 5 және 3 см). Контур бойымен қиылған А, Ә, О, Ө, У, Ұ, Ү, И,

Э, Ы, І, Е, М, Б, П, Т, Д, Н, К, Қ, Ғ, Г, Х, Һ, В, Ф, С, З, Ц әріптерін білу және атау (3-5 см). А, У, О, И, Э, Ы, М, Н, П, Б, Т, Д, К, Г, Х, С, З, Ц. дыбыстарын білу және атау. Білім алушыларға таныс сөздер басылған карточкалардың заттармен, суреттермен, пиктограммалармен сәйкестігі. Әріптерді па, пу пы, по, пи буынына, содан кейін кері буынға дәйекті түрде қосу-біріктіру (қиылған әліппе әріптерінен буындар құрастыру). Таныс сөздерден буындарды бөліп айту па, пу пы, по, пи. Өзіне назар аударту үшін буындар қара әріппен, басқа түспен ерекшеленіп көрсетілуі керек. Білім алушылардың буынға бөлу карточкасындағы сөзге тиісті буынды қоятын жаттығуларды орындауы. Сөздерді оқу ("жаһандық оқу"). Көмекші сөздерді оқу және оларды карточкадағы сөздермен сәйкестендіру. А, У, О, И, Э, Ы, М, Н, П, Б, Т, Д, К, Х, Г, С, З, Ц. әріптері бар карточкаларды таңдау. Карточкадағы сөздерден "мен, сен, біз, ол, олар" есімдіктерін оқу және оларды көрсеткіш ишарамен сәйкестендіру. Оқыған әріптерді, буындарды өз атынан, таныс сөздерден, журналдардан табу.

Жазу элементтері: әртүрлі беттерге, А4 форматындағы парақтарға оқыған әріптерді жазу. Трафаретпен және шаблондармен дөңгелектеп сызу (таныс заттар, мөлшері 3 см әріптер), оларды бояу. Заттар мен С,З,Ц әріптерін контурлар мен нүктелер бойынша дөңгелектеп сызу, оларды сәйкес карточкадағы сөзбен немесе сөздегі тиісті әріппен сәйкестендіру. Әріптер мен сөздерді контур сызықтарымен (нүктелермен) жазу. Өзінің атын (тегін) (сыныптастарының тегін, сөздерін, сөйлемдерді) контурлық бағдармен және өз бетінше жазу. Мәтінін мұғалім немесе оқушы жазуы мүмкін (мұғалімнің көмегімен) ашықхаттар жазу. Мұғалім мен білім алушылардың айдың нөмірі мен атауын, күнін жазуы (олардың мүмкіндіктеріне қарай): нүктелерді саусақпен, қарындашпен, қаламмен заттың контуры бойынша "жазу" (әртүрлі әдістерді қолдана отырып). "Жазуды" саусақпен, қарындашпен, қаламмен заттың контуры бойынша орындау (әртүрлі әдістерді қолдана отырып). Әртүрлі бағыттағы жолға (3-5 см) құммен , жармамен "жазуды" саусақпен, қағазға қарындашпен орындау. Қағаз парағында " жазуды" орындау: көлденең (түзу, ирек және қисық) және тік сызықтарды, нүктелер мен пунктирлі сызықтар бойынша —>, <— көрсеткіштерді. Білім алушылармен бірге олар үшін маңызды ақпаратты өшіру (жазу). Карточкалардан сөздерді, сөйлемдерді балаларға арналған тақырыптық кітапшаға көшіру. Таныс және бейтаныс мәтіндерден оқыған әріптерді, буындар мен сөздерді табу және дөңгелектеп сызу. Білім алушылармен бірлесіп қабырға газеттерін, журналдар жасау, мысалы: "Біздің сынып", " Біздің хобби". Компьютердің, телефонның пернетақтасында өз атын, таныс заттардың аттарын, әрекеттерді, әріптерді, буындарды, сөздер мен сөйлемдерді теріп жазу.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: шағын фольклорлық формалар: "Заинька", "Заяц Егорка", "Иванушка", "Волк-волчок, шерстяной бочок", "Гуси вы, гуси", "Дедушка Егор", "Под горкой на речке", "Поедем, сыночек, в деревню с тобой", "Уж ты, зимушка ". Сказки: "У солнышка в гостях" (словацк. нар.), "Морозко", "Лиса и журавль", " Пузырь, соломинка и лапоть", "Кот и лиса".

Балаларға арналған классикалық және қазіргі әдебиет шығармалары: Алимбаев М. " Небылицы", Баянбаев К. "Скворечник", Васильева С. "Пожарный", Заходер Б. " Сапожник", Воронько П. "Обновки", Елубаев Е. "Пятерка и двойка", Жуковский В. " Птичка", Кардашова А. "Наш доктор" (отрывки), "Семена", "Уборка", Клокова М. " Белые гуси", "Воробей с березы", "Мой конь", "Кукушка", Котова Е. "Лесной мастер", Майков А. "Колыбельная песня", "Ласточка примчалась". Маршак С. "Кошкин дом", " Круглый год", "Кто колечко найдет?", "Мяч", "Перчатки" (пер. с англ.), "Песня о елке", Михалков С. "Бездельник светофор", "Дядя Степа", "Грипп", "Мой щенок", "Моя улица ", Могилевская М. "Наш первый разговор". Мошковская Э. "Веселый магазин", "Мы играем в школу", "Уши".

44. 9-сыныпқа арналған "Сөйлеуді дамыту және коммуникация" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) сөйлеуді дамыту. Сөйлеуді түсіну: дыбыссыз артикуляцияға негізделген тақырыптық суреттерге сүйене отырып, [а, о, у, и, э, ы, е, Ұ, ю, я] дауысты дыбыстарды және әріптердің дауыстық құрылымын, [м, б, п, т, д, н, к, г, х, в, ф]. дауыссыздардың артикуляциясын білу және ажырату. Жаттығуларды дыбыстық сигнал бойынша, ауызша команда бойынша, ым-ишара, екі және үш сөзді нұсқаулар бойынша орындау. Аудио-бейнежазбаны қолдану арқылы қысқа өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау. Педагог пен білім алушылар айтатын әртүрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (тақпақтар, өлеңдер, әңгімелер, ертегілер).

Сөйлеу: ойын және өмірлік жағдайларда, жаттығуларда дыбыстық еліктеуіштерді және буындарды, сөздерді, тақпақтарды ауызша нұсқауларға сәйкес айту. Әңгімеге тыңдаған әңгіменің мазмұны бойынша, мұғалімнің көмегімен, сұрақтарға сөзбен, қимылмен, суретпен, сөйлеммен жауап беру арқылы қатысу. Мұғалімнің сөздерінен және айтуынан тақпақтар, қарапайым қимылдармен сүйемелденетін қысқа өлеңдер үйрену (4-8 жолды есте сақтау бойынша). Сөйлемді педагогтен кейін дұрыс айтумен суреттерді, сөздер бар карточкаларды қолдану арқылы қайталау. Өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, таза сөздерді тыңдаған кезде буындарды, сөздерді толық айту (бірге, содан кейін өздігінен). Ертегінің мазмұнын мұғалімнің сұрақ қоюы бойынша айту. Оқушылар сұрақтарға жауап беретін жағдайды көрсету. Таныс заттар мен әрекеттерді, заттардың белгілерін білу және атау. Фотоларда, суреттерде және сюжеттік картиналарда бейнеленген таныс заттар мен әрекеттерді білу және атау. Заттың, іс-әрекеттің оның кескінімен сәйкестігі (түрлі-түсті, ақ-қара, контурлық сурет, жартылай сурет). Өз атынан хабарламалар түрінде сөйлемдер құрастыру, хабарламаны алушы адресаттың болуы міндетті. Тыңдаған әңгімені мұғалімнің сұрақ қоюымен әңгімелеп айту.

2) коммуникация. Коммуникативтік мінез-құлық: қарым-қатынас жағдайына жағымды эмоционалдық қатынас көрсету, айналасындағылармен өздігінен қарым-қатынас жасау. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне тіке қарау.

Әңгімелесушімен көз байланысын орнату. Айнадан өзін, сыныптасын, мұғалімін қарау. Ересек адаммен және құрдастарымен сөйлесуде қашықтықты, кезектілікті сақтау. Эмоцияларды көрсету және білу (қуаныш, қорқыныш, қайғы, таңдану, тыныштық, көңілсіздік). Әңгімелесушімен сөз, әрекет арқылы (басын изею, қолын созу, "сәлем, сау бол") сәлемдесу және қоштасу. Өзіне назар аударту, дыбыспен, қимылмен, сөзбен, сөз тіркесімен келісімді (келіспеушілікті) білдіру. Дыбысты, қимылды, пиктограмманы, сөздерді, сөз тіркестерін қолдана отырып көмек сұрау. Көрсеткіш ым-ишараны, суретті, сөзді, сөз тіркесін қолдана отырып, өз қалауын білдіру. Ым-ишара, сөз, әрекет арқылы ризашылық білдіру (бас изеу, "рахмет" айту).

Сөйлеу коммуникациясы: таныс ересек адамға сөйлеуде оны есімі мен тегі (әкесінің аты) бойынша атау, айналасындағылармен өздігінен қарым-қатынас жасау. Сұрақтар қою, берілген тақырып бойынша диалогты жүргізу. Үлгі бойынша, ауызша нұсқаулық бойынша адамдардың, жануарлар мен құстардың қимылдары мен бейнелеріне еліктеу ойындарына, таныс ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді драмалау ойындарына қатысу. Орындалатын рөлге сәйкес өмірлік жағдайларды жеке сөздермен, ым-ишарамен және қимылдармен сүйемелдеу. Өзінің ойындағы рөлін атап, рөлдік диалогқа қатысу;

3) оқу және жазу элементтері. Оқу элементтері: балалар кітаптарындағы, журналдардағы иллюстрацияларды қарау. Кітаптан мұғалім атаған заттарды, іс-әрекеттерді және белгілерді табу. Мұғаліммен бірге тақырыптық кітапшалар жасау. Оқушының өміріндегі оқиғалар мен қызығушылықтарды бейнелейтін фотосуреттері бар оқушының жеке кітабын (альбомын) жасау. Өз жұмысын, жұмыс орнын көрсету үшін өз аты бар карточканы пайдалану. Мұғалімнің сұрақтары бойынша белгілі тақырыптарға сөйлемдер құрастыру. Іс-әрекеттердің атаулары бар карточкаларды заттарға сәйкес таңдау. Ауызша нұсқауларға сәйкес заттардың белгілерін көрсететін карточкаларды таңдау. Ш, Ж, Ч, Щ әріптерімен жұмыс (контур бойымен қиылғанәріптердің мөлшері 5 және 3 см): әріптерді білу және атау. Оқып үйренген дыбыстарды білу және айту. Білім алушыларға таныс сөздер басылған карточкаларды заттармен, суреттермен, пиктограммалармен сәйкестендіру. Әріптерді буынға (па, пу, пы, по, пи), содан кейін кері буынға дәйекті түрде қосу-біріктіру (қиылған әліппе әріптерінен буындар құрау). Таныс сөздерден буындарды іріктеп көрсету (буындар назар аудару үшін қалың қаріппен, басқа түспен, өлшеммен ерекшеленуі керек). Сөздерді және сөйлемдерді оқу. Сөйлемдегі "мен, біз, ол" есімдіктерін оқып, сілтеп көрсету қимылымен байланыстыру. Сөйлемдегі "үстінде, ішінде, астында" көмекші есімдерді оқу. Нақты объектілерді көмекші есімдерге сәйкес орналастыру. Оқып үйренген әріптер мен буындарды өз есімінен, таныс сөздерден, шағын мәтіндерден табу.

Жазу элементтері: әртүрлі беттерге, А4 форматындағы парақтарға Ш,Ж,Щ,Ч әріптерін жазу. Трафарет пен шаблондар арқылы әріптерді сызу, әріптердің өлшемі 2-3 см, оларды бояу. Заттар мен әріптерді контурлар мен нүктелер бойымен сызу, оларды

сәйкес сөз картасымен немесе сөздегі сәйкес әріппен салыстыру, нүктелерді саусақпен, қарындашпен немесе қаламмен нысанның контуры бойымен "жазу" (әртүрлі әдістерді қолдану). Қағаз парағында "жазуды" орындау: көлденең (түзу, ирек және қисық) және тік сызықтарды, нүктелер мен пунктирлі сызықтар бойынша —>, <— көрсеткіштерді. Сызықсыз қағазға баспа әрпімен жазу: мұғалімнің айтқанынан естігенін жазу, үлгі бойынша жазу. Өзінің атын, тегін (сыныптастардың тегін, сөздерді және сөйлемдерді) картадан сызылмаған таза қағаз парағына және қарындашпен, фломастермен немесе қаламмен дәптерге баспа әрпімен жазу. Мәтінін мұғалім алдын ала басып шығарған немесе жазған құттықтау хаттарын астына өз атын жазу. Білім алушылармен бірге олар үшін маңызды ақпаратты көшіру (жазу). Карточкалардан сөздерді, сөйлемдерді балаларға арналған тақырыптық кітапшаға көшіру. Таныс және бейтаныс мәтіндерден оқыған әріптерді, буындар мен сөздерді табу және дөңгелектеп сызу. Компьютердің, телефонның пернетақтасында өз атын, таныс заттардың аттарын, әрекеттерді, әріптерді , буындарды, сөздер мен сөйлемдерді теріп жазу.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: шағын фольклорлық формалар: "Иванушка", "Как без дудки, без дуды", "Кукушечка", "Ласточка", "Лето", "Наши уточки", "Пастух", " Перекликание петухов", "Петушок", "Под горкой на речке", "Поедем", "Травка-муравка ", "Уж ты, зимушка", "Уж ты, радуга-дуга", "Улита, улита". Сказки: Гуси-лебеди, Хаврошечка, Дюймовочка, Красная шапочка.

Балаларға арналған классикалық және қазіргі әдебиет шығармалары: Бегалин С. " Сапжан", Дуйсенбаев А. "Зима в лесу", Калинина Н. "Помощники", "Утром". Маршак С. "Пожар", "Тихая сказка", "Усатый-полосатый", Михалков С. "Бездельник светофор", "Грипп", "Мой щенок", "Моя улица", "Прививки", "Про мимозу", "Тридцать шесть и пять", "Фома", "Чудесные таблетки", "Песенка друзей", "Три поросенка", Найденова Н "Наши полотенца", Утлеуов Е. "Дедушка Алатау", "Небылица", Никонова Е. " Пожарные истории рассказанные детям", "Чтобы не было беды", Павлова Н " Земляничка", "Машины", "Это моя улица", Плещеев А. "Дедушка, голубчик, сделай мне свисток!..", "Осень наступила", "Сельская песенка", "Травка зеленеет", "Уж тает снег", Подлесова Н. "Трусливый огурчик", Полякова Н "Доброе лето", Пришвин М. " Разговор деревьев", "Ребята и утята", Сакпакбаев Б. "Ох, уж этот Жексен", сказки про Алдар-Косе и Коже Насыра.

45. 10-сыныпқа арналған "Сөйлеу және коммуникацияны дамыту" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) сөйлеуді дамыту. Сөйлеуді түсіну: дыбыссыз артикуляцияға негізделген тақырыптық суреттерге сүйене отырып, [а, о, у, и, э, ы, е, Ұ, ю, я] дауысты дыбыстарды және [м, б, п, т, д, н, к, г, х, в, ф] дауыссыз дыбыстарын білу және ажырату. Дыбыстық сигнал бойынша жаттығуларды ым-ишара, екі және үш сөзді нұсқаулар бойынша

орындау. Аудио-бейнежазбаны қолдану арқылы қысқа өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау. Педагог пен білім алушылар айтатын әртүрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (тақпақтар, өлеңдер, әңгімелер, ертегілер).

Сөйлеу: ойын және өмірлік жағдайларда, жаттығуларда дыбыстық еліктеуіштерді және буындарды, сөздерді, тақпақтарды ауызша нұсқауларға сәйкес айту. Әңгімеге тыңдалған әңгіменің мазмұны бойынша, мұғалімнің көмегімен, сұрақтарға сөзбен, қимылмен, суретпен, сөйлеммен жауап беру арқылы қатысу. Мұғалімнің сөздерінен және айтуынан тақпақтар, қарапайым қимылдармен сүйемелденетін қысқа өлеңдер үйрену (4-8 жолды есте сақтау бойынша). Сөйлемді педагогтен кейін дұрыс айтумен суреттерді, сөздер бар карточкаларды қолдану арқылы қайталау. Өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, таза сөздерді тыңдаған кезде буындарды, сөздерді толық айту (бірге, содан кейін өздігінен). Ертегінің мазмұнын иллюстрациялар сериясына сүйене отырып, мұғалімнің сұрақ қоюы бойынша айту. Таныс заттар мен әрекеттерді, заттардың белгілерін білу және атау. Фотоларда, суреттерде және сюжеттік картиналарда бейнеленген таныс заттар мен әрекеттерді білу және атау. Заттың, іс-әрекеттің оның кескінімен сәйкестігі (түрлі-түсті, ақ-қара, контурлық сурет, жартылай сурет). Оқушылар сұрақтарға жауап беретін жағдайды ойнау. Өз атынан хабарламалар түрінде сөйлемдер құрастыру ("Мен алжапқыш тігемін", "Біз сүлгі тігеміз"), екінші және үшінші жақтан ("Ол...", "Олар..."). Бұл ретте адресаттың болуы міндетті. Әртүрлі мәтіндерді мұғалімнің сұрақ қоюымен әңгімелеп айту. Мұғаліммен бірге суреттерді, пиктограммаларды және сөздер бар карточкаларды қолдана отырып, таныс заттар мен сүйікті заттар туралы 5-8 қысқа сипаттамалық сөйлем құрастыру;

2) коммуникация. Коммуникативтік мінез-құлық: қарым-қатынас жағдайына жағымды эмоционалдық қатынас көрсету, айналасындағылармен өздігінен қарым-қатынас жасау. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне тіке қарау. Әңгімелесушімен көз байланысын орнату, ересек адаммен және құрдастарымен сөйлесуде қашықтықты, кезектілікті сақтау. Эмоционалдық көңіл-күйді тану және көрсету (қуаныш, қорқыныш, қайғы, таңдану, тыныштық, көңілсіздік). Әңгімелесушімен сөз, әрекет арқылы (басын изею, қолын созу, "сәлем, сау бол") сәлемдесу және қоштасу. Өзіне назар аударту, дыбыспен, қимылмен, сөзбен, сөз тіркесімен келісімді (келіспеушілікті) білдіру. Дыбысты, қимылды, пиктограмманы, сөздерді, сөз тіркестерін қолдана отырып көмек сұрау. Көрсеткіш ишараны, суретті, сөзді, сөз тіркесін қолдана отырып, өз қалауын білдіру. Ым-ишара, сөз, әрекет арқылы ризашылық білдіру (бас изеу, "рахмет" айту).

Сөйлеу коммуникациясы: таныс ересектермен қарым-қатынаста оның атын толық атау. Сұрақтар қою, берілген тақырып бойынша диалогты жүргізу. Үлгі бойынша, ауызша нұсқаулық бойынша адамдардың, жануарлар мен құстардың қимылдары мен бейнелеріне еліктеу ойындарына, таныс ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді драмалау ойындарына қатысу. Орындалатын рөлге сәйкес өмірлік жағдайларды жеке сөздермен,

ым-ишарамен және қимылдармен сүйемелдеу. Өзінің ойындағы рөлін атаумен рөлдік диалогқа қатысу;

3) оқу және жазу элементтері. Оқу элементтері: балалар кітаптарындағы, журналдардағы иллюстрацияларды қарау. Кітаптан мұғалім атаған заттарды, іс-әрекеттерді және белгілерді табу. Мұғалімнің иллюстрация, сөздер мен сөйлемдер бойынша оқуын қадағалау. Мұғаліммен бірге тақырыптық кітапшалар жасау. Оқушының өміріндегі оқиғалар мен қызығушылықтарды бейнелейтін фотосуреттер бар оқушының жеке кітабын (альбомын) жасау. Берілген тақырыпқа мұғалімнің сұрақтары бойынша сөйлемдер құрау. Карточкаларды тақырып бойынша таңдау және жіктеу (тақырып "Адам және әлем", "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдар" пәндерін ескере отырып таңдалады). Заттарға арналған іс-қимыл атаулары бар карточкаларды таңдау, мысалы, " шаштараз шаш қияды, тарайды, өреді". Заттардың белгілерін білдіретін сөздер бар карточкаларды ауызша нұсқауларға сәйкес таңдау. Бұрын оқыған дыбыстарды білу және айту. Білім алушыларды контур бойымен қиылған Р,Л әріптерімен таныстыру (әріптердің мөлшері 3 және 2 см). Контур бойымен қиылған әріптерді білу және атау (3 см). Білім алушыларға таныс сөздер басылған карточкаларды заттармен, суреттермен, пиктограммалармен сәйкестендіру. Әріптерді ашық буынға, содан кейін жабық буынға дәйекті түрде қосу (қиылған әліппе әріптерінен буындар құрау). Таныс сөздерден буындарды іріктеп көрсету. Сөздегі буынның астына сол буын жазылған карточкасын қою жаттығуларын орындау. Сөздерді және сөйлемдерді оқу. Сөйлемдегі "мен, біз, ол" есімдіктерін оқып, сілтеп көрсету қимылымен байланыстыру. Сөйлемдегі "үстінде, ішінде, астында" көмекші есімдерді оқу. Нақты объектілерді көмекші есімдерге сәйкес орналастыру. Оқып үйренген әріптер мен буындарды өз есімінен, таныс сөздерден, шағын мәтіндерден табу.

Жазу элементтері: әртүрлі беттерге, А4 форматындағы парақтарға әріптер жазу. Трафаретпен және шаблондармен дөңгелектеп сызу (таныс заттар, геометриялық фигуралар, мөлшері 1-2 см әріптер), оларды бояу. Заттар мен әріптерді контурлар мен нүктелер бойынша дөңгелектеп сызу, оларды сәйкес карточкадағы сөзбен немесе сөздегі тиісті әріппен немесе сөздегі тиісті әріппен сәйкестендіру. Нүктелерді заттың контуры бойынша саусақпен, қарындашпен, қаламмен "жазуды" орындау (әртүрлі әдістерді қолдану арқылы). Әртүрлі бағыттағы жолға (3-5 см) құммен, жармамен " жазуды" саусақпен, қағазға қарындашпен орындау. Әріптер мен сөздерді контур сызықтарымен (нүктелермен) жазу. Қағаз парағында "жазуды" орындау: көлденең (түзу , ирек және қисық) және тік сызықтарды, нүктелер мен пунктирлі сызықтар бойынша —>, <— көрсеткіштерді. Әріптерді сызылмаған қағазға үлгі бойынша, мұғалімнің айтуымен жазу. Өзінің атын (тегін) (сыныптастарының тегін, сөздерді, сөйлемдерді) карточкадан сызылмаған қағазға, 3 см, 2 см, 1 см жолды дәптерге қарындашпен, фломастермен, қаламмен жазу. Мәтінін мұғалім алдын ала жазып қойған немесе жазатын құттықтау ашықхаттарына білім алушылардың жазуы. Білім алушылармен

бірге олар үшін маңызды ақпаратты өшіру (жазу). Карточкалардан сөздерді, сөйлемдерді балаларға арналған тақырыптық кітапшаға көшіру. Таныс және бейтаныс мәтіндерден оқыған әріптерді, буындар мен сөздерді табу және дөңгелектеп сызу. Компьютердің, телефонның пернетақтасында өз атын, таныс заттардың аттарын, әрекеттерді, әріптерді, буындарды, сөздер мен сөйлемдерді теріп жазу.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Бегалин С. "Молодой охотник", Прокофьева С, Сатир Г. "Мой приятель — светофор", Пушкин А. "Зимнее утро", "У лукоморья дуб зеленый" (фрагм. поэмы "Руслан и Людмила"), Елубаев Е "Тысяча слов", Руссу В. "Моя мама",Саконская Н. "Иголка, иголка", Серова Е. "Волчонок" (в сокр.), "Колокольчик", " Одуванчик", "Ландыш", Дуйсенбаев А. "Дети земли", "Добро пожаловать!", Сенчищев Т. "Дом и все, что в нем", Синявский П. "Вкусная азбука", Скребицкий Г. "На лесной полянке", "Снеговики", Соколов-Микитов И. "Весна красна" (в сокр.), "Зима вьюжная" (в сокр.),"Золотая осень" (в сокр.), "Красное лето" (в сокр.), Омаров С. "Золоторогая Сайга", Суриков И. "Детство", "Первый снег пушистый", Сокпакбаев Б. "Меня зовут Кожа", Тамбиев А. "Кто барабанит в лесу?", "Кто в муравейнике живет?", Теплоухова Н. "Барабанщик", Токмакова И. "Весна", "Где спит рыбка", "Глубоко ли, мелко", " Голуби", "Как на горке снег, снег", Толстой А. "Грибы", "Осень", Толстой Л. "Воробей на часах", "Как волки учат своих детей", "Котенок", "Лев и собачка", "Мыши", "Нашли дети ежа", "Пожарные собаки",Трутнева Е. "Дед Мороз", Тувим Ю. "Овощи" (в обр. С. Михалкова),Тютчев Ф. "В небе тают облака", "Зима недаром злится".

Усачев А. "Правила дорожного движения для будущих водителей и их родителей", Утлетлеуов Е. "Озеро на джайляу", Ушинский К "Еж и заяц", "Как строят дома", " Кончил дело, гуляй смело", "Лекарство", "Стол и стул", "Утренние лучи", Цыферов Г. " Жил на свете слоненок". Фет А. "Чудная картина", "Ласточки пропали", Фетисова Т. " Куда спешат красные машины", Хоринская Е. "Спичка-невеличка",Чарушин Е. "Белка", "Волк", "Воробей", "Заяц", "Кошка", "Курочка", "Лиса", "Медвежонок", "Собака", " Утка с утятами", "Что за зверь?",Чуковский К. "Айболит", "Елка", "Краденое солнце", " Мойдодыр", "Муха-цокотуха", "Путаница", "Телефон", "Федорино горе", сказки про Алдар-Косе и Коже Насыра.

46. Бағдарламаның мазмұнын оқу жылдары (сыныптар) бойынша бөлу үлгілік сипаттамаға ие. Мұғалім оқу мақсаттарының көлемі мен күрделілігін дербес анықтауға, қосымша материалды таңдауға, сондай-ақ сынып оқушыларының мүмкіндіктерін ескере отырып, дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті сағат санын анықтауға құқылы .

Параграф 2. Оқу мақсаттарының жүйесі

47. Бағдарламадағы оқу мақсаттары кодтау арқылы берілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бағдарламаның бөлімі мен бөлімшесін, төртінші

сан оқу мақсатының нөмірленуін көрсетеді. Мысалы, 5.2.1.4 кодтауында "5" – сынып, " 2.1" – бөлім және бөлімше, "4" – оқу мақсатының нөмірленуі.

48. Бөлімдер мен сыныптар бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Сөйлеуді дамыту":

1-кесте

Бөлімше	Оқу мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1. Сөйлеуді түсіну	5. 1. 1. 1 оқыған дыбыстарды олардың дыбыссыз артикуляциясын қабылдау негізінде ажырату	6. 1. 1. 1 оқыған дыбыстарды олардың дыбыссыз артикуляциясын және ерте және орта онтогенез дауыссыздарын қабылдау негізінде ажырату	7. 1. 1. 1 оқыған дыбыстарды олардың дыбыссыз артикуляциясын және ерте онтогенез дауыссыздарын қабылдау негізінде ажырату	8. 1. 1. 1 қарама-қарсы дауысты және артикуляцияға жақын дауыссыз дыбыстарды ажырату	9. 1. 1. 1 оқыған дыбыстар мен артикуляцияға жақын дауыссыз дыбыстарды ажырату	10. 1. 1. 1 оқыған дыбыстар мен артикуляцияға жақын дауыссыз дыбыстарды ажырату
	5. 1. 1. 2 ойын әрекеттерін, дыбыстық сигнал жаттығуларын, қимылмен, сөзбен айтқанда, екі-үш сөзден тұратын ауызша нұсқауларды орындау	6. 1. 1. 2 ойын әрекеттерін, дыбыстық сигнал жаттығуларын, қимылмен, сөзбен айтқанда, екі-үш сөзден тұратын ауызша нұсқауларды орындау	7. 1. 1. 2 ойын әрекеттерін, дыбыстық сигнал жаттығуларын, қимылмен, сөзбен айтқанда, екі-үш сөзден тұратын ауызша нұсқауларды орындау	8. 1. 1. 2 ойын әрекеттерін, дыбыстық сигнал жаттығуларын, қимылмен, сөзбен айтқанда, екі-үш сөзден тұратын ауызша нұсқауларды орындау	9. 1. 1. 2 ойын әрекеттерін, дыбыстық сигнал жаттығуларын, қимылмен, сөзбен айтқанда, екі-үш сөзден тұратын ауызша нұсқауларды орындау	10. 1. 1. 2 ойын әрекеттерін, дыбыстық сигнал жаттығуларын, қимылмен, сөзбен айтқанда, екі-үш сөзден тұратын ауызша нұсқауларды орындау
	5. 1. 1. 3 өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау	6. 1. 1. 3 өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау	7. 1. 1. 3 өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау	8. 1. 1. 3 өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау	9. 1. 1. 3 өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау	10. 1. 1. 3 өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау
	5. 1. 1. 4 педагог шығарған әртүрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (көңілді тақпақтар,	6. 1. 1. 4 педагог шығарған әртүрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (көңілді тақпақтар,	7. 1. 1. 4 педагог шығарған әртүрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (көңілді тақпақтар,	8. 1. 1. 4 педагог шығарған әртүрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (көңілді тақпақтар,	9. 1. 1. 4 педагог шығарған әртүрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (көңілді тақпақтар,	10. 1. 1. 4 педагог шығарған әртүрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (көңілді тақпақтар,

	өлеңдер, әңгімелер, ертегілер)	өлеңдер, әңгімелер, ертегілер)	өлеңдер, әңгімелер, ертегілер)	өлеңдер, әңгімелер, ертегілер)	өлеңдер, әңгімелер, ертегілер)	өлеңдер, әңгімелер, ертегілер)
3) танымдық-ақпараттық құзіреттілік оқушылардың бейнелейтін нысанды жан-жақты (полисенсорлық негізде) зерттеу дағдыларын, қоршаған ортадағы заттарды салыстыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу, алған білімдері мен дағдыларын өзінің практикалық іс-әрекетінде қолдану дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмысты қамтиды;

4) көрнекі құзыреттілік – бейнелеу құралдарымен және материалдарымен жұмыс істеудің қарапайым дағдыларын қалыптастыру мен дамытуды, бейнелеу әрекетінің дағдыларын меңгеруді, мұғаліммен бірлескен іс-әрекетте қоршаған орта нысандарын еліктеу негізінде, тікелей заттың өзіне қарап, үлгі бойынша қолжетімді деңгейде бейнелеу қабілетін дамытуды; жұмыс орнын ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруды қамтиды.

13. Зиятының орташа түріндегі бұзылыстары бар білім алушыларды оқытудың нысаны оқушылардың ойын және практикалық іс-әрекетіне мөлшерленген түрде енгізілетін ауызша оқыту әдістерін шектеулі пайдалана отырып, ойын, практикалық және көрнекі оқыту әдістерін пайдалана отырып, кіріктірілген сабақтар болып табылады.

14. Бейнелеу өнері сабағының құрылымы білім алушылардың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне, сондай-ақ нақты оқу мақсаттары мен міндеттеріне байланысты өзгеруі немесе бейімделуі мүмкін.

15. Бейнелеу өнері сабағы келесідей құрылымдық компоненттерді қамтуы мүмкін:

1) сабақтың ұйымдастырушылық бөлігі (сәлемдесу, жұмыс атмосферасын құру. Сабақтың тақырыбымен және мақсаттарымен танысу);

2) көрсету және түсіндіру (жаңа техникалар немесе материалдар, тапсырманы орындау тәртібін көрсету);

3) білім алушылардың практикалық жұмысы (жеке, топтық), қажет болған кезде мұғалім тарапынан қолдау мен басшылық;

4) білім алушылардың орындаған жұмыстарын талқылау;

5) сабақты қорытындылау, оң нәтижелерді, жұмсалған күш-жігерді, жеке жетістіктерді талқылау. Сынып оқушыларының жұмысындағы келесі қадамдарды жоспарлау.

16. Сабақтарға музыкалық терапия, арт-терапия, ертегі терапиясы, музыкаға сурет салу, жасалған қолөнер бұйымдармен ойнау элементтерін енгізу оқу-тәрбиелік бағытта да, түзету-дамыту бағытында да сабақтың тиімділігін арттырады.

17. Оқытудың аудиовизуалды құралдары ең күшті оқыту әсерге ие, олар оқылатын материалды бейнелі қабылдауын және оны көрнекі нақтылауын қабылдау мен есте қалдыру үшін неғұрлым қолжетімді формада қамтамасыз етеді, өйткені өмір құбылыстарын көрсету көркемдік құралдармен (кино және фотосурет, көркем оқу, сурет салу, музыка) жүзеге асады.

18. Сабақта білім алушылардың сөздік қорын дамыту бойынша жұмыс мыналарды қамтиды:

1) терминдермен және ұғымдармен жұмыс;

2) сипаттамалық тапсырмалар: оқушыларға пішіндермен, түстермен, текстуралармен, композициялармен және эмоционалдық әсерлермен қоса, өнер туындыларын сипаттау ұсынылады;

3) топтық талқылаулар: оқушыларға өнер туындыларына, көркемдік техникаларға немесе өз жұмыстарына қатысты сұрақтар қойылады;

4) сөйлеуді қолдана отырып, орындалған қолөнермен ойнау.

19. Сабақтарға мынадай мазмұндағы түзету-дамыту жаттығулары енгізіледі:

1) ұсақ мотериканы дамытуға, қозғалыстарды үйлестіруге, бұлшықеттердің дамуына және дұрыс қалыпта ұстауға;

2) білім алушылардың қоршаған ортадан ақпаратты қабылдау және өңдеу қабілетін дамыту және зейінді дамыту үшін;

3) дыбыстың дұрыс айтылуын, сөздік қорын, грамматикалық дағдыларын және қарым-қатынас жасау және өз ойлары мен сезімдерін білдіру қабілетін дамыту;

4) танымдық дағдыларды: ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды дамыту үшін;

5) эмоционалдық өзін-өзі басқаруды дамытуға, өзгермелі жағдайларға бейімделу қабілетіне, эмпатияны дамытуға және әлеуметтік байланыстар орнату қабілетіне.

20. Бейнелеу іс-әрекетпен айналысуға арналған сынып кеңістігін функционалдық аймақтарға бөлуді ұйымдастырады:

1) мұғалімнің жұмыс аймағы;

2) оқушыларға арналған жұмыс аймағы;

3) оқушылардың жұмыстарын көрсетуге және экспозициялауға арналған көрме аймағы;

4) бейнелеу қызметіне арналған материалдар мен құралдарды сақтауға арналған аймақ;

5) шабыттандыруға, демалуға және талқылауға арналған аймақ; оқушылардың көркемдік көріністерін кеңейтуге арналған өнер туындылары, плакаттар, фотосуреттер бар, оқушылар талқылауға, демалуға жиналатын жерде жұмсақ орындықтар немесе жастықшалар бар бұрыш.

21. Бейнелеу өнері туындыларын көрсету сабақтың бір бөлігі ретінде тоқсанына 1-2 рет өткізіледі. 1-2 суреттен немесе 1 кішкентай мүсіннен немесе 2-3 иллюстрациядан немесе сәндік-қолданбалы өнер туындыларынан артық қарау ұсынылмайды. Туындының сюжеті, мазмұны оқушыларға түсінікті болуы керек.

22. Сабақтарда мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және жұмыс орнын ұйымдастыру бойынша арнайы жұмыс жүргізіледі. Пәнаралық байланыстар "Музыка және ырғақ", "Танымдық даму", "Сөйлеуді дамыту және коммуникация", "Адам және әлем", "Санау", "Шаруашылық еңбек" пәндерімен орнатылады.

23. Бағдарламада оқу пәнінің мазмұнын анықтау үшін негіз болатын және оқушылардың жеке оқу бағдарламаларын құру кезінде мұғалім басшылыққа алатын оқыту мақсаттарының жүйесі тұжырымдалған.

24. Бағдарламаның мазмұны ұсынымдық сипатта берілген, мұғалім сыныптағы әрбір оқушының мүмкіндіктері мен нақты жетістіктеріне сәйкес оқыту мазмұны мен оқу қарқынына кез келген өзгерістер енгізуге құқылы. Белгілі бір сабаққа оқу мақсаттарын таңдағанда, оларды нақтылауға, бірнеше бөлікке бөлуге болады.

25. Жетістіктерді бағалау үшін сипаттамалық бағалау қолданылады, ол білім алушылардың жеке оқу бағдарламасын оқу мақсаты жетістіктерінің сапалық көрсеткіші болып табылады. Оқушылардың жетістіктерін сипаттау кезінде дағдыларды меңгерудегі балалардың дербестік дәрежесін көрсету керек: "өз бетінше", "ауызша нұсқау бойынша", "үлгі бойынша", "еліктеу арқылы", "педагогпен бірлескен әрекеттердің көмегімен".

3-тарау. "Бейнелеу өнері" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. "Бейнелеу өнері" оқу пәнінің мазмұны

26. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 6-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

3) 7-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

4) 8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

5) 9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

6) 10-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

Пәннің оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген типтік оқу жоспарымен анықталады.

27. "Бейнелеу өнері" оқу пәнінің базалық мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) "Еңбекті ұйымдастыру мәдениеті";

2) "Бейнелеу өнері туындыларын қабылдау";

3) "Мүсіндеу";

4) "Аппликация";

5) "Сурет салу"

28. "Еңбекті ұйымдастыру мәдениеті" бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

1) бейнелеу өнері кабинетінде қауіпсіздік ережелері мен мінез-құлық ережелерін сақтау.

29. "Бейнелеу өнері туындыларын қабылдау" келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) халық қолданбалы өнер бұйымдары;

2) иллюстрациялар, кескіндеме, фотоөнер, мүсін, сәулет өнерлерінің бұйымдары.

30. "Мүсіндеу" бөлімі мынадай бөлімшелерді қамтиды:

1) ермексаздан сурет салу;

2) кең көлемді өнімдер;

3) композиция.

31. "Аппликация" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) заттық аппликация;

2) сәндік аппликация;

3) сюжеттік аппликация.

32. "Сурет салу" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) заттық сурет салу;

2) сәндік сурет салу;

3) сюжеттік сурет салу.

33. 5-сыныпқа арналған "Бейнелеу өнері" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) еңбекті ұйымдастыру мәдениеті. Бейнелеу өнері кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау, құралдар мен материалдарды қауіпсіз пайдалану, қауіпсіздік техникасы ережелерін орындауда жаттығулар жасау. Жұмыс орнында тәртіп сақтау, құралдар мен материалдарды ұқыпты жайып қою және жинау. Әртүрлі бейнелеу материалдарымен

және оларды дұрыс пайдаланумен жұмыс істеу ережелерін сақтау. Сабақта мұғаліммен, сыныптастарымен ынтымақтастықта болу. Кезекшінің ауызша нұсқаулығы бойынша немесе өз бетінше іс-әрекет алгоритмін орындау;

2) өнер туындыларын қабылдау. Өнер туындыларын қоршаған ортадан бөліп көрсету. Өнер туындыларын олар туралы әңгімелер мен тарихы арқылы қабылдау. Халықтық сәндік өнер заттары: қазақтың ұлттық тұрмыстық заттары. Иллюстрациялар, кескіндемелер, фотоөнер, мүсін, сәулет. Бейнеленген заттармен, іс-әрекеттермен, кейіпкерлердің бет-әлпетімен берілетін эмоционалдық ахуал мен көңіл-күйді анықтау;

3) мүсіндеу. Ермексаз материалдарын қолданумен үйренген және жаңа мүсіндеу әдістерін жетілдіру. Қатты негізге ермексазбен еркін сурет салу (пластилинография). Заттарды алдын ала тексергеннен кейін ермексаздан көлемді бұйымдар жасау. Зерттегеннен кейін заттың тұтас кесегінен (барлық бөліктер ермексаздың бір кесегінен созылады) әсемдеп мүсіндеу. Ермексаздан элементтерді сәндеп мүсіндеу. Заттарды конструктивті әдіспен (3-4 бөліктен) мүсіндеу. Көлемді бұйымдарды еркін мүсіндеу. Сюжеттік ойындарда дайын бұйымдарды пайдалану. Композиция: оқушылардың қолөнерінен ұжымдық композициялар құрастыру, орындалған композицияларды ойынға қосу;

4) аппликация. Заттық аппликация: оқушыларды талқылауға тарта отырып, мұғалімнің үлгіні талдауы. Дайындамаларды негізге қою және желімдеу, қағаз парағының жазықтығына бағдарлау, әртүрлі мөлшердегі дұрыс геометриялық пішіндерді кесу жаттығулары. Берілген контурлық суретте жапырақтардан, дәнді дақылдардан, тұқымдардан аппликация жасау және желімдеу. Қағаз негізді бояумен бояуды және дайын қалыптардан аппликациялауды қоса алғанда, коллаж техникасын меңгеру. Дайын пішіндерден аппликация жасау және "саусақ кескіндемесі". Коллаж техникасын көрсету кезінде мұғалімнің іс-әрекетін бақылау. Дайындамалар әзірлеу. Мыжылған қағаздан көлемді аппликация құрастыру және желімдеу. Сәндік аппликация : берілген сызық бойынша қағазды кесуге арналған жаттығулар. Көлденең жолаққа, шаршыға, геометриялық пішіндерден жасалған тіктөртбұрышқа өрнектерді, кезектестіріп немесе түсі бойынша не шамасы немесе пішіні бойынша кепкен жапырақтарды салып, желімдеу. Жапырақтар жинау үшін саябаққа (мектеп ауласына) саяхат. Сюжеттік аппликация: қарапайым сюжеттік аппликацияны құрастыру және желімдеу. Қарапайым ұжымдық сюжеттік қосымшаны құрастыру және желімдеу, қарым-қатынас дағдыларын және командада жұмыс істеу қабілетін дамыту;

5) сурет салу. Сурет салудың әртүрлі материалдары мен әдістерін қолдану. Сурет салу техникасын сақтау және жетілдіру. Сурет салу барысында барлық негізгі түстерді пайдалану және ажырату. Қосымша түстер құрастыру. Мұғалімнің тақтада, қағазда сурет салуда орындаған әрекетін бақылау. Сурет салу алдында заттардың пішінін, түсін , мөлшерін, құрамдас бөліктерін тексеру. Заттың суреттегі кескінмен байланысы. Тақырыптық сурет: қарындашпен дөңгелек, сопақша, тікбұрышты және үшбұрышты

кескіндерді салу. Заттардың геометриялық пішіндерге ұқсастығын анықтау. Әртүрлі формадан тұратын заттарды салу. Нүктелерді қосу, тік, көлденең, жабық сызықтарды қолмен жүргізу. Заттардың негізгі формасы мен өлшемдерін қарапайым кеңістіктік күйде бере отырып, заттардан нәрселер мен объектілерді салу. Күрделі емес пішінді трафареттермен және шаблондармен қоршап сызу. Парақтың жазықтығына бағдарлау, нысандарды олардың пішінінің, көлемінің, ұзындығының ерекшеліктеріне сәйкес орналастыру. Суреттің бөлшектерін кескіннің контурын және сызықтардың бағытын сақтай отырып, сызықтың шетінен асырмай бояу. Жылдың әр мезгіліндегі табиғат объектілерін салу. Тақырыптық силуэттік пішіндерді, тұзды қамырдан, саздан жасалған фигураларды гуашпен, бояумен бояу. Бейнеленген затты толықтай аяқтап бітіру. Контурлық суретті мақта таяқшасының көмегімен нүктелермен толтыру. Қағаз парағын поролон тампонмен, жалпақ щеткамен бояу. Сурет салу кезінде әрекеттердің реттілігін сақтау. Сәндік сурет: геометриялық өрнектерді қоршап сызу және бояу. Өрнекті элементтерді бояумен ауыстыра отырып басып шығару. Геометриялық, өсімдік, ұлттық өрнектерді бояу. Периметрі бойынша тірек нүктелерінен тұратын тікбұрышты пішіндегі дайындамаларға бояудан, нүктеден, дақтан жасалған өрнектерді салу. Сюжеттік сурет: қарапайым пейзажбен, ұсақ бөлшектерсіз ертегілер иллюстрациясымен берілген контурлық сызбаларды (бояу беттерін) бояу. Қағаз парағының шетінен шықпай, бүкіл қағаз парағына тапсырмасыз сурет салу. Өз жұмысын және сыныптастарының суреттерін қарау. Мұғалімнің көмегімен өзінің және басқа балалардың жұмысын бағалау.

34. 6-сыныпқа арналған "Бейнелеу өнері" пәнінің базалық мазмұны:

1) еңбекті ұйымдастыру мәдениеті. Бейнелеу өнері кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау, құралдар мен материалдарды қауіпсіз пайдалану, қауіпсіздік техникасы ережелерін орындауда жаттығулар жасау. Жұмыс орнында тәртіп сақтау, құралдар мен материалдарды ұқыпты жайып қою және жинау. Әртүрлі бейнелеу материалдарымен және оларды дұрыс пайдаланумен жұмыс істеу ережелерін сақтау. Сабақта мұғаліммен, сыныптастарымен ынтымақтастықта болу. Кезекшінің ауызша нұсқаулығы бойынша немесе өз бетінше іс-әрекет алгоритмін орындау;

2) өнер туындыларын қабылдау. Өнер туындыларын қоршаған ортадан бөліп көрсету. Өнер туындыларын олар туралы әңгімелер мен тарих арқылы қабылдау. Халықтың сәндік қолөнер заттары: қазақтың ұлттық тұрмыстық заттары. Иллюстрациялар, кескіндемелер, фотоөнер, мүсін, сәулет: оларды тану, аттарын атау (мүмкіндігінше), түстерің, пішіндерін, шамаларын, сызықтарын, заттарды, өсімдіктерді, жануарларды, адамдарды ажырата білу. Бейнеленген заттармен, іс-әрекеттермен, кейіпкерлердің бет-әлпетімен берілетін эмоционалдық ахуал мен көңіл-күйді анықтау;

3) мүсіндеу. Ермексаз материалдарын қолданумен үйренген және жаңа мүсіндеу әдістерін жетілдіру. Қатты негізге дайын контурлық заттың кескіндемесінің ішіне ермексазбен аппликация жасау. Қатты негізге ермексазбен еркін сурет салу (

пластилинография). Қатты негізге көлемдік ермексаз аппликациясынан модульдік мүсіндеу (бірнеше бірдей модульдер жасайды - шарлар, текшелер, дайын контурды толтырады). Заттарды алдын ала тексергеннен кейін (қарау, сипап көру, пішіні мен түсін бөліп ажыратады) ермексаздан көлемді бұйымдар жасау. Мұғалімнің заттарды мүсіндеуін бақылау. Мүсіндейтін нақты заттың атын білу, атау, затпен салыстыру. Сынып оқушыларының барлық бұйымдарының арасынан өз бұйымдарын табу. Заттарды ермексаздың тұтастай кесегінен (пластикалық әдіспен) тікелей заттың өзінен мүсіндеу. Мүсіндеуді ермексаздың элементтерімен безендіру. Сюжеттік ойындарда дайын өнімді пайдалану. Заттарды конструктивті әдіспен (4-5 бөліктен) мүсіндеу, пішінін беру, оны үлгімен салыстыру. Тапсырмасыз аралас тәсілмен (ермексаздан + конструктивті) мүсіндеу. Тапсырмасыз еркін мүсіндеу. Мұғалімнің көмегімен оқушылардың қолөнерінен ұжымдық композициялар құрастыру, орындалған композицияларды ойынға қосу; Командада жұмыс істеу ережелерін сақтау;

4) аппликация. Заттық аппликация: оқушыларды олардың аппликация бөлшектерін және орындау тәртібін білу, атау, көрсету деңгейінде талқылауға тарта отырып, мұғалімнің үлгіні талдауы. Дайындамаларды негізге қою және желімдеу, қағаз парағының жазықтығына бағдарлау, әртүрлі мөлшердегі дұрыс геометриялық пішіндерді кесу, бүктелген қағаздан пішіндерді кесу жаттығулары. Берілген контурлық суретте жапырақтардан, дәнді дақылдардан, тұқымдардан аппликация жасау және желімдеу. Коллаж техникасын меңгеру. Коллаж техникасын көрсету кезінде педагогтың іс-әрекетін бақылау. Қағазды кесу, мыжу және қию арқылы дайындамалар жасау. Берілген контурда мыжылған немесе жыртылған қағаздан көлемді аппликация жасау және желімдеу. Сәндік аппликация: берілген сызық бойынша қағазды кесуге арналған жаттығулар, бүктелген қағазды қабаттап кесу. Геометриялық пішінді қолдану үшін дайындамаларды кесу. Көлденең жолаққа, шаршыға, геометриялық пішіндерден жасалған тіктөртбұрышқа өрнектерді, кезектестіріп немесе түсі бойынша не шамасы немесе пішіні бойынша кепкен жапырақтарды салып, желімдеу. Жапырақтар жинау үшін саябаққа (мектеп ауласына) саяхат. Сюжеттік аппликация: композиция бөлшектерінің берілген контурларына дайын немесе кесілген дайындамалардан қарапайым сюжеттік аппликацияны желімдеу. Қарапайым ұжымдық сюжеттік қосымшаны құрастыру және желімдеу, қарым-қатынас дағдыларын және командада жұмыс істеу қабілетін дамыту;

5) сурет салу. Дәстүрлі және дәстүрлі емес сурет салу әдістерінің әртүрлі материалдарын, құралдарын және үйренген әдістері мен тәсілдерін қолдану. Экспрессивті сурет салу: балаларды суреттер арқылы өз сезімдері мен эмоцияларын білдіруге шақыру. Көңіл-күй мен эмоцияны жеткізу үшін түстер мен сызықтарды пайдалану. Заттық сурет: сурет салу техникасын сақтау және жетілдіру. Қағаз парағына бояуды поролон тампонмен, жалпақ щеткамен бояу. "Акватушь" сурет салу техникасын игеру. Бейнелеу процесінде негізгі түстерді ажырату және қолдану.

Қосымша түстер құрастыру. Мұғалімнің тақтада, қағазда сурет салуда орындаған әрекетін бақылау. Қағаз парағына тапсырмасыз қиялға негізделген қиял-ғажайып сурет салу. Сурет салу алдында заттарды тексеру, пішінін, көлемін, құрылымын зерттеу. Заттардан және табиғаттан сурет салу. Әртүрлі формадан тұратын заттарды салу. Қарындашпен сурет салу техникасын сақтай отырып (грифельді қатты баспай), трафареттер мен шаблондардың көмегімен дөңгелек, сопақша, тікбұрышты және үшбұрышты пішінді контурларды салу. Объектілерді олардың пішінінің, көлемінің, ұзындығының ерекшеліктеріне сәйкес орналастыру. Трафаретпен немесе шаблонмен сызылған заттарды сызықтан шығармай бояу. Суреттің контурын және сызықтардың бағытын сақтай отырып, сызбаның бөлшектерін сызықтан шықпай бояу. Жылдың әр мезгіліндегі табиғат объектілерін салу. Тақырыптық силуэттік пішіндерді (киім, жиһаз, ыдыс-аяқ заттары; халық ойыншықтары), тұзды қамырдан, саздан жасалған фигураларды гуашпен, бояумен бояу. Осьтік сызығы бар симметриялық заттарды, контур сызықтары бойынша бейнеленген заттың бөлшектерін толықтырып салу. Өз жұмысын және сыныптастарының суреттерін қарау. Мұғалімнің көмегімен өзінің және басқа адамдардың жұмысын бағалау. Сәндік сурет: көлденең жолақта дайын элементтерден өрнектер жасау, геометриялық өрнекті контурлық сызықтармен сызу және бояу, дайындаманың ортасына берілген нүктелерден периметрі бойынша белгілі бір мотивті ырғақты орналастыра отырып, дөңгелек және шаршы пішінді қағаз дайындамаларында бояудан, нүктелерден, дақтардан өрнектер салу. Боялған жолақтағы жапырақтарды бірдей белгіде (түсі, мөлшері, пішіні) кезектестіре отырып, өсімдіктің ою-өрнегін басып шығару. Өрнектің контурлық үлгісін мақта таяқшасының көмегімен нүктелермен толтыру. Ұлттық өрнекті контурлаумен сызу және бояу. Сюжеттік сурет: қарапайым пейзажбен, натюрмортпен, ұсақ бөлшектерсіз ертегілер иллюстрациясымен берілген контурлық сызбаларды (бояу беттерін) бояу. Қарапайым заттар мен олардың айналасындағы заттарды (жемістер, ойыншықтар немесе жануарлар) салу. Композиция элементтері мен перспективаларын біртіндеп енгізу.

35. 7-сыныпқа арналған "Бейнелеу өнері" пәнінің базалық мазмұны:

1) еңбекті ұйымдастыру мәдениеті. Бейнелеу өнері кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау, құралдар мен материалдарды қауіпсіз пайдалану, қауіпсіздік техникасы ережелерін орындауда жаттығулар жасау. Жұмыс орнында тәртіп сақтау, құралдар мен материалдарды ұқыпты жайып қою және жинау. Әртүрлі бейнелеу материалдарымен және оларды дұрыс пайдаланумен жұмыс істеу ережелерін сақтау. Сабақта мұғаліммен, сыныптастарымен ынтымақтастықта болу. Кезекшінің ауызша нұсқаулығы бойынша немесе өз бетінше іс-әрекет алгоритмін орындау;

2) өнер туындыларын қабылдау. Қоршаған ортадан халықтың сәндік қолөнер бұйымдарын, иллюстрацияларды, мүсіндерді, кескіндеме және сәулет бұйымдарын бөліп көрсету, өнер туындыларының түстерін, пішіндері мен сызықтарын ажырату. Өнер туындыларын олар туралы әңгімелер мен тарих арқылы қабылдау. Өнер

туындыларында, бейнеленген заттарда, іс-әрекеттерде берілетін эмоциялар мен көңіл-күйді анықтау, атау және сипаттау (мүмкіндігінше);

3) мүсіндеу. Ермексазды, тұзды қамырды қолданумен мүсіндеу техникасын жетілдіру. Қатты негізге дайын контурлық заттың кескіндемесінің ішіне ермексазбен аппликация жасау (пластилинография). Қатты негізді жағу әдісімен ермексазбен қаптау . Қатты негізге көлемдік ермексаз аппликациясынан модульдік мүсіндеу. Заттарды алдын ала тексергеннен кейін (қарау, сипап көру, пішінін, түсін, конструкциясын бөліп көрсету) ермексаздан көлемді бұйымдар жасау. Мұғалімнің заттарды мүсіндеуін бақылау. Мүсінделген заттарды нақты заттармен салыстыру. Заттарды тікелей заттың өзінен ермексаздың тұтастай кесегінен мүсіндеу. Мүсіндеуді ермексаздың элементтерімен безендіру. Заттарды конструктивті әдіспен мүсіндеу, пішінді беру, оны үлгімен салыстыру. Мұғалімнің көмегімен оқушылардың қолөнерінен ұжымдық композициялар құрастыру, орындалған композицияларды ойынға қосу; Командада жұмыс істеу ережелерін сақтау;

4) аппликация. Заттық аппликация: оқушыларды олардың аппликация бөлшектерін және орындау тәртібін білу, атау, көрсету деңгейінде талқылауға тарта отырып, мұғалімнің үлгіні талдауы. Негізгі (қызыл, көк, сары) және қосымша (жасыл, ақ, қара, қызғылт сары, қоңыр) түстерді ажырату және пайдалану. Берілген контурлық суретте жапырақтардан, дәнді дақылдардан, тұқымдардан аппликация жасау және желімдеу. Коллаж техникасын меңгеру. Коллаж техникасын көрсету кезінде педагогтың іс-әрекетін бақылау. Қағазды кесу, мыжу және қию арқылы дайындамалар жасау. Берілген контурда мыжылған немесе жыртылған қағаздан көлемді аппликация жасау және желімдеу. Тапсырма бермей-ақ көлемді аппликация жасау. Берілген сызық бойынша қағазды кесуге арналған жаттығулар. Әртүрлі көлемдегі геометриялық фигураларды кесуге арналған жаттығулар. Бірнеше қабатқа бүктелген қағазды қию әдістерін орындау. Сәндік аппликация: Дайындаманың бүкіл бетіне, шетіне және ортасына белгілеп орналастыра отырып, бояумен, нүктелермен, дақтармен өрнектер қосып, дөңгелек, шаршы, тікбұрышты, үшбұрышты, сопақша пішінді қағаз дайындамаларында дайын элементтердің үлгілерін жасау. Берілген пішіндегі дайындамалардан үлгі салу мен желімдеу жаттығулары. Рамаларды, ашықхаттарды безендіру үшін сәндік үлгілерді пайдалану. Жапырақтар жинау үшін саябаққа (мектеп ауласына) саяхат. Сюжеттік аппликация: жай сюжеттің аппликация құрастыру және желімдеу. Аппликация бөлшектерін сюжетке сәйкес шамасы бойынша, ұзындығы бойынша бөлу. Жай ұжымдық сюжеттік қосымшаны құрастыру және желімдеу, қарым-қатынас дағдыларын және командада жұмыс істеу қабілетін дамыту. Бұйымдарды үй-жайларды, көрмелерді безендіру үшін және сыйлық ретінде пайдалану. Мерекелер мен атаулы күндерге ашықхаттар дайындау.

5) сурет салу. Дәстүрлі және дәстүрлі емес кескіндеме техникасының әртүрлі материалдарын, құралдарын және үйренген әдіс-тәсілдерін қолдану. Заттық сурет салу:

сурет салу техникасын сақтау және жетілдіру. Акватушпен сурет салу техникасын жетілдіру. Бейнелеу процесінде қолданылатын барлық түстерді ажырату және қолдану. Қосымша түстер құрастыру. Мұғалімнің тақтада, қағазда сурет салуда орындайтын іс-әрекетін бақылау. Экспрессивті сурет салу: балаларды суреттер арқылы өз сезімдері мен эмоцияларын білдіруге шақыру, көңіл-күй мен эмоцияны жеткізу үшін түстер мен сызықтарды қолдану. Сурет салар алдында заттарды тексеру, пішінін, көлемін, құрылымын зерттеу. Әртүрлі формадан тұратын заттарды салу. Берілген контур бойынша геометриялық пішіндердің контурлық кескіндерін трафареттермен, сурет салу техникасын сақтай отырып шаблондармен салу (грифельді қатты баспай). Объектілерді олардың пішінінің, көлемінің, ұзындығының ерекшеліктеріне сәйкес орналастыру. Заттарды оның суретінің шеттерін сақтай отырып бояу. Заттардың силуэттік пішіндерін (киім, жиһаз, ыдыс-аяқ заттары; ойыншықтар) гуашпен, бояумен бояу, тұзды қамырдан, саздан жасалған пішіндерді бояу. Салынған суретті толықтай аяқтап бітіру. Жануарлардың мәнерлік фигураларын салу. Өз жұмысын және сыныптастарының суреттерін көру. Мұғалімнің көмегімен өзінің және басқа адамдардың жұмысын бағалау. Сәндік сурет салу: дайын элементтерден ою-өрнек жасау. Геометриялық өрнекті контур сызықтары бойынша сызу және бояу. Тіктөртбұрышты, дөңгелек және шаршы пішінді дайындамаларда жапырақтары түсі, мөлшері, пішіні бойынша кезектесіп бояумен өсімдіктің өрнегін басып шығару. Жолақта, шеңберде, шаршыда әртүрлі мөртабандармен үлгі құрастыру және басып шығару. Геометриялық пішінді дайындамада оның бүкіл бетінде, ортасында және периметрі бойынша тірек нүктелерімен, бояумен, дақтардан өрнектің суретін салу. Балшықтан, тұзды қамырдан жасалған заттарды нүктелермен, бояу щеткасымен бояу арқылы сәндеу. Ұлттық өрнегі бар ою-өрнекті бояу. Контурлық суретті мақта таяқшасымен нүктелермен толтыру. Қағаз парағын поролон тампонымен, үлкен щеткамен бояу. Сюжеттік сурет салу: қарапайым пейзаж, натюрморт, ұсақ бөлшектерсіз ертегілердің иллюстрациялары бар контурлық суреттерді бояу (бояу беттерін). Қарапайым заттар мен олардың айналасындағы заттарды (жемістер, ойыншықтар немесе жануарлар) композиция нұсқаларымен және қағаз парағына кескінді әртүрлі орналастырумен салу (объектілерді олардың пішінінің, көлемінің, ұзындығының ерекшеліктеріне сәйкес орналастыру). Бүкіл қағаздың бетіне тапсырмасыз қиял-ғажайыпқа және шығармашылыққа негізделген қиялдан туған суретті салу. Табиғатқа саяхат. Табиғат элементтерін бақылау және оларды жылдың әр мезгілінде (гүлдер, ағаштар немесе пейзаждар) салу. Жылдың әр мезгілінде табиғат объектілерін салу.

36. 8-сыныпқа арналған "Бейнелеу өнері" пәнінің базалық мазмұны:

1) еңбекті ұйымдастыру мәдениеті. Бейнелеу өнері кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау, сабақта мұғаліммен ынтымақтастықта болу, құралдар мен материалдарды қауіпсіз пайдалану, бейнелеу өнері кабинетінде қауіпсіздік техникасы ережелерін

орындау және түсініктеме беру (мүмкіндігінше). Жұмыс орнында тәртіп сақтау: құралдар мен материалдарды ұқыпты жайып қою және жинау. Әртүрлі бейнелеу материалдарымен және оларды дұрыс пайдаланумен жұмыс істеу ережелерін сақтау. Ауызша нұсқаулықтан кейін немесе өз бетінше кезекшінің әрекеттерінің алгоритмін орындау;

2) өнер туындыларын қабылдау. Қоршаған ортадан халықтың сәндік қолөнер бұйымдарын, иллюстрацияларды, мүсіндерді, кескіндеме және сәулет бұйымдарын бөліп көрсету, өнер туындыларының түстерін, пішіндері мен сызықтарын ажырату. Өнер туындыларын олар туралы әңгімелер мен тарих арқылы қабылдау. Өнер туындыларында, бейнеленген заттарда, іс-әрекеттерде берілетін эмоциялар мен көңіл-күйді анықтау, атау және сипаттау (мүмкіндігінше);

3) мүсіндеу. Ермексаз материалдарын қолдана отырып, мүсіндеу техникасын жетілдіру. Үлгі бойынша қатаң негіздегі дайын контурдың ішіне көлемді пластилин аппликациясын, заттың контурлық кескіндемесінің ішіне ермексаздан сурет мүсіндеу. Мұғалімнің минималды көмегімен заттарды алдын-ала тексергеннен кейін ермексаздан көлемді бұйымдар жасау. Мұғалімнің заттарды мүсіндеуін бақылау. Мүсіндеуді мұғалімнің жетекшілігімен нақты заттармен, үлгімен салыстыру. Ермексаздың бөлігінен табиғаттың суретін мүсіндеу. Мүсіндеуді үлгі бойынша ермексаздан жасалған элементтермен сәндеу. Заттарды еліктеу бойынша құрастыру әдісімен мүсіндеу, пішінін беру, оны мұғалімнің көмегімен үлгімен салыстыру. Мұғалімнің көмегімен оқушылардың қолөнерінен үлгі бойынша ұжымдық композициялар құрастыру, орындалған композицияларды ойынға қосу; Командада жұмыс істеу дағдысын дамыту, жолдасына көмектесу;

4) аппликация. Заттық аппликация: оқушыларды олардың аппликация бөлшектерін және орындау тәртібін білу, атау, көрсету деңгейінде талқылауға тарта отырып, мұғалімнің үлгіні талдауы. Коллаж техникасын меңгеру. Коллаж техникасын көрсету кезінде педагогтың іс-әрекетін бақылау. Қағазды жырту, мыжу, кесу арқылы дайындамалар жасау. Берілген контурда мыжылған немесе жыртылған қағаздан көлемді аппликация жасау және желімдеу. Тапсырма бермей-ақ көлемді аппликация жасау. Сәндік аппликация: Қағазды берілген сызықпен кесу жаттығуы, жай бөлшектерді, әртүрлі шамадағы геометриялық фигураларды кесу. Бірнеше есе " гармошкаға" бүктелген түрдегі қағаздан кесу тәсілдерін орындау. Бояудан, нүктелерден , дақтардан бір қалыпты орналастырылған өрнектерді қосумен әртүрлі пішіндегі қағаз дайындамаларында дайын элементтерден өрнектер жасау. Берілген пішіндегі дайындамалардан өрнекті қою және желімдеу жаттығулары. Аппликацияға жапырақтар жинау үшін саябаққа (мектеп ауласына) саяхат. Берілген контурлық суретке жапырақтардан, дәнді дақылдардан, тұқымдардан аппликация жасау және желімдеу. Жапырақтарды аралас аппликацияға қолдану (дайын немесе аяқталған сурет жапырақ аппликациясымен толықтырылады). Сюжеттік аппликация: мұғалімнің көмегімен

үлгіге қарап, идея бойынша қарапайым сюжеттік аппликацияны құрастыру және желімдеу. Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша, ауызша сипаттама бойынша ұсақ бөлшектерсіз ұжымдық сюжеттік қосымшаны құрастыру және желімдеу, қарым-қатынас дағдыларын және командада жұмыс істеу қабілетін жетілдіру. Бұйымдарды үй-жайларды, көрмелерді безендіру үшін, сыйлық ретінде пайдалану. Мерекелер мен атаулы күндерге ашықхаттар дайындау.

5) сурет салу. Дәстүрлі және дәстүрлі емес кескіндеме техникасының әртүрлі материалдарын, құралдарын және үйренген әдіс-тәсілдерін қолдану. Заттық сурет салу: сурет салу техникасын сақтау және жетілдіру. Акватушпен сурет салу техникасын жетілдіру. Бейнелеу процесінде барлық негізгі түстерді ажырату және пайдалану. Мұғалімнің көмегімен қосымша түстер жасау. Мұғалімнің тақтада, қағазда суреттер салған кездегі әрекетін бақылау. Экспрессивті сурет салу: балаларды суреттер арқылы өз сезімдері мен эмоцияларын білдіруге шақыру, көңіл-күй мен эмоцияны жеткізу үшін түстер мен сызықтарды қолдану. Сурет салар алдында заттарды көрнекі шолумен және қолмен ұстап көрумен тексеру. Нүктелер бойынша әртүрлі пішіндерден тұратын заттарды салу. Трафарет бойынша таныс заттарды, берілген контур бойынша геометриялық пішіндердің суреттерін салу. Объектілерді пішінінің, көлемінің, ұзындығының ерекшеліктеріне сәйкес парақтың жазықтығына орналастыру. Заттарды суреттің шеттерін сақтай отырып бояу, сызықтарды бір бағытта орындау. Заттық силуэттік пішіндерді, тұзды қамырдан, саздан жасалған көлемді фигураларды гуашпен бояу. Салынған заттың бөлшектерін аяқтап салу. Мұғалімнің көмегімен өзінің және басқа адамдардың жұмысын бағалау. Сәндік сурет салу: дайын элементтерден ою-өрнек жасау. Геометриялық өрнекті айналдыра сызу және бояу. Тіктөртбұрышты, дөңгелек және шаршы пішінді дайындамаларда жапырақтарды түсі, мөлшері, пішіні бойынша кезектестіріп бояумен өсімдіктің өрнегін басып шығару. Жолақта, шеңберде, шаршыда әртүрлі қалыптармен өрнектер құрастыру және басып шығару. Геометриялық пішіндегі дайындамада бояудан, нүктелерден, дақтардан өрнектің суретін салу. Балшықтан, тұзды қамырдан жасалған заттарды нүктелерден, бояу щеткасымен бояумен салынған өрнекпен сәндеу. Ұлттық өрнекті нақыштап бояу. Сюжеттік сурет салу: қарапайым пейзаж, натюрморт, иллюстрациясы бар ертегілерді ұсақ бөлшектерсіз контурлық сызбалармен бояу (бетін бояу). Жай заттар мен олардың айналасындағы заттарды (жемістер, ойыншықтар немесе жануарлар) композиция нұсқаларымен және кескінін қағаз параққа әртүрлі орналастырумен салу (объектілерді олардың пішінінің, көлемінің, ұзындығының ерекшеліктеріне сәйкес орналастыру). Тапсырма бермей-ақ бүкіл қағазға қиял-ғажайыпқа және шығармашылық ойлауға негізделген қиялдан туатын сурет салу. Табиғатқа саяхат. Табиғат объектілерін бақылау және оларды жылдың әр мезгілінде (гүлдер, ағаштар немесе пейзаждар) салу. Қиялдаудан туындайтын жобалар: оқушыларды қиялына негізделген сызбалар жасау үшін өз қиялын және шығармашылық ойлауын пайдалануға ынталандыру. Композиция

элементтері мен перспективаларын енгізу. Жануарлардың мәнерлік пішіндерін салу. Адамның мәнерлік тұлғасын және оның көрінісін салу. Өзінің суреттерін атау (көрсету) қабілетін қалыптастыру.

37. 9-сыныпқа арналған "Бейнелеу өнері" пәнінің базалық мазмұны:

1) еңбекті ұйымдастыру мәдениеті. Бейнелеу өнері кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау, сабақта мұғаліммен ынтымақтастықта болу, құралдар мен материалдарды қауіпсіз пайдалану, бейнелеу өнері кабинетінде қауіпсіздік техникасы ережелерін орындау және түсініктеме беру (мүмкіндігінше). Жұмыс орнында тәртіп сақтау: құралдар мен материалдарды ұқыпты жайып қою және жинау. Әртүрлі бейнелеу материалдарымен және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау. Кезекшінің әрекетінің алгоритмін өз бетінше орындау;

2) өнер туындыларын қабылдау. Қоршаған ортадан халықтың сәндік қолөнер бұйымдарын, иллюстрацияларды, мүсіндерді, кескіндеме және сәулет бұйымдарын бөліп көрсету, өнер туындыларының түстерін, пішіндері мен сызықтарын ажырату. Өнер туындыларын олар туралы әңгімелер мен тарих арқылы қабылдау. Өнер туындыларында, бейнеленген заттарда, іс-әрекеттерде берілетін эмоциялар мен көңіл-күйді анықтау, атау және сипаттау (мүмкіндігінше);

3) мүсіндеу. Ермексаз материалдарын қолдана отырып, мүсіндеу техникасын жетілдіру. Қатаң негіздегі дайын контурдың ішіне көлемді пластилин аппликациясын, заттың контурлық кескіндемесінің ішіне ермексаздан сурет мүсіндеу. Заттарды алдын ала тексергеннен кейін ермексаздан көлемді бұйымдар жасау. Мұғалімнің заттарды мүсіндеуін бақылау. Мүсіндерді нақты заттармен, үлгімен салыстыру. Табиғаттан ермексаздың тұтас кесегінен заттарды мүсіндеу. Мүсінді ермексаз элементтерімен сәндеу. Заттарды конструкторлық тәсілмен мүсіндеу, пішінін беру, оны үлгімен салыстыру. Оқушылардың қолөнерінен ұжымдық композициялар жасау, орындалған композицияларды ойынға қосу. Командада жұмыс істеу дағдысын жетілдіру;

4) аппликация. Заттық аппликация: оқушыларды олардың аппликация бөлшектерін және орындау тәртібін білу, атау, көрсету деңгейінде талқылауға тарта отырып, мұғалімнің үлгіні талдауы. Коллаж техникасын меңгеру. Коллаж техникасын көрсету кезінде педагогтың іс-әрекетін бақылау. Қағазды жырту, мыжу, кесу арқылы дайындамалар жасау. Берілген контурда мыжылған немесе жыртылған қағаздан көлемді аппликация жасау және желімдеу. Берілген контурлық суретке жапырақтардан, дәнді дақылдардан, тұқымдардан аппликация жасау және желімдеу. Матадан заттық аппликация жасау.Тапсырма бермей-ақ көлемді аппликация жасау. Сәндік аппликация: Қағазды берілген сызықпен кесу жаттығуы, жай бөлшектерді, әртүрлі шамадағы геометриялық фигураларды кесу. Бірнеше есе "гармошкаға" бүктелген түрдегі қағаздан кесу тәсілдерін орындау. Берілген пішіндегі дайындамалардан өрнекті қою және желімдеу жаттығулары. Аппликацияға жапырақтар жинау үшін саябаққа (мектеп ауласына) саяхат. Берілген контурлық суретке жапырақтардан, дәнді дақылдардан,

тұқымдардан аппликация жасау және желімдеу. Жапырақтарды аралас аппликацияға қолдану (дайын немесе аяқталған сурет жапырақ аппликациясымен толықтырылады). Сюжеттік аппликация: қарапайым сюжеттік аппликацияны құрастыру және желімдеу. Мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша, ауызша сипаттама бойынша ұсақ бөлшектерсіз ұжымдық сюжеттік қосымшаны құрастыру және желімдеу, қарым-қатынас дағдыларын және командада жұмыс істеу қабілетін жетілдіру. Бұйымдарды үй-жайларды, көрмелерді безендіру үшін, сыйлық ретінде пайдалану. Мерекелер мен атаулы күндерге ашықхаттар дайындау.

5) сурет салу. Сурет салудың дәстүрлі және дәстүрлі емес техникасында әртүрлі материалдарды, құралдарды және үйренген әдіс-тәсілдерді қолдану. Заттық сурет салу: сурет салу техникасын сақтау және жетілдіру. Акватушпен сурет салу техникасын жетілдіру. Бейнелеу процесінде барлық негізгі түстерді ажырату, атау және қолдану. Мұғалімнің көмегімен қосымша түстер жасау. Мұғалімнің тақтада, қағазда суреттер салу кезінде орындайтын әрекетін бақылау. Экспрессивті сурет салу: балаларды суреттер арқылы өз сезімдері мен эмоцияларын білдіруге шақыру, көңіл-күй мен эмоцияны жеткізу үшін түстер мен сызықтарды қолдану. Сурет салу алдында заттарды көрнекі шолумен және ұстап көрумен тексеру. Әртүрлі формадан тұратын заттарды салу. Берілген контурға трафаретпен, шаблонмен, геометриялық формалардың кескіндерімен әртүрлі заттар салу. Объектілерді пішінінің, көлемінің, ұзындығының ерекшеліктеріне сәйкес парақтың жазықтығына орналастыру. Заттарды суреттің шеттерін сақтаумен бояу, сызықтарды бір бағытта сызу. Заттық силуэттік пішіндерді, тұзды қамырдан, саздан жасалған көлемді фигураларды гуашпен, бояумен бояу. Берілген геометриялық пішіндер мен аяқталмаған элементтерге (мысалы, үш шеңбер — аққала, ойыншық; үш шаршы — көпқабатты үй, пирамида, мұнара және т.б.), осьтік сызығы бар симметриялық заттарға, бейнеленген заттың бөлшектеріне негізделген кескіндерді аяқтап салу. Мұғалімнің көмегімен өзінің және басқа адамдардың жұмысын бағалау. Сәндік сурет: дайын элементтерден ою-өрнек жасау. Геометриялық өрнекті контур сызықтарымен айналдыра сызу және бояу. Тіктөртбұрышты, дөңгелек және шаршы пішінді дайындамаларда жапырақтарды түсі, мөлшері, пішіні бойынша кезектестіріп бояумен өсімдіктің өрнегін басып шығару. Жолақта, шеңберде, шаршыда әртүрлі қалыптармен өрнекті құрастыру және басып шығару. Геометриялық пішіннің бүкіл бетінде, ортасында, периметрі бойынша дайындамасында бояудан, нүктелерден, дақтардан өрнектің суретін салу. Саздан, тұзды қамырдан жасалған заттарды нүктелермен, бояу щеткасымен бояумен сәндеу. Ұлттық өрнекті нақыштап бояу. Сюжеттік сурет: қарапайым пейзаж, натюрморт, иллюстрациялары бар ертегілерді ұсақ бөлшектерсіз контурлық сызбалармен бояу (беттерін бояу). Жай заттар мен олардың айналасындағы заттарды (жемістер, ойыншықтар немесе жануарлар) композиция нұсқаларымен және кескінді қағаз парағына әртүрлі орналастырумен салу (объектілерді олардың пішінінің, көлемінің, ұзындығының ерекшеліктеріне сәйкес орналастыру).

Тапсырма бермей-ақ бүкіл қағазға қиял-ғажайыпқа және шығармашылық ойлауға негізделген қиялдан туатын суретті салу. Табиғатқа саяхат. Табиғат объектілерін бақылау және оларды жылдың әр мезгілінде (гүлдер, ағаштар немесе пейзаждар) салу. Композиция элементтері мен перспективаларын енгізу. Жануарлардың мәнерлік пішіндерін салу. Негізгі белгілер мен пропорцияларды сақтай отырып, мәнерлік тұлға мен адамның фигурасын салу. Оның суретін таныстыру.

38. 10-сыныпқа арналған "Бейнелеу өнері" пәнінің базалық мазмұны:

1) еңбекті ұйымдастыру мәдениеті. Бейнелеу өнері кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау, құралдар мен материалдарды қауіпсіз пайдалану, бейнелеу өнері кабинетінде қауіпсіздік техникасы ережелерін орындау және түсініктеме беру (мүмкіндігінше). Жұмыс орнында тәртіп сақтау: құралдар мен материалдарды ұқыпты жайып қою және жинау. Әртүрлі бейнелеу материалдарымен және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау. Кезекшінің әрекетінің алгоритмін өз бетінше орындау;

2) өнер туындыларын қабылдау. Қоршаған ортадан халықтың сәндік қолөнер бұйымдарын, иллюстрацияларды, мүсіндерді, кескіндеме және сәулет бұйымдарын бөліп көрсету, өнер туындыларының түстерін, пішіндері мен сызықтарын ажырату. Өнер туындыларын олар туралы әңгімелер мен тарих арқылы қабылдау. Өнер туындыларында берілетін эмоциялар мен көңіл-күйді анықтау және сипаттау;

3) мүсіндеу. Ермексаз материалдарын қолдана отырып, мүсіндеу техникасын жетілдіру. Тақырыптық кескін контурының ішіне ермексаздан сурет мүсіндеу, қатты негізге үлгі бойынша, ойдан құрастырып дайын контурдың ішіне ермексаздан көлемді аппликация жасау. Ермексаз материалының тұтас кесегінен заттарға еліктеу бойынша конструкторлық әдіспен, ойдан құрастырумен көлемді бұйымдар (жемістер, көкөністер, ыдыс-аяқтар, жануарлар, адамдар мүсіндері) жасау. Мүсіндеуді нақты затпен, үлгімен салыстыру. Мүсіндеуді үлгі бойынша ермексаздан жасалған элементтермен сәндеу. Үлгі бойынша, идея бойынша білім алушылардың қолөнерінен ұжымдық композициялар құрастыру, орындалған композицияларды ойынға қосу. Командада жұмыс істеу дағдысын жетілдіру;

4) аппликация. Заттық аппликация: үлгіні көрсету деңгейінде талдау, аппликация бөлшектерін және орындалу ретін атау. Коллаж техникасын жетілдіру. Дайындамаларды үйренген тәсілдермен жасау. Аппликацияны берілген, сызылған контурда орындау. Берілген контурлық суретте жапырақтардан, дәнді дақылдардан, тұқымдардан аппликация жасау және желімдеу. Матадан аппликация жасау. Тапсырма берілмей-ақ көлемді аппликация жасауды орындау. Қағаз кесудің әртүрлі әдістерін қолдану. Сәндік аппликация: әртүрлі пішіндегі аппликацияға арналған бөлшектерді кесуге арналған жаттығулар. Берілген формада дайындамалардан өрнек салу және желімдеу жаттығулары. Үлгі бойынша өрнектер құрастыру. Аппликация жасау үшін жапырақтар жинауға саябаққа (мектеп ауласына) саяхат. Жапырақтарды берілген нүктемен, ойдан құрастырумен қарапайым және аралас аппликацияда (дайын немесе

аяқталған сурет жапырақ аппликациясымен толықтырылады) қолдану. Сюжеттік аппликация: сюжеттік аппликацияны ойдан құрастырумен, үлгі бойынша құрастыру және желімдеу. Педагогтың көмегімен үлгі бойынша, ауызша сипаттау бойынша ұсақ бөлшектер жоқ ұжымдық сюжеттік қосымшаны құрастыру және желімдеу, қарым-қатынас дағдыларын және командада жұмыс істеу қабілетін жетілдіру. Бұйымдарды үй-жайларды, көрмелерді безендіру үшін, сыйлық ретінде пайдалану. Мерекелер мен атаулы күндерге ашықхаттар дайындау;

5) сурет салу. Дәстүрлі және дәстүрлі емес сурет салу техникасының әртүрлі материалдарын, құралдарын және үйренген әдіс-тәсілдерін қолдану. Заттық сурет салу: сурет салу техникасын сақтау және жетілдіру. Сурет салу процесінде негізгі және қосымша түстерді ажырату, оларды атау және қолдану. Мұғалімнің тақтада сурет салуда орындайтын әрекеттерін бақылау және қайталау. Экспрессивті сурет салу: білім алушыларды өздерінің көңіл-күйлері мен эмоцияларын суреттер, түс және сызықтар арқылы жеткізуге шақыру. Сурет салар алдында заттарды көрнекі және сипап көрумен тексеру. Табиғаттан, трафаретпен сурет салу. Объектілерді пішінінің, көлемінің, ұзындығының ерекшеліктеріне сәйкес парақтың жазықтығына орналастыру. Түспен толтыру, суреттің жиегін сақтай отырып, контурлық суреттерді (бояуларды) штрихтау. Тұзды қамырдан, саздан жасалған силуэтті және көлемді фигураларды гуашпен, бояумен бояу. Негізгі белгілер мен пропорцияларды сақтай отырып, жануарлар мен адамның мәнерлендірілген фигураларын салу. Аяқтап салынбаған суреттерді, аяқталмаған элементтерді, симметриялық заттарды аяқтап бітіру. Сәндік сурет: дайын элементтерден ою-өрнек құрастыру. Геометриялық өрнекті контур сызықтарымен айналдыра сызу және бояу. Тіктөртбұрышты, дөңгелек және шаршы пішінді дайындамаларда жапырақтарды түсі, мөлшері, пішіні бойынша кезектестіріп бояумен өсімдіктің өрнегін басып шығару. Жолақта, шеңберде, шаршыда әртүрлі қалыптармен үлгілер құрастыру және басып шығару. Геометриялық пішінді дайындаманың бүкіл бетіне, ортасына, периметрі бойынша бояудан, нүктелерден, дақтардан тұратын өрнекті тірек нүктелерімен салу. Балшықтан, тұзды қамырды жасалған заттарды нүктелерден тұратын, бояу щеткасымен боялған өрнекпен сәндеу. Ұлттық өрнегі бар ою-өрнекті бояу. Сюжеттік сурет: қарапайым пейзаж, натюрморт, ұсақ бөлшектері жоқ ертегілер иллюстрациялары бар контурлық сызбаларды (бояу беттерін) бояу. Жай заттар мен олардың айналасындағы заттарды (жемістер, ойыншықтар немесе жануарлар) композиция нұсқаларымен және кескінді қағаз параққа әртүрлі орналастырумен салу (объектілерді олардың пішінінің, көлемінің, ұзындығының ерекшеліктеріне сәйкес орналастыру). Бүкіл қағазға қиял мен шығармашылық ойлауға негізделген тапсырмасыз қиял-ғажайып суретін салу. Табиғатқа саяхат. Табиғат элементтерін бақылау және оларды жылдың әр мезгілінде (гүлдер, ағаштар немесе пейзаждар) салу. Қиялдан туындайтын жобалар: Білім алушыларды қиялға негізделген сызбалар жасау үшін қиялын және шығармашылық ой ұтқырлығын қолдануға ынталандыру.

Жануарлардың суретін салу. Негізгі белгілер мен пропорцияларды сақтай отырып, мәнерлендірілген тұлға мен адамның фигурасын салу. Өз суретін ұсыну. Мұғалім ұсынған критерийлер бойынша өзінің және басқалардың жұмысын бағалау. Ұжымдық сызбалар жасау.

Параграф 2. Оқу мақсаттарының жүйесі

39. Бағдарламадағы оқу мақсаттары кодтау арқылы берілген. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бағдарламаның бөлімі мен бөлімшесін, төртінші сан білім беру мақсатының нөмірленуін көрсетеді. Мысалы, 5.2.1.4 кодтауында "5" – сынып, "5.1" – кіші бөлім, "4" – оқу мақсатының нөмірленуі.

40. Оқу мақсаттарының жүйесі бөлімдер мен сыныптар бойынша берілген:

1) "Еңбекті ұйымдастыру мәдениеті" бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1. Бейнелеу өнері кабинетінде қауіпсіздік техникасы мен тәртіп ережелерін сақтау	5. 1. 1. 1 бейнелеу өнері кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау және (мүмкіндігінше) айту	6. 1. 1. 1 бейнелеу өнері кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау	7. 1. 1. 1 бейнелеу өнері кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау	8. 1. 1. 1 бейнелеу өнері кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау	9. 1. 1. 1 бейнелеу өнері кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау	10. 1. 1. 1 бейнелеу өнері кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау
	5. 1. 1. 2 материалдармен және құралдармен жұмыс істеу кезінде ҚЕ ережелерін сақтау және түсініктеме беру (мүмкіндігінше)	6. 1. 1. 2 материалдармен және құралдармен жұмыс істеу кезінде ҚЕ ережелерін сақтау және түсініктеме беру (мүмкіндігінше)	7. 1. 1. 2 материалдармен және құралдармен жұмыс істеу кезінде ҚЕ ережелерін сақтау және түсініктеме беру (мүмкіндігінше)	8. 1. 1. 2 материалдармен және құралдармен жұмыс істеу кезінде ҚЕ ережелерін сақтау және түсініктеме беру (мүмкіндігінше)	9. 1. 1. 2 материалдармен және құралдармен жұмыс істеу кезінде ҚЕ ережелерін сақтау және түсініктеме беру (мүмкіндігінше)	10. 1. 1. 2 материалдармен және құралдармен жұмыс істеу кезінде ҚЕ ережелерін сақтау және түсініктеме беру (мүмкіндігінше)
	5. 1. 1. 3 мұғалімнің талаптары мен тапсырмаларын орындау	6. 1. 1. 3 мұғалімнің талаптары мен тапсырмаларын орындау	7. 1. 1. 3 мұғалімнің талаптары мен тапсырмаларын орындау	8. 1. 1. 3 мұғалімнің талаптары мен тапсырмаларын орындау	9. 1. 1. 3 мұғалімнің талаптары мен тапсырмаларын орындау	10. 1. 1. 3 мұғалімнің талаптары мен тапсырмаларын орындау
	5. 1. 1. 4 жұмыс орнын қызметтің берілген түріне дайындау және ауызша	6. 1. 1. 4 жұмыс орнын қызметтің берілген түріне дайындау	7. 1. 1. 4 жұмыс орнын қызметтің берілген түріне дайындау	8. 1. 1. 4 жұмыс орнын қызметтің берілген түріне дайындау	9. 1. 1. 4 жұмыс орнын қызметтің берілген түріне дайындау	10. 1. 1. 4 жұмыс орнын қызметтің берілген түріне дайындау

	нұсқаулыққа сәйкес ретке келтіру	және үлгі бойынша ретке келтіру	және үлгі бойынша ретке келтіру	және өз бетінше ретке келтіру	және өз бетінше ретке келтіру	және өз бетінше ретке келтіру
	5. 1. 1. 5 сабақта мұғаліммен, сыныптастарымен ынтымақтасу	6. 1. 1. 5 сабақта мұғаліммен, сыныптастарымен ынтымақтасу	7. 1. 1. 5 сабақта мұғаліммен, сыныптастарымен ынтымақтасу	8. 1. 1. 5 сабақта мұғаліммен, сыныптастарымен ынтымақтасу	9. 1. 1. 5 сабақта мұғаліммен, сыныптастарымен ынтымақтасу	10. 1. 1. 5 сабақта мұғаліммен, сыныптастарымен ынтымақтасу
	5. 1. 1. 6 бейнелеу өнері кабинетінде кезекшінің міндеттерін ауызша қадамдық нұсқаулық бойынша орындау	6. 1. 1. 6 бейнелеу өнері кабинетінде кезекшінің міндеттерін ауызша немесе көрнекі нұсқаулық бойынша орындау	7. 1. 1. 6 бейнелеу өнері кабинетінде кезекшінің міндеттерін ауызша немесе көрнекі нұсқаулық бойынша орындау	8. 1. 1. 6 бейнелеу өнері кабинетінде кезекшінің міндеттерін өз бетінше ауызша орындау	9. 1. 1. 6 бейнелеу өнері кабинетінде кезекшінің міндеттерін өз бетінше ауызша орындау	10. 1. 1. 6 бейнелеу өнері кабинетінде кезекшінің міндеттерін өз бетінше ауызша орындау

2) "Бейнелеу өнері туындыларын қабылдау" бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2. 1. Халықтың қолданбалы өнер бұйымдары	5. 2. 1. 1 оң эмоцияларды, өнер нысандарына қызығушылық таныту	6. 2. 1. 1 оң эмоцияларды, өнер нысандарына қызығушылық таныту	7. 2. 1. 1 оң эмоцияларды, өнер нысандарына қызығушылық таныту	8. 2. 1. 1 Оң эмоцияларды, өнер нысандарына қызығушылық таныту	9. 2. 1. 1 оң эмоцияларды, өнер нысандарына қызығушылық таныту	10. 2. 1. 1 оң эмоцияларды, өнер нысандарына қызығушылық таныту
	5. 2. 1. 2 киіз үйдің пішінін, түсін, мөлшерін, мақсатын қоршаған ортадан бөліп көрсету, атау, анықтау	6. 2. 1. 2 қазақтың ұлттық тұрмыстық заттарының пішінін, түсін, мөлшерін, мақсатын қоршаған ортадан бөліп көрсету, атау, анықтау	7. 2. 1. 2 қазақ ыдыс-аяқтарының пішінін, түсін, мөлшерін, мақсатын қоршаған ортадан бөліп көрсету, атау, анықтау	8. 2. 1. 2 қазақтың ұлттық бас киімдерін қоршаған ортадан бөліп көрсету, атау, мақсатын анықтау	9. 2. 1. 2 қазақтың ұлттық киімінің пішінін, түсін, мөлшерін, мақсатын қоршаған ортадан бөліп көрсету, атау, анықтау	10. 2. 1. 2 халық қолөнершілерінің бұйымдарын, ұлттық өрнектерді қоршаған ортадан, бөліп көрсету, атау (мүмкіндігінше)
	5. 2. 1. 3 киіз үйдің безендірілуін ойынға қосу	6. 2. 1. 3 қазақтың тұрмыстық заттарын ойынға қосу	7. 2. 1. 3 қазақтың ұлттық ыдыс-аяқтарын ойынға қосу	8. 2. 1. 3 қазақтың ұлттық бас киімдерін ойынға қосу	9. 2. 1. 3 қазақтың ұлттық киімдерін ойынға қосу	10. 2. 1. 3 өрнекті оның атауы бойынша анықтау
			7. 2. 2. 1 өнер туындысы туралы әңгіме	8. 2. 2. 1 өнер туындысы	9. 2. 2. 1 өнер туындысы	10. 2. 2. 1 өнер туындысы

	5. 2. 2. 1 өнер туындысы туралы әңгіме тыңдау	6. 2. 2. 1 өнер туындысы туралы әңгіме тыңдау	тыңдау, мүмкіндігінше мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру	туралы әңгіме тыңдау, мүмкіндігінше сұрақтарға жауап беру	туралы әңгіме тыңдау, мүмкіндігінше сұрақтарға жауап беру	туралы әңгіме тыңдау, мүмкіндігінше мұғаліммен әңгімелесуге қатысу
	5. 2. 2. 2 таныс шығарманың иллюстрациясын қарау, суретте бейнеленген кейіпкерлерді, олардың әрекеттерін атау	6. 2. 2. 2. таныс шығарманың иллюстрациясын қарау, білу, бейнеленген кейіпкерлерді, заттарды, әрекеттерді көрсету, атау (мүмкіндігінше)	7. 2. 2. 2. таныс шығарманың иллюстрациясын қарау, білу, бейнеленген кейіпкерлерді, заттарды, әрекеттерді көрсету, атау (мүмкіндігінше)	8. 2. 2. 2 таныс шығарманың иллюстрациясын қарау, білу, бейнеленген кейіпкерлерді, заттарды, әрекеттерді көрсету, атау (мүмкіндігінше)	9. 2. 2. 2 таныс шығарманың иллюстрациясын қарау, білу, бейнеленген кейіпкерлерді, заттарды, әрекеттерді көрсету, атау (мүмкіндігінше) және сұрақтарға жауап беру	10. 2. 2. 2 таныс шығарманың иллюстрациясын қарау, бейнеленген кейіпкерлерді, заттарды, әрекеттерді тану, көрсету, атау, мүмкіндігінше алдыңғы және кейінгі оқиғалар туралы сұрақтарға жауап беру
4.1. Заттық аппликация	9.4.1.2 негізгі және қосымша түстерді атау, ажырату, пайдалану
	9.4.1.3 қағазды жырту, кесу және мыжу арқылы дайындамалар жасау
	9.4.1.12 үлгі бойынша берілген контурға мыжылған қағаздан көлемді аппликация жасау, желімдеу
4.2. Сәндік аппликация	9.4.2.3 саябаққа саяхат кезінде жапырақтар топтамасын, өсімдік тұқымын жинау
	9.4.2.4 жапырақтардан жасалған өрнекті әртүрлі белгілері бойынша кезектестіріп жайып қою
5.1. Заттық сурет салу	9.5.1.1 әртүрлі бейнелеу материалдары мен құралдарын қолдану
	9.5.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес сурет салу техникасында үйренген әдіс-тәсілдерді қолдану
	9.5.1.3 сурет салу техникасын сақтау және жетілдіру
	9.5.1.4 үлгі бойынша "акватушь" техникасында сурет салу
	9.5.1.13 үлгі бойынша сызылмаған қағазға сызықтарды, геометриялық фигураларды қарындашпен, қаламмен салу
	9.5.1.9 сурет салу процесінде қолданылатын түстерді атау, ажырату
	9.5.1.10 ұсынылған алгоритм бойынша қосымша түстер жасау
	9.5.1.11 қағаз парағын поролон тампондарымен және жалпақ щеткамен бояу
5.2. Сәндік сурет салу	9.5.2.1 геометриялық өрнекті түсі, пішіні, ұяшықтары бойынша кезектестіріп құрастыру және суретін салу
	9.5.2.2 өрнек жасау үшін пайдаланылған заттардың санын сандармен белгілеу
	9.5.2.3 үлгі бойынша жолақта, шеңберде, шаршыда, сопақшада бірнеше белгілер бойынша әртүрлі дайын элементтерден тұратын өрнектер жасау
5.3. Сюжеттік сурет салу	9.5.3.3 қағаз парағының шетінен өтіп кетпей, бүкіл қағаз парағына тапсырмасыз сурет салу
2 тоқсан	
2.1. Халықтың қолданбалы өнер бұйымдары	9.2.1.1. оң эмоцияларды, өнер нысандарына қызығушылық таныту
	9.2.1.2 қазақтың ұлттық киімінің пішінін, түсін, мөлшерін, мақсатын қоршаған ортадан бөліп көрсету, атау, анықтау
	9.2.1.3 қазақтың ұлттық киімдерін ойынға қосу
4.2. Сәндік аппликация	9.4.1.7 геометриялық фигуралар мен дұрыс емес пішіндегі фигураларды кесуге машықтану
	9.4.1.8 бүктелген қағазды бірнеше рет, " гармошкамен" кесу әдісін қолдану

	9.4.2.1 дайындамалардан жасалған өрнекті берілген пішінге түсі, өлшемі, пішіні бойынша таңдалған формада өз бетінше кезектестіріп орналастыруға және желімдеуге машықтану
3.1. Ермексаздан сурет салу	9.3.1.2 үлгі бойынша қатты негіздегі заттық кескіннің дайын контурының ішіне модульдік мүсіндеу әдісімен көлемді ермексаз аппликациясын жасау
3.2. Көлемді бұйымдар	9.3.2.1 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу алдында затты (үлгіні) тексеру
	9.3.2.2 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу затын нақты затты көрсету арқылы тану, атау және салыстыру, ажырату
	9.3.2.3 мүсіндеу кезінде мұғалімнің әрекеттерін бақылау
	9.3.2.4 табиғаттан ермексаздың бүтін кесегінен бұйымдар мүсіндеу
	9.3.2.6 мүсіндеу объектісін үлгі бойынша ермексаз элементтерімен безендіру
3.3. Композиция	9.3.3.1 берілген тақырып бойынша ұжымдық композиция жасауға қатысу
	9.3.3.2 орындалған композициямен ойнауға қатысу
	9.3.3.3 командада жұмыс істеу ережелерін сақтау
5.2. Сәндік сурет салу	9.5.2.6 жапырақтарға бояу жағу және көрсету бойынша, үлгі бойынша жолаққа, шаршыға, шеңберге жапырақтарды түсі, мөлшері, пішіні бойынша кезектестірумен өсімдік өрнегін басып шығару
	9.5.2.4 үлгі бойынша жолақта, шеңберде, шаршыда, сопақшада әртүрлі қалыптан өрнек жасау және басып шығару
5.1. Заттық сурет салу	9.5.1.15 үлгі бойынша шаблондардың көмегімен әртүрлі геометриялық пішіндерден тұратын заттардың суреттерін салу
	9.5.1.16 әртүрлі заттардың суреттерін шаблон бойынша салу
5.3. Сюжеттік сурет салу	9.5.3.4 табиғатқа саяхат кезінде жылдың әр мезгілінде табиғат элементтерін бақылау
	9.5.3.5 жылдың әр мезгілінде үлгі бойынша табиғат объектілерін салу
3 тоқсан	
	9.1.1.1 бейнелеу өнері кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау
	9.1.1.2 материалдармен және құралдармен жұмыс істеу кезінде ҚЕ ережелерін сақтау және түсініктеме беру (мүмкіндігінше)
	9.1.1.3 мұғалімнің талаптары мен тапсырмаларын орындау

1.1. Бейнелеу өнері кабинетінде қауіпсіздік техникасы мен тәртіп ережелерін сақтау	9.1.1.4 жұмыс орнын қызметтің берілген түріне дайындау және өз бетінше ретке келтіру
	9.1.1.5 сабақта мұғаліммен, сыныптастарымен ынтымақтасу
	9.1.1.6 бейнелеу өнері кабинетінде кезекшінің міндеттерін өз бетінше ауызша орындау
3.1. Ермексаздан сурет салу	9.3.1.3 үлгі бойынша, өз бетінше қатты негізге ермексазды жағу әдісімен коллаж үшін негіз дайындау
4.1. Заттық аппликация	9.4.1.4 үлгі бойынша берілген контур сызбасында жапырақтардан, дәнді дақылдардан, тұқымдардан аппликация жасау
	9.4.1.9 сөйлеу нұсқаулары бойынша қағаз парағының жазықтығына назар аудару
	9.4.1.5. үлгі бойынша, көрсету бойынша матадан жасалған дайындамалардан заттық аппликация жасау
	9.4.1.6 матаның алдыңғы және ішкі бет жақтарын атау, ажырату
4.2. Сәндік аппликация	9.4.2.2 үлгі бойынша геометриялық пішінді дайындамаға бояудан, нүктелерден, дақтардан жасалған өрнектерді қосумен дайын элементтерден өрнектер жасау
	9.4.2.5 рамаларды, ашықхаттарды безендіру үшін сәндік өрнекті қолдану
	9.4.2.6 өз сөзінен геометриялық фигуралардың атауларын, терминдерді білу, атау, түсіну, қолдану (мүмкіндігінше)
5.2. Сәндік сурет салу	9.5.2.7 дайындамадағы ұлттық өрнекті нүктелерменсызу және бояу
	9.5.2.8 балшықтан, тұзды қамырды жасалған заттарды үлгі бойынша нүктелердентұратын, бояу жаққыш щеткамен боялған өрнекпен безендіру
2.1. Халықтың қолданбалы өнер бұйымдары	9.2.1.1. оң эмоцияларды, өнер нысандарына қызығушылық таныту
	9.2.2.5 мұғалімнің көмегімен шағын мүсіндік формаларды зерттеп, нақты заттармен ұқсастығын анықтау
3.2. Көлемді бұйымдар	9.3.2.7 ермексаздан, балшықтан, тұзды қамырдан тапсырмасыз аралас әдіспен мүсіндеу
3.3. Композиция	9.3.3.1 берілген тақырып бойынша ұжымдық композиция жасауға қатысу
	9.3.3.2 орындалған композициямен ойнауға қатысу
	9.3.3.3. командада жұмыс істеу ережелерін сақтау
	9.5.1.19 өз бетінше гуашпен, бояумен заттық силуэттік пішіндерді (киім, жиһаз, ыдыс-аяқ заттары ; ойыншықтар) бояу

5.1. Заттық сурет салу	9.5.1.20 тұзды қамырдан, саздан жасалған фигураларды өз бетінше акварель бояулармен бояу
	9.5.1.21 өз жұмысын үлгімен салыстыру, қателерді түзету, өзінің және басқалардың жұмысын берілген критерийлер бойынша бағалау
	9.5.1.23 мұғалімнің көмегімен адамның мәнерлендірірлген тұлғасын және оның көрінісін салу
	9.5.1.5 бүкіл параққа тапсырмасыз сурет салу, түстер мен сызықтарды қолдана отырып, сурет арқылы эмоцияларды білдіру
	9.5.1.22 мұғалімнің көмегімен жануарды нүктелермен салу
4.3. Сюжеттік аппликация	9.4.3.1 қарапайым сюжеттік аппликацияны үлгі бойынша, өз ойынша құрастыру және жабыстыру
	9.4.3.2 үлгі бойынша, өз бетінше сюжетке сәйкес аппликацияның бөлшектерін көлемі бойынша, ұзындығы бойынша бөліп қою
	9.4.3.3 бұйымдарды үй-жайларды, көрмелерді безендіру үшін және сыйлық ретінде пайдалану
	9.4.3.4 мұғалімнің жетекшілігімен ұжымдық композициялар жасауға қатысу
	9.4.3.5 командада жұмыс істеу ережелерін сақтау
	9.4.3.6 композицияны ойынға қосу
5.3. Сюжеттік сурет салу	9.5.3.1 контурлық сызбаларды қарапайым сюжетпен бояу
	9.5.3.6 бояу кезінде сурет пен бөлшектердің шекарасын, штрихтардың бағытын сақтау
	9.5.3.7 үлгі бойынша, өз бетінше контурлық сюжет суретінің бөлшектерін аяқтап салу
4 тоқсан	
3.2. Көлемді бұйымдар	9.3.2.1 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу алдында затты (үлгіні) тексеру
	9.3.2.2 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу затын нақты затты көрсету арқылы тану, атау және салыстыру, ажырату
	9.3.2.5 бұйымдарды үлгі бойынша конструктивті әдіспен мүсіндеу
	9.3.2.8 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу тақырыбын үлгімен салыстыру
	9.3.2.9 дайын бұйымдармен ойнау
	9.3.2.10 мұғалімнің жетекшілігімен өз бұйымын ұсынылған критерий бойынша үлгімен салыстыру, бағалау
4.1. Заттық аппликация	9.4.1.10 коллаж техникасын көрсету кезінде педагогтың әрекеттерін бақылау

	9.4.1.11 көрсету бойынша, үлгі бойынша коллаж жасау үшін дайын формалардан аппликацияны орындау техникасын қолдану
2.2. Иллюстрациялар, көркем сурет, фотоөнер, мүсін , сәулет заттары	9.2.2.6 композиция, түс үйлесімі дағдыларын дамыту үшін әлемге әйгілі суретшілердің суреттерін қарау
	9.2.2.7 өнер туындыларындағы нақты заттарды тану, атау
5.1. Заттық сурет салу	9.5.1.17 табиғат объектілерін жылдың әр мезгілінде үлгі бойынша салу
	9.5.1.18 объектілерді пішінінің, көлемінің, ұзындығының ерекшеліктеріне сәйкес өз бетінше орналастыру
	9.5.1.12 сурет салу кезінде әрекеттердің реттілігін сақтау
	9.5.1.6 берілген жоспар бойынша сурет салу алдында заттарды қарап тексеру
	9.5.1.7 мұғалімнің тақтаға, қағазға сурет салуды орындаудағы әрекетін бақылау
	9.5.1.14 заттар мен объектілерді табиғаттан үлгі бойынша заттардың негізгі формасы мен өлшемдерін бере отырып салу
	9.5.1.8 үлгі бойынша суреттің контурын және штрихтар бағытын сақтай отырып, суреттің бөлшектерін сызықтан шықпай бояу, нүктелермен сызу
5.2. Сәндік сурет салу	9.5.2.5 үлгі бойынша берілген нүктелермен геометриялық пішіндегі дайындамаға бояудан, нүктелерден, дақтардан жасалған өрнектердің суретін салу
5.3. Сюжеттік сурет салу	9.5.3.2 қарапайым заттар мен олардың айналасындағы заттарды (жемістер, ойыншықтар, жануарлар, адамдар) қағазға үлгі бойынша композиция нұсқаларымен және суретті әртүрлі орналастырумен салу
	9.5.3.8 берілген жоспар бойынша өз суретін ұсыну
	9.5.3.9 мұғалімнің көмегімен берілген критерий бойынша өзінің және басқа біреудің жұмысын бағалау
	9.5.3.10 ұжымдық суреттерді үлгі бойынша жасауға қатысу

6) 10 сынып:

Бөлімше	Оқу мақсаттары
1 тоқсан	
	10.1.1.1 бейнелеу өнері кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау

1.1. Бейнелеу өнері кабинетінде қауіпсіздік техникасы мен тәртіп ережелерін сақтау	10.1.1.2 материалдармен және құралдармен жұмыс істеу кезінде ҚЕ ережелерін сақтау және түсініктеме беру (мүмкіндігінше)
	10.1.1.3 мұғалімнің талаптары мен тапсырмаларын орындау
	10.1.1.4 жұмыс орнын қызметтің берілген түріне дайындау және өз бетінше ретке келтіру
	10.1.1.5 сабақта мұғаліммен, сыныптастарымен ынтымақтасу
	10.1.1.6 бейнелеу өнері кабинетінде кезекшінің міндеттерін өз бетінше ауызша орындау
2.2. Иллюстрациялар, көркем сурет, фотоөнер, мүсін , сәулет заттары	10.2.2.1 өнер туындысы туралы әңгіме тыңдау, мүмкіндігінше мұғаліммен әңгімелесуге қатысу
	10.2.2.2 таныс шығарманың иллюстрациясын қарау, бейнеленген кейіпкерлерді, заттарды, әрекеттерді тану, көрсету, атау, мүмкіндігінше алдыңғы және кейінгі оқиғалар туралы сұрақтарға жауап беру
	10.2.2.3 өнер туындыларында, бейнеленген заттарда, әрекеттерде берілген эмоциялар мен көңіл-күйді тану, атау және мүмкіндігінше сипаттау, олар туралы сұрақтар қою
	10.2.2.4 жыл мезгілі мен тәулік уақытын, объектілерді, олардың түсін, пішінін, шамасын, кеңістіктік орналасуын; адамдардың, жануарлардың сыртқы түрін суреттеу
3.1. Ермексаздан сурет салу	10.3.1.1 үлгі бойынша қатаң негізге сурет салу үшін пластилинография техникасын қолдану
3.2. Көлемді бұйымдар	10.3.2.1 мүсіндеу алдында затты (үлгіні) өз бетінше тексеру
	10.3.2.2 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу затын тану, атау салыстыру, ажырату
	10.3.2.3 мүсіндеу кезінде мұғалімнің әрекеттерін бақылау
	10.3.2.5 бұйымдарды үлгі бойынша, өз бетінше конструктивті әдіспен мүсіндеу
	10.3.2.8 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу тақырыбын үлгімен салыстыру
	10.3.2.9 дайын бұйымдармен ойнау
	10.3.2.10 өз бұйымын ұсынылған критерий бойынша үлгімен салыстыру, бағалау
4.1. Заттық аппликация	10.4.1.1 берілген жоспар бойынша үлгіні талдау, аппликация бойынша жұмыс жоспарын жасау
	10.4.1.2 негізгі және қосымша түстерді атау, ажырату, пайдалану
	10.4.1.3 қағазды жырту, кесу және мыжу арқылы дайындамалар жасау
	10.4.1.12 тапсырмасыз мыжылған қағаздан көлемді аппликация жасау, желімдеу

4.2. Сәндік аппликация	10.4.2.3 саябаққа саяхат кезінде жапырақтар топтамасын, өсімдік тұқымын жинау
	10.4.2.4 өз бетінше жапырақтардан жасалған өрнекті әртүрлі белгілері бойынша кезектестіріп жайып қою
5.1. Заттық сурет салу	10.5.1.1 әртүрлі бейнелеу материалдары мен құралдарын қолдану
	10.5.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес сурет салу техникасында үйренген әдіс-тәсілдерді қолдану
	10.5.1.3 сурет салу техникасын сақтау және жетілдіру
	10.5.1.4 үлгі бойынша "акватушь" техникасында сурет салу
	10.5.1.13 көрсету бойынша сызылмаған қағазға қарындашпен, қаламмен сызықтар, геометриялық фигуралар салу
	10.5.1.9 сурет салу процесінде қолданылатын түстерді атау, ажырату
	10.5.1.10 өз бетінше қосымша түстер жасау
	10.5.1.11 қағаз парағын поролон тампондарымен және жалпақ щеткамен бояу
5.2. Сәндік сурет салу	10.5.2.1 геометриялық өрнекті түсі, пішіні, ұяшықтары бойынша кезектестіріп құрастыру және суретін салу
	10.5.2.2 өрнек жасау үшін пайдаланылған заттардың санын сандармен белгілеу
	10.5.2.3 жолақта, шеңберде, шаршыда, сопақшада бірнеше белгілері бар дайын элементтерден тұратын өрнектер жасау
5.3. Сюжеттік сурет салу	10.5.3.3 қағаз парағының шетінен өтіп кетпей, бүкіл қағаз парағына тапсырмасыз сурет салу
2 тоқсан	
2.1. Халықтың қолданбалы өнер бұйымдары	10.2.1.1. оң эмоцияларды, өнер нысандарына қызығушылық таныту
	10.2.1.2 халық қолөнершілерінің бұйымдарын, ұлттық өрнектерді қоршаған ортадан, бөліп көрсету, атау (мүмкіндігінше)
	10.2.1.3 өрнекті оның атауы бойынша анықтау
4.2. Сәндік аппликация	10.4.1.7 геометриялық фигуралар мен дұрыс емес пішіндегі фигураларды, симметриялық фигураларды кесуге машықтану
	10.4.1.8 қағаз кесудің әртүрлі әдістерін қолдану
	10.4.2.1 дайындамалардан жасалған өрнекті берілген пішінге түсі, өлшемі, пішіні бойынша таңдалған формада өз бетінше кезектестіріп орналастыруға және желімдеуге машықтану
3.1. Ермексаздан сурет салу	10.3.1.2 үлгі бойынша, өз бетінше қатты негіздегі заттық кескіннің дайын контурының ішіне

	модульдік мүсіндеу әдісімен көлемді ермексаз аппликациясын жасау
3.2. Көлемді бұйымдар	10.3.2.1 мүсіндеу алдында затты (үлгіні) өз бетінше тексеру
	10.3.2.2 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу затын тану, атау салыстыру, ажырату
	10.3.2.3 мүсіндеу кезінде мұғалімнің әрекеттерін бақылау
	10.3.2.4 табиғаттан ермексаздың бүтін кесегінен бұйымдар мүсіндеу
	10.3.2.6 мүсіндеу объектісін өз бетінше ермексаз элементтерімен безендіру
3.3. Композиция	9.3.3.1 берілген тақырып бойынша ұжымдық композиция жасауға қатысу
	9.3.3.2 орындалған композициямен ойнауға қатысу
	9.3.3.3 командада жұмыс істеу ережелерін сақтау
5.2. Сәндік сурет салу	10.5.2.6 жапырақтарға бояу жағу және өз бетінше, үлгі бойынша жолаққа, шаршыға, шеңберге жапырақтарды түсі, мөлшері, пішіні бойынша кезектестірумен өсімдік өрнегін басып шығару
	10.5.2.4 жолақта, шеңберде, шаршыда, сопақшада әртүрлі қалыптан өрнек жасау және басып шығару
5.1. Заттық сурет салу	10.5.1.15 үлгі бойынша, ойлау бойынша шаблондардың көмегімен әртүрлі геометриялық пішіндерден тұратын заттардың суреттерін салу
	10.5.1.16 заттардың суреттерін шаблон бойынша салу
5.3. Сюжеттік сурет салу	10.5.3.4 табиғатқа саяхат кезінде жылдың әр мезгілінде табиғат элементтерін бақылау
	10.5.3.5 жылдың әр мезгілінде табиғат объектілерін салу
3 тоқсан	
1.1. Соблюдение ТБ и правил поведения	10.1.1.1 бейнелеу өнері кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау
	10.1.1.2 материалдармен және құралдармен жұмыс істеу кезінде ҚЕ ережелерін сақтау және түсініктеме беру (мүмкіндігінше)
	10.1.1.3 мұғалімнің талаптары мен тапсырмаларын орындау
	10.1.1.4 жұмыс орнын қызметтің берілген түріне дайындау және өз бетінше ретке келтіру
	10.1.1.5 сабақта мұғаліммен, сыныптастарымен ынтымақтасу
	10.1.1.6 бейнелеу өнері кабинетінде кезекшінің міндеттерін өз бетінше ауызша орындау
3.1. Ермексаздан сурет салу	10.3.1.3 өз бетінше қатты негізге ермексазды жағу әдісімен коллаж үшін негіз дайындау

4.1. Заттық аппликация	10.4.1.4 үлгі бойынша берілген контур сызбасында жапырақтардан, дәнді дақылдардан, тұқымдардан аппликация жасау
	10.4.1.9 сөйлеу нұсқаулары бойынша қағаз парағының жазықтығына назар аудару
	10.4.1.5 үлгі бойынша матадан жасалған дайындамалардан заттық аппликация жасау
	10.4.1.6 матаның алдыңғы және ішкі бет жақтарын атау, ажырату
4.2. Сәндік аппликация	10.4.2.2. бояудан, нүктелерден, дақтардан жасалған өрнектерді қосумен дайын элементтерден өрнектер жасау
	10.4.2.5 рамаларды, ашықхаттарды безендіру үшін сәндік өрнекті қолдану
	10.4.2.6 өз сөзінен терминдерді түсіну, қолдану (мүмкіндігінше)
5.2. Сәндік сурет салу	10.5.2.7 дайындамадағы ұлттық өрнекті нүктелерменсызу және бояу
	10.5.2.8 балшықтан, тұзды қамырды жасалған заттарды нүктелердентұратын, бояу жаққыш щеткамен боялған өрнекпен безендіру
2.1. Халықтың қолданбалы өнер бұйымдары	10.2.1.1. оң эмоцияларды, өнер нысандарына қызығушылық таныту
	10.2.2.5 Қазақстанның тарихи архитектуралық көрікті жерлері бар фотосуреттерді қарау
3.2. Көлемді бұйымдар	10.3.2.7 ермексаздан, балшықтан, тұзды қамырдан тапсырмасыз аралас әдіспен мүсіндеу
3.3. Композиция	10.3.3.1 берілген тақырып бойынша ұжымдық композиция жасауға қатысу
	10.3.3.2 орындалған композициямен ойнауға қатысу
	10.3.3.3 командада жұмыс істеу ережелерін сақтау
5.1. Заттық сурет салу	10.5.1.19 өз бетінше гуашпен, бояумен заттық силуэттік пішіндерді (киім, жиһаз, ыдыс-аяқ заттары ; ойыншықтар) бояу
	10.5.1.20 тұзды қамырдан, саздан жасалған фигураларды өз бетінше акварель бояулармен бояу
	10.5.1.21 өз жұмысын үлгімен салыстыру, қателерді түзету, өзінің және басқалардың жұмысын берілген критерийлер бойынша бағалау
	10.5.1.22 жануарды нүктелермен салу
	10.5.1.23 мұғалімнің көмегімен киімдегі адамды берілген нүктелермен салу
	10.5.1.5 бүкіл параққа тапсырмасыз сурет салу, түстер мен сызықтарды қолдана отырып, сурет арқылы эмоцияларды білдіру
	10.5.1.7 мұғалімнің тақтаға, қағазға сурет салуды орындаудағы әрекетін бақылау

4.3. Сюжеттік аппликация	10.4.3.1 қарапайым сюжеттік аппликацияны үлгі бойынша, өз ойынша құрастыру және жабыстыру
	10.4.3.2 үлгі бойынша, өз бетінше сюжетке сәйкес аппликацияның бөлшектерін көлемі бойынша, ұзындығы бойынша бөліп қою
	10.4.3.3 бұйымдарды үй-жайларды, көрмелерді безендіру үшін және сыйлық ретінде пайдалану
	10.4.3.4 үлгі бойынша, ойластыру бойынша ұжымдық композициялар жасауға қатысу
	10.4.3.5 командада жұмыс істеу ережелерін сақтау
	10.4.3.6 композицияны ойынға қосу
5.3. Сюжеттік сурет салу	10.5.3.1 контурлық сызбаларды қарапайым сюжетпен бояу
	10.5.3.6 бояу кезінде сурет пен бөлшектердің шекарасын, штрихтардың бағытын сақтау
	10.5.3.7 өз бетінше контурлық сюжет суретінің бөлшектерін аяқтап салу
4 тоқсан	
3.2. Көлемді бұйымдар	10.3.2.1 мүсіндеу алдында затты (үлгіні) өз бетінше тексеру
	10.3.2.2 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу затын тану, атау салыстыру, ажырату
	10.3.2.5 бұйымдарды үлгі бойынша, өз бетінше конструктивті әдіспен мүсіндеу
	10.3.2.8 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу тақырыбын үлгімен салыстыру
	10.3.2.9 дайын бұйымдармен ойнау
	10.3.2.10 өз бұйымын ұсынылған критерий бойынша үлгімен салыстыру, бағалау
4.1. Заттық аппликация	10.4.1.10 коллаж техникасын көрсету кезінде педагогтың әрекеттерін бақылау
	10.4.1.11 үлгі бойынша, өз бетінше коллаж жасау үшін дайын формалардан аппликацияны орындау техникасын қолдану
2.2. Иллюстрациялар, көркем сурет, фотоөнер, мүсін , сәулет заттары	10.2.2.6 заманауи қазақстандық суретшілердің (Д. Қасымов, Л. Махит, Әбілхайыр, Н. Бубэ) композиция, түс үйлесімі дағдыларын дамыту үшін суреттерін қарау
	10.2.2.7 өнер туындыларындағы нақты заттарды тану, атау
	10.5.1.17 табиғат объектілерін жылдың әр мезгілінде үлгі бойынша салу
	10.5.1.18 объектілерді пішінінің, көлемінің, ұзындығының ерекшеліктеріне сәйкес үлгі бойынша , өз бетінше орналастыру
	10.5.1.12 сурет салу кезінде әрекеттердің реттілігін сақтау

5.1. Заттық сурет салу	10.5.1.6 берілген жоспар бойынша сурет салу алдында заттарды қарап тексеру
	10.5.1.7 мұғалімнің тақтаға, қағазға сурет салуды орындаудағы әрекетін бақылау
	10.5.1.14 заттар мен объектілерді табиғаттан өз бетінше заттардың негізгі формасы мен өлшемдерін бере отырып салу
	10.5.1.8 үлгі бойынша суреттің контурын және штрихтар бағытын сақтай отырып, суреттің бөлшектерін сызықтан шықпай бояу, нүктелермен сызу
5.2. Сәндік сурет салу	10.5.2.5 өз бетінше дайындаманың шеті, периметрі немесе ортасы бойынша геометриялық пішіндегі дайындамаға бояудан, нүктелерден, дақтардан жасалған өрнектердің суретін салу
5.3. Сюжеттік сурет салу	10.5.3.2. қарапайым заттар мен олардың айналасындағы заттарды (жемістер, ойыншықтар, жануарлар, адамдар) қағазға үлгі бойынша композиция нұсқаларымен және суретті әртүрлі орналастырумен салу
	10.5.3.8 берілген жоспар бойынша өз суретін ұсыну
	10.5.3.9 берілген критерий бойынша өзінің және басқа біреудің жұмысын бағалау
	10.5.3.10 ұжымдық суреттер жасауға қатысу

бұйрығына
47-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы "03" сәуірдегі
№115 бұйрығына
540 - қосымша

Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін " Музыка және ырғақ" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін "Музыка және ырғақ" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабы 1-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты – білім алушылардың музыкалық іс-әрекеті барысында тыңдау, орындаушылық және қозғалыс қабілеттерін дамыту, қарапайым эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.

3. Бағдарламаның оқу міндеттері:

1) білім алушылардың музыкалық сабақтарға жағымды сезімдері мен оң көзқарастарын қалыптастыру және қолдау;

2) музыкаға және музыкамен қимыл-қозғалыстар жасауға деген эмоционалдық ықыластылықты тәрбиелеу;

3) музыкалық-орындаушылық және би дағдыларды дамыту.

4. Бағдарламаның түзету-дамыту міндеттері:

1) ырғақты сезінуді, музыкалық есте сақтауды дамыту;

2) білім алушылардың әншілік тыныс алуын, әншілік аппаратын дамыту;

3) моторикалық ептілікті, тепе-теңдік сезімін, кеңістікте бағдарлануды, қозғалыстарды үйлестіруді қалыптастыру;

4) эмоционалдық-ерікті саланы және оң жеке қасиеттерді дамыту.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде ескертіледі:

1) ұжымдық оқыту жағдайында оқушылардың танымдық белсенділігінің төмендігі;

2) фронталды жұмыс барысында қолданылатын мұғалімнің бағыттаушы ынталандырушы көмегіне реакцияның әлсіздігі;

3) қалыптасатын дағдыларды машықтанудың қиындықтары.

6. Білім алушылардің ерекшелігі - айқын көрінетін сөйлеу бұзылыстары: сөйлеуді түсінудегі қиындықтар, сөздік қорының аздығы, дыбыс айтуының және сөйлеудің грамматикалық құрылымың бұзылуы, балалардың бір тобында белсенді сөйлеудің толық болмауы да байқалады. Оқушыларға әннің мәтінін мағынасын түсіну, оны есте сақтау және қайталау қиынға соғады.

7. Оқу процесін ұйымдастыру арнайы педагогика принциптеріне негізделген.

8. Мұғалімдер оқушылардың бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, жеке қарқынмен даму құқығын құрметтейді; үнемі өзгеріп отыратын мүмкіндіктерін бақылап зерделейді, білім беру қажеттіліктерін бағалайды, оқушылардың дағдыларды дамыту мен игерудегі минималды нәтижелерін тіркейді. Кез-келген прогресс оқуда оң нәтиже ретінде қарастырылады.

9. Педагогтер осы бағдарламадан әрбір оқушы үшін қолжетімді оқу мазмұнын, сондай-ақ оқушылардың жеке мүмкіндіктері мен білім беру, тұлғалық жетістіктерін бағалаудың нәтижелерін ескере отырып, оқыту әдістерін, нысандарын, құралдарын дербес таңдайды.

10. Сабақты ұйымдастыруда әр оқушыға қатысты іс-әрекет түрін уақытылы өзгерту мүмкіндігі қарастырлады, егер оқушының осындай қажеттілігі туындаса. Жеке жұмысты жеке қарқынмен орындау, педагогтің жеке көмегін алу үшін жағдайлар қамтамасыз етіледі.

11. Музыка және ырғақ сабақтарын дайындау және өткізу барысында мұғалім келесі талаптарды ұстанады:

1) музыкалық материалды оның тәрбиелік мәнін, эстетикалық құндылығын, білім алушылардың даму деңгейіне сәйкестігін ескере отырып таңдау;

2) оқушылардың тыңдауына ұсынылатын (оның ішінде жазбада берілетін) музыкалық шығарманы орындаудың жоғары деңгейі;

3) музыкалық шығарманың мазмұнымен таныстыруда білім алушыларға көп сөйлемеу, берілетін түсіндірмелердің қысқа, қолжетімді болуы;

4) музыканы тыңдау кезінде бейнелі көрнекілікті қолдану (бейнесюжеттер, иллюстрациялар, драматизация, шығарманың мазмұнына сәйкес келетін суреттер сериясы);

5) білім алушылардың қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру, қозғалыс белсенділігі музыкалық шығарманың ырғақты бейнесін, қарқынын, динамикасын жақсы меңгеруге ықпал етеді.

12. Музыканы тыңдау - әр сабақтың міндетті бөлігі болып табылады, ол балалардың музыкалық түсініктерін кеңейтуге және олардың эстетикалық сезімдерін қалыптастыруға ықпал етеді.

13. Музыканы тыңдау бойынша жұмыстың мазмұны мен ұйымдастырылуы білім алушылардың жас және психикалық, дене дамуының ерекшеліктерімен анықталады. Оқушылардың зейін ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың шаршауын тудырмас үшін музыкалық шығарманың дыбысы 1,5-2 минуттан аспауы керек.

14. Музыканы тыңдау жаңа шығармамен танысу, музыкалық шығарманы қайта тыңдау, музыкалық аспаптарда ойнау процесінде жүреді.

15. Музыкалық шығарма бірнеше сабақта және сабақтан тыс уақытта қайта-қайта тындалады. Қайта тыңдау кезінде әр түрлі ойын қимылдарын, шу оркестріндегі ойын еңгізіледі. Мұндай әдістер оқушыларға шығарманың құрылымын, оның қарқынын, ырғақтық бейнесін анықтауға көмектеседі. Қайта тыңдаған сайын балалар музыкалық шығарманы жақсы таныла бастайды, олардың жағымды эмоциялары туындайды.

16. Музыкалық материалды іріктеуде оны оқытудың келесі кезеңдерінде бекіту үшін біртіндеп ән айтумен, музыкалық аспаптарда ойнаумен күрделендіре алатындай және кейін қозғалыстар қосып, би композицияларын құра алатындай етіп таңдайды.

17. Ән айту оқушылардың музыкалық қабілеттерін дамытудың ең белсенді әдісі ретінде қарастырылады, музыкалық тәрбиенің негізі құрайды. Маңызды дамытушы құралы - хор әні болып табылады. Ән мәтіндері, әуендердің әсемдігі оқушылардың эмоционалды тәжірибесін қалыптастыруға ықпал етеді.

18. Мұғалім әндерді және олармен жұмыс істеу ретін оқушылардың музыкалық және әншілік дайындығына, олардың даму деңгейіне байланысты таңдайды. Әнді толық орындау қиналатын балалармен жұмыс жасауда, мұғалім оларға әннің жеке бөліктерін айтуды ұсынады.

19. Сөйлемейтін балалар ән айтуға еліктеп, әндетудің иммитациясын жасайды, әуен ырғағына қарай тербеледі, қолдарымен ырғақты қимылдарын орындайды, аяқтарымен топылдатады.

20. Ән айтуға дайындық жаттығулары логопедиялық ырғақтық жаттығулары, артикуляциялық гимнастика, тыныс алу жаттығулары болып табылады. Музыкалық аспаптардың дыбыстарын, жақын ортаның дыбыстарын иммитациялау мұғалімге мектеп оқушыларын қызықтыруға және сабақты түрлендіруге көмектеседі.

21. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар барысында оқушылар зал бойымен ирелең жолымен қозғалады, қатарға, бағанға, шеңберге тұрады, бейнелі қимылдар жасайды. Мұғалім ырғақ сезімін, би қимылдарын мақсатты, дәйекті қалыптастыру үшін жаттығулар, музыкалық ойындар жүйесін құрастырады.

22. Музыка және ырғақ сабақтары музыкалық аспаптармен (фортепиано, баян, аккордеон, домбыра, үрмелі гармоника, барабандар, металлофондар, балалар синтезаторы, сылдырмақ, дабыл, маракас, үшбұрыш), музыкалық орталықпен, музыкалық шығармалардың аудиожазбалар жиынтығымен, иллюстрациялық және бейнематериалдармен жабдықталады.

23. Музыкалық аспаптарда ойнау білім алушылардың музыкалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді: тембрлік, динамикалық естуін, жоғары дыбысты естуді, ырғақ сезімін, музыкалық есте сақтауын; қол мен саусақтардың қозғалғыштығын дамытады, ырғақты қозғалыстардың сапасын жақсартады.

24. Би билеуді үйрену кезінде оқушылар бидің атауларымен, негізгі қимылдарымен танысады. Әр түрлі халықтардың билерін орындау оқушыларды халықтық мәдениетке, қозғалыстарда әр түрлі халықтардың билерінің сипаттамалық ерекшеліктерін таба білуге баулиды, интернационализм сезімін тәрбиелейді.

25. Бағдарлама концентірлік принципіне сәйкес құрылған, бұл оқытудың әр жылында бұрын үйренген дағдыларды қайталауға, бекітуге, жетілдіруге мүмкіндік береді.

26. Бағдарламаның мазмұнын ұсыныстық сипатындағы нұсқаулықтар ретінде қолданылады, яғни мұғалім оқушылардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, кез-келген өзгерістер енгізуге, бағдарламада ұсынылғандардың ішінен керектігін таңдауға және басқа музыкалық шығармаларды пайдалануға құқылы.

27. Музыкалық- ырғақтық құралдар жүйесі білім алушылардың қозғалыс саласының жай-күйін ескере отырып, сабақтарда әр түрлі болады.

28. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау сипаттамалық бағалауды (қалыптасқан дағдыларды сипаттау) пайдалана отырып жүзеге асырылады.

3-тарау. "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. "Музыка және ырғақ" пәнінің мазмұны

29. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 6-сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

3) 7-сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

4) 8 - сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

5) 9 - сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

6) 10 - сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген) бекітілген үлгілік оқу жоспарына байланысты.

30. "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің негізгі мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды :

1) "Музыканы тыңдау";

2) "Ән айту";

3) "Музыкалық-ырғақтық жаттығулар";

4) "Музыкалық аспаптарда ойнау"

5) "Би мен би билеу"

31. "Музыканы тыңдау" бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

1) музыканы тыңдау.

32. "Ән айту" бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

1) ән айту.

33. "Музыкалық-ырғақтық жаттығулар" бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

1) музыкалық-ырғақтық жаттығулар.

34. "Музыкалық аспаптарда ойнау" бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

1) музыкалық аспаптарда ойнау.

35. "Би мен би билеу" бөлімі бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

1) би мен би билеу.

36. 5-сыныпқа арналған "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) музыканы тыңдау. Музыканы тыңдау ережелері, балалар ертегілерінен әуенді тану, оларды кейіпкерлердің бейнесімен байланыстыру. Қазақ халық шығармаларын, Қазақстан Республикасында тұратын түрлі халықтардың музыкалық шығармаларын тыңдау. Дыбыстық күштің өзгеруін тану және атау (қатты, ақырын). "Домбыра", " балалайка" музыкалық аспаптарының дыбысын тыңдау. "Домбыра", "балалайка" аспаптарын дыбысы, сыртқы түрі бойынша тану және атау;

2) ән айту. Ән айту ережелері. Суреттегі бет бөліктерін тану және атау (ұрт, ерін, мұрын, ауыз, көз, маңдай, қас, құлақ, иек). Мұғалімнің көрсетілімі бойынша ән айтпас бұрын артикуляциялық гимнастика жаттығуларын орындау. Таныс әндерді тану және суреттегі музыкалық бейнені көрсету. Мұғаліммен бірге ән айту. Әндегі дауыстың

күшін тану (қатты, ақырын). Таныс ертегілерінің мазмұнын жаңғырту. Мұғалімге еліктеп музыкалық аспаптың (балалайканың), жұмыс аспабының (қайшының) дыбысынын, жақын ортадағы дыбыстарды (сағат, дабыл) иммитациялау;

3) музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Музыкалық-ырғақтық жаттығуларды орындау кезіндегі ережелер. Мұғалімнің көрсетілімі бойынша бұлшықетті ширату жаттығуларының кешенін орындау (бастың еңкейту, иықты көтеру, түсіру, денені оңға, солға еңкейту, орнында жүгіру). Мұғаліммен бірге ертегі кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеу. қашықтықты сақтай отырып бір қатарда бір бірден еркін қадаммен жүру. Бұлшықеттерді созуға арналған гимнастикалық жаттығуларды (қатпар), қазақ биінің қол қимылын (қол буындарын айналдыру), "Тұмарша" би қимылындағы қазақ ою-өрнегінің мотивтерін, қазақ биінің қимылдарын (ауыспалы жүріс), "жұмсақ қадам", "аяқтың ұшынан қадам басу", "өкшеден қадам басу", "моталочка", "майшабақ" қимылдарын көрсетілімі бойынша және педагогтың көмегімен орындау. Үйренген қимылдарды музыкамен, қолдарына орамалдарды ұстап орынлдау, таныс әуендердің ырғақтық бейнесін қол шапалақтау арқылы көрсету, әртүрлі кәсіптердегі адамдардың қозғалыстарын иммитациялау (теңізші);

4) музыкалық аспаптарда ойнау. Музыкалық аспаптардың (домбыра, балалайка) дыбысталуымен музыкалық аспаптарда ойнауды иммитациялау. Музыкалық аспаптарда ойнау ережелері, пианинода ойнау кезінде дұрыс отыру. Пианинода ойнамас бұрын қолға дайындық жаттығуларын орындау. Пианинода бір саусақпен пернетақта бойымен баспалдақ секілді жоғары, төмен ойнау. Мұғаліммен бірге таныс әннің ырғақтық бейнесін (мұғалімнің таңдауы бойынша) бір нотада, бір саусақпен пианинода ойнап көрсету. Таныс әннің ырғақтық бейнесін (мұғалімнің таңдауы бойынша) бір нотада, бір саусақпен панинода, шу оркестрінің ойынымен (сылдырмақтарда, дабылдарда, маракастарда, үшбұрыштарда) бірге ойнату. Пианинода гамманы белгіленген пернелермен оң қолдың, содан кейін сол қолды бір саусағымен бір октава шегінде 1до-1си дейін орындау. Таныс әндер мен ән шумақтарының қарапайым музыкалық фразалардың ырғағын қайталау;

5) би мен би билеу. Билер мен билеуді орындау ережелері. Педагогпен бірлесіп " Сәлем" (сәлемдесу, тағзым ету), "Құс қанаты" қазақ халық биінің негізгі қалыптарын орындау. Педагогпен бірлесіп "Сәлем" (сәлемдесу, тағзым ету), "Құс қанаты", " Тұмарша" қазақ халық билерінің қалыптары мен қозғалыстарын, "ауыспалы жүріс", " қол буындарын айналдыру" қозғалыстарын үйлестіріп орындау. Қозғалыстардың комбинацияларын (үйлесіміндерін) орындау: "жұмсақ қадам", "аяқтың ұшынан қадам", "өкшеден қадам", "Моталочка", "Елочка" (шырша). Үйренген қозғалыстардан (педагогтың таңдауы бойынша) қазақтың қарапайым халық би композицияларын, Қазақстан Республикасында тұратын әр түрлі халықтардың би композицияларын, балаларға арналған би композицияларын және әр түрлі мамандықтағы адамдардың (теңізшінің) қызметін көрсететін би композицияларын орындау.

Ұсынылатын музыкалық материал: Ю. Энтин, Б. Окуджава "Буратино" А.Толстойдың "Золотой ключ" немесе "Приключения Буратино" ертегісі бойынша фильмнен. В. Шаинский, Л. Яхнина "Площадь картонных часов" музыкалық ертегісіндегі "Белые кораблики". Ю. Селиверстова "Песня Золушки". "Мама" фильмінен Ю. Энтин мен Буржоа Жерардың "Мама- первое слово" әні. Ағайынды Гриммдердің "Бременские музыканты" ертегісінен Ю. Энтин мен Г. Гладковтың " Песенка про друзей". "Красная шапочка" ертегісінен Ю. Ким және А. Рыбниковтың " Песня красной шапочки" әні. "Сказка о царе Салтане" операсынан Римский - Корсаковтың "Полет шмеля". Қазақ халық күйлері: "Ақсақ құлан", "Балқылдақ", " Аншының зары". Байырбекова Ж. "Бесік жыры". "Во поле береза стояла" орыс халық әні. Р. Глиер "Узбекский танец". "Бульба" беларус халық музыкасы. "Гопак" украин халық музыкасы. "Лезгинка" грузин халық музыкасы. "Чабота" татар халық музыкасы. "Андижанская полька" өзбек халық музыкасы. Ю. Селиверстованың "Танец моряков", П.И. Чайковскийдің "Детский альбом" циклынан "Баба-яга", "Камаринская", "Полька".

37. 6-сыныпқа арналған "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) музыканы тыңдау. Музыкалық шығармаларды тыңдау ережелері. Балалар фильмдерінен әуенді тану, оларды кейіпкерлердің бейнесімен байланыстыру. Қазақ халық музыкалық шығармаларынан, түрлі халықтардың шығармаларынан әуендерді тыңдау. Музыкалық шығарманың мәнерлік құралдарын тану және атау (баяу, жылдам). Музыкалық аспаптардың дыбысын тыңдау: "шаңқобыз", "гармонь". Музыкалық аспаптарды тану және атау: "шаңқобыз", "гармонь" дыбысталуы бойынша, сыртқы түрі бойынша;

2) ән айту. Әндерді орындаудың ережелері. Дене бөліктерін иллюстрация арқылы тану және атау (бас, мойын, иық, кеуде, іш, арқа, қол, шынтақ, қол буыны, алақан, саусақтар, аяқ, жамбас, бел, тізе, табан, саусақ, өкше). Мұғалімнің көрсетілімі бойынша музыкалық сүйемелдеумен артикуляциялық гимнастика жаттығуларын орындау. Мұғаліммен бірге. Әннің уақтылы басталуы және аяқталуы. Ән айтудың мәнерлілік құралдарын ажырату (баяу, жылдам). Таныс ертегілерінің мәтінін айту. Мұғалімге еліктеу бойынша музыкалық аспаптың (гармонь), жұмыс құралының (сорғының), жақын ортаның (шәйнектің) дыбысын иммитациялау;

3) музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Музыкалық-ырғақтық жаттығуларды орындау кезіндегі ережелер. Мұғалімнің көрсетілімі бойынша бұлшықетті ширату жаттығулар жиынтығын орындау (басын бұру, иықты алға, артқа айналдыру, тізені тік ұстап, денені алға еңкейту, орнында секіру). Мұғаліммен бірге балалар фильмдеріндегі кейіпкерлердің қимылдарына еліктеу. Сигнал бойынша бір катардан колоннаға тұру. Педагогтың көмегімен бұлшықеттерді созуға арналған гимнастикалық жаттығуларды (көбелек), музыкаға қазақ биінің қол қимылдарын (қолды айналдыру, білектерде айқастырылған қолдар), "Шаңырақ" би қозғалысындағы қазақ ою-өрнегінің мотивтерін (киіз үйдің төбесі), "бір аяғынан бүйірлік жүріс" қазақ биінің қимылын, "биік қадам"

қозғалысын орындау, "жартылай отырумен алға жалғамалы қадам", "ковырялочка", " доп" жаттығуы (отыру-тұру) қозғалысы. Мұғаліммен бірлесе отырып, үйренген қимылдарды орамалдармен, жалаулармен орындау, таныс әуендердің ырғақтық бейнесін аяқты топырлату арқылы көрсету, әртүрлі кәсіптердегі адамдардың (отын жарушы) қимылдарына еліктеу;

4) музыкалық аспаптарда ойнау. Музыкалық аспаптарда ойнау ережелері. Үрмелі гармоникада ойнаған кезде денені дұрыс ұстау. Музыкалық аспаптардың дыбысталуына оларда ойнауды иммитациялау (шаңқобыз, гармонь). Үрмелі гармоникада ойнаудың алдында қолға дайындық жаттығуларын, тыныс алу жаттығуларын орындау. үрмелі гармоника пернетақтасында баспалдақ секілді бір саусақпен ойнау, диез пернелерде жоғары, төмен ойнау. Шу оркестрінің ойынымен (сылдырмақтарда, дабылдарда, маракастарда, үшбұрыштарда) бірге таныс әннің ырғақтық бейнесін (мұғалімнің таңдауы бойынша) бір нотада, бір саусақпен үрмелі гармоникада мұғаліммен бірге, жеке өзі (соло) орындау. Үрмелі гармоникада белгіленген пернелермен оң қолдың, содан кейін сол қолдың саусағымен до1до-1си гамманы бір октава шегінде орындау. Мұғалімнің көмегімен белгіленген пернелер арқылы таныс әндер мен ән шумақтарынан қарапайым музыкалық фразаларын үрмелі гармоникада ойнау;

5) би мен би билеу. Билер мен билеуді орындау ережелері. Педагогпен бірлесіп " Сәлем" (сәлемдесу, тағзым ету), "Қос мүйіз" қазақ халық биінің негізгі қалыптарын орындау. "Сәлем" (сәлемдесу, тағзым ету), "Қос мүйіз", "Шаңырақ" қазақ халық биінің қалыптары мен қимылдарының, "бір аяқтан бүйірлік жүріс", "қол буындарын айналдыру", "білектерінде айқастырылған қол буындарын айналдыру" қимылдарының үйлесімдерін орындау. Қатардан бір бағанға қайта тұру. Қимылдарды үйлесімінде орындау: "жоғары қадам", "жартылай отырумен алға қарай жалғамалы қадаммен жылжу", "ковырялочка", "доп". Үйренген қозғалыстардан қазақ халқының қарапайым би композицияларын, Қазақстан Республикасында тұратын әр түрлі халықтардың би композицияларын, балалар би композицияларын (педагогтың таңдауы бойынша) және әртүрлі кәсіптердегі адамдардың (отын жарушы) қызметін көрсететін би композицияларын орындау.

Ұсынылатын музыкалық материал: "Золушка" фильміндегі А. Спадавеккия мен Е. Шварцтың "Добрый жук" әні. "Приключение электроника" фильміндегі Ю. Энтиннің, Е . Крылатовтың "Крылатые качели" әні. "Гостья из будущего" фильмінен Ю. Энтиннің, Е. Крылатовтың "Прекрасное далеко" әні. В. Шаинскийдің, М. Пляцковскийдің " Дважды два, четыре" әні. Ю. Селиверстованың "Кап-кап" әні. Ю. Селиверстованың " Танец с мамой по дорожке" әні. Ю. Энтиннің, В. Шаинскийдің "Чунга-чанга" әні, Ю.Энтиннің, Д. Тухмановтың "Пых, пых самовар" әні. "Сарыарқа", "Әсем қоңыр", "Бас төре" қазақ халық күйлері. Ә.Еспаевтың, Ш. Смаханұлы "Өртеке әні". "Приходите в гости к нам" фильмінен Ю. Ким және В. Дашкевичтің "Там, на неведомых дорожках"

әні. "Пляска парами" литва халық музыкасы. "Хава нагила" еврей халық музыкасы. " Фломенко" испан халық музыкасы. "Полька Евы" фин халық музыкасы, П.И.Чайковскийдің "Детский альбом" циклынан. "Неаполитанская песенка", "Мужик на гармонике играет", "Немецкая песенка", "Итальянская песенка" әндері.

38. 7-сыныпқа арналған "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) музыканы тыңдау. Музыкалық шығармаларды тыңдау ережелері. Балалар әндерінің әуенін тану, кейіпкерлердің бейнесімен байланыстыру. Аспаптардың дыбысы бойынша қазақ халық музыкалық шығармаларын тану. 2/4 өлшемді музыкалық шығармаларды тыңдау. Дыбыстардың биіктігі бойынша өзгеруіндее музыкалық мәнерлілік құралдарын тану және атау (төмен, жоғары). Музыкалық аспаптардың дыбысын тыңдау: "Жетіген", "Арфа". Музыкалық аспаптарды олардың дыбысталуы бойынша, сыртқы түрі бойынша тану және атау: "Жетіген", "Арфа";

2) ән айту. Әндерді орындау кезіндегі ережелер. Артикуляциялық аппараттың бөліктерін тану және атау (ерін, тіл, жақ, тіс, таңдай). Мұғалімнің көрсетуі бойынша дайындық тыныс алу жаттығулары мен артикуляциялық гимнастика жаттығуларын орындау. Балалар әндерінің мәтінін әндету. Дауыс тембрін тану (төмен, жоғары). Мұғалімге еліктеу бойынша музыкалық аспаптың (барабанның), жұмыс құралының (балғаның) дыбысын, жақын ортаның дыбысын (тоңазытқыштың дыбысын) иммитациялау;

3) музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Музыкалық-ырғақты жаттығуларды орындау кезіндегі ережелер. Мұғаліммен бірге ширату жаттығулар жиынтығын орындау (басын оңға, солға бұру, қолды алға, артқа сермеу, денені еңкейту, орнында жүгіру, секіру). Мұғаліммен бірге балалар әндерінің мәтініне сәйкес қимылдарды орындау. Бір бағаннан сигнал бойынша екі бағанға қайта тұру. Мұғалімнің көмегімен бұлшықетті созуға арналған гимнастикалық жаттығуларды (көпір), музыкаға қазақ биінің қол қимылдарын (алақанды біресе жоғары, біресе төмен бағыттай отырып, қолды алға қарай ашу), "Қос өркеш" би қозғалысындағы қазақ ою-өрнегінің мотивтерін, қазақ биінің қимылдарын (аралас бүйірлік жүріс), қимылдарды орындау: "аяқты артқа тастап жүгіру", "алға қадам басу және артқа қадам жасауда өкшеге шығу", "жартылай отырумен бүйірлік қадам", отырып журелеу қозғалысы "жорғалаушы". Мұғаліммен бірге 2/4 өлшемдегі музыкамен, лентаны әуеннің күшті бөлігіне айналдыру, шапалақтау мен санауды бір мезгілде орындау, әр түрлі мамандықтағы адамдардың қозғалысына еліктеу (етікші);

4) музыкалық аспаптарда ойнау. Музыкалық аспаптарда ойнау ережелері. Домбырада ойнаған кездегі денені дұрыс қалпына келтіру. Музыкалық аспаптардың дыбысталуымен оларда ойнауды иммитациялау (жетіген, арфа). Домбыраның бір ішегінде барлық пернелерін бір саусақпен баспалдақ секілді жоғары, төмен басып, ойнау. Шу оркестрінің ойынымен (сылдырмақтарда, дабылдарда, маракастарда, үшбұрыштарда) бірге таныс әннің ырғақтық бейнесін (мұғалімнің таңдауы бойынша)

домбырада бір ішекте, бір саусақпен мұғаліммен бірге, жеке өзі (соло) орындау. Домбырада пернелерді баспай, әуеннің күшті ырғағына қаттырақ соғып, санауға бір саусақпен еркін ойнау. Мұғалімнің көмегімен домбырада бір ішекте, бір саусақпен, пернесіз таныс әндер мен ән шумақтарының қарапайым музыкалық фразаларын ырғақтық бейнесін орындау;

5) би және билеу. Билер мен билеуді орындау ережелері. Педагогпен бірлесіп " Сәлем" (сәлемдесу, тағзым ету), "Сәукеле" (қыздың бас киімі): "Сәлем" (сәлемдесу, тағзым ету), "Сәукеле" (қыздың бас киімі), "Қос өркеш", "аралас бүйірлік қозғалыс", " қолды алға қарай ашып, алақанды жоғары-төмен бағыттау" қазақ халық биінің негізгі калыптары мен қозғалыстарының үйлесімдерін (комбинацияларын) орындау. Бір бағаннан екі бағанға қайта тұру. Қимылдарды үйлесімінде орындау: "аяқты артқа тастап жүгіру", "алға қадам басу және артқа өкшемен басып жүру", "жартылай отырумен алға қарай жалғамалы қадам", "Ползунок" (жорғалаушы). үйретілген қозғалыстардан құрастылырған қарапайым қазақ халық би композицияларын билеу (педагог таңдауы бойынша) және әр түрлі мамандардың қызметін (етікші) көрсететін би композицияларын орындау.

Ұсынылатын музыкалық материал: В. Шаинскийдің, М. Пляцковскийдің "Учат в школе" әні. Ю.Селиверстованың "Листики – кораблики", "Снежные бабочки", "Танец с лентами" композициялары. Савельев пен М. Пляцковскийдің "Настоящий друг" әні. Г. Остер, М. Мееровичтің "В каждом маленьком ребенке" әні. Қазақ халық күйлері " Қоңыр", "Қызыл қайын", "Көкейкесті". К. Дүйсекееваның, Ш.Сариеваның "Туған жер" композициясы, П.И. Чайковскийдің "Детский альбом" циклынан "Сладкая греза" әні, А . Вивальдидің "Времена года" циклынан "Зима", "Весна", "Лето", "Осень" композициялары.

39. 8-сыныпқа арналған "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) музыканы тыңдау. Музыкалық шығармаларды тыңдау ережелері. Кіріспе-әуені арқылы таныс әуеннің атауын тану және атау. Кіріспе-әуені бойынша қазақ халық музыкалық шығармаларын тану. Музыкалық өлшемі 3/4 шығармаларды тыңдау. Музыкалық дыбыстың ұзақтығын тану және атау (саңырау - қысқа, дауысты - ұзақ). Музыкалық аспаптардың дыбысын тыңдау: "сыбызғы", "флейта". Аспаптарды дыбысы бойынша, сыртқы түрі бойынша тану және атау: "сыбызғы", "флейта";

2) ән айту. Әндерді орындау кезіндегі ережелер. Артикуляциялық аппараттың бөліктерін атау (ерін, тіл, жақ, тіс, таңдай). Музыкалық сүйемелдеумен тыныс алу жаттығулары мен артикуляциялық гимнастика жаттығуларын орындау. Әнді тыңдау, дыбыстың ұзақтығын ажырату (қысқа - өткір, ұзын - тегіс). Шумақты ұран мәтіндерін айту. Мұғаліммен бірге музыкалық аспаптың (құбырдың), жұмыс құралының (бұрғының) дыбысын, жақын ортаның дыбысын (ыдыс-аяққа) иммитациялау. Әнді орындау;

3) музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Музыкалық-ырғақтық жаттығуларды орындау кезіндегі ережелер. Педагогпен бірлесіп ширату жаттығулар кешенін орындау (еңкею, бұрылу, басты айналдыру, қол шынтақтарын өзінен, өзіне қарай айналдыру, денені еңкейту, орнында аттап жүру, секіру және жүгіру). Музыка кіріспенің біткенін күтіп, ән бастамасына қозғала бастау. шеңбер бойымен қозғалу, сигнал бойынша шеңберді тарылту және кеңейту. мұғалімнің көмегімен бұлшықеттерді созуға арналған гимнастикалық жаттығуларды (шатқа отыру, оң аяқпен, сол аяқпен, көлденең), қазақ биінің қол қимылын (бет алдында қолдың айналмалы қозғалысы), "Бүркіт тырнақ" би қозғалысында қазақ ою-өрнегінің мотивтерін, қазақ биінің қозғалысын (алға өріле жылжу) музыкаға орындау. мұғаліммен бірге 3/4 музыкамен қозғалыс жасау (аяқтар иық енінде, бір жақтан екінші жаққа тербелу; оңға, солға бұрылу; бір жағынан екінші жағына, оңға, солға бұрыла, тербелу; қолды "шам" позициясына қойып алға, артқа жалғамалы қадам. Мұғаліммен бірге 3/4 музыкамен лентаны әуеннің күшті бөлігіне айналдыру, шапалақтау мен санауды бір мезгілде орындау, әр түрлі мамандықтағы адамдардың қозғалысына еліктеу (темір ұстасы);

4) музыкалық аспаптарда ойнау. Барабанда ойнау кезіндегі ойын және дененің дұрыс ұстау ережелері. Музыкалық аспаптардың (сыбызғы, флейта) дыбысталуымен оларды ойнауды иммитациялау. Барабанда ойнауға қолға дайындық жаттығуларын орындау. Музыкалық аспапта (барабанда) 2/4, 3/4 музыкалық өлшемдегі әуеннің күшті ырғағына таяқшаларымен барабанды соғып ойнау және бір мезгілде санауды жүргізу. Музыкалық аспапта (барабанда) шу оркестрінің ойынымен (сылдырмақтарда, дабылдарда, маракастарда, үшбұрыштарда) бірге ұсақ даңғырды орындау. Барабанда қарапайым шұмақты ұрандардың ырғақтық үлгілерін орындау. Мұғалімнің көмегімен барабанда таныс әндер мен ән шумақтарынан қарапайым музыкалық фразалардың ырғағын орындау;

5) би және билеу. Билер мен билеуді орындау ережелері. Педагогпен бірлесіп " Сәлем" (сәлемдесу, тағзым ету), "Сыңар мүйіз" (жұптасқан мүйіз) қазақ халық биінің негізгі қалыптарын орындау. Педагогпен бірлесіп "Сәлем" (сәлемдесу, тағзым ету), " Сыңар мүйіз" (бір мүйіз), "Бүркіт тырнақ" қазақ халық билерінің қалпылары мен қимылдарының үйлесімін орындау, қазақ халық биінің "алға қарай оралған жүріс" қозғалысын "бет алдында қолдың айналмалы қозғалысымен" орындау, шеңбермен жүруде шеңбер көлемін тарылту және кеңейту қозғалыстарын. "Бір жағынан екінші жаққа тербелу, аяқтар иық енінде", "бүйірден екінші жаққа оңға, солға бұрылу", " аяқтар иық енінде, бүйірден екінші жаққа оңға, солға бұрылумен бір жағынан екінші жаққа тербелу", "қолды "шам" позициясына қойып алға, артқа жалғамалы қадам" қозғалыстарын комбинацияларын орындау. Үйретілген қозғалыстардан құрастырылған қарапайым қазақ халық би композицияларын, музыкалық өлшемі 3/4 қарапайым би композицияларын, қарапайым балалар би композицияларын және әр түрлі мамандардың қызметін көрсететін би композицияларын орындау (темір ұстасы).

Ұсынылатын музыкалық материал: И. Дунаевскийдің, М.Матусовскийдің " Школьный вальс" әні. Ю. Селиверстованың "Вальс с листочками", "На пороге Новый год", "Нежный вальс" әндері. Д. Кабалевскийдің, А.Пришелецтің "Наш край" әні. Қазақ халық күйлері "Адай", "Ақ жауын", "Ноғайдын зары". Л. Хамидидің "Қазақ вальсі" композициясы. "Во кузнице" орыс халық әні. П.И. Чайковскийдің "Вальс цветов", " Мама" композициялары, "Детский альбом" циклынан "Вальс", "Времена года" циклынан "Лето" композициясы.

40. 9-сыныпқа арналған "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) Музыканы тыңдау. Музыкалық шығармаларды тыңдау ережелері. Таныс әуенді фрагменттерден тану және атау. Қазақ халық музыкалық шығармаларын фрагмент бойынша тану. Классикалық музыкалық шығармаларды тыңдау. Музыкалық шығармалардың түрлерін ажырату және атау (марш, би). Музыкалық аспаптарды тыңдау: "қобыз", "скрипка". Музыкалық аспаптарды дыбысы бойынша, сыртқы түрі бойынша тану және атау: "қобыз", "скрипка";

2) ән айту. Әндерді орындау кезіндегі ережелер. Артикуляциялық аппараттың бөліктерін атау (ерін, тіл, тіс, жақ, таңдай). Мұғаліммен бірге ән айту алдында тыныс алу жаттығулары мен артикуляциялық гимнастика жаттығуларын орындау. Мұғаліммен бірге ән айту, ән тыңдау, әндердің сипатын ажырату (көңілді, қайғылы). Ән шумақтардың мәтінін мұғалімнен кейін қайталау. Мұғаліммен бірге музыкалық аспаптың (скрипка), жұмыс құралының (ара), жақын ортаның (радио) дыбысын иммитациялау (иммитациялау);

3) музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Музыкалық-ырғақтық жаттығуларды орындау ережелері. Мұғаліммен бірге бұлшықеттерді (мойын, иық, қол, арқа, жамбас, аяқ) ширатуға арналған жаттығулар жиынтығын орындау. Қозғалысты музыкамен бірге бастау. Мұғалімнің сигналы бойынша бір шеңберден екі шағын шеңберге қайта тұру. Мұғалімнің көмегімен бұлшықетті созуға арналған гимнастикалық жаттығуды орындау (бақа). "Өріммен ойнау" музыкасына қазақ биінің қол қимылдарын орындау. "Ожау" би қозғалысында қазақ ою-өрнегінің мотивтерін орындау. Қазақ биінің қимылдарын жасау : "орнында аттап өту", "алға қарай жеңіл сырғи жүру", "бүйірге қарай аяқты айқастырып жүру", "майда қадаммен алға, артқа, оңға, солға жүру", "жартылай отырумен және басын еңкейтумен бүйірлік жалғамалы қадам". Үйренген қозғалыстарды гүлдер шоқтарын ұстап, музыкаға орындау. Мұғаліммен бірге кішкентай таяқшалармен соғу арқылы таныс әуеннің ырғақтық үлгісін көрсету. Әр түрлі мамандықтағы адамдардың қозғалысына еліктеу (жүргізуші)

	10.5.1.9 мұғаліммен бірге қозғалыстар үйлесімдерін орындау: "6-шы позициядан 2-ші позицияға өту және бастапқы позицияға секіру", "6-шы позициядан 2-ші позицияға алға қарай аттап өту " үшбұрыш" және кері қарай аттау", "6-шы позициядан 2-ші позицияға секіру және кері қарай секіру", "сегіздік" жамбаспен, тізелермен, иықпен бөлек-бөлек айналдыру
	10.5.1.13 әр түрлі мамандықтағы адамдардың қызметін көрсететін би композицияларын орындауға ұмтылу (кір жуушы)
	10.5.1.11 үйренген қозғалыстардан қарапайым заманауи билерді (мұғалімнің таңдауы бойынша) билеу

бұйрығына
48-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы "03" сәуірдегі
№115 бұйрығына
541 - қосымша

Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін " Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабы 1 тармағына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты – білім алушылардың жақын қоғамда бағдарлау дағдыларын, тұрмыстық еңбек дағдыларын, отбасы мен қоғамдық орындардағы мәдени тәртіптің тәсілдерін меңгеруіне жағдай жасау.

3. Бағдарламаның білім беру міндеттері:

1) білім алушыларда тұрмыстық практикалық дағдыларды, киім мен аяқ киім заттарын пайдалану, тағам дайындау дағдыларын қалыптастыру;

2) тамақ дайындау кезінде гигиена талаптарын және қауіпсіз жұмыс қағидаларын сақтауға үйрету;

3) адам жасаған қоршаған заттарға: өзінің киіміне, аяқ киіміне, жиһазға, тамақ өнімдеріне және дайындалған тағамға ұқыпты қарауға тәрбиелеу;

4) білім алушыларды әртүрлі кәсіпорындар мен мекемелердің (сауда, көлік, халықтың тұрмыс қажетін өтеу қызметі, байланыс, мәдениет, медициналық көмек) қызметтеріне бағдарлауға, осы қызметтерді пайдаланудың қарапайым практикалық дағдыларын қалыптастыру;

5) әртүрлі өмірлік жағдайларда, қоғамдық орындарға, әлеуметтік мекемелерге барған кезде мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

4. Бағдарламаның түзету-дамыту міндеттері:

1) қарапайым тұрмыстық еңбекке оң көзқарас қалыптастыру;

2) еңбекқорлықты, ерікті күш-жігерді қалыптастыру; жұмысты белгілі бір тәртіппен орындай білу, басталған істі аяғына дейін жеткізе білу, өз қызметіне ағымдық бақылауды, қорытынды бақылауды орындау, өз жұмысының нәтижесін басқалармен салыстыру қабілетін дамыту;

3) танымдық іс-әрекетті дамыту, жеңіл себеп-салдарлық байланыстарды орнату тәсілдерін үйрету;

4) топтық жұмыс процесінде сөйлеу және коммуникацияның басқа да түрлерінің көмегімен басқалармен түсінісу қабілетін қалыптастыру; білім алушылардың сөздік қорын байыту;

5) практикалық жұмысты орындау кезінде іс-қимылды үйлестіруді, шебер ептілікті, мұқияттылық пен нақтылықты жетілдіру.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға оқытудың негізгі мазмұны өмірлік дағдылар, әлеуметтік қолайлы мінез-құлық дағдылары болып табылады, оларды меңгеру білім алушылардың әдеттегі тұрмыстық жағдайларда көмекті қажет ету қажеттілігін азайтуға ықпал етеді. Академиялық білімді қалыптастыру саласында білім алушыларда танымдық іс-әрекеттің мақсатты әдістерін қалыптастыру кезіндегі айқын қиындықтарға байланысты мүмкіндіктердің шағын ресурсы байқалады.

6. Бағдарламаның мазмұнын педагог, тәрбиешілер (білім алушының мектепте болған барлық уақыты ішінде, өзіне-өзі қызмет көрсетуге және режимдік сәттерге

байланысты табиғи жағдайларда) және білім алушылардың ата-аналары (үйде, қоғамдық орындарда, кез келген өмірлік жағдайларда) жүзеге асырады. Педагогтар мен отбасының қызметін үйлестіруді және келісушілікті сынып мұғалімі жүзеге асырады.

7. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде мыналарды ескеру қажет:

1) ұжымдық оқыту жағдайында білім алушылардың танымдық белсенділігінің төмендігін;

2) педагогтың фронталды жұмыста қолданатын бағыттаушы, ынталандырушы көмегіне төмен реакцияны;

3) коммуникативтік, реттеуші, жоспарлаушы сөйлеу функцияларының өрескел дамымауын;

4) қалыптасатын дағдыларды автоматтандыру қиындықтарын;

5) бір сыныптағы оқушылардың оқу мүмкіндіктері мен дағдыларын дамытудағы елеулі айырмашылықтарын.

8. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыру арнайы педагогика қағидаттарына негізделген.

9. Педагог өзінің бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, оқушылардың жеке қарқынмен даму құқығын құрметтейді; өзгермелі мүмкіндіктерді үнемі зерттейді, білім беру қажеттіліктерін бағалайды, білім алушылардың дағдыларын дамыту мен игерудегі ең төменгі ілгерілеуді тіркеп отырады. Кез-келген ілгерілеу оқуда оң нәтиже ретінде қарастырылады.

10. Педагог осы Бағдарламадан әрбір білім алушы үшін қолжетімді оқу мазмұнын, сондай-ақ білім алушылардың білім беру, тұлғалық жетістіктерін бағалау нәтижесінде белгіленген жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту әдістерін, құралдарын дербес таңдайды.

11. Оқыту процесі оқудың тек мазмұнын ғана емес, сонымен қатар ұйымдастыру формаларын да қатаң реттеуді қарастырмайды. Академиялық білімді қалыптастыруға бағытталған сабақтың дәстүрлі құрылымының зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды оқыту кезінде оның тиімділігінің төмен екенін ескеру қажет.

12. Оқу-тәрбие процесі дәстүрлі құрылымның өзгеруін және сабақтың жабдықталуын көздейтін білім алушылардың пәндік-практикалық іс-әрекеті негізінде құрылады. Білім алушылардың тиісті қажеттіліктерінің пәндік ортасын құру кезінде келесідей ережелер орындалады:

1) білім мен дағдыларды жаңа жағдайға көшірудің елеулі қиындықтарына байланысты іскерлік пен дағдыларды осы дағдылар пайдаланылатын жағдайға барынша жақын жағдайға қалыптастыру;

2) нақты өмірлік жағдайларға сәйкес сабақтарды ұйымдастыруға арналған үй-жайларды жарақтандыру, нақты заттарды, құрылғыларды, азық-түлікті, тұрмыстық техниканы пайдалану;

3) білім алушылардың өзгермелі мүмкіндіктеріне сәйкес пәндік ортаның өзгеруі (күрделене түседі, кеңейеді);

4) білім алушылардың өмірлік тәжірибесі мен әлеуметтік байланыста болуын оларға қолжетімді шектерде кезең-кезеңімен және жоспарлы түрде кеңейту: мектептен тыс оқу қызметін ұйымдастыру (қоғамдық көлікпен жүру, дүкендерге, дәріханаларға, поштаға, емханаларға, мұражайларға, театрларға, кафелерге, саябақтарға бару);

5) білім алушының қоғамға ауыртпалықсыз кірігуі үшін толерантты және қолайлы қоршаған ортаны қалыптастыру, мектептің отбасымен және қоғамдастықпен жоспарлы жұмысы.

13. Әр сабақтың мазмұны білім алушыға әртүрлі іс-шараларда (пәндік, ойын, сөздік сабақтары, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас, әлеуметтік мақсаттағы объектілерге барған кездегі бақылау) зерттелетін объектілерді қолдана отырып, әртүрлі анализаторларға сүйене отырып, өзінің мүмкіндіктерін, жақын әлеуметтік және пәндік ортаның ерекшеліктерін білуге көмектесуі керек.

14. Сабақты ұйымдастырған кезде әр білім алушыда қажеттілік туындаған кезде іс-әрекетті өзгерту немесе демалу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Жеке жұмысты жеке қарқынмен орындау, педагогтың жеке көмегін алу үшін жағдайлар қамтамасыз етіледі.

15. Білім алушыларға сабақ барысында сынып бөлмесінде еркін жүріп-тұруына, оқу тапсырмаларын үстел басында, кілемде отырып, тұрып орындауға; сыныптастарының жұмысын бақылай отырып, олармен бірлесе жұмыс істеуге мүмкіндік беріледі.

16. Сабаққа арналған үй-жай осы Бағдарламада көзделген дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті жабдықтармен, тұрмыстық техникамен, нақты заттармен, тамақ өнімдерімен жарақтандырылады.

17. Арнайы педагогика қағидаттарына сәйкес құрылған педагогикалық іс-шаралар білім алушылардың өзіндік белсенділігін, олардың бастамалары мен дербестігін дамытуға бағытталған.

18. Бағдарламаны меңгеру кезінде білім алушылардың белсенділігі мен дербестігі қалыптасатын негізгі қызмет түрлері:

1) ересектердің тұрмыстық қызметін, әлеуметтік өмір құбылыстарын бақылау;

2) пәндік-практикалық қызмет;

3) ойын әрекеттері және ойын қызметі;

4) әлеуметтік-тұрмыстық қызмет;

5) жақын ортадағы білім алушылармен және ересектермен қарым-қатынас.

19. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәні бойынша сабақтарда оқытуда мынадай әдістер пайдаланылады: мұғалімнің іс-әрекет тәсілін көрсету, көрсету және үлгі бойынша жаттығулар, ересектердің іс-әрекетін әдейі және әдейі емес бақылау, білім алушылардың өмірлік тәжірибесін кеңейтуге, нақтылауға ықпал ететін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ).

20. Практикалық дағдыларды қалыптастыру үшін:

1) педагогтің басшылығымен объектілерді қарау;

2) экскурсияларды бақылау;

3) заттардың, объектілердің қасиеттері мен сапасын практикалық тану; заттарды, тұрмыстық техниканы, аспаптарды, құралдарды пайдалану арқылы практикалық жаттығулар;

4) білім алушы мен педагогтың бірлескен іс-әрекеттері, еліктеу әрекеттері;

5) заттарды тиісті суреттермен байланыстыру, содан кейін оларды ым-ишара арқылы атау немесе көрсету;

6) педагогтың ауызша нұсқаулығы бойынша ыдыс-аяқ, тұрмыстық техника, азық-түлік, асүй құралдары, құралдарды өз бетінше атау және/немесе көрсету;

7) заттарды, құрылғылар мен тұрмыстық техниканы, құралдарды мақсаты бойынша пайдалану қолданылады.

21. Бағдарлама "Өзіне-өзі қызмет көрсету" (1-4 сыныптар) оқу пәнінің мазмұнын ескере отырып жасалған, онда дағдыларды үздіксіз қайталауды, бекітуді қамтамасыз ететін концентрлі (спиральды) құрылым бар.

22. Бір тақырыппен біріктірілген әлеуметтік-тұрмыстық бағдар мен экономикалық еңбек сабақтарын дәйекті түрде өткізуге болады. Оқу процесінде дағдыларды қайталау мен бекітуде жаттығуларға үлкен рөл беріледі. Үздіксіз қайталау қалыптасқан дағдылардың табыстылығын және білім алушының дербестік дәрежесін бағалауға жағдай жасайды.

23. Бағдарламаның мазмұны ұсыныстық сипатта берілген, ол жеке оқу бағдарламаларын жасау үшін негіз болып табылады. Жеке оқу бағдарламалары алты айға жасалады. Алдағы алты айға жеке оқу жоспары оқушының қол жеткізген мақсаттарын ескере отырып жасалады.

24. Білім алушының жеке оқу бағдарламасын жасау, білім алушының ата-анасының (заңды өкілдерінің) олардың тәжірибесін, мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін, сұранысын бастапқы (оқу жылының басында) педагогикалық бағалаумен алдын ала белгіленеді. Бастапқы педагогикалық бағалау нәтижелерін талдау негізінде педагог Бағдарлама мәтінінен білім алушыға қолжетімді оқу мақсаттарын таңдайды. Мұғалім оқу мақсаттарын өз бетінше нақтылайды. Қажет болған жағдайда педагог білім алушының білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне назар аудара отырып, жеке бағдарламаға Үлгілік бағдарламаны толықтыратын мазмұнын қосады. Мұғалім жеке оқу бағдарламасының оқу мақсаттарын "қарапайымнан күрделіге" ретімен құрастырады.

25. Білім алушының жетістіктерін бағалау критерийлері жеке оқу бағдарламасының оқу мақсаттары болып табылады. Жетістіктерді бағалауды педагог, тәрбиешілер, ата-аналар (заңды өкілдер) ұйымдастырылған сабақтар процесінде, тұрмыстық, өмірлік жағдайларда, қызмет іс-әрекетін талдау негізінде білім алушының іс-әрекетін бақылау негізінде жүргізеді.

26. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау білім беру процесінде педагогтің ішкі бағалау құралдарымен жүзеге асырылады. Жеке оқу бағдарламасына сәйкес іскерліктер мен дағдыларды меңгерудегі жетістіктер туралы бағалау пайымдаулары жеке бағдарламаның тиісті бағанында тіркеледі. Білім алушының жетістіктерін сипаттау кезінде дағдыны меңгерудің дербестік дәрежесі міндетті түрде көрсетіледі: "өз бетімен" ; "ауызша нұсқаулар бойынша", "үлгі бойынша"; "еліктеу арқылы"; "мұғаліммен (ата-анамен) бірлескен әрекеттер арқылы".

27. Пәнаралық байланыстар "Шаруашылық еңбек", "Сөйлеуді дамыту және коммуникация", "Адам және әлем", "Кәсіп", "Санау" пәндерімен белгіленеді.

3-тарау. Оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің мазмұны

28. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
2) 6-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
3) 7-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
4) 8-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
5) 9-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
6) 10-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасының бастауыш , негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бекітілген үлгілік оқу жоспарына байланысты.

29. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны мынадай бөлімдерді қамтиды:

1) "Киім";
2) "Тамақтану";
3) "Тұрғын үй";
4) "Көлік";
5) "Халыққа қызмет көрсету саласы";
6) "Деңсаулық".

30. "Киім, аяқ киім" бөлімі мынадай бөлімшені қамтиды:

1) киім, аяқ киім, бас киім түрлері.

31. "Тамақтану" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) азық-түлік;
2) асүй және асхана ыдыстары, техника;
3) тамақ дайындау;

4) тамақтану мәдениеті.

32. "Тұрғын үй" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) тұрғын үй-жайлар түрлері.

2) жиһаз, тұрмыстық техника.

33. "Көлік" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) көлік түрлері;

2) көлікте және жолда жүру тәртібінің мәдениеті.

34. "Халыққа қызмет көрсету саласы" мынадай бөлімшелерді қамтиды:

1) халыққа қызмет көрсету саласының объектілері;

2) әлеуметтік мекемелердегі тәртіп мәдениеті.

35. "Деңсаулық" бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:

1) дене күтімі.

36. 5-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) киім. Тиісті маусымға сәйкес ұл мен қызға арналған күнделікті киімдерді білу және олардың аттарын атау: шалбар, көйлек, белдемше, жейде, көйлек, алжапқыш, шұлық, колготки, спорттық костюм, күртке, шарф, қолғап және мұғалімнің қалауы бойынша білім алушылардың мүмкіндіктері мен климаттық ерекшеліктерді ескере отырып тағы басқалар. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзі үшін киім таңдау. Киімнің бөліктерін білу және олардың атауларын (жең, манжет, балақ, белдік, сырма және педагогтің таңдауы бойынша басқа) атау, оларды қызметіне сәйкес пайдалану. Тиісті маусым үшін қыз бен ұлға арналған күнделікті киетін аяқ киімді білу және олардың аттарын атау: бәтеңке, туфли, етік, сандал, кроссовка, үй тәпішкесі. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне аяқ киім таңдау. Аяқ киімнің бөліктерін білу және олардың аттарын (табан, өкше, қоныш, тіл, ілгек, бау және педагогтің таңдауы бойынша басқа) атау. Киіміндегі және аяқ киіміндегі ілмектерді (түймелер, түйреуіштер, ілгектер) ашып-жабу. Тиісті маусым үшін ұл мен қызға арналған бас киімдерді білу және олардың аттарын атау: құлақшын, кепке, қалпақ, панама, орамал, бандана. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзі үшін бас киім таңдау. Көшеге және үйге киетін аяқ киімді ажырату. Ерлер мен әйелдердің жаздың күнделікті киетін ұлттық қазақ киімдерін тану және атау (мұғалімнің таңдауы бойынша). Білім алушының сыртқы келбетіне қойылатын талаптарға сәйкес өзінің сыртқы келбетіне өздігінен бақылауды жүзеге асыру.

2) тамақтану. Көкөністерді білу, аттарын атау: қызанақ, қияр және педагогтің таңдауы бойынша басқалар. Көкөністерді қолдануға дайындау: оларды жуу, кесу. Жеміс-жидектерді білу, аттарын атау: алма, алмұрт, жүзім, қара өрік, шие және педагогтің таңдауы бойынша басқалар. Жеміс-жидектерді қолдануға дайындау: жуу, сүйектерін алып тастау, табаққа, вазаға салып қою.

Шай ыдыстарын (кесе, табақша, қант тостағы, шәйнек), құралдарды (кесетін тақтайша, майлықтар салатын ыдыс), жылыту құралдарын (электр шәйнек) білу, аттарын атау. Кесетін тақтайшаны, майлықты, шай ыдыстарын, электр шәйнегін, салат салатын ыдысты, асхана құралдарын (қасық, шанышқы, пышақ) пайдалану. Тамақ дайындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы (өткір және кескіш заттарды, электр құралдарын пайдалану кезінде). Ас үйде тазалық пен тәртіп сақтау.

Тамақ дайындау кезіндегі гигиеналық талаптар (азық-түлікті қолдану алдында қол жуу). Жай бутербродтар дайындау: нанды, ірімшікті, шұжықты тілімдеп кесу. Нанға май жағып, ірімшікті, шұжықты нанның бір тіліміне қою. Педагогтің таңдауы бойынша жаңа піскен көкөністер мен жемістерден салаттар дайындау. Пышақ пен құралдарды (кесетін тақтайша, үккіш) пайдалану. Педагогтің таңдауы бойынша жұмыртқа тағамдарын дайындау. Педагогтің таңдауы бойынша қайнатылған және бұқтырылған көкөністерден, жартылай фабрикаттардан тағамдар дайындау. Қалташадағы шайды демдеу ережелері.

Таңғы асқа дастарқан жаю, дастарқанға тағамдар қою. Мектеп асханасында таңғы ас дастарқанын әзірлеу. Тамақтану кезінде тағам салатын әрбір затты қолдану ережелері: шай ішетін кесе, табақша, қант салатын ыдыс, шай қасық, майлық. Тамақтану кезінде және одан кейін қағаз және маталы майлықтарды қолдану. Тамақтанғаннан кейін рахмет айту;

3) тұрғын үй. Бөлме бөліктерін тану, атау: қабырға, төбе, еден, терезе, терезе алды, есік. Бөлмелердің атауы мен мақсаты: қабырға, төбе, еден, терезе, терезе алды, есік. Тұрғын бөлмелерді тану және атау: қонақ бөлме, жатын бөлме. Қонақ бөлменің, жатын бөлменің мақсаты: қонақ бөлме мен жатын бөлмеге арналған жиһаз заттарының атауы мен мақсаты: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре (киім сөресі, кітап сөресі), аласа сөре. Қонақ бөлмесі мен жатын бөлмесіне арналған жиһаздарды саралау. Қонақ бөлме мен жатын бөлменің интерьерін жасау үшін жиһаздың шағын үлгілерін пайдалану. Жасалған интерьермен жабдықтау. Тұрмыстық техника заттарының атауы мен мақсаты: теледидар.

Тұрғын үйдегі жиһаздың заттарына ұқыпты қарау. Тұрмыстық техниканы пайдалану ережесі (теледидар): қосу, өшіру, бағдарламаны тандау.

Үйде қауіпсіз жүріп-тұру ережелері (бейтаныс адамдарға кіретін есікті ашпау, ересектер болмаған кезде, телефон арқылы бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, тұрмыстық техниканы, газ плитасын пайдаланбау). Телефонмен сөйлесу әдебі (сәлемдесу, қоштасу, аты-жөнін айту). "Телефонмен сөйлесу" сюжеттік-рөлдік ойыны.

Үй интерьерін, сондай-ақ Бағдарламаның басқа бөлімдерінің мазмұнына сәйкес келетін заттар мен объектілерді көрсететін фотосуреттер бар білім алушының жеке кітабын (альбомын) жасау және пайдалану.

4) көлік. Қоғамдық және жеке көлікті білу, аттарын және олардың мақсатын атау: автобус, троллейбус, такси, трамвай, метро (педагогтің таңдауы бойынша). Қоғамдық

көлікте жұмыс істейтін адамдардың еңбегі. "Автобуспен (троллейбуспен) жүру" дидактикалық ойыны.

Қоғамдық көлікте тәртіп ережелерін сақтау: отыру-түсу ережелері, жол жүру ақысын төлеу, салонда тәртіп сақтау, жасы үлкен жолаушыларға, жас балалары бар жолаушыларға орын беру және көмек көрсету. Жолда және жаяу жүргіншілер өтетін жолда жүрудің қарапайым ережелері: тротуарды (қоқысқа тастамау, айқайламау, итермеу), көшенің бөлігінен өтетін жаяу жүргіншілер өткелін пайдалану. Бағдаршам сигналдарын білу және оны орындау. Үйден мектепке және кері қайту жолын зерттеу. Қала бойынша жүретін бағыттар, үйінің мекенжайын атау;

5) халыққа қызмет көрсету саласы. Дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар), базарларға ересектермен бірге бару. Тауарларды сатып алу процесін, сатып алушының сатушымен қарым-қатынасын бақылау.

Өзіне-өзі қызмет көрсететін-азық-түлік дүкенінде тауарларды ересектермен бірге таңдау. Азық-түлікті кассаға жеткізу үшін себетті, арбашаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, арбашаға ұқыптап салу. Таңдалған тауарды кассирдің, сатушының алдындағы үстелге мұқият жылжыту.

Қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін орындау: айқайламау, жүгірмеу, айналадағы адамдарға агрессивті әрекет және қоршаған ортаға зиян келтіретін әрекеттер жасамау, басқалардың заттарына тиіспеу. Сатушымен қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік мақұлданған тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген қызмет пен көмек үшін рахмет айту. "Дүкен" сюжеттік-рөлдік ойыны;

6) денсаулық: дене күтімі. Гигиеналық заттар мен құралдар: сабын, сабын ыдысы, сүлгі, орамал, тіс пастасы, тіс щеткасы, тарақ, айна, олардың мақсаты. Атауы бойынша тану (көрсету), жеке гигиена заттарын (сүлгі, тіс щеткасы, тарақ, тұмсық орамал) белгілер арқылы тану. Қолды (бетті) жуу тәртібін бекіту: жеңді қайырып, су крандарды ашу, судың температурасын реттеу, сабынды алу, қолды және сабынды сулау, алақандарын, қолдың сыртқы жағын, саусақтардың арасын сабындау, сабынды жуу. Сүлгіні пайдалану тәртібі: қолды және бетті жайылған сүлгімен сүрту, сүлгіні ілгішке ілу Бет орамалды пайдалану тәртібі: Мұрның жайылған орамалмен сүрту, бет орамалды пайдаланып түшкіру, орамалды бүктеу, көрсету, ауызша нұсқау бойынша киімнің қалтасына орамалды салу. Шашты айнаның алдында, қажет болған жағдайда мұғалімнің, ересектердің көмегімен тарау. Тістерді тазалау - өз тіс щеткасын тану, щетканы дұрыс ұстау. Айна алдында тістерді тазалау тәртібін орындау: тіс щеткасының қылшықтарын сумен сулау, тіс пастасының қақпағын бұрап ашу, тіс пастасын щеткаға сығу, тістерді тазалау кезінде үлгі бойынша тік және көлденең қимылдарды орындау; тіс пастасын бұрап жабу, ауыз қуысын шаю, тіс щеткасын жуу. Дәретханаға барғаннан кейін өз киімдерін ретке келтіру.

37. 6-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) киім. Тиісті маусымға сәйкес ұл мен қызға арналған күнделікті киетін киімдерді білу және олардың аттарын атау: шалбар, көйлек, белдемше, жейде, көйлек, алжапқыш, шұлық, колготки, спорттық костюм, куртка, шарф, қолғап және мұғалімнің қалауы бойынша білім алушылардың мүмкіндіктері мен климаттық ерекшеліктерді ескере отырып тағы басқалар. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне киім таңдау. Киімнің бөліктерін білу және олардың аттарын (жең, манжет, балақ, белдік, сырма және педагогтің таңдауы бойынша басқа) атау, оларды қызметіне сәйкес пайдалану. Тиісті маусым үшін қыз бен ұлға арналған күнделікті киетін аяқ киімді білу және олардың аттарын атау: бәтеңке, туфли, етік, сандал, кроссовка, үй тәпішкесі. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне аяқ киім таңдау. Тиісті маусым үшін ұл мен қызға арналған бас киімдерді білу және олардың аттарын атау: құлақшын, кепке, қалпақ, панама, орамал, бандана. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне бас киім таңдау. Көшеге және үйге киетін аяқ киімді ажырату. Қыс мезгіліне сәйкес күнделікті киетін ерлер мен әйелдердің қазақ ұлттық киімдерін тану және атау (педагогтың таңдауы бойынша). Оқушының сыртқы келбетіне қойылатын талаптарға сәйкес өзінің сыртқы келбетін өз бетінше бақылау.

2) тамақтану. Көкөністер мен жеміс-жидектерді өңдеу реті: тағам өнімдерін (ет, сүт, шұжық, балық, ірімшік, май) тоңазытқышта сақтау, тағам өнімдерін тоңазытқыштың сөрелеріне қою, тамақ өнімдеріне арналған контейнерлерді пайдалану. Сусындарды салқындату. Тоңазытқышты пайдалану және оны таза ұстау ережелері.

Ас үй және асхана ыдыстары (кастрөл, таба, қаңылтыр табақ, терең және ұсақ тәрелкелер, салат салғыш), аспаптар (шайқағыш, үккіш, араластырғыш және басқалары) техникасы (электр шәйнек, блендер, электр плитасы және басқалары)

Тамақ дайындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы (өткір және кесетін заттарды, электр аспаптарын, газ плитасын пайдалану кезінде). Ас үйде тазалық пен тәртіп сақтау . Тамақ дайындау кезіндегі гигиеналық талаптар (тағамды пайдаланудан бұрын қолды жуу).

Шұжықтарды, күрішті, қарақұмықты (және педагогтің таңдауы бойынша басқа жармаларды), макарон бұйымдарын қайнату. Педагогтің қалауы бойынша қайнатылған көкөністерден салат дайындау. Педагогтің таңдауы бойынша компот, морс, сүт коктейлін дайындау. Педагогтің таңдауы бойынша жартылай фабрикаттардан тағамдар (кисель, сорпа, тұшпара, қайнақша (вареник), басқа да тағамдар) дайындау. Таңғы, түскі және кешкі асқа мектеп асханасында дайындалған тағамдарды атау. Қалташадағы шайды демдеуіш шәйнекте демдеу ережелері.

Таңғы асқа, түскі асқа дастарқан жаю, дастарқанға тағамдар салынған заттарды қою . Дастарқан басындағы адамдар санын ескере отырып, мектеп асханасында таңғы, түскі асқа дастарқан жаю.

Тамақтану кезінде дастарқан үстіндегі әрбір затты: шай ішетін кесені, табақшаны, қант салатын ыдысты, шай қасықты, майлықты, салат салатын ыдысты және педагогтің

таңдауы бойынша басқа заттарды қолдану ережелері. Тамақтану кезінде және одан кейін қағаз және маталы майлықтарды қолдану. Тамақтанғаннан кейін рахмет айту;

3) тұрғын үй. Тұрғын үй-жайлардың түрлері: көп пәтерлі үйлер, жеке үй. Көп пәтерлі және жеке үйлерді экскурсияда, суретте тану. Қаладағы, ауылдағы тұрғын үйлердің ерекшеліктері (экскурсия).

Тұрғын бөлмелерді (қонақ бөлме, жатын бөлме) және ас үйді тану және атау. Пәтер бөлмелерінің, үйлердің атауы мен мақсаты: (қонақ, жатын бөлмелері) ас үй. Қонақ бөлмесі мен жатын бөлмесіне, ас үйге арналған жиһаз және интерьер заттарының атауы мен мақсаты: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре (киімге, кітапқа, ыдысқа арналған), кіші сөре, қол жуғыш. Қонақ, жатын және ас үйге арналған жиһаздарды саралау. Қонақ, жатын және ас үйдің интерьерін қолдану үшін жиһаздың шағын үлгілерін пайдалану. Жасалған интерьерді тиімді пайдалану. Тұрмыстық техниканың атауы мен мақсаты: теледидар, тоңазытқыш, газ/электр плитасы, қол жуғыш.

Тұрғын және тұрғын емес үй жиһазы мен интерьеріне ұқыпты қарау.

Тұрмыстық техника мен интерьер заттарын пайдалану қағидалары (теледидар, тоңазытқыш, газ/электр плитасы, раковина). Үйде қауіпсіз жүріп-тұру ережелері (бейтаныс адамдарға кіретін есікті ашпау, ересектер болмаған кезде тұрмыстық техниканы, газ плитасын пайдаланбау, телефон арқылы бейтаныс адамдармен сөйлеспеу). Телефонмен сөйлесу әдебі (сәлемдесу, қоштасу, аты-жөнін айту). " Телефонмен сөйлесу" сюжеттік-рөлдік ойыны.

Үй интерьерін, сондай-ақ Бағдарламаның басқа бөлімдерінің мазмұнына сәйкес келетін заттар мен объектілерді көрсететін фотосуреттер бар білім алушының жеке кітабын (альбомын) жасау және пайдалану;

4) көлік. Қоғамдық және жеке көлік түрлерін білу, аттарын және мақсатын атау: автобус, троллейбус, такси, трамвай, метро (педагогтің таңдауы бойынша). Қоғамдық көлік аялдамаларын білу, атау. Қоғамдық көлікте жұмыс істейтін адамдардың еңбегі. " Автобуспен (троллейбуспен) жүру" дидактикалық ойыны. Мамандандырылған машиналарды (шұғыл медициналық көмек, полиция, өрт сөндіру машинасы, педагогтің таңдауы бойынша басқа қызметтер) сыртқы түрі бойынша ажырату. Полицияның, дәрігердің, өрт сөндірушінің міндеттері.

Қоғамдық көлікте тәртіп ережелерін сақтау: отыру-түсу ережелері, жол жүру ақысын төлеу, салонда тәртіп сақтау, жасы үлкен жолаушыларға, жас балалары бар жолаушыларға орын беру және көмек көрсету. Жолда және жаяу жүргіншілер өтетін жолда жүрудің қарапайым ережелері: тротуарды, көшенің жаяу жүргіншілер өтетін өткелін пайдалану (қоқыс тастамау, айқайламау, итермеу). Бағдаршам сигналдарын білу және оны орындау. Жолда жүру ережелерін сақтамау кезіндегі қауіпті түсіну. Жолда төтенше жағдайлардың туындау себептері, төтенше жағдай кезіндегі тәртіп. Үйден мектепке және одан кері қайту жолын зерттеу. Қала бойынша жүру бағыттары, үйінің мекенжайын атау;

5) халыққа қызмет көрсету саласы. Ересектермен бірге дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар), базарларға, емханаларға бару. Тауарларды сатып алу процесін, сатып алушының сатушымен, медициналық қызметкерлермен қарым-қатынасын бақылау.

Өзіне-өзі қызмет көрсету-азық-түлік дүкенінде тауарларды ересектермен бірге таңдау. Азық-түлікті кассаға жеткізу үшін себетті, арбашаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, арбашаға ұқыптап салу. Таңдалған тауарды кассирдің, сатушының алдындағы үстелге мұқият жылжыту.

Қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін орындау: айқайламау, жүгірмеу, айналадағы адамдарға агрессивті әрекет жасамау, қоршаған ортаға бүлдіру әрекеттерін жасамау, басқалардың заттарына тиіспеу. Сатушымен, дәрігермен қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік мақұлданған тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген қызмет пен көмек үшін рахмет айту. "Дүкен", "Дәрігердің қабылдауында" сюжеттік-рөлдік ойындары;

6) денсаулық: дене күтімі. Гигиеналық заттар мен құралдар: сабын, сабын ыдысы, сүлгі, орамал, тіс пастасы, тіс щеткасы, тарақ, қол (бет) кремі, бет жууға арналған көбік , жөке, айна олардың мақсаты. Атауы бойынша тану (көрсету), жеке гигиена заттарын (сүлгі, тіс щеткасы, тарақ, тұмсық орамал) белгілер арқылы тану. 5-сынып материалын қайталау; қол мен аяқты жуу, тіс пен тілді тазалау ережелері, шашты тарау және сәндеу білу. Қағаз сүлгіні, қол электр кептіргішті пайдалану. Суық тию кезде бет перде, бет орамалды пайдалану. Проблемалық жағдайларда көмек сұрай білу (сүлгі жоқ, кран ашылмайды), көмек үшін алғыс білдіру. Басқа оқушыға гигиеналық процедураларды орындауға көмек көрсету (кранды ашу-жабу, сабын беру, сүлгі табу, шашты тарау).

38. 7-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) киім. Тиісті маусымға сәйкес ұл мен қызға арналған күнделікті және мерекеде киетін киімдерді білу және олардың аттарын атау: шалбар, көйлек, белдемше, жейде, көйлек, алжапқыш, шұлық, колготки, спорттық костюм, күртке, шарф, қолғап және мұғалімнің қалауы бойынша білім алушылардың мүмкіндіктері мен климаттық ерекшеліктерді ескере отырып тағы басқалар. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне киім таңдау. Киімнің бөліктерін білу және олардың аттарын (жең, манжет, балақ, белдік, сырма және педагогтің таңдауы бойынша басқа) атау, оларды қызметіне сәйкес пайдалану. Тиісті маусым үшін қыз бен ұлға арналған күнделікті киетін аяқ киімді білу және олардың аттарын атау: бәтеңке, туфли, етік, сандал, кроссовка, үй тәпішкесі. Аяқ киімнің бөліктерін білу және атау (табан, өкше, қоныш, тіл, ілмек, бау және педагогтің таңдауы бойынша). Өз киіміндегі және аяқ киіміндегі ілгектерді (түймелерді, ілмектерді, сырмаларды, жабысқышты) ашып-жабу. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне бас киім таңдау: құлақшын, кепке, қалпақ, панама, орамал, бандана. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне бас киім таңдау. Көшеге, үйге, мерекеде киетін аяқ киімді

ажырату. Жылдың әр мезгіліне арналған күнделікті қазақ ұлттық ерлер мен әйелдер киімдерін тану және атау (педагогтың таңдауы бойынша). Білім алушының сыртқы келбетіне қойылатын талаптарға сәйкес өзінің сыртқы келбетін өздігінен бақылау;

2) тамақтану. Балалар мен жасөспірімдердің рационында сүт пен сүт өнімдерін қолдану. Сүт өнімдерінің ассортименті (дүкенге саяхат). Сүт түрлері: табиғи, құрғақ, қоюландырылған, қойытылған. Сүт өнімдерін тоңазытқышта сақтау ережелері мен мерзімдері.

Ас үй мен асхана ыдыстары (кастрюль, таба, табақ, терең және ұсақ тәрелкелер) құралдары (бөлшектеу тақтасы, оқтау, печеньеге арналған қалыптар), ас үй техникасы (электр шәйнек, блендер, электр плитасы, мультиварка). Тамақ дайындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы (өткір және кесетін заттарды, электр аспаптарын, газ плитасын пайдалану кезінде). Ас үйде тазалық пен тәртіп сақтау. Тамақ дайындау кезіндегі гигиеналық талаптар (тағамды қолданудан бұрын қолды жуу).

Сүт көже, сүт ботқасын дайындау (педагогтің таңдауы бойынша). Педагогтің таңдауы бойынша сүзбе құймағын, ірімшік көмешін, пудинг және басқа да сүт тағамдарын дайындау. Педагогтің таңдауы бойынша жартылай фабрикаттардан тағамдар (тұшпара, қайнақша (вареник), кисель, сорпа) дайындау. Сүтті шай, сүтті какао, сүтті кофе (еритін) дайындау. Дайын қамырдан печенье пісіру.

Таңғы асқа, түскі асқа дастарқан жаю, дастарқанға тағамдар салынған заттарды қою . Дастарқандағы адамдар санын ескере отырып, мектеп асханасында таңғы, түскі асқа дастарқан жаю. Мектептің асханасында таңғы астан кейін ыдыстарды жинау. Тамақтану кезінде дастарқан басындағы әрбір затты: шай ішетін кесені, табақшаны, қант салатын ыдысты, шай қасықты, майлықты және педагогтің таңдауы бойынша басқа заттарды қолдану ережелері. Тамақтану кезінде және одан кейін қағаз және маталы майлықтарды қолдану. Тамақтанғаннан кейін рахмет айту;

3) тұрғын үй. Тұрғын үй-жайлардың түрлері: көп пәтерлерлі үйлер , жеке үйлер. Көп пәтерлі және жекеменшік үйлерді экскурсияда, суретте тану. Қаладағы, ауылдағы тұрғын үйлердің ерекшеліктері (экскурсия).

Пәтер бөлмелерінің, үйлердің атауы мен мақсаты: (қонақ, жатын бөлмелері), және тұрғын емес үй-жайларды (ас үй, дәретхана). Қонақ бөлмесіне, жатын бөлмесіне, ас үйге, дәретханаға арналған жиһаз және интерьер заттарының атауы мен мақсаты: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре (киімге, кітапқа, ыдысқа), кіші сөре, қол жуғыш, унитаз. Тұрғын үй-жайлар (қонақ, жатын бөлме) және тұрғын емес үй-жайлар (ас үй, дәретхана) үшін жиһаздар мен интерьер заттарын саралау. Қонақ бөлменің, жатын бөлменің, ас үйдің, дәретхананың интерьерін жасау үшін жиһаздың миниатюралық үлгілерін пайдалану. Жасалған интерьерді тиімді пайдалану. Тұрмыстық техниканың атауы мен мақсаты: теледидар, тоңазытқыш, газ/электр плитасы, қол жуғыш, унитаз.

Тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың жиһазы мен интерьеріне ұқыпты қарау.

Тұрмыстық техниканы пайдалану ережелері: теледидар, тоңазытқыш, газ/электр плитасы, қол жуғыш, унитаз.

Үйде қауіпсіз жүріп-тұру ережелері (бейтаныс адамдарға кіретін есікті ашпау, ересектер болмаған кезде тұрмыстық техниканы, газ плитасын пайдаланбау, бейтаныс адамдармен телефонмен сөйлеспеу). Телефонмен сөйлесу әдебі (сәлемдесу, қоштасу, аты-жөнін айту). "Телефонмен сөйлесу" сюжеттік-рөлдік ойыны.

Үй интерьерін, сондай-ақ Бағдарламаның басқа бөлімдерінің мазмұнына сәйкес келетін заттар мен объектілерді көрсететін фотосуреттер бар білім алушының жеке кітабын (альбомын) жасау және пайдалану;

4) көлік. Қоғамдық және жеке көлікті білу, аттарын және мақсатын атау: автобус, троллейбус, такси, трамвай, метро (педагогтың таңдауы бойынша). Қоғамдық көліктің аялдамаларын білу, атау. Қоғамдық көлікте жұмыс істейтін адамдардың еңбегі. " Автобуспен (троллейбуспен) жүру" дидактикалық ойыны. Мамандандырылған машиналарды сыртқы түрі бойынша ажырату (жедел медициналық көмек, полиция, өрт сөндіру машинасы, педагогтің таңдауы бойынша басқа қызметтер). Полицияның, дәрігердің, өрт сөндірушінің міндеттері. Алыс сапарға жүретін көлік құралдары (пойыз). Көлік түрлерінің жүру тәсілдерін атау (автобус, көлік – жүреді, пойыз – жүйткиді).

Қоғамдық көлікте тәртіп ережелерін сақтау: отыру-түсу ережелері, жол жүру ақысын төлеу, салонда тәртіп сақтау, жасы үлкен жолаушыларға, жас балалары бар жолаушыларға орын беру және көмек көрсету. Жолда және жаяу жүргіншілер өтетін өткелде жүру тәртібінің қарапайым ережелері: тротуарды, көшенің жүру бөлігінен өтетін жаяу жүргіншілер өткелін пайдалану (қоқыс тастамау, айқайламау, итермеу). Бағдаршам сигналдарын білу және оны орындау. Жолда жүру ережелерін сақтамау кезіндегі қауіпті түсіну. Жолдағы төтенше жағдайлардың себептері, төтенше жағдайдағы тәртіп. Үйден мектепке және одан кері қайту жолын зерттеу. Қала бойынша жүретін бағыттар, үйінің мекенжайын атау;

5) халыққа қызмет көрсету саласы. Ересектермен бірге дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар), базарларға, емханаларға, дәріханаларға бару. Тауарларды сатып алу процесін, сатып алушының сатушымен, медициналық қызметкерлермен, дәріхана қызметкерлерімен қарым-қатынасын бақылау. Қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін орындау: айқайламау, жүгірмеу, айналадағы адамдарға агрессивті әрекет жасамау, қоршаған ортаға бүлдіру әрекеттерін жасамау, басқалардың заттарына тиіспеу. Сатушымен, дәрігермен, дәріхана қызметкерімен қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік мақұлданған тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген қызмет пен көмек үшін рахмет айту. Өзіне-өзі қызмет көрсету-азық-түлік дүкенінде тауарларды ересектермен бірге таңдау. Тауарды кассаға жеткізу үшін себетті, арбашаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, арбашаға мұқияттап салу. Таңдалған тауарды кассирдің,

сатушының алдындағы үстелге мұқият жылжыту. Дәріхананың мақсаты. Ең жақын дәріхананың орналасқан жері. "Дүкен", "Дәрігердің қабылдауында", "Дәріханада" сюжеттік-рөлдік ойындар;

6) денсаулық: дене күтімі. Гигиеналық заттар мен құралдар. Денені және шашты күтуге арналған құралдардың атауы бойынша тану (көрсету): тарақ, қол (бет) кремі, бетті жууға арналған көбік, сұйық сабын, шампунь, бальзам, душқа арналған гель, жөке , олардың мақсаты мен пайдаланылуы. 6-сынып материалын қайталау. Қол мен аяқты жуу дағдыларын бекіту, тырнақ қию, бет орамалды, қағаз сүлгіні пайдалану, суық тиген кезде мұрынды күту Электрлік қол кептіргішті пайдалану. Тырнақты күту үшін щетканы пайдалану. Шаш қыстырғыштарын, шаш байлауларын қолдану; суық тию кезінде мұрынға күтім жасау ережелері. Жеке интимдік гигиена ережелері, іш киімнің тазалығын күту қағидалары.

39. 8-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) киім. Тиісті маусымға сәйкес ұл мен қызға арналған күнделікті және мерекеде киетін киімдерді білу және олардың аттарын атау: шалбар, көйлек, белдемше, жейде, көйлек, алжапқыш, шұлық, колготки, спорттық костюм, күртке, пальто, тон, шарф, қолғап және педагогтің қалауы бойынша білім алушылардың мүмкіндіктері мен климаттық ерекшеліктерді ескере отырып тағы басқалар. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне киім таңдау. Киімнің бөліктерін білу және олардың аттарын (жең, манжет, балақ, белдік, сырма және педагогтің таңдауы бойынша басқа) атау, оларды қызметіне сәйкес пайдалану. Тиісті маусым үшін қыз бен ұлға арналған күнделікті киетін аяқ киімді білу және олардың аттарын атау: бәтеңке, туфли, етік, сандал, кроссовка, үй тәпішкесі. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне аяқ киім таңдау. Аяқ киімнің бөліктерін білу және атау (табан, өкше, қоныш, тіл, ілмек, бау және педагогтің таңдауы бойынша). Өз киіміндегі және аяқ киіміндегі ілгектерді (түймелерді, ілмектерді, сырмаларды, жабысқышты) ашып-жабу. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне бас киім таңдау: құлақшын, кепке, қалпақ, панама, орамал, бандана. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне бас киім таңдау. Көшеде, үйде, мерекеде киетін аяқ киімді ажырату. Жылдың әр мезгіліне арналған күнделікті қазақ ұлттық ерлер мен әйелдер киімдері мен аяқ киімдерін тану және атау (педагогтың таңдауы бойынша). Оқушының сыртқы келбетіне қойылатын талаптарға сәйкес өзінің сыртқы келбетін өз бетінше бақылау.

2) тамақтану. Қысқа (сүт, кондитерлік өнімдер) және ұзақ (жармалар, макарон өнімдері, тұз, қант, өсімдік майы) сақтау мерзімі бар өнімдерді атау. Ұзақ сақталатын тағамдарды (жарма, макарон өнімдері, тұз, қант, өсімдік майы) сақтау ережелері. Мерзімі ұзақ сақтау өнімдерді (жармалар, макарон өнімдері, тұз, қант) контейнерлерде

ас үй сөрелерде орналастыру. Көкөністерді қоймада, жер төлемінде, тоңазытқышта сақтау ережелері. Көкөністерді қоймада, жер төлемінде, тоңазытқышта сақтау тәсілдерін бақылау.

Ас үй және асхана ыдыстары (кастрөл, таба, табақ, терең және ұсақ тәрелкелер, тостақ), құралдар (бөлшектеу тақтасы, оқтау, печеньеге арналған қалыптар), педагогтің таңдауы бойынша ас үй техникасы (электр шәйнек, блендер, электр плитасы, мультиварка, микротолқынды пеші). Тамақ дайындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы (өткір және кесетін заттарды, электр аспаптарын, газ плитасын пайдалану кезінде). Ас үйде тазалық пен тәртіпті сақтау. Тамақ дайындаудағы гигиеналық талаптар (тағамды қолданудан бұрын қолды жуу).

Мектеп асханасында құс етінен дайындалған тағамдарды тану және атау. Құс етінен (тауық, үйрек, күркетауық) тағам дайындау: сорпа, көже, педагогтің таңдауы бойынша дайын құс етінен жасалған тағамдар. Құс етін тұмшапеште (мультипісіргіште) пісіру. Мектеп асханасында қамырдан дайындалған тағамдарды фотосуретте, иллюстрацияда тану және атау. Дайын қамырдан бұйымдар дайындау: бауырсақ, шелпек, бәліштер, самса және педагогтің таңдауы бойынша басқа заттар. Қалташа шай, шәйнекте, сүтті, лимон қосылған, шай дайындау.

Таңғы асқа, түскі асқа, түстен кейінгі тамақтануға дастарқан жаю, үстелге тағамдар салынған заттарды қою. Дастарқан басындағы адамдар санын ескере отырып, таңғы, түстік, түскі, кешкі асқа мектеп асханасында дастарқан жаю. Тамақтану кезінде әрбір тағам салынған заттарды қолдану ережелері: шай ішетін кесе, табақша, қант салатын ыдыс, шай қасық, майлық және педагогтің таңдауы бойынша басқа заттар. Тамақтану кезінде және одан кейін қағаз және маталы майлықтарды қолдану. Тамақтанғаннан кейін рахмет айту;

3) тұрғын үй. Экскурсияларға тұрғын үйлер мен басқа функционалды құрылыстарды саралау. Үй маңындағы аумақты абаттандыруды зерделеу: балалар алаңдары, орындықтар, күркелер, гүлзарлар. Үй маңындағы аумақта мінез-құлық қағидаларын орындау, мүлікке ұқыпты қарау. Тұрғын бөлмелерді (қонақ, жатын бөлме) және тұрғын емес үй-жайларды (ас үй, дәретхана, жуынатын бөлме) тану және атау, олардың мақсатын атау. Киіз үй құрылысының ерекшеліктері (дөңгелек, бүктеуге оңай, жеңіл, жылы, тасымалдауға ыңғайлы). Киіз үйдің қонақ, жатын, ас үй, дәретхана, жуынатын бөлме интерьерін жасау үшін жиһаздың шағын үлгілерін пайдалану. Жасалған интерьерді пайдалану.

Жиһаз бөліктерінің және интерьер заттарының атауы мен мақсаты: қонақ бөлмесіндегі, жатын бөлмесіндегі, ас үйдегі, дәретханадағы, жуынатын бөлмесіндегі: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре (киімге, кітапқа, ыдысқа), кіші сөре, жуғыш, унитаз, жуынғыш, гигиена құралдарына арналған таяқша, киім-кешекке арналған себет. Тұрмыстық техниканың атауы мен мақсаты: теледидар, тоңазытқыш, шаңсорғыш, газ/электр плитасы.

Тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың жиһазы мен интерьеріне ұқыпты қарау. Тұрмыстық техника және интерьер пайдалану ережелері: теледидар, тоңазытқыш, шаңсорғыш, газ/электр плитасы, қол жуғыш, унитаз, жуынғыш.

Үйде қауіпсіз жүріп-тұру ережелері (бейтаныс адамдарға кіретін есікті ашпау, ересектер болмаған кезде тұрмыстық техниканы, газ плитасын пайдаланбау, бейтаныс адамдармен телефонмен сөйлеспеу). Үй маңындағы аумақта өзін-өзі ұстау қағидалары, қоғамдық мүлікке ұқыпты қарау (орындықтар, күркелер, әткеншектер). Телефонмен сөйлесу әдебі (сәлемдесу, қоштасу, аты-жөнін айту). "Телефонмен сөйлесу сжеттік-рөлдік ойыны.

Үй интерьерін, сондай-ақ Бағдарламаның басқа бөлімдерінің мазмұнына сәйкес келетін заттар мен объектілерді көрсететін фотосуреттер бар білім алушының жеке кітабын (альбомын) жасау және пайдалану.

4) көлік. Қоғамдық және жеке көлікті білу, аттарын және мақсатын атау: автобус, троллейбус, такси, трамвай, метро (педагогтің таңдауы бойынша). Қоғамдық көліктің аялдамаларын білу, атау. Қоғамдық көлікте жұмыс істейтін адамдардың еңбегі. " Автобуспен (троллейбуспен) жүру" дидактикалық ойыны. Мамандандырылған машиналарды сыртқы түрі бойынша ажырату (жедел медициналық көмек, полиция, өрт сөндіру машинасы, педагогтің таңдауы бойынша басқа қызметтер). Полицияның, дәрігердің, өрт сөндірушінің міндеттері. Алыс сапарға жүретін көлік құралдары (пойыз, ұшақ). Көлік түрлерінің жүру тәсілдерін атау (автобус, көлік – жүреді, пойыз – жүйткиді, ұшақ – ұшады).

Қоғамдық көлікте тәртіп ережелерін сақтау: отыру-түсу ережелері, жол жүру ақысын төлеу, салонда тәртіп сақтау, жасы үлкен жолаушыларға, жас балалары бар жолаушыларға орын беру және көмек көрсету. Жолда және жаяу жүргіншілер өткелінде жүрудің қарапайым ережелері: тротуарды, көшенің жүру бөлігінен өтетін жаяу жүргіншілер өткелін пайдалану (қоқыс тастамау, айқайламау, итермеу). Бағдаршам сигналдарын білу және оны орындау. Жолда жүру ережелерін сақтамау кезіндегі қауіпті түсіну. Жолдағы төтенше жағдайлардың себептері, төтенше жағдайдағы тәртіп. Үйден мектепке және одан кері қайту жолын зерттеу. Қала бойынша жүру бағыттары, үйінің мекенжайын атау.

5) халыққа қызмет көрсету саласы. Ересектермен бірге дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар), базарларға, емханаларға, дәріханаларға, поштаға бару. Тауарларды сатып алу процесін, сатып алушының сатушымен, медициналық қызметкерлермен, пошта, дәріхана қызметкерлерімен қарым-қатынасын бақылау. Қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін орындау: айқайламау, жүгірмеу, айналадағы адамдарға агрессивті әрекет жасамау, қоршаған ортаға бүлдіру әрекеттерін жасамау, басқалардың заттарына тиіспеу. Сатушымен, дәрігермен, дәріхана, пошта қызметкерімен қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік мақұлданған тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген қызмет пен көмек үшін рахмет айту. Өзіне-өзі қызмет

көрсету-азық-түлік дүкенінде тауарларды ересектермен бірге таңдау. Тауарды кассаға жеткізу үшін себетті, арбашаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, арбашаға мұқияттап салу. Таңдалған тауарды кассирдің, сатушының алдындағы үстелге мұқият жылжыту. "Азық-түлік дүкені", "Дәрігердің қабылдауында", "Дәріханада", "Поштада" сюжеттік-рөлдік ойындары;

6) денсаулық: дене күтімі. Гигиена заттары мен құралдары. Денеге және шашқа күтім жасау құралдарының атауы бойынша тану (көрсету): тарақ, қол (бет) кремі, бетті жууға арналған көбік, сұйық сабын, сусабын, бальзам, душқа арналған гель, жөке, олардың мақсаты мен қолданылуы. Гигиеналық дағдыларды бекіту: қол мен аяқты жуу, тырнақты қию, қағаз сүлгіні, бет орамалды пайдалану. Құлақтың гигиеналық күтімі ережесі, мақта дискілері мен таяқшаларды пайдалану, шашты жуу ережесі. Дененің таңертеңгі және кешкі жуыну тәртібі, жеке гигиена, іш киімнің тазалығын күту ережелерін орындау.

40. 9-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) киім. Тиісті маусымға сәйкес ұл мен қызға арналған күнделікті және мерекеде киетін киімдерді білу және олардың аттарын атау: шалбар, көйлек, белдемше, жейде, көйлек, алжапқыш, шұлық, колготки, спорттық костюм, күртке, плащ, пальто, тон, шарф, қолғап және педагогтің қалауы бойынша білім алушылардың мүмкіндіктері мен климаттық ерекшеліктерді ескере отырып тағы басқалар. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне киім таңдау. Киімнің бөліктерін білу және олардың аттарын (жең, манжет, балақ, белдік, сырма және педагогтің таңдауы бойынша) атау, оларды қызметіне сәйкес пайдалану. Тиісті маусым үшін қыз бен ұлға арналған күнделікті киетін аяқ киімді білу және олардың аттарын атау: бәтеңке, туфли, етік, сандал, кроссовка, үй тәпішкесі. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне аяқ киім таңдау. Аяқ киімнің бөліктерін білу және атау (табан, өкше, қоныш, тіл, ілмек, бау және педагогтің таңдауы бойынша басқа). Өз киіміндегі және аяқ киіміндегі ілгектерді (түймелерді, ілмектерді, сырмаларды, жабысқышты) ашып-жабу. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне бас киім таңдау: құлақшын, кепке, қалпақ, панама, орамал, бандана. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне бас киім таңдау. Көшеде, үйде, мерекеде киетін аяқ киімді ажырату. Жылдың әр мезгіліне арналған күнделікті қазақ ұлттық ерлер мен әйелдер киімдерін, аяқ киімдері мен бас киімдерін тану және атау (педагогтың таңдауы бойынша). Оқушының сыртқы келбетіне қойылатын талаптарға сәйкес өзінің сыртқы келбетін өз бетінше бақылау.

2) тамақтану. Көкөністер мен жемістерді пайдалануға дайындау: жуу, тазалау, бөлшектеп кесу Балық пен теңіз өнімдерінің адам тамақтануындағы маңызы. Балық өнімдерінің ассортименті (дүкенге саяхат). Балық өнімдерінің жіктелуі: тірі, салқындатылған және тоңазытылған, тұздалған, қақталған, кептірілген, ысталған балық . Балықты қайта өңдеу өнімдері: жартылай фабрикаттар, аспаздық өнімдер. Балық консервілері мен пресервалар. Уылдырық өнімдері. Балық өнімдерін сақтау ережелері

мен мерзімдері. Қамырмен жұмыс істеу дағдыларын бекіту (бауырсақ, шелпек, самса, бәліштер дайындау).

Ас үй және асхана ыдыстары (кастрөл, таба, табақ, тостақ, кіші кірім тостақ, салат салғыш), құралдар (кесу тақтасы, пісіруге арналған фольга), ас үй техникасы (электр шәйнек, блендер, электр плитасы, мультиварка, микротолқынды пеші). Тамақ дайындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы (өткір және кесетін заттарды, электр аспаптарын, газ плитасын пайдалану кезінде). Ас үйде тазалық пен тәртіп сақтау. Тамақ дайындаудағы гигиеналық талаптар (тағамды қолданудан бұрын қолды жуу).

Балық өнімдерінен бутербродтар дайындау. Педагогтің таңдауы бойынша балық пен консервіленген балықты пайдалану арқылы салаттар дайындау. Балық сорпаларын дайындау. Балық қуыру және пісіру. Жартылай фабрикаттан балық тағамдарын дайындау. Жартылай фабрикаттан кисель дайындау. Шай қалташаларынан шай демдеу, қайнатылған шәйнекте шай қайнату, сүтпен, лимонмен шай дайындау.

Таңғы асқа, түскі асқа, мерекеге дастарқан жаю, дастарқан басындағы адамдардың санын ескере отырып, дастарқанға тағамдар салынған заттарды қою. Мектеп асханасында таңғы, түскі, түстік, кешкі дастарқан жаю. Таңғы, түскі, түстік астан кейін асханадағы үстелді жинау. Тамақтану кезінде әрбір тағам салынған заттарды қолдану ережелері: шай ішетін кесе, табақша, қант салатын ыдыс, шай қасық, майлық және педагогтің таңдауы бойынша басқалар. Тамақтану кезінде және одан кейін қағаз және маталы майлықтарды қолдану. Тамақтанғаннан кейін рахмет айту;

3) тұрғын үй. Экскурсияларда тұрғын үйлер мен басқа функционалды құрылыстарды саралау. Үй маңындағы аумақты: балалар алаңдарын, орындықтарды, беседкаларды, гүлзарларды абаттандыруды зерделеу. Үй маңындағы аумақта мінез-құлық қағидаларын орындау, мүлікке ұқыпты қарау. Тұрғын бөлмелерді (қонақ бөлме, жатын бөлме) және тұрғын емес үй-жайларды (ас үй, дәретхана, жуынатын бөлме, кіреберіс бөлме) тану және атау, олардың мақсатын атау. Киіз үй құрылысының ерекшеліктері (дөңгелек, бүктеуге оңай, жеңіл, жылы, тасымалдауға ыңғайлы). Киіз үйдің интерьерін жасау үшін қонақ, жатын, ас үй, дәретхана, жуынатын бөлме интерьерін жасау үшін жиһаздың шағын үлгілерін пайдалану. Жасалған интерьерді пайдалану.

Қонақ, жатын, ас үйдегі, дәретханадағы, жуынатын бөлмесіндегі, кіреберістегі бөлме жиһаз бөліктерінің және интерьер атаулары мен мақсаты: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре (киімге, кітапқа, ыдысқа, аяқ киімге, сыртқы киімге арналған сөре), кіші сөре, жуыну орны, унитаз, ванна, гигиена құралдарына арналған таяқшалар, іш киімге арналған себет. Тұрмыстық техниканың атауы мен мақсаты: теледидар, шаңсорғыш, кір жуғыш машина, газ/электр плитасы.

Тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың жиһазы мен интерьеріне ұқыпты қарау. Тұрмыстық техника мен интерьер заттарын пайдалану қағидалары: теледидар, тоңазытқыш, шаңсорғыш, кір жуғыш машина, газ/электр плитасы, қол жуғыш, унитаз,

жуунғыш. Үйде қауіпсіз жүріп-тұру ережелері (бейтаныс адамдарға кіретін есікті ашпау, ересектер болмаған кезде тұрмыстық техниканы, газ плитасын пайдаланбау, бейтаныс адамдармен сөйлеспеу). Үй маңындағы аумақта өзін-өзі ұстау қағидалары, қоғамдық мүлікке ұқыпты қарау (орындықтар, күркелер, әткеншектер). Телефонмен сөйлесу әдебі (сәлемдесу, қоштасу, аты-жөнін айту). "Телефонмен сөйлесу" сюжеттік-рөлдік ойыны.

Үй интерьерін, сондай-ақ Бағдарламаның басқа бөлімдерінің мазмұнына сәйкес келетін заттар мен объектілерді көрсететін фотосуреттер бар білім алушының жеке кітабын (альбомын) жасау және пайдалану;

6.1 Дене күтімі	9.6.1.1 теріні күту құралдарын таңдау (крем, дезодорант, лосьон)
	9.6.1.2 құлақ гигиенасын орындау, мақта дискілері мен таяқшаларын пайдалану тырнақ араларын пайдалану, басқа оқушыға гигиеналық процедураларды орындауға көмек көрсету.
	9.6.1.3 дене, шаш тазалығын өз бетінше қадағалай білу, қажетті гигиеналық процедураларды орындай білу (шашты, денені жуу, шаю, сүлгімен кептіру)
2-тоқсан	
1.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	9.1.1.3 күнделікті, мерекелік және спортпен айналысуға арналған аяқ киімді атау және саралау
	9.1.1.4 аяқ киімнің бөліктерін білу және атау (табан, өкше, қоныш, тіл, ілгек, жабысқақ)
	9.1.1.9 көшеге, үйге, мерекеде киетін аяқ киімдерді ажырату
2.3 Тамақ дайындау	9.2.3.1 ас үйде тазалық пен тәртіп сақтау
	9.2.3.2 тамақ пісіру кезінде қауіпсіздікті сақтау
	9.2.3.3 балық өнімдерінің бутербродтарын дайындау
	9.2.3.4 педагогтің таңдауы бойынша балық пен балық консервілерін пайдалану арқылы салаттар дайындау
	9.2.3.5 балық сорпасын дайындау
2.4 Тамақтану мәдениеті	9.2.4.3 тамақтану кезінде және одан кейін қағаз және маталы майлықты қолдану
	9.2.4.4 тамақтанар алдында астың дәмді болуын қалау, тамақтанғаннан кейін ауызша рахмет айту/ ишарамен алғыс білдіру
	9.4.2.1 қоғамдық көлік салонына отырып-түсу, жол ақысын төлеу, тәртіп ережелерін сақтау
	9.4.2.2 жолда және жаяу жүргіншілер өтетін жолда тәртіп ережелерін орындау: тротуарды, көшенің жүру бөлігінен өтетін жаяу жүргіншілер өткелін пайдалану
	9.4.2.3 бағдаршам сигналдарын орындау

4.2 Көлік пен жолда жүру тәртіп мәдениеті	9.4.2.4 үйден мектепке және одан кері қайтатын жолды білу
	9.4.2.5 сыртқы түрі бойынша мамандандырылған машиналарды ажырату (жедел медициналық көмек, полиция, өрт сөндіру машинасы, педагогтің таңдауы бойынша тағы басқа қызметтер)
	9.4.2.6 дәрігердің, полицейдің, өрт сөндірушінің міндеттерін білу және атау
	9.4.2.7 жол қозғалысы ережелерін сақтамау кезіндегі қауіпті түсіну
5.1 Халыққа қызмет көрсету саласының объектілері	9.5.1.1 ересектермен бірге дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар), базарларға, емханаға, дәріханаға, поштаға, кафеге бару
	9.5.1.2 өзіне-өзі қызмет көрсету-азық-түлік дүкенінен тауарлар таңдау, сатып алғаны үшін ақы төлеу
	9.5.1.3 өзіне-өзі қызмет көрсету-дүкенде азық-түлікті кассаға жеткізу үшін себетті, арбашаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, арбашаға мұқияттап салу
6.1 Дене күтімі	9.6.1.2 құлақ гигиенасын орындау, мақта дискілері мен таяқшаларын пайдалану тырнақ араларын пайдалану, басқа оқушыға гигиеналық процедураларды орындауға көмек көрсету.
	9.6.1.3 дене, шаш тазалығын өз бетінше қадағалай білу, қажетті гигиеналық процедураларды орындай білу (шашты, денені жуу, шаю, сүлгімен кептіру)
	9.6.1.4 суық тию кезінде мұрынға және тамақты күтім жасау ережесін орындау
3-тоқсан	
1.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	9.1.1.5 маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне киім таңдау
	9.1.1.6 маусымға және ауа-райына сәйкес аяқ киім таңдау, аяқ киімді кию үшін оны киетін құралды қолдану
2.3 Тамақ дайындау	9.2.3.6 балықты қуыру, жартылай фабрикаттардан балық тағамдарын дайындау, дайын қамырдан бауырсақ пісіру
	9.2.3.7 балықты тұмшапеште пісіру, қамырдан шелпек пісіру
	9.2.3.8 жартылай фабрикаттан кисель дайындау
	9.2.3.9 қалташадағы шайды шәйнекте демдеу
2.2 Ас үй және асхана ыдыстары, техника	9.2.2.1 педагогтың таңдауы бойынша ас үй мен асханалық ыдыстарды, құралдарды, ас үйдің техникалық жабдықтарын білу және атау
	9.2.2.2 газ немесе электр плитасын, тұмшапешті білу және атау

	9.2.2.3 педагогтің таңдауы бойынша асүй мен асханалық ыдыстарды, құралдарды, техниканы қолдану
2.4 Тамақтану мәдениеті	9.2.4.5 проблемалық жағдайларда көмек сұрау (қасық болмағанда, нан таусылып қалғанда, майлық жетіспегенде, тамақтанғаннан кейін өзін нашар сезінгенде)
	9.2.4.6 көмек көрсеткені үшін рахмет айту
3.2 Жиһаз, тұрмыстық техника	9.3.2.1 қонақ, жатын, ас үйдегі, дәретханадағы, жуынатын бөлмесіндегі, кіреберістегі бөлме жиһаз бөліктерінің және интерьер заттарын білу және атау: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре (киімге, кітапқа, ыдысқа, аяқ киімге, сыртқы киімге арналған сөре), кіші сөре, жуыну орны, унитаз, жуыну орны, гигиена құралдарына арналған таяқшалар, іш киімге арналған себет
	9.3.2.2 қонақ, жатын ас үй бөлмедесінде, дәретханада, жуынатын бөлмеде жиһаз және интерьер заттарының мақсатын атау: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре (киімге, кітапқа, ыдысқа, аяқ киімге, сыртқы киімге), кіші сөре, жуыну орны, унитаз, гигиена құралдарына арналған таяқшалар, іш киімге арналған себет
	9.3.2.7 қонақ, жатын, ас үй бөлмесі, дәретханаға, жуынатын, кіреберіс бөлмеге арналған жиһаз заттарын саралау
	9.3.2.3 тұрмыстық техника заттарын білу және атау: теледидар, тоңазытқыш, шаңсорғыш, кір жуу машинасы газ/электр плитасы
	9.3.2.4 тұрмыстық техника заттарының мақсатын атау: теледидар, тоңазытқыш, шаңсорғыш, кір жуу машинасы газ/электр плитасы
	9.3.2.8 қонақ, жатын, ас үй бөлме, дәретхана, жуынатын, кіреберіс бөлме интерьерін жасау үшін жиһаздың шағын үлгілерін пайдалану; киіз үй интерьері
	9.3.2.5 білім алушы тұратын пәтердің/үйдің интерьерін бейнелейтін фотосуреттер бар білім алушының жеке кітабын (альбомын) жасау және пайдалану
	9.3.2.6 жиһаз заттарына және тұрмыстық техникаға ұқыпты қарау; тұрмыстық техника мен интерьер заттарын пайдалану ережелерін сақтау
6.1 Дене күтімі	9.6.1.3 дене, шаш тазалығын өз бетінше қадағалай білу, қажетті гигиеналық процедураларды орындай білу (шашты, денені жуу, шаю, сүлгімен кептіру)
	9.6.1.5 шашты сәндеуге арналған құралдарды қолдану (гель, мусс, көбік)
	9.6.1.6 жеке гигиена, іш киімнің тазалығын күту ережелерін орындау

4-тоқсан	
1.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	9.1.1.7 7 өз киімінде және аяқ киіміндегі ілгектерді (түймелерді, батырмаларды, сыдырманы, ілмектерді, жабысқақты) салу және ағыту
	9.1.1.8 әр мезгілге арналған жас өспірім мен қыз баланың бас киімдерін атау және саралау
	9.1.1.10 маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне бас киім таңдау
	9.1.1.11 өзінің сыртқы келбетін айнаның көмегімен бақылау
	9.1.1.12 жылдың әр мезгіліне арналған күнделікті қазақ ұлттық ерлер мен әйелдер киімдері, аяқ киімдері мен бас киімдерді тану және атау
2.3 Тамақ дайындау	9.2.3.6 балықты қуыру, жартылай фабрикаттардан балық тағамдарын дайындау, дайын қамырдан бауырсақ пісіру
	9.2.3.7 балықты тұмшапеште пісіру, қамырдан шелпек пісіру
	9.2.3.8 жартылай фабрикаттан кисель дайындау
	9.2.3.9 қалташадағы шай, демдеуш шәйнекте, лимон қосылған шай дайындау
2.4 Тамақтану мәдениеті	9.2.4.7 басқа білім алушыға көмек көрсету (майлық беру, қасық әкелу, шырын құйып беру)
	9.2.4.8 дастарқан басындағы адамдардың санын ескере отырып, таңғы асқа, түскі асқа, мерекеге дастарқан жаю
5.1 Халыққа қызмет көрсету саласының объектілері	9.5.1.1 ересектермен бірге дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар), базарларға, емханаға, дәріханаға, поштаға, кафеге бару
	9.5.1.2 өзіне-өзі қызмет көрсету-азық-түлік дүкенінен азық-түлік таңдау, сатып алғаны үшін ақы төлеу
	9.5.1.3 өзіне-өзі қызмет көрсету-дүкенде азық-түлікті кассаға жеткізу үшін себетті, арбашаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, арбашаға мұқияттап салу
	9.5.1.4 жедел жәрдем телефондарын атау: жедел медициналық көмек, өрт сөндіру қызметі
5.2. Әлеуметтік мекемелердегі тәртіп мәдениеті	9.5.2.1 қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін сақтау: айқайламау, жүгірмеу, айналадағы адамдарға қатысты агрессивті әрекеттер, қоршаған ортаға қатысты бүлдіру әрекеттерін жасамау, басқалардың заттарына тиіспеу (алмау)
	9.5.2.2 сатушымен, дәрігермен, пошта қызметкерімен, дәріханамен байланысудың әлеуметтік мақұлданған тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген көмек пен қызмет үшін рахмет айту

	9.5.2.3 кафеге бару, дастарқан басында мәдени тәртіп дағдыларын қолдану, бейтаныс адамдармен (кафе қызметкерлерімен) қарым-қатынас жасау, ұқыпты тамақтану, ас құралдарын, майлықтарды дұрыс пайдалану
6.1 Дене күтімі	9.6.1.2 құлақ гигиенасын орындау, мақта дискілері мен таяқшаларын пайдалану тырнақ араларын пайдалану, басқа оқушыға гигиеналық процедураларды орындауға көмек көрсету.
	9.6.1.5 шашты сәндеуге арналған құралдарды қолдану (гель, мусс, көбік)
	9.6.1.6 жеке гигиена, іш киімнің тазалығын күту ережелерін орындау

6) 10-сынып

бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1-тоқсан	
1.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	10.1.1.1 жас өспірім мен қыз балаға арналған күнделікті, мерекелік киімдерді және спортпен айналысуға арналған киімдерді атау және саралау
	10.1.1.2 киімнің бөліктерін (жең, манжет, шалбар, белдік, сырма және педагогтің таңдауы бойынша тағы басқа) білу және атау
	10.1.1.11 өзінің сыртқы келбетін айнаның көмегімен бақылау
2.1 Азық-түлік	10.2.1.1 мектеп асханасында суретте, иллюстрацияда, ет тағамдарын тану және атау,
	10.2.1.2 тоңазытқышта сақталатын тағамдарды атау
	10.2.1.3 ет өнімдерін тоңазытқышқа салу, дайын тағамдарды сақтау үшін контейнерлерді қолдану
2.2 Ас үй және асхана ыдыстары, техника	10.2.2.1 ас үй мен асхана ыдыстарын (кастрөл, таба, қаңылтыр таба, тәрелке, тостаған, салат салғыш), құрылғыларды, техниканы (электр шәйнек, блендер, мультиварка, микротолқынды пешті) білу және ата
	10.2.2.2 газ немесе электр плитасын, тұмшапешті білу және атау
	10.2.2.3 педагогтің таңдауы бойынша ас үй мен асханалық ыдыстарды, құралдарды, техниканы қолдану
2.3 Тамақ дайындау	10.2.3.1 ас үйде тазалық пен тәртіп сақтау
	10.2.3.2 тамақ пісіру кезінде қауіпсіздікті сақтау
	10.2.3.3 көжелерді көкөніс пен ет сорпасында дайындау
	10.2.3.4 қамыр дайындап, құймақ пісіру, қамырды дайындап, бауырсақ (шелпек) пісіру
	10.2.3.5 қамыр дайындап, "Шарлотка" алма бәлішін пісіру

2.4 Тамақтану мәдениеті	10.2.4.1 тамақтанар алдында қолды жуу; тамақтанғаннан кейін ауызды сумен шаю
	10.2.4.2 дастарханның әрбір аспабын және ас құралдарын мақсатына қарай пайдалану (шай мен ас ыдыс-аяқ, қасықтар, шанышқы, пышақ, майлық)
	10.2.4.9 таңғы, түскі, түстік, кешкі асқа дастарқан басындағы адамдар санын ескере отырып, мектеп асханасында дастарқан әзірлеу
	10.2.4.10 Мектептің асханасында таңғы, түскі, түстік астан кейін ыдыстарды жинау.
3.1 Тұрғын үй-жай түрлері	10.3.1.1 экскурсияда тұрғын үйлерді басқа функционал құрылыстарынан айқындау
	10.3.1.2 тұрғын (қонақ, жатын бөлме) және тұрғын емес (ас үй, дәретхана, жуынатын, кіреберіс бөлме, қойма) бөлмелерді білу, атау
	10.3.1.3 киіз үй құрылысының ерекшеліктерін атау
	10.3.1.4 үйде қауіпсіз тәртіп ережелерін орындау: бейтаныс адамдарға кіретін есікті ашпау, ересектер болмаған кезде тұрмыстық техниканы, газ плитасын пайдаланбау, телефон арқылы бейтаныс адамдармен телефон ен сөйлеспеу
	10.3.1.5 телефонмен сөйлесу әдебін сақтау
	10.3.1.6 үй маңындағы, мектеп маңындағы аумақта өзін-өзі ұстау ережелерін орындау, қоғамдық мүлікке ұқыпты қарау (орындықтар, күркелер, әткеншектер)
4.1 Көлік түрлері	10.4.1.1 қоғамдық және жеке көліктің (педагогтың таңдауы бойынша), алыс сапарға жүретін көліктің (поезд, ұшақ, теплоход) түрі мен мақсатын білу, атау
	10.4.1.2 көлік түрлерінің жүру тәсілдерін атау (автобус, көлік - жүреді, пойыз - жүйткиді, ұшақ - ұшады, пароход - жүзеді)
	10.4.1.3 қоғамдық көлік аялдамасының орнын табу, бағыт нөмірін білу
6.1 Дене күтімі	10.6.1.1 теріні күту құралдарын таңдау (крем, дезодорант, лосьон)
	10.6.1.2 құлақ гигиенасын орындау, мақта дискілері мен таяқшаларын пайдалану тырнақ араларын пайдалану, басқа оқушыға гигиеналық процедураларды орындауға көмек көрсету
	10.6.1.5 шашты сәндеуге арналған құралдарды қолдану (гель, мусс, көбік, спрей)
	10.6.1.6 жеке гигиена, іш киімнің тазалығын күту ережелерін орындау
2-тоқсан	
	10.1.1.3 күнделікті, мерекелік аяқ киімді және спортпен айналысуға арналған аяқ киімді атау және саралау

1.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	10.1.1.4 аяқ киімнің бөліктерін білу және атау (табан, өкше, қоныш, тіл, ілгек, жабысқақ бау)
	10.1.1.9 көшеге, үйге, мерекеде киетін аяқ киімдерді ажырату
2.3 Тамақ дайындау	10.2.3.1 ас үйде тазалық пен тәртіп сақтау
	10.2.3.2 тамақ пісіру кезінде қауіпсіздікті сақтау
	10.2.3.3 көжелерді көкөніс пен ет сорпасында дайындау
	10.2.3.4 қамыр дайындап, құймақ пісіру, қамырды дайындап, бауырсақ (шелпек) пісіру
	10.2.3.5 қамыр дайындап, "Шарлотка" алма бәлішін пісіру
2.4 Тамақтану мәдениеті	10.2.4.3 тамақтану кезінде және одан кейін қағаз және маталы майлықты қолдану
	10.2.4.4 тамақтанар алдында астың дәмді болуын қалау, тамақтанғаннан кейін ауызша рахмет айту/ ишарамен алғыс білдіру
4.2 Көлік пен жолда жүру тәртіп мәдениеті	10.4.2.1 қоғамдық көлік салонына отырып-түсу, жол ақысын төлеу, тәртіп ережелерін сақтау
	10.4.2.2 жолда және жаяу жүргіншілер өтетін жолда тәртіп ережелерін орындау: тротуарды, көшенің жүру бөлігінен өтетін жаяу жүргіншілер өткелін пайдалану
	10.4.2.3 бағдаршам сигналдарын орындау
	10.4.2.4 үйден мектепке және одан кері қайтатын жолды білу
	10.4.2.5 сыртқы түрі бойынша мамандандырылған машиналарды ажырату (жедел медициналық көмек, полиция, өрт сөндіру машинасы, педагогтің таңдауы бойынша тағы басқа қызметтер)
	10.4.2.6 дәрігердің, полицейдің, өрт сөндірушінің міндеттерін білу және атау
	10.4.2.7 жол қозғалысы ережелерін сақтамау кезіндегі қауіпті түсіну
5.1 Халыққа қызмет көрсету саласының объектілері	10.5.1.1 ересектермен бірге дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар), базарларға, емханаға, дәріханаға, поштаға, кафеге бару
	10.5.1.2 өзіне-өзі қызмет көрсету, азық-түлік дүкенінен тауарлар таңдау, сатып алғаны үшін ақы төлеу
	10.5.1.3 өзіне-өзі қызмет көрсету, дүкенде азық-түлікті кассаға жеткізу үшін себетті, арбашаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, арбашаға мұқияттап салу
	10.6.1.1 теріні күту құралдарын таңдау (крем, дезодорант, лосьон)
	10.6.1.2 құлақ гигиенасын орындау, мақта дискілері мен таяқшаларын пайдалану тырнақ араларын

6.1 Дене күтімі	пайдалану, басқа оқушыға гигиеналық процедураларды орындауға көмек көрсету
	10.6.1.3 дене, шаш тазалығын өз бетінше қадағалай білу, қажетті гигиеналық процедураларды орындай білу (жуыну, душ)
3-тоқсан	
1.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	10.1.1.5 маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне киім таңдау
	10.1.1.6 маусымға және ауа-райына сәйкес аяқ киім таңдаңыз, аяқ киімді кию үшін оны киетін құралды қолдану
2.2 Ас үй және асхана ыдыстары, техника	10.2.2.1 педагогтің таңдауы бойынша асүй мен асханалық ыдыстарды, құралдарды, ас үйдің техникалық жабдықтарын білу және атау
	10.2.2.2 газ немесе электр плитасын, тұмшапешті білу және атау
	10.2.2.3 ас үй мен асхана ыдыстарын (кастрөл, таба, қанылтыр табақ, терең және ұсақ тәрелкелер салат салғыш), құралдарды (бөлшектеу тақтасы), техниканы қолдану
2.3 Тамақ дайындау	10.2.3.6 дайын қамырдан жасалатын бәліштерге жай салмалар (педагогтің таңдауы бойынша алма, асқабақ, сүзбе, кептірілген жемістер) дайындау
	10.2.3.7 дайын қамырдан тұмшапеште бәліштер, қаусырма, самса дайындау
	10.2.3.8 туралған еттен тағамдар дайындау
	10.2.3.9 қалташадағы шай, демдеуіш шәйнекте, сүтті шай, лимон қосылған шай дайындау
2.4 Тамақтану мәдениеті	10.2.4.5 проблемалық жағдайларда көмек сұрау (қасық болмағанда, нан таусылып қалғанда, майлық жетіспегенде, тамақтанғаннан кейін өзін нашар сезінгенде)
	10.2.4.6 көмек көрсеткені үшін рахмет айту
	10.3.2.1 қонақ, жатын, ас үйдегі, дәретханадағы, жуынатын бөлмесіндегі, кіреберістегі бөлме жиһаз бөліктерінің және интерьер заттарын білу және атау: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре (киімге, кітапқа, ыдысқа, аяқ киімге, сыртқы киімге арналған сөре), кіші сөре, жуыну орны, унитаз, жуыну орны, гигиена құралдарына арналған таяқшалар, іш киімге арналған себет
	10.3.2.2 қонақ, жатын ас үй бөлмедесінде, дәретханада, жуынатын бөлмеде жиһаз және интерьер заттарының мақсатын атау: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре (киімге, кітапқа, ыдысқа, аяқ киімге, сыртқы киімге), кіші сөре, жуыну орны, унитаз, гигиена құралдарына арналған таяқшалар, іш киімге арналған себет

3.2 Жиһаз, тұрмыстық техника	10.3.2.7 қонақ, жатын, ас үй бөлмесі, дәретханаға, жуынатын, кіреберіс бөлмеге арналған жиһаз заттарын саралау
	10.3.2.3 тұрмыстық техника заттарын білу және атау : теледидар, тоңазытқыш, шаңсорғыш, кір жуу машинасы газ/электр плитасы
	10.3.2.4 тұрмыстық техника заттарының мақсатын атау: теледидар, тоңазытқыш, шаңсорғыш, кір жуу машинасы газ/электр плитасы
	10.3.2.8 қонақ, жатын, ас үй бөлме, дәретхана, жуынатын, кіреберіс бөлме интерьерін жасау үшін жиһаздың шағын үлгілерін пайдалану; киіз үй интерьері
	10.3.2.5 білім алушы тұратын пәтердің/үйдің интерьерін бейнелейтін фотосуреттер бар білім алушының жеке кітабын (альбомын) жасау және пайдалану
	10.3.2.6 жиһаз заттарына және тұрмыстық техникаға ұқыпты қарау; тұрмыстық техника мен интерьер заттарын пайдалану ережелерін сақтау
6.1 Дене күтімі	10.6.1.3 дене, шаш тазалығын өз бетінше қадағалай білу, қажетті гигиеналық процедураларды орындай білу (жуыну, душ)
	10.6.1.4 дене температурасын анықтау үшін термометрді қолдану
	10.6.1.5 шашты сәндеуге арналған құралдарды қолдану (гель, мусс, көбік, спрей)
4-тоқсан	
1.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	10.1.1.7 өз киімінде және аяқ киіміндегі илгектерді (түймелерді, батырмаларды, сыдырманы, ілмектерді, жабысқақты, бауды) салу және ағыту
	10.1.1.8 әр мезгілге арналған жас өспірім мен қыз баланың бас киімдерін атау және саралау
	10.1.1.10 маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне бас киім таңдау
	10.1.1.11 өзінің сыртқы келбетін айнаның көмегімен бақылау
	10.1.1.12 әр жыл мезгілдеріне арналған күнделікті және мерекелік (салтанатты) қазақ ұлттық ерлер мен әйелдер киімдерінің, аяқ киімдер мен бас киімдердің заттарын атау және ажырату
2.3 Тамақ дайындау	10.2.3.6 дайын қамырдан пирожныйлар мен пирогтарға қарапайым толтыруды (педагогтың таңдауы бойынша алма, асқабақ, сүзбе, кептірілген жемістер) дайындаңыз
	10.2.3.7 дайын қамырдан тұмшапеште бәліштер, қаусырма, самса дайындау
	10.2.3.8 туралған еттен тағамдар дайындау

	10.2.3.9 қалташадағы шай, демдеуіш шәйнекте, сүтті шай, лимон қосылған шай дайындау
2.4 Тамақтану мәдениеті	10.2.4.7 басқа білім алушыға көмек көрсету (майлық беру, қасық әкелу, шырын құйып беру)
	10.2.4.8 дастарқан басындағы адамдар санын ескере отырып, таңғы асқа, түскі асқа, мерекеге дастарқан жаю
5.1 Халыққа қызмет көрсету саласының объектілері	10.5.1.1 ересектермен бірге дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар), базарларға, емханаға, дәріханаға, поштаға, кафеге бару
	10.5.1.2 өзіне-өзі қызмет көрсету-азық-түлік дүкенінен тауарлар таңдау, сатып алғаны үшін ақы төлеу
	10.5.1.3 өзіне-өзі қызмет көрсету-дүкенде азық-түлікті кассаға жеткізу үшін себетті, арбашаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, арбашаға мұқияттап салу
	10.5.1.4 жедел жәрдем телефондарын атау: жедел медициналық көмек, өрт сөндіру қызметі
5.2 Әлеуметтік мекемелердегі мінез-құлық мәдениеті	10.5.2.1 қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін сақтау: айқайламау, жүгірмеу, айналадағы адамдарға қатысты агрессивті әрекеттер, қоршаған ортаға қатысты бүлдіру әрекеттерді жасамау, басқалардың заттарына тиіспеу (алмау)
	10.5.2.2 сатушымен, дәрігермен, пошта қызметкерімен, дәріханамен байланысудың әлеуметтік мақұлданған тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген көмек пен қызмет үшін рахмет айту
	10.5.2.3 кафеге бару, дастарқан басында мәдени тәртіп дағдыларын қолдану, бейтаныс адамдармен (кафе қызметкерлерімен) қарым-қатынас жасау, ұқыпты тамақтану, ас құралдарын, майлықтарды дұрыс пайдалану
6.1 Дене күтімі	10.6.1.3 дене, шаш тазалығын өз бетінше қадағалай білу, қажетті гигиеналық процедураларды орындай білу (жуыну, душ)
	10.6.1.4 дене температурасын анықтау үшін термометрді қолдану
	10.6.1.5 шашты сәндеуге арналған құралдарды қолдану (гель, мусс, көбік, спрей)
	10.6.1.6 жеке гигиена, іш киімнің тазалығын күту ережелерін орындау

бұйрығына
49-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы "03" сәуірдегі
№115 бұйрығына
542 - қосымша

Зияты орташа түрде зақымдалған білімалушыларға арналған 5-10-сыныптары үшін " Шаруашылық еңбек" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-10-сыныптары үшін "Шаруашылық еңбек" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабының 1 тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды оқытудың негізгі мазмұны өмірлік дағдылар, қарапайым еңбек дағдылары, әлеуметтік қолайлы мінез-құлық дағдылары болып табылады, оларды игеру білім алушылардың әдеттегі тұрмыстық жағдайларда көмекке деген қажеттілігін азайтуға көмектеседі. Академиялық білімді қалыптастыру саласында білім алушыларда танымдық іс-әрекеттің мақсатты әдістерін қалыптастырудағы айқын қиындықтарға байланысты мүмкіндіктердің шағын ресурсы байқалады.

3. Бағдарламаның мазмұнын педагог (оқу пәні бойынша сабақтарда), тәрбиешілер (оқушының мектепте болған барлық уақыты ішінде, нақты жағдайларда) және білім алушылардың ата-аналары (үйде, қоғамдық орындарда, кез келген өмірлік жағдайларда) жүзеге асырады. Педагог және отбасының қызметін үйлестіруді және келісуді сынып педагогі жүзеге асырады.

4. Бағдарламаның мақсаты - білім білім алушылардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру, тұрмыстық жағдайларда қажетті шаруашылық-еңбек қызметінің қол жетімді дағдыларын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.

5. Бағдарламаның оқу міндеттері:

1) тамақ ішуге, киім мен аяқ киімге, тұрғын үйге күтім жасауға байланысты өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру;

2) тұрмыстық заттарды мақсатына сәйкес пайдалану дағдыларын жетілдіру;

3) тұрмыстық заттар мен жеке заттарға күтім жасау үшін арнайы жабдықтар мен материалдарды пайдалану тәсілдерін үйрету;

4) санитарлық-гигиеналық нормаларды, тұрмыста қауіпсіз жұмыс істеу қағидаларын ұстануға үйрету.

6. Бағдарламаның түзету-дамыту міндеттері:

1) отбасында қол жетімді шаруашылық-еңбек міндеттерін орындау қажеттілігі мен іскерлігін қалыптастыру;

2) құрдастарымен және ересектермен еңбек тұрмыстық қызметінде ынтымақтастық дағдыларын, ұқыптылықты, жауапкершілікті қалыптастыру;

3) жұмысты белгілі бір тәртіппен орындау, басталған істі аяқтауға жеткізу, өз қызметін ағымдағы бақылауды, қорытынды бақылауды орындау, өз жұмысының нәтижесін үлгімен салыстыру қабілетін дамыту;

4) көру және қимыл-қозғалыс бағдарлауын жетілдіру;

5) ауызша және ауызша емес қарым-қатынас құралдарын түсінуді дамыту, білім алушылардың сөздік қорын кеңейту және нақтылау;

6) әлеуметтік ортадағы және тұрмыстағы мінез-құлық нормаларын бекіту.

2 тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

7. Оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде мыналарды ескеру қажет:

1) оқушылардың еңбек қызметіне төмен мотивациясын, тез шаршауды;

2) педагогтің топтық жұмыста қолданылатын ынталандырушы, бағыттаушы көмегіне әлсіз реакциясын;

3) коммуникативтік, реттеуші, жоспарлаушы сөйлеу функцияларының өрескел дамымауын;

4) қол-көзді үйлестірудің кемшіліктері, қалыптасатын еңбек дағдыларын автоматтандырудың қиындықтары.

5) бір сынып оқушыларындағы оқыту мен дағдыларды қалыптастырудың мүмкіндіктерінің елеулі айырмашылықтарын.

8. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру арнайы педагогика қағидаттарына негізделген.

9. Педагог білім алушылардың бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, жеке қарқынмен даму құқығын құрметтейді; өзгермелі мүмкіндіктерді үнемі зерттейді, білім беру қажеттіліктерін бағалайды, білім алушылардың дағдыларын дамыту және игерудегі минималды ілгерілеулерді тіркейді. Кез-келген прогресс оқуда оң нәтиже ретінде қарастырылады.

10. Педагог осы бағдарламадан әрбір білім алушы үшін қолжетімді оқу мазмұнын, сондай-ақ білім алушылардың білім беру, тұлғалық жетістіктерін бағалау нәтижесінде белгіленген жеке мүмкіндіктерді ескере отырып, оқыту әдістерін, құралдарын дербес таңдайды.

11. Оқыту үдерісі тек мазмұнды ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық формаларды да қатаң реттеуді қарастырмайды. Академиялық білімді қалыптастыруға бағытталған сабақтың дәстүрлі құрылымы зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды оқытуда тиімділігі төмен екенін ескеру қажет.

12. Оқу-тәрбие үдерісі сабақтың дәстүрлі құрылымы мен жабдықталуын өзгертуді көздейтін білім алушылардың пәндік-практикалық іс-әрекеті негізінде құрылады. Білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес пәндік ортаны құру кезінде келесі ережелер орындалады:

1) білім және дағдыларды жаңа жағдайға көшірудің елеулі қиындықтарына байланысты осы дағдылар пайдаланылатын жағдайға барынша жақын жағдайда іскерліктер және дағдыларды қалыптастыру;

2) нақты өмірлік жағдайларға сәйкес сабақтарды ұйымдастыруға арналған үй-жайларды жабдықтандыру, нақты еңбек құралдарын, құрылғыларды, материалдарды, жуу құралдарын пайдалану;

3) білім алушылардың өзгеретін мүмкіндіктеріне сәйкес пәндік ортаның өзгеруі (күрделене түседі, кеңейеді).

13. Сабақты ұйымдастырған кезде әр білім алушының қажеттілігі туындаған кезде іс-әрекетті өзгерту немесе демалу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Жеке жұмысты жеке қарқынмен орындау, педагогтің жеке көмегін алу үшін жағдайлар қамтамасыз етіледі.

14. Білім алушыларға сабақ барысында сынып бөлмесінде еркін қозғалуға мүмкіндік беріледі. Үй-жайда әртүрлі нысандарды (жеке, жұптық, топтық) және жұмыс түрлерін жүргізу үшін оңай қозғалатын жиһаз көзделеді.

15. Арнайы педагогика қағидаттарына сәйкес құрылған педагогикалық іс-шаралар білім алушылардың өзіндік белсенділігін, олардың бастамалары мен дербестігін дамытуға бағытталған. М.Монтессоридің педагогикалық жүйесін арнайы дайындалған пәндік дамытушы ортада басқа арнайы педагогикалық әдістер мен технологиялармен бірге қолдану ұсынылады.

16. Білім алушылардың белсенділігі қалыптасатын және дербестігі дамитын негізгі қызмет түрлері келесілер болып табылады:

1) ересектердің шаруашылық тұрмыстық қызметін, әлеуметтік өмір құбылыстарын бақылау;

2) пәндік-практикалық қызмет;

3) іскерлік ойындар;

4) білім алушылардың шаруашылық-еңбек қызметі;

5) жақын ортадағы (микросоциум) білім алушылар және ересектермен қарым-қатынас;

17. Бағдарлама "Өзіне-өзі қызмет көрсету", "Пәндік-практикалық қызмет" (1-4 сыныптар) оқу пәндерінің мазмұнын ескере отырып құрастырылған, үйренген дағдыларға оралуға және оларды жетілдіруге мүмкіндік беретін концентрлі (спиральді) құрылымы бар.

18. Практикалық жұмыстардың мазмұны мен көлемін педагог психофизикалық мүмкіндіктерді ескере отырып, әрбір білім алушы үшін жеке айқындайды.

19. Бір сабақ аясында сынып білім алушылары әртүрлі тапсырмаларды орындайды. Білім алушылар ұжымдық жұмысқа барынша қатысады, педагогтің көмегімен бейімделген технологиялық карталарды, пиктограммаларды, суреттерді, фотосуреттерді пайдалана отырып, көрнекі нұсқаулықтарды қолдана отырып жұмыс істейді.

20. Бір тақырыппен біріктірілген әлеуметтік-тұрмыстық бағдар мен экономикалық еңбек сабақтарын дәйекті түрде өткізуге болады. Оқу үдерісінде дағдыларды қайталау және бекітуде жаттығуларға үлкен рөл беріледі. Үздіксіз қайталау қалыптасқан

дағдылардың жетістігін бағалауға және білім алушының дербестік дәрежесін арттыруға жағдай жасайды.

21. "Шаруашылық еңбек" пәні бойынша сабақтарда оқытудың негізгі әдістері:

1) педагогтің ауызша нұсқаулығы бойынша еңбек құралдарын, заттарды, еңбек әрекеттерін атау және /немесе көрсету;

2) білім алушы және педагогтың бірлескен іс-әрекеттері;

3) үлгі бойынша оқушының еліктеу әрекеттері;

4) заттардың, объектілердің сапасы және қасиеттерімен практикалық танысу;

5) функционалдық мақсатына сәйкес еңбек құралдарын, жуу құралдарын практикалық пайдалану;

6) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану.

22. Бағдарламаның мазмұны ұсыныстық сипатта берілген, оның мазмұны білім алушылардың жеке оқу бағдарламаларын жасау үшін негіз болып табылады. Жеке білім беру бағдарламалары алты айға құрастырылады. Алдағы алты айға жеке оқу жоспары білімалушының қол жеткізген мақсаттарын ескере отырып жасалады.

23. Білім алушының жеке оқу бағдарламасын жасау білім алушының қолда бар тәжірибесін, мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін бастапқы (оқу жылының басында) педагогикалық бағалаумен алдын ала белгіленеді. Бастапқы педагогикалық бағалау нәтижелерін талдау, ата-аналардың (заңды өкілдердің) сұранысы, денсаулық жағдайы негізінде педагог бағдарлама мәтінінен білім алушыға қол жетімді оқу мақсаттарын таңдайды. Қажет болған жағдайда педагог оқу мақсаттарын нақтылайды, білім алушының білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне назар аудара отырып, үлгілік бағдарламаны толықтыратын мазмұнды жеке бағдарламаға қосады.

24. Білім алушының жетістіктерін бағалау критерийлері жеке оқу бағдарламасының оқу мақсаттары болып табылады. Жетістіктерді бағалауды педагог, тәрбиешілер, ата-аналар (заңды өкілдер) ұйымдастырылған сабақтар және өмірлік жағдайлар үдерісінде білім алушының іс-әрекетін бақылау, қызмет өнімдерін талдау негізінде жүргізеді.

25. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау білім беру үдерісінде педагогтың ішкі бағалау құралдарымен жүзеге асырылады. Жетістіктер туралы бағалау пайымдаулары жеке оқу бағдарламасына сәйкес жеке бағдарламаның тиісті бағанында тіркеледі. Білім алушының жетістіктерін сипаттау кезінде дағдыны меңгерудің дербестік дәрежесі міндетті түрде көрсетіледі: "өз бетінше"; "ауызша нұсқаулар бойынша", "үлгі бойынша "; "еліктеу арқылы"; "мұғаліммен (ата-анамен) бірлескен әрекеттер арқылы".

26. Шаруашылық еңбек бойынша сабақтар әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау кабинетінде, Монтессори-кабинетте немесе осы бағдарламаның мазмұнына сәйкес құралдармен және материалдармен жарақтандырылған арнайы жабдықталған кабинетте өткізіледі.

27. Пәнаралық байланыстар "Адам және әлем", "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдар", " Сөйлеуді дамыту және коммуникация", "Қолөнер", "Санау" пәндерімен белгіленеді.

3-тарау. Оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. "Шаруашылық еңбек" оқу пәнінің мазмұны

28. "Шаруашылық еңбек" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі келесіні құрайды:

1) 5-сынып-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 6-сынып-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

3) 7-сынып-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

4) 8-сынып-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

5) 9-сынып-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

6) 10 – сынып-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасының бастауыш , негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бекітілген үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

29. "Шаруашылық еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны мынадай бөлімдерді қамтиды:

1) "Киім және аяқ киімге күтім жасау";

2) "Тұрғын үй және тұрмыстық заттарға күтім жасау";

3) "Өсімдіктерге күтім жасау";

4) "Үй жануарларына күтім жасау".

30. "Киім және аяқ киімге күтім жасау" бөлімі келесі ішкі бөлімдерді қамтиды:

1) киімге күтім жасау;

2) аяқ киімге күтім жасау.

31. "Тұрғын үй және тұрмыстық заттарға күтім жасау" бөлімі келесі ішкі бөлімдерді қамтиды:

1) үй-жайға күтім жасау;

2) жиһаз және тұрмыстық заттарға күтім жасау;

3) ыдыс-аяққа күтім жасау.

32. "Өсімдіктерге күтім жасау" бөлімі келесі ішкі бөлімдерді қамтиды:

1) бөлме өсімдіктеріне күтім жасау;

2) гүл бақшасының, бақшаның, бақтың өсімдіктеріне күтім жасау.

33. "Үй жануарларына күтім жасау" бөлімі келесі ішкі бөлімдерді қамтиды:

1) үй жануарларына күтім жасау.

34. 5-сыныпқа арналған "Шаруашылық еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) киім және аяқ киімге күтім жасау. Қолмен кір жууға арналған жабдықты тану, атау: леген, кір сабын, едендік кептіргіш, киім қыстырғыштары. Кір сабын қолдана отырып, легенде ұсақ заттарды (бет орамал, шұлық, орамал) қолмен жуу әдістері. Кір жуудың кезекті әрекеттерін орындау: сабындау, қолмен жуу, таза суда шаю, сығу, қыстырғыштарды қолданып және қолданбай (едендік кептіргіште) жіпке жайып кептіру. Кір жуғаннан кейін легенді жуу және сүрту, леген мен сабынды сақтау орындарына қою. Сыртқы киімді құрғақ щеткамен тазалау. Киімді шкафтағы сөрелерге , шкафтағы ілгіштерге, орындықтың артқы жағына іліп жинау және бүктеу. Өз киіміне ұқыпты қарау.

Күнделікті аяқ киімге күтім жасау: құрғақ шүберекпен сүрту, былғары аяқ киімді щеткамен және аяқ киімге арналған креммен тазалау, аяқ киім күтіміне арналған құралға малынған губкамен тазалау. Ылғалды аяқ киімді кептіру. Аяқ киімді сақтау орындарына орналастыру: сөреге, аяқ киім шкафына. Тазаланған аяқ киімді маусымдық сақтау қораптарына салу. Киім мен аяқ киімге күтім жасау жөніндегі құралдар мен заттарды сақтау ережесі;

2) тұрғын үй және тұрмыстық заттарға күтім жасау. Оқу және тұрғын үй-жайларды жинауға арналған құрал-саймандар мен құрылғыларды тану, атау, пайдалану: сыпырғыш, щетка, қалақша, қоқыс себеті. Еденді щеткамен және сыпырғышпен сыпыру тәртібі. Терезе мен есікке күтім жасауға арналған құралдарды тану, атау. Жиһаздан шаңды кетіру. Терезенің, есіктің, үстелдің бетін дымқыл шүберекпен сүрту. Үй-жайға күтім жасау жөніндегі құралдар мен құрылғыларды сақтау ережесі. Үйді тазалау кезінде отбасы мүшелеріне мүмкіндігінше көмек көрсету.

Науаны пайдаланып тамақтанғаннан кейін үстелден лас ыдыстарды тазалау. Табақшалардан тамақ қалдықтарын кетіру. Ыдыс жууға арналған керек-жарақтарды таңдау және атау: шараша, губка, жуғыш құрал, шай сүлгісі. Шай ыдыстарын губка мен жуғыш құралды пайдаланып жылы сумен жуу реті. Шай сүлгісінің көмегімен шай ыдыстарын кептіру. Ыдыстарды сақтау орындарына орналастыру;

3) өсімдіктерге күтім жасау. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау құралдарының атауы мен мақсаты: суару ыдысы, бүріккіш. Суаруға суды дайындау. Өсімдіктердің топырағына және науаға су құю, өсімдіктерді сумен бүрку, ережелерге сәйкес өсімдік жапырақтарын сүрту.

Бау-бақша жұмыстарына арналған жабдықтарды тану, атау, пайдалану: суару ыдысы, тырма. Бау-бақша жұмыстарына арналған арнайы киімдерді тану, атау, кию: қолғап, халат, алжапқыш. Суару ыдысынан гүлзарларды суару. Бақшадағы күзгі жапырақтарды тырмамен тазалау;

4) үй жануарларына күтім жасау. Мысық/ит тағамын ыдысқа салғанда ересек адамның әрекетін бақылау. Үй жануарларының ыдыстары мен жататын орнына күтім жасау кезінде ересек адамның әрекеттерін бақылау. Ересек адаммен бірге үй жануарын серуендеуге шығару.

Киім және аяқ киімге, бөлме және жиһазға, өсімдіктер және үй жануарларына күтім жасау, ыдыс жуу алдында және олардан кейін жеке гигиена ережелері: қолғапты, алжапқышты пайдалану, қолды жуу және крем жағу.

35. 6-сыныпқа арналған "Шаруашылық еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) киім мен аяқ киімге күтім жасау. Қол жууға арналған құрал-жабдықтарды тану және атау: раковина, кір сабын, еден кептіргіш, киім қыстырғыш. Кір сабын қолданып бассейнде ұсақ заттарды (орамал, шұлық, шарф) қолмен жуу техникасы. Кезекті жуу қадамдарын орындау: сабынмен жуу, қолмен жуу, таза сумен шаю, сығу, сызғышпен кептіру (еден кептіргіште) киімді қыстырғышпен және қолданбай. Жуғаннан кейін бассейнді жуу және сүрту, бассейн мен сабынды сақтау орындарына қою. Сыртқы киімді құрғақ щеткамен тазалау. Киімді шкафтағы сөрелерде, шкафтағы ілгіштерде, орындықтың арқалығында бүктеу және сақтау. Жыл мезгілдері арасында киімдерді шкафта сақтауға дайындау: жамылғыларды пайдалану. Киіміңізге жақсы күтім жасаңыз
.

Аяқ киім күтіміне арналған құрал-жабдықтарды тану және атау: қылқалам, губка, крем, барқыт мата, клеенка. Күнделікті аяқ киім күтімі: құрғақ шүберекпен сүрту, былғары аяқ киімді щетка мен аяқ киім бояуын пайдаланып тазалау технологиясы, былғары аяқ киімді тазалау үшін түсі бойынша крем таңдау. Аяқ киімді күтуге арналған қоспаға малынған губканы пайдаланып аяқ киімді тазалау. Қысқы аяқ киімді тазалау тәртібі. Резеңке аяқ киімді жуу және сүрту. Ылғал аяқ киімді кептіру. Аяқ киімді сақтау орындарында орналастыру: сөреде, стендте, аяқ киім шкафында. Таза аяқ киімді маусымдық сақтауға арналған жәшіктерге салу. киім мен аяқ киімді күтуге арналған жабдықтар мен құрылғыларды сақтау ережелері;

2) тұрғын үй мен тұрмыстық заттарды күту. Оқу және тұрғын үй-жайларды тазалауға арналған жабдықтар мен құрылғыларды тану және атау: сыпырғыш, щетка, шаң жинағыш, қоқыс себетін, шүберек, шелек, швабра, жуғыш заттар. Еденді щеткамен және сыпырғышпен сыпыру тәртібі. Еденді сүрту тәртібі. Тақталарды, табалдырықтарды, бөлменің бұрыштарын тазалау ерекшеліктері. Терезе төсеніштері мен есіктерді күтуге арналған жабдықтарды тану, атау, пайдалану. Жиһаздан шаңды кетіру. Терезе төсенішінің, есіктің, үстелдің, тоңазытқыштың бетін дымқыл шүберекпен сүрту. Жабдықтарды және үй-жайларды ұстауға арналған жабдықтарды сақтау ережелері. Үйді тазалау кезінде отбасы мүшелеріне мүмкіндігінше көмек көрсету.

Тамақтан кейін дастархандағы лас ыдыстарды науаны пайдаланып тазалау. Тағамдардың қалдықтарын табақтардан шығару. Ыдыс жууға арналған ыдыстарды таңдау және атау: раковина, губка, жуғыш зат, шәй сүлгі. Шәй мен ыдыс-аяқты губка мен жуғыш затты пайдаланып жылы сумен жуу реті. Ыдыстарды сүлгімен кептіру. Ыдыстарды сақтау орындарына қою.

3) өсімдіктерге күтім жасау. Жабық өсімдіктерді күтуге арналған жабдықтың атауы мен мақсаты: суару ыдысы, бүріккіш. Суаруға суды дайындау. Топырақтағы және науадағы өсімдіктерді суару, өсімдіктерді бүрку, ережеге сәйкес өсімдік жапырақтарын сүрту.

Бау-бақша жабдықтарын тану, атау, пайдалану: суару, тырма, сыпырғыш. Бау-бақшаға арналған комбинезондарды тану, атау, кию: қолғап, қолғап, халат, алжапқыш. Гүлзарларды суарғышпен суару. Гүлзардағы арамшөптерді қолмен тазалау. Бақшадағы күзгі жапырақтарды тырмамен тазалау. Жолдарды сыпыру ережелері. Құрғақ жапырақтарды тырмалау және тасымалдау. Қыс мезгілінде мектеп ауласын тазалауға қатысу. Жұмыс кезінде құралдарды дұрыс ұстау;

4) үй жануарларын күту. Мысық пен ит тағамын ересек адамның басшылығымен ыдысқа салыңыз. Ыдысты жуу. Үлкен адамның сүйемелдеуімен үй жануарыңызбен серуендеуге барыңыз. Аквариум балықтарын ("тірі бұрыштағы" басқа жануарларды), тотықұстарды (басқа құстарды) ересек адамның басшылығымен торда тамақтандыру.

Киім мен аяқ киімге, үй-жай мен жиһазға, өсімдіктер мен үй жануарларына күтім жасау алдында және одан кейінгі жеке гигиена ережелері, ыдыстарды жуу: қолғапты, алжапқышты пайдалану, қолды жуу және крем жағу.

36. 7-сыныпқа арналған "Шаруашылық еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) киім және аяқ киімге күтім жасау. Киімнің сыртқы түрі бойынша қандай күтім қажет екенін анықтау: киім щеткасымен тазалау, жуу, үтіктеу. Қолмен жууға арналған құралдарды тану, атау: леген, кір сабын, кір жуғыш ұнтақ, кір жууға арналған гель, едендік кептіргіш, киім қыстырғыштары. Кір сабынды, кір жуғыш ұнтақты қолдана отырып, легенде ұсақ заттарды (орамал, шұлық, бет орамал, алжапқыш, жеңдер) қолмен жуу әдістері. Кір жуудың реттік әрекеттерін орындау: сабындау, қолмен жуу, таза суда шаю, сығу, қыстырғыштарды қолданып және қолданбай (едендік кептіргіште) жіпте кептіру. Кір жуғаннан кейін легенді жуу және сүрту, сақтау орындарына легенді, сабынды, кір жуғыш ұнтақты қою. Сыртқы киімді құрғақ және дымқыл тазалау. Киімдерді шкафтағы сөрелерге бүктеу, шкафтағы ілгіштерге, орындықтың артқы жағына ілу және сақтау. Киімді жыл мезгілдері арасында шкафта сақтауға дайындау: қаптамаларды пайдалану. Бас киімдерді күту, бас киімдерді шкафта сақтау ережелері. Өз киіміне ұқыпты қарау. Ұсақ мақта маталы киімдерді үтіктеу технологиясы. Үтікпен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері. Инеге жіпті сабақтау. Тігістердің түрлері: тігіс, смҰталық. Екі тесігі бар түймелерді тігу.

Аяқ киім күтіміне арналған құралдарды тану, атау: щетка, губка, крем, барқыт, клеенка. Күнделікті аяқ киімге күтім жасау: құрғақ шүберекпен сүрту, былғары аяқ киімді щеткамен және аяқ киімге арналған креммен тазалау технологиясы, былғары аяқ киімді тазалауға арналған кремді аяқ киім түсіне сәйкес таңдау. Аяқ киімді күтімге арналған құралға малынған губкамен тазалау. Қысқы аяқ киімді тазалау тәртібі. Резеңке аяқ киімді жуу және сүрту. Ылғалды аяқ киімді кептіру. Аяқ киімді сақтау

орындарына орналастыру: сөреге, аяқ киім шкафына. Таза аяқ киімді маусымдық сақтау қораптарына салу. Киім және аяқ киімге күтім жасау жөніндегі құралдарды сақтау ережесі;

2) тұрғын үй және тұрмыстық заттарға күтім жасау. Бөлмені желдету, төсек төсеу. Шашылып жатқан заттарды тиісті орындарға орналастыру. Оқу және тұрғын үй-жайларды жинауға арналған құралдарды және құрылғыларды тану, атау: сыпырғыш , щетка, қалақша, қоқыс себеті, шүберек, шелек, сүрткіш, жуғыш заттар. Еденді щеткамен және сыпырғышпен сыпыру тәртібі. Еденді сүрткішпен жуу тәртібі. Бөлменің іргелерін, табалдырығын, бұрыштарын тазалау ерекшеліктері. Терезе және есікке күтім жасауға арналған құралдарды тану, атау, пайдалану. Жиһаздан шаңды кетіру. Терезенің, есіктің, үстелдің бетін жуғыш заттарды пайдаланып дымқыл шүберекпен сүрту. Ас үй жиһаздарын жуу, ас үй жабдықтарының беттерін жуу: жуғыш заттарды пайдаланып плиткаларды, тоңазытқышты жуу. Үй-жайға күтім жасауға арналға құралдар мен құрылғыларды сақтау ережесі. Үйді тазалау кезінде отбасы мүшелеріне мүмкіндігінше көмек көрсету.

Науаны пайдаланып тамақтанғаннан кейін үстелді лас ыдыстардан тазалау. Табақшалардан тамақ қалдықтарын кетіру. Ыдыс жууға арналған керек-жарақтарды таңдау және атау: шараша, губка, жуғыш зат, шай сүлгісі. Шай ішу бөлмесін, асхана, ас үй ыдыстарын жуу, ас құралдарын тазалау ережелері. Сүлгінің көмегімен асхана ыдыстарын, ас құралдарын кептіру. Ыдыстарды сақтау орындарына орналастыру. Жуу және тазалау құралдарымен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері;

3) өсімдіктерге күтім жасау. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау құралдарының атауы және мақсаты: суару ыдысы, бүріккіш. Өсімдіктерді суару үшін су дайындау. Өсімдіктердің топырағына және науасына су құю, өсімдіктерге су бүрку, топырақты қопсыту, өсімдік жапырақтарын сүрту, ережелерге сәйкес ересек адамның басшылығымен өсімдіктерді қоректендіру.

Бау-бақша жұмыстарына арналған жабдықты тану, атау, пайдалану: суару ыдысы, тырма, сыпырғыш. Бау-бақша жұмыстарына арналған арнайы киімдерді тану, атау, кию : қолғап, халат, алжапқыш. Суару ыдысынан гүлзарларды суару. Гүлзарларда арамшөптерден қолмен тазарту. Бақшадағы күзгі жапырақтарды тырмамен тазалау. Жолдарды сыпыру ережелері. Құрғақ жапырақтарды тырмалау және тасымалдау. Құрғақ, сынған бұтақтарды кесу қайшыларымен кесу. Кесу қайшыларымен жұмыс істеу ережелері. Қыс мезгілінде мектеп ауласын қардан тазалауға қатысу. Жұмыс істеу кезінде құралдарды дұрыс ұстау;

4) үй жануарларына күтім жасау. Ересек адамның басшылығымен мысық және ит тағамын ыдысына салу. Ыдысты жуу. Ересек адамның сүйемелдеуімен үй жануарымен серуендеуге шығу. Ересек адамның басшылығымен аквариум балықтарын ("табиғат бұрышы" басқа жануарларды), тордағы тотықұстарды (басқа құстарды) тамақтандыру.

Киім және аяқ киімге, бөлме және жиһазға, өсімдіктер және үй жануарларына күтім жасау, ыдыс жуу алдында және одан кейінгі жеке гигиена ережелері: қолғапты, алжапқышты пайдалану, қолды жуу және крем жағу.

37. 8-сыныпқа арналған "Шаруашылық еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) киім және аяқ киімге күтім жасау. Киімнің сыртқы түрі бойынша қандай күтім қажет екенін анықтау: киім щеткасымен тазалау, жуу, үтіктеу. Қолмен жууға арналған құралдарды тану, атау: леген, кір сабын, кір жуғыш ұнтақ, кір жууға арналған гель, едендік кептіргіш, киім қыстырғыштары. Мақта маталы, жүннен тоқылған және синтетикалық матадан тігілген киімдерді қолмен жуу және кептіру әдістері. Кір жуғаннан кейін легенді жуу және сүрту, сақтау орындарына легенді, сабынды, кір жуғыш ұнтақты қою.

Киімдерді шкафтағы сөрелерге бүктеу, шкафтағы ілгіштерге, орындықтың артқы жағына ілу және сақтау. Киімдерді жыл мезгілдері арасында шкафта сақтауға дайындау : қаптамаларды пайдалану. Бас киімдерді күту, бас киімдерді шкафта сақтау ережелері. Өз киіміне ұқыпты қарау. Мақта маталы, жүннен тоқылған және синтетикалық матадан жасалған киімдерді үтіктеу әдістері. Жейделерді, шалбарларды үтіктеу реттілігі. Үтікпен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері. Үзіліп қалған түйменің орнын анықтау, түймелерді тігу. Майлықтар тігу. Сөгітілген және жыртылған жер бойынша киімді жөндеу. Түсі, қалыңдығы, сапасы бойынша матаға сәйкес жіптерді таңдау. Матаны жыртылған немесе сөгітілген тігіспен бүктеу, қол тігіспен тегістеу. Сөгітілген жиектерін жиі сметалық тігістермен біріктіру. Жамау салу.

Аяқ киім күтіміне арналған құралдарды тану, атау: щетка, губка, крем, барқыт, клеенка. Күнделікті аяқ киімге күтім жасау: құрғақ шүберекпен сүрту, былғары аяқ киімді щеткамен және аяқ киімге арналған креммен тазалау технологиясы, былғары аяқ киімді тазалауға арналған кремді аяқ киім түсіне сәйкес таңдау. Аяқ киімді күтімге арналған құралға малынған губкамен тазалау. Қысқы аяқ киімді тазалау тәртібі. Резеңке аяқ киімді жуу және сүрту. Ылғалды аяқ киімді кептіру. Аяқ киімді сақтау орындарына орналастыру: сөреге, аяқ киім шкафына. Таза аяқ киімді маусымдық сақтау қораптарына салу. Киім және аяқ киімге күтім жасау жөніндегі құралдарды сақтау ережесі;

2) тұрғын үй және тұрмыстық заттарға күтім жасау. Бөлмені желдету, төсек төсеу. Төсекорындарды ауыстыру. Шашылып жатқан заттарды тиісті орындарға орналастыру. Оқу және тұрғын үй-жайларды жинауға арналған құралдарды және құрылғыларды тану , атау: сыпырғыш, щетка, қалақша, қоқыс себеті, шүберек, шелек, сүрткіш, жуғыш заттар. Еденді щеткамен және сыпырғышпен сыпыру тәртібі. Еденді сүрткішпен жуу тәртібі. Бөлменің іргелерін, табалдырығын, бұрыштарын тазалау ерекшеліктері. Шаңсорғыштың мақсаты, шаңсорғышты қосу- ажырату, жұмысқа дайындық. Кілемді, еденді, батареяны тазалау кезінде шаңсорғышты қауіпсіз пайдалану ережелері. Шаңсорғышқа күтім жасау. Терезе мен есікке, жиһазға күтім жасауға арналған

құралдарды тану, атау, пайдалану. Жиһаздын шанын сүрту. Терезенің, есіктің, үстелдің бетін жуғыш заттарды пайдаланып дымқыл шүберекпен сүрту. Ас үй жиһаздарын жуу, ас үй жабдықтарының беттерін жуу: жуғыш заттарды пайдаланып плиткаларды, тоңазытқышты жуу. Үй-жайға күтім жасауға арналған құралдар мен құрылғыларды сақтау ережесі. Үйді тазалау кезінде мүмкіндігінше көмек көрсету, қол жетімді міндеттерді орындау.

Науаны пайдаланып тамақтанғаннан кейін үстелді лас ыдыстардан тазалау. Табақшалардан тамақ қалдықтарын кетіру. Ыдыс жууға арналған керек-жарақтарды таңдау және атау: шараша, губка, жуғыш зат, шай сүлгісі. Шай ішу бөлмесін, асхана, ас үй ыдыстарын (кастрюльдерді, шәйнектерді, табаларды) жуу. Ас құралдарын тазалау ережелері; Шай сүлгісінің көмегімен шай, асхана ыдыстарын, ас құралдарын кептіру. Ыдыстарды сақтау орындарына орналастыру. Жуу және тазалау құралдарымен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері;

3) өсімдіктерге күтім жасау. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау құралдарының атауы және мақсаты: суару ыдысы, бүріккіш. Өсімдіктерді суару үшін су дайындау. Өсімдіктердің топырағына және науасына су құю, өсімдіктерге су бүрку, топырақты қопсыту, өсімдік жапырақтарын сүрту, ережелерге сәйкес ересек адамның басшылығымен өсімдіктерді қоректендіру.

Бау-бақша жұмыстарына арналған жабдықты тану, атау, пайдалану: суару ыдысы, тырма, сыпырғыш. Бау-бақша жұмыстарына арналған арнайы киімдерді тану, атау, кию : қолғап, халат, алжапқыш. Суару ыдысынан гүлзарларды суару. Көшеттерді өсіру үшін тұқымдарды дайындау және себу. Дайын көшеттерді ашық топыраққа отырғызу. Пиязды өсімдіктерді отырғызу. Ағаштар мен бұталардың астынан жер қазу. Гүлзарларда арамшөптерден қолмен тазарту. Бақшадағы күзгі жапырақтарды тырмамен тазалау. Жолдарды сыпыру ережелері. Құрғақ жапырақтарды тырмалау және тасымалдау. Құрғақ, сынған бұтақтарды кесу қайшыларымен кесу. Кесу қайшыларымен жұмыс істеу ережелері. Тыңайтқыштармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері: қолғапты пайдалану. Жолдар мен кіреберістерді қардан тазалау ережелері. Жұмыс кезінде құралдарды дұрыс ұстау;

4) үй жануарларына күтім жасау. Ересек адамның басшылығымен мысық және ит тағамын ыдысына салу. Ыдысты жуу. Ересек адамның сүйемелдеуімен үй жануарымен серуендеуге шығу. Ересек адамның басшылығымен аквариум балықтарын ("табиғат бұрышындағы" басқа да жануарларды), тордағы тотықұстарды (басқа құстарды) тамақтандыру.

Киім және аяқ киімге, бөлме және жиһазға, өсімдіктер және үй жануарларына күтім жасау, ыдыс жуу алдында және одан кейінгі жеке гигиена ережелері: қолғапты, алжапқышты пайдалану, қолды жуу және крем жағу.

38. 9-сыныпқа арналған "Шаруашылық еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) киім және аяқ киімге күтім жасау. Жууды талап ететін киімдерді іріктеу және сақтау ережелері: себетте, контейнерде. Киімнің сыртқы түрі бойынша қандай күтім қажет екенін анықтау: киім щеткасымен тазалау, жуу, үтіктеу. Қолмен және машинамен жууға арналған жуғыш заттарды ажырату. Мақта маталы, жүннен тоқылған және синтетикалық матадан тігілген киімдерді қолмен жуу және кептіру әдістері. Кір жуғаннан кейін легенді жуу және сүрту, сақтау орындарына легенді, сабынды, кір жуғыш ұнтақты қою. Кір жуғыш машинада кірді жууға дайындау (ақ және түрлі-түсті түстері бойынша сұрыптау). Мақта матадан жасалған киімді ересек адамның басшылығымен кір жуғыш машинада жуу, жұмыс орнын жуғаннан кейін тазалау. Кір жуғыш машинамен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Сыртқы киімді құрғақ және дымқыл тазалау. Киімдерді шкафтағы сөрелерге бүктеу, шкафтағы ілгіштерге, орындықтың артқы жағына ілу және сақтау. Киімдерді жыл мезгілдері арасында шкафта сақтауға дайындау: қаптамаларды пайдалану. Бас киімдерді күту, бас киімдерді шкафта сақтау ережелері. Өз киіміне ұқыпты қарау. Төсекорындарды үтіктеу тәртібі. Үтікпен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері. Қиғаш тігістерді орындау. Сүлгіге ілгішті тігу тәртібі. Сөгітілген және жыртылған жер бойынша киімді жөндеу. Түсіп қалған түйменің орнын анықтау, түймелерді тігу. Жамау салу.

Аяқ киім күтіміне арналған құралдарды тану, атау: щетка, губка, крем, барқыт, клеенка. Күнделікті аяқ киімге күтім жасау: құрғақ шүберекпен сүрту, былғары аяқ киімді щеткамен және аяқ киімге арналған креммен тазалау технологиясы, былғары аяқ киімді тазалауға арналған кремді аяқ киім түсіне сәйкес таңдау. Аяқ киімді күтімге арналған құралға малынған губкамен тазалау. Қысқы аяқ киімді тазалау тәртібі. Күдері аяқ киімді тазалау ережелері. Резеңке аяқ киімді жуу және сүрту. Ылғалды аяқ киімді кептіру. Аяқ киімді сақтау орындарына орналастыру: сөреге, аяқ киім шкафына. Таза аяқ киімді маусымдық сақтау қораптарына салу. Киім мен аяқ киімге күтім жасау жөніндегі құралдарды сақтау ережесі;

1. "Тілдің психологиялық базасын дамыту"	1.1. Тактилді, көру, есту гнозисі және праксисі	2.1.1.3 сөзге қатысы жоқ дыбыстың бағытын сезініп, көрсету (қай жерден дауыстады? Дыбыс қай жерден шығып тұр?);
	1.3. Моторика және кеңістік туралы түсініктері	2.1.3.2 өзінің оң және сол аяқ, қол, құлақ, көздерін атап көрсету ажырату
2. "Сөйлеу тілін түсінуін дамыту"	2.2. Дыбыстаған сөйлеу тілін түсіну	2.2.2.1 кеңістікке қатысты сөздерді (қасында, арасынан, арасында) пайдаланып, әңгіме және оның бұзылған нұсқасын салыстыру 2.2.2.3 ұсынылған төрт суреттің бірінен аталған әрекетті табу.
3. "Дыбыс айтуын түзету және дамыту"	3.2. Сөздің мағыналық құрамын түзету және дамыту	2.3.2.1 морфемдік ұқсастығы бойынша, морфемалардың мәнін түсіне отырып сөз қорын топтастыру; 2.3.2.2 синонимдер мен антонимдердің мәнін анықтау, негізгі белгілері бойынша сипаттау; 2.3.2.3 антонимдердің мағыналарын нақтылау, негізгі қасиеттеріне қарай антоним сөздермен белгіленген заттар мен әрекеттерді сипаттау.
4. "Оқу мен жазу процестерін дамыту және түзету"	4.2. Жазу бұзылыстарының алдын алу және жою қалыптастыру	2.4.2.1 кинетикалық және графикалық ұқсастығы бар әріптер жұптарын ажырату; 2.4.2.2 каллиграфиялық түрде көшіріп, диктанттан 10 сөзден тұратын мәтін жазу.
4-тоқсан		
1. "Тілдің психологиялық базасын дамыту"	1.2. Сызықтыққатар бойынша есте сақтауды жаттықтыру	2.1.2.1 екіден-бес элементке дейін сөздерді қоса отырып сөз тіркестерін қайталау;
	1.4. Талдау-жинақтау әрекеті	2.1.4.1 таныс емес материалда 3-5 элементтен тұратын сюжеттік суреттердің логикалық кезектілігін құру
2. "Сөйлеу тілін түсінуін дамыту"	2.2. Дыбысталған сөйлеу тілін түсіну	2.2.2.2 жалпама сөздерді таңдай отырып заттарды топтастыру
3. "Дыбыс айтуын түзету және дамыту"	3.3. Аграмматизмді жою және сөздің морфемдік құрамын қалыптастыру	2.3.3.1 үлгі бойынша фразаны қайталау, толықтыру: есімдік + сын есім+зат есім+етістік; сын есім зат есім+ етістік, зат есім+ үстеу+ етістік; сын есім, көптік жалғаулардың мағынасын түсіну;

		2.3.3.2 тірек сөздерді пайдаланып сөз тіркесін құрастыру
	3.4. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту	2.3.4.2 жоспар сұрақтары бойынша әңгіме құрастыру және түйін сөздерді ажырату
4. "Оқу мен жазу процестерін дамыту және түзету"	4.3. Орфографияны меңгеруге дайындықты қалыптастыру	2.4.3.1 сөздегі қате орынды анықтау үшін сөздің позициялық моделін құру әдісін меңгеру; 2.4.3.2 логопед мұғалімнің жетекшілік етуімен екпінсіз дауысты дыбысты жазуға ұсынылған екі сөздің ішінен сынақ сөзді таңдау

3) 3-сынып:

4-кесте

Бөлім	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. "Тілдің психологиялық базасын дамыту"	1.1. Тактилді, көру, есту гнозисі және праксисі	3.1.1.1 стереогноз үрдісінде ортақ белгісі бойынша, заттарды топтастыру. Нұсқау беріледі: "Тек дөңгелек (тегіс, кедір-бұдыр) заттарды алып бер
	1.3. Моторика және кеңістік туралы түсініктері	3.1.3.1 саусақтарын атауына қарай ажырата отырып , 3-5 массажды тәсілдерді қолдану арқылы білек және саусақтарына өз бетінше массаж
2. "Сөйлеу тілін түсінуін дамыту"	2.1. Сөйлеу тілі дыбыстарын қабылдау және тану	3.2.1.1 қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстарды естіп қаюбылдауы арқылы ажырату
3. "Дыбыс айтуын түзету және дамыту"	3.1. Сөздің дыбыс-буындық құрамын түзету және дамыту	3.3.1.1 қойылған дыбыстарды буын, сөз, фразада анық айту, қойылған дыбыспен екі-үш жаңылпаштар айту, берілген дыбысқа буындық құрамына сәйкес сөздер іріктеп айту, ң,қ дыбыстарын үлгі бойынша анық айту
	3.2. Сөздің мағыналық құрамын түзету және дамыту	3.3.2.2 мәтіндегі сөздердің лексикалық мәнін тауып түсіндіру , тура және астарлы мәнін түсіну
4. "Оқу мен жазу үрдісін дамыту және түзету"	4.1. Оқу бұзылыстарының алдын алу және түзету	3.4.1.1 сөздер мен мәтіндерді оқығанда 1-ші және 2-ші қатардағы дауысты дыбыстарды ажырата білу, буын тізбегін кезектесіп, жуан және жіңішке жұптастыру арқылы еркін оқу
2-тоқсан		

1. "Тілдің психологиялық базасын дамыту"	1.1. Тактилді, көру, есту гнозисі және праксисі	3.1.1.2 3-5 секундта таныс заттарды бірнеше заттардың бейнесі ішінен тану
	1.4. Талдау-жинақтау әрекеті	3.1.4.1 графикалық бейнелері бар суреттерді сөзбен немесе сөз тіркестерімен сипаттау
2. Сөйлеу тілін түсінуін дамыту	2.1. Сөйлеу тілі дыбыстарын қабылдау және тану	3.2.1.2 пароним-сөздердің құрамындағы ұқсас дыбыстарды ажырату; 3.2.1.3 үш дыбыстан құралған сөздердің нақты позициясын анықтау;
3. "Дыбыс айтуын түзету және дамыту"	3.1. Сөздің дыбыс-буындық құрамын түзету және дамыту	3.3.1.2 сөздің буындық құрылымын бір буыннан екінші буынға бірқалыпты ауысу арқылы, тіркеспен – бір дауыссыздан екінші дауыссызға төрт буынды сөздерде ашық буыннан қайталау;
4. "Оқу мен жазу үрдісін дамыту және түзету"	4.1. Оқу бұзылыстарының алдын алу және түзету	3.4.1.1 сөздер мен мәтіндерді оқығанда 1-ші және 2-ші қатардағы дауысты дыбыстарды ажырата білу, буын тізбегін кезектесіп, жуан және жіңішке жұптастыру арқылы еркін оқу 3.4.1.3 суретке сәйкес мәтінді таңдау.
3-тоқсан		
1. "Тілдің психологиялық базасын дамыту"	1.1. Тактилді, көру, есту гнозисі және праксисі	3.1.1.3 дыбыстың бағытын сезініп, дыбыс көзіне қарай бағытталу
	1.3. Моторика және кеңістік туралы түсініктері	3.1.3.2 жазықтықта бағдарлау және нысандардың орналасуыорнын атау: алдында, артында, жоғары, төменде, оң/сол жақта
2. "Сөйлеу тілін түсінуін дамыту"	2.2. Дыбысталған сөйлеу тілін түсіну	3.2.2.1 тындаған мәтіннің мазмұнын қабылдау және түсіну, сұрақтарға жауап беру, сұрақтар құрастыру
3. "Дыбыс айтуын түзету және дамыту"	3.2. Сөздің мағыналық құрамын түзету және дамыту	3.3.2.1 зат есімдердің -шік, -ше жұрнақтары арқылы сөз жасалуы; 3.3.2.3 сөйлеу тілдік емес және вербалды реакциялар арқылы қарым-қатынасқа қызығушылық тан ыту.
	3.4. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту	3.3.4.1 сюжетті сурет бойынша баяндау -әңгіме құрастыру
	4.2.	3.4.2.1 жазуда дауыссыздардың жіңішкелігін ь әрпімен белгілеу; 3 . 4 . 2 . 2 акустикалық-артикуляциялық

4. "Оқу мен жазу үрдісін дамыту және түзету	Жазу бұзылыстарының алдын алу және түзету	қасиеттері бойынша ұқсас дыбыстарды білдіретін әріптерді ажырату.
4-тоқсан		
1. "Тілдің психологиялық базасын дамыту"	1.2. Сызықтыққатар бойынша есте сақтауды жаттықтыру	3.1.2.1 3-5 элементтен тұратын жағдаяттық байланысқан сөздер қатарын жаттау және екі ден бес күнге дейін есте сақтау
	1.4. Талдау-жинақтау әрекеті	3.1.4.1 графикалық бейнелері бар суреттерді сөзбен немесе сөз тіркестерімен сипаттау
2. Сөйлеу тілін түсінуін дамыту	2.2. Дыбысталған сөйлеу тілін түсіну	3..2.2.2 бастапқы формада берілген сөйлемді оның ішіндегі сөздер жинағымен ажырату
3. "Дыбыс айтуын түзету және дамыту"	3.3. Аграмматизмді жою және сөздің морфемдік құрамын қалыптастыру	3.3.3.1 үлгі бойынша фразаны қайталау, толықтыру: есімдік+ есімдік +сын есім+ зат есім+ етістік; үлгі бойынша көптік жалғауларды қолданып сөзді өзгерту (-тар, -тер, -дар, -дер)
	3.4. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту	3.3.4.2 әңгіменің сюжеттік іс әрекетінің сонын сипаттайтын суретке негізделе отырып әңгімені аяқтау
4. "Оқу мен жазу үрдісін дамыту және түзету"	4.3. Орфографияны меңгеруге дайындықты қалыптастыру	3.4.3.1 сөздегі дыбыс/әріптердің орнын табу, ережелерді сақтап жазу, адам, жер,су аттарын бас әріппен жазу, сөйлемді жазу, сұрақтарға жауап (зат, іс-әрекет, қасиеті бойынша) беру

3) 4-сынып:

5-кесте

Бөлім	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. "Тілдің психологиялық базасын дамыту"	1.1. Тактилді, көру, есту гнозисі және праксисі	4.1.1.1 стереогноз үрдісінде екі немесе одан да көп ортақ белгісі бойынша, заттарды топтастыру. Нұсқау беріледі: "Барлық дөңгелек (тегіс, кедір-бұдыр) заттарды алып бер"
	1.3. Моторика және кеңістік туралы түсініктері	4.1.3.1 сөздік нұсқаулық және үлгі бойынша, 3-5 массаждық тәсілдерді пайдалана отырып білек және саусақтарына өз бетінше массаж жасау
2. "Сөйлеу тілін түсінуін дамыту"	2.1.	4.2.1.1 ысқырық және ызың дауыссыз дыбыстарды естіп қабылдауы арқылы ажырату,

	Сөйлеу тілі дыбыстарын қабылдау және тану	жасалу жолына қарай аффрикаттарды щелевые дыбыстардан ажырату.
3. "Дыбыс айтуын түзету және дамыту""	3.1. Сөздің дыбыс-буындық құрамын түзету және дамыту	4.3.1.1 қойылған дыбыстарды бар екі-үш буыннан тұратын сөздерді ырғағын келтіріп, екпінді түсіріп айту, ауыстыларды/ дауыссыздарды ауыстырып буындар айту; ң,қ дыбыстарын үлгі бойынша буын, сөздің әрбір жерінде анық айту
	3.2. Сөздің семантикалық құрылымын түзету және дамыту	4.3.2.2 зат есімдерден етістіктерді дұрыс жасау және жазу; 4.3.2.3 кешірім сұрау және сыпайы бас тарту сөздерінің әртүрлі формаларын білу және дұрыс қолдана білу.
4. "Оқу мен жазу процестерін дамыту және түзету"	4.1. Оқу бұзылыстарының алдын алу және түзету	4.4.1.1 түзетілген дыбыстары бар сөздері бар қысқа мәтіндерді саналы, дұрыс, тегіс және мәнерлі оқу
2-тоқсан		
	1.1. Тактилді, көру, есту гнозисі және праксисі	4.1.1.2 Равен матрицасының сюжетті суретерінен, бөлік және біртұтасты тұтасты сәйкестендіру
1. "Тілдің психологиялық базасын дамыту"	1.3. Моторика және кеңістік туралы түсініктері	4.1.3.1 сөздік нұсқаулық және үлгі бойынша, 3-5 массаждық тәсілдерді пайдалана отырып білек және саусақтарына өз бетінше массаж жасау ;
2. "Сөйлеу тілін түсінуін дамыту"	2.1. Сөйлеу тілі дыбыстарын қабылдау және тану	4.2.1.2 қарапайым және күрделі формаларды фонематикалық талдау
3. "Дыбыс айтуын түзету және дамыту"	3.1. Сөздің дыбыс-буындық құрамын түзету және дамыту	4.3.1.2. екі тұйық және бір ашық буыннан, екі ашық және бір тұйық буыннан тұратын үш буынды сөздерде сөздің буындық құрамын бір буыннан екінші буынға, тіркеспен – бір дауыссыздан екіншісіне ауысу арқылы жаңғырту
4. Оқу мен жазу үрдісін дамыту және түзету	4.1. Оқу бұзылыстарының алдын алу және түзету	4.4.1.2 қарапайым мәтіндерді дұрыс анық оқу (минутына 35-40 сөз), графикалық жоспар бойынша баяндау
3-тоқсан		
	1.1. Тактилді, көру, есту гнозисі және праксисі	4.1.1.3 марш және вальс ырғағымен фрагменттің ырғақтық негізін жасау

1. "Тілдің психологиялық базасын дамыту"	1.4. Талдау-жинақтау әрекеті	4.1.4.1 іс әреткет және оның салдарынан пайда болатын сезім, көңіл күйдің себеп салдарын анықтай алу, эмоцияларын көрсету
2. "Сөйлеу тілін түсінуін дамыту"	2.2. Дыбысталған сөйлеу тілін түсіну	4.2.2.1 сөздерді грамматикалық белгілері бойынша ажырату, морфемалардың грамматикалық мәні туралы түсініктерін (сан есім, септік, шақтар бойынша "Қарындаш қайда екенін көрсет", "Шар қайда - шарлар қайда?") толықтыру
3. "Дыбыс айтуын түзету және дамыту"	3.1. Сөздің дыбыстық құрылымын түзету және дамыту	4.3.1.1 қойылған дыбыстар бар екі-үш буыннан тұратын сөздерді ырғағын келтіріп, екпінді түсіріп айту, ауыстыларды/ дауыссыздарды ауыстырып буындар айту; ң, қ дыбыстарын үлгі бойынша буын, сөздің әрбір жерінде анық айту;
	3.2. Сөздің мағыналық құрамын түзету және дамыту	4.3.2.1 сын есімдердің -дай, -дей, жұрнақтары арқылы сөз жасалуы
	3.4. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту	4.3.4.1 фразааралық байланыс құралы ретіндегі есімдіктерді қолданып, экскурсия бойынша диалог жүргізу
4. "Оқу мен жазу үрдісін дамыту және түзету"	4.2. Жазу бұзылыстарының алдын алу және түзету	4.4.2.1 жеке түзету бағдарламасындағы әріптерді (қатаң, ұяң, үнді, ызың, ысқырық) жазуда ажырату, р- және л – дыбыстық талдау негізінде
4-тоқсан		
1. "Тілдің психологиялық базасын да мыту"	1.2. Сызықтыққатар бойынша есте сақтауды жаттықтыру	4.1.2.1 өз бетінше және логопедтің көмегімен сызба қатарларды құру және қайталау
2. "Сөйлеу тілін түсінуін дамыту"	2.2. Дыбыстаған сөйлеу тілін түсіну	4.2.2.1 сөздерді грамматикалық белгілері бойынша ажырату, морфемалардың грамматикалық мәні туралы түсініктерін (сан есім, септік, шақтар бойынша "Қарындаш қайда екенін көрсет", "Шар қайда - шарлар қайда?") толықтыру 4.2.2.2 тақырыптың бірлестігінің белгілеріне қарай әңгімені естіп қабылдауы арқылы ажырату
		4.3.3.1 көптік, септік жалғауларды сөйлеу барысында дұрыс қолдану; өзбетінше етістіктермен сөйлемдер құрау

3. "Дыбыс айтуын түзету және дамыту"	3.3. Аграмматизмді жою және сөздің морфемдік құрамын қалыптастыру	4.3.3.2 Антонимдерді пайдаланып, мағыналық қарама-қайшылықтары бар сөз тіркестерін құрастыру
	3.4. Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту	4.3.4.2 синонимдерді фраза аралық байланыс құралы ретінде қолданып, сызба бойынша сипаттама-әңгіме құру
4. "Оқу мен жазу процестерін дамыту және түзету"	4.3. Орфографияны меңгеруге дайындықты қалыптастыру	4.4.3.1 тастап кеткен дауысты әріпті орнына жазу, артикуляторлы, фонематикалық, аграмматикалық дисграфия элементтері – жазудың жеке бұзылыстарын түзету және алдын алу

бұйрығына
58-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы "03" сәуірдегі
№ 115 бұйрығына
564 - қосымша

Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0 - сыныптары үшін "Әліппе, Ана тілі" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Әліппе, Ана тілі" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бағдарламаның мақсаты – көру қабілеті бұзылған балалардың білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, тыңдалым (тыңдау), сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын игеру үрдісінде функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) қоршаған орта туралы қалыптасқан түсініктері мен білімдерін анықтау (сөздерді тану және заттар мен сөзді сәйкестендіре алу);

2) сенсорлық тәжірибені, танымдық қабілетін байыту, пішін, өлшем, қашықтық, бағыт туралы түсінік қалыптастыру;

3) талдап бақылаудың қарапайым тәсілдерін қалыптастыру, сақталған анализаторларды пайдалануды үйрету, танымдық белсенділікті дамыту;

4) мотормканы, қозғалыс ырғағын, көзбен өлшеуді, қашықтан қабылдауды, түстерді ажыратуды дамыту;

5) фонемалық есту қабілетін және сөйлеу туралы бастапқы идеяларды дамыту (дыбыс, буын, екпін, сөз, сөйлем, сөйлеу интонациясы);

6) коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні есту және тыңдай білу, диалог жүргізуге дайын болу;

7) оқу дағдылары қалыптасуының алғышарттарын дамыту: сөйлеуді түсіну; сөйлемдер құрастыру; қоршаған әлемнің дыбыстарын бөліп көрсету және сөйлеу дыбыстарын ажырату; сөйлемдер, диалогтар, өзара байланысты мәтіндер; берілген тақырыпта қысқа мәтіндер құрастыра білу; мазмұндау;

8) жазу дағдылары қалыптасуының алғышарттарын дамыту:

нашар көретіндерге - ұсақ мотормканы дамыту; қол моторикасын, оптикалық-кеңістіктік белсенділікті дамыту; контур бойымен жүруді, әріптер элементтерін жазуды үйрету;

көрмейтіндерге - ұсақ мотормканы, қол қимыл қызметін дамыту, заттарды дұрыс тактильді зерттеуге, алтынүктелі қалыпта бағдарлауға үйрету, алтынүктелі қалыпта нүктелер комбинациясын құрастытуды үйрету; грифельмен, Брайль аспабымен және Брайльдің рельефті-нүктелі қарпімен басылған оқулықпен таныстыру; жазу құралымен жұмыс істеуді, грифельмен нүктелердің орнын табуды, грифельмен жазуды үйтеру.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) сенсорлық саласын дамыту: жанасу, есту арқылы қабылдауын, қалдық көру қабілетін;

2) қолды рельефті-нүктелі қаріппен жазуға және оқуға дайындау, шағын кеңістікте бағдарлауын дамыту;

3) сөйлеу вербализмінің алдын алу.

2-тарау. Оқу үрдісін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Әліппені оқытудың әлеуметтік бейімделу тәсілі, белсенді, коммуникативті, сараланған, құндылыққа бағытталған түзете-дамыту тәсілдері негізінде және оқу материалы концентрикалық түрде орналасуымен жүзеге асырылады.

6. Оқу материалының концентрикалық түрде орналасуы мазмұнының үнемі қайталану негізінде тереңдетіліп күрделеніп көрініс табады.

7. Оқытудың әлеуметтік-бейімделу тәсілі жеке тұлғаның әлеуметтік бейімсіздігін жеңуді немесе азайтуды көздейді, білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысу үшін қажетті мінез-құлық нормалары мен өмірлік дағдыларды игеру бойынша арнайы жұмыс көзделеді.

8. Іс-әрекеттік оқыту тәсілі оқу үрдісі барысында заттық, тәжірибелік, ойындық іс-әрекеттерін кең түрде қолдануды, сезімдік тәжірибесін дамытуды және молайтуды қарастырады; алгоритмдік ұсынымдарды қолдана отырып оқытудың кезеңдік сипатын қамтамасыз етеді, ал бұлар өз кезегінде жоғарғы психикалық функцияларының сенсомоторлық негізін дамытып, білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігінің орнын толтыруға, пән бойынша білімдерді, біліктіліктерді және дағдыларды меңгеруге көмектеседі.

9. Коммуникативтік тәсіл – жұппен, топта тілдік қарым-қатынас барысында ақпарат алмасу, білім, біліктілік және дағдыларымен алмасу; тіл арқылы қатынас жасау қабілеттілігі оқытудың нәтижесі болып табылады.

10. Жеке және саралап оқыту тәсілі білім алушылардың ерекше білімдік қажеттіліктерінің ескерілуін болжайды және соған орай оларды келесі топтарға бөледі:

1) көзі көрмейтін (толық көрмейтін);

2) көзі көрмейтін – көру сезімінің толық болмауы, жарық сезуі немесе қалдық көруі бар (жақсы көретін көзінде 0,04-ке дейін түзетумен);

3) жарық қабылдағыштық қасиеті бар;

4) жақсы көретін көзінде 0,04 және одан төмен қалдықты көруі бар және одан төмен ауыстырылатын түзетумен;

5) оптикалық түзету жағдайында жақсы көретін көзінде 0,05 - 0,4 көру өткірлігімен.

Алғашқы төрт топтың білім алушылары – сабақ кезінде оқу материалын тактильдік-есту тәсілі бойынша қабылдайды, Брайль жүйесі бойынша бедерлі-нүктелі қаріппен оқып, жазады, бұл топтың оқу үрдісі көбінесе сезу және есту арқылы жүзеге асырылады. Бесінші топтағы балалар нашар көретіндерге жатады. Олар регламенттенген және жеңілдетілген көру жүктемесінің сақталуын, бұзылған көру қабілетін қорғау және рационалды пайдалану бойынша іс-шараларын, ірі қаріптегі арнайы оқулықтарды, техникалық және оптикалық құралдар жүйесін (ортоскопиялық аспаптар, жолақты лупалар) қажет етеді. Сонымен қатар көзін оптикалық әйнекпен түзеткенде көру өткірлігі 0,2 ден жоғары нашар көретін білім алушылар – қолайлы жағдайда көру арқылы емін-еркін оқиды, жазады, заттарды, шынайы өмірдің құбылыстары мен үрдісін қабылдайды, кеңістікте көру арқылы бағдарлай алады, оқыту кезінде арнайы көрнекілікті, оқытудың қосымша техникалық құралдарын қолдану, қорғау-гигиеналық талаптарды сақтауды қажет етеді.

11. Бағдарлама мазмұны білім алушылардың рухани-адамгершіліктік қасиеттерін, қазақстандық патриотизмін қалыптастыруға, төзімділігі мен құндылықты-бағдарлық тәсіл қағидасы негізінде қатынас жасау қабілетін дамытуға бағытталады.

12. Түзете-дамыту бағыты кешенді сипатта болып, қалдық көру, есту, сезіну сияқты полисенсорлық қабылдаулары негізінде танымдық әрекеттерін дамытуға бағытталады.

13. Қалыпты жағдайда адамның көру арқылы қабылдауы жетекші болып табылады, сондықтан оқу және жазу үрдісін келесідей іс-әрекеттер реттілігімен сипаттауға болады :

1) әріпті көріп қабылдау;

2) әріпті тану;

3) әріпті тиісті дыбыспен сәйкестеу;

4) әріптерді жазу.

14. Көру қабілеті терең бұзылған жағдайындағы оқу және жазу үрдісі кезінде, компенсациялық механизмнің әсерінің арқасында көру арқылы қабылдауы сезіну арқылы қабылдаумен аламастырылады, ал бұл дегеніміз жазылымдық ақпаратты қабылдау үрдісін қамтамасыз ететін, көру-есту-моторлық триадасының өзгеруіне әкеліп соғады: көру компоненті тактильдікке алмастырылады. Көрмеушілік жағдайындағы оқу және жазу үрдісі - есту мен тактильдік анализаторлары арасында жаңа байланыстар орнатылуы арқылы жүреді.

15. Көрмейтін немесе көру қабілеті терең бұзылған кездегі оқу және жазу үрдісінің техникалық жағын келесі әрекеттермен көрсетуге болады:

1) рельефті-нүктелі қаріппен ұсынылған әріпті тактильді қабылдау;

2) әріптерді тактильдік түрде ажырату және тану;

3) рельефті әріпті тиісті дыбыспен сәйкестеу;

4) әріпті рельефті-нүктелі қаріппен жазу.

16. Көрмейтін білім алушылардың оқу және жазу дағдыларын меңгеру қиындықтарының себептері:

1) көру арқылы қабылдаудың симутандық сипатына (бірсәттілік) қарағанда, сезіп қабылдаудың сукцессивтік сипаты (уақыт ішіндегі тізбектігі);

2) бір-бірінен аз ғана айырмашылығы бар, рельфті-нүктелі жазудың ұқсас және айналық әріптерінің дифференциациясы;

3) жазу үрдісінің моторлық операциясының жүзеге асырылуы – көрмейтін баланың жазу үрдісі тек кинетикалық бақылау арқылы жүреді, ал қалыпты көретіндерде бұл процесс екі есе бақылаумен жүреді – кинетикалық және көру;

4) көрмейтін баланың әрбір сөздің немесе жолдың басталуын фиксациялау қажеттілігі.

5) көптеген инверсиялар мен ауыстыруларды болдыратын оқуға қатысты жазудың айналылығы.

17. Нашар көретін білім алушылардың оқу және жазу дағдыларын меңгерудегі қиындықтары:

1) жазу үрдісін көзбен бақылаудың жеткіліксіздігі;

2) ұқсас белгілер мен әріптер элементтерінің дифференциациясы: бір-бірінен сәл өзгеше;

3) тікелей және көлбеу жазуды араластыру, бұл біршама хаотикалық бейнені тудырады, өз жазуын тануда қиындық тудырады;

4) нашар көретін білім алушыларда көру қабілетінің төмен деңгейі.

18. Көрмейтін білім алушылардың оқу және жазу үрдісінің ерекшелілігі оқу және жазу барысында қиындықтар тудырады және көру қабілетінің терең бұзылымдары бар балалардың сауатын ашу барысында арнайы әдістемелік тәсілдердің қолданылуын талап етеді: дайындық кезеңінің болуы, алтынүктелі қалыпта алдын-ала жұмыс жасау, кіші кеңістікте бағдарлау, Брайль аспабында бағдарлау, грифельмен бұрыштық нүктелерді табу жаттығулары, оларды дұрыс оқу, нүктелерді орналастырудың тактильді-қимылдық бейнесін игеру.

19. Тыңдау және сөйлеу тапсырмаларының реттілігі және мысалдары:

1) артикуляциялық жаттығулар;

2) сөздерді дыбыстық талдау;

3) сөйлеуді қабылдау, сөйлеу ағынынан тілдік бірліктерді бөлу (сөйлем, сөз, буын, дыбыс);

4) қойылған мақсатқа сәйкес тыңдалған мәтіннен ақпаратты анықтау;

5) диалог құру, әңгімелесушінің көзқарасын қабылдау;

6) сұрақтарды қою және тыңдалған мәтін негізінде жауаптарды тұжырымдау;

7) таныс тақырыптарға мәлімдемелер жасау;

8) бедерлі суреттермен/суреттермен танысу, олар бойынша, жеке әсерлері бойынша, оқылғандарға ұқсас әңгімелер құрастыру;

9) ауызша сурет салу/сипаттама;

10) таныс әңгімелер мен ертегілерді қайталау;

11) ақпаратты әңгімелесушіге және тыңдаушыларға жеткізу.

20. Оқу және жазу алғышарттарын қалыптастыру бойынша тапсырмалардың реттілігі және мысалдары:

көрмейтіндерде:

1) саусақ ойындарын өткізу, саусақтардың жанасуы мен ұсақ моторикасын дамытуға, қолды үйлестіру мен дәл қимылдауға арналған жаттығулар, алтынүктелі қалыпта бағдарлау, алтынүктелі қалыпта нүктелер комбинациясын жазу;

2) грифельмен, Брайль аспабымен; Брайльдің рельефті-нүктелі шрифтімен басылған оқулықпен танысу, дұрыс отырғызу;

3) Брайль аспабында, жолдың, торлардың орналасуында бағдарлау, грифельмен 1, 3 , 4, 6 (бұрыштық) нүктелерді рет-ретімен табу біліктілігі ;

4) 1, 3, 4, 6 (бұрыштық) нүктелерді жазу, оларды дұрыс оқи білу, нүктелердің комбинацияларын жаза білу;

5) бұрыштық нүктелер бір уақытта зерттелмейді, бірақ міндетті түрде бекітіле отырып, уақыт бойынша жүйелі түрде зерттеледі;

6) белгілі бір реттіліктегі нүктелерді нөмірлеудің тактильді-қозғалтқыш бейнелерін игеру: бастапқыда 1, 3, 4, 6 (бұрыштық нүктелер), содан кейін 2 және 5 нүктелердің орналасуы;

7) 2 және 5 нүктелерді зерттеу кезінде бастапқыда олар қабылдауды жеңілдету үшін жоғарғы нүктемен бірге ұсынылады: мысалы, 1,2, содан кейін 2 бөлек; 4,5, содан кейін 5 бөлек.

8) нүктелердің тактильдік-қозғалыс бейнелерін, олардың үйлесім түрлерін игеру;

9) рельефтік суреттер мен сызбалар түрінде ұсынылған ақпаратты оқу;

нашар көретіндерде:

1) саусақ ойындарын өткізу, саусақтардың жанасуы мен ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулар, қолды үйлестіру және дәл қимылдау;

2) дәптермен, парақпен танысу, графикалық жаттығуларды орындау; сурет салу, штрихтау, дөңгелектеу; трафарет бойынша заттарды дөңгелектеу, бояу;

3) жұмыс жолында дәптерде бағдарлау, дәптердегі парақтың жоларалық кеңістігін (жұмыс жолының жоғарғы және төменгі сызықтары, тік және тік сызықтар) түсіну;

4) жазуға дайындық (дұрыс қалып, жарық, дәптердің орналасуы және жазу кезінде қарындаш/қалам ұстай білу);

5) жазу кезінде қолдың негізгі бағыттарымен танысу (жоғарыдан төмен, төменнен жоғары, солдан оңға, оңнан солға, айналмалы қозғалыстар);

6) әрбір элементті жазған кезде қозғалыс траекторияларын талдау, түсініктеме беру;

7) әріптер элементтерінің қозғалыс бейнелерін, олардың қосылыстарының түрлерін, үйлесімдерін меңгеру (нашар көретіндерге тік, көлбеу емес жазуды үйретуге назар аудару).

21.Көрмейтіндерде бастапқы кезеңде оқыту үшін жиһаз бен сөрелер, кітаптар, басқа заттар үнемі бекітілген жерлерде тұруы өте маңызды, бұл кеңістікте тез бағдарлануға ықпал етеді. Көрмейтін білім алушылар осы кеңістікті игергеннен кейін, сыныптағы жиһазды әртүрлі жұмыс түрлері (жеке, жұптық, топтық) және ойындар (басқа да белсенді әдістер) үшін жылжытуларына болады.

22. Көру қабілеті нашар және қалдық көру кезінде көру жүктемесінің реті келесілерді қамтиды:

1) көздің жұмысы мен демалуының кезектесуі;

2) көру функциясының жағдайына сәйкес үздіксіз көру жүктемесін орынды шектеу, әсіресе патологиялық бұзылым барысында;

3) сыртқы әлемнің нысандарын көру және бақылау, жазу, еңбек операцияларын жүргізу үшін көруіне жайлы жағдайлар жасау;

4) қабылдау объектілерін өлшемі, түсі, формаларының күрделілігі, олардың саны, фондық шу сипаты бойынша таңдау.

23. Бағдарламалық материалды толыққанды жүзеге асыру үшін оқу үрдісін жабдықтау нормалары белгіленген:

1) көрмейтіндер үшін: Брайльдің рельефті-нүктелі қарпімен басылған оқулық; Брайль аспабы, грифель, алтынүктелі қалып;

2) нашар көретіндер үшін: "Әліппе, Ана тілі" оқу-әдістемелік кешені, оған оқулық, жазу үлгілері, жұмыс дәптерлері, әдістемелік құрал.

3) интерактивтік және проекциялық жабдықтар жиынтығы: проектор, интерактивті тақта немесе экран;

4) электрондық басылымдар, DVD–гі бейнефильмдер, электронды плакаттар;

5) компьютер жиынтығы: жүйелік блок, монитор, микрофондық-телефондық гарнитура, акустикалық жүйе, Web-камера (Веб), желілік фильтр, көпфункционалды құрылғы;

6) қабырғалық аудиториялық тақта.

24. Тілдік оқыту барысында техникалық құрылғылар (аппаратуралар) мен дидактикалық құралдар (ақпарат тасымалдағыштар) белсенді түрде қолданылады, соның ішінде:

1) оптикалық түзеу құралдары: лупалар (қолдық, стационарлық және тіректік); көзәйнектер (микроскопиялық, гиперокулярлық және телескопиялық); бинокулярлар мен монокулярлар; проекциялық ұлғайтқыш аппараттары (эпипроекторлар және диапроекторлар);

2) көру аумағының кемістігі бар тұлғалар үшін (гемианопсия, құбырлы көру) көру аумағын қажетті шектеуде өзгертетін арнайы оптикалық жүйелер; егер көру сапасының нашарлауы жоғары жарық жағдайында болса, түссіз қапталған әйнектен немесе түрлі-түсті әйнектен жасалған жарықтан қорғайтын түзеткіш линзалар сияқты жарық техникасы қолданылады;

3) компьютерлік тифлокешен: IBM үйлесімді дербес компьютер, брайльдік дисплей, брайльдік принтер index Everest–D, сканерлеуге және оқуға арналған "Книголюб" бағдарламасы, экранды ұлғайтатын бағдарлама;

4) электрондық ұлғайтқыш құрылғысы "Книга", "Video Light VGA";

5) нашар көретіндерге арналған портативтік ұлғайтқыш құрылғы.

3-тарау. "Әліппе, Ана тілі" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. "Әліппе, Ана тілі" оқу пәнінің мазмұны

25. "Әліппе", "Ана тілі" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 0-сыныпта аптасына 5 сағат, оқу жылы бойынша 160 сағатты құрайды.

Пәннің оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы типтік оқу жоспарына сәйкес жасалды (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

26. "Әліппе" пәнін оқыту өзара байланысты кезеңдерге бөлінеді: пропедевтикалық, әліпеге дейінгі, әліппе кезеңді, әліппеден кейінгі. Пропедевтикалық және әліппеге дейінгі кезең мазмұны бойынша ерекшеленетін, пропедевтикалық 0-сыныпта, ал әліпеге дейінгі кезең 1-ші сыныптың басын қамтиды.

27. 0-сынып Бағдарламаның мазмұны келесі ортақ бөлімдерді қамтиды:

1) "Тыңдалым (тыңдау) және айтылым";

2) "Оқылым";

3) "Жазылым".

28. "Тыңдалым (тыңдау) және айтылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) сенсорлық, тәжірибелік тәжірибені байыту;

2) сөйлеу тілінің негізгі бірліктерін түсіну (мәтін, сөйлем, сөз);

3) тыңдалған материалдың тақырыбы мен негізгі ойын анықтау;

4) тыңдалған материалды қайталап айту;

5) оқиғаларды болжау;

6) тыңдаушылардың назарын аудару;

7) сөйлеу нормаларын сақтай отырып әр түрлі жағдайларда қарым-қатынасқа түсу;

8) бағалау пікірін айту;

9) әңгіме құрастыру;

10) сөздің дыбыстық формасында бағдарлау.

29. "Оқылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) сипап сезу қабылдауын және бағдарлануын дамыту;

2) сөйлеуді дамыту;

3) оқылған материалдың тақырыбы мен негізгі ойын анықтау;

4) мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтау;

5) мәтіндегі лексикалық және синтаксикалық бірліктер рөлін түсіну;

6) сұрақтар мен жауаптарды құрастыру ;

7) мәтіннің түрін, жанрын және стилін анықтау;

8) мәтіндердің салыстырмалы талдауы;

30. "Жазылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) сезімдік қабылдау мен бағдарлауды дамыту;

2) мәтін құру;

3) жазудың графикалық нормаларын сақтау;

4) жұмыстағы қателерді табу және түзету;

31. 0-сыныптағы білім берудің базалық мазмұны:

"Тыңдалым және айтылым":

1) үстел бетіндегі екі қолмен заттарды жүйелі түрде тексеру (жоғарыдан төменге);

2) заттардың белгілерін текстурасы (тегістігі, кедір-бұдырлығы), температуралық қасиеттері бойынша бөлу, зат жасалған материалды анықтау;

3) заттарды түсі, пішіні, өлшемі бойынша ажырату және тану;

4) дыбысты түсіну және қоршаған болмыстан дыбыстың шығуы;

5) дыбыстың дыбыс көзімен арақатынасы;

6) дыбыстың локализациясы (бағыт бойынша, дыбыс көзіне дейінгі қашықтық бойынша, дыбыс күші бойынша);

7) табиғи заттармен, муляждармен, ойыншықтармен пәндік-тәжірибелік іс-әрекет, түрлі-түсті және бедерлі суреттердегі кескіндермен жұмыс, аппликациялармен жұмыс;

8) ірі, анық, жүктелмеген иллюстрациялардың егжей-тегжейін сипаттау.

9) әлемнің тұтас бейнесінің құрамдас бөлігі ретінде тіл туралы алғашқы идеялар;

10) сөйлеудің негізгі бірліктері (мәтін, сөйлем, сөз);

11) естілетін сөздің дыбыстық жағы;

12) сөйлемдер мен шағын мәтіндердің интонациялық бояуы;

13) диалог түріндегі жағдайлар;

14) ауызша емес қарым-қатынас құралдары: интонация, поза, ым-ишара, бет-әлпет;

15) орфоэпия нормалары және сөйлемді дұрыс интонациялау;

16) оқу және тұрмыстық қарым-қатынас жағдайындағы сөйлеу этикетінің нормалары (өтініш, алғыс, құттықтау);

17) фонемалық есту мен дикцияны (тілдің бұрышы) дамытуға арналған артикуляциялық жаттығулар;

18) артикуляциялық жаттығулар;

19) сөздер мен буындардың дыбыстық құрылымы;

20) дыбыстарды дауысты және дауыссыз дыбыстарға жіктеу (артикуляциялық, акустикалық, функционалды аспектілер);

21) дауыссыз дыбыстарды қаттылық/жұмсақтық және дауыссыз/саңырау бойынша жіктеу;

22) сөздерді буындарға бөлу;

23) екпінді және соқпалы емес буындар;

24) дауысты және дауыссыз дыбыстарға әлсіз және күшті позициялар;

25) дыбыс пен екпіннің семантикалық рөлі (құлып - құлып);

26) мәтіндерді, әңгімелерді тыңдау;

27) мәтіннің негізгі тақырыбы мен ойларын бөліп көрсету, тыңдағанды қайталау;

28) диалогтар, диалогтарға қатысу, сұрақ-жауаптарды тұжырымдау, тыңдаушының назарын аудару.

"Оқылым"

көрмейтін білім алушыларда:

1) сұрақтар бойынша қайталау, объектілерді олардың белгілері бойынша салыстыру , заттарды топтастыру (артық затты алып тастау), заттарды олардың түр ұғымдары, атаулары бойынша жіктеу;

2) сөз бен бейнені салыстыру, сөздік қорын толықтыру, әңгімелесуге қатысу (өмірлік әсерлері бойынша, ертегінің мазмұны бойынша);

3) сұрақтар бойынша тыңдалғанды қайталау;

4) заттардың әрекеттері мен белгілерін сипаттайтын сөздерді таңдау;

5) рельефті суреттерді тану, сүреттеу, "оқу";

6) сөйлемдер мен бұындардың графикалық бейнелері;

7) сөйлемдегі сөздердің санын, сөздегі буындарды анықтау - оның графикалық бейнесімен сәйкестендіру;

8) буын кіші айтылым бірлігі ретінде;

9) сөйлем, сөз, буын, дауысты және дауыссыз дыбыстардың құрылымы -олардың графикалық бейнелері;

10) нүктелер комбинациясын оны құрайтын элементтерге (нүктелерге) бөлу;

11) табиғи заттарды қолдана отырып, заттық-тәжірибелік ойын әрекеті: жануарлар белгілейтін ойыншықтар, муляждар, рельефтер, ойыншықтар, қосымшалар;

12) олардың сипаттамасы;

13) әр түрлі жанрдағы шығармаларды олардың ерекшеліктері негізінде салыстыру;

14) шығарманың негізгі кейіпкерлерінің сипаттамасы.

нашар көретін білім алушыларда:

1) сұрақтар бойынша қайталау, объектілерді олардың белгілері бойынша салыстыру , заттарды топтастыру (артық затты алып тастау), заттарды олардың түр ұғымдары, атаулары бойынша жіктеу;

2) сөз бен бейнені салыстыру, сөздік қорын толықтыру, әңгімелесуге қатысу (өмірлік әсерлері бойынша, ертегінің мазмұны бойынша);

3) сұрақтар бойынша тыңдалғанды қайталау;

4) заттардың әрекеттері мен белгілерін сипаттайтын сөздерді таңдау;

5) заттық, сюжеттік суреттерді тану, сүреттеу, "оқу";

6) сөйлемдер мен бұындардың схемалары;

7) сөйлемдегі сөздердің санын, сөздегі буындарды анықтау - оның графикалық бейнесімен сәйкестендіру;

8) буын кіші айтылым бірлігі ретінде;

9) сөйлем, сөз, буын, дауысты және дауыссыз дыбыстардың құрылымы - олардың графикалық бейнелері;

10) табиғи заттарды қолдана отырып, заттық-тәжірибелік ойын әрекеті: жануарлар белгілейтін ойыншықтар, муляждар, рельефтер, ойыншықтар, қосымшалар;

11) әр түрлі жанрдағы шығармаларды олардың ерекшеліктері негізінде салыстыру;

12) шығарманың негізгі кейіпкерлерінің сипаттамасы.

"Жазылым"

көрмейтін білім алушыларда:

1) саусақтардың жанасуы мен ұсақ моторикасын, қолдың үйлестірілуі мен дәл қимыл-қозғалысын дамытуға арналған жаттығулар;

2) Л.Брайль аспабында жазу құрылғысымен, грифельмен танысу, қолдану ережелері ;

3) парақ кеңістігінде, дәптерде бағдарлай білу;

4) заттарды түсі, пішіні, өлшемі бойынша танып, ажырата білу, оларды бедерлі суреттермен байланыстыру;

5) сенсорлық эталондармен өз бетінше жұмыс істей білу (түсі, пішіні, шамасы);

6) партада бағдарлай білуді дамыту (әрбір заттың өзінің тұрақты орны бар), бірінші оқу кітабында және оның беттерінде бағдарлай білу;

7) нүктелерден ою-өрнектерді тесу, алты нүктелі қалыптарды пайдалана отырып нүктелерді жазу;

8) алтынүктелі қалыпта бағдарлау, алтынүктелі қалыпта нүктелер комбинациясын жазу;

9) Брайль аспабындағы жолдар мен торлардың орналасуында бағдарлау, 1, 3, 4, 6 (бұрыштық) нүктелерді грифельмен таба білу;

10) 1, 3, 4, 6 (бұрыштық) нүктелерді рет-ретімен жазу, оларды дұрыс оқи білу;

11) нүктелерді белгілі бір ретпен нөмірлеудің тактильді-қозғалтқыш бейнелерін игеру: бастапқыда 1, 3, 4, 6 (бұрыштық нүктелер), олардың комбинациялары, содан кейін 2 және 5 нүктелердің орналасуы;

12) қалыптағы нүктелердің дұрыс орналасуы-алты нүкте;

нашар көретін білім алушыларда:

1) дәптермен танысу, парақпен танысу, графикалық жаттығуларды орындау;

2) сурет салу, штрихтау, дөңгелектеу;

3) заттарды трафарет бойынша жиектеу, бояу;

4) дәптерде жұмыс жолында бағдарлау, дәптердегі парақтың жоларалық кеңістігін түсіну (жұмыс жолының жоғарғы және төменгі сызықтары, тік және тік сызықтар);

5) жазуға дайындық (дұрыс қалып, жарықтандыру, дәптердің орналасуы және жазу кезінде қарындаш/қалам ұстай білу);

6) жазу кезінде қолдың негізгі бағыттарымен танысу (жоғарыдан төмен, төменнен жоғары, солдан оңға, оңнан солға, дөңгелек қозғалыстар), сурет салу және жазу кезінде саусақтардың, қолдың, білектің, иықтың қозғалысын үйлестіру;

7) әр элементті жазу кезінде қозғалыс траекторияларын талдау;

8) элементтерді жазуға түсініктемелер;

9) әріптерді салу реттілігін түсіну;

10) әріптердің қозғалыс бейнелерін, олардың буындардағы, комбинациялардағы қосылу түрлерін игеру.

Параграф 2. Оқыту мақсаттарының жүйесі

32. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлімше ретін, төртінші сан - оқыту

мақсатының реттік нөмірін білдіреді. 0.1.2.1 кодында "0" – сынып, "1.2." – бөлім және бөлімше, "1" – оқыту мақсатының реттік саны.

33. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) "Тыңдалым және айтылым" бөлімі:

1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
	0-сынып
1.1. Сенсорлық және тәжірибелік біліктілігін байыту	0.1.1.1 екі қолмен затты тексеру; 0.1.1.2 заттарды дәйекті және белсенді түрде тексеру; 0.1.1.3 сезіну арқылы қабылдаудың барлық мүмкіндіктерін қолдану: саусақ, алақан, білек; 0.1.1.4 заттардың белгілерін құрылымы, температурасы, материалы бойынша ажырату; 0.1.15 қоршаған шындықтың дыбыстарын бөліп көрсету және ажырату; 0.1.1.6 дыбыстарды бағыты, күші, дыбысталу орны бойынша ажырату; 0.1.1.7 нысандарды пішіні, түсі, өлшемі бойынша ажырату және сипаттау; 0.1.1.8 заттарды сипаты бойынша тану; 0.1.1.9 заттарды атауы, өлшемі, пішіні және басқа да сипаттамалары бойынша топтастыру; 0.1.1.10 табиғи заттарды: тұлыптар, муляждар, барельефтер, ойыншықтар, аппликацияларды пайдалана отырып, заттық-тәжірибелік іс-әрекетті жүзеге асыру; өз қызметін түсіну
1.2. Сөйлеу тілінің негізгі бірліктерін түсіну (мәтін, сөйлем, сөз)	0.1.2.1 сөйлеу тілінің негізгі бірліктерін тану (мәтін, сөйлем, сөз); 0.1.2.2 мәтінді, сөйлемді, сөзді, дыбысты, екпінді ажырату; 0.1.2.3 ауызша және жазбаша сөйлеуді ажырату; 0.1.2.4 сөйлемнен жеке сөздерді бөлу; 0.1.2.5 сөйлемдегі сөздердің санын анықтау; 0.1.2.6 екпінді сөзге дұрыс қолдану
1.3. Тақырыпты және тыңдалған мәтіннің негізгі ойын анықтау	0.1.3.1 мәтінде кім/не туралы айтылғанын анықтау; 0.1.3.2 кейіпкерлердің іс-әрекеттері бағалау
1.4. Тыңдалған материалды қайталап айту	0.1.4.1 кеңестерге сүйене отырып тыңдалған материалды қайталап айту; 0.1.4.2 мұғалімнің қолдауымен деформацияланған сөйлемдерді қалпына келтіріңіз
1.5. Оқиғаларды болжау	0.1.5.1 мазмұнда тақырыпты бөлектеу, сюжетке рельфті сурет/иллюстрацияларды таңдау
	0.1.6.1 сөйлеуде сөйлеу тілдік емес қарым-қатынас құралдары не үшін қолданылатынын білу (мимика, ым-ишара);

	0.1.6.2 интонацияны не үшін сақтау керектігін білу:
1.6. Тыңдаушылардың назарын аудару	

	сөйлеуде баяндау, сұрау, лепті интонацияны дұрыс қолдану
1.7. Сөйлеу нормаларын сақтай отырып, қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларына қатысу	0.1.7.1 сюжеттік сурет бойынша және/немесе мұғалімнің сұрақтарына сүйене отырып, 12 сөзге дейінгі көлемде баяндау мәтінін құрастыру; 0.1.7.2 қарапайым диалогтарды құра білу
1.8. Бағалау пікірін білдіру	0.1.8.1 тыңдалған әңгімеге/ертегіге, оқиғаға/ мультфильмге қатынасын айту, оны қарапайым сөйлемдермен негіздеу
1.9. Әңгіме құрастыру	0.1.9.1 мұғалімнің сұрақтарына сүйене отырып және /немесе жоспарға сүйене отырып, пәндік сурет бойынша 8-12 сөзге дейінгі көлемде сипаттау және баяндау әңгімелерін құрастыру
1.10. Сөздің дыбыстық түрінде бағдарлау	0.1.10.1 тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату; 0.1.10.2 дыбыстарды сөзден бөлу,олардың санын анықтау; 0.1.10.3 дауысты/дауыссыз, екпінді/екпінсіз/, қатаң/ ұяң дыбыстарды ажырату; 0.1.10.4 екпінді буынды анықтау; 0.1.10.5 сөздің, буынның дыбыстық сызбасын құрастыру

2) "Оқылым" бөлімі:

2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаты
	0-сынып
2.1. Сипап сезу қабылдауын және бағдарлануын дамыту (мақсат -5 көрмейтіндер үшін)	0.2.1.1 табиғи заттарды, муляждарды, ойыншықтарды ажырата білу, оларды түсі, пішіні, өлшемі бойынша тану; 0.2.1.2 иллюстрацияларда/ бедерлі суреттерде/ аппликацияларда бейнеленген заттарды тану; 0.2.1.3 партада, қағаз бетінде, кітапта бағдарлай білу ; 0.2.1.4 дұрыс қалыпты ұстау, кітапты дұрыс қою; 0.2.1.5 алты нүктелі қалыпта бағдарлау; 0.2.1.6 алты нүктелі қалыптағы нүктелердің комбинациясын оқу
2.2. Сөйлеуді дамыту және нақтылау	0.2.2.1 заттарды олардың белгілері бойынша салыстыру, артық заттарды қоспағанда, заттарды топтастыру; 0.2.2.2 бедерлі сызбаларды/суреттерді "оқу", сөздер мен бейнелерді салыстыру; 0.2.2.3 заттардың әрекеттері мен белгілерін сипаттайтын сөздерді таңдау; 0.2.2.4 өмірлік әсерлер, ертегі, әңгіме бойынша әңгімеге қатысу; 0.2.2.5 тыңдалымды қойылған сұрақтар бойынша мазмұндау

2.3. Оқылған мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	0.2.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтін тақырыбын анықтау
2.4. Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтау	0.2.4.1 сюжеттік бөлімдердің ретін анықтау және қайта құру; 0.2.4.2 мұғалімнің көмегімен баяндаудың басталуын , ортасын және соңын анықтау; 0.2.4.3 әңгімелеу мәтінді жалғастыру (мұғалім мәтіннің басталуын ұсынады); 0.2.4.4 мұғалімнің көмегімен деформацияланған мәтінді қалпына келтіру
2.5. Мәтіндегі лексикалық және синтаксистік бірліктердің рөлін түсіну	0.2.5.1 заттарды, олардың белгілері мен әрекеттерін білдіретін сөздерді атау және ажырату; 0.2.5.2 жалпылама мағынасы бар қарапайым сөздерді білу; 0.2.5.3 ең көп таралған антонимдерді атау (мұғалімнің көмегімен)
2.6. Сұрақтар мен жауаптарды тұжырымдау	0.2.6.1 сұраулы және бұйрық қаратпа сөздерін ажырату білу; 0.2.6.2 сөздік емес қарым-қатынас құралдарын қолдана отырып диалог құру: интонация, дене қимылы, ым-ишара, бет-әлпет
2.7. Мәтіндердің типтері мен жанрларын анықтау	0.2.7.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің поэтикалық және прозалық формаларын тану
2.8. Мәтіндерді салыстырмалы талдау	0.2.8.1 ертегілер, әңгімелер, өлеңдер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар тыңдау және қайталау

3) "Жазылым" бөлімі:

3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаты
	0-сынып
3.1. Сипап сезу қабылдауы мен бағдарлауын дамыту (көзі көрмейтіндер үшін)	көрмейтіндер үшін: 0.3.1.1 саусақ ойындарын, саусақтардың жанасуын және ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығуларды орындау, грифельмен жұмыс кезінде қолдың қимылын үйлестіру; 0.3.1.2 Брайль аспабында бағдарлау; 0.3.1.3 Брайль аспабындағы жолдар мен торлардың орналасуын білу; 0.3.1.4 аспапты ашу және жабу, қағазды салу және бекіту, Брайль грифелін ұстау, жазу кезінде дұрыс қалыпта отыру; нашар көретіндер үшін: 0.3.1.1 саусақ ойындарын, саусақтардың жанасуы мен ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығуларды орындау, жазу кезінде қолдың қимылын үйлестіру; 0.3.1.2 жазу дәптерін дұрыс қоя білу, жазу кезінде қалам ұстау
	0.3.2.1 берілген тақырып бойынша 2-3 сөзден қарапайым сөйлемдер құрыңыз, заттарды,

3.2. Мәтін құру	әрекеттерді, белгілерді, сызбаларды, тірек сөздерді қолдану
3.3. Жазудың графикалық нормаларын сақтау	көрмейтіндер үшін: 0.3.3.1 грифельмен бұрыштық нүктелерді тауып белгілі бір ретпен жазу: 1-нүкте; содан кейін 3-нүкте , 1,3-нүктелердің комбинациясы; содан кейін 4-нүкте және 1,3,4-нүктелердің комбинациясы; 6-нүкте; 0.3.3.2 бұрыштық нүктелермен әртүрлі комбинацияларды көшіріп жазу және айту арқылы жазу; 0.3.3.3 1,2 және 2 нүктелерін бөлек жаза білу; 4,5 және 5 нүктелерін бөлек жаза білу; 0.3.3.4 нүктелердің комбинацияларын дұрыс жазу; нашар көретіндер үшін: 0.3.3.1 жұмыс жолы мен жоларалық кеңістікті ажырату; 0.3.3.2 әріптердің негізгі элементтерін және олардың реттілігін үлгі бойынша дөңгелектеу, жазу; 0.3.3.3 бас әріп (бас әріп) және кіші әріп элементтерін және олардың қосындыларын үлгі бойынша үзіліссіз жалғауды қолдана отырып жазу
3.4. Жұмыстағы қателерді табу және түзету	0.3.4.1 нүктелердің орналасуын, комбинациясын (көрмейтіндер); әріптер элементтерін (нашар көретін) тексеру

34. Осы оқу бағдарламасы қосымшаға сәйкес бастауыш білім беру деңгейінің 0-сыныбындағы (қазақ тілінде оқыту) көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған "Әліппе", "Ана тілі" пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

35. Оқыту барсында әр бөлім мен тақырыптарға берілетін сағаттар санын балалардың үлгеріміне қарай мұғалім өзі бөледі.

Параграф 3. Көрмейтін және нашар көретін оқушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0 - сыныптары үшін "Әліппе, Ана тілі" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар (оқыту қазақ тілінде)

1-тоқсан			
Кезең	Тыңдалым мен айтылым	Оқылым	Жазылым
	0.1.1.1 екі қолмен затты тексере білу; 0.1.1.2 заттарды дәйекті және белсенді түрде тексеру; 0.1.1.3 сезіну арқылы қабылдаудың барлық мүмкіндіктерін қолдану: саусақ, алақан, білек; 0.1.1.4 заттардың белгілерін құрылымы,		көрмейтіндер үшін: 0.3.1.1 саусақ ойындарын , саусақтардың жанасуын және ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығуларды орындау,

Дайындық кезеңі	температурасы, материалы бойынша ажырату; 0.1.1.5 қоршаған шындықтың дыбыстарын бөліп көрсету және ажырату; 0.1.1.6 дыбыстарды бағыты, күші, дыбысталу орны бойынша ажырату; 0.1.1.7 нысандарды пішіні, түсі, өлшемі бойынша ажырату және сипаттау; 0.1.1.8 заттарды сипаты бойынша тану; 0.1.1.9 заттарды атауы, өлшемі, пішіні және басқа да сипаттамалары бойынша топтастыру; 0.1.2.1 сөйлеу тілінің негізгі бірліктерін тану (мәтін, сөйлем, сөз); 0.1.2.2 мәтінді, сөйлемді, сөзді, дыбысты, екпінді ажырату; 0.1.2.3 ауызша және жазбаша сөйлеуді ажырату; 0.1.2.4 сөйлемнен жеке сөздерді бөлу; 0.1.2.5 сөйлемдегі сөздердің санын анықтау; 0.1.3.1 мәтінде кім/не туралы айтылғанын анықтау; 0.1.4.1 кеңестерге сүйене отырып тыңдалған материалды қайталап айту; 0.1.9.1 мұғалімнің сұрақтарына сүйене отырып және/немесе жоспарға сүйене отырып, пәндік сурет бойынша 8-12 сөзге дейінгі көлемде сипаттау және баяндау әңгімелерін құрастыру; 0.1.10.1 тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату;	0.2.1.1 табиғи заттарды, муляждарды, ойыншықтарды ажырата білу, оларды түсі, пішіні, өлшемі бойынша тану; 0.2.1.2 иллюстрацияларда / бедерлі суреттерде/ аппликацияларда бейнеленген заттарды тану; 0.2.1.3 партада, қағаз бетінде, кітапта бағдарлай білу; 0.2.1.4 дұрыс қалыпта ұстау, кітапты дұрыс қою ; 0.2.1.5 алты нүктелі қалыпта бағдарлану; 0.2.2.1 заттарды олардың белгілері бойынша салыстыру, артық заттарды қоспағанда, заттарды топтастыру; 0.2.2.2 бедерлі сызбаларды/суреттерді " оқу", сөздер мен бейнелерді салыстыру; 0.2.2.3 заттардың әрекеттері мен белгілерін сипаттайтын сөздерді таңдау; 0.2.2.5 тыңдалымды қойылған сұрақтар бойынша мазмұндау; 0.2.4.1 сюжеттік бөлімдердің ретін анықтау және қайта құру; 0.2.8.1 ертегілер, әңгімелер, өлеңдер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар тыңдау және қайталау	грифельмен жұмыс кезінде қолдың қимылын үйлестіру; 0.3.1.2 Брайль аспабында бағдарлау; 0.3.1.4 аспапты ашу және жабу, қағазды салу және бекіту, Брайль грифелін ұстау; нашар көретіндер үшін: 0.3.1.1 саусақ ойындарын , саусақтардың жанасуы мен ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығуларды орындау, жазу кезінде қолдың қимылын үйлестіру; 0.3.1.2 жазу дәптерін дұрыс қоя білу, жазу кезінде қалам ұстау; 0.3.2.1 берілген тақырып бойынша 2-3 сөзден қарапайым сөйлемдер құрыңыз, заттарды, әрекеттерді, белгілерді, сызбаларды, тірек сөздерді қолдану; көрмейтіндер үшін: 0.3.3.1 грифельмен бұрыштық нүктелерді тауып белгілі бір ретпен жазу: 1-нүкте; содан кейін 3-нүкте, 1,3-нүктелердің комбинациясы; содан кейін 4-нүкте және 1,3,4-нүктелердің комбинациясы; 6-нүкте; нашар көретіндер үшін: 0.3.3.1 жұмыс жолы мен жоларалық кеңістікті ажырату; 0.3.3.2 әріптердің негізгі элементтерін және олардың реттілігін үлгі бойынша дөңгелектеу, жазу; 0.3.4.1 нүктелердің орналасуын, комбинациясын (көрмейтіндер); әріптер элементтерін (нашар көретін) тексеру

	0.1.10.2 дыбыстарды сөзден бөлу,олардың санын анықтау		
2-тоқсан			
	0.1.1.2 заттарды дәйекті және белсенді түрде тексеру; 0.1.1.3 сезіну арқылы қабылдаудың барлық мүмкіндіктерін қолдану: саусақ, алақан, білек; 0.1.1.4 заттардың белгілерін құрылымы, температурасы, материалы бойынша ажырату; 0.1.1.5 қоршаған шындықтың дыбыстарын бөліп көрсету және ажырату; 0.1.1.6 дыбыстарды бағыты, күші, дыбысталу орны бойынша ажырату; 0.1.1.7 нысандарды пішіні, түсі, өлшемі бойынша ажырату және сипаттау; 0.1.1.8 заттарды сипаты бойынша тану; 0.1.1.9 заттарды атауы, өлшемі, пішіні және басқа да сипаттамалары бойынша топтастыру; 0.1.1.10 табиғи заттар-ды: тұлыптар, муляждар, барельефтер, ойыншықтар, аппликацияларды пайдалана отырып, заттық-тәжирибелік іс-әрекетті жүзеге асыру; өз қызметін түсіну; 0.1.2.1 сөйлеу тілінің негізгі бірліктерін тану (мәтін, сөйлем, сөз); 0.1.2.2 мәтінді, сөйлемді, сөзді, дыбысты, екпінді ажырату; 0.1.2.3 ауызша және жазбаша сөйлеуді ажырату; 0.1.2.4 сөйлемнен жеке сөздерді бөлу;	0.2.1.1 табиғи заттарды, муляждарды, ойыншықтарды ажырата білу, оларды түсі, пішіні, өлшемі бойынша тану; 0.2.1.2 иллюстрацияларда / бедерлі суреттерде/ аппликацияларда бейнеленген заттарды тану; 0.2.1.3 партада, қағаз бетінде, кітапта бағдарлай білу; 0.2.1.4 дұрыс қалыпта ұстау, кітапты дұрыс қою ; 0.2.1.5 алты нүктелі қалыпта бағдарлану; 0.2.1.6 алты нүктелі қалыптағы нүктелердің комбинациясын оқу; 0.2.2.1 заттарды олардың белгілері бойынша салыстыру, артық заттарды қоспағанда, заттарды топтастыру; 0.2.2.2 бедерлі сызбаларды/суреттерді " оқу", сөздер мен бейнелерді салыстыру; 0.2.2.3 заттардың әрекеттері мен белгілерін сипаттайтын сөздерді таңдау;	көрмейтіндер үшін: 0.3.1.1саусақ ойында-рын, саусақтардың жанасуын және ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығуларды орындау, грифельмен жұмыс кезінде қолдың қимылын үйлестіру; 0.3.1.2 Брайль аспабында бағдарлау; 0.3.1.3 Брайль аспабындағы жолдар мен торлардың орналасуын білу; 0.3.1.4 аспапты ашу және жабу, қағазды салу және бекіту, Брайль грифелін ұстау, жазу кезінде дұрыс қалыпта отыру; нашар көретіндер үшін: 0.3.1.1 саусақ ойындарын , саусақтардың жанасуы мен ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығуларды орындау, жазу кезінде қолдың қимылын үйлестіру; 0.3.1.2 жазу дәптерін дұрыс қоя білу, жазу кезінде қалам ұстау; 0.3.2.1 берілген тақырып бойынша 2-3 сөзден қарапайым сөйлемдер құрыңыз, заттарды,

Дайындық кезеңі	0.1.2.5 сөйлемдегі сөздердің санын анықтау; 0.1.3.1 мәтінде кім/не туралы айтылғанын анықтау; 0.1.3.2 кейіпкерлердің іс-әрекеттері бағалау; 0.1.4.1 кеңестерге сүйене отырып тыңдалған материалды қайталап айту; 0.1.5.1 мазмұнда тақырыпты бөлектеу, сюжетке рельфті сурет/ иллюстрацияларды таңдау; 0.1.6.1 сөйлеуде сөйлеу тілдік емес қарым-қатынас құралдары не үшін қолданылатынын білу (мимика, ым-ишара); 0.1.6.2 интонацияны не үшін сақтау керектігін білу: сөйлеуде баяндау, сұрау, лепті интонацияны дұрыс қолдану; 0.1.7.1 сюжеттік сурет бойынша және/немесе мұғалімнің сұрақтарына сүйене отырып, 12 сөзге дейінгі көлемде баяндау мәтінін құрастыру; 0.1.7.2 қарапайым диалогтарды құра білу; 0.1.9.1 мұғалімнің сұрақтарына сүйене отырып және/немесе жоспарға сүйене отырып, пәндік сурет бойынша 8-12 сөзге дейінгі көлемде сипаттау және баяндау әңгімелерін құрастыру; 0.1.10.1 тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату; 0.1.10.2 дыбыстарды сөзден бөлу,олардың санын анықтау; 0.1.10.3 дауысты/ дауыссыз,екпінді/екпінсіз /,	0.2.2.4 өмірлік әсерлер, ертегі, әңгіме бойынша әңгімеге қатысу; 0.2.2.5 тыңдалымды қойылған сұрақтар бойынша мазмұндау; 0.2.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтін тақырыбын анықтау; 0.2.4.1 сюжеттік бөлімдердің ретін анықтау және қайта құру; 0.2.4.2 мұғалімнің көмегімен баяндаудың басталуын, ортасын және соңын анықтау; 0.2.4.3 әңгімелеу мәтінді жалғастыру (мұғалім мәтіннің басталуын ұсынады); 0.2.5.1 заттарды, олардың белгілері мен әрекеттерін білдіретін сөздерді атау және ажырату; 0.2.5.2 жалпылама мағынасы бар қарапайым сөздерді білу; 0.2.5.3 ең көп таралған антонимдерді атау (мұғалімнің көмегімен); 0.2.6.1 сұраулы және бұйрық қаратпа сөздерін ажырату білу; 0.2.7.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің поэтикалық және прозалық формаларын тану; 1.2.8.1 ертегілер, әңгімелер, өлеңдер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар тыңдау және қайталау	әрекеттерді, белгілерді, сызбаларды, тірек сөздерді қолдану; көрмейтіндер үшін: 0.3.3.1 грифельмен бұрыштық нүктелерді тауып белгілі бір ретпен жазу: 1-нүкте; содан кейін 3-нүкте, 1,3-нүктелердің комбинациясы; содан кейін 4-нүкте және 1,3,4-нүктелердің комбинациясы; 6-нүкте; 0.3.3.2 бұрыштық нүктелермен әртүрлі комбинацияларды көшіріп жазу және айту арқылы жазу; 0.3.3.3 1,2 және 2 нүктелерін бөлек жаза білу; 4,5 және 5 нүктелерін бөлек жаза білу; 0.3.3.4 нүктелердің комбинацияларын дұрыс жазу; нашар көретіндер үшін: 0.3.3.1 жұмыс жолы мен жоларалық кеңістікті ажырату; 0.3.3.2 әріптердің негізгі элементтерін және олардың реттілігін үлгі бойынша дөңгелектеу, жазу; 0.3.3.3 бас әріп (бас әріп) және кіші әріп элементтерін және олардың қосындыларын үлгі бойынша үзіліссіз жалғауды қолдана отырып жазу

	қатаң/ұяң дыбыстарды ажырату		
3-тоқсан			
Дайындық кезеңі	0.1.1.8 заттарды сипаты бойынша тану; 0.1.1.9 заттарды атауы, өлшемі, пішіні және басқа да сипаттамалары бойынша топтастыру; 0.1.1.10 табиғи заттар-ды: тұлыптар, муляждар, барельефтер, ойыншықтар, аппликацияларды пайдалана отырып, заттық-тәжирибелік іс-әрекетті жүзеге асыру; өз қызметін түсіну; 0.1.2.5 сөйлемдегі сөздердің санын анықтау; 1.1.2.6 екпінді сөзбен дұрыс қолдану; 0.1.3.1 мәтінде кім/не туралы айтылғанын анықтау; 0.1.3.2 кейіпкерлердің іс-әрекеттері бағалау; 0.1.4.1 кеңестерге сүйене отырып тыңдалған материалды қайталап айту; 0.1.4.2 мұғалімнің қолдауымен деформацияланған сөйлемдерді қалпына келтіріңіз; 0.1.5.1 мазмұнда тақырыпты бөлектеу, сюжетке рельфті сурет/ иллюстрацияларды таңдау; 0.1.6.1 сөйлеуде сөйлеу тілдік емес қарым-қатынас құралдары не үшін қолданылатынын білу (мимика, ым-ишара); 0.1.6.2 интонацияны не үшін сақтау керектігін білу: сөйлеуде баяндау, сұрау, лепті интонацияны дұрыс қолдану;	0.1.2.4 дұрыс қалыпта ұстау, кітапты дұрыс қою ; 0.2.1.5 алты нүктелі қалыпта бағдарлану; 0.2.1.6 алты нүктелі қалыптағы нүктелердің комбинациясын оқу; 0.2.2.1 заттарды олардың белгілері бойынша салыстыру, артық заттарды қоспағанда, заттарды топтастыру; 0.2.2.2 бедерлі сызбаларды/суреттерді " оқу", сөздер мен бейнелерді салыстыру; 0.2.2.3 заттардың әрекеттері мен белгілерін сипаттайтын сөздерді таңдау; 0.2.2.4 өмірлік әсерлер, ертегі, әңгіме бойынша әңгімеге қатысу; 0.2.2.5 тыңдалымды қойылған сұрақтар бойынша мазмұндау; 0.2.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтін тақырыбын анықтау; 0.2.4.1 сюжеттік бөлімдердің ретін анықтау және қайта құру; 0.2.4.2 мұғалімнің көмегімен баяндаудың басталуын, ортасын және соңын анықтау; 0.2.4.3 әңгімелеу мәтінді жалғастыру (мұғалім мәтіннің басталуын ұсынады); 0.2.4.4 мұғалімнің көмегімен деформацияланған мәтінді қалпына келтіру 0.2.5.1 заттарды, олардың белгілері мен әрекеттерін	көрмейтіндер үшін: 0.3.1.2 Брайль аспабында бағдарлау; 0.3.1.3 Брайль аспабындағы жолдар мен торлардың орналасуын білу; 0.3.1.4 аспапты ашу және жабу, қағазды салу және бекіту, Брайль грифелін ұстау, жазу кезінде дұрыс қалыпта отыру; нашар көретіндер үшін: 0.3.1.1 саусақ ойындарын , саусақтардың жанасуы мен ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығуларды орындау, жазу кезінде қолдың қимылын үйлестіру; 0.3.1.2 жазу дәптерін дұрыс қоя білу, жазу кезінде қалам ұстау; 0.3.2.1 берілген тақырып бойынша 2-3 сөзден қарапайым сөйлемдер құрыңыз, заттарды, әрекеттерді, белгілерді, сызбаларды, тірек сөздерді қолдану; көрмейтіндер үшін: 0.3.3.1 грифельмен бұрыштық нүктелерді тауып белгілі бір ретпен жазу: 1-нүкте; содан кейін 3-нүкте, 1,3-нүктелердің комбинациясы; содан кейін 4-нүкте және 1,3,4-нүктелердің комбинациясы; 6-нүкте; 0.3.3.2 бұрыштық нүктелермен әртүрлі комбинацияларды көшіріп жазу және айту арқылы жазу; 0.3.3.3 1,2 және 2 нүктелерін бөлек жаза білу; 4,5 және 5

	0.1.7.1 сюжеттік сурет бойынша және/немесе мұғалімнің сұрақтарына сүйене отырып, 12 сөзге дейінгі көлемде баяндау мәтінін құрастыру; 0.1.7.2 қарапайым диалогтарды құра білу; 0.1.8.1 тыңдалған әңгімеге/ертегіге, оқиғаға /мультфильмге қатынасын айту, оны қарапайым сөйлемдермен негіздеу; 0.1.9.1 мұғалімнің сұрақтарына сүйене отырып және/немесе жоспарға сүйене отырып пәндік сурет бойынша 8-12 сөзге дейінгі көлемде сипаттау және баяндау әңгімелерін құрастыру; 0.1.10.3 дауысты/ дауыссыз,екпінді/екпінсіз /, қатаң/ұяң дыбыстарды ажырату; 0.1.10.4 екпінді буынды анықтау; 0.1.10.5 сөздің дыбыстық сызбасын құрастыру	білдіретін сөздерді атау және ажырату; 0.2.5.2 жалпылама мағынасы бар қарапайым сөздерді білу; 0.2.5.3 ең көп таралған антонимдерді атау (мұғалімнің көмегімен); 0.2.6.1 сұраулы және бұйрық қаратпа сөздерін ажырату білу; 0.2.6.2 сөздік емес қарым-қатынас құралдарын қолдана отырып диалог құру: интонация, дене қимылы, ым-ишара, бет-әлпет; 0.2.7.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің поэтикалық және прозалық формаларын тану; 1.2.8.1 ертегілер, әңгімелер, өлеңдер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар тыңдау және қайталау	нүктелерін бөлек жаза білу; 0.3.3.4 нүктелердің комбинацияларын дұрыс жазу; нашар көретіндер үшін: 0.3.3.1 жұмыс жолы мен жоларалық кеңістікті ажырату; 0.3.3.2 әріптердің негізгі элементтерін және олардың реттілігін үлгі бойынша дөңгелектеу, жазу; 0.3.3.3 бас әріп (бас әріп) және кіші әріп элементтерін және олардың қосындыларын үлгі бойынша үзіліссіз жалғауды қолдана отырып жазу; 0.3.4.1 нүктелердің орналасуын, комбинациясын (көрмейтіндер); әріптер элементтерін (нашар көретін) тексеру
4-тоқсан			
	0.1.1.9 заттарды атауы, өлшемі, пішіні және басқа да сипаттамалары бойынша топтастыру; 0.1.1.10 табиғи заттар-ды: тұлыптар, муляждар, барельефтер, ойыншықтар, аппликацияларды пайдалана отырып, заттық-тәжирибелік іс-әрекетті жүзеге асыру; өз қызметін түсіну; 0.1.2.1 сөйлеу тілінің негізгі бірліктерін тану (мәтін, сөйлем, сөз); 0.1.2.2 мәтінді, сөйлемді, сөзді, дыбысты, екпінді ажырату; 0.1.2.5 сөйлемдегі сөздердің санын анықтау;	0.2.1.1 табиғи заттарды, муляждарды, ойыншықтарды ажырата білу, оларды түсі, пішіні, өлшемі бойынша тану; 0.2.1.2 иллюстрацияларда / бедерлі суреттерде/ аппликацияларда бейнеленген заттарды тану; 0.2.1.3 партада, қағаз бетінде, кітапта бағдарлай білу; 0.1.2.4 дұрыс қалыпта ұстау, кітапты дұрыс қою ;	көрмейтіндер үшін: 0.3.1.1 саусақ ойындарын , саусақтардың жанасуын және ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығуларды орындау, грифельмен жұмыс кезінде қолдың қимылын үйлестіру; 0.3.1.2 Брайль аспабында бағдарлау; 0.3.1.3 Брайль аспабындағы жолдар мен торлардың орналасуын білу; 0.3.1.4 аспапты ашу және жабу, қағазды салу және бекіту, Брайль грифелін

Дайындық кезеңі	1.1.2.6 екпінді сөзбен дұрыс қолдану; 0.1.3.1 мәтінде кім/не туралы айтылғанын анықтау; 0.1.3.2 кейіпкерлердің іс-әрекеттері бағалау; 0.1.4.1 кеңестерге сүйене отырып тыңдалған материалды қайталап айту; 0.1.4.2 мұғалімнің қолдауымен деформацияланған сөйлемдерді қалпына келтіріңіз; 0.1.5.1 мазмұнда тақырыпты бөлектеу, сюжетке рельфті сурет/ иллюстрацияларды таңдау; 0.1.6.1 сөйлеуде сөйлеу тілдік емес қарым-қатынас құралдары не үшін қолданылатынын білу (мимика, ым-ишара); 0.1.6.2 интонацияны не үшін сақтау керектігін білу: сөйлеуде баяндау, сұрау, лепті интонацияны дұрыс қолдану; 0.1.7.1 сюжеттік сурет бойынша және/немесе мұғалімнің сұрақтарына сүйене отырып, 12 сөзге дейінгі көлемде баяндау мәтінін құрастыру; 0.1.7.2 қарапайым диалогтарды құра білу; 0.1.8.1 тыңдалған әңгімеге/ертегіге, оқиғаға /мультфильмге қатынасын айту, оны қарапайым сөйлемдермен негіздеу; 0.1.9.1 мұғалімнің сұрақтарына сүйене отырып және/немесе жоспарға сүйене отырып пәндік сурет бойынша 8-	0.2.1.5 алты нүктелі қалыпта бағдарлану; 0.2.1.6 алты нүктелі қалыптағы нүктелердің комбинациясын оқу; 0.2.2.3 заттардың әрекеттері мен белгілерін сипаттайтын сөздерді таңдау; 0.2.2.4 өмірлік әсерлер, ертегі, әңгіме бойынша әңгімеге қатысу; 0.2.2.5 тыңдалымды қойылған сұрақтар бойынша мазмұндау; 0.2.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтін тақырыбын анықтау; 0.2.4.1 сюжеттік бөлімдердің ретін анықтау және қайта құру; 0.2.4.2 мұғалімнің көмегімен баяндаудың басталуын, ортасын және соңын анықтау; 0.2.4.3 әңгімелеу мәтінді жалғастыру (мұғалім мәтіннің басталуын ұсынады); 0.2.4.4 мұғалімнің көмегімен деформацияланған мәтінді қалпына келтіру; 0.2.5.1 заттарды, олардың белгілері мен әрекеттерін білдіретін сөздерді атау және ажырату; 0.2.5.2 жалпылама мағынасы бар қарапайым сөздерді білу; 0.2.5.3 ең көп таралған антонимдерді атау (мұғалімнің көмегімен); 0.2.6.1 сұраулы және бұйрық қаратпа сөздерін ажырату білу; 0.2.6.2 сөздік емес қарым-қатынас құралдарын қолдана отырып диалог құру: интонация, дене қимылы, ым-ишара, бет-әлпет;	ұстау, жазу кезінде дұрыс қалыпта отыру; нашар көретіндер үшін: 0.3.1.1 саусақ ойындарын , саусақтардың жанасуы мен ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығуларды орындау, жазу кезінде қолдың қимылын үйлестіру; 0.3.1.2 жазу дәптерін дұрыс қоя білу, жазу кезінде қалам ұстау; 0.3.2.1 берілген тақырып бойынша 2-3 сөзден қарапайым сөйлемдер құрыңыз, заттарды, әрекеттерді, белгілерді, сызбаларды, тірек сөздерді қолдану; көрмейтіндер үшін: 0.3.3.1 грифельмен бұрыштық нүктелерді тауып белгілі бір ретпен жазу: 1-нүкте; содан кейін 3-нүкте, 1, 3-нүктелердің комбинациясы; содан кейін 4-нүкте және 1, 3 ,4 -нүктелердің комбинациясы; 6-нүкте; 0.3.3.2 бұрыштық нүктелермен әртүрлі комбинацияларды көшіріп жазу және айту арқылы жазу; 0.3.3.3 1, 2 және 2 нүктелерін бөлек жаза білу; 4,5 және 5 нүктелерін бөлек жаза білу; 0.3.3.4 нүктелердің комбинацияларын дұрыс жазу; нашар көретіндер үшін: 0.3.3.1 жұмыс жолы мен жоларалық кеңістікті ажырату; 0.3.3.2 әріптердің негізгі элементтерін және олардың реттілігін үлгі бойынша дөңгелектеу, жазу;

	12 сөзге дейінгі көлемде сипаттау және баяндау әңгімелерін құрастыру; 0.1.10.1 тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырату; 0.1.10.2 дыбыстарды сөзден бөлу,олардың санын анықтау; 0.1.10.3 дауысты/ дауыссыз, екпінді/ екпінсіз/, қатаң/ұяң дыбыстарды ажырату; 0.1.10.4 екпінді буынды анықтау; 0.1.10.5 сөздің дыбыстық сызбасын құрастыру	0.2.7.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің поэтикалық және прозалық формаларын тану; 1.2.8.1 ертегілер, әңгімелер, өлеңдер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар тыңдау және қайталау	0.3.3.3 бас әріп (бас әріп) және кіші әріп элементтерін және олардың қосындыларын үлгі бойынша үзіліссіз жалғауды қолдана отырып жазу; 0.3.4.1 нүктелердің орналасуын, комбинациясын (көрмейтіндер); әріптер элементтерін (нашар көретін) тексеру

Ескерту:

1) бір тоқсан ішіндегі оқыту мақсаттары сөйлеу қызметінің әртүрлі түрлері бойынша біріктіріледі;

1) ұсынылған ұзақ мерзімді жоспар үлгі ретінде, оқушылардың оқу материалды игеру қарқынына байланысты мұғалім өзгертулер енгізе алады;

2) барлық оқу мақсаттарын концентрлік тәсілмен іске асыру ұсынылады: әрбір мақсат келесі тоқсанда кеңейтілген және күрделенген сөйлеу материалында тереңдете отырып қайталанады.

бұйрығына
59-қосымша

Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 1 - сыныптары үшін "Әліппе, Ана тілі" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Әліппе, Ана тілі" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бағдарламаның мақсаты – көру қабілеті бұзылған балалардың білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, лексикалық тақырыптарды зерттеу негізінде тыңдау,

сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын игеру үрдісінде функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) сезімдік тәжірибені байыту; көріп қабылдау, сипап сезу, есту, қалдық көру арқылы қабылдаудың барлық мүмкіндіктерін қолдануға үйрету; талдаушы бақылау дағдыларын дамыту;

2) ақпаратты талдау, салыстыру, жинақтау, жүйелеу біліктіліктерін дамыту;

3) фонематикалық естуді дамыту; дыбыстық талдау және синтез дағдыларын жетілдіру;

4) лексикалық тақырыптар негізінде сөздік қорын кеңейту және дәйектеу; диалог және монолог түрінде сөйлеуді жетілдіру;

5) оқулық мәтіндердің орфоэпиялық оқуды меңгерту;

6) көру қабілеті бұзылған оқушыларда мәтінді мақсатты түрде түсіну, оқуға және кітапқа деген қызығушылықты арттыру арқылы оқу қызметін қалыптастыру;

7) жазу дағдыларын қалыптастыру: көрмейтіндерге - Брайльдің рельефті-нүктелі жазуымен; нашар көретіндерге –дәстүрлі жазуды (көлбеу емес) меңгерту;

8) коммуникативтік мақсаттарға сәйкес қарым-қатынас дағдыларын дамыту: топтағы қарым-қатынас, диалогқа қатысу, сахналау, рөлдік ойындар, сөйлеу этикетінің сөздерін қолдану;

9) оқу қызметіне, оқытылатын тілге деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті дамыту;

10) қойылған міндет пен оны жүзеге асыру шарттарына сәйкес өзінің оқу іс-әрекеттерін жоспарлау, бақылау және бағалау білктілігін қалыптастыру;

11) оқу қызметінің сәттілік/сәтсіздік себептерін түсіну қабілетін қалыптастыру.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) сенсорлық саласын дамыту: сипап сезу, есту арқылы қабылдауын, қалдық көру қабілетін;

2) қолды рельефті-нүктелік қаріппен жазуға және оқуға дайындау, шағын кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту;

3) сөйлеу вербализмінің алдын алу.

2-тарау. Оқу үрдісін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Әліппені оқытудың әлеуметтік бейімделу бағыты, белсенді, коммуникативті, сараланған, құндылыққа бағытталған түзете-дамыту тәсілдері негізінде және оқу материалы концентрикалық түрде орналасуымен жүзеге асырылады.

6. Оқу материалының концентрикалық түрде орналасуы мазмұнының үнемі қайталану негізінде тереңдетіліп күрделеніп көрініс табады.

7. Оқытудың әлеуметтік бейімделу тәсілі жеке тұлғаның әлеуметтік бейімсіздігін жеңуді немесе азайтуды көздейді, білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысу үшін

қажетті мінез-құлық нормалары мен өмірлік дағдыларды игеру бойынша арнайы жұмыс көзделеді.

8. Іс-әрекеттік оқыту тәсілі оқу үрдісі барысында заттық- тәжірибелік, ойындық іс-әрекеттерін кең түрде қолдануды, сезімдік тәжірибесін дамытуды және молайтуды қарастырады; алгоритмдік ұсынымдарды қолдана отырып оқытудың кезеңдік сипатын қамтамасыз етеді, ал бұлар өз кезегінде жоғарғы психикалық функцияларының сенсомоторлық негізін дамытып, білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігінің орнын толтыруға, пән бойынша білімдерді, біліктіліктерді және дағдыларды меңгеруге көмектеседі.

9. Коммуникативтік тәсіл – жұппен, топта тілдік қарым-қатынас барысында ақпарат алмасу, білім, біліктілік және дағдыларымен алмасу; тіл арқылы қатынас жасау қабілеттілігі оқытудың нәтижесі болып табылады.

10. Жеке және саралап оқыту тәсілі білім алушылардың ерекше білімдік қажеттіліктерінің ескерілуін болжайды, және соған орай оларды келесі топтарға бөледі:

1) көзі көрмейтін (толық көрмейтін);

2) көзі көрмейтін – көру сезімінің толық болмауы, жарық сезуі немесе қалдық көруі бар (жақсы көретін көзінде 0,04-ке дейін түзетумен);

3) жарық қабылдағыштық қасиеті бар;

4) жақсы көретін көзінде 0,04 және одан төмен қалдықты көруі бар және одан төмен ауыстырылатын түзетумен;

5) оптикалық түзету жағдайында жақсы көретін көзінде 0,05-0,4 көру өткірлігімен.

Алғашқы төрт топтың білім алушылары – сабақ кезінде оқу материалын тактильдік-есту тәсілі бойынша қабылдайды, Брайль жүйесі бойынша бедерлі-нүктелі қаріппен оқып, жазады, бұл топтың оқу үрдісі көбінесе сезу және есту арқылы жүзеге асырылады. Бесінші топтағы балалар нашар көретіндерге жатады. Олар регламенттенген және жеңілдетілген көру жүктемесінің сақталуын, бұзылған көру қабілетін қорғау және рационалды пайдалану бойынша іс-шараларын, ірі қаріптегі арнайы оқулықтарды, техникалық және оптикалық құралдар жүйесін (ортоскопиялық аспаптар, жолақты лупалар) қажет етеді. Сонымен қатар көзін оптикалық әйнекпен түзеткенде көру өткірлігі 0,2 ден жоғары нашар көретін білім алушылар – қолайлы жағдайда көру арқылы емін-еркін оқиды, жазады, заттарды, шынайы өмірдің құбылыстары мен үрдісін қабылдайды, кеңістікте көру арқылы бағдарлай алады, оқыту кезінде арнайы көрнекілікті, оқытудың қосымша техникалық құралдарын қолдану, қорғау-гигиеналық талаптарды сақтауды қажет етеді.

11. Бағдарлама мазмұны білім алушылардың рухани-адамгершіліктік қасиеттерін, қазақстандық патриотизмін қалыптастыруға, төзімділігі мен құндылықты-бағдарлық тәсіл қағидасы негізінде қатынас жасау қабілетін дамытуға бағытталады.

12. Түзете-дамыту тәсілі кешенді сипатта болып, қалдық көру, есту, сезіну сияқты полисенсорлық қабылдаулары негізінде танымдық әрекеттерін дамытуға бағытталады.

13. Қалыпты жағдайда адамның көру арқылы қабылдауы жетекші болып табылады, сондықтан оқу және жазу үрдісін келесідей іс-әрекеттер реттілігімен сипаттауға болады :

1) әріпті көріп қабылдау;

2) әріпті тану;

3) әріпті тиісті дыбыспен сәйкестеу;

4) әріптерді жазу.

14. Көру қабілеті терең бұзылған жағдайындағы оқу және жазу үрдісі кезінде, компенсациялық механизмнің әсерінің арқасында көру арқылы қабылдауы сезіну арқылы қабылдаумен аламастырылады, ал бұл дегеніміз жазылымдық ақпаратты қабылдау үрдісін қамтамасыз ететін, көру-есту-моторлық триадасының өзгеруіне әкеліп соғады: көру компоненті тактильдікке алмастырылады. Көрмеу жағдайындағы оқу және жазу үрдісі - есту мен тактильдік анализаторлары арасында жаңа байланыстар орнатылуы арқылы жүзеге асырылады.

15. Көрмейтін немесе көру қабілеті терең бұзылған кездегі оқу және жазу үрдісінің техникалық жағын келесі әрекеттермен көрсетуге болады:

1) рельефті -нүкте қарпімен ұсынылған әріпті тактильді қабылдау;

2) әріптерді тактильдік түрде ажырату және тану;

3) рельефті әріпті тиісті дыбыспен сәйкестеу;

4) әріпті рельефті-нүктелі қарпімен жазу.

16. Көрмейтін білім алушылардың оқу және жазу дағдыларын меңгеру қиындықтарының себептері:

1) көру арқылы қабылдаудың симутандық сипатына (бірсәттілік) қарағанда, сезіп қабылдаудың сукцессивтік сипаты (уақыт ішіндегі тізбектігі);

2) бір-бірінен аз ғана айырмашылығы бар, рельефті-нүктелі жазудың ұқсас әріптерінің дифференциациясы;

3) жазу үрдісінің моторлық операциясының жүзеге асырылуы – көрмейтін баланың жазу үрдісі тек қимыл қозғалыс бақылау арқылы жүреді, ал қалыпты көретіндерде бұл процесс екі есе бақылаумен жүреді – кинетикалық және көру;

4) көрмейтін баланың әрбір сөздің немесе жолдың басталуын фиксациялау қажеттілігі;

5) көптеген инверсиялар мен ауыстыруларды болдыратын оқуға қатысты жазудың айналылығы.

17. Нашар көретін білім алушылардың оқу және жазу дағдыларын меңгерудегі қиындықтары:

1) жазу үрдісін көзбен бақылаудың жеткіліксіздігі;

2) ұқсас белгілер мен әріптердің дифференциациясы: бір-бірінен сәл өзгеше Н, Ң, Ы , І, Ұ, Ү;

3) тікелей және көлбеу жазуды араластыру, бұл біршама ретсіздікті, өз жазуын тануда қиындық тудырады;

4) көру қабілеті нашар балаларда көріп бақылау деңгейінің төмен деңгейі.

18. Көрмейтіндердің жазуы мен оқуы үрдісінің ерекшелігі сауат ашуға үйретуде арнайы әдістемелік тәсілдерді қолдануды талап етеді: дайындық кезеңінің болуы, алтынүктелі қалыпта алдын-ала жұмыс жасау, кіші кеңістікте, Брайль аспабында бағдарлауға үйрету: грифельмен бұрыштық нүктелерді табу жаттығулары, оларды дұрыс оқу, нүктелерді орналастырудың тактильді-қимылдық бейнесін игеру.

19. Тыңдау және сөйлеу тапсырмаларының реттілігі және мысалдары:

1) артикуляциялық жаттығулар;

2) сөздерді дыбыстық талдау;

3) сөйлеуді қабылдау, сөйлеу ағынынан тілдік бірліктерді бөлу (сөйлем, сөз, буын, дыбыс), сөйлемді, сөздің дыбыстық құрамын, буынды модельдеу;

4) қойылған мақсатқа сәйкес тыңдалған мәтіннен ақпаратты анықтау, мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру;

5) диалог құру, әңгімелесушінің көзқарасын қабылдау; сұрақтарды қою және тыңдалған /оқылған мәтін негізінде жауаптарды тұжырымдау;

6) бедерлі кескіндермен/суреттермен танысу, олар бойынша, жеке әсерлері бойынша, тыңдалғанға ұқсас әңгімелер құрастыру;

7) сөздің мағынасын бақылау (мағынасы жақын және қарама-қарсы сөздер, көп мағыналы сөздер);

8) "зат" және "сөз" ұғымдарының аражігін ажырату: сөз заттың атауы ретінде; заттардың белгілерін білдіретін сөздер; іс-әрекеттерді білдіретін сөздер;

9) таныс тақырыптар бойынша пікірлер құрастыру;

10) таныс әңгімелер мен ертегілерді қайталау; өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды жатқа оқу;

11) түрлі жанрлардың ерекшеліктерін бөліп көрсету; шығарманың тақырыбын, басты ойын айқындау;

12) көркем және көркем емес мәтіндерді мәнерлеп қайталау, оқылғанның мазмұнына көзқарас білдіру (ұнайды/ұнамайды, өйткені...).

20. Көрмейтін оқушыларда оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру бойынша тапсырмалардың реттілігі және мысалдары:

1) алтынүктелі қалыпта бағдарлау, нүктелерді жазу, алтынүктелі қалыпта нүктелердің комбинациясын жазу;

2) жазуға дайындық: Брайль аспабының дұрыс тұруы, тұру және жазу кезінде грифельді ұстай білуі, Брайль аспабында бағдарлай алу біліктілігі н қалыптастыру (Брайль аспабын жоғарыдан төмен қарай дұрыс тексеру, жұмыс жолы, тор, бос орын, төрт штифті табу, қағазды бастапқы және қайта пайдалану кезінде дұрыс салу біліктілігі);

3) 1, 3, 4, 6 (бұрыштық) нүктелерді жазу және оқу, оларды дұрыс оқу, дұрыс жазу және нүктелер комбинациясын оқу біліктілігі (Брайль нүктелері бір уақытта зерттелмейді, керісінше уақыт өте келе нүктелер комбинациясын міндетті түрде бекіте отырып);

4) 2 және 5 нүктелерін жазу және оқу: қабылдауды жеңілдету үшін бастапқыда олар жоғарғы нүктемен бірге ұсынылады, мысалы, 1, 2, содан кейін бөлек 2; 4, 5 үйлесімі, содан кейін бөлек 5;

5) әрбір зерттелетін дыбыс пен әріптің дыбыстық және дыбыстық-әріптік талдауын жүргізу; сызбалардың көмегімен сөздің, буынның дыбыстық құрамын модельдеу;

6) әріптердің тактильді-қозғалыс бейнелерін (рельефті-нүктелі жазу нүктелерінің комбинациясын) – алдымен алтынүктелі қалыпта, содан кейін Брайль аспабында меңгеру;

7) әріптер элементтерінің жазылуы, әріптер, буындар хаты, Брайль қарпімен айналы әріптерді ажыратуға үйрету, мысалы С және Ш, Т және Ю;

8) сөйлемдегі сөздерді бөлек жазу (1-сыныпта екі бос орын қалдыруды үйрету); жазылуы айтылымға сәйкес келмейтін сөздерді айту арқылы жазу; сөз тіркестерін, сөйлемдерді көшіру;

9) тұтас сөздерді, сөз тіркестерін оқуға ауыса отырып, әр түрлі құрылымдағы сөздерді буындап оқуға үйрету;

10) тыныс белгілері ережелерін ескере отырып, сөйлемдерді жазу және оқу: сөйлем соңындағы нүкте, леп белгісі, сұрақ белгісі.

11) екпінді сақтай отырып (баяндау, леп, сұраулы екпінді), мұғалімнің сұрақтары бойынша мәтіндерден шағын үзінділерді іріктеп оқуды үйрету;

12) мәтінді өз бетінше оқу кезінде оның мазмұнын түсіну; баяндау сипатындағы деформацияланған мәтінді оқу;

13) бас әріптің мағынасын, сөйлемнің басында, есімнің атауында, қалалардың, өзендердің атауында және т.б.жағдайда қалай қолданылатынын түсіну. Көрмейтін оқушылар үшін бас әріпті қолданудың маңызы ерекше: ол теориялық тұрғыдан екінші немесе үшінші тоқсанда ұсынылады; Брайль қарпімен оқу және жазу кезінде көрмейтін оқушылар бас әріп белгісін (4, 5 нүкте) пайдаланбайды, өйткені тактильді қабылдау кезінде көптеген қосымша белгілер шатасуға және материалды ретсіз меңгеруге әкеледі , мысалы, көрмейтін бірінші сынып оқушысына мысалдағы жазылғанды меңгеру өте қиын: Тоқтар Серіков Алматы қ. тұрады;

14) Брайль бойынша тасымалдау ережелерін сақтай отырып, сөздерді дауыссыздардың тоғысуынсыз буындар бойынша тасымалдау;

15) дұрыс жазу ережелерімен танысу және оларды практикада қолдану: қосарлы дауысты дыбыстарды Я (Й+А), Ю (Й+У), Ң (Й+О) жазу, жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды белгілеу (А-Ә, О-Ө, Ұ-Ү, Ы-І); сөздерді бөлек жазу; сөйлем соңындағы тыныс белгілері; сөздердегі Ш, Ч, Щ, Ц дыбыстарды дұрыс жазу; сөздердегі Ь жіңішке

және Ъ жуан белгінің дұрыс жазылуы; сөздің соңында ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстардың дұрыс жазылуы;

16) көркем және көркем емес мәтіндерді мәнерлеп оқу, рөлдер бойынша оқу, оқылған мазмұнға қатысты пікір білдіру (ұнайды/ұнамайды, өйткені...).

21. Нашар көретіндерде оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру бойынша тапсырмалардың реттілігі және мысалдары:

1) оқулықпен, жұмыс дәптерімен, жазбалармен танысу, парақпен танысу;

2) жұмыс жолындағы дәптерде бағдарлау, дәптердегі парақтың жоларалық кеңістігін түсіну (жұмыс жолының жоғарғы және төменгі сызықтары, тік және түзу сызықтар);

3) графикалық жаттығуларды орындау; сурет салу, штрихтау, айналдырып белгілеу; заттарды трафарет бойынша айналдырып белгілеу, бояу; жазуға дайындау (денені дұрыс ұстау, жарықтандыру, дәптердің орналасуы және жазу кезінде қарындаш/қалам ұстай білу);

4) жазу кезінде қолдың негізгі бағыттарын игеру (жоғарыдан төмен, төменнен жоғары, солдан оңға, оңнан солға, айналмалы қозғалыстар), сурет салу және жазу кезінде саусақтардың, қолдың, білектің, иықтың қозғалысын үйлестіру; әр элементті жазу кезінде қозғалыс траекторияларын талдау; элементтерді жазуға түсініктемелер;

5) әріптерді жазу реттілігін түсіндіру; әріптердің көзбен көру-қимыл бейнелерін, олардың буындардағы, тіркестердегі қосылыстарының түрлерін меңгеру; жазудағы ұқсас әріптерді ажыратуға үйрету, мысалы, Н және Ң; тұтас сөздерді, сөз тіркестерін оқуға ауыса отырып, әр түрлі құрылымдағы сөздерді бірқалыпты буындық оқуға үйрету;

6) тыныс белгілері ережелерін ескере отырып, сөйлемдерді жазу және оқу: сөйлем соңындағы нүкте, леп белгісі, сұрақ белгісі.

7) екпінді сақтай отырып (баяндау, леп, сұраулы екпінді), мұғалімнің сұрақтары бойынша мәтіндерден шағын үзінділерді іріктеп оқуды үйрету;

8) сөздің мағынасын бақылау (мағынасы жақын және қарама-қарсы сөздер, көп мағыналы сөздер);

9) мәтінді өз бетінше оқу кезінде оның мазмұнын түсіну; баяндау сипатындағы деформацияланған мәтінді оқу;

10) бас әріптің мағынасы, сөйлемнің басында, жалқы есімнің атауында, қалалардың, өзендердің атауында және т.б. бас әріптің қалай қолданылатынын түсіну;

11) тасымалдау ережелерін сақтай отырып, сөздерді дауыссыздардың тоғысуынсыз буындар бойынша тасымалдау;

12) дұрыс жазу ережелерімен танысу және оларды практикада қолдану:қосарлы дауысты дыбыстарды Я (Й+А), Ю (Й+У), Ң (Й+О) жазу, жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды белгілеу (А-Ә, О-Ө, Ұ-Ү, Ы-І); сөздерді бөлек жазу; сөйлем соңындағы тыныс белгілері; сөздердегі Ш, Ч, Щ, Ц дыбыстарды дұрыс жазу; сөздердегі Ь жіңішке

және Ъ жуан белгінің дұрыс жазылуы; сөздің соңында ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстардың дұрыс жазылуы;

13) көркем және көркем емес мәтіндерді мәнерлеп оқу, рөлдер бойынша оқу, оқылған мазмұнға қатысты пікір білдіру (ұнайды/ұнамайды, өйткені...).

22. Көрмейтіндерде бастапқы кезеңде оқыту үшін жиһаз бен сөрелер, кітаптар, басқа заттар үнемі бекітілген жерлерде тұруы өте маңызды, бұл кеңістікте тез бағдарлануға ықпал етеді. Көрмейтін білім алушылар осы кеңістікті игергеннен кейін, сыныптағы жиһазды әртүрлі жұмыс түрлері (жеке, жұптық, топтық) және ойындар (басқа да белсенді әдістер) үшін жылжытуға болады.

23. Нашар көретіндерде және қалдық көру кезінде көзбен көру еңбегін ұйымдастыру келесілерді қамтиды:

1) көздің жұмысы мен демалуының кезектесуі;

2) көру функциясының жағдайына сәйкес үздіксіз көру жүктемесін орынды шектеу, әсіресе патологиялық бұзылым барысында;

3) сыртқы әлемнің нысандарын көру және бақылау, жазу, еңбек операцияларын жүргізу үшін көруіне жайлы жағдайлар жасау;

4) қабылдау объектілерін өлшемі, түсі, формаларының күрделілігі, олардың саны, фондық шу сипаты бойынша таңдау.

24. Бағдарламалық материалды толыққанды жүзеге асыру үшін оқу үрдісін жабдықтау нормалары белгіленген:

1) көрмейтіндер үшін: Брайльдің рельефті-нүктелі қарпімен басылған Әліппе, оқулық; Брайль аспабы, грифель; алтынүктелі қалып;

2) нашар көретіндер үшін: "Әліппе, Ана тілі" оқу-әдістемелік кешені, оқулық, жазу үлгілері, жұмыс дәптерлері, әдістемелік құрал кіреді;

3) интерактивтік және проекциялық жабдықтар жиынтығы: проектор, интерактивті тақта немесе экран,

4) электрондық басылымдар, DVD бейнефильмдер, электронды плакаттар;

5) компьютер жиынтығ: жүйелік блок, монитор, микрофондық-телефондық гарнитура, акустикалық жүйе, Web-камера, желілік фильтр, көпфункционалды құрылғы ;

6) қабырғалық аудиториялық тақта.

25. Тілдік оқыту барысында техникалық құрылғылар (аппаратуралар) мен дидактикалық құралдар (ақпарат тасымалдағыштар) белсенді түрде қолданылады, соның ішінде:

1) оптикалық түзеу құралдары: лупалар (қолдық, стационарлық және тіректік); көзәйнектер (микроскопиялық, гиперокулярлық және телескопиялық); бинокулярлар мен монокулярлар; проекциялық ұлғайтқыш аппараттары (эпипроекторлар және диапроекторлар);

2) көру аумағының кемістігі бар тұлғалар үшін (гемианопсия, құбырлы көру) көру аумағын қажетті шектеуде өзгертетін арнайы оптикалық жүйелер; егер көру сапасының нашарлауы жоғары жарық жағдайында болса, түссіз қапталған әйнектен немесе түрлі-түсті әйнектен жасалған жарықтан қорғайтын түзеткіш линзалар сияқты жарық техникасы қолданылады;

3) компьютерлік тифлокешен: IBM үйлесімді дербес компьютер, брайльдік дисплей, брайльдік принтер Index Everest-D, сканерлеуге және оқуға арналған "Книголюб" бағдарламасы, экранды ұлғайтатын бағдарлама;

4) электрондық ұлғайтқыш құрылғысы "Книга", "Video Light VGA";

5) нашар көретіндерге арналған портативтік ұлғайтқыш құрылғы.

3-тарау. "Әліппе", "Ана тілі" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. "Әліппе", "Ана тілі" оқу пәнінің мазмұны

26. "Әліппе", "Ана тілі" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі 1-сыныпта аптасына 6 сағат, оқу жылы бойынша 298 сағатты құрайды.

Пәннің оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы типтік оқу жоспарына сәйкес жасалды (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

27. "Әліппе" пәнін оқыту өзара байланысты кезеңдерге бөлінеді: пропедевтикалық, әліппеге дейінгі, әліппе кезеңі, әліппеден кейінгі кезең.

28. Сауат ашу үрдісі өзара байланысты кезеңдерге бөлінеді: пропедевтикалық, әліпеге дейінгі, әліппе кезеңді, әліппеден кейінгі пропедевтикалық және әліппеге дейінгі кезең мазмұны бойынша ерекшеленеді: пропедевтикалық 0-сыныпта, ал әліпеге дейінгі кезең 1-сыныптың басын қамтиды.

29. Дайындық кезеңінің міндеттері:

1) қоршаған орта туралы қалыптасқан түсініктері мен білімдерін анықтау (сөздерді тану және заттар мен сөді сәйкестендіре алу).

2) сенсорлық тәжірибені, танымдық қабілетін байыту, пішін, өлшем, қашықтық, бағыт туралы түсінік қалыптастыру.

3) талдап бақылаудың қарапайым тәсілдерін қалыптастыру, сақталған анализаторларды пайдалануды үйрету, танымдық белсенділікті дамыту;

4) мотористикалық, қозғалыс ырғағын, көзбен өлшеуді, қашықтан қабылдауды, түстерді ажыратуды дамыту.

30. Әліппеге дейінгі кезең міндеттері:

1) фонемалық естуді дамыту; дыбыс, буын, екпін, сөз, сөйлем, сөйлеу туралы ұғымдарды қалыптастыру;

2) тыныс белгілері туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру; сөйлем түрлері: хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің тыныс белгісі;

3) сызбаларды пайдалана отырып, сөздерге дыбыстық талдау жүргізу, сөздерді буындарға бөлу, сөзден екпінді буынды табу біліктілігі н қалыптастыру;

4) екпінді/екпінсіз дауысты дыбыстар, дауысты/дауыссыз дыбыстар, ұяң/қатаң дауыссыз дыбыстар туралы түсініктерді қалыптастыру;

5) көрмейтіндер үшін алты нүктелі қалыпта, Брайль аспабы мен оқулығында бағдарлау; 1,2,3,4,5,6 нүктені оқуға және жазуға үйрету; рельефті нүктелер комбинацияларын оқу және жазуға жаттықтыру.

31. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) дыбыстық талдау және синтез дағдыларын жетілдіру;

2) әліпби әріптерін меңгеру;

3) оқулық мәтіндерінің материалында дұрыс, бір қалыпты буындап оқуды қалыптастыру (Брайль/жазық басу бойынша);

4) орфографиялық және орфоэпиялық оқуды меңгеру;

5) әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазу кезінде жазу дағдыларын қалыптастыру (көрмейтіндер үшін Брайльдің рельефті-нүктелі қарпімен).

32. Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері:

1) тұтас сөздермен оқуға біртіндеп көшу, "өзіне" оқу біліктілігі н қалыптастыру;

2) байланысты сөйлеуді дамыту (қайталау, әңгімелеу);

3) ұқсас, айна әріптерін жазудағы қателіктердің алдын ала отырып, жазу дағдыларын дамыту.

4) дұрыс жазу қағидаларымен танысу және оларды тәжірибеде қолдану.

33. Барлық кезеңдерде фонетика, лексика және грамматика элементтерін оқыту балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, коммуникативтік-сөйлеу шеберлігі мен дағдыларын қалыптастырумен қатар жүреді.

34. Бағдарламаның мазмұны келесі ортақ бөлімдерді қамтиды:

1) "Тыңдалым (тыңдау) және айтылым";

2) "Оқылым";

3) "Жазылым".

35. "Тыңдалым (тыңдау) және айтылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) сенсорлық, тәжірибелік тәжірибені байыту;

2) сөйлеу тілінің негізгі бірліктерін түсіну (мәтін, сөйлем, сөз);

3) тыңдалған материалдың тақырыбы мен негізгі ойын анықтау;

4) тыңдалған материалды қайталап айту;

5) оқиғаларды болжау;

6) тілдік нормаларды сақтай отырып тілдесудің түрлі жағдайларына қатысу.

7) сөйлеу нормаларын сақтай отырып әр түрлі жағдайларда қарым-қатынасқа түсу;

8) бағалау пікірін айту;

9) әңгіме құрастыру;

10) сөздің дыбыстық формасында бағдарлау.

36."Оқылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) сипап сезу қабылдауын және бағдарлануын дамыту;

2) сөйлеуді дамыту және нақтылау;

3) оқу үрдісін меңгеру;

4) оқылған материалдың тақырыбы мен негізгі ойын анықтау;

5) мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтау;

6) мәтіндегі лексикалық және синтаксикалық бірліктер рөлін түсіну;

7) мәтіннің түрін, жанрын және стилін анықтау;

8) мәтіндердің салыстырмалы талдауы.

37."Жазылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) сипап сезу қабылдауын және бағдарлануын дамыту;

2) тыңдалған/оқылған материалдың мазмұнын баяндау;

3) ұғымның түрлі формаларын пайдалана отырып мәтін құру;

4) түрлі жанрдағы шығармашылық мәтіндерді жазу;

5) жұмыстағы қателерді табу және түзету;

6) графикалық нормаларды сақтау;

7) орфографикалық нормаларды сақтау;

8) грамматикалық нормаларды сақтау;

9) пунктуациялық нормаларды сақтау.

38. Әліппеге оқыту мазмұнын бөлу лексикалық ортақ тақырыптарды зерттеу арқылы жүзеге асырылады: "Барлығы мен туралы", "Менің мектебім", "Менің отбасым мен достарым", "Бізді қоршаған әлем", "Саяхат", "Дәстүр мен фольклор", "Тамақ пен сусындар", "Дені саудың жаны сау!". Тақырыптарды жоспарлау білім беру мақсаттарының интеграциясын, пәнаралық байланысты нығайтуға, оқу-тәрбие міндеттерін жақсы орындауға, ойлау қабілетін дамытуға және әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етуге мүмкіндік береді.

39. 1-сыныптағы білім берудің базалық мазмұны:

"Тыңдалым және айтылым":

заттық-тәжірибелік іс-әрекет:

1) сипап сезу қабылдауының барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, заттарды пішіні, өлшемі, температурасы, түсі, фактурасы, материалы бойынша тексеру және сипаттау;

2) заттарды олардың түрлері, ұғымдары, атауы бойынша жіктеу;

3) заттарды топтай білу;

4) табиғи заттарды бедерлі суреттермен/кескіндермен, аппликациялармен байланыстыруды үйрету;

5) әлемнің тұтас бейнесінің құрамдас бөлігі ретінде тіл туралы алғашқы көріністер;

6) сөйлеудің негізгі бірліктері (мәтін, сөйлем, сөз);

7) сөйлемдер мен шағын мәтіндердің интонациялық бояуы;

8) диалог түріндегі жағдайлар;

9) бейсезімдік қарым-қатынас құралдары: интонация, әлпет, ым, бет қимылы;

10) сөйлемді дұрыс интонациялау;

11) оқу және тұрмыстық қарым-қатынас жағдайындағы сөйлеу этикетінің нормалары (өтінішпен жүгіну, алғыс айту, құттықтау);

12) фонематикалық естуді дамытуға және дикцияны (жаңылтпаш) қоюға арналған артикуляциялық жаттығулар;

13) естілетін сөздің дыбыстық жағы;

14) айналадағы шындықтан дыбыстың бөлінуі;

15) дыбыстың дыбыс көзімен арақатынасы;

16) дыбыстың локализациясы (бағыт бойынша, дыбыс көзіне дейінгі қашықтық бойынша, дыбыс күші бойынша);

17) сөздер мен буындардың дыбыстық құрылымы;

18) дыбыстарды дауысты және дауыссыз дыбыстарға жіктеу (артикуляциялық, акустикалық, функционалды аспектілер);

19) дауыссыз дыбыстарды жуан/жіңішке және ұяң/қатаң бойынша жіктеу;

20) сөздерді буындарға бөлу;

21) дауысты және дауыссыз дыбыстарға арналған әлсіз және күшті позициялар;

22) диалогтар, диалогтарға қатысу, сұрақ-жауаптарды тұжырымдау, тыңдаушының назарын аудару;

23) сөздің мағынасын бақылау (мағынасы жақын және қарама-қарсы сөздер, көп мағыналы сөздер);

24) заттың атауы ретінде қолданылатын сөздер; заттардың белгілерін білдіретін сөздер;

25) әрекеттерді білдіретін сөздер;

26) мәтіндерді, әңгімелерді тыңдау;

27) мәтіннің негізгі тақырыбы мен ойын бөліп көрсету, тыңдағанды қайта айту;

28) мәтін мазмұнын сюжеттік сурет, аудио, бейнежазба, тақырып/тақырыпаты, иллюстрация/бедерлі сурет бойынша болжау;

29) иллюстрациялық материалға және/немесе мұғалімнің сұрақтарына сүйене отырып, мәтін кейіпкерлерін және олардың әрекеттерін атау;

30) қарапайым сөйлемдерді қолдана отырып, тыңдалған және/немесе оқылған мәтінге қатысты пікір білдіру;

31) кілт сөздерді және/немесе жай сөйлемді қолдана отырып, тыңдалған мәтін кейіпкерлерінің әрекеттерін мақұлдау/мақұлдау.

"Оқылым"

көрмейтіндерде:

1) Брайль кітәбінде бағдарлау;

2) алтынүктелі қалыптарға бағдарлау;

3) сөздермен ойындар (анаграммалар, палиндромдар (ауысулар: саятшылық, топан су), сөзде буынды табу;

4) мәтіннің басында немесе тақырып бойынша оқиғалардың дамуын болжау;

5) сөйлемдегі сөздердің санын, сөздегі буындарды анықтау;

6) буын минималды айтылым бірлігі ретінде;

7) сөйлем, сөз, буын, дауысты және дауыссыз дыбыстардың схемасы;

8) әр түрлі жанрдағы шығармаларды олардың ерекшеліктері негізінде салыстыру;

9) шығарманың негізгі кейіпкерлерінің сипаттамасы;

10) әр түрлі буын құрылымы бар сөздердің графикалық үлгілері;

11) зерттелетін сөзді бөліктерге бөлу мүмкіндігі;

12) ұсынылған дыбыстармен буындар мен сөздерді құрастыру;

13) сөздің, буынның дыбыстық құрамын схемалар арқылы модельдеу;

14) әріптердің тактильді-қимыл бейнесін игеру (бедерлі-нүктелі жазу нүктелерінің комбинациясы), әріптерді оның құраушы элементтеріне (нүктелеріне) бөлу – бастапқыда алты нүктелі қалыпта, содан кейін Брайль аспабында;

15) әріптерді оқу, ұқсас, айналы әріптерді ажыратуға үйрету;

16) әр түрлі құрылымдағы сөздерді тұтас сөздермен, сөз тіркестерімен оқуға көшу;

17) тыныс белгілері ережелерін: сөйлем соңындағы нүкте, леп, сұрақ белгілерін ескере отырып сөйлемдерді оқу;

18) мәтінді өз бетінше оқу кезінде оның мазмұнын түсіну;

19) баяндауыш сипаттағы деформацияланған мәтінді оқу, оның дұрыс реттілігін қалпына келтіру;

20) бас әріптің мағынасы, сөйлемнің басында, тиісті есімдердің атауында, қалалардың, өзендердің атауында және т.б. бас әріптің қалай қолданылатынын түсіну;

21) көркем және көркем емес мәтіндерді мәнерлеп оқу, рөлдерді оқу, оқылған мазмұнға қатысты пікір білдіру (ұнайды/ұнамайды, өйткені...);

нашар көретіндерде:

1) оқулықпен, жұмыс дәптерімен танысу, қолдана алу;

2) жазу дәптеінде тік жазу;

3) сөздермен ойындар (анаграммалар, палиндромдар (ауысулар: саятшылық, топан су), сөзде буынды табу;

4) мәтіннің басында немесе тақырып бойынша оқиғалардың дамуын болжау;

5) сөйлемдегі сөздердің санын, сөздегі буындарды анықтау;

6) буын минималды айтылым бірлігі ретінде;

7) сөйлем, сөз, буын, дауысты және дауыссыз дыбыстардың сызбасы;

8) әр түрлі жанрдағы шығармаларды олардың ерекшеліктері негізінде салыстыру;

9) шығарманың негізгі кейіпкерлерінің сипаттамасы;

10) әр түрлі буын құрылымы бар сөздердің графикалық үлгілері;

11) зерттелетін сөзді бөліктерге бөлу мүмкіндігі;

12) ұсынылған дыбыстармен буындар мен сөздерді құрастыру;

13) сөздің, буынның дыбыстық құрамын схемалар арқылы модельдеу;

14) әріптердің тактильді-қимыл бейнесін игеру (бедерлі-нүктелі жазу нүктелерінің комбинациясы), әріптерді оның құраушы элементтеріне (нүктелеріне) бөлу – бастапқыда алты нүктелі қалыпта, содан кейін Брайль аспабында;

15) әріптерді оқу, ұқсас, айналы әріптерді ажыратуға үйрету;

16) әр түрлі құрылымдағы сөздерді тұтас сөздермен, сөз тіркестерімен оқуға көшу;

17) тыныс белгілері ережелерін: сөйлем соңындағы нүкте, леп, сұрақ белгілерін ескере отырып сөйлемдерді оқу;

18) мәтінді өз бетінше оқу кезінде оның мазмұнын түсіну;

19) баяндауыш сипаттағы деформацияланған мәтінді оқу, оның дұрыс реттілігін қалпына келтіру;

20) бас әріптің мағынасы, сөйлемнің басында, тиісті есімдердің атауында, қалалардың, өзендердің атауында және т.б. бас әріптің қалай қолданылатынын түсіну;

21) көркем және көркем емес мәтіндерді мәнерлеп оқу, рөлдерді оқу, оқылған мазмұнға қатысты пікір білдіру (ұнайды/ұнамайды, өйткені...);

"Жазылым"

көрмейтіндерге арналған

1) саусақ ойындарын өткізу, саусақтардың сипап сезу мен ұсақ моторикасын дамытуға, қолды үйлестіру мен дәл қимылдауға арналған жаттығулар;

2) жоғарыдан төменге қарай алгоритм бойынша заттарды тактильдік тексеру, контур бойынша қоршау;

3) Л.Брайль аспабында жазу құрылғысымен, грифельмен танысу, қолдану ережелері ;

4) парақ кеңістігінде, дәптерде бағдарлай білу;

5) заттарды түсі, пішіні, өлшемі бойынша тану және ажырата білу, оларды бедерлі суреттермен байланыстыру, сенсорлық эталондармен өз бетінше жұмыс істеу;

6) партада бағдарлау біліктілігі н дамыту (әрбір заттың өзінің тұрақты орны бар), бірінші оқу кітабында және оның беттерінде бағдарлау біліктілігі ;

7) жазу және оқу кезінде дұрыс қалыпты сақтау, алдымен нүктелерден ою-өрнектерді дұрыс тесу, алтынүктелі қалыпты қолдана отырып, нүктелерді жазуды игеру;

8) алтынүктелі қалыпта бағдарлау, алтынүктелі қалыпта нүктелер комбинациясын жазу;

9) Брайль аспабында жолдар мен торларды орналастыруда бағдарлау, грифельмен 1, 3, 4, 6 (бұрыштық) нүктелерді таба білу;

10) 1, 3, 4, 6 (бұрыштық) нүктелерді дәйектілікпен жазу және оқу, оларды дұрыс оқи білу;

11) нүктелерді белгілі бір ретпен нөмірлеудің тактильді-қимыл бейнелерін игеру: бастапқыда 1, 3, 4, 6 (бұрыштық нүктелер), олардың комбинациясы, содан кейін 2 және 5 нүктелердің орналасуы;

12) алтынүктелі қалыптағы нүктелердің дұрыс орналасуы;

13) алтынүктелі қалыпта және жазуға арналған аспаптағы нүктелердің қажетті комбинациясын жаңғырту;

14) әрбір зерттелетін дыбыс пен әріптің дыбыстық және дыбыстық-әріптік талдауын жүргізу, сызбалардың көмегімен сөздің, буынның дыбыстық құрамын модельдеу;

15) әріптердің тактильді-қозғалыс бейнелерін игеру (бедерлі-нүктелі жазу нүктелерінің комбинациясы) – бастапқыда алтынүктелі қалыпта, содан кейін Брайль аспабында;

16) әріптер элементтерін жазу, әріптерді, буындарды жазу, С және Ш, Т және Ю сияқты Брайльдің айналы әріптерін ажыратуға үйрету;

17) сөйлемдегі сөздерді бөлек жазу (1-сыныпта екі бос орын қалдыруға үйрету);

18) жазылуы айтылымнан ауытқымайтын сөздерді айтуға арналған хат;

19) сөз тіркестерін, сөйлемдерді көшіру;

20) тыныс белгілері ережелерін ескере отырып, сөйлемдерді жазу: сөйлемнің соңындағы нүкте, леп, сұрақ белгілері;

21) бас әріптің мағынасы, бас әріптің сөйлемнің басында, жалқы есімдердің атауында, қалалардың, өзендердің атауында және т.б. қалай қолданылатынын түсіну (көзі көрмейтіндер үшін бас әріпті қолдану теориялық тұрғыдан беріледі - Брайль қарпімен жазған кезде көзі көрмейтін оқушылар бас әріп белгісін пайдаланбайды);

22) Брайль бойынша тасымалдау ережелерін сақтай отырып, дауыссыздардың тоғысуынсыз сөздерді буынға тасымалдау;

23) дұрыс жазу ережелерімен танысу және оларды іс жүзінде қолдану: жұп дыбыстардың (А-Ә, О-Ө, Ұ-Ү, Ы-І, С-З, , Ж-И, П-Б, Г-Қ, Г-К) ерекшеліктерін тану, сөздерді бөлек жазу;

24) сөйлемнің соңындағы тыныс белгілері;

25) сөздегі өзге тілден енген сөздерде кездесетін дыбыстарды Я, Ю әріптері мен Ь, Ъ таңбаларының ерекшеліктерін түсіну, дұрыс жазылуы;

26) сөздің соңында ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстардың дұрыс жазылуы;

нашар көретіндердерде:

1) саусақ ойындарын өткізу, саусақтардың сипап сезу және ұсақ моторикасын дамытуға, қолды үйлестіру мен дәл қимылдауға арналған жаттығулар;

2) дәптермен, парақпен танысу, графикалық жаттығуларды орындау;

3) сурет салу, штрихтау, айналдырып белгілеу; заттарды трафарет бойынша айналдырып белгілеу, бояу;

	1.1.7.1 рөлдік ойындарда әр түрлі қарым-қатынас жағдайларында (сәлемдесу, ырзашылық білдіру, кешіру, сұрау, рұқсат сұрау, қоштасу) сөйлеу әдебін қолдану; 1.1.7.2 қаратпа сөздер мен сұраулы сөйлемдерді ажырату, еркін қолдану; 1.1.10.3 дыбыс пен екпіннің мағына ажыратушы рөлін түсіну; 1.1.10.4 көмекші құралдарға және/немесе естуге сүйеніп, сөздегі дыбыстарды: дауыссыз-дауысты, екпінді-екпінсіз дауысты-дауыссыз, жуан-жіңішке белгілері бойынша сипаттау; 1.1.10.5 көмекші әдістерге сүйеніп, сөздің буындық құрамын, сөздегі екпін орнын анықтау	1.2.6.3 сөйлеуде мен, сен, ол, олар, біз, сіз, осы есімдіктерін қолдану; 1.2.7.1 есту арқылы мәтіннің поэтикалық және прозалық формаларын ажырату; мұғалімнің көмегімен баяндау және сипаттау мәтіндері анықтау; 1.2.7.2 мұғалімнің қолдауымен сипаттамалық және баянды мәтіндерден негізгі сөздерді (етістіктер мен сын есімдер) бөліп алу	1.3.6.1 "дыбыс" және " әріп" ұғымдарын ажырату; 1.3.6.2 сөздер арасында бос орын қалдырып сөздерді және қысқа сөйлемдерді анық жазу (1 -сынып үшін Брайль қарпінде екі бос торкөз қалдыру); көру қабілеті нашар оқушыларда көлбеу емес тік жазу әріптерді, буындарды, сөздерді көшіріп жазу
	1.1.4.1 оқиғалар тізбегін сақтай отырып, тыңдалған материалды қайталап айту; 1.1.4.2 деформацияланған мәтіндегі қателерді табу, оқиғалардың дұрыс реттілігін қалпына келтіру; 1.1.5.1 мәтін мазмұнын сюжеттік сурет, аудио, бейнежазба, тақырып/ атауы, иллюстрация / бедерлі сурет бойынша болжау; 1.1.5.2 иллюстрациялық материалға және/немесе мұғалімнің сұрақтарына сүйене отырып, мәтін кейіпкерлерін және олардың әрекеттерін атау ; 1.1.7.3 тыңдалған мәтіннен: кім? не? не істейді? қандай? қайда? қашан? қалай? кімге?	1.2.2.4 жоспарға, суреттер/бедерлі бейнелер, макеттер сериясына сүйене отырып, тыңдағанды қайта айту;	1.3.5.1 Брайль әріптерінің , айналы Брайль әріптерінің жазылуын тексеру; 1.3.5.2 жазылуы айтылымға сәйкес келмейтін сөздердің жазылуын тексеру және қателерді түзету (молоко, солнце); 1.3.7.1 әріптерді, буындарды, сөздерді, сөз тіркестерін көшіріп жазу; 1.3.7.2 бас әріп қашан жазылатынын білу; 1.3.7.3 жи-ши, ча-ща, чу-щу сөз тіркестерінің жазу ережелерін білу, осы тіркестерді сөздің құрамында табу;

Әліппеден кейінгі кезең	кімде? сөздері бар сұраулы сөйлемдерді табу және түсіну және оларға жұрыс жауап беру 1.1.8.1 жәй сөйлемдерді қолданып, тыңдалған мәтінге қатысты пікір білдіру; 1.1.8.2 түйінді сөздерді және/немесе жай сөйлемді, сөздік емес қатынас құралдарын қолданып, тыңдалған мәтін кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін мақұлдау/ мақұлдамау; 1.1.9.1 мұғалімнің сұрақтарына сүйене отырып, 8-14 сөзге дейінгі көлемде баяндау мәтінін құрастыру; 1.1.9.2 жоспар бойынша, өз бетінше, бедерлі сурет, сюжеттік иллюстрация немесе суреттер топтамасы бойынша әңгіме құрастыру; 1.1.9.3 өз бетінше әңгіме құрастыру;	1.2.3.4 тұтас сөздерді, сөз тіркестерін оқуға көшу арқылы буынды еркін оқуды меңгеру; 1.2.3.5 тыныс белгілерінің ережелерін ескеріп, сөйлемдерді оқу; 1.2.8.1 мұғалімнің көмегімен әр түрлі жанрдағы мәтіндерді (ертегі, әңгіме, өлең) салыстыру	1.3.7.4 мұғалімнің көмегімен тасымалдау ережелерін сақтау; 1.3.7.5 мұғалімнің көмегімен сөздің соңында және ортасында жіңішкелік белгісі бар сөздерді жазу; 1.3.8.1 жазбаша сөйлеудегі сөздер-заттар, сөздер-белгілер, сөздер-әрекеттерді ажырату; 1.3.8.2 ең көп таралған көмекші сөздерді (астында, үстінде, жанында, ішінде, жоғары, төмен) қолдану; 1.3.9.1 сөйлемнің соңында тыныс белгілерін: нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісін қою

Ескерту:

1) оқыту мақсаттары бір тоқсан ішіндегі сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша біріктіріледі;

2) ұсынылған ұзақ мерзімді жоспар үлгі ретінде, оқушылардың оқу материалды игеру қарқынына байланысты мұғалім өзгертулер енгізе алады;

3) барлық оқу мақсаттарын концентрлік тәсілмен іске асыру ұсынылады: әрбір мақсат келесі тоқсанда кеңейтілген және/немесе күрделенген сөйлеу материалында тереңдете отырып қайталанады.

бұйрығына
62-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы "03" сәуірдегі
№ 115 бұйрығына
580 - қосымша

Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0 - сыныбы үшін "Әліппе, Ана тілі" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Әліппе, Ана тілі" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бағдарлама құрылымы мен мазмұны А.Байтұрсынұлының келесідей ұстанымдары негізінде айқындалды, олар оқулық жазуда басшылыққа алынады:

1) дыбыспен жаттығу;

2) әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу;

3) оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту;

4) білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу.

3. Әріп таныту реті А. Байтұрсынұлының еңбектерімен қатар лингвист және әдіскер ғалымдардың зерттеулері негізінде, олардың мәтінде кездесу жиілігіне, өзара тіркесімі мен сөзжасау қызметіне қарай құрылды.

4. Бағдарламаның мақсаты – дыбыспен жаттығу, әріп таныту, оқуға, жазуға үйрету, айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыру процесі арқылы функционалды сауаттылығының негізін қалап, білім алуға ынталы жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау.

5. Оқу бағдарламасының міндеттері білім алушының келесідей дағдыларын қалыптастыруды көздейді:

1) оқу әрекетіне бейімдеу;

2) дыбыс, буын, сөз, сөйлем, сөйлеу (мәтін) туралы қарапайым түсінік қалыптастыру;

3) дыбыстың айтылуын әріптердің баспа және жазба түрлерін үйрету;

4) буындарды, сөздерді, сөйлемдерді оқуға үйрету;

5) сөзді буындап оқуға, тұтас оқуға, мәтінді мәнерлеп, түсініп оқуға машықтандыру;

6) жазу дағдысын (қатесіз, көркем жазу) қалыптастыру;

7) сөздік қорын байыту;

8) коммуникативтік дағдыларын (өз ойын толық жеткізе білу, өзгенің пікірімен санаса білу, әңгімелесу, сөйлеу әдебін сақтау) қалыптастыру;

9) тілдік бірліктерді (мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс) ажырату, салыстыру, топтастыру, талдауға үйрету;

10) тілдік білімі мен дағдыларын тәжірибеде қолдана алу;

11) танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту;

12) ана тіліне, Отанына, туған еліне, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту;

13) жеке тұлғалық қасиеті мен әлеуетін ашу;

14) тұрақты зейіні мен есте сақтауын, логикалық ойлауы мен білім алуға деген қызығушылығын қалыптастыру;

15) физиологиялық ерекшеліктерін ескеру және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау.

6. Бағдарламаның түзету-дамыту міндеттері:

1) сөйлеудің дыбыстық бұзылыуын түзету, артикуляциялық моториканы дамыту;

2) қолдың ұсақ моторикасын жазуға дайындау және дамыту;

3) оптикалық-кеңістіктік гнозисті қалпына келтіру.

2-тарау. Оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

7. Білім беру жүйесінің түзету-дамыту бағытында кешенді сипатына негізделген " Әліппе, Ана тілі" пәндері бойынша тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларына білім беру үрдісін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері арқылы балаларда психикалық және сөйлеу тілін үнемі ескеруді қамтамасыз етеді.

8. Оқыту арнайы педагогиканың принциптері мен тәсілдері негізінде жүзеге асырылады:

1) іс-әрекет тәсілі;

2) жеке-сараланған тәсіл;

3) коммуникативтік тәсіл;

4) денсаулық сақтау қағидасы;

5) оқытудың түзету бағыты қағидасы.

9. Оқытудағы әрекеттік тәсіл дағдыларды қалыптастыруға бағытталған, оқытылатын ұғымдардың мазмұнына сәйкес келетін білім алушылардың белсенді, дербес, өз бетінше әрекетін ұйымдастыруды көздейді.

10. Оқу процесін ұйымдастыруға жеке-сараланған көзқарас бойынша деңгейге байланысты топтарға бөлінеді:

1) ұсақ моториканы дамыту;

2) сөйлеу бұзылысын түзету;

3) психикалық процестерді дамыту.

11. Оқытудағы коммуникативтік тәсіл сөйлеу іс-әрекетін тілдік және сөйлеу нормаларының жүйесіне сәйкес дамытуға, сөйлеу этикетін сақтауды үйренуге мүмкіндік береді, тыңдай білуге, сұрақтар мен жауаптарды тұжырымдай білуге бейімдейді, тіл арқылы, ой бөлісуге, өзгелермен қарым-қатынасты жүзеге асыру қабілетін дамытады.

12. Денсаулықты сақтайтын тәсіл қимыл-қозғалыс функцияларының күйін, сөйлеуді және интеллектуалды жүктемені мөлшерлеуді ескере отырып, білім алушылардың шаршауын болдырмайды.

13. Оқытуда қолданылатын технологиялар: проблемалық оқыту, дамыта оқыту, ақпараттық білім технологиялар, өмірлік тәжірибені кеңейту арқылы оқыту, жобалық әдіс.

14. Оқытудың тиімді әдістерін жинақтап-қолдану мақсатында білім алушылардың қозғалыс, психикалық және сөйлеу бұзылыстарының өзара байланысы ескеріледі.

15. Оқытудың түзете-дамыту тәсілдері: дидактикалық ойын, психогимнастика, релаксация, қол саусақтарына арналған гимнастика, өз-өзіне массаж, көзге арналған гимнастика, тыныс алу гимнастикасы, дене шынықтыру минуткалары, логопедиялық минут, артикуляциялық гимнастика.

16. Оқытуда қолданылатын түзете-дамыту әдіс-тәсілдері: дидактикалық ойын, психогимнастика, демалу, қол саусақтарына арналған жаттығу, өз өзіне массаж, көзге арналған жаттығу, тыныс алу жаттығуы, дене шынықтыру, логопедиялық минуттар, артикуляциялық жаттығулар.

17. Оқытудың түзету бағыты ең алдымен, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылардың қимыл-қозғалыс бұзылыстарымен байланысты, әсіресе, графикалық дағдыларды қалыптастыру кезінде, сондықтан жазудың графикалық дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс баланың қозғалыс бұзылыстарын түзетумен тығыз байланысты.

18. Жазу барысында дұрыс дене қалпын қалыптастыру үшін келесілер қарастырылады:

1) қалып пен "рефлекс-тыйым салатын" ұстанымдарды таңдау;

2) баланың басы мен аяқ-қолдарын бекіту үшін арнайы құралдарды қолдану;

3) көру-моторлы үйлесімділігін дамыту.

19. Қолды жазуға дайындау бойынша тәжірибелік ұсынымдар::

1) саусақтар мен қолдың қозғалыс статикалық және динамикалық үйлесімділігін дамыту;

2) заттарды олардың мөлшеріне, серпімділігіне, салмағына сәйкес ұстауды үйрету;

3) затты ұстап тұру және онымен әр түрлі манипуляциялар жасау кезіндегі қолдың еркін қозғалысын дамыту;

4) ұсақ моториканы дамыту үшін жаттығу кешенін жасату;

5) қол массажы (арнайы бұйымдарды пайдалана отырып немесе бұйымдарсыз).

20. Қарындаш, қалам ұстаудың дұрыс тәсілін үйретуге немесе қалам ұстаудың жеке тәсілін таңдау (егер манипуляциялық функциялардың ауыр бұзылуынан дұрыс әдіс мүмкін болмаса):

1) қол мен саусақтардың қаламды ұстап тұрған сияқты қалпын қабылдауға үйрету;

2) партада жатқан қаламды дұрыс алуды қалыптастыру және жазу үшін қалыпты жасау;

3) қаламды ұстап, жазудың дұрыс қалпын сақтап тұру кезінде саусақтардың босаңсыту және кернеу;

4) қаламды ұстап тұру кезінде саусақтардың еркін қозғалысын дамыту жаттығулары .

21. Әріппен танысу кезеңінде графикалық бейнелер мен әріптерді олардың құрамдас элементтеріне көру арқылы бөлуді дамыту, графикалық суреттер мен әріптердің арасындағы ұқсастықты және айырмашылықтарды анықтау бойынша жұмыс жүргізіледі.

22. Білім алушыларда кеңістіктік түсініктерді қалыптастыруға арналған тәжірибелік ұсыныстар:

1) жұмыстың бастапқы кезеңдерінде қолдың заттық әрекеттерін визуалды бақылау;

2) заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстарды ашу үшін заттармен әртүрлі әрекеттерді жасату;

3) кеңістік қатынастарды ажырату және оларды сөйлеуде қолдану.

23. Көру-моторлы үйлесімділігін дамыту үшін алдымен мұғалімнің көмегімен пассивті, содан кейін сөздік нұсқаулық бойынша белсенді манипуляциялық қимыл-қозғалыстарды көзбен бақылау кабілеті бекітіледі. Ауада және жазықтықта қолдың қалыптасатын қозғалыстарын жасауға бастапқы оқыту. Бұл үйлесімді қимылдарды қалыптастыруға, көру-қозғалыс үйлесімін дамытуға ықпал етеді.

24. Жұмысты ұйымдастыру үшін қолданылатын қажетті техникалық құралдар: ұйымдастыру техникасы (компьютер немесе ноутбук, принтер, сканер); экран, проектор, интерактивті тақта, сандық фотоаппарат, видеокамера; диктофон/микрофон, құлаққапшықтар; бор тақтасы; маркерлік жылжымалы тақта; кішкентай маркерлі тақта; флипчарт; білім алушылардың жасаған жұмыстарын салатын сөрелер.

25. Бағдарлама қажетті көрнекі және дидактикалық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылады: әртүрлі жанрдағы балалар көркем әдебиетті, суретті брошюралар, журналдар, газеттер, фильмдер, аудиожазбалар және жазушылар мен ақындар туралы видеофильмдер, иллюстрациялар, портреттер, пән бойынша кестелер; әріптердің жазба және баспа түріндегі үлгілері; қуыршақ (қойылым үшін), импровизациялық жиынтықтар.

26. Сыныптарды жарақтандыру арнайы жиһазбен жағдайлар жасауды көздейді. Биіктігі реттелетін арнайы бекіткіштері бар ыңғайлы үстелдер мен парталар қолданылады.

3-тарау. "Әліппе, Ана тілі" оқу пәндерінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. "Әліппе, Ана тілі" оқу пәндерінің мазмұны

27. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 5 сағат, оқу жылына 160 сағатты құрайды.

Пәннің оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

28. Оқу пәнінің мазмұны:

1) қазақ тілінің дыбыстық және әріптік жүйесі;

2) негізгі тілдік бірліктерден (мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс);

3) қазақ тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдылардан;

4) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалардың қарапайым түсініктерінен құралады;

5) балаларға арналған көркем әдеби шығармалар.

29. Бағдарлама мазмұны. Оқу үдерісінде оқытылатын кезеңдер: әліппеге дейінгі кезең - 45 сағат, әліппе оқу кезеңі - 115 сағат.

30. Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) 0-сыныпқа келген білім алушыларды зерттеу (жалпы және сөйлеу деңгейін анықтау);

2) оқу әрекетіне қызығушылығын ояту;

3) есту қабілеттерін дамыту;

4) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, туралы қарапайым түсінік қалыптастыру;

5) дыбыспен жаттығу: сөзге дыбыстық талдау жасау, сөздегі буын санын анықтау, сөздерді буынға бөлуге үйрету, сөз ішіндегі дыбыстарды екі, үш буынды сөзбен ажырату, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, дыбыстарды, дыбыстарды, буындарды біріктіру және сөздерді айту;

6) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс сызба-модельдерін ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру;

7) қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту, жазуға даярлау (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, контурларды салу, әріп элементтерін жазу);

8) қабылдау, елестету, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту, зейінін тұрақтандыру;

9) байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру, сөздік қорын дамыту

10) артикуляциялық жаттығу.

Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттерін айқындауда А. Байтұрсынұлының шағын сөзді әдісі, дыбыспен жаттығу әдісі негізге алынды.

Ескерту: тыңдау материалының көлемі 7 сөйлемнен, өлең шумақтары 2-ден аспауы керек.

31. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) дыбыстық әдіс арқылы жаңа дыбыс пен әріпті айту;

2) дыбысты дұрыс айтуға жаттықтыру;

3) дауысты дыбыс түрлері туралы ұғым қалыптастыру;

4) естілген дыбыстардың түрін, яғни фонемаларды ажырата білуге үйрету;

5) жеке дыбыстарды әріптермен таңбалау: әріптердің баспа түрін үйрету;

6) баспа түрдегі үлкен және кіші әріптерді ажырату;

7) ұсақ-қол моторикасын дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта штрихтау, әріп элементтерін, баспа түрдегі әріптерді жазу);

8) ойлау, есте сақтау қабілеттерін, қиялды, қабылдауы, назар аударуды дамыту;

9) сөздік қорын байыту;

10) сөйлеу тілінде монологтық және диалогтық байланыстарды дамыту.

Әліппе кезеңінің міндеттерін айқындауда А.Байтұрсынұлының дыбысты әдісі, ауызша жалпылау әдісі, жазу-оқу әдісі негізге алынды.

32. Әліппе кезеңінде төмендегі әріп топтары қамтылады:

1) а, р, л, у, н, с;

2) о, т, қ, ы, з, м, е, д, ш;

3) у, б, й, к, і.

33. Оқу материалын меңгеру деңгейлеріне, әр кезеңнің тапсырмаларын орындауда оқу мақсаттарына жетулеріне байланысты дыбыспен және әріппен танысу үшін мұғалім сағат санын өзі реттейді.

34. Бағдарлама мазмұны үш бөлімді қамтиды:

1) "Тыңдалым және айтылым";

2) "Оқылым";

3) "Жазылым".

35. Тыңдалым және айтылым:

1) сөйлеуді дамыту және түзету;

2) мұғалім мен басқа білім алушылардың сөйлеуін тыңдауы, естігеннің мәнін түсінуі,

3) сыныптастарымен тілдесуде сөйлеу мәдениетін сақтай отырып, өзі туралы айта алуы;

4) ауызша сөйлесуде тілдік емес амалдарды (интонация, ым-ишара, дене қимылдары) қолдану.

5) сюжетті суреттері бойынша әңгімелер құрастыру, ертегілер айту. Өлеңдер жаттау , ой қорытындысы, мақалдар мен мәтелдер, жұмбақтар жаттау. Жаңылтпаштар арқылы артикуляциялық аппараттарын дамыту;

6) оқиғаны болжау;

7) тыңдаушының назарын аудару;

8) сөздің дыбыстық түрінде бағдарлау

36. "Оқылым" бөлімі:

1) оқу дағдыларын меңгеру;

2) оқылған мәтіннің негізгі ойы мен тақырыбын анықтау;

3) мәтін бөлімдерінің құрылымын анықтау;

4) мәтіндегі лексикалық және синтаксистік бірліктерін қолданылуын түсіну;

5) сұрақтар мен жауаптарды құрастыру;

6) тірек сөздер арқылы шығарма кейіпкерін сипаттау;

7) мәтіндердің салыстармалы сараптамасы;

8) сөздердің графикалық түріне бағдар.

37. "Жазылым" бөлімі:

1) жазудың гигиеналық нормаларын меңгеру;

2) каллиграфиялық және графикалық нормаларды сақтау;

3) айту арқылы жазу, көшіріп жазу;

4) тыңдалған/оқылған материалдың мазмұнын баяндау;

5) жұмыстағы қателерді табу және түзету;

6) орфографиялық нормаларды сақтау;

7) грамматикалық нормаларды сақтау;

8) тыныс белгілері нормаларын сақтау.

38. Негізгі білім мазмұны.

39. Әліппеге дейінгі кезеңдегі тыңдалым және айтылым:

1) сөйлеу есту қабілетін дамыту;

2) сөздің дыбыстық формасын бағдарлау, сөйлеу кезінде дыбыстарды ерекшелеу, сөйлеу кезінде және одан тыс дыбыстарды айту, буын, сөз, екпін туралы бастапқы ұғымдар;

3) дыбыстарды дұрыс және анық айту;

4) белгілі бір дыбыспен сөзді атау;

5) тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну;

6) сөйлеудің айтылым жағын түзету (санамақ, жаңылтпаш, логоритмикалық жаттығулар);

7) оқу және тұрмыстық қарым-қатынас жағдайларында сөйлеу этикетінің нормаларын меңгеру: сәлемдесу, қоштасу, кешірім сұрау, алғыс айту, өтініш білдіру;

8) таныстармен және бейтаныс адамдармен, туыстарымен және достарымен, құрдастарымен және ересектермен, жас балалармен қарым-қатынас жасау ерекшеліктері;

9) түрлі лексикалық тақырыптар бойынша белсенді сөздік қорын байыту;

10) иллюстрацияларды көрсету кезінде ым-ишараларды, мимиканы пайдалану;

11) сөйлеу нормаларын сақтай отырып, қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларына қатысу;

12) бір-бірімен қарым-қатынас жасай білу;

13) тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну;

14) нақты заттар мен сөздерді олардың атаулары бойынша ажырату;

15) сөйлемдегі сөздерді тану;

16) мұғалім мен басқа білім алушылардың сөйлеуін тыңдауы, естігеннің мәнісін түсінуі, сыныптастарымен тілдесуде сөйлеу мәдениетін сақтай отырып, өзі туралы айта алуы.

40. Тыңдалым (тыңдалым) және айтылым (ауызекі тіл мен фонемалық есту қабілетін дамыту) әліппе кезеңі:

1) мұғалім мен білім алушылардың сөзін, аудио/бейнежазбаны тыңдау, естігеннің мағынасын түсіну; коммуникативтік мақсаттарға сәйкес коммуникативтік дағдыларды дамыту (топта қарым-қатынас жасау, диалогқа қатысу), лексикалық тақырыптар негізінде сөздік қорын кеңейту;

2) бейвербальді қарым-қатынас құралдарын қолдану (интонация, мимика, ым-ишара , қалып);

3) жаңылтпаштарды, өлеңдерді, санағыштарды, жұмбақтарды жаттау арқылы артикуляциялық аппаратты дамыту;

4) сюжеттік суреттерге сүйене отырып, ертегілерді айту, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну;

5) сөздің мәнін түсіну, сөзді өз мақсатында қолдану, сөздік қорын кеңейту.

Ескертпе: тыңдау материалының көлемі: 30 сек.-1 мин; тыңдауға арналған көркем шығарманың көлемі 25-тен 35 сөзге дейін.

41. Оқылым (оқу дағдыларын қалыптастыру, сөздің дыбыстық құрамын зерттеу), әліппеге дейіңгі кезең:

1) сөздің мағынасы (мағынасы жағынан жақын және қарама-қарсы сөздер); сөздер мен сөйлемдердің сызбасын оқу; сөйлемдегі сөздердің санын анықтау;

2) сөздегі буын санын анықтау; буын минималды айтылым бірлігі ретінде; сөзді дауыстап айту арқылы буындарға бөлу;

3) сөздің буындық құрылымының графикалық сызбасын құру, екпінді анықтау;

4) сөз құрамындағы дыбыстардың сызықтық реттілігін анықтау; дыбыстың орналасуы (сөздің басында, соңында немесе ортасында);

5) дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы түсінік, олардың графикалық белгіленуі, дауыссыз және дауыссыз дыбыстардың графикалық сызбаларындағы дифференциациясы және белгіленуі.

42. Оқылым (оқу дағдыларын қалыптастыру, әліпби әріптерін үйрену) әліппе кезеңі:

1) сөздерді буындық және дыбыстық талдау, фишкалар мен әріптерден алынған сөздердің графикалық схемаларын салыстыру;

2) сөздегі буын санын анықтау; сөзді дауыстап айту арқылы буындарға бөлу; дыбыс пен әріптерді ажырату.

3) дыбысты әріппен белгілеу; оқылатын әріптердің баспа бейнесін меңгеру, дыбыстар мен әріптерді ажырату, баспа әріптерінің бейнесін құрастыру және қайта

құру; берілген әріптерінен буындарды, сөздер мен сөйлемдерді құрастыру, буындардан сөздерді құрастыру;

4) дыбыс пен әріптерді ажырату;

5) сөздің мағынасы (мағынасы жағынан жақын және қарама-қарсы сөздер); сөздер мен сөйлемдердің сызбасын оқу; сөйлемдегі сөздердің санын анықтау;

6) дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеру;

7) келесі дауысты дыбысқа сүйене отырып, буынды оқу дағдысын қалыптастыру, сөздерді, сөйлемдерді, қысқа мәтіндерді біріктірілген буынды оқу;

8) оқылған сөздерді, сөйлемдерді, мәтінді түсінуді нақтылау бойынша жұмыс, мәтіннің басы мен соңын анықтау, сөз бен сөйлемнің пәндік/сюжеттік суретпен арақатынасын, мәтіннің сюжеттік суретпен арақатынасын, сюжетті суреттердің мәтіннің бөліктерімен немесе мәтіннің жеке сөйлемдерімен арақатынасын анықтау, ксұрақтарға жауап беру, кім туралы?/ не туралы? мәтінде айтылған, мәселелер бойынша кілт сөздерді бөліп көрсету.

Ескертпе: оқуға берілген мәтіннің көлемі әліппе кезеңнің басында 2-3 сөйлемнен және соңында 5-7 сөйлемнен аспауы тиіс. Әр сөйлемдегі сөздердің саны 2-5-тен аспауы керек. Екінші жартыжылдықтың соңында оқу жылдамдығы минутына 10-нан 15 сөзге дейін (білім алушылардың танымдық және сөйлеу қабілеттеріне байланысты).

43. Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру), әліппеге дейінгі кезең:

1) жазу кезіндегі гигиеналық талаптар;

2) қарындашты, қаламды дұрыс ұстауға үйрету;

3) контурлы, нүктелі, көлеңкеленген, қабаттасқан суреттерді тану, бөліктерден тақырыптық, сюжеттік суреттерді құрастыру, алдымен бірдей боялған, содан кейін әртүрлі түстермен боялған геометриялық фигураларды табу, үлгі бойынша құрастыру;

4) трафарет бойынша басып жазу, әртүрлі геометриялық фигуралардың нүктелері бойынша қосу;

5) контурлық бейнелерді жиектеу, штрихтау, бояу;

6) жиектерді салу;

7) көзді дамытуға арналған арнайы жаттығулар, қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулар, саусақтардың ұсақ бұлшықеттерін нығайту.

44. Жазу (жазу дағдыларын қалыптастыру), әліппе кезеңі:

1) жазуға дайындық (дұрыс отырғызу, жарықтың дұрыс түсуі, дәптердің көлбеу орналасуы және жазу кезінде қарындаш/қаламды ұстай білу);

2) парақтағы кеңістікті бағдарлай білуді қалыптастыру (жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жазу жолының жоғарғы және төменгі сызықтары мен тік көлбеу сызықтардан шықпау);

3) сурет салу, штрихтау, бастыра жазу;

4) сызбалардың көмегімен сөздің дыбыстық құрамын модельдеу;

5) сөйлемді модельдеу;

6) баспа әріптерінің (үлкен және кіші) графикалық бейнесін талдау, олардың құрылымдық элементтерін салыстыру;

7) бастыра жазу, үлкен және кіші баспа әріптерінің элементтерін үлгі бойынша көшіріп жазу, құрастыру, жазу бойынша ұқсас әріптерді салыстыру;

8) сөйлемдегі сөздерді бөлек жазу, затты, әрекеттер мен белгілерді көрсететін сөздерді ажырату;

9) сөздерді алдын ала талдағаннан кейін өз бетінше жақсы таныс сөздерді дұрыс жазу, айтылым бойынша дұрыс жазу

10) сөйлемнің шекарасын жазу ережелері, сөйлемнің соңындағы белгілер, адамдар мен жануарлардың аттарын үлкен әріппен жазу.

Ескертпе:

Жазу жұмыстарының көлемі: графикалық диктант – 1-3 белгі, әріптік диктант - 3-5 баспа әріп, буындық диктант - 3-5 буын, сөздік диктант – 2-3 сөз, диктант - 3-6 сөз.

Білім алушылардың қабылдау деңгейін ескере отырып, жазба жұмыстарының көлемін мұғалім өзі реттейді.

Жүйелі түрде күнделікті жазба жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады.

Параграф 2. Оқыту мақсаттарының жүйесі

45. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодпен берілген. Кодтың бірінші саны сыныпты, екінші және үшінші саны негізгі дағдылардың ретін, төртінші саны оқыту мақсатының ретін көрсетеді. 0.1.2.1 кодында: "0" – сынып, "1.2." – негізгі дағдылар, "1" – оқыту мақсатының реті.

46. Оқыту мақсаттары күтілетін нәтиже түрінде айқындалған:

Тыңдалым мен айтылым	
Бөлімшелер (негізгі дағдылар)	Оқу мақсаттары
1.1. Сөйлеудің негізгі бірліктерін түсіну	0.1.1.1 тілдің негізгі бірліктерін ажырату (дыбыс, буын, сөз, сөйлем); 0.1.1.2 сурет, суреттер сериясы бойынша қарапайым сөйлемдер құрастыру; 0.1.1.3 сөйлемдегі сөздердің кезеңнің анықтау; 0.1.1.4 сөйлемдегі сөздерді бөліп алу;
1.2. Тыңдаған материалдың тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	0.1.2.1 мәтіннің мазмұнын тыңдай және есті білу; 0.1.2.2 сөйлемде, мәтінде не туралы екендігін айту;
1.3. Тыңдаған материалды мазмұндау	0.1.3.1 жеке сөздерді, мәтіннен алынған сөйлемдерді есте сақтау; 0.1.3.2 мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; 0.1.3.3 оқылғандарға, естілгендерге өз көзқарасын білдіру;
1.4. Оқиғаны болжау	0.1.4.1 иллюстрацияларды қарау, оларды таныс мәтінмен салыстыру;

1.5. Коммуникативтік қатынаста тілдік нормаларды дұрыс қолдану	0.1.5.1 әр түрлі жағдайларда сөйлеу этикетінің ережелерін сақтау (сәлемдесу, ризашылық білдіру, кешіру, өтініш, рұқсат сұрау, қоштасу);
1.6. Тыңдаушының назарын аудару	0.1.6.1 өзі туралы айту; 0.1.6.2 сөйлеуде сипаттама/салыстыру сөздерінің қолдану (үлкен-кішкентай, аз-көп);
1.7. Өзінің бағалау пікірін айту	0.1.7.1 қарапайым сөйлемдерді қолдана отырып, тыңдалған мәтінге өз ойын айту; 0.1.7.2 оқылған, тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жанашырлық танытып, эмоционалды түрде өз қатынасын білдіру;
1.8. Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	0.1.8.1 ұсынылған тақырыпқа сипаттама және баяндау әңгімелерін ойлап табу; 0.1.8.2 сюжетті суреттер тізбегі бойынша байланысты әңгіме құрастыру;
1.9. Сөздің дыбыстық түрін бағдарлау	0.1.9.1 сөздер әртүрлі дыбыстардан тұрады, егер бір дыбысты ауыстырса, басқа сөз шығатының түсіну; 0.1.9.2 мұғалімнің сөзінен интонациялық түрде бөлінген дыбыстарды қайталау; 0.1.9.3 сөздегі дыбысты интонациямен ерекшелеп, бөліп айту; 0.1.9.4 сөздегі дыбыс ретін анықтау және дыбыстардан сөз құрастыру; 0.1.9.5 есту арқылы дауысты және дауыссыз дыбыстарын ажырату; 0.1.9.6 берілген дыбысқа сөздер таңдау; 0.1.9.7 сөздегі дыбыстың орнын анықтау (басында, ортасында, аяғында); 0.1.9.8 сөздегі буындардың санын анықтау (мұғалім көмегімен);
Оқылым	
Кегізгі дағдылар	Оқу мақсаттары
2.1. Оқу дағдыларын меңгеру	0.2.1.1 баспа түрдегі әріптерді атауы бойынша тану; 0.2.1.2 әріпті сәйкес дыбыспен байланыстыра білу; 0.2.1.3 әріптің нақты бейнесін білу; 0.2.1.4 буындарды жеке сөздерді оқу;
2.2. Оқылған мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	0.2.2.1 мәтіннің атауын түсіну; 0.2.2.2 мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру;
2.3. Мәтіннің құрылымдық бөлігін анықтау	0.2.3.1 мәтін бөліктеріне иллюстрацияларды таңдау; 0.2.3.2 әңгіменің жалғасы мен соңын ойлап табу;
2.4. Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	0.2.4.1 сөздердің мағынасын түсіну: мағынасы жақын / қарама-қарсы жағынан (үлкен-кішкентай, үлкен-дәу-алып); 0.2.4.2 көп мағыналы сөздердің мағынасын түсіну (адамның басы, аяқпен бас, басшы);
2.5. Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар мен жауаптарды тұжырымдау	0.2.5.1 мәтін мен иллюстрация мазмұны бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беру

2.6. Мәтіннің жанрын анықтау	0.2.6.1 кейбір әдеби жанрларды тану, атай білу, салыстыра білу; 0.2.6.2 әдеби шығармалардың мазмұнына эмоционалды, белсенді жауап беру;
2.7. Тірек сөздерді қолдана отырып, шығарма кейіпкеріне сипаттама беру	0.2.7.1 кейбір әдеби жанрларды тану, атау және салыстыру (өлеңдер, шағын фольклорлық жанрлар)
2.8. Дыбыс пен әріпті, буынды тану, ажырату	0.2.8.1 сөйлемдердің графикалық құрылымы; 0.2.8.2 сөз сызбасында буындарды бөлектеу
Жазылым	
Кегізгі дағдылар	Оқу мақсаттары
3.1. Гигиеналық жазу талаптарын сақтау	0.3.1.1 қарындаш, қаламды дұрыс ұстау; 0.3.1.2 қағаз парағына бағдарлану, тор көзді және жолды көру; 0.3.1.3 партада дұрыс отырғызуды сақтау;
3.2. Көркем жазу талаптарын сақтау	0.3.2.1 штрихтауды орындау; 0.3.2.2 қысқа, ұзын таяқшаларды, дөңгелектенген, ирек сызықтарды салу; 0.3.2.3 баспа әріптерді көшіру және бастыра жазу; 0.3.2.4 графикалық (сызба) диктант жазу; 0.3.2.5 әріптің графикалық бейнесін, оның элементтерін және жолдағы орналасу ретін білу
3.3. Көшіру және диктант бойынша сауатты жазуға білу	0.3.3.1 әріпті тиісті дыбыспен (дыбыстармен) салыстыру; 0.3.3.2 баспа түрдегі әріптерді, буындарды, сөздерді көшіріп жазу; 0.3.3.3 баспа түрдегі әріптерді, буындарды, сөздерді диктант бойынша жазу
3.4. Шағын мәтін құрастыру	0.3.4.1 мұғалім көмегімен сурет, сызба, белгілер бойынша оқылған мәтіннің мазмұнын баяндау
3.5. Қатені табу, түзету	0.3.5.1 мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлемді тексеру, қатені түзету
3.6. Орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтау	0.3.6.1 сөйлемнің басында, өз есімдерін бас әріппен жазу (мұғалімнің қомегімен)
3.7. Грамматикалық нормаларды сақтау	0.3.7.1 затты, әрекетті, белгіні білдіретін сөздерді тану және атау
3.8. Пунктуациялық нормаларды сақтау	0.3.8.1 сөйлем соңында тыныс белгілірін қою: нүкте, сұрақ және леп белгісі;

47. Бағдарлама тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-сыныбына арналған оқу пәндерінен үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

48. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Параграф 3. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0 - сыныбы үшін "Әліппе, Ана тілі" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асырудың ұзақ мерзімді жоспары (оқыту қазақ тілінде)

Кезең	Тыңдалым мен айтылым	Оқылым	Жазылым
1-тоқсан			
Әліппеге дейінгі кезең	0.1.1.1* тілдің негізгі бірліктерін ажырату (дыбыс, буын, сөз, сөйлем); 0.1.2.1 мәтіннің мазмұнын тыңдай және есті білу; 0.1.2.2 сөйлемде, мәтінде не туралы екендігін айту 0.1.3.1* жеке сөздерді, мәтіннен алынған сөйлемдерді есте сақтау; 0.1.3.2* мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; 0.1.3.3 оқылғандарға, естілгендерге өз көзқарасын білдіру; 0 . 1 . 4 . 1 иллюстрацияларды қарау , оларды таныс мәтінмен салыстыру; 0.1.5.1* әр түрлі жағдайларда сөйлеу этикетінің ережелерін сақтау (сәлемдесу, ризашылық білдіру, кешіру, өтініш, рұқсат сурау, қоштасу); 0.1.7.1* қарапайым сөйлемдерді қолдана отырып, тыңдалған мәтінге өз ойын айту; 0.1.9.2 мұғалімнің сөзінен интонациялық түрде бөлінген дыбыстарды қайталау; 0.1.9.3* сөздегі дыбысты интонациямен ерекшелеп , бөліп айту; 0.1.9.4 сөздегі дыбыс ретін анықтау және дыбыстардан сөз құрастыру;	0.2.2.1* мәтіннің атауын түсіну; 0.2.3.1 мәтін бөліктеріне иллюстрацияларды таңдау; 0.2.3.2 әңгіменің жалғасы мен соңын ойлап табу; 0.2.5.1* мәтін мен иллюстрация мазмұны бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беру 0.2.6.1 кейбір әдеби жанрларды тану, атай білу, салыстыра білу; 0.2.6.2 әдеби шығармалардың мазмұнына эмоционалды, белсенді жауап беру;	0.3.1.1 қарындаш, қаламды дұрыс ұстау; 0.3.1.2 қағаз парағына бағдарлану, тор көзді және жолды көру; 0.3.1.3 партада дұрыс отырғызуды сақтау; 0.3.2.1 штрихтауды орындау; 0.3.2.2 қысқа, ұзын таяқшаларды, дөңгелектенген, ирек сызықтарды салу;

	0.1.9.5 есту арқылы дауысты және дауыссыз дыбыстарын ажырату; 0.1.9.6 берілген дыбысқа сөздер таңдау; 0.1.9.7 сөздегі дыбыстың орнын анықтау (басында, ортасында, аяғында); 0.1.9.8 сөздегі буындардың санын анықтау (мұғалім көмегімен)		0.3.2.4 графикалық (сызба) диктант жазу
2-тоқсан			
Әліппе кезеңі	0.1.1.1* тілдің негізгі бірліктерін ажырату (дыбыс, буын, сөз, сөйлем); 0.1.1.3 сөйлемдегі сөздердің кезеңнің анықтау 0.1.1.4 сөйлемдегі сөздерді бөліп алу; 0.1.2.1 мәтіннің мазмұнын тыңдай және ести білу; 0.1.2.2 сөйлемде, мәтінде не туралы екендігін айту 0.1.3.3 оқылғандарға, естілгендерге өз көзқарасын білдіру; 0.1.6.2 сөйлеуде сипаттама/салыстыру сөздерінің қолдану (үлкен-кішкентай, аз-көп); 0.1.7.1* қарапайым сөйлемдерді қолдана отырып, тыңдалған мәтінге өз ойын айту 0.1.7.2 оқылған, тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жанашырлық танытып, эмоционалды түрде өз көзқарасын білдіру; 0.1.8.1 ұсынылған тақырыпқа сипаттама және баяндау әңгімелерін ойлап табу; 0.1.8.2* сюжетті суреттер тізбегі бойынша байланысты әңгіме құрастыру;	0.2.1.1* баспа түрдегі әріптерді атауы бойынша тану; 0.2.1.2* әріпті сәйкес дыбыспен байланыстыра білу; 0.2.1.3* әріптің нақты бейнесін білу; 0.2.2.2 мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; 0.2.3.1 мәтін бөліктеріне иллюстрацияларды таңдау; 0.2.3.2 әңгіменің жалғасы мен соңын ойлап табу; 0.2.5.1 мәтін мен иллюстрация мазмұны	0.3.1.1 қарындаш, қаламды дұрыс ұстау; 0.3.1.2 қағаз парағына бағдарлану, тор көзді және жолды көру; 0.3.1.3 партада дұрыс отырғызуды сақтау; 0.3.2.3 баспа түрдегі әріптерді үстінен бастыра жазу; 0.3.2.4 графикалық (сызба) диктант жаза білу; 0.3.2.5 әріптің графикалық бейнесін, оның элементтерін және жолдағы орналасу ретін білу;

	0.1.9.1 сөздер әртүрлі дыбыстардан тұрады, егер бір дыбысты ауыстырса, онда басқа сөз болатын білу; 0.1.9.2 мұғалімнің сөзінен интонациялық түрде бөлінген дыбыстарды қайталау; 0.1.9.3* сөздегі дыбысты интонациямен ерекшелеп, бөліп айту; 0.1.9.4 сөздегі дыбысретін анықтау және дыбыстардан сөз құрастыру; 0.1.9.5 есту арқылы дауысты және дауыссыз дыбыстарын ажырату; 0.1.9.6* берілген дыбысқа сөздер таңдау; 0.1.9.7* сөздегі дыбыстың орнын анықтау (басында, ортасында, аяғында); 0.1.9.8 сөздегі буындардың санын анықтау (мұғалім көмегімен)	бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беру 0.2.7.1 кейбір әдеби жанрларды тану, атау және салыстыру (өлеңдер, шағын фольклорлық жанрлар) 0.2.8.2 сөз сызбасында буындарды бөлектеу;	0.3.3.1 әріпті тиісті дыбыспен (дыбыстармен) салыстыру; 0.3.3.2 баспа түрдегі әріптерді, буындарды, сөздерді көшіріп жазу; 0.3.4.1 мұғалім көмегімен сурет, сызба, белгілер бойынша оқылған мәтіннің мазмұнын баяндау;
3-тоқсан			
	0.1.1.1* тілдің негізгі бірліктерін ажырату (дыбыс, буын, сөз, сөйлем); 0.1.1.2 сурет, суреттер сериясы бойынша қарапайым сөйлемдер құрастыру; 0.1.1.3 сөйлемдегі сөздердің кезеңнің анықтау 0.1.2.1 мәтіннің мазмұнын тыңдай және есті білу; 0.1.2.2 сөйлемде, мәтінде не туралы екендігін айту; 0.1.3.2* мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; 0.1.3.3 оқылғандарға, естілгендерге өз көзқарасын білдіру;	0.2.1.1 баспа түрдегі әріптерді атауы бойынша тану; 0.2.1.2 әріпті сәйкес дыбыспен байланыстыра білу; 0.2.1.3 әріптің нақты бейнесін білу;	0.3.2.3 баспа түрдегі әріптерді үстінен бастыра жазу; 0.3.2.5* әріптің графикалық бейнесін,

Әліппе кезеңі	0 . 1 . 4 . 1 иллюстрацияларды қарау , оларды таныс мәтінмен салыстыру; 0.1.5.1* әр түрлі жағдайларда сөйлеу этикетінің ережелерін сақтау (сәлемдесу, ризашылық білдіру, кешіру, өтініш, рұқсат сурау, қоштасу); 0.1.7.1 қарапайым сөйлемдерді қолдана отырып, тыңдалған мәтінге өз ойын айту 0.1.7.2 оқылған, тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жанашырлық танытып, эмоционалды түрде өз көзқарасын білдіру; 0.1.8.1 ұсынылған тақырыпқа сипаттама және баяндау әңгімелерін ойлап табу; 0.1.8.2* сюжетті суреттер тізбегі бойынша байланысты әңгіме құрастыру; 0.1.9.4 сөздегі дыбыс ретін анықтау және дыбыстардан сөз құрастыру; 0.1.9.5 есту арқылы дауысты және дауыссыз дыбыстарын ажырату; 0.1.9.6 берілген дыбысқа сөздер таңдау; 0.1.9.7* сөздегі дыбыстың орнын анықтау (басында, ортасында, аяғында); 0.1.9.8 сөздегі буындардың санын анықтау (мұғалім көмегімен	0.2.1.4 буындарды жеке сөздерді оқу; 0.2.4.1 сөздердің мағынасын түсіну: мағынасы жақын / қарама-қарсы жағынан (үлкен-кішкентай, үлкен-дәу-алып); 0.2.4.2 көп мағыналы сөздердің мағынасын түсіну (адамның басы, аяқпен бас, басшы); 0.2.5.1 мәтін мен иллюстрация мазмұны бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беру 0.2.6.1 кейбір әдеби жанрларды тану, атай білу, салыстыра білу; 0.2.6.2 әдеби шығармалардың мазмұнына эмоционалды, белсенді жауап беру; 0.2.7.1 кейбір әдеби жанрларды тану, атау және салыстыру (өлеңдер , шағын фольклорлық жанрлар) 0.2.8.1 сөйлемдердің графикалық құрылымы; 0.2.8.2 сөз сызбасында буындарды бөлектеу;	оның элементтерін және жолдағы орналасу ретін білу; 0.3.3.1 әріпті тиісті дыбыспен (дыбыстармен) салыстыру; 0.3.3.2 баспа түрдегі әріптерді, буындарды, сөздерді көшіріп жазу; 0.3.3.3 баспа түрдегі әріптерді, буындарды, сөздерді диктант бойынша жазу; 0.3.4.1* мұғалім көмегімен сурет, сызба, белгілер бойынша оқылған мәтіннің мазмұнын баяндау 0.3.5.1 мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлемді тексеру, қатені түзету; 0.3.6.1 сөйлемнің басында, өз есімдерін бас әріппен жазу (мұғалімнің көмегімен) 0.3.7.1 затты, әрекетті, белгіні білдіретін сөздерді тану және атау; 0.3.8.1 сөйлем соңында тыныс белгілірін қою: нүкте, сұрақ және леп белгісі;
4-тоқсан			
	0.1.1.1 тілдің негізгі бірліктерін ажырату (дыбыс, буын, сөз, сөйлем); 0.1.2.2 сөйлемде, мәтінде не туралы екендігін айту;		

Әліппе кезеңі	0.1.3.2* мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; 0.1.3.3 оқылғандарға, естілгендерге өз көзқарасын білдіру; 0.1.5.1 әр түрлі жағдайларда сөйлеу этикетінің ережелерін сақтау (сәлемдесу, ризашылық білдіру, кешіру, өтініш, рұқсат сұрау, қоштасу); 0.1.6.1 өзі туралы айту; 0.1.6.2 сөйлеуде сипаттама/салыстыру сөздерінің қолдану (үлкен-кішкентай, аз-көп); 0.1.7.1 қарапайым сөйлемдерді қолдана отырып, тыңдалған мәтінге өз ойын айту 0.1.8.1 ұсынылған тақырыпқа сипаттама және баяндау әңгімелерін ойлап табу; 0.1.9.4 сөздегі дыбыс ретін анықтау және дыбыстардан сөз құрастыру; 0.1.9.5 есту арқылы дауысты және дауыссыз дыбыстарын ажырату; 0.1.9.6 берілген дыбысқа сөздер таңдау; 0.1.9.7 сөздегі дыбыстың орнын анықтау (басында, ортасында, аяғында); 0.1.9.8 сөздегі буындардың санын анықтау (мұғалім көмегімен)	0.2.1.1 баспа түрдегі әріптерді атауы бойынша тану; 0.2.1.2 әріпті сәйкес дыбыспен байланыстыра білу; 0.2.1.3 әріптің нақты бейнесін білу; 0.2.2.2 мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру; 0.2.4.1 сөздердің мағынасын түсіну: мағынасы жақын / қарама-қарсы жағынан (үлкен-кішкентай, үлкен-дәу-алып); 0.2.4.2 көп мағыналы сөздердің мағынасын түсіну (адамның басы, аяқпен бас, басшы); 0.2.5.1 мәтін мен иллюстрация мазмұны бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беру; 0.2.6.1 кейбір әдеби жанрларды тану, атай білу, салыстыра білу; 0.2.6.2 әдеби шығармалардың мазмұнына эмоционалды, белсенді жауап беру; 0.2.8.1 сөйлемдердің графикалық құрылымы; 0.2.8.2 сөз сызбасында буындарды бөлектеу	0.3.3.1 әріпті тиісті дыбыспен (дыбыстармен) салыстыру; 0.3.3.2 баспа түрдегі әріптерді, буындарды, сөздерді көшіріп жазу; 0.3.3.3 баспа түрдегі әріптерді, буындарды, сөздерді диктант бойынша жазу; 0.3.5.1 мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлемді тексеру, қатені түзету; 0.3.6.1 сөйлемнің басында, өз есімдерін бас әріппен жазу (мұғалімнің көмегімен); 0.3.7.1 затты, әрекетті, белгіні білдіретін сөздерді тану және атау; 0.3.8.1 сөйлем соңында тыныс белгілірін қою: нүкте, сұрақ және леп белгісі;

бұйрығына
63-қосымша

Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 1 - сыныбы үшін "Әліппе, Ана тілі" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Әліппе, Ана тілі" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бағдарлама құрылымы мен мазмұны А.Байтұрсынұлының келесідей ұстанымдары негізінде айқындалды, олар оқулық жазуда басшылыққа алынады:

1) дыбыспен жаттығу;

2) әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу;

3) оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту;

4) білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу.

3. Әріп таныту реті А. Байтұрсынұлының еңбектерімен қатар лингвист және әдіскер ғалымдардың зерттеулері негізінде, олардың мәтінде кездесу жиілігіне, өзара тіркесімі мен сөзжасау қызметіне қарай құрылды.

4. Бағдарламаның мақсаты – тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым және жазылыму дағдыларын игеру процесінде функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру үшін қарапайым грамматикалық көріністерді қалыптастырумен байланысты жағдайлар жасау.

5. Оқу бағдарламасының міндеттері білім алушының келесідей дағдыларын қалыптастыруды көздейді:

1) оқу әрекетіне бейімдеу;

2) дыбыс, буын, сөз, сөйлем, сөйлеу (мәтін) туралы қарапайым түсінік қалыптастыру;

3) мәтіннен/сөйлемнен сөйлемді, сөйлемнен жаңа игерілетін дыбысы бар сөзді, сөзден шыққан буынды, буыннан шыққан дыбысты таңдау арқылы жаңа дыбыс пен әріпті көрсету;

4) дыбыстың айтылуын әріптердің баспа және жазба түрлерін үйрету;

5) буындарды, сөздерді, сөйлемдерді оқуға үйрету;

5) дыбыстардан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем оқуға үйрету;

6) сөзді буындап оқуға, тұтас оқуға, мәтінді мәнерлеп, түсініп оқуға машықтандыру;

7) жазу дағдысын (қатесіз, көркем жазу) қалыптастыру;

8) сөздік қорын байыту;

9) коммуникативтік дағдыларын (өз ойын толық жеткізе білу, өзгенің пікірімен санаса білу, әңгімелесу, сөйлеу әдебін сақтау) қалыптастыру;

10) тілдік бірліктерді (мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс) ажырату, салыстыру, топтастыру, талдауға үйрету;

11) тілдік білімі мен дағдыларын тәжірибеде қолдана алу;

12) танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту;

13) ана тіліне, Отанына, туған еліне, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту;

14) жеке тұлғалық қасиеті мен әлеуетін ашу;

15) тұрақты зейіні мен есте сақтауын, логикалық ойлауы мен білім алуға деген қызығушылығын қалыптастыру;

16) физиологиялық ерекшеліктерін ескеру және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау.

6. Түзету-дамыту міндеттері:

1) сөйлеудің дыбыстық бұзылыуын түзету, артикуляциялық органның қозғалысын дамыту;

2) қолдың ұсақ моторикасын жазуға дайындау және дамыту;

3) оптикалық-кеңістіктік гнозисті қалпына келтіру;

4) эмоционалды ерік-жігердің дамуындағы бұзылуларды түзету.

2-тарау. Оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

7. Білім беру жүйесінің түзете- дамыту бағытында кешенді сипатына негізделген " Әліппе, Ана тілі" пәндері бойынша тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларына білім беру үрдісін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері арқылы балаларда қимылдық, ақыл – ой мен сөйлеу тілдерінің өзара әсерін үнемі ескеруді қамтамасыз етеді.

8. Оқыту үрдісі арнайы педагогикалық тәсілдері мен қағидаларға сүйенеді:

1) іс-әрекет тәсілі;

2) жеке-сараланған тәсіл;

3) құндылыққа-бағытталған тәсіл;

4) коммуникативтік тәсіл;

5) денсаулық сақтау қағидасы;

6) түзету бағыты қағидасы.

9. Оқытудағы әрекеттік тәсіл дағдыларды қалыптастыруға бағытталған, оқытылатын ұғымдардың мазмұнына сәйкес келетін білім алушылардың белсенді, дербес, өз бетінше әрекетін ұйымдастыруды көздейді.

10. Оқу процесін ұйымдастыруға жеке-сараланған тәсіл бойынша деңгейге байланысты топтарға бөлінеді:

1) ұсақ мотириканы дамыту;

2) сөйлеу бұзылысын;

3) психикалық процестерді дамыту.

11. Құндылыққа бағытталған тәсіл білім алушы мен мұғалімнің оқу мақсаттарын анықтауының негізі ретінде қарастырылады, өйткені пәнге деген мотивация мен оң көзқарас оқу процесін жандандырудың маңызды шарты, оқу-танымдық іс-әрекетті жандандырудың шарты болып табылады.

12. Оқытудағы коммуникативті тәсіл – бұл екі немесе одан да көп адамның сөйлеу өзара әрекеттесу процесінде ақпаратты дұрыс жеткізу және айту, білім, білік және дағдылармен алмасу. Коммуникативті тәсілдің нәтижесі қарым-қатынасты тіл арқылы, ойды жеткізу және қарым-қатынастың басқа қатысушыларымен өзара әрекеттесу процесінде идеялармен алмасу арқылы жүзеге асыру мүмкіндігі.

13. Денсаулықты сақтайтын тәсіл қимыл-қозғалыс функцияларының күйін, сөйлеуді және интеллектуалды жүктемені мөлшерлеуді ескере отырып, білім алушылардың шаршауын болдырмайды.

14. Түзету бағытындағы қағида мыналарды қамтиды:

1) дыбысты айту және сөйлеу мәдениетін жетілдіру;

2) сөздік қорын байыту, нақтылау және жандандыру;

3) сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастыру;

4) балалар әндерін, жұмбақтарды, жаңылтпаштарды жаттау;

5) айтылымды түзету және дұрыс екпінді, интонацияны, сөйлеудің мәнерлілігін сақтау.

15. Оқыту барысында қолданылатын технологиялар: проблемалық оқыту, дамытушылық оқыту, ақпараттық білім беру технологиялары, өмірлік практикалық тәжірибені кеңейту арқылы оқыту, жобалау әдісі.

16. Түзетудің ең тиімді және барабар әдістерін таңдау үшін тірек-қимыл аппараты бұзылған кезде қозғалыс, психикалық және сөйлеу бұзылыстарының өзара байланысы, жалпы моториканың жалпы зақымдануы, қол және артикуляциялық моториканың функциялары, жалпы моториканың бұзылуын бір уақытта дамыту және түзету қажеттілігі, қолдар мен саусақтардың функционалдығы, артикуляциялық моторика ескеріледі.

17. Оқу процесінде ауызша қарым-қатынасты ынталандыру үшін мұғалімнің жетекшілігімен пәндік-практикалық іс-әрекет, оқушылардың жұпта, топта жұмыс істеуі қолданылады.

18. Түзету мәселелерін шешу үшін ойын әрекеті қолданылады, оның барысында балалар дұрыс сөйлеу білімімен мен дағдыларын игереді.

19. Оқытудың түзету-дамытушылық әдістері: дидактикалық ойын, психогимнастика , релаксация, қол саусақтарына арналған гимнастика, өз-өзіне массаж, көзге арналған гимнастика, тыныс алу гимнастикасы, дене шынықтыру минуттары, логопедиялық минуттар, артикуляциялық гимнастика.

20. Оқытудың коррекциялық бағыты тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларда қимыл-қозғалыс бұзылыстары мен сөйлеуге жатпайтын процестердің

күйінен (зейін, есте сақтау, ерікті белсенділік, қол-көз үйлесімділігі) туындайтын графикалық дағдыларды дамыту кезіндегі қиындықтармен анықталады. Графикалық жазу дағдыларын қалыптастыру жұмысы баланың қозғалыс бұзылыстарын түзетумен тығыз байланысты.

21. Жазу барысында дұрыс отыруды қалыптастыру мақсатында келесілер қарастырылады:

1) бастапқыда оқушының қарсылығын тудыратын позаны және "рефлекске тыйым салатын" позицияларды таңдау, содан кейін бала біртіндеп оларға үйреніп, берілген позаны өзі сақтауға тырысады;

2) баланың басы мен аяқ-қолдарын бекіту үшін арнайы құралдарды қолдану;

3) көру-моторлы үйлесімділігін дамыту.

22. Қолды жазуға дайындау бойынша тәжірибелік нұсқаулық:

1) саусақтар мен қолдардың қозғалысын статикалық және динамикалық үйлестіруді дамыту;

2) заттардың мөлшеріне, серпімділігіне, салмағына қарай дұрыс сараланған ұстауды қалыптастыру;

3) затты ұстап тұру кезінде және онымен әртүрлі манипуляциялар процесінде жұмыс қолының еркін қозғалысын дамыту;

4) ұсақ моториканы дамыту үшін жаттығулар кешенін өткізу;

5) қол массажы (арнайы бұйымдарды пайдалана отырып немесе бұйымдарсыз).

23. Қарындаш, қалам ұстаудың дұрыс тәсілін үйретуге немесе қалам ұстаудың жеке тәсілін таңдауға (егер манипуляциялық функциялардың ауыр бұзылуынан дұрыс әдіс мүмкін болмаса) кіреді:

1) қол мен саусақтардың қаламды ұстап тұрған сияқты қалпын қабылдауға үйрету;

2) партада жатқан қаламды дұрыс алуды қалыптастыру және жазу үшін қалыпты жасау;

3) қаламды ұстап, жазудың дұрыс қалпын сақтап тұру кезінде саусақтарды босаңсыту және кернеу;

4) қаламды ұстап тұру кезінде саусақтардың еркін қозғалысын дамыту жаттығулары
.

24. Әріппен танысу кезеңінде графикалық бейнелер мен әріптерді олардың құрамдас элементтеріне көру арқылы бөлуді дамыту, графикалық суреттер мен әріптердің арасындағы ұқсастықты және айырмашылықтарды анықтау бойынша жұмыс жүргізіледі.

25. Білім алушылардың кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру үшін тәжірибелік ұсыныстар:

1) жұмыстың бастапқы кезеңдерінде қолдың заттық іс-қимылдарын көзбен көріп бақылау;

2) заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстарды ашу үшін заттармен әртүрлі әрекеттерді жасату;

3) кеңістік қатынастарды ажырату және оларды сөйлеуде қолдану.

26. Көру-моторлы үйлесімділігін дамыту үшін алдымен мұғалімнің көмегімен пассивті, содан кейін сөздік нұсқаулық бойынша белсенді манипуляциялық қимыл-қозғалыстарды көзбен бақылау кабілеті бекітіледі. Ауада және жазықтықта қолдың қалыптасатын қозғалыстарын жасауға бастапқы оқыту. Бұл үйлесімді қимылдарды қалыптастыруға, көру-қозғалыс үйлесімін дамытуға ықпал етеді.

27. Бағдарлама техникалық құралдарды пайдалана отырып іске асырылады: ұйымдастыру техникасы (компьютерлер немесе ноутбуктер, принтер, сканер); интерактивті тақта/ проектор/ экран; сандық фотоаппарат, веб-камера; диктофондар/ микрофондар, құлаққаптар; бор тақтасы; жылжымалы маркер тақтасы; шағын маркер тақталары; флипчарттар; білім алушылардың жұмыстарын сақтауға және көрсетуге арналған шкафтар.

28. "Әліппе" пәнін меңгеру үшін қажетті көрнекі және дидактикалық құралдар: түрлі жанрдағы балалар көркем әдебиеті, иллюстрацияланған брошюралар, журналдар, газеттер, фильмдер, аудиожазбалар және жазушылар мен ақындар туралы бейнефильмдер, түсіндірме, орфографиялық сөздік, синонимдер, антонимдер, фразеологиялық сөздіктер, этимологиялық сөздік, грамматикалық анықтамалар; портреттер, пән бойынша кестелер; жазбаша және баспа әріптерінің үлгілері; қуыршақтар (сахналау үшін), импровизациялық жиынтықтар.

29. Жазуды үйренуге арналған арнайы құралдар: қаламдар мен қарындаштар-ұстағыштар, қолға арналған ауырлатқыштар, қолдың манипуляциялық функцияларын дамытуға арналған тренажерлер.

30. Жағдай жасау сыныптарды мамандандырылған жиһазбен жабдықтауды қамтиды . Бекіткіштері бар ыңғайлы тірек, биіктігі мен көлбеуі реттелетін арнайы үстелдер мен парталар.

3-тарау. "Әліппе, Ана тілі" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. "Әліппе, Ана тілі" пәнінің мазмұны

31. "Әліппе, Ана тілі" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 6 сағаттан, жылына 198 сағатты құрайды.

32. Оқу пәнінің мазмұнын іріктеу бірліктері:

1) тіл бірліктері: мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс;

2) орыс тілінің кейбір грамматикалық құбылыстары;

3) орфографиялық және пунктуациялық нормалардың минимумы;

4) балалар көркем әдебиетінің шығармалары.

33. Бағдарламаның мазмұны: оқу процесінде кезеңдер бөлінеді: әліппеге дейінгі кезең, әліппе кезеңі, әліппеден кейінгі. Бірінші сыныпта нөлдік сыныпта оқылған оқу материалының қайталануы ұйымдастырылады (әліппеге дейінгі кезең және әліппе кезеңі). Әліппеге дейінгі кезеңге 18 сағат бөлінеді, әліппе кезеңі 78 сағатты құрайды және әліппеден кейінгі кезең 102 сағат ішінде.

34. Бірінші сыныптың әліппе кезеңінде әріптер мен дыбыстар оқытылады: ң, ғ, ж, ә, п, ү, ө, г, и, я, ю, х, h, щ, в, э, е, ц, ф, ч, ъ, ь.

35. Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқушылардың мүмкіндіктерін зерттеу (0-сыныпта қалыптасқан жалпы сөйлеу тілі деңгейлерін, білім-білік дағдыларын);

2) оқу дағдыларын қалыптастыру;

3) сөйлеу дағдысын жетілдіру;

4) оқу әрекетіне қызығушылығын ояту және қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;

5) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс пен және әріппен танысуға бөлінген сағаттарды мұғалім өзі реттейді;

6) есту дағдыларын дамыту және дұрыс сөйлеуін қалыптастыру;

7) дыбыстық қабылдауын дамыту, талдау, жинақтау;

8) жазу дағдыларын дамыту;

9) қабылдау, елестету, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту, зейінін тұрақтандыру.

Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттерін айқындауда А. Байтұрсынұлының шағын сөзді әдісі, дыбыспен жаттығу әдісі негізге алынды.

36. Әліппе кезеңі бірінші тоқсанда басталып, екінші тоқсанның аяғында аяқталады. Мұғалім білім алушылардың оқу материалын меңгеру деңгейіне, белгілі бір мақсатқа жетуіне және әр кезеңге арналған тапсырмаларды орындауына байланысты дыбыспен және әріппен танысу үшін сағат санын өзі бөліп, реттейді.

37. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) дыбысты әдіс арқылы жаңа дыбыс пен әріпті таныту;

2) дыбыстық талдау дағдыларын дамыту: мәтіннен/сөйлеуден сөйлемді, сөйлемнен жаңа үйретілетін дыбысы бар сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөліп алу;

3) дыбысты дұрыс айтуға жаттықтыру;

4) естілген дыбыстардың типтерін, яғни фонемаларды ажырата білуге үйрету;

5) жеке дыбыстарды әріптермен таңбалау: әріптердің баспа және жазба түрлерін үйрету;

6) дыбыстық жинақтау дағдыларын дамыту: дыбыстардан буын, буындардан сөз, сөздерден сөйлем құрап оқуға, жазуға үйрету.

7) оқу әрекеттерін дамыта отырып, тілдік дағдыларын жетілдіру;

8) сөзді біртіндеп тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру;

9) көркем жазу дағдыларын қалыптастыру;

10) сөздік қорын байыту;

11) өз ойын жеткізе білуге үйрету.

Әліппе кезеңінің міндеттерін айқындауда А.Байтұрсынұлының дыбысты әдісі, жалқылаулы-жалпылау әдісі, жазу-оқу әдісі негізге алынды.

Ескерту:

І-жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: әліппеге дейінгі кезеңде графикалық диктант – 3-5 таңба, әліппе кезеңінде әріптік диктант – 5-7 әріп, буын диктанты – 4-6 буын, сөздік диктант – 2-3 сөз, диктант –3-10 сөз. Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай белгілейді. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

38. Әліппеден кейінгі кезең екінші жартыжылдықта "Ана тілі" оқулығы арқылы жүзеге асады.

39. Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері:

1) тұтас сөздермен оқуға көшу, "ішінен" оқу білуін қалыптастыру;

2) мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру:

3) байланыстырып сөйлеуін дамыту (қайталау, әңгімелеу, "ауызша сурет салу", суреттер, жеке әсерлер бойынша әңгімелер құрастыру);

4) каллиграфия және графика нормаларына сәйкес жазу дағдыларын дамыту;

5) ауыз әдебиеті туындылары мен көркем шығармалар арқылы ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауға тәрбиелеу;

6) тыңдалым (тыңдау), айтылым арқылы сөйлеу өнеріне баулу.

Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттерін жүзеге асыруда А.Байтұрсынұлының жалпылау әдісі, тұтас сөздер әдісі, жазу-оқу әдісі басшылыққа алынды.

40. Бағдарлама мазмұны 3 бөлімді қамтиды:

1) "Тыңдалым (тыңдау) және айтылым (ауызекі тіл мен фонемалық түсініктерді дамыту)";

2) "Оқылым" (оқу дағдыларын қалыптастыру, сөздің дыбыстық құрамын, әліпби әріптерін зерделеу)";

3) "Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру)".

41. "Тыңдалым (тыңдалым) және айтылым (ауызекі тіл мен фонемалық ұғымдардың дамуы)" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) сөйлеудің негізгі бірліктерін тану (мәтін, сөйлем, сөз);

2) тақырыпты және тыңдалған мәтіннің негізгі ойын анықтау;

3) тыңдалған материалды қайталау;

4) оқиғаларды болжау;

5) сөйлеу нормаларын сақтай отырып, қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларына қатысу;

6) тыңдаушылардың назарын аудару;

7) бағалау пайымының айтылуы;

8) берілген тақырыпқа әңгіме құрастыру;

9) сөздің дыбыстық формасына бағдар.

42. "Оқылым (оқу дағдыларын қалыптастыру, сөздің дыбыстық құрамын, әліпби әріптерін зерделеу)" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) оқу дағдыларын меңгеру;

2) оқылған мәтіннің тақырыбын және негізгі ойларын анықтау;

3) мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтау;

4) мәтіндегі лексикалық және синтаксистік бірліктердің рөлін түсіну;

5) сұрақтар мен жауаптарды тұжырымдау;

6) тірек сөздер арқылы шығарма кейіпкерін сипаттау;

7) мәтіндердің салыстармалы сараптамасы;

8) сөздердің графикалық түрінде бағдарлау.

43. "Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру)" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) жазылымның тазалық нормаларын меңгеру;

2) каллиграфиялық және графикалық нормаларды сақтау;

3) айту арқылы жазу, көшіріп жазу;

4) тыңдалған/оқылған материалдың мазмұнын баяндау;

5) жұмыстағы қателерді табу және түзету;

6) орфографиялық нормаларды сақтау;

7) грамматикалық нормаларды сақтау;

8) тыныс белгілері нормаларын сақтау.

44. Білім берудің базалық мазмұны.

45. Тыңдалым (тыңдау) және айтылым (ауызекі тіл мен фонематикалық естуді дамыту), әліппеге дейінгі кезең:

1) сөйлеу есту қабілетін түзету және дамыту;

2) дыбыс-тілдің ең аз бірлігі, сөздер мен буындардың дыбыстық құрылымы;

3) дыбыстарды және олардың белгілерін ажырату (дауысты/дауыссыз; жуан-жіңішке, қатаң, ұяң, үнді), оларды салыстыру, дұрыс айту;

4) сөзді буындарға бөлу, олардың санын және сөздегі буын тәртібін айқындау;

5) шағын мәтіндер құрастыру.

46.Тыңдалым (тыңдау) және айтылым (ауызекі тіл мен фонематикалық естуді дамыту), әліппе кезеңі:

1) дауысты және дауыссыз дыбыстар үшін әлсіз және күшті позиция;

2) мұғалім мен білім алушылардың сөзін, аудио/бейнежазбаны тыңдау, естігеннің мағынасын түсіну, сұрақтарға дұрыс және дәл жауап беру білігін қалыптастыру;

3) коммуникативтік мақсаттарға сәйкес қарым-қатынас дағдыларын дамыту (топта қарым-қатынас жасау, диалогқа қатысу, драматизация, рөлдік ойындар), сөйлеу этикетінің сөздерін пайдалану, лексикалық тақырыптар негізінде сөздік қорын кеңейту;

4) ауызша емес қарым-қатынас құралдарын пайдалану (интонация, мимика, ым-ишара, қалып);

5) сөйлеудің негізгі ережелерін сақтау (ырғақ, екпін, қарқын, үзіліс);

6) сөздің мағынасын түсіну, сөзді мақсаты бойынша қолдану;

7) сөздік қорын кеңейту;

8) сөйлем, дыбыстық сөйлемдегі сөйлемдерді тану.

47. Тыңдалым (тыңдау) және айтылым (ауызекі тіл мен фонематикалық естуді дамыту), әліппеден кейінгі кезең:

1) жаңылтпаштарды, санақтар, өлеңдерді, санағыштарды, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды жаттау арқылы артикуляциялық аппаратты дамыту;

2) білім алушыларды қызықтыратын және берілген тақырыптарға монологтық және диалогтық нысанда мәлімдемелер жасау, суреттер, бақылаулар бойынша, көрген, сезінген және естіген/оқыған нәрселер туралы әңгімелесу, басқа адамдардың іс-әрекеттері мен уайымдарына көзқарасты жеткізу, өздерінің эмоциялық күйлерін беру тәсілдерін қалыптастыру біліктерін қалыптастыру;

3) сюжеттік суреттер сериясына сүйене отырып және тіреусіз ертегілерді айту, сюжеттік суреттер бойынша және сюжеттік суреттер сериясы бойынша әңгімелер құрастыру, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, тыңдалған/оқылған мәтінді (иллюстрациялар, тірек сөздер, жоспар бойынша), мәтіннің картасына сүйене отырып және оған сүйенбей баяндау;

4) тыңдау материалының көлемі: 30 сек.-1 мин.

48. Оқылым (оқу дағдыларын қалыптастыру, сөздің дыбыстық құрамын, әліпби әріптерін зерделеу), әліппеге дейінгі кезең:

1) фонетика және графика;

2) сөздің дыбыстық құрамының бірлігін және оның лексикалық мағынасын түсіну;

3) буын айтылым бірлігі ретінде, сөздерді буындарға бөлу;

4) сөйлеудің интонациялық ұйымдастырылуын бақылау (сөйлемнің соңындағы интонация, хабарлама, сұрақ, леп).

49. Оқылым (оқу дағдыларын қалыптастыру, сөздің дыбыстық құрамын, әліпби әріптерін зерделеу), әліппе кезеңі:

1) дыбысты әріппен белгілеу; сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін/ сәйкес еместігін анықтау; қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларын сақтай отырып, сөздерді айту;

2) сөздің графикалық дыбыстық моделінен үлгі-схемадағы дыбыстарды әріптермен белгілеуге көшу; дауысты әріпке бағдарланған сөздің дыбыстық әріптік моделін "оқу";

3) дыбыс пен әріптерді ажырату (дыбыстарды естиміз және айтамыз, әріптерді көреміз, жазамыз, оқимыз);

4) сөздің дыбыстық формасын оның әріптік жазбасы бойынша айту(оқу) және керісінше (жазу);

5) әріптердің қос дыбысты рөлі : ю, е, я;

6) қазақ алфавитіндегі әріптерді белгілі бір реттілігімен таныстыру;

7) қазақ тіліндегі жұп дыбыстардың (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і, л-р, н-ң, с-з, с-ш, ж-ш, п-б, к-қ , г-ғ) ерекшеліктерін тану, өзге тілден енген сөздерде кездесетін дыбыстарды дұрыс айтуға дағдылану;

8) дауысты және дауыссыз дыбыстардың айтылу дағдыларын пысықтау, тұтас сөздер мен мағыналық бірліктерді оқу кезінде сөздерді дұрыс екпінмен айту (орфоэпиялық оқу);

9) орфографиялық оқу диктантпен жазу кезінде өзін-өзі бақылау.

50. Оқылым (оқу дағдыларын қалыптастыру, сөздің дыбыстық құрамын, әліпби әріптерін зерделеу), әліппеден кейінгі кезең:

1) тұтас сөздерді, 2-6 сөзден тұратын сөйлемдерді оқуға ауыса отырып, әртүрлі құрылымдағы сөздерді буындық оқуды және 4-8 сөйлемнен тұратын мәтіндерді дұрыс оқуды, мұғалімнің мәселелері бойынша мәтіндерден шағын үзінділерді іріктеп оқуды үйрету;

Ескертпе: көркем шығарманың көлемі 0,5-тен 1,5 бетке дейін (сюжеттік суретті қоса алғанда). Ғылыми-танымдық мәтіннің көлемі 0,3-0,5 беттен аспауы тиіс.

2) тыныс белгілеріне сәйкес сөйлемдерді интонациялау: нүкте, сұрақ және леп белгілері, үтірмен үзілістерді сақтау; бір сөйлемді екіншісінен бөлетін үзілістерді сақтау;

3) сөздің мағынасын бақылау (мағынасы жақын және қарама-қарсы сөздер, көп мағыналы сөздер);

4) өз бетінше оқу кезінде мәтін мазмұнын түсіну, баяндау сипатындағы деформацияланған мәтінді оқу, осы басы немесе соңы бойынша мәтін құрастыру; оқылған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру;

5) әр түрлі жанрлардың ерекшеліктерін айқындау, тақырыпты, шығарманың басты ойын анықтау;

6) мәтіндерді мәнерлеп оқу, рөлдер бойынша оқу, оқығанның мазмұнына көзқарасын білдіру;

7) оқу тапсырмаларын орындау үшін қажетті ақпаратты іздеу (мұғалімнің басшылығымен);

8) мәтін, суреттер, схемалар, пиктограммалар, белгілер түрінде ұсынылған ақпаратты түсіну;

9) 1 жартыжылдықта оқу жылдамдығының нормасы минутына 15-20 сөзді (1 және одан да көп әріптен), екінші жартыжылдықта - минутына 25-30 сөзді құрайды.

51. Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру), әліппеге дейінгі кезең:

1) жазуға дайындық (дұрыс отырғызу, жарықтандыру, дәптердің орналасуы және жазу кезінде қарындаш/қалам ұстай білу);

2) дәптердегі парақ кеңістігіне бағдарлай білуді қалыптастыру (жұмыс жолы, жоларалық кеңістік, жұмыс жолының жоғарғы және төменгі сызықтары, тік көлбеу сызықтар);

3) сурет салу, штрихтау, бастыру; сызбалардың көмегімен сөздің дыбыстық құрамын модельдеу; сөйлемді модельдеу.

52. Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру), әліппе кезеңі:

1) каллиграфиялық нормаларды сақтай отырып, әріптер, бас және кіші әріптер элементтерінің және олардың қосылыстарының, буындардың, сөздердің, сөйлемдердің жазылуы;

2) каллиграфиялық жазу дағдыларын қалыптастыру: қолжазба әріптерінің (кіші және үлкен) графикалық бейнесін талдау, олардың құрылымдық элементтерін салыстыру, кіші және үлкен әріптер мен олардың қосылыстарын жазу(жоғарғы, орта, төменгі жыртылатын және тоқтаусыз), кейінгі жазудың іс-әрекеттерін пысықтау (дауыссыз дыбыс түрлерін әріптерді енгізу процесінде);

3) алдын ала үлгілеумен қарапайым сөйлемдерді жазу;

4) жазылуы айтылымға қайшы келмейтін сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді жазу.

53. Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру), әліппеден кейінгі кезең:

1) баспа және жазба түрдегі мәтіндерді көшіріп жазу;

2) пунктуация ережелерін ескере отырып, сөйлемдер жазу: сөйлем соңындағы нүкте , леп белгісі, сөйлемдегі сөздердің бөлек жазылуы;

3) сөйлемнің басындағы бас әріп;

4) орфограмма туралы жалпы ұғым сөздің әріптік жазбасындағы орын ретінде қалыптастыру, ол айтылыммен анықталмайды;

5) дыбыстарды әріптермен белгілеуге байланысты емес орфограммалар: сөйлемнің басындағы үлкен әріп, тиісті атаулардағы, қызметтік және дербес сөздер арасындағы интервалдар, сөздерді жолдан жолға буын бойынша ауыстыру, сөйлемнің соңындағы тыныс белгілері;

6) үндестік заңын ережелерін сақтау;

7) сөз және сөйлем, ұғымдардың аражігін ажырату: "зат" және "сөз" зат атауы ретінде;

8) жазу жұмыстарының көлемі: сөздік диктант - 4-5 сөз, диктант – 5-15 сөз, мәтінді көшіру - 15 сөзден аспайды, шығармашылық мәтіннің көлемі - 3-5 сөйлем (мұғалімнің көмегімен).

Параграф 2. Оқыту мақсаттарының жүйесі

54. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодпен берілген. Кодтың бірінші саны сыныпты, екінші және үшінші саны негізгі дағдылардың ретін, төртінші саны оқыту

мақсатының ретін көрсетеді. 1.2.1.1 кодында: "1" – сынып, "2.1" – негізгі дағдылар, "1" – оқыту мақсатының реті.

55. Оқыту мақсаттары күтілетін нәтиже түрінде айқындалған:

Тыңдалым мен айтылым	
Бөлімшелер (негізгі дағдылар)	Оқыту мақсаттары
1.1. Сөйлеу тілінің негізгі ұғымдарды түсіну (мәтін, сөйлем, сөз)	1.1.1.1 сөйлеу (мәтін), сөйлем, сөз, буын, дыбыс түсінігін ажырату; 1.1.1.2 сөйлемді жобалау, түрлендіру, модельдеу; 1.1.1.3 сөйлемдегі сөздер санын және мәтіндегі сөйлем санын анықтау
1.2. Тыңдаған материалдың тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.1.2.1 мәтін кім туралы, не туралы екенін анықтау, автордың айтқысы келген ойын түсіну; 1.1.2.2 мәтін мазмұны бойынша қойылған сұраққа жауап беру
1.3. Тыңдаған материалды мазмұндау	1.1.3.1 көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет, жоспар бойынша мұғалімнің көмегімен) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау
1.4. Оқиғаны болжау	1.1.4.1 тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау
1.5. Коммуникативтік қатынаста тілдік нормаларды дұрыс қолдану	1.1.5.1 коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдану
1.6. Тыңдаушының назарын аудару	1.1.6.1 заттар мен құбылыстарды сипаттауға, салыстыруға қажет сөздерді қолдану; 1.1.6.2 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу
1.7. Тыңдаған материал бойынша өз ойын айту	1.1.7.1 тыңдалым материалына қатысты өз ойын білдіру
1.8. Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	1.1.8.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау; 0.1.8.2 затты, суретті ауызша сипаттау; 0.1.8.3 бейнелі лексикалық құралдарды білу
1.9. Сөздерді орфоэпиялық нормаға сәйкес айту	1.1.9.1 сөздерді үндестік заңына сәйкес дұрыс айту 1.1.9.2 дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну; 1.1.9.3 сөздің буыннан құралатынын білу; 1.1.9.4 дыбыс пен екпіннің айырмашылық мағыналарын түсіну; 1.1.9.5 сөздегі қосарлы дыбыстардың құрылымын түсіну
Оқылым	
Негізгі дағдылар	Оқыту мақсаттары
2.1. Оқу дағдыларын меңгеру	1.2.1.1 сөз, сөйлем схемасын құру және оқу; 1.2.1.2 оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану; 1.2.1.3 түрлі құрылымдағы буындарды оқу;

	1.2.1.4 сөйлемдегі қойылған кідірісті , хабарлы, сұраулы, лепті тыныс белгілерін ескеріп мәнерлеп оқу
2.2. Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.2.2.1 мұғалімнің қолдауымен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау, автордың айтқысы келген ойын түсіну
2.3. Мәтіннің құрылымдық бөлігін анықтау	1.2.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің басын, ортасын, соңын анықтау
2.4. Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	1.2.4.1 мұғалімнің қолдауымен сөздердің мағыналарын (мәндес; мағынасы қарама-қарсы; айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі) ажырату
2.5. Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ қою, жауап беру	1.2.5.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру; 1.2.5.2 оқылған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру
2.6. Мәтіннің жанрын анықтау	1.2.6.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең, әңгіме, ертегі) ажырату
2.7. Тірек сөздерді қолдана отырып, шығарма кейіпкеріне сипаттама беру	1.2.7.1 әдебиет кейіпкелерге мінездеме беруде лексикалық сөздерді қолдану
2.8. Сөздердің графикалық түріндегі бағдарлау	1.2.8.1 дыбыстың таңбасы – әріпті тану, дыбыс пен әріпті бір-бірінен ажырату; 1.2.8.2 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату (жуан, жіңішке); 1.2.8.3 дыбыстың мағына ажыратудағы қызметін түсіну; 1.2.8.4 Ұ, я, ю әріптері мен ь, ъ таңбаларының ерекшеліктерін түсіну
Жазылым – (жазу әрекетінің түрлері) бөлімшесі	
3.1. Гигиеналық жазу талаптарын сақтау	1.3.1.1 жазу кезінде дұрыс отыру; 1.3.1.2 оқу құралдарына қойылатын талаптарды орындау
3.2. Көркем жазу талаптарын сақтау	1.3.2. әріп элементтерін, бас және кіші әріптерді және олардың қосылыстарын жазу, буын, сөздер, сөйлемдерді каллиграфиялық нормаларды сақтай отырып жазу; 1.3.2.2 әріп бейнесін дыбысталуына қарай байланыстыру
3.3. Көшіру және диктант бойынша жаза білу	1.3.3.1 мұғалім көмегімен белгілі тақырыпқа сөйлемдер құрау, жазу; 1.3.3.2 айтылған дыбыс пен әріп таңбасын байланыстыру; 1.3.3.3 әріпке жатпайтын таңба құрылымдарын түсіну (тасымалдау таңбасы, сөздер арасындағы ара қашықтық); 1.3.3.4 баспа түрде жазылған сөздер мен сөйлемдерді жазба түрде көшіріп жазу

3.4. Шағын мәтін құрастыру	1.3.4.1 мұғалімнің көмегімен суреттер, сызбалар, белгілер арқылы тыңдалған/оқылған мәтіндерден ақпаратты жеткізу
3.5. Қатені табу және түзету	1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету
3.6. Орфографиялық нормаларды сақтау	1.3.6.1 айтылуы әр түрлі сөздерді көшіріп жазу; 1.3.6.2 мұғалім көмегімен тасымалдау ережесін білу және қолдану; 1.3.6.3 жалқы есімдерді, сөйлемдерді бас әріппен бастап жазу; 1.3.6.4 сөйлемдердің жазылу ережесін сақтау; 1.3.6.5 жазуда жіңішкелік белгісінің сөз ортасында, аяғында жазу
3.7. Грамматикалық нормаларды сақтау	1.3.7.1 заттың атын, қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздерді ажыратып, орынды қолдану; 1.3.7.2 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын (терминсіз) қолдану
3.8. Пунктуациялық нормаларды сақтау	1.3.8.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою

56. Бағдарлама тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған оқу пәндерінен үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

57. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Параграф 3. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбы үшін "Әліппе, Ана тілі" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асырудың ұзақ мерзімді жоспары (оқыту қазақ тілінде)

1-тоқсан			
Кезең	Тыңдалым мен айтылым	Оқылым	Жазылым
Әліппеге дейінгі кезең	1.1.1.1* сөйлеу (мәтін), сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы түсіну; 1.1.1.2 сөйлемді жобалау, түрлендіру, модельдеу; 1.1.1.3 сөйлемдегі сөздер санын және мәтіндегі сөйлем санын анықтау; 1.1.5.1 коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдану;	1.2.2.1* мұғалімнің қолдауымен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау; 1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің	1.3.1.1 жазу кезінде дұрыс отыру; 1.3.1.2 оқу құралдарына қойылатын талаптарды орындау;

	1.1.7.1тыңдалым материалына қатысты өз ойын білдіру: 1.1.8.1 сюжетті сурет бойынша шағын ауызша әңгіме құрау; 1.1.9.1 сөздерді үндестік заңына сәйкес дұрыс айту 1.1.9.2 дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну; 1.1.9.4 дыбыс пен екпіннің айырмашылық мағыналарын түсіну	мазмұны бойынша сұрақ қою; 1.2.5.2 оқылған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру	1.3.4.1* мұғалімнің көмегімен сызбалар, сызбалар, белгілер арқылы тыңдалған/ оқылған мәтіндерден ақпаратты жеткізу
Әліппе кезеңі	1.1.1.1* сөйлеу (мәтін), сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы түсіну; 1.1.1.2 сөйлемді жобалау, түрлендіру, модельдеу; 1.1.1.3 сөйлемдегі сөздер мен мәтіндегі сөйлемдердің санын анықтау; 1.1.2.1 мәтін кім туралы, не туралы екенін анықтау, автордың айтқысы келген ойын түсіну; 1.1.2.2 мәтін мазмұны бойынша қойылған сұраққа жауап беру; 1.1.4.1 тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; 1.1.6.2* сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 1.1.9.1 сөздерді үндестік заңына сәйкес дұрыс айту 1.1.9.2 дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну; 1.1.9.3* сөздің буыннан құралатынын білу, 1.1.9.4* дыбыс пен екпіннің айырмашылық мағыналарын түсіну	1.2.1.1 сөздер мен сөйлемдерді оқып, сызбаға түсіру; 1.2.1.3 түрлі құрылымдағы буындарды оқу; 1.2.5.2 оқылған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру; 1.2.8.1 дыбыстың таңбасы – әріпті тану, дыбыс пен әріпті бір-бірінен ажырату	1.3.1.1 жазу кезінде дұрыс отыру; 1.3.1.2 оқу құралдарына қойылатын талаптарды орындау, 1.3.2.1 әріп элементтерін, бас және кіші әріптерді және олардың қосылыстарын жазу, буын, сөздер, сөйлемдерді каллиграфиялық нормаларды сақтай отырып жазу; 1.3.2.2 әріп бейнесін дыбысталуына қарай байланыстыру
2-тоқсан			

Әліппе кезеңі	1.1.2.1 мәтін кім туралы, не туралы екенін анықтау, автордың айтқысы келген ойын түсіну; 1.1.2.2 мәтін мазмұны бойынша қойылған сұраққа жауап беру; 1.1.4.1 тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау модельдеу; 1.1.6.1 заттар мен құбылыстарды сипаттауға, салыстыруға қажет сөздерді қолдану 1.1.6.2* сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 1.1.8.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау; 0.1.8.2 затты, суретті ауызша сипаттау; 0.1.8.3 бейнелі лексикалық құралдарды білу; 1.1.9.1 сөздерді үйлестік заңына сәйкес дұрыс айту 1.1.9.2 дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну; 1.1.9.3* сөздің буыннан құралатынын білу, 1.1.9.4 дыбыс пен екпіннің айырмашылық мағыналарын түсіну	1.2.1.1 сөздер мен сөйлемдерді оқып, сызбаға түсіру; 1.2.1.3 түрлі құрылымдағы буындарды оқу; 1.2.2.1 мұғалімнің қолдауымен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау; 1.2.4.1 мұғалімнің қолдауымен сөздердің мағыналарын (мәндес; мағынасы қарама-қарсы; айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі) ажырату; 1.2.5.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою; 1.2.5.2 оқылған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру; 1.2.8.1 дыбыстың таңбасы – әріпті тану, оны әріпті салыстыру; 1.2.8.2 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату (жуан және жіңішке)	1.3.1.1 жазу кезінде дұрыс отыру; 1.3.1.2 оқу құралдарына қойылатын талаптарды түсіну; 1.3.2.1. әріп элементтерін, бас және кіші әріптерді және олардың қосылыстарын жазу, буын, сөздер, сөйлемдерді каллиграфиялық нормаларды сақтай отырып жазу; 1.3.2.2 әріп бейнесін дыбысталуына қарай байланыстыра білу
3-тоқсан			
	1.1.2.2 мәтін мазмұны бойынша қойылған сұраққа жауап беру; 1.1.3.1көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет, жоспар арқылы мұғалімнің көмегімен) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау; 1.1.5.1 коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру,	1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану; 1.2.1.3 түрлі құрылымдағы буындарды оқу; 1.2.1.4 сөйлемдегі қойылған кідірісті, хабарлы, сұраулы, лепті тыныс белгілерін ескеріп мәнерлеп оқу;	1.3.2.1 әріп элементтерін, бас және кіші әріптерді және олардың қосылыстарын жазу, буын, сөздер, сөйлемдерді көркемжазу нормаларды сақтай отырып жазу;

Әліппеден кейіңгі кезең	кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдану; 1.1.6.1 заттар мен құбылыстарды сипаттауғ, салыстыруға қажет сөздерді қолдану; 1.1.6.2 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 1.1.7.1 тыңдалым материалына қатысты өз ойын білдіру; 1.1.8.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау; 0.1.8.2 затты, суретті ауызша сипаттау; 0.1.8.3 бейнелі лексикалық құралдарды білу; 1.1.9.1 сөздерді үндестік заңына сәйкес дұрыс айту ; 1.1.9.2 дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну; 1.1.9.3 сөздің буыннан құралатынын білу, 1.1.9.4 дыбыс пен екпіннің айырмашылық мағыналарын түсіну; 1.1.9.5 сөздегі қосарлы дыбыстардың құрылымын түсіну	1.2.2.1 мұғалімнің қолдауымен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау, автордың айтқысы келген ойын түсіну, 1.2.3.1 ауыстырылып берілген мәтін бөліктерін мұғалімнің қолдауымен анықтап, орнына қою; 1.2.5.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою; 1.2.6.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең, әңгіме, ертегі) және стилін (көркем және көркем емес) ажырату; 1.2.7.1 әдебиет кейіпкелерге мінездеме беруде лексикалық сөздерді қолдану; 1.2.8.1 дыбыстың таңбасы – әріпті тану, оны әріппен салыстыру 1.2.8.2 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну; 1.2.8.3 дыбыстың мағына ажыратудағы қызметін түсіну	1.3.3.2 айтылған дыбыс пен әріп таңбасын байланыстыру; 1.3.4.1 сызба, сурет, белгілер арқылы шағын мәтін құрастыру; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені 1.3.6.1 әр түрлі сөздерді көшіріп жазу; 1.3.6.2 мұғалім көмегімен тасымалдау ережесін білу және қолдану; 1.3.6.3 жалқы есімдерді, сөйлемдерді бас әріппен бастап жазу; 1.3.6.4 сөйлемдердің жазылу ережесін сақтау; 1.3.6.5 жазуда жіңішкелік белгісінің сөз ортасында, аяғында кездесетінін білу , жазу түзету; 1.3.7.1 заттың атын, қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздерді ажыратып, орынды қолдану; 1.3.8.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою
4-тоқсан			
	1.1.1.1* сөйлеу (мәтін), сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы түсіну; 1.1.2.1 мәтін кім туралы/ не туралы екенін анықтау , автордың айтқысы келген ойын түсіну; 1.1.3.1 көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет, жаспар арқылы мұғалімнің көмегімен)	1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу,	1.3.3.1* мұғалім көмегімен белгілі тақырыпқа сөйлемдер құрап, жаза білу; 1.3.3.2 айтылған дыбыс пен әріп таңбасын байланыстыра білу; 1.3.3.3 әріпке жатпайтын таңба құрылымдарын түсіну (тасымалдау таңбасы, сөздер арасындағы ара қашықтық);

Әліппеден кейінгі кезең	арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау; 1.1.4.1 тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; 1.1.5.1 коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдану; 1.1.6.1 заттар мен құбылыстарды сипаттауға, салыстыруға қажет сөздерді қолдану; 1.1.6.2 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 1.1.7.1 тыңдалым материалына қатысты өз ойын білдіру; 0.1.8.2 затты, суретті ауызша сипаттау; 0.1.8.3 бейнелі лексикалық құралдарды білу; 1.1.9.5 сөздегі қосарлы дыбыстардың құрылымын түсіну	мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану; 1.2.2.1 мұғалімнің қолдауымен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау; 1.2.3.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің басын, ортасын, аяғын анықтау; 1.2.4.1 мұғалімнің қолдауымен сөздердің мағыналарын (мәндес; мағынасы қарама-қарсы; айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі) ажырату; 1.2.6.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең, әңгіме, ертегі) ажырату; 1.2.8.3 дыбыстың мағына ажыратудағы қызметін түсіну	1.3.3.4 баспа түрде жазылған сөздер мен сөйлемдерді жазба түрде көшіріп жазу; 1.3.5.1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету; 1.3.6.1 айтылуы әр түрлі сөздерді көшіріп жазу; 1.3.6.2 мұғалім көмегімен тасымалдау ережесін білу және қолдану; 1.3.6.3* жалқы есімдерді, сөйлемдерді бас әріппен бастап жазу; 1.3.6.4 сөйлемдердің жазылу ережесін сақтау; 1.3.6.5 жазуда жіңішкелік белгісінің сөз ортасында, аяғында кездесетінін білу , жазу; 1.3.7.1 заттың атын, қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздерді ажыратып, орынды қолдану; 1.3.7.2 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын (терминсіз) қолдану; 1.3.8.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою

Ескерту:

- білім алушылардың қажеттілігін ескере отырып, әр сабаққа 3-4 оқу мақсаты, оның ішінде біреуі жетекші мақсат ретінде алынады;

- "*" белгісімен көрсетілген оқу мақсатының бөлігін таңдап жүзеге асыруға болады.

Жазылым жұмыс дәптерлердің (№1, №2, №3) көмегімен жүзеге асырылады.

бұйрығына
64-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы "03" сәуірдегі
№ 115 бұйрығына
581 - қосымша

Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0 - сыныбы үшін "Букварь, Обучение грамоте" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Букварь, Обучение грамоте" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бағдарламаның мақсаты – тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын игеру процесінде функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру үшін қарапайым грамматикалық көріністерді қалыптастырумен байланысты жағдайлар жасау.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) тыңдауға, сөйлеуге, оқуға және жазуға үйрету;

2) сөйлеу мүшелерінің қарапайым түсінігін қалыптастыру (дыбыс, буын, сөз, сөйлем);

3) фонемалық естуді дамыту (дыбыстарды бірізділікпен бөле білу, олардың саны мен сапасын анықтай білу);

4) білім алушылардың белсенді, пассивті сөздік қорын кеңейту;

5) айналадағыларға тілектестік қарым-қатынасты қалыптастыру, сөйлеу мәдениетін және қарым-қатынас мәдениетін дамыту;

6) танымдық қызығушылықты қалыптастыру және өз сөзін жетілдіруге ұмтылу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту;

7) қоршаған ортаны игеру арқылы оқытылатын тілге деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті дамыту;

8) коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдай және ести білу, диалог жүргізуге және әртүрлі көзқарастардың болу мүмкіндігін мойындауға , өз ұстанымын білдіруге, оны негіздеуге дайын болу;

9) оқу іс-әрекетінің сәттілік/сәтсіздік себептерін түсіну қабілетін қалыптастыру.

4. Кең ауқымды дағдылармен бірлікте жеке тұлғалық қасиеттерді дамыту білім алушылардың білім берудің базалық құндылықтарын бойына сіңіру үшін негіз болып

табылады: "қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік", "құрмет", " ынтымақтастық", "еңбек және шығармашылық", "ашықтық", "өмір бойы білім алу".

5. Бағдарламаның түзете-дамыту міндеттері:

1) сөйлеудің дыбыстық бұзылысын түзету, артикуляциялық моторикасын дамыту;

2) қолдың ұсақ моторикасын жазуға дайындау және дамыту;

3) оптикалық-кеңістіктік гнозисті қалпына келтіру.

2-тарау. Оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

6. "Букварь, Обучение грамоте" пәні бойынша тірек-қимыл аппараты бұзылған оқушылардың оқу үрдісін ұйымдастыруға арналған педагогикалық тәсілдер оқу үрдісінің түзету және дамыту бағытын қамтамасыз етеді, бұл оқушылардың қозғалыс, психикалық және сөйлеу дамуының бұзылыстарын ескеруді көздейді.

7. Оқыту оқу үрдісін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері мен қағидалары негізінде жүзеге асырылады:

1) іс-әрекеттік тәсіл;

2) жеке-сараланған тәсіл;

3) коммуникативтік тәсіл;

4) денсаулық сақтау қағидасы;

5) түзету бағыты қағидасы.

8. Оқытудағы іс-әрекеттік тәсіл - білім алушылардың оқытылатын ұғымдардың мазмұнына сәйкес келетін, дағдыларды қалыптастыруға бағытталған белсенді, дербес іс-әрекетін ұйымдастыруды көздейді.

9. Сараланған тәсіл әртүрлі топтағы оқушыларды тиімді оқыту үшін қолданылады, ол оқушыларды қозғалыс, танымдық және сөйлеу дамуының ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге мүмкіндік береді, сондай-ақ оқу үрдісінде тапсырмаларды көлемі мен күрделілігі бойынша қолдануды, іс-әрекет қарқынын және мұғалімнің көмегінің мөлшерін реттеуді көздейді.

10. Оқытудағы коммуникативтік тәсіл – бұл ақпаратты дұрыс жеткізу және хабарлау, екі немесе одан да көп адам арасындағы тілдік өзара әрекеттесу барысында білім, қабілет және дағдылармен алмасу. Коммуникативтік тәсіл такт сезіміне, ізгі ниетке, сыпайылыққа және қақтығыссыз қарым-қатынасқа негізделген тұлғааралық өзара әрекеттесуді болжайды; сөйлеу арқылы қарым-қатынас барысында оқушылар оқу және іскерлік ынтымақтастық орнатып, өзара келісім арқылы ортақ шешім табады және құрдастарының пікіріне құрметпен қарайды.

11. Денсаулықты сақтау тәсілі оқушылардың шаршауын болдырмауды көздейді және қозғалыс функцияларының жағдайын, сөйлеу мен интеллектуалдық жүктемені мөлшерлеуді ескеруге негізделеді.

12. Оқытуда қолданылатын технологиялар:проблемалық оқыту, дамыта оқыту, ақпараттық білім технологиялар, өмірлік тәжірибені кеңейту арқылы оқыту, жобалық әдіс.

13. Оқытудың тиімді әдістерін жинақтап-қолдану мақсатында білім алушылардың қозғалыс, психикалық және сөйлеу бұзылыстарының өзара байланысы ескеріледі.

14. Оқу үрдісінде сөйлеу қарым-қатынасын ынталандыру үшін мұғалімнің жетекшілігімен пәндік-тәжірибелік іс-әрекет, оқушылардың жұпта, топта жұмыс істеуі қолданылады.

15. Түзету міндеттерін шешу үшін балалар дұрыс сөйлеу дағдылары мен қабілетін меңгеретін ойын әрекеті қолданылады.

16. Оқытуда қолданылатын түзете-дамыту әдіс-тәсілдері: дидактикалық ойын, психогимнастика, демалу, қолсаусақтарына арналған жаттығу, өз өзіне массаж, көзге арналған жаттығу, тыныс алу жаттығуы, дене шынықтыру, логопедиялық минуттар, артикуляциялық жаттығулар.

17. Оқытудың түзету бағыты оқушылардың графикалық дағдыларды қалыптастыру кезінде кездесетін қиындықтарымен анықталады, бұл қиындықтар қозғалыс бұзылыстары мен сөйлеуге қатысы жоқ функциялардың (назар, жад, өзін-өзі реттеу, көз-моторлық үйлесімділік) жағдайымен байланысты. Жазудың графикалық дағдыларын қалыптастыру жұмысы қозғалыс бұзылыстарын түзетумен тығыз байланысты.

18. Жазу барысында дұрыс қалыпты қалыптастыруға арналған тәжірибелік ұсыныстар:

1) дұрыс отыру қалпы және "тыйым салу- рефлекс" позицияларын таңдау;

2) оқушының қол-аяғын және басын бекітуге арналған арнайы құралдарды қолдану;

3) көз-моторлық үйлесімділігін дамыту.

19. Қолды жазуға дайындау бойынша тәжірибелік ұсыныстар:

1) саусақтар мен қол білектерінің статикалық және динамикалық қозғалыс үйлесімділігін дамыту;

2) заттардың өлшемі, серпімділігі және салмағына байланысты оларды дұрыс және сараланған түрде ұстауды қалыптастыру.

3) затты ұстау кезінде және онымен түрлі қимылдар жасау үрдісінде жұмыс істейтін қолдың еркін қозғалысын дамыту;

4) ұсақ моториканы дамыту үшін жаттығу кешенін жүргізу;

5) қол массажы (арнайы бұйымдарды пайдалана отырып немесе бұйымдарсыз).

20. Қарындашты немесе қаламды дұрыс ұстауды үйрету немесе қаламды ұстаудың жеке әдісін таңдауға (дұрыс әдісті қолдану қимыл функцияларының ауыр бұзылыстарына байланысты мүмкін емес) кіреді:

1) қаламды ұстауды имитациялайтын қол мен саусақтардың қалпын қабылдауды үйрету.;

2) партада жатқан қаламды дұрыс алуды қалыптастыру және жазу үшін қалыпты жасау;

3) саусақтар қаламды ұстап, дұрыс позицияны сақтап тұрған кезде оларды босаңсыту және ширықтыру.;

4) қаламды ұстап тұру кезінде саусақтардың еркін қозғалысын дамыту жаттығулары .

21. Оптикалық-кеңістіктік бағдарлауында бұзылыстары бар оқушылармен әріппен танысу кезеңінде графикалық бейнелер мен әріптерді олардың құрамдас элементтеріне көзбен талдау, сондай-ақ графикалық бейнелер мен әріптер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау бойынша жұмыс жүргізіледі.

22. Кеңістіктік түсініктерді қалыптастыруға арналған тәжірибелік ұсыныстар:

1) жұмыстың бастапқы кезеңдерінде көзқарасты қолдың заттық әрекеттеріне шоғырландыру қалыптастырылады;

2) заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстарды ашу үшін заттармен әртүрлі әрекеттерді жасату;

3) кеңістіктік қатынастарды анықтау және оларды сөйлеу арқылы жалпылау.

23. Көз-моторлық үйлесімділікті дамыту үшін назарды қимыл әрекетке шоғырландыру қажет — алдымен мұғалімнің көмегімен пассивті түрде, содан кейін ауызша нұсқаулар бойынша белсенді түрде. Алғашында, қолдың ауада және жазықтықта жасайтын қозғалыстарын үйрету. Бұл үйлесімді қозғалыстардың қалыптасуына, көз-қимыл үйлесімділігінің дамуына ықпал етеді.

24. Бағдарлама жазуға үйрету үшін техникалық құралдар мен арнайы құрылғыларды пайдалана отырып жүзеге асырылады: кеңсе техникасы (компьютерлер немесе ноутбуктер, принтер, сканер); интерактивті тақта/проектор/экран; сандық фотоаппарат, веб-камера; диктофондар/микрофондар, құлаққаптар; бор тақта; жылжымалы маркерлік тақта; шағын маркерлік тақталар; флипчарттар; қаламдар мен қарындаш ұстағыштар, қолға арналған салмақтар, қолдың қимыл функцияларын дамытуға арналған жаттықтырғыштар; оқушылардың жұмыстарын сақтау және көрсетуге арналған шкафтар.

25. Бағдарлама көрнекі және дидактикалық материалдарды пайдалана отырып жүзеге асырылады: әртүрлі жанрдағы балалар көркем әдебиеті, суреттері бар брошюралар, журналдар, газеттер, жазушылар мен ақындар туралы фильмдер, аудио және бейнежазбалар; пән бойынша иллюстрациялар, портреттер, кестелер; баспа және жазба әріптердің үлгілері; қуыршақтар (қойылымдар үшін), сахналауға арналған безендірулер.

26. Оқушыларды оқытуға жағдай жасау сыныптарды арнайы жиһазбен жабдықтауды көздейді. Ыңғайлы бекіткіштері бар тіреуіштер, биіктігі мен үстел бетінің еңкеюін реттеуге болатын арнайы үстелдер мен парталар қолданылады.

3-тарау. "Букварь, Обучение грамоте" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. "Букварь, Обучение грамоте" оқу пәнінің мазмұны

27. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 5 сағатты, оқу жылына 160 сағатты құрайды.

Пәннің оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы типтік оқу жоспарына сәйкес жасалды (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

28. Оқу пәнінің мазмұнын іріктеу бірліктері:

1) орыс тілінің дыбыстық және әріптік жүйесінен;

2) тілдік бірліктерден (мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс);

3) орыс тілінің кейбір грамматикалық құбылыстары.;

4) орфографиялық және пунктуациялық нормалардың минимумы;

5) балаларға арналған көркем әдеби шығармалар.

29. Бағдарлама мазмұны. оқу барысы әліппеге дейіңгі кезең, әліппе кезеңі, әліппеден кейіңгі кезең болып бөлінеді. Оқу үрдісінде оқытылатын кезеңдер 0 сыныпта әліппеге дейіңгі кезең - 45 сағат, әліппе кезеңі - 115 сағатты құрайды.

30. Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) 0 сыныпқа түскен білім алушыларды бастапқы зерделеу (жалпы және сөйлеу тілінің даму деңгейін анықтау);

2) оқуға деген қызығушылығын ояту;

3) фонемалық есту қабілеттерін дамыту;

4) сөйлеу туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (дыбыс, буын, екпін, сөз, сөйлем);

5) екпінді/екпінсіз дауысты дыбыстар, жұмсақ/қатты дауыссыз дыбыстар туралы түсініктерді қалыптастыру;

6) сөздердің дыбыстық талдауын жүргізу, екпінді буынды белгілеу білігін қалыптастыру;

7) дауысты дыбыстарға бағдарлана отырып, сөздің дыбыстық моделін "оқуға"; сөйлем схемалары-модельдерін "оқуға" үйрету;

8) ұсақ-қол моторикасын дамыту;

9) ойлауды, есте сақтауды, қиялды, қабылдауды, зейінді дамыту;

10) білім алушылардың сөздік қорын байыту.

31. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) орыс әліпбиінің әріптерімен танысу;

2) оқу іс-әрекетіне қызығушылықты дағдыландыру, сөйлеу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыру;

3) фонемалық процестерді дамыту (дыбыстарды қабылдау, сөздерді талдау және синтездеу);

4) білім алушылардың сөздік қорын байыту;

5) үйренген дыбыстарды әріптермен сәйкестендіру, алфавит әріптерінің қызметін меңгеру, баспа әріптердің үлкен және кіші түрлерін ажырату.

6) тілдік бірліктер туралы қарапайым ұғымдарды бекіту (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін);

7) Сөздер мен сөйлемдерді дұрыс және біркелкі буындап оқу дағдыларын қалыптастыру.

8) орфографиялық оқуды меңгеру;

9) лексика-грамматикалық категорияларды меңгеру;

10) қолжетімді сөйлеу деңгейінде үйлесімді монологиялық және диалогтік сөйлеуді дамыту.

32. Әліппе кезеңінде әріптер келесі ретпен оқытылады:

1) а, у, о, м, с, х,

2) р, ш, ы, л, н, к, т, и, п;

3) й, г, в, д, б.

33. Дыбыспен және әріппен танысуға арналған сағат санын мұғалім оқу материалын игеру деңгейіне, оқу мақсаттарына қол жеткізуге және әр кезеңнің тапсырмаларын орындауға байланысты реттейді.

34. Бағдарлама мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1) "Тыңдалым (тыңдалым) және айтылым (ауызекі сөйлеу тілі мен фонемалық есту қабілетін дамыту)";

2) "Оқылым (оқу дағдыларын қалыптастыру, сөздің дыбыстық құрамын, әліпби әріптерін зерттеу)";

3) "Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру)".

35. "Тыңдалым (тыңдау) және айтылым (ауызекі сөйлеу тілі мен фонемалық есту қабілетін дамыту)" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) сөйлеудің негізгі бірліктерін тану (мәтін, сөйлем, сөз);

2) тақырыпты және тыңдалған мәтіннің негізгі ойын анықтау;

3) тыңдалған материал бойынша түсінік айту;

4) оқиғаларды болжау;

5) сөйлеу нормаларын сақтай отырып, қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларына қатысу;

6) тыңдаушылардың назарын аудару;

7) бағалау пікірін білдіру;

8) берілген тақырыпқа әңгіме құрастыру;

9) сөздің дыбыстық формасында бағдарлау.

36. "Оқылым (оқу дағдыларын қалыптастыру, сөздің дыбыстық құрамын, әліпби әріптерін зерделеу)" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) оқу дағдыларын игеру;

2) оқылған мәтіннің тақырыбын және негізгі ойларын анықтау;

3) мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтау;

4) мәтіндегі лексикалық және синтаксистік бірліктердің рөлін түсіну;

5) сұрақтар мен жауаптарды тұжырымдау;

6) шығарма кейіпкерін тірек сөздері арқылы суреттеу;

7) мәтіндердің салыстырмалы сараптамасы;

8) сөздердің графикалық формасында бағдарлау.

37. "Жазылым (жазу дағдыларын қалыптастыру)" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) жазылымның тазалық нормаларын меңгеру;

2) каллиграфиялық және графикалық нормаларды сақтау;

3) айту арқылы жазу, көшіріп жазу;

4) тыңдалған/оқылған материалдың мазмұнын баяндау;

5) жұмыстағы қателерді табу және түзету;

6) орфографиялық нормаларды сақтау;

7) грамматикалық нормаларды сақтау;

8) тыныс белгілері нормаларын сақтау.

38. Білім берудің базалық мазмұны.

39. Тыңдалым (тыңдау) және айтылым (ауызекі сөйлеу тілі мен фонемалық есту қабілетін дамыту) әліппеге дейінгі кезең:

1) сөйлеу есту қабілетін дамыту; сөздің дыбыстық түрін бағдарлау, сөйлеу ағынынан дыбыстарды бөлу, сөйлеу ағынында және одан тыс дыбыстарды айту, буын, сөз, екпін туралы бастапқы ұғымдар; дыбыстарды дұрыс және анық айту; белгілі бір дыбыспен сөзді атау; тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну; сөйлеудің айтылу жағын түзету (санамақ, жаңылтпаш, логоритмикалық жаттығулар);

